

1 2016  
1088к

Зияда Ижанов

---

**ЖАРАЛЫ  
ЖЫЛДАР**

---



**ЗИЯДА ИЖАНОВ**

**ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР**

АЛМАТЫ



2015

ӘОЖ 94 (574)  
ББК 63.3 (5Каз)  
И 29

*Күрастыруышы: Д. Ижанова*

*Китап «БАГИС» ЖШС-нің қаржылай  
көмегімен шығарылды*

И 29    **Ижанов З.**

**Жаралы жылдар:** / Ижанов З. – Алматы: Экономика, 2015.  
– 360 б.

ISBN 978-601-225-839-4

З.Ижановтың «Жаралы жылдар» кітабына Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты құжаттарына негізделіп жазылған мақалалар, араб әрпінен аударылған естеліктер, құжаттардың көшірмелері берілген.

Бұл кітапқа XX ғасырдың басындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1928 жылғы кәмпеске мен жазықсыз құғынга ұшыраған жастар, 1921-1922, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы саяси құғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялымары, 1941-1945 жылдардағы соғыс туралы қайылы оқиғалар сипатталған.

Кітап тарихшылар, студенттер мен жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Каз)

ISBN 978-601-225-839-4

© Ижанова Д., 2015.  
© «Экономика» баспасы», ЖШС, 2015.

Бұл еңбекті немесе бөліктерін автордың көлісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады  
әрі заң бойынша жазаланады.

## 1916 жылғы көтеріліс қазақça керек пе еді?

1916 жылғы көтерілісті білмейтін аға буын қазақты қездестіру қыын. Коммунистік партия билеген кезеңде 1916 жылғы көтеріліс және оны ұйымдастырушылар туралы талай аңыз-әңгімелер, жырдастандар, поэмалар, пьесалар жазылды, кинолар шығарылды. Мұндай туындылармен қатар «ұлттық» сана-сезімізді, рухымызды дамыту үшін оқулықтармен қатар қалың-қалың ғылыми еңбектер жазылды. Ғылыми практикалық конференциялар өткізілді. Ғылыми дәреже алу үшін диссертациялар қорғалды.

Былай қарағанда 1916 жылғы көтеріліс терең зерттеліп, жанжақты талданып бағасын алған сияқты. Солай десек те ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдығына байланысты біз де өз пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Архив деректері бойынша ең алғашқы дүмпү 25-маусым жарлығынан бес күн өткен соң, яғни шілденің 1-інде Қостанайдың Қарабалық болысында бұрқ ете түсті. Бұл жағдай бұрыннан: «Аттан!» қай жерден, қашан шығады деп ширығып отырған, «ұзыннан өшті, қысқадан кекті» болып, жерден, судан айырылып, есепсіз мол шығыннан шыдамы таусылып, ашу-ызасы қозып, төзімі таусылып отырған халықтың бас көтеруіне желді күнгі қамысқа тиген өрттей әсер етті.

Шілденің алғашқы онкундігінде Қостанайдың Ақ қайың, Бес тебе, Орал уезінің Шыңғырлау болыстарында өрши түсті. Бұл өрт шілде айында Адай уезінен басқа Жаркент, Верный, Өскемен, Зайсан, Торғай, Ақтөбе, Орал, Перовск (Қызылорда), Қазалы, Атбасар, Ақмола, Ыргыз, Әулиеата, Лепсі, тағы басқа уездерді түгел қамтыды. Ал, тамыз айында Верный, Лепсі, Әулиеата уездерінің Қарқара, Шығыс Қастек, Батыс Қастек, Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Боттай, Барлық, Үржар, т.б. болыстарында және Торғай, Ыргыз уездерінде ірі шайқастар етті. Бұлардың ішінде Қарқара, Ыргыз, Торғай, Атбасар, Орал көтерілісшілері патшаның жазалаушы отрядтарымен талай рет қанды шайқасқа түсті. Элімді елемеді.

Соғыс өнеріне жаттықкан жазалаушылардың зеңбірек, пулемет, винтовкадан боратқан октарына айбалта, найза, қылыш, шоқпар, құс мылтықпен қарсы ұмтылды. Жан алып, жан берді. Бұл жөнінде Ыргыз уезінің бастығы Станкевич облыстық басқармасына: «Найза, қылышпен қаруланғанына қарамастан, винтовка, пулемет, зеңбірекпен қаруланған әскерге бірнеше рет шабуыл жасап, тек найзасынан

басқа қаруы жоқ көтерілісшілерінің соғыс қаруымен жарақталған 200 казакқа тұра шабуылға шыққан жағдайлары да кездесті», - деп жазды.

Патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы қан майданда Оспан, Әбдіғаппар, Айжарқын сияқты хандар, Қасымхан, Кейкі, Амангелді, Ұзак, Жәменеке, Әбубекір, Бекболат сияқты батырлар іс түйіні шешілер сәтте өз бастарына төнген қауіп-қатерге қарамай, ел мұддесін қорғай білді, ерлік көрсетті.

1916 жылғы көтерілістің кезінде қазак ҳалқының көрмеген құқайы аз. Жазалаушы отрядтар, жергілікті казак-орыстар зұлымдықтың, айуандықтың, қаныпезерліктиң, жауыздықтың адам төзгісіз алуан түрлі әрекеттерін жасады. Ұған Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив құжаттары толық жауап береді.

Сол ҳалық басына түскен ауыр тауқыметті көзімен көріп, басынан кешіргендердің бірі – Іргебай Дауданбаев:

«...Орыстар жолықкан кез келген қазақты өлтіріп, Төте асуында жолға шанышқан ағашқа таңып... кетті.

...Ал, әйелдерді өлтіріп, баласын құшақтатып кетті.

...Қалмақтар «Бұлақ» деген сайда қыз-келіншек, бала, кемпір-шал демей кез келгенін өлтірді. Қытай шеріктері көштегі қозғе түскен сұлу қыз-келіншектерді зорлап, алып кетті.

...Ел аштықтан ісіп-кеуіп, журе алмай, шапқан шөптей болып әр жерде, жол жағасында төбе-төбе болып, үйіліп қалды. Қалмақтардың иттері өлген адамдардың етін тойғандықтан жемеді.

Әр туырлықтың астында 3-тен, 4-тен өліп қалған жас қыз, келіншек, шалдарды көрдік. Өлген кісінің басын домалатып, бірінебірін ұрып, доп қылып ойнап жүрген қалмақтың балаларын көрдік.

...Ал, орыстар күнде шабуыл жасап, малды, керекті көрпе, кілем, сәүкеле, маржан, тайтүйяқ, жамбы ізделп, берсе қолынан, бермесе өлтіріп, алғаннан қалған мүлікке өлтірген адамды орап өртеді», - деп еске түсірген (ҚРОМА 427 қор, 159 іс, 1-13 б.).

«...Қарақолдан келген солдаттар қолына қазақ пен қырғыздың 500 шамалы үйі мен мал-мүлкі қолға түсті, - деп еске алады Алда-берген Қойшыбекұлы, - малын әскер талап алып, еркек адамдарын қырып жіберіп, қыз-келіншектерін бірден қатын қылып алды...» (ҚРОМА 427 қор, 162 ісі, 1-7 б.).

Босқын елдің басынан еткен қырғынды Додабай Сәрсенбайұлы өз естелігінде былай көрсетеді: «...7 мың түтін көшіп, қалмақ жеріне өттік. Текес сұынан 7 мың түтін үш күн шұбырып өттік. Суға кеткен қатын-бала судың бетін сен қылды» (ҚРОМА 427 қор, 168 іс, 6 б.).

...Қарақында (*Атбасар уезі – 3.И.*) өткен бір күнгі соғыста жазалаушылар көтерілісшілерден 11 кісіні өлтіріп, 70 қос, 81 түйе, көптеген кімді олжа қылды. Онан кейін Шашты тауында 50 қораны өртеп, Жантайұлын екі баласымен өлтірді. Кешінде 80 қораны өртеп, 27 адамды өлтіріп, талап алған дүние-мұлікті 250 арбаға тиеп, 700-800 қара айдал кетті», - деп жазады оқиғаны қөзімен көрген Мұқаш деген кісі (ҚР Президент архиві 3 қор, 1 тізбе, 47 қорабы).

Сабырбек Қожанұлының естелігіне де назар аударалық: «...Қаны қас орыс мұжықтары әр жерде масақ теріп жүрген адамдарды атып өлтіріп, кете беретін болды. Қайнардан 15 шақырым Құрсайды отырған үш үйдегі 21 жанды Шонқыбай дегеннің үйіне қамап өлтіріп, ақырында өртеп кетті», - деп жазған. (Аталған көрді қараңыз).

Елдің іргесі сөгіліп, Қытайға босқыншылыққа ұшырап, ол жакта да байыз тауып, басына бақыт қонбағаннан кейін, «ел тынышталды» деген хабармен елге оралғандардың да көрген тозағы, тартқан азабы шаш етектен.

Ол жөнінде Жаркенттің Тұзкөл учаскесінде 3 казак-орыстың 27 қазақты қалай қырғанын олардың сотқа берген жауаптарынан көрініздер:

«...Мен және Савинков қазақтарға оқ аттық. Олардың барлығы да екі топ болып құлады. Біз ызаланып (*не үшін ызаланып отыр, ширкіндер?* – 3.И.), қараңғы түсіп, көз байланғанша, қазақтардың жатқан жері елестеп көрінгенше жарты сағат бойы оқ жаудырдық. Соңан кейін қасына келіп, тұруға әрекеттенгендерін қылышпен шаптық...

Қаңтардың екісінде Охотничьең Тұзкөлге қайта оралып, өлген қазақтарды санадық. Олар екі тоқта 26 адам болды. Шамасы, бір шақырым, әлде онан да аз жерде 27-ші қазақты кездестірдік. Оның аянышты азабын жеңілдешу үшін оң жақ самайынан қылышпен шауып, турап таstadtым», - дейді Коровин деген казак (ҚРОМА 27 іc, 109 қор, 1 тізбе, 9-11 б.).

Бұл жазықсыз қырғын тапқан 27 адамның мүрдесі ашық аспанда, айдалада 1916 жылдың желтоқсаның 30-нан 1917 жылдың ақпан айынын басына дейін жатқан...

Соғыс өнерінен хабарсыз, соғыс техникасымен жарақтанбаган көтерілісшілер жазалаушылардың жойқын күшіне төтеп бере алмады. Оның үстіне елде ауызбірлік болмады. Бір жағы патшаны қолдады, екіншісі оған қарсы болды.

«Патша әміріне қарсы шықтың», - деп жазалаушы отрядтар кез келген ауылды шауып, қан сасытты. Қазақ қанына қайық жүздірді. Бұл жөнінде «Қазақстан большевигі» журналы «...көтерілген қазақтарды қатын-баласына дейін топ-тобымен қырып жатты. Мыржа-

қыптың өзінің азайтып айтқан ұзын-ырға есебі бойынша 300 мыңдан аса қазак еңбекшілері атылып, асылған. Айдалғандардың, жараланғандардың, абақтыға жабылғандардың тіпті есебі жоқ», - деп жазды (№4, 22 б.). «Айтқаныма көнбедің, патшага қарсы шықпадың», - деп кейбір көтеріліс басшылары, хандар мен батырлар да жазықсыз елді, жеке үйлерді шауып, малдарын торап, мал қораларын өртеді. Бұл жөнінде Токин Қамбар мен Санат Құсайыновтар өз естелігінде «...Кейкі патша солдаттарына жол көрсеткендердің мал-мұлкін торап, үй, қора, жайларын өртеді», - деп жазады (ҚРОМА 427 қор, 167 іс, 12-39 б.).

Сөйтіп, бұқара халық екі жақты талауға түсті. Ел босқындыққа ұшырады. 1916 жылғы шілденің 16-сынан бастап бүкіл Зайсан уезі Қытайға жер ауса, бұған кейін Жетісу тұрғындары қосылды. Қолда бар мәліметке қарағанда 300 мың адам жер ауған («Ауыл коммунисті», №8, 1936 жыл. БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті жаңындағы Марксизм-ленинизм институтының «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жөніндегі тезистері», 63 б.).

Ал, «Қазақ» газеті (1917 ж., №237) «...Қытайға босқандар 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың» деп көрсетсе, №254 санында: «Жер ауғаны 201250, қырылғаны 95200» деп анықтама берген. Қалай болғанда да бұл аз шығын емес. Орны толmas опат. Опат болғанда да көрер көзге қолдан жасалған зауал.

Жалпы, 1916 жылғы көтерілістің салдарынан қазақтардың көрген құқайы, шеккен зардабы, қылышпен туралып, қырғын табуы, ат табанына тапталып, арулардың абырайының төгілуі тек жоғарыда айтқандармен шектелмейді. Бұлар – жауыздықтың шет пүшпағы, жеке көріністері ғана.

Қысқаша айтқанда, 1916 жылғы көтеріліс – қазақ халқының басына түсken есепсіз ауыртпалық, қасірет пен қайғы. Бұл жөнінде жантүршігерлік естеліктер, мәліметтер, есептер, бұйрық, сот, тергеу істері архив қорларында, баспасөз беттерінде жеткілікті. Осы архив құжаттарына, материалдарға, естеліктерге зер салып, ой жүгірткенде, ақыл таразысына салғанда «1916 жылғы көтеріліс қазаққа керек пе еді?» деген сұрақ көкейге қайта-қайта оралып, он ойланып, тоғыз толғандырады.

Әрине, 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының патша үкіметі қысымшылығына, тонаушылығына қарсылық жасамасқа болмайтынынан туған бұлғақ. Қазақ халқының шұрайлы жер, судан айырылуы, ығыстырылуы, алым-салықтың есепсіз молаюы, тіпті адам төзбес ақиқат еді.

Бірақ...

Орыс мемлекетіне бодан болғаннан бері отарлаушыларға қарсы 300-ден астам көтеріліс болды. Сонда да бодандық бұғаудан күтыла алмадық қой. Қайта жыл сайын жерімізге бойлай еніп, еркінсіз жер мен суды тартып алу әсте тынған емес. Бірақ, бұл қыыншылықтардың барлығы да жан садақасы, өлімнен, ел іргесі сөгілуден аулақ істер ғой. Қалай дегенмен де патша үкіметі қазакқа құрық салғаннан бері көріп келе жатқан құқайы емес пе? Қырығына шыдағанда, қырық біріне де төзуге мүмкіндік бар еді-ау дейміз. Бұл жөнінде пікірталас та туар.

Дегенмен қанды қырғынға итермелеген негізгі мәселе бұдан басқа, ол – әскерге адам алу. Патша үкіметінің бұратаналардан әскер дайындау ісі кейбіреулердің айтып жүргеніндей, 1916 жылы кездейсоқ болған жағдай емес, 1891 жылы наурыздың 25-індегі Мемлекеттік Думаның шешімі бойынша, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал һәм Торғай облыстарының қазақтарынан солдатқа алу мәселесін арнаулы бұйрық бойынша босатқан. Олай болса, қазақтан солдат алу уақытша ғана тоқтатылған. Ерте ме, кеш пе, солдат алу туралы шешім болады деген сөз. Оның үстіне 1914 жылы қазақтан солдат алу мәселе үкімет тараҧынан тагы да көтеріліп, бірнеше рет сөз болғанын тарихи деректер анықтайды.

Сондықтан, Ресейдің өмір сүру қарекетінің күн санап кеміп бара жатқанын, жағдайдың ширығып, өмірдің ерекше өзгеріс алып бара жатқанын қадағалап отырған М.Дулатов, Ә.Бекейханов, А.Байтұрсыновтар 1916 жылдың басынан бастап елден солдат алу мәселесіне қатты назар аударды. «Қазақ» газетінен 1916 жылы қантардың 24-інде (№166) «Солдаттық мәселесі» деген бас мақала жариялады, осы мәселеге байланысты Салмақбай Көсемісұлының, Мұстайым Молдабайұлының, Ахмет Жантеліұлының, Мұһди Ағұсұлының пікірлерін жазып, көп талқысына ұсынды және бұл мәселені «25 маусым жарлығы» шыққанға дейін толассыз жазып тұрды.

Оның үстіне ақпанның 9-ында 1916 жылы Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Бегимовтер Соғыс министрімен, басқа да лауазымды министрліктермен келіссөздер жүргізді.

1916 жылғы сәуірдің 24-інде Ахмет Байтұрсынов «Оқушының көбі өртті көрмейді. Сонымен шабан, сабырлы көрінеді. Өртте жүріп сабырлы болу мақтауға сыймайды. «Мендей сабырлы бол» деген адам адасқан болады. Біз сабырлы болғанмен, хұқімет көшіп барады. Қоныстан құр қаламыз», - деп алдын ала түспалдалап, жария етті. Бірақ, оны жіліктің майлы басын оң қолымен ұстап, ел басқарып жүрген азаматтар дұрыс тындармасаң соң, мал соңында жүрген шаруа қайдан үқсын.

Патша жарлығы шыққаннан кейін Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин екеуі 1916 жылы қыркүйек айының басында Мемлекеттік Думаның терағасы Родзянкоға хат жазып, қазақ жастарын майданың қара жұмысына алу мәселесін кейінге қалдыру жөнінде ұсыныс жасады (Б.Қаратаевтың жеке қоры, ҚРОМА 1227 қор, 1 тізбе, 2 іс, 125 б.).

1916 жылы тамыздың 11-інде Әлихан, Ахмет, Міржақып «Алаш азаматтарына» («Қазак» газеті, №112) үндеу жазып, саңылауы бар азаматтарға ұғынарлық ой салды. Ақыл-кеңес берді. Енді сол үндеуді тындалап көрейік:

«...Біздің жұртқа айтатынымыз – бұған көнбеске болмайды... Салыстырып қарайық: көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар?

Көнгенде шаруаға кемшілік келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырап, бірақ елдің іргесі бұзылmas.

Көнбегенде көретін ауырлық: ...қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады. Отряд шықса, елдің берекесі кетеді. Бас пен малға әлегі бірдей тиеді. Елдің іргесі бұзылады. «Айтқанда тез кене қоймадың, қарсылық қылдың» деп Түркістан уалаятына военное положение ағлан етіледі. Военное положениеиңі жұртқа келген бір апат деп білу керек. Военное положение ағлан етілген жерде түймедей жазыққа түйедей жаза болады.

Міне, біздің «екі ауыртпалық бар» дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға, бейнетке ұшырағаны, екіншісі – бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Біздің білуімізше жеңілі – көнген».

Амал не, мұндай ақыл-кеңес, көрегендік ойды құлаққа ілген, тындаған жан сирек болды. Біздің «1916 жылғы көтеріліс қазаққа керек пе еді?» дегенде бірінші айтарымыз – осы кеңесті тындағанда қанды қырғын болмас еді дейміз.



А. Байтұрсынов, Ә. Бектейханов, М. Дулатов

Оған тарихи дәлел мынау: 1869 жылы патша үкіметінің қазак даласына «Уақытша жаңа ережені» енгізуге Орта жұз бен Кіші жұз қазақтары қарсылық жасауға, көтеріліс ұйымдастыруға бәтуа қылды. Алайда 1869 жылы: «Уақытша жаңа ережені» сөзсіз қабылдау керек, себебі, патша үкіметіне, оның қуатты қаруына Арғын мен Қыпшақтың қарсы тұрарлық құш-қуаты да, мүмкіндігі де жоқ» деп, ояз бастығының аға көмекшісі штаб-ротмистр Тілеумұхамед Сейдалин, есауыл Махмұт Жантөрин және оның немере ағасы, генерал-адъютант Крыжановскийдің қарауында ерекше тапсырманы орындаушы шенеунік, подполковник сұltан Сейтхан Жантөрин, Арғынның атақты адамы, әскери старшина Қазыбек Шегеновтер Арғын мен Қыпшақтың ел билеген ру басыларына хат жазып, оған елдің көзін жеткізіп, қарауындағы халықты қанды қырғыннан аман сақтап қалды. Сөйтіп, олар патша ағзамға, генерал-адъютант Крыжановскийге, Торғай әскери губернаторы флигель-адъютант, генерал-майор Баллюзекке «Уақытша ережені» қабылдауға ел ықыласты», - деп жазды. Соның арқасында Николаевскі (қазіргі Қостанай) және Торғай уезінің Арғындары мен Қыпшақтары қан соқта болмады, елінің іргесі сөгілмеді.

Ал, оның керісінше, мұндай кеңесті тындалмай көтеріліс жасаган Орал облысының Кіші жұз қазақтарын патша жазалаушылары қанға бояды. Кез келген қазақты ат бауырынан өткізіп, қылышпен турал, өліктен көпір жасады. Қазақ қанынан сел ағызды. Көтерілістің басшысы болған 400 адамды жер аударды. Көтеріліске қатысқан ел тоналды, қатын-баласы қырылды (Б.Қаратасевтың «1869-1870 жылдарда Орынбор өлкесі қазақтарының көтеріліске байланысты қазақ өлкесінің патша үкіметінің отарлау тарихына шолуынан», 27 іс, 35-37 б.).

Бұл – тілге тиек етер бірінші дәлеліміз.

**Екіншіден**, Бірінші дүниежүзілік соғысқа 12 мемлекет тікелей қатысқаны, екі жікке бөлініп, дүниенің ойран-ботқасын шыгарғаны тарихтан анық. Олардың Ынтымақтастар жағында – Ресей, Сербия, Черногория, Франция, Бельгия, Италия, Жапония, 1916 жылдан бастап бұларға Португалия, кейін Румыния қосылып, 9 майданда есепсіз қан төгілді. Құншығыс майданында Ресей солдаттары Германия мен Австрияның тегеурініне шыдамай, жеңіліс тауып, көптеген қалалары мен жерінен айырылып, мал-мұлқін, қару-жарағын тастанап, кейін қарай дүркіреп қашты.

Ресейді асырап тұрған 80 миллион мұжықтың әскерге жарайтыны майданға алынды. Енді қалғандарын алса, Ресейдің экономикалық тағдыры таразыға тартылып, оның саяси-әлеуметтік бағыт алып

кетүіне мүмкіндік туды. Оның үстіне Ресейдің өз іші де іргуғе бет алды. Патша үкіметіне қарсылық күн санап қүшіне бастанды. Майдандағы армия арасында берекесіздік, тәртіпсіздіктің өріс алуы, армиядан солдаттардың қашуы етек алды.

Басқаларды айтпағанда, «Ресейдің шет аймағы», «бұратана халық» деп санаған қазақ даласының езінде ғана 1916 жылы қантардың 23-24-інде Верный қаласында, тамыздың 3-інде Ақтөбе уезінің Красноярский поселкесінде, қыркүйектің 18-20-ларында Семейде, қарашаның 7-де Зайсанда, желтоқсанның 25-де Семей уезінің Дон және Үлкен Владимир, Кіші Владимир, Сосновка, Өскеменнің Георгиеvka селосында әйелдердің бас кетеруі, толқулары 300 жыл өмір сүрген «емендей берік» Романовтар тагының шайқала бастанғанын көрсетті.

Бұлар аздай-ақ, патша үкіметіне қарсы жұмысшылардың, социал-демократ, кадет, большевик, меньшевик секілді әр түрлі партиялар патша көрін қазып, оның опырылып құлауын күн санап тездедті. Бұл партиялар қазактың 1916 жылғы көтерілісі болмаса да патша тағын талқандап, оны өмір аренасынан ысырып, салынды етіп шығаратын еді. Олай деуімізге тағы бір жәйт, күні кеше аренада айбынды көрінген, дүние жүзін капиталистік, социалистік деп екіге бөліп тұрған аузы алты қарыс Кеңес үкіметі 70 жылдан астам билік құрып, енді оның мәндайын шертер пенде жок деп тұрғанда бір оқ шашау атылмастан-ақ ыдырап, іргесі қопарылып опат болған жок па? Бізше, Ресей 1916 жылы дәл осындай опат болуға жар басына тақалып, оның енді тұяқ серпуге халі аз, мүшкіл кезеңге келіп, «бөрі арығын білдірмес, сыртқа тұғін қампайтқан» шағы.

Бірақ Ресей, абырой болғанда, дүниені астан-кестенін шығарған Ленин бастаған большевиктер партиясы арқасында бұл апаттан аман қалды. Егер ол болмағанда бүкіл Ресей Австрия мен Германияның отары болып кетер ме еді? Әлде Ресей қарауына бодан болған Кавказ, Орта Азия, Қазақстан және Ресейдің жүргегінде отырған башқұрт, татар, шығысындағы сахалар әрқайсысы сол кезде-ақ өз алдына ұлттық мемлекет құрып кетер ме еді? «Абыройды Ақшатау жапты» дегендей, большевиктер Брест бітімін жасап империя іргесін берmedі. Патшалық Ресей қарауындағы бодан ұлттар қаз-қалпында ұсталды.

**Ушіншіден.** Жақсы, 1916 жылғы көтерілісті «ұлт-азаттық көтеріліс» дейік. Алайда, сол көтерілістен қанша пайда таптық? Зиянымыз қанша? Соғыстың аты – соғыс. Оның шығынсыз, қансыз болмайтыны уәж талап етпейді. Пайдасы – тек ұлт-азаттық көтеріліс жасадық, халықтық борышмызды өтедік.

Бірақ өз алдына мемлекет болып, бостандық алып, Отан болып кете алдық па? Жоқ. Тек бодандықтың түрі өзгерді. Саяси ахуал жаңарды. «Терезесі тен» 15 одақтас республиканың бірі болдық. Шындығында темір құрсауда қалдық. Ал, зияннымыз шаш етектен. 1916 жылғы соғыста дүние-мұліктің шығынында (азамат, ел, халық аман болса дүние, мал-мұлік орнына келер-ау! – З.И.) есеп жоқ. Жоғарыда айтқан 300 мыңдан астам адамның өмірін қиған, 300 мыңдан астам жанның елден босып, тірідей тозақ тартып, «бауыр еті – баласын, қызын бір үзім нанға қытай мен қалмаққа саттырган», «әлген жанның бастарын қалмақ балаларына доп қып ойнатқан» үлт-азаттық көтеріліс кімге керек еді?

Бұл күні кешегі 1941-1945 жылдарда халқымызға орасан шығын әкелген, талай боздақтарды қыршынынан қиған, талай отбасының шаңырағын ортасына түсірген «Ұлы Отан соғысы» деп айдар тағып, үкілеп жүрген бес жылғы қырғыннан кем емес. Қайта босқынга ұшырағандар мен әлген жанның есебін қосқанда онан 1,5 есе көп шығын. Оған дәлел: «Қазақстан тарихы» очеркінің «Қазақстан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы дәуірінде» деген тарауында «КСРО ең көп шығынға ұшырады – 27 миллионнан астам адам мерт болды. Шамамен олардың 410 мыңы қазақстандықтар» (Аталған еңбектің 354 б.). Бұл – бес жылдағы шығын.

Ал, 1916 жылғы соғыс бас-аяғы сегіз айға ғана, яғни, 1916 жылғы шілденің 1-інен 1917 жылдың ақпан төңкерісіне дейін, созылған жоқ па? Бірақ осы сегіз айда есепсіз шығын сүйекке таңба, өшпейтін мөр болып басылды.

Ал, оған керісінше, патша әскерінің, казактардың, жергілікті мұжықтардың шығыны айтуға тұрмайды. Оған Түркістан өлкесінен нақты дәлел келтірейік. «Бұлікшілерді басу жұмысы, - деп жазады генерал-губернатор Куропаткин патшаға жазған рапортында, - 1916 жылды шілденің 13-інен басталып, 1917 жылдың қаңтардың 25-неге дейін созылды. Бұған қатысқан әскердің шығыны: өлгенні – 97, жарақаттанғаны – 86, хабарсыз кеткені – 76..., бұлікшілер қолынан 2325 орыс өлді» (ҚРОМА 380 қор, 1 іс, 176, 184-185 б.).

Салыстырып қарайық: бір ғана Жетісу облысынан 95200 адамның мерт болып, 201250 адамның тағдыр тәлкегіне ұшырап босу қандай? Патша әскері мен жергілікті казак, орыстардың шығыны қандай? Бізше, жоғарыдағы цифrlар дәлелдеуді қажет етпесе керек.

**Төртіншіден**, 1916 жылғы маусымның 25-індегі патша жарлығы, онан кейінгі генерал-губернатордың нұсқаулары халыққа, әсіресе, бұқараға ( себебі, лауазымды адамдар патша мекемелерінде істейтіндер, ауру-сырқаулар, болыстар, песірлер, бухгалтерлер, т.б.

бұйрық бойынша босатылған – З.И.) жете түсіндірілгенде, халық көрер көзге қанды қырғынға обықпас еді, «көтеріліс жасау керек» дейтін желөклелер мен қан үстіне қайық жүздіріп, қармақ салмақшы болған құлқын құмар, желбуаз, сұрқиялардың айтқанына көнбес еді-ау дейміз. Себебі, патша жарлығын жүзеге асырудың шаралары, нұсқау-ережелері жоғарыда жасалмағанмен, оны жергілікті генерал-губернаторлардың өздері жасады (әрине, кеш жасады – З.И.). Солардың бірі – Жетісу өлкесін қан қақсатқан генерал-губернатор Куропаткиннің 1916 жылғы тамыздың 23-індегі атақты №220 бұйрығы. Бұл бұйрыққа талдау жасап, ой жүгірткенде аптығатындей, обығатындей, оққа төсін төсейтіндей себеп-салдар шамалы. Бұл жерде бұйрықты түгел келтіруге материал көлемі көтермейтіндіктен, мазмұнын ғана ықшамдауға тұра келеді.

Онда: ең алдымен адам алу қыркүйектің 15-інен басталатындығы, алынған жігіттер майдан төрінде емес, солдаттардың артында жол салу, окоп қазу, қорған тұрғызу, отын, мал азығын даярлау, мал бағу жұмыстарын атқаратындығы тайға таңба басқандай жазылған. Жалдамалы жұмысшы есебінде (бәрібір олар майдан жұмысына алынбаса да елдегі қазақ байлары мен саудагерлерге, казактарға, орыс мұжықтарына мәрдымсыз еңбекақыға жалданып, күні бойы жүр гой – З.И.) күніне 8 сағат жұмыс атқаратындығы, күніне 1 сомнан (жақсы еңбек етсе онан да көп) ақша алып, тегін тاماқтанатындығы, отбасындағы жалғызды, бала-шағасы көпті қалдырып, ең алдымен, бойдак жігіттерді алатындығы, мұқтаждарға қарызға ақша берілетіндігі, жұмысшылардың елмен хабарласуы, ауруға ұшыраса, не қажетті жағдайда демалыс алса, солдаттар сияқты мемлекет есебінен жеңілдіктерді пайдалану құқы нақты көрсетілген. Әрбір дружина үшін фельдшер, молда бөлуге, жігіттердің артынан барып хал-жайын білемін дегендерге де мүмкіндік жасалған.

Бұл бұйрық тек қағаз жүзінде, шындықтан алшақ деушілер де табылар. Әрине, бес саусақ бірдей емес, кемшиліктердің, қындықтардың орын алған жерлері де бар.

Бірақ, осы бұйрықта көрсетілгендердің негізгісі толық орындалғанын Әлихан және ол үйімдастырыған Комитет мүшелері Мырзагазы, Төл, Мұса, Қасендер майданға алынған жігіттерді аралағанда көзде-рімен көріп, шындыққа көздері жеткендігін дәлелдейтін нақты дерек бар.

Ол – Күнбатыс майданының инженері Л.Н.Ладыжинскийге, князь Львов пен земгор басшысы Бирубовтарға жасаған мәлімдемесі және жұмысшы жігіттерді аралап, хал-жайын білгеннен кейін земгорға жасаған Әлиханның баяндамасы: «...Онда жұмысшылардың жатар

орындары жылы, киім-кешектерін жуу, кептіру, моншаға шомылу, емдеу, т.б. қанагаттанарлық» деп, «...казактардың тамағы жақсы. Олардың бір риза болып тұрганы – өздеріне жылқы сойып жеуге рұқсат берілгендей. Ақшасы бар жігіттер ақ нан сатып алады. Жылқы алыш сояды. Садақа береді. Бір дружинада бір күннің ішінде 15 жылқы (!) сойып жеген» («Қазақ» газеті, 1917 ж., №219).

Мұндай хабарларды Александровск фортынан Сейдахмет Көбеев, бекейлік Досқали Құлбайұлы, Орал уезінен Файса Салихов, т.б. жазған. Осындай көзбен көрген, істің басы-қасында жүргендердің мәліметіне қарағанда, ел іргесін сөктірерлік, қанды қырғынға барап-лық, көбелек болып отқа түсерлік жағдай жоқ.

Халыққа жарлықтың әр пунктін жете тісіндіру орнына, елдегі шала ақыл, бозекпелер елді онан сайын еліктіріп, есіртіп, үрейлендіріп, өшіктіре түсті, елі үшін қабырғасы қайысып, түн үйкисын төрт беліл, күндіз күлкіден айырылған ер-азаматтардың батуалы сөзіне құлақ аспады. Сол кезде «Қазақ» газеті «Елді еліртушілер» деген бас мақаласында:

«...Елді еліртушілер, атқа мінерлер істің ар жағын қойып, бер жағымен болып жүр. Жұрт түбінде не боларымен бұлардың жұмысы жоқ. Қазір жұрттың көңіліне жақпақ...«Суды лайлап жүріп балық ұстауына» лайық жол табылды. Бұл – өнер емес, отпен ойнау. Жұрттың отқа түс десе, отқа түсейін деп һеш нәрсені көзі көрмей тұрган шағы. Жұрт отқа күйген кезінде ғана біледі» деп жазды («Қазақ» газеті, 31 тамыз, №195).

Әрине, бұл ақылды тындаған жан болмады. Күйгенін де сезінбей, біржола қызырдақ болғанда барып ұғына бастады. Ақыл кеш енді. Бұған Атбасар уезі Қарақын көтерілісі туралы Мұқаш деген кісінің: «...Ел жастарын бергісі келмеді. Сарбаз жинады. Ұрысты, соғысты. Мезгілсіз уақытта шаруасын күйзелтті. Қорасын өрттетti. Дүниемүкәмалын талатты. Жазықсыз талайдың қанын төкті. Қолынан түк келмеді. Лажсыздан өзі келіп, қолға түсті. Жып-жылмағайдым жоқ. Жылауда-сықтауда» (ҚР Президент архиві 3 қор, 1 тізбе, 557 іс, 20 б.).

Бізше, бұл естелік дәлелдеуді қажет етпесе керек. Дуалы ауыз – Ахмет, Міржақып, Әлихандардың айтқаны айдай келді. Майданың қара жұмысына алынған 150 мың жігіттердің барлығы дерлік (аздаған өлім-жітімге ұшырағандары мен адасып қалғандарынан басқасы – З.И.) аман-сау елге оралды. Ал, жұмысқа алынғандардың өлім-жітімге ұшырағандарының саны елде қалып, елірткендердің айтуымен көбелек болып отқа түсіп, оққа ұшқандардың саны қандай, оны оқырмандардың өздері-ақ шамалар деп ойлаймыз.



**Бесіншіден**, 1916 жылғы көтеріліске шықпау жөніндегі ескерпелерді барлық генерал-губернаторлар, ояз басшылары жасады. Бірақ елдегі құлқын құмарлар, алаяқтар елге басқаша ұғындырды. Оған дәлел мұнау: 1916 жылы тамыздың 21-інде Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адъютант Куропаткин Ташкент қаласында депутаттар алдында сөйлеген сезінде: «...Ел алдында қазір екі жол тұр. Біреуі – Ресей мен жергілікті жүрт арасын бұрынғыдан да ғөрі жақындастырытын жол. Екіншісі – жау ұстіне жау болу. Екіншісіне түскендердің халі қараң, көрмегенін көріп, табатын қасіретінің шет-шегі жоқ болмақ. Олардың кесірі өздерімен кетпей, кейінгі бала-шағаларына да тимек» деп азуын көрсетті («Қазак» газеті, 10 қыркүйек, №196).

Әрине, қолында соғыс техникасы, жалақтаған жаналғыш казактары тұрғанда ол айтқанын істеді. Дегенине жетті. Жазықсыз жандар атылды, асылды, шабылды, ел тоналды. Сондықтан қолында билігі, әскері, соғыс техникасы бар лауазымдылардың мұндай ескерпесін тындалап, жалған қамқоршылардың үгіттеуіне, тіліне ермегенде, елдің іргесі сөгіліп, жарты миллионға жуық адамның өмірі мезгілінен бұрын қылmas еді дейміз.

**Алтыншыдан**, ең соңғы айтайық дегеніміз – 1916 жылғы көтерілістен кейін осы көтерілістің себеп-салдары, барысы халқымыздың біртуар азаматтарына, ел басшыларына тиғізген зияны. Кезінде «Алаш» және «Үш жұз» партиялардың басшылары: Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, К.Төгісовтердің және олар шығарған «Алаш», «Қазак», «Үш жұз» газеттерінің 1916 жылғы көтеріліске көзқарастары әр түрлі болды, бағыт-бағдары өзгеше болды. Бірін-бірі қажау, зәбірлеу, тіл тиғізу, бір-бірінің кезін жою әрекеттері өріс алды. Бұл тартыс, текетірес орыс генералдарының елімізде салған ойрандарына, онан кейін Кеңес үкіметінің орнауына ұласты. Бұл егес, қажасу, текетірес кейін еш пайда бермеді. Кеңес үкіметі орнап, есін жия бастағаннан бастап, ел қаймағын сызыруға көктен іздеңені жерден табылып іске асты.

Коммунистік партия 1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың көзқарасын, ой-пікірін ауылды советтендіру, колективтендіру, байларды тап ретінде жою саясаттарында ұтымды пайдаланып, ақырында 1935-1938 жылдардағы саяси қырғынның додасына әкеп салды. «Бұл 1916 жылғы көтеріліс кезінде байшил, ұлтшыл болды, ондай болды, мұндай болды, саяси сенімсіз адам», - деп талай ерлердің кезін жоюға себепші болды.

Тіпті кадрлар жөніндегі анкеттерге де «1916 жылғы көтеріліске көзқарасының» - деген сөздерге дейін тіркелді.

Сонда не пайда таптық? Жазықсыз жандар атылды. Абактығы қамалды, айдалды. Ел барлық марқасқасынан айырылды. Ел басқарған зиялты, сауатты, саналы, салиқалы азаматтарын жоғалтты. Коммунистік партия оларды топалаң тигендей қырып алғаннан кейін қалғандарын «оң жағына ұрса, сол жағын тосып», «ләппай» деп айтатын мәңгүрт жағдайға келтірді. Әрине, бұлардың барлығы өз алдымызға ел болып, егемендік алышп, өткен өмірімізге үнілгеннен, архивтің бұл күнге дейін жалпы жұртқа жария болмаған (кейбіреулері әлі де белгісіз – З.И.) деректеріне көз жүгірткеннен кейінгі туган ой.

Жасыратын несі бар, күні кешеге дейін мектептен бастап жоғары оқу орындарындағы оқулықтарда, ғалымдарымыз жазған том-том зерттеу енбектерінде 1916 жылғы көтеріліс тек «марксизм-ленинизм идеясы тұрғысынан» талданып, жіліктеніп, ет пен сүйегінен ажырап, бір бағытта, бір сарында айтылды, жеткізілді, түсіндірілді, насиҳатталды. Қазір де сол бағытпен кетіп бара жатқан сияқты. Бұл «су ішкен құдыққа түкіру» емес, шындық. Ақты – ақ, қараны – қара деуіміз керек. Өткен күн өтті. Енді тарихымыз жаңа дәуір, жаңа өмір тұрғысында қайта жазылуы керек деп ойлап, өз ойымызды ортаға салып отырмыз. Төрелік оқырман қауымдікі.

«Ана тілі» газеті  
17 қазан 1996 ж.

## 1916 жылғы көтеріліс туралы естелік

*Іргебай Даңданбайұлының естелігі (бұрынғы «Еңбек» колхозы Нарынқол селосы Кеген ауданының тұрғыны)*

1910-1913 жылдардан бастап патшадан жер темір<sup>1</sup> шығып қазақтың кедей және орта шаруалары егін салып, шөп шағып, жан сақтап отырған жазық жерлеріне қазық қағып, топырық үйіп, соқамен тіліп, ол жерлерге орыстарды отырғыза бастады.

<sup>1</sup> Жер темір – жер өлшеушілер.

1914-1915 жылдарда қазақ баласында шөбі жоқ, таз тау арасынан басқа жері қалмады. Қарқара жайлауы сияқты тағы басқа күздік жерлерге қазық қағып, оба тұрғызып орыс баласынан және казактан күзетші қойып, жайылған мал былай тұрсын, салт атты кісі етіп кетсе ұстап алып, бір сомнан үш сомға дейін бақтаныш<sup>2</sup> алатын болды. Егерде мал жайылып барып қалса, қорасына қамап алып «10 бас малдан бір бас мал аламын, тапсырма солай», - дегеннен басқаны білмеді.

Ел жүретін үлкен қара жол. Таулар. Таудың арасындағы шөбі жоқ сай. Саз жер. Сортан жер. Сусыз шөл және тұл жерлер ғана қазаққа мал жаюға қалды. Алым-салық деген нәрселерді бұрынғыдан артық алып жүрді. «Әскерге керек» деп киіз байпақ сияқты нәрселерді алып тұрды. Сөйтіп ел қысылып тұрғанда «Герман соғысына бала бересің деген патшаның бұйрығы бар», - деп пристав болыстарды, билерді жиып алып: «18 бен 45 жас аралығындағы адамдарды З құн ішінде тізімге алып жиып бересіңдер, бірақ оның бәрі кетпейді, ішінен жарагандары ғана алынады, соғысқа бармайды, тек қара жұмысқа алынады», - деді. Болыстар «мақұл» деп книга бойынша тізім жасай бастады.

1916-шы жылдың 19 шілде күні «бұл қандай пәле болды» деп жүргт өзара сөйлесе бастады.

2-ші күні Қарқара жәрмеңкесінің бас жағында бір жуан төбе бар еді, сол жерге он екі болыс Албаның жүргт билеуші адамдары түгел бәрі бас қосып сөйлесті.

Сонда Жәменке Мәмбетұлы деген кісі: «Біз патшага 1864 жылы қарадық, патшага қарсылық білдіріп, атысып қарағанымыз жоқ. Сонда патша: «Қазақтан солдат алмаймыз, малына, халіне қарай салық саламыз, тұтінге 1 сом 20 тиын, сонымен қатар, басқа да азырақ қосымшасы бар», - деген болатын. Бұл сөзге разы болып біздің алдымыздағы жүргт билеуші аталарымыз ант қағаз жазып, қол қойысқан екен. Енді олар осы айтқанынан қайтып бізден бала сұрайды. Қара жұмыс қана істетеміз дегенді айтады. Елден бір кеткен соң не қылса да өзі біледі. Сарттар бірінен-бірі отырып сұрайды екен: «Қазақ мұсылман емес, бейішке кірмейді», - деп. Сонда екіншісі: «Кірмесе де сығалап жүреді», - деген екен. Сонда біріншісі: «Сығалады дегенше кірді десенші», - депті, сол сарт айтқандай, қолдан шыққан соң соғысқа апарып салмай не қылады? Бала беру, бермеу жағын Албан баласы өздерің біліндер», - деді.

<sup>2</sup> Бақтаныш – айып алу.

Саурықұлы Ұзақ жұлдып алғандай: «Хан әділдігінен тайса, тағынан түседі» деген, мына Жәкенің сөзіне қосыламын. Баласынан безген, туганынан безгендер бере берсін, мен бермеймін. Қөген көздерді далада өлтіріп, қарға құзғындарға жем қылғанша, пристав не қылса да маған қылсын».

Құдиярбек Шотаманұлы: «Ұзақ батыр, Жәкем екеуіңіз бұл сияқты ниет айтсаныздар, сіздердің сөздеріңізден шығатын Албан жоқ. Бәріміз қосыламыз. Бірақ приставқа жауап беру жайын Тұрлықожа екеуіңізге тапсырамыз». Ұзақ пыдақ-сымақ<sup>3</sup> адам еді. «Жәкене тимей-ақ мен-ақ жауап беремін» деп еді, сол жердегі жиылған 200 шамасындағы адам бір ауыздан сөз шығарып «мақұл» десті. Сол сөзбен болыстар тізімді тоқтатып күнді ертеңге салды.

Сол айтқан үш күн ішінде приставтың қолына ешкім тізім бермеген соң, болыстарды шақыра бастады. Қарқара жәрменекесінің бас жағында приставтың борлаған ағаш үйі алдына 300-ден артық 400-ге жақын кісі жиылды. Қазақ «ақ желке» дейміз, фамилиясы Подворков деген пристав жеке шығып, стражникпен келіп болыстардан тізім бермеу, бала бермеу жағын сұрады. Болыстар үндемей тұрды.

Ұзақ Саурықұлының берген жауабы:

- Таксыр, біздің Жетісу Албаны, Дулаты болып 1864 жылы патшага, сіз сияқты ұлықтарға атысып, қарсы тұрып қарағанымыз жоқ. Әділ патша, тәртіпті ұлық деп қарадық. Сол уақытта солдат алмаймыз рамат<sup>4</sup> аламыз, тутінгे 1 сом 20 тиыннан, тағы қосымша сбор земский<sup>5</sup> сияқты. Соған тоқтам қылышп, ант қағазға қол қойған. «Патша әділінен тайса тағынан түседі» деген. Біздің қазақ баласы надан өскен, далада өскен, соғысқа бармак тұрмақ қара жұмысқа да жарамайды. Сондықтан, біздің қазақ, патшаның ант қағазы бойынша үәде бұзып бір бала бере алмаймыз, һәм баратын қазақ та жоқ.

2-ші Тұрлықожа Жансеркеұлы Ұзақты жақтап сез айтады. 3-ші Жәменеке тұрып: «Ұзақ дұрыс айтады. Патшаның ант қағазын бұзып бала бере алмаймыз», - деді.

Пристав былдыр ете түсіп еді, 1-ші Ұзақ, 2-ші Жәменеке, 3-ші Тұрлықожа үшеуін милица жасауылдар айдал ала жөнелді. Жәменеке, Тұрлықожа үндемей жүре берді.

Ұзақ: «Бармаймын, әділетсіз приставтың бұйрығына көнбеймін. Албан баласы көрдің бе?» - деп ақырғанда, жиылған адамдар:

<sup>3</sup> Мәтінде солай – З.И.

<sup>4</sup> Рамат – салық.

<sup>5</sup> Земский сбор – ауыл шаруашылық салығы.

«Осылармен қосып абақтыға сал. Бұлар айыпты емес, барлығымыз айыптымыз», - деп милица жасауылмен қосылып, көпшілік абақтыға қарай жүріп берді. Абақтыға барғанда үшеуін қамап, өзгемізді қайта қуып жіберді. Сонымен Албаның жақсылары приставқа жақын кісілерін жұмсал сол күн ішінде жоғарыдағы үшеуін кепілдікке шығарып алды.

Ертеңінде 3-ші жиылыс – Қарқара суының ортасындағы аралда болды. Ондағы жиылған адам саны 400-ге жақын. Ұзак, Жәменеке, Тұрлықожа сөздерінен танған жоқ.

Сол жиында сөз алып сейлеген Әубәкір Сұлтанбекұлы. Әубәкір дауысы зор, ұрысқан кісідей, айқайлап сейлейтін кісі еді:

- Мен сіздердің арттарыңыздан келдім. Солай болса да, сіздердің бағыттарыңызды түсіндім. Бұл дұрыс әңгіме. «Жатсам да қой өледі, тұрсам да қой өледі» дегендегі жатсақ та өлдік, барсақ та өлдік. Ендігі менің айтарым: бұл ....(түсініксіз) күшіне кіргізу. Біздің дұшпанымыз кім деп білесіздер? Мінеки, біздің арамызда отырған, жерімізді алған, салт атты адам жүріп кетсе ұстап алып, сез білмейтін, кімі жаман, өзі момын кедейлерден 3 сомнан, біз сияқты сөз білетін адамнан бір сомнан ақша алып, әрбір копиясын сыйған, жерге мал жайылып, жақындал барса, «10 бас маддан, бір бас мал бер» деп отыратын, патшаның тұқымы құрып қалғанша таяғын соғатын, «бізге патша әперді» деп жерді, малды тартып алып, тау басына қуып таптап отырған патшаның баласы, патшаның сенімді әскері, патшаның жанып тұрған, қарап тұрған екі көзі, бізді аңдып отырған көк көздерді қөрмейсіндер ме? Жер-жеріміздегі отырған поселкелерді аянбай шабуыл жасап алу керек. Әр поселкeden 40-тан, 50-ден құрал-жабдық шығады. Сол жабдықты жиналып алып, құралданып, патшаның келген әскеріне қарсы тұруымыз керек. Егер күшіміз жетпей бара жатса, Қытай жеріне өтіп кетеміз. Жерге, малға, ақшага той-маған қан сорғыш құзғындары, ұлықтары жерімізге, қалған малға, киіз, туырлыққа тойсын. Балалар патша ұлықтарының дегенине жетуі үшін солардың таяғын соғып өлгенше, өз таяғын соғып өлсін. Бұл мына сары ала қылыш асынған мырзалар қазақ баласымын десе тыныш жүрсін. Болмаса орыстың қаншық иті сияқтанып приставқа әзір барып айтсын.

Сайлыбайұлы Сімтік деген:

- Ерлікті жайсыз жерде қыласын-ау. Бұл сөз ертең Қабанды Қарағайдары Жәменекенің үйінде болсын. Бала беру, бермеу жағын сонда сөйлесейік, - деді.

Құдиярбек қазақ жасауылға қарап: «Әубәкір сөйтіп жатыр деп айтпай қоя түр», - деп сонымен аттарына мініп, тарап кетті.

4-ші – Қабанды Қарағайдағы Жәменекенің үйіндегі әңгімесі қыргызға кісі жіберіп алтуға тоқтады. Қырғыз бала береді ме? Жоқ па? Соны білуге, Жәменекенің үйіне, жиылған елге бір жабағы сойып, тамақ беріп, аттандырыды. Ал енді қыргызға кісі жіберіп жұрт қауіптеніп, көшіп жиыла бастады. Сөйтіп тұрғанда пристав болыстарға: «100 үй тігесін, әскер келеді», - деді. Тұс-тұсынан жұз үйді тіктіріп берді. Приставтың есігінің алдына 28-інші шілде күні 90 жаяу солдат, 62 атты казак-орыс келіп тұсті.

Приставтың қолына әскер келген соң мына төмөндегі адамдарды шақырып алып, қамай бастады:

1. Ұзақ Саурықұлы.
2. Жәменеке Мәмбетұлы.
3. Кәрібоз Қантарұлы.
4. Сыбанқұл Арғынұлы.
5. Қазыбек Шорманұлы.
6. Құдиярбек Шотаманұлы.
7. Тұрлықожа Жансеркеұлы.
8. Бекдайыр Сұлтанқұлұлы.
9. Құрман Әділбекұлы.
10. Әубәкір Сұлтанбекұлы.
11. Жайшыбек Маметекұлы.
12. Біләл Рazaқұлы.

Бұлардың ұсталуы – қазақтың бастаушы адамдары еді. Бірақ та Кәрібоз Қантарұлы парсы, арабша жақсы білген молда кісі. Сол заманда патшаның «Шолпан», «Жұлдыз», «Ұшқын» деген газеттерін оқиды екен. Кәрібоз «газет оқып жұртқа сез таратушы» деп ұсталды. Жиылышта болған жоқ. Ұзак Кәрібозды қасынан тастамаушы еді. Сыбанқұл Кәрібоздың туықсаны. Бұл 12 адамды бір күн Қарқараға түнетіп, ертеңіне солдат қосып, арбаға мінгізіп айдал кетті.

Серікбай, Әбдіхалық екеуі болыс еді. «Бала бермеу жағына ашық қосылған адамдар» деп ұсталды. Бұл екеуін 9 кісі таранышмен қосып Жаркентке айдалды. Бірақ «қырғызда көтеріліс шықты» деген сөзді естіп Қайқы деген асуға жақын апарып атып өлтірді. Ішінен Алдаберген деген ғана құлағынан оқ тиіп, құтылып келді.

Сімтік Сайлыйбайұлы жәрменеке абақтысынан көтеріліс шыққанда 40 кісімен қашып құтылды. Қарақолға айдалған 12 адамнан 9 адам атылып, Әубәкір, Жайшыбек, Біләл қашып, құтылып келді.

Сондағы ел аузындағы сездер: «Герман әскері Ресей әскерін қырып салыпты. Патша тақтан түсетін болыпты, бізге келетін әскер

жоқ. Соғысамыз. Егер шама келмесе Қытай жеріне өтіп кетеміз», - деп құрал жинап, үйімдаса бастады ел. Бұл сөзben ел сандалып тұрғанда: «Қырғыз көтеріліс жасап поселке, поселкені алып, Қарақолға шабуыл жасагалы жатыр. Айдалып барған 12 кісі атылды», - деген хабар сап ете тусты.

Ағұстың 9-ы шамасында Әубәкір елі Жалаңаш поселкесіне шабуыл жасап алыпты. «Қарқарадағы әскерге тилеміз. Жәрдем берсін», - деген қағаз, хабар келді. Ел тұс-тұсынан поселкеге шабуыл жасай бастады.

Ендігі әңгімені Қарқарадан айталық: 10-ыншы ағұс күні түнде Сұлтанбекұлы Жақыпберді, бізді бастаған 800 адам шамасында Қарқара жәрменкесіне келді. Бұл жақтан 200-дей кісі қосылып, таң ата бергенде патшаның әскеріне шабуыл жасады. Окопта жатып мылтық атқанына қарамай солдатқа 50 саржан<sup>6</sup> жерге кісінің алды жеткенде арты қайта қашты. Себебі, атты казак-орыстар да бөлініп, бір жағынан шабуыл жасагалы келе жатқанын көріп қалып, қайта қашады. Бір-екі адам оқца ұшады. Казак-орыс қазақтың артына түсіп, қан сорпа қылады. Қарқараның төнірегіндегі елді түгел шауып алды.

Байынқол уезіндегі көтеріліске басшы болған: Шағалақ Ебейұлы, Монай, Мұқан деген Ұзақбайұлы, Байбосын Есқозыұлы, Аққоян Сабаншыұлы, Текес елінен: Дәркембай Байелұлы, Қожеке Жарылқасынұлы, Насыр Жайлыйбайұлы, Қайыпберді Досымбекұлы, Байқұлақ Үлдарбекұлы тағы тағылар поселкедегі адамдарды қуып жіберді.

Сондағы құралдары: көтерілішшілердің қолында пестонды қара мылтық (бір атар, қос атар), қарағайдың ұшына темір шанышқан қарагай найза, ешкінің құйрығынан шашақтатқан шоқпар, айбалта сияқты құралдар болды.

Поселкeden қашқан орыстар жолыққан қазақты өлтіріп, Төте деген асудағы жолға шанышқан асудағы ағашқа астын кесіп, аузына тығып, ағашқа байлаған. Қарқарадан Нарынқолға келе жатқан байы жоқ әйелдерді өлтіріп, баласын құшақтатып кеткен.

...Сонымен ел ығысып Қытайдың шекарасы Текес, Байынқол өзеніне абылайша жаппа үйлер тігіп, Қытаймен сыйлесе бастады. Қытай ұлықтары: «9 қара жорға, 9 арғымак, 10 мың сом ақша, 12 жамбы<sup>7</sup> берсең жол беремін», - деді.

Бір жағынан патшаның әскері келіп қала ма деп болыстан кісі келіп Ногай-Толағай деген Байынқолдың Текеске құйылған

<sup>6</sup> Саржан – өлшем, 2,13 метр.

<sup>7</sup> Жамбы – құйма күміс.

жерінде Қос дөңінің астында сәйлесті. Сөзінің қорытындысы: «Болыс басына жұзден кісі шығаруга, жараған ат, айғырды еріксіз мінуге» тоқтам қылды. «Октябрь айының бірінен қалдырмай жүргізуге Төтенің аузында табысайық», - деп тарқады. Октябрьдің бірінде әскер жүрді.

Молдалар үгіт айтып, бата берді. Сондагы қолын жайып айтқан батасы: «Құран шын, Пайғамбар ак, сіздер өлсең шиіт боласын, Пайғамбар катарында, өлтірсөң қазы боласың. Құдай жолынды оңғарсын, қарсы шапқан жауды қайтарып таста. Алла ақбар», - деді. «Әскер бастығы атасы қол бастаған адамдардың тұқымынан болсын, атасының туын көтерсін» деп жиылыста мақұлдасты. Жұз кісіде кейінде 15, кейінде 10 шамасына мылтық бар. Сол мылтық ішінде бірден, екіден, үштен берденке бар, 20-30-дан оғы бар. Жұз кісіде бір жалау, қызыл, жасыл, ақ ту алып ел артынан жүріп кетті.

11-12 күн шамасында «Саржанға мың казак-орыспен зеңбірек құралымен Кравченко деген пристав келді» деген хабар келді. «Ел қашпасын, қашқанымен Қытай өткізбейді. Ішіндегі айыпты кіслерді ғана аламыз. Басқасына тимейміз. Өз жерінде отыра берсін. Екі күн ішінде жауап берсін. Егерде екі күннен қалса әскерге алмау жағына ерік беріледі» деген бір жапырақ қағаз алып келіп, елге таратты. Елдің тұқымы құрып қалса да тоқтатын болмады. Осы әскердің аз алдында Қулжадан 5 кісі, Түркия келіп қырғыз, қазақтан жарайды деген адамдарды жиып алып патшаның әскеріне бұ да келді. Екі күн өтіп үшінші күні, Орта Қалпақ деген тау арасында тұрып, Түркия Кравченконың әскеріне оқ атады. Патшаның әскерінен бір кісі, бір ат өлді. Әскерлер зеңбіректің астына алған соң шыдай алмай тұс-тұсына қашып, елге келіп кіріп кетті.

Тұн ортасында «Казак-орыс келіп қалды. Қамап алатын болды. Қөшіндер», - деген хабар келді. Ел жүгін артып, малын айдал Қытай шекарасына қарай жүріп берді. Күн шыға бергенде Қызыл үш деген жердің тұмсығына тұрып Ақбұлақ деген сайдың аузында көшіп бара жатқан, әсіресе, қырғызға күшті атыс болып, бірнеше кісі өлтірді. Шекарадағы Қытай әскері, қалмақтар болып елді өткізбеді. Бұлар да қамап тұрды. Артынан зеңбіректің даусы шыққан соң қатын-бала шулап, жылап қытай, қалмақтардың атқан мылтығына қарамай шекарадан өтіп жүріп берді.

Қытай жері. Мұзарт деген судың жағасы. Қалмақтар Бұлақ деген сайдың бұрын кіріп алып мылтықты ата берді. Қыз, келіншек, бала демей кез-келгеніне оқ тиіп өле берді. Қытайдың шеркі байлардың көзіне түскен көш, қыз, сұлу келіншек болса соларды, еркектерін күпіп атқылап, үйіне түсіріп, алып қалып жатты.

Сол көштің көпшілігі қырғыздар еді. Сол елді Мұзарттың сүйнен жағасына тоқтатты. Қалмақтар күн бата бергенде казак-орыс келетін жақтан мылтықты жаудырып берді. Бір-екеуі «казак-орыстар келіп қалды» деп хабар береді. Ел шыр ете түсіп, әрқайсысы атына міне-міне жөнелген. Сөйтіл мал-мұлікті түгелімен қалмақ басып қалды. Қырғыз әйелдері жас балаларын алуға шамасы келмей, тастап қашты.

Ертесіне барып көрсек, әр қайранда 10-нан, 20-дан өліп жатқан баланы көрдік. Ішінде кемпір-шал, бойжеткен қыз да бар. Сиырдың бұзаулары далаға сыймай шулап, бақырып жүргенді көрдік. Жұзден, 20, 30-дан топ-топ қылып қалмақ айдалып кетті. Киіз, туырлықтар тағы-тагылар көпір болып жатыр.

Алманың сазы, Аттың тауы деген жерлерде қазақтың көшіне 100-ден, 200-ден мылтық атып, қатын-бала демей жабылып, шабуыл жасап неше мың жылқы, неше мың қой, киім-кешек, үй, бәрін тыр жалаңаш қылып, қанша кісіні өлтіріп, тонап алды.

Сонан жаяу шұбап, Қытай елінде тұратын қазақтарға барып, қайыр сұрап Құлжага дейін барып жанын баққандай болды. Баға алмай өлген де болды. Аздан соң елге тау арасынан бұғып барған да болды. Шеріктер бірнеше мың үйлерді жібермей қамап алып, қыста еш нәрсе тоқтамайтын, жазғы жайлаудан басқаға жарамайтын, қары қалың, панаңы жоқ, саз жерлерге отырғызып қойды. Күнде аштан, ұрудан өліп жатқан адам аз емес. Тұнде қашамыз деп ұсталып дуре жеп, ісіп кетіп өлгендер де бар. Мұнан әрең жазылғандары да бар.

Қытайдың әскер бастықтары: «Сендерді ел ішіне қоя береміз», - деп 10 сомнан ақша жинап, түрлі ішіктер таптырып алып, күнде ертеңмен бір үйді де жібермеді. Астығы бар жерден астық алғызбады. Малдың етінен басқа дән көрмей, жазға әрең жетті.

Көңіліне жаққан қыз, келіншектер болса қытай шеріктері тіл алмағандарды ұрып, сабап ертіп алып кететін болды. Таң атқанда суга ақкан салынды сияқтанып, қаны қашып келетін болды. Қазақтың бұрын ел билеген жақсыларының бір қаншасын дүрелеп, үйінен шықпайтын етті. Қытай дуре салғанда ет бетінен жатқызып, бір кісі мойнына мініп, екі кісі екі аяғын басып, өзін шешіндіріп, ыштанымен қалдырып, қамшыны сүйрете салып қалғанда, кісінің дауысы құлышнадай шыңғызып шығады екен. Барған сайын есін келтіріп, әлсіреп жатып қалған кісінің сүйретіп барып тастай салып кете береді екен.

Қытай, қалмак, тараншы қазақ, қырғыздан алған қыз, келіншектерді Рұмжі, Қаражар сияқты көз көрмейтін, құлақ естімейтін жерге алып кетті...

1917 жылы 6-ыншы апрельден бастап сол жаққа қашып барған елдерді, ағалақшы, зәңгі, шерік дегендері: «Бір күн тұтқын сақтал қалсаң ұлыққа қарсы боласын», - деп ауыл-ауылдан қоймай жинап, қайтадан Ресей жеріне айдады. Ел арасында, тау арасында аздал қалушылар болды. Алдына түскен елді қатты қысыммен айдады. Ел ашааршылықтан, аурудан ісіп, кеүіп жүре алмай, шапқан шөптей болып, әр жерде, жол жағасында тәбе болып өліп қала берді. Қалмақтың иті өлген кісінің етін жеуге аузы жоқ болды. Ел қонып, кәшкен жүртта бір туырлықтың арасында 3-тен 4-тен оранып өліп қалған кісіні көреміз. Жолдың жағасында көрпесіне оранып өліп қалған жас қызы, келіншек, шалдарды көрдік. Өлген кісінің басын домалатып бірін-біріне ұрып ойнап жүрген қалмақтың балаларын көрдік. Мал баққан қойшылары, қасында шеріктер, сол айдаған бойынша ұрып-соғып, сабап, тірі қалған елді казак-орысқа өткізіп берді.

Шекарада Иван Каразгун деген бастығымен 5-6 орыс келді. Біз қорыққанымыздан «іздрасти» дегенде біреуі жұлып алғандай: «А, іздрасти, патшага от атқан қанды қол», - деді. Қол бермек болып қолымды ала жүгіріп едім, «Қолынды тарт, қолыңның қаны жұғып кетеді», - деп қолымды алмады.

Сол жер Ногай-Толагай деген Нарынқолдың аяғы, Байынқолдың аяғы, Байынқолдың жағасы, Текеске құятын жері. Екі жағы екі дөң, ортасынан Байынқолдың суы агады. Сол жерге қондырып, түтінге 4 сомнан ақша, жақсы кілем, көрпе-жастықты жиғызып алды. «Құрал бар ма?» - деп тінткізіп, өздеріне керекті нәрселерді сұраусыз алды. «Енді сендерге ешкім тимейді, көшіп жеріне барып отыра бер» деген соң жүріп бердік. Жылқы, сиырға азық, киім-кешек артып, жаяу шұбаган адамдар азырақ озғаннан кейін, 4-тен, 5-тен орыстардың өздері, жігіттері келіп кісі өлтіріп, жылқы, қой, сиырларды, көзге іліккенін тартып алып кетті.

Шалқөде тауының қара қайыңының арасына барып тығылған, көшпей қалған тараншыдан астық алайық деп барсақ, қайсы біреулері «патшага оқ атқан бұзықтар, аулақ жүр» деп астық сатпақ түгіл өзімді боктап ұрып куды.

Орыс баласы шетке шыққанды өлтіріп, күнде шабуыл жасап малды, керекті көрпе, кілем, сәукеле, маржан, жамбы, тай-түяқ<sup>8</sup> сияқты нәрселерді іздетіп, берсе қолынан, бермесе өлтіріп, шауып алып түрді. Бір ауылды жанды өлтіріп алғаннан қалған мұлікті от қойып, өлген кісіні соған салып өртеді.

<sup>8</sup> Тай-түяқ – құйма күміс.

Күнде сөйтіп тұрғанда Текеске бір ұлық келіп. «Депутат шақырады» деген соң Текеске жүзден артық кісі келдік. Қалаға келген жаман орыстың балалары шетінен тастың астына алып атқылады. Тасқа шыдамай ұлыққа қашып барып, тығызып жанымыз әрәң қалды. Сонда ұлықтың айтқан сөзі: «Патша тақтан түсті, енді елге еркіндік берілді, ұрият<sup>9</sup> болды. Сіздермен көршілес отырған орыстармен тату тұру үшін тұтінге еki өгіз, 10 қойдан мал жинап беріндер. Бұларда мал жоқ. Қора үйлері өртеніп кеткен», - деді.

Елге келіп есептеп, кімнің қандай малы болса соны беруге уәде қылып, бір жұманың ішінде жиып апарып бердік. Малды алғаннан кейін орыстар: «Енді разы болдық», - деді. Солай болса да орыс ағайындар 1918 жылға дейін мал талау, кісі өлтіруден тыйылмай, білгенін істеп тұрды.

13.05.1936 жыл  
(КРОММ 427 қор, I тізбе, 17 байлам, 159 іc, 13 п.)

*Араб әрпінен кириллицага көшірген – З.Ижанов  
«Тұган өлкө» журналы  
№1-2, 2003 ж.*

## Молда Қойшыбай Қосалыұлының мұн-зары

1916 жылғы көтерілісті басу деген сөзді желеу еткен патша үкіметінің жазалаушы жандеттері сегіз ай бойы Қазақ даласының ойран ботқасын шығарып, қан сасытты. Қазақстан Өлкелік партия комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының тезистерінде: «...300 мындан астам адам қырылды, атылды, асылды, ал айдалғандар мен жараланғандардың тіпті есебі жоқ... Жетісу облысындағы жергілікті халықтың төрттен бірі Қытайға куылып, олардың ауылы жойылды, мал-мұлкі тоналды» деп нақты мәліметті көрсетсе («Ауыл коммунисі» журналы, 1932 жыл, №4, 22 б.), тек «...Жетісу облысының өзінен ғана Қытайға 201250 қазақ босты, оның 95200-і қырылды», - деп Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорындағы деректер анықтады.

<sup>9</sup> Ұрият – қазақтар революцияны «ұрият» деген.

Босқынға ұшырағандар орны толмас есепсіз шығынға ұшырады. Адам баласы төзгісіз ауыр азап шекті. Азып-тозды. Аштық пен жалаңаштықты басынан кешірді. Мұндай көнілге қаяу түсіретін қайғы мен мұң-шерлердің көрінісі аз жазылған жоқ. Жарияланып та жатыр. Дегенмен Қазақстан Республикасы Президент архиві мен Орталық мемлекеттік архив қорларында араб харпімен жазылған, әлі де оқырманға жетпеген мұндай көптеген естеліктер, қолжазбалар бар.

Міне, сол азап пен ақыретті, тірідегі тозакты басынан кешкен жанның бірі – Қойшыбай Қосалыұлы. Ол өлеңмен жазған естелігінде босқынға ұшырағандардың ауыр халін айта отырып, туган елін, жерін, ағайын-туысын, сүйікті Қарқара жайлауын аңсаған, Жәменеке, Ұзақ секілді ел кеменгерін жоқтаған. Қан қақсап жүріп, зарлаған. Оның мұң-зарын ет пен сүйектен жараптады жүргегі бар жан тебіренбей окуы мүмкін емес. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған 288 жол бұл өлеңді араб харпінен кириллицаға аударып, оқырмандарға ұсынып отырмыз (427 кор, 1 тізбе, 17 байлам, 166 іс).

Біріншіден, архив дерегіндегі жаңсақтықты түзеп, мұң-зар естеліктің нақты иесін көпшілікке таныстыруды жөн көрдік. Өйткені, 1916 жылғы материалды жинаушы Б.Дайыров бұл материалды Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивке «Алматы облысы Кеген ауданы «Алғабас» колхозының мүшесі Әлімбек (Әлібек) Рахымбаевтың естелігі» деп тапсырған.

Шындығында бұл дұрыс емес. Оған дәлел сол істің 13 бетінде «Қойшыбай Қосалыұлы молданың өзінен 1923 жылды жазылған» деп латын харпімен өзі жазған.

Екіншіден, өлең текстіндегі Құран хадистерінен альнған үзінділер мен:

«...Бәрі де Қошемет қып, молда - екелеп,

Дүние-ай қадірімді білуші еді», - деген сөздер дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Осы деректерге сүйене отырып, естеліктің иесі Әлімбек (Әлібек) Рахымбаев емес, Қойшыбай молда Қосалыұлы деп есептейміз:

Үраным Райымбек, затым Албан  
Иншалла несібем бар, түзден салған  
Мас қылған аз гана күн қызығына  
Опасыз пәни дүние мынау жалған.

Аузымнан лебізімді шығармасам,  
Әртегіп кетіп барады ішімді арман.  
Адасып үйінен тоз-тоз болған  
Кетті ғой су түбіне біздің Албан.

Ақ патша әділінен тайғаннан соң  
Ұрысқа бала бер деп қылды парман  
Қас болса халипамның тұқымына  
Құлым деп рахым қылmas жалғыз Аллам.

Өлсек те бұған кісі бермейік деп,  
Қырылды Қарақолда өңкей бағлан.  
Басшыдан ақыл табар айрылған соң  
Сандалып бұқарадан кетті дәрмен.  
Қылып ек ақил сунна алжама ат  
Бола гөр Жаппар Ие өзің жәрдем.

Қытайға жан саугалап қашып бердік  
Дүниенің тегіс беріп мүкәмалдан.  
Ерте жатып, кеш тұрган, аһ дариға  
Бұрынғы біздің заман қайда қалған?

Бұғымен қатар жатқан Албаным-ай,  
Құлашты татырауға салғаның-ай.  
Түсініксіз қайнатпа төз кең Қарқара,  
Құлазып бекер босқа қалғаның-ай.

Қырылдың Қарақолдың түрмесінде  
Кеменгер, жүртқа басшы саңлагым-ай.  
Жақсыдан ақыл табар айрылған соң  
Албаның бекер, босқа сандалуы-ай.

Бір-бірден һәр Малика тозып кеттік  
Жүрейін мұны қайтып, арман қылмай?  
Атқылап кез-келгенді қырғаннан соң  
Шыдамай қашып бердік зардабын-ай.

Ішіне қашып кірсе талап алған,  
Заты жаман жүрт екен қалмағың-ай.  
Құдайымның жаратқан жанның жүртты  
Аз бірақ тиді бізге жәрдемің-ай.

Сол батыр, ел мен жұрттан айрылған соң  
Атанаң сиынамыз аруағына-ай.  
Ел болып түзелер күн болар ма екен?  
Оңдай ғөр түбімізді Алла, Құдай.

Жүретін жұрт үстінде бірге болып,  
Баяғы қандай болсын күнім менің.  
Аузынан лебізімді шығарайын,  
Ішімнен тарқар ма екен қайғы-шерім.

Қырылды Қарақолдың түрмесінде  
Бастығы Жәмендеке, Ұзақ кеменгерім.  
Далада көр киімсіз, бекер қалды,  
Маңдайын күн шалмаган өңкей ерім.

Әйтеуір түбін берсін біздің Албан  
Айрылып жақсылардан сынды белім.  
Бір жерге бас қосар күн болар ма екен?  
Болдың ғой осы күнде тілім-тілім.

Кетеді тимей-тимей көзден жасым  
Қарқара еске түссе жүрген жерім.  
Қанаттас Албан, Бұғы қатар жатқан  
Ел едік тамашалы алым-берім.

Барады ішім толып сары суға  
Тірі жүр шықпаған жан, құры көнім.  
 Тағы да рақымың болар ма екен?  
Бар қылған жоқтан бізді Қыдыриат Қерім.

Адамзат ажал жетпей, өлмейді екен,  
Айналып өткен дүние келмейді екен.  
Тілейік түбін бер деп бір Құдайдан  
Еш нәрсе уайымнан өнбейді екен.

Жаратқан пәнде қыльып мұны өзі  
Кез жасын ғарыплердің көрмей ме екен?  
Жалаңаш, шын жаяуга көнсө-дағы  
Тірі адам бір тамаққа көнбейді екен.  
Әйтеуір аяқ-қолын ербендетіп,  
Шамасы келгенінше сермейді екен.

Қолынан түк келмеген біздей ғарып,  
Құдай-ау өзің нәсіп бер дейді екен.  
Бұрынғы өткен күнді ойлай берсе,  
Жүректі сары сумен шерлейді екен.  
Ештемені ойламай, тыптыраған,  
Ауқат қылып, жан бағып, бірлейді екен.

Біреулер арық, тоған шауып жатыр,  
Біреулер кісі малын бағып жатыр.  
Біреулер қол өнерін кәсіп қылып,  
Жан қинап, жармаққа ақша тауып жатыр.

Үстіне жапсыруға, еркін жетпей,  
Тапқанын таңдайына қагып жатыр.  
Өзінікін ішіп-жеп қолындағы  
Жаудырап екі көзі ғаріп жатыр.

Бұрынғы өткен күннің бірі де жоқ,  
Бұл заманнан көңілі қалып жатыр.  
Әйтеүір өзің нәсіп бересің деп,  
Бір Алланы көңіліне алыш жатыр.

Албанның жілік майы үзілгенге,  
Сел болып көзден жасым ағып жатыр.  
Әлі келген жігіттер өз жерім деп,  
Бұрынғы қара орнына барып жатыр.

Жүргегіміз орыстан шошып кеткен  
Білмеймін осы күнде не қып жатыр.  
Менің көңілім сенбейді кәліріңе,  
Бекер сөзге біздің жұрт нанып жатыр.

Өзді-өзінің шатағы басылған жоқ,  
Бұған да жұрттың бәрі қанып жатыр.  
Бір Құдай бермес пе екен тілегімді?  
Шерледі қайғы басып жүргегімді.

Жатушы ек қырғыз, казак сауық қылып,  
Бұзды ғой Құдай бүйтіп сүреңімді  
Каздай қалқып, үйректей жүзіп жүрген,  
Көрмедім қайран жұрттым біреуінді.

Астына ат, үстіне киім болған,  
Қайтейін Албан, Бұғы шүлениңді.  
Адасып ақылымнан осы күнде,  
Білмеймін қалай қарап жүрерімді?

Өзі қуат бермесе, Жаппар Ие,  
Жалғаннан үзіп тұрмын күдерімді.  
Албанмын сегіз сары жақын туған,  
Ойлаймын бір бауырлас жігіттерімді.

Қадірімді білмейтін Албаным жоқ,  
Жат ру қайдан білсін сүйегімді.  
Шақырған бері жүр деп бір адам жоқ,  
Жылаймын кімге тыңдатып мұң-шерімді.  
Қайта айналып қонатын заман қайда?  
Дәулет құсы қолымдағы жіберілді.

Біздің жұрт баяғыдай болар ма екен?  
Бірігіп Қарқараға қонар ма екен?  
Ұрық туған бір жерге басын қосып,  
Көңіліміз раушан боп толар ма екен?

Ат сұлу, айғыр көркем жалыменен,  
Бай шолжан, батыр көсем малыменен.  
Тар жерде өз өлтірмес, жат жарылқамас,  
Әр кімді алсын Құдай табыменен.

Ат сұлу, айғыр көркем құйрығымен,  
Алланың тозып кеттік бұйрығымен.  
Тар жерде өз өлтірмес, жат жарылқамас  
Әркімді алсын Құдай руыменен.

Біздің ел Қарқараға қонушы еді,  
Даласы жылқы, қойға толушы еді.  
Әр ауылдың үстіне тамаша қып,  
Ат шабыс тұс-тұсынан болушы еді.

Бұрқырап төрде саба тұрушы еді,  
Кеңесті ақсақалдар құрушы еді.  
Қымыз мұрын дейтұғын бір тамаша,  
Ат шабыс боз балалар қылушки еді.

Күміс жабдық жарқырап, шапан киіп,  
Тұрленіп сәuletімен жүруші еді.  
Жатқан мал, көк майсаға қанған елге,  
Көрген жанның көздері тұнушы еді.

Ат пен киім бар жабдық келгеннен соң  
Жігіттің бәрі болат құрыш еді.  
Бәрі де Қошемет қып, молда-екелеп,  
Дүние-ай, қадірімді білуші еді.

Қариялар күтуші еді маң-маң басып,  
Боз бала қошемет қып, есік ашып,  
Маңдайына сыймаған қалың дәulet  
Дарифа-ай тегілдірді бір жыл тасып.

Баққан мал, жермен судан айрылған соң  
Қор болды, мұңаямыз, енді жасып.  
Жұмсақ деп мамық төсек төсөнген ер,  
Қазір жүр қабыргасын тыр-тыр қасып.

Басында әуре бізді қылмасы шын,  
Сұм дүние, опасы жоқ, боқтан сасық.  
Ел жұртый, көк майсалы кең Қарқара  
Бұл қүнде бір көруге болдым ғашық.

Сағынып осы күнде жылай-жылай  
Көзім нашар тартты гой, мұнар басып.  
Аға, женге, келін мен апалар бар  
Бірге жүрер күн қайда араласып?

Жүр мे еken қайран жұртый есен-аман?  
Көруге несіп қылғын Ҳақ Тағалам.  
Тіршілік аухатынан бір ісім жоқ,  
Жатсам-тұрсам ойлайды, соны санам.

Мақтанып сәuletтеніп жүре тұғын,  
Тоқты құрлы болмады менің бағам.  
Бір адамның болмайды қошеметі,  
Құдай қуат бермесе, кетті шамам.  
Бұрынғы сәuletімнің бірі де жоқ,  
Тоным тозып, кірледі үйде жағам.

Жан берген, тән жаратып Қадыр Алла,  
Бола гөр мен ғаріпке өзің панам.  
Өзіңің ғанибетлік һүрметі үшін  
Жарттың һәрй құрсі луһум қалам  
Бір Алладан басқада ықтияр жок,  
Жазуда осылай болса не дүр шарам.

Қайтейін жалған дүние бекерінді,  
Аз күні тәтті болған шекерінді.  
Мас болып жалған сенің қызығыңа,  
Білмеппін мұндай болып өтерімді.

Ес-түстен осы күнде дәнеме жок,  
Білмеймін қашалықты не екенимді?  
Алдың жар, ия, артым да жар болды қамау,  
Дем білер қалай қарап кетерімді.

Ішім толған қасірет, кайғыменен,  
Табар адам болсайшы шипагерді.  
Құдай-ау тарқатар күн болар ма екен?  
Байланған жүректегі кеселімді.

Жол тауып шашылғанды жинайтұғын,  
Маңдайға сиғызбады көсемімді.  
Дінім ислам болған соң үмітім бар,  
Мұратқа Алла білер жетерімді.

Қайта айналып қонатын заман қайда?  
Дәулет құсы басымдагы көтерілді.  
Ия, Алла, қуат берген исламға,  
Бұл дінсіз залым қылды мұсылманға.

Қылсаңшы Расуалла бір шапағат  
Жәрдем тілеп қысылғанда.  
Пайғамбар достым деген шаһиарлар  
Қолымнан ала көргін ұсынғанда.

Бұрынғы аруаққа сыйынбасам  
Тыптырап аухат қылар қүшім бар ма?  
Албан аман тұрғанда бір кісімен  
Дәулеттің бар-жоғымен ісім бар ма?

Ғаріптік мұнан артық қандай болсын  
Халық қандай дейтүшін кісім бар ма?  
Сұңқар азып, торғайдан төмен түсті  
Біздерде адам көрер пошым бар ма?  
Қағазға мысал қылыш сөз жазатын,  
Көнілде раушандық қошым бар ма?

Білеміз Қадыр Алла барлығынды,  
Айтамын бір өзіне зарлығымды.  
Құранның отыз пара һүрметі үшін  
Пәндаңнан көтерсөңші тарлығынды.

Халық едік қанаттанып отыратын,  
Бас күтіп, пана қылдық һәр бұнныңды.  
Сарттары далайкіндік қызметкер қып,  
Ап кетті бітір айтып һәр бірінді.

Жаныңнан бір шыбындей шошынған соң,  
Тастадың талақ қылыш, мал-құлышынды.  
Алып кеп бір жегендей нанға саттың,  
Қазына мың теңгелік жабдығынды.

Қайтіп тірі жүрсіндер, өліп кетпей,  
Бұрынғы ойлаганда тағдырынды.  
Жігіттер дос санаған бекер екен,  
Жалған дүние әдіре қалғырынды.

Бұгіліп жол таба алмай тұйықталдың,  
Алдырып өңкей көсем, данышпанды.  
Біздің де жақсы-ақ еді талабымыз,  
Еш адамға жоқ еді залалымыз.

Жаяуына ат, ашына, тамақ берген,  
Бар еді мархабалы саналымыз.  
Дастанқан құндіз-түні жиылмаған  
Қайырлы қайда кетті ынтымағымыз.

Көрмеген қарыс жерге жаяу жүріп,  
Зор келгенде ойылды табанымыз.  
Діңсізбен қарсыласып, ұрысуға  
Болмады қолда қару-жарагымыз.

Өзі рахым қылмаса Алла бізге,  
Дағдарып, таусылып тұр амалымыз.  
Қарқарада жүргенде тегіс едік,  
Жоқ еді жалы қыңыр, жаманымыз.

Тәубемізді түсірді есімізге,  
Михнантан жоқ еді хабарымыз.  
Ражіб енді бізден кетті қашып,  
Бастағы қоңыр салқын самалымыз.  
Өзімнің өмірімнің барлығында,  
Баяғы қайта келсін заманымыз.

*Араб әрпінен кириллицага көшірген – З.Ижанов  
«Қазақ әдебиеті» газеті  
21 қазан 1997 ж.*



1928 жылғы карта

## **27 қазақ қалай қырылып еді және олар қайда жерленген?**

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі аяусыз қырып-жою, тонау, қуғындау арқылы қүшпен басылды. Көтеріліс болған өңір қазақтары жазықсыз, сұраусыз, сұрақсыз атылды, асылды, шабылды. Мал-мұлкі тоналды. Патша әскері тарапынан жасалған осындаи жыртқыштық әрекет Думадағылардың да (1916, XII) наразылығын тудырган. Әр түрлі бағытты көздеген депутаттардың үш тобы II-Николай патшаның маусым айындағы жарлығына заңға сүйене отырып қарсылық көрсетті. Оның да өз себебі, негізі бар еді.

Министрліктер мен Мемлекеттік Дума өзара келісіп барып қабылданғанинан кейін ғана патша жарлыққа қол қоюы керек тұғын. II-Николайдың халықта, үкімет орындарына құлағдар етпестен жариялаған бұл жарлығы сол кездегі Ресей Заң кодексінің 71, 86, 93 және 205-баптарын бұзғандық болатын. Парламент мүшелері Керенский, Чхеидзе, Шепкин, Скобелев, Янушкевич секілді қайраткерлер бастаған әуелі 34, одан кейін 37 адам патшаның бұл жарлығының қабылдану, жариялану және жүзеге асу себептерін тексеруді ресми түрде талап етті.

Оз кезегінде Соғыс, Ішкі және Әділет министрліктеріндегілер «Қазақтардың бас көтеруіне себеп болған не?» деген сұраққа жауап іздеді. Негізгі себеп – патша саясатының дұрыс түсіндірлеуінде, жарлықты орындауға бағытталған үгіттің жабайылығында, казактардың тым еркінсіп қазақтарды менсінбеуінде деп шешті.

Патша үкіметі құлап, орнына Уақытша үкімет келді де, осы 1916 жылғы көтеріліс зардаптарын тексеруге жер-жерге уәкілдер жіберіп, тексеру комитеттерін құрды. Олардың ұсынысы арқылы арнаулы шешіммен «көтеріліске қатысқандарды жазалаушы отрядтар» таратылып, босқан, қашқан, шет елге еріксіз ауган қазақтар туған жеріне қайта орала бастады. Қайтып келген көтерілісшілердің тоналған мал-мұлкін қайтаратын, шығындарын анықтап, сол шығынның орнын толтыруға күш салатын Уақытша комитеттер құрылды. Осындаи Уақытша комитеттер қылмысты әрекеттерді тексеруге де белсене кірісті. Казактар жасаған зансыздық пен ай-уандық әрекеттер тексерілмей қалған жоқ.

Тексеруден өткен қылмысты істің бірі – 1916 жылды желтоқсаның 30-ында болған оқиға еді. Оның егжей-тегжейін біз баяндау жатпадық. Архивтік құжаттардың өздері-ақ анық-қанығына көз жеткізеді деп білдік. Архивтік айғақтар ҚР Орталық мемлекеттік архивтің 109 қорында, 1 тізбеде, 27 іс қағаздарында сақтаулы.

1917 жылы қантардың 27-інде Жаркент уезіне қарасты Подгорныйдағы 4 участкенің бітістіруші-келістіруші соты қылмыстық істердің 443 және 705-статьялары бойынша куәларды жауапқа тартады.

Михаил Никифорович Коровин:

«...Жасым 35-те, казак, православие дініндемін. Жетісу казак әскерінің 3-ші ерекше жұздігінде әскери қызмет етемін. Сауаттымын. Сотты болғаным жоқ.

Откен айдың аяғында Шалкөде постысында Иван Пшеничный басқарған он казак, бізге көтеріліске қатысып, кейін Қытайға қашып кеткен қыргыздардың (*бұдан былай қазақтардың*) Құрман болысъна қарасты Тұзкөл айналасындағы таудың күнгейбет баурайында малдарын жайып, көшіп жүргендігі мәлім болды.

Нарынқол отрядының нұсқауы бойынша постыда тұрған казактардың міндеті – көтеріліске қатысып, Қытайға қашып кеткен қазақтар қайтып көшіп келсе, олардың мал-мұлкін тартып алып, өздерін тұтқындалап, қайтадан Қытайға кері қайтаруга тиісті.

Оның үстінеге нұсқауда қарсылық жасағаны болса, қару қолдану көрсетілген. Пшеничныйдың бұйрығын және жоғарыдағы нұсқауды орындау мақсатында мен және казактар – Дементий Быдарев, Петр Черкашин, Иван Савинков – желтоқсанның 28-інде Тұзкөл жанындағы тауга барлауга шықтық. Желтоқсанның 29-ында көлдің он жағындағы таудан төрт жерде коныстанған қазақтарды кездестірдік. Онда 42 ер, 66 әйел және 56 бала болды. Оларда 45 жылдық, 43 мүйізді ірі қара, 7 түйе, шамамен 50 қой бар. Нұсқауда көрсетіле тұрса да қазақтардың аты-жөнін біз жазғанымыз жоқ. Бірақ олар: «Жаркент уезінің Торайғыр болысънан және Верный уезінің Таз руынанбыз», - деді.

Біздер нұсқау бойынша оларды Қытайға кері өткізуғе тиісті болсақ та, қазақтарды Охотничье апаруды дұрыс деп шештік. Себебі отряд жанында офицерлер, прaporщик Шувалов бар еді. Әрі шекара қашық және қар қалың болды. Бастьқ қазақтарды апаруга мені жауапты етіп тағайындалап, қасыма Савинковты, Черкашинди қосып берді де, өзі Быдарев екеуі постыда қазақтардың малдары мен әйелдері жанында қалды.

Малды айдау үшін алты ер адамды қалдырып, желтоқсанның 29-ында қазақтардың ортасында түнеп, қантардың 30-ында 36 ер адамды Охотничье (*қазіргі Нарынқол тұрған жер*) айдалап шықтық. Олар қолдарына киіз үйдің керегесін, уықтарын қалың қарды байқау үшін таяқ етіп алып, жолсыз жермен жаяу, ықылассыз жүрді.

Біз оларды «Охотничьеге барғанда ештене болмайды» деп тыныштандырмакшы болдық. Бірақ қазақтар күн батар алдында қөлдің шығыс жағында демалуға токтап, тамактанып, Құдайға құлшылық қылды.

Қараңғылық түсे тағы да жылжыды. Сонан шұғыл топтанып алып, таяқтарын көтеріп, «Райымбек!» деп айқайлап, артында атпен келе жатқан біздерге тұра ұмтылды. Сол кезде Черкашиннің аты қарға құлады. Ол атпен әуре болып жатқанда біз қазақтарды Охотничьеге баруға үтіттедік. Демалуға отыруға шейін де бұйрыққа бағынатын шығар деп екі рет үтітеп көрдік. Олар бір орында тұрмай, бізге жақындай берді. Сол кезде мен және Савинков екеуіміз ауага мылтық аттық. Бұл кезде Черкашин де атын жөндең мініп келді.

Біз қазақтардан 150 сажен жерге атпен шоқытып шығып, тағы да оларды үгіттей бастадық. Бірақ олар: «Бірімізді емес, барлығымызды осы жерде атып тастанасаң да Охотничьеге бармаймыз!» - деді. Сонан кейін мен және Савинков қазақтарға оқ аттық. Олардың барлығы да жерге екі топ болып құлады. Біз ызапанып қараңғы түсіп, көз байланғанша, қазақтардың жатқан жері елестеп көрінгенше, жарты сағат бойы оқ жаудырдық. Сонан кейін қасына келіп тұруға әрекеттегендерін қылышпен шаптық.

Осыдан соң Охотничьеге келіп, болған жағдайды прaporщик Шуваловқа баяндадық.

Қантардың 2-інде Охотничьеден Тұзкөлге оралғанда қазақтарды санаңық. Олар екі топта 26 адам болды. Көпшілігі киімсіз, кейбіреулері жартылай жалаңаш... шамасы бір шақырым, әлде онан да аз жерден аяғынан оқ тиіп, жараланған 27-ші қазақты көрдік. Жаралы қазақтарды елі-жұрты алып кеткен еken және бұған қайта келуте уәде берген көрінеді. Оның аянышты азабын жеңілдету үшін оң жақ самайынан қылышпен шауып, турал тастандым».

(Аталған істің 9-11 б.)

Күә Петр Черкашиннің жауабы:

«...Мен Петр Филиппович Черкашин, 46 жастамын. Православие дініндемін. Казак. Жоғары Басқұншақ, Голубовск ст., Жетісу казак әскерінің 3-ші ерекше жұздігінде әскери қызметтемін. Сауатсызын. Сотты болғаным жок.

...150 сажен жерге шоқытып барып: «Охотничьеге бармасандар атамыз», - деп қорқытып, айқайладық.

Бірақ қазақтар «Өлсек те Охотничьеге бармаймыз!» - деп айқайлап, бізге қарай жылжи берді.

...Бастық атуға бұйрық берді. Мен атқаным жок, тұнде көзім еш нәрсе көрмейді. Мен тек екі ғана патрон аттым. Онда да аспанға аттым.

...Он минуттай аттық. Барлығы да тынышталып, екі үйінді болып жатқан қазақтарға келдік.

...Біз қазақтарды тек өзімізді қорғау үшін ғана аттық...».

(Аталған істің 11-13 б.)

Куә Иван Герасимович Савинковтың жауабы:

«...34 жастамын, православие дініндемін. Казак. Қарабұлақ ст., Жетісу казак әскерінің 3-ші ерекше жұздігінде қызметтемін. Сауаттымын, сотталғаным жок.

...Қазақтар қашып кеткен жағдайдағы жауапкершілігінен қорқып, біз өзара келісіммен қазақтарға жұздеген патрон шығардық. Барлығы тынышталғаннан соң оларға бардық. Бірнеше адам жаралы екен. Біз олардың барлығын да қылыштап турадық. Сонан кейін Охотничьеге жүріп кеттік...».

(Аталған істің 13-14 б.)

1917 жылы қантардың 18-інде куә Жатқанбай Саңлаевтың жауабы:

«...35 жастамын. Мұсылмандын. Қазақтын. Торайғыр болыснанымын. Сауатсызыбын. Сотты болғаным жок.

Қазақтардың көтерілісіне катысканым жок. Бірақ қазақтар Қытайга өткенде, олардың артынан орыстардың кек алуынан қорқып, мен де кеттім. Отken жылдын қараша айының аяғында «барлығы да тынышталды» деп есептеп, өзгелер сияқты мен де өз болысымға қоныс аударуды ойладым. Шығыс Талгар және біздің болыстан 15 отбасы Құрман болысның Ыңайлы деген жеріне көшіп келіп, бір айдай әр түрлі орында тұрақтағ, мал жайдық. Желтоксанның аяғында 5 казак келді. Олар барлығынаның жинап, Охотничьедегі бастыққа айдал апаратындымын хабарлады.

Постыға екі казак айелдер мен баталарды және 5 ер адамды майдармен бірге айдал кетті. Қанша екенін нақты билмеймін.

35 ер адамды үш казак Охотничьеге айдалды. Қалын карда жаяу жүргендіктен, барлығының да таяқлен жүрдік. Біздер – алда, артыныңда – қазақтар. Тұздықелдің шығыс бетінде, күн бата журіл келе жатқанымында қазақтар жағынан мылтық атылды. Біз топталдық. Қазақтар қашаша атқанын билмеймін. Барлығы тынышталған кезде есімді жиналадым. Жаралы болғанымды билгеннен кейін тауга кеттім.



Казактарға біз ешқандай қарсылық көрсеткеніміз жоқ. Қайта, керісінше біз: «Тағдырымыз анықталар, бізге өзіміздің бұрынғы қонысымызыда түруға рұқсат етер», - деген үмітпен ықыластанып жүрдік. Казактарға қарсылық көрсету былай тұрысын, біз шаршаганымызға қарамай, демалмай, жүре бердік. Қарулы адамға біз қалай қарсылық көрсетпекшіміз?!».

(Аталған істің 16-17 б.)

Куә Құрманбай Жәкиевтің жауабы:

«...50 жастамын. Мұсылманнын. Қазақпын. Торайғыр болысынанымын. Саутасызын. Сотты болғаным жоқ.

Охотничьеғе бізді – 36 қазақты 3 казак айдағанда 26 адамды өлтірді. Казактарға біз қарсылық көрсеткеніміз жоқ. Біз таяқты қарқалың болғандықтан алдық...».

(Аталған істің 17 б.)

Куә Исабек Терлібаевтың жауабы:

«...33 жастамын, мұсылманнын, қазақпын. Торайғыр болысынанымын. Саутасызын, сотты емеспін.

Охотничьеғе 36 қазақты 3 казак айдағанда 26 адамды өлтірді. Казактарға біз қарсылық көрсеткеніміз жоқ. Таяқты қарқалың болғандықтан алдық. Охотничьеғе қарай демалуға да уақыт сұрамастан ынтымайзебен жүрдік...».

(Аталған істің 18 б.)

Осы қуәлардың жауабына түсініктеме беріп жату артық. Енді бұдан әрі не тірлік істелгенінен хабардар беретін құжаттарға назар аударайық.

27 қаңтар 1917 ж.

Нарынқол – Шарын участкесінің бастығына

Осы айдың 17-дегі 78 нөмірлі қатынасына қосымша Шалкөде постысындағы казактар өлтірген қазақтардың және олардың тірі қалған туыстарын... қашып кеткендердің кім екендігін тездеп анықтауды сұраймын.

Келістіруші сот  
(Аталған істің 22 б.)

## Акт

1917 жылы ақпанның 2-де Жаркент уезіне қарасты 4 участке келістіруші сотының қантардың 27-де №78 үйғаруына сәйкес, мен – Әлжан болысының бастығы Әбделе Өтеулиев, Құрман болысының бастығы Жанайбек Қалқабаевтың және куәлар: Әлжан болысынан қазақ Мамытбек Алмесов, Арыстанбай Құрманбаевтардың көмегімен Шалкөде постысындағы казактар өлтірген қазақтардың Тұзкөл манындағы өлген жерлерінде табылғандар мыналар болды.

Атап айтқанда:

Жаркент уезінің Торайғыр болысынан:

1. Отарбай Шынасылов.
2. Өзбек Тойшыбеков.
3. Шандыбай Тойшыбеков.
4. Әбитбай Исаев.
5. Сәбдібай Исаев.
6. Рахымқұл Байдалов.
7. Жақаш Үркімбаев.
8. Қасымжан Аташев.
9. Рысдәulet Тастанбеков.
10. Ақжол Тастанбеков.
11. Қойшығұл Жексенбаев.
12. Тойбақ Жексенбаев.
13. Рахым Жексенбаев.
14. Сәбденбай Жексенбаев.
15. Әмірбек Жексенбаев.
16. Қарабас Шәтиев.
17. Ибраим Шәтиев.

18. Жайылған Қозыбасов.
19. Тәжібай Байбагысов.
20. Тиын Саганаев.
21. Жайнақбай Саганаев.

Верный уезі Шығыс Талғар болысынан:

1. Жантелі Текесов.
2. Қаптағай Текесов.
3. Сабаншы Қаптағаев.
4. Байбосын Асанбаев.
5. Тілеміс Қасқарауов.

Біздер Тұзкөлдің шығыс жақ басына барлығын бір молага жерледік. Және сол үшін осы акты жасалынды.

Әлжан болысының бастығы: Ә.Өтеулиев  
(мері басылып, қолы қойылған)

Құрман болысының бастығы: Қ.Қалқабаев (қолы қойылған)

Куәлар: Мамытбек Алмесов, Арыстанбай Құрманбаев  
(арабша жазып қол қойған)  
(Аталған істің 25 б.)

Шалкөде казактарынан қашып, тірі қалған қазақтардың тізімі:

Торайғыр болысынан:

1. Шалабай Шажиев, осында.
2. Тұңғатар Жаналов, осында.
3. Байтогай Кененбаев, Верный уезіне қашып кеткен.
4. Жатқанбай Саганаев, осында.
5. Исабек Терлікбаев, осында.
6. Құрманбай Жақсалов, осында.

Шығыс Талғар болысынан:

1. Оспан Қалықұлов, Верный уезіне қашып кеткен.
2. Ибраим Қалықұлов, осында.
3. Өскенбай Аманқұлов, Верный уезіне қашып кеткен.
4. Мәлібай Кегенов, Верный уезіне қашып кеткен.

Барлығы 10 адам, оның төртеуі Верный уезіне тығылған, мекенжайы белгісіз.

Әлжан болысының бастығы: Ә.Өтеулиев  
(Аталған істің 27 б.)

Аталған өліктер желтоқсанның 30-ынан қаңтардың 22-сіне дейін жерленбеген. Оның екі түрлі басты себебі болса керек.

Біріншісі, казактардың зұлымдығынан жүрегі шайлықкан қазактар өз туысқандарының өлігін әкетуге қорықкан, оған шамалары да келмеген.

Екіншіден, ол өліктер көп ұзамай Ұақытша комитеттің тексеру-сараптау, анықтау обьектісіне айналған. Бітістіруші-келістіруші сот 1917 жылы қантардың 22-де: «...25 қазактың өлігі қатты қатып қалғандықтан, оларды жылытуға жақын маңда жылы орын болмаған-дықтан және ондай орын бола қалғанның өзінде өліктерді таситын құралдың болмауына байланысты, оның үстінен дәрігердің «бірнеше фельдшердің көмегінсіз жалғыз өзіме сойып, тексеру мүмкін емес» деуіне сәйкес, өліктерді сырттай бақылап, тексеру жүргізуіне, сонан кейін күн жылығанша жерлеуіне» қаулы шығарады.

Сонымен, жазықсыз 27 қазакты жарты сағат бойы оқтың астына алғанымен қоймай, жараланғандарын қылышлен тураған, өліктерді сол күйінде тастап шімірікпей жүре берген әлгі үш қазактың кім болғандығын бас көтерер азаматтарынан айырылған аз ғана қазактың сол кездегі жай-күйін ойлы оқырман өзі-ақ ажыратар.

1916 жылы казак қылышы мен мылтығынан жазықсыз қырылған тек осылар ғана ма? Патша жендеттерінің қанды аяғының жеткен жері тек осы маң ба? Жоқ, әрине.

Ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдығына сәйкес жергілікті жерлерде жүргізіліп жатқан шаралардың бір бағыты осы жылдары ерлікпен қаза тапқандар мен көтеріліске қатысқан және жазықсыз құрбан болғандарды анықтап, табу, тарихи шындықты сол қалпында тарихи тағылым үшін ұрпаққа жеткізу болса керек. Мұның өзі артында қалған үрім-бұтақтарының аруақтар алдында өтеген парызы болар еді.

*«Ана тілі» газеті,  
1 мамыр 1996 ж.*

## Даладағы дауыл

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының басына қасіret әкелген 1916 жылғы қайғылы оқиғаларға биыл, яғни 1996 жылы 80 жыл толып отыр. Бұл патшалық Ресейдің отарларың езгісі мен орыстандыру саясатына қарсы болған ұлт-азаттық құресі еді. Кезінде заман ағымына қарай бұл қозғалысқа бір жақты баға беріліп келгені белгілі.

Болған оқиғаларды нақты көрсететін көптеген тарихи құнды деректер қоғамның ой-санасына «көрі» асер етеді деген желеумен архивтердің терең қойнауына тығылды. Сол себепті төменде ықшамдалып алынған естеліктер 1916 жылғы оқиғалардың деректік қорын толықтыра түседі. Бұл естеліктердің мазмұнына қарап, сол жылы ел басынан өткерген қыын-қыстау кезеңді, көтеріліс кезіндегі адамдардың көңіл-күйін, патшалық Ресейдің өзінің отарындағы халыққа көрсеткен озбырлығын көз алдыңа тағы да бір көлтіреді.

Әрине, биыл құрылғанына 75 жыл толып отырган Орталық мемлекеттік архивте сақталған естеліктердің ішінде ел намысын қорғаған ерлердің ерлік істерін көрсетумен қатар ұлттың қызуқанды, алаш жанды азаматтарына, елдің елдігін сақтау жолында хан, сарбаздар, би, бай, молда болғандарға, оқыған, сауатты, ел басқарған озық ойлы, білімді тұлғаларға кешегі коммунистік саясаттың сарынымен тілінің зәрін төккендері де барышылған. Алайда, қазіргідей барымызды бағалап, өткенімізді саралап жатқан кезеңде кешегі тарихи ақтаңдақтарда айтылмаған, көзге еленбеген, еленсе де қасақана қалтарыста қалған, отызыныши жылдарда жазылған бұл естеліктерді қаз-қалпында беруді жөн санадық. Халқымыз «әңгімені Ұлықпан хәкімнің өз аузынан естіген дұрыс» демей ме?

Ал, естеліктерге тұжырым жасау мен елкен өткізуді тарихтың еншісіне, оқырманның өз ой-безbenіне қалдырыдық.

### ...Сергелден

#### I

Осы күнгі Қарақын болысы бұрын он болыс Орта Арғын атанған елдің Қуандық, Сүйіндік деген атақты руынан болады. Байлық жағынан Ақмола губернасында бірінші қатарда болды. Үй саны көп болғанымен бақ-дәulet мастығы мырзаларды желіктіріп, өзіне ерген елді бөлек-бөлек қылған.

Маусым айында болған Атбасар базарының тарқауында қалаға губернатор Сухомлинов келіп: «Соғыс майданына қазақтың 19 бен 31 жас арасындағы жастарын қара жұмысқа алатын болды», - деген патшаның жарлығын естіртіп, болыстардан: «Бересіңдер мә?» - деп сұрағанда Асанқожа мен Мирам қажы: «Береміз, біздің қазақ халқы патшаға, ағзам құзыретіне қызмет қылудан бас тартпайды», - деп сөз беріпті ғой деген лақап елге жайылып, кемпір-шал, бала-шағалар үрпісіп, шаруа баққан ауыл адамдары не қыпарын білмей, дағдарысып, жастар да үрейленіп жүрген шағы еді.

Кейбір елдер: «Қой, жарықтық Асанқожа мен Мирам қажы қазақтан солдат береміз деп айтушы ма еді? Және патша ағзам құзыретінің де «Солдат алмаймыз» деген уәдесі бар еді ғой, өтірік-ақ шығар», - деп көніл жұбатты. Бұл дақпырт сөз күннен-күнге расқа айналды. «Жастарды алуға қаладан орыс шығады екен», - деген қауесет жайылды. Ел састы. Тығыла бастағандар да болды. Көшуге де, қашуға да көңілдері кетті. «Солдат алмайтын болыпты», - деп сүйінші сұраушылар да көбейді. Сөткесіне бармады, бәрі де өтірікке айналды.

Жігіттер сендей соғылысты. Құн қулкі, тұн ұйқы көрмеді. Топтанып ат үстінде жүретінді шығарды. Қожа мен Мирам көрінсе, жеп қоятында болып жүр. Ақырында ел: «Өлмей кісі бермейміз. Соғысқа барып өлгенімізше өз елімізде, өз жерімізде соғысып-ақ шейіт болып өлеміз», - десті. Ақсарбас құрбандық шалысты. Топ жазбасқа серт қылышты. Құнде тасаттық, құнде құдайы.

Шілде жұлдызының аяқ шенінде Терісаққан өзеніндегі Сарыоба бекетінде төрт болыс Сүйіндіктің (Сарытау, Қызылкөл, Терісаққан, Шалыс) бай-болыстарының сайлауы болды. Онымен бірге әскерге ат алушылар да келді.

Сонда Атбасар ұлықтарынан түгелімен келгенде мыналар еді:

1. Уезд бастығы (*аты-есімі көрсетілмеген*).
2. Төтенше съезд төрағасы – Буданников.
3. Әскери инспектор – Алушин.
4. Шаруалар қоғамдық бастығы – Пономарев.
5. 2-ші шаруалар бастығы – Варшавский.
6. Пристав – Тамулло Донник Иваныч.
7. Урядник – Иванов.
8. Мұғалім – И.Г.Григорьев.
9. Атбасардың атақты байы – П.П.Белов.
10. Тілмаш – Матьян.

Бұлардан басқа 7-8 доктор бар. Барлығы 20-30 шамалы адам. Сайлауы бар, ат беруі бар, жиылған жұрт көп еді. Бұлар сөзге кірісті: «Патша ағзам құзыреті соғыс майданына 19 бен 31 жастың арасындағы жастарының сұрайды, ризашылықтарыңмен беріндер, бермесендер бұлінесің, жарыласың. Еріксіз бересің. Қолың байлаулы, аяғың тұсаулы. Ешқайда бара алмайсың. Құдайдың бүйрүгі екі болмайды, патшаның жарлығы екі болмайды. Қайткенде де біз орындаі аламыз», - деп күштерін көрсетіп қойды.

Ел шошынды. Ұлықтардан етінді, жылады. Патшаның аю терісіне жазған, «Қазақтан солдат алмаймын» деген антының барлығын да айтты. Келгендер тыңдамады. Ел ақылға шықты.

Мырзақожаның Жақыбы тағы бірнеше азаматтар кісі бермеуге бел байлап, кімде-кім кісі беру жағына шықса, сонымен жауласуға шарт қылып, халыққа басшы болды. Ел түгел бұларға ерді.

Жанайдарұлы Мирам қажы: «Орысты жеңе алмайсындар. Көтерілісті қою керек», - деп ақыл берді. Жақыптың жалғыздығын айтып: «Пәлеге ұрынарсың, қойсан қайтеді?» - деді. Бірақ оны ақыл сөз деп құлағына ілген жан болмады.

Ұлықтар «Бол-болдың!» астына алып қысып жатыр. Ақыл тез құрмаса жасауылдар жастарды өз қолымен әр жерден ұстап ала бермекші болды. 30 шакты орыстың: «Уақтылы елдің тәмам жастарын ұстап әкетеміз», - деуін жұрт қорлық көрді. Шыдамады. Өзі ашулы ел қалаға барып қиратқанша «Сазайын бере тұрайық!» деп ұлықтарды дүрелей бастады. Қылыш, мылтықтарын тартып алып, мойындарына шылбыр салып, ат бауырына салып жүріп сойды. Жыртылмаган киімі қалмады. Көк ала торғайдай қылды. Не орыс, не казақ арашаши бола алмады. Бозбайұлы Қуанышбай ақынның сондагы айтқаны мойында:

Көрсетті заң, законмен жайын бәрін  
Қазақтың тыңдамады айтқан зарын.  
Орыстың беті қатты болғаннан соң  
Азырақ дүреледі бұл жастарың.

## II

Ел үрейлене бастады. Жастар лек-легімен ат үстінде жүр. «Шаруа» деген бір жан жоқ. Сейтіп, толқынданып жүргеннің үстінен: «Солдат сұрайсың», - деп приставты бауыздап өлтірген Ақмола уезінің оңтүстігіндегі шектес отырған бес болыс Нышалы еліне 500 әскер шығып, үлкен қақтығыс болыпты. Қазақтар женіліп, мал-мұліктерін тонатып, үй, қораларын өртетіп, Сарысу, Сары деген өзендерге қарай ауыпты деп естідік. Алексей болысында (қазіргі Атбасар болысы) Бекжанұлы Дайырша деген жігіт Есет болысты жарып тастапты. Кентүбек, Бесоба, Жарқайың жақтарында да елдің қозғаулары болса керек.

Мырзақожаның Жақыбы ұлықтарды дүрелеуді бастаған ер жігіт еді. Қара жұмысқа алынатын баласы да жоқ, өзі болса да 40-қа келген. Ерлігі бар жігіт еді деп жұрт жиылып келіп, соған ақылдасты. Жақып: «Сендер үшін жалғыз басымды өлімге қидым», - деді де жүртты бастап Бабасынның Жүсіпбекіне барды. Бұл да бастапқы жанжалдың жуан ортасындағы кісі болатын. Ол оны қостады. Көтерілісшілерге Жақсыкелді, Бақтыгелді деген екі баласын қости. Өзі де бірге жүрді. Үйінен жиырма бес мылтық шығарып берді.

Екеуі 12 атылатын бұқар мылтығы. Жарамды атын да қалдырыған жоқ. Жақып та ауқатты жігіт. Мінуге, союға жарағанының алдынан шыққан жоқ. Бұларға қосшылыққа ержүрек жігіттің бірі Әжібайдың Досаны ерді. Салық Ұлышов, Адыrbай Айдерке дегендер ақылында болды. Елден жинастырып Жақыптың тапқаны жұз мылтық болды (шиті, берденке). Басқаларына ұсталарды жинап алып наиза, айбалта соқтырып берді. Айналасы 800-дей сарбаз болып Жыланды деген тауға жиналды.

Жұсіптің бір өзінен 25 мылтық шығуының себебі мынада: оның әкесі Жарқын деген кісі Кенесары ханның бір деген батыры болып жүрген кезде Кенемен бірге қырғыздың қолына түскен. Сондагы Жарқынның жинаған құралдары екен.

Такбір-тасырық салауатпен жерді жаңғырықтырады. Бұл қыркүйек айының іші еді. Сондагы Куанышбай ақынның айтатыны гой:

Шабындар азаттық деп қолың жайып,  
Жүруің ойнап-куліп енді ғайып.  
Бір ауыр, бек қабақат жұмыс болды  
Түсті ғой елге қайғы, көп мұнайып.

Ел үйғарымына Мирам қажы қосылмады. «Жақып пен Жұсіп сарбаз жинап жатыр», - деп қалаға хабар салды. «Қаладан әскер шығыпты», - деген сөз тағы келді. Ел үрікті. Олар шаруасын тастанап, босып кетті. Жұрт азан-қазан. Қиямет бүгін болғандай. Шошайып мола қалды. Құніреніп қора қалды. Ел атамекенін қимады. Ілгері басқан аяқ кейін кетті. Бір кошкен жерінен екі қошті. Қайта айналды. Жау беті құшті. Тұрактай алмады. Тағы босты. Осыларды көргенде Куанышбай ақынның айтатыны гой:

Шошайып Ақмоланың мolasы тұр,  
Құніреніп Терісаққанның қорасы тұр.  
Дабысқа солдат деген көніл қорқып,  
Бұл күнде біздің қазақ әуреде тұр.

Құніреніп Терісаққан кейін қалдың,  
Қия алмай ата қоныс қайта бардым.  
Жайқалған жапырағын аралап ем  
Баса алмай аяғымды есім тандым.

### III

Қазан айының іші. Жыланды тауында жиналып, қазақтың сарбазы жатыр. «Бағаналыдан үкіметтің әскері қайтып келе жатыр», - деген хабар жетті. Жақып Адыrbайдың Айдеркесі мен Шөпті жансыз ғып жіберді.

«Әскер келе жатыр», - деген соң, Мирам да қарап жата алмады. Алдынан баласы Омарбек болысты шаптырды. Арғанақтының бекетінде кездесіп: «Жақыпбек, Жұсіпбек сарбаз жинап, шайқасқа қамданып жатыр», - деп хабар қылуға келгендігін айтты. Мұны естіп әскер бастығы Архангельский мен Тамулло: «Малша жайылған ит киргиздың бейбастықтығын қараши? Оларға тыйым саламыз. Ит есебінде қырамыз», - деді ашуланып. Арғанақтыдан шыға бере Әйтен, Сейтен ауылына келіп, 8 қораны өртеп, мал-мұліктерін талап, Тіней, Тоқбан деген елге келіп 7 қораны өртеп, сол ауылдың бас көтерері Кенжеболат Тоқбан баласын турап өлтірді. Кенжеболат: «Омарбек-ау, ең болмаса екі бас намазымды оқытып өлтірсеңші!», - дегендеге, Омекен: «Ақ патшага қарсы тұратын сен итке намаз не керек», - депті.

Жазалаушылар бұдан кейін Қарашаттағы Айтбай ауылынан 17 қора өртеп, оның бес үйінен 25 арба бұйым алып, кешке Мирам үйіне келіп қонады. Сол түні жансыздардың хабарлауымен әскердің атын сыпырып, жаяу тастауға Жақып кеп тұрды. Бірақ ала алмады. Ертеңіне Бекназар жотасында орыс пен қазақтың үлкен ұрысы болды. Қазақ жота-жалдың үстінде, орыс тегісінде түске дейін бірін-бірі ала алмады. Бір мезгілде Дәүлетбекұлы деген жігітке оқ тиді. Қазақ сарбаздары үріккен қойдай дүркірей жөнелді. Орыс куды. Қашқан соң не береке? Әскер таудың арғы етегіндегі қазақ сарбаздарының қостарына келіп, 11 кісі өлтіріп, 70 қос, 81 түйені олжа қылды. Жақыпты ұстауга қанша талаптанғанымен ол ұстапады. Шайқас болған күнгі өлген кісінің есебі 27 болған екен. Өртөнген қора – 82. Әскердің өлген, талап алған дүниесі қалаға 250 арбамен келген.

Қараша айында елден жігіт алуға 300 солдат шығып, Тілекей деген жерге келіп орнап, 80 үй тіктіріп, қаншама сойыс сойдырды. Бірақ әскер жатқан жоқ. Орыс үйлерінде жатты. Бұл кәдімгі қыс күнінде. Мұның бастығы тағы Архангельский мен Тамулло. Болыстарды жинап алып: «Тезінен жігіт бермесендер өздерінді өлтірем», - деп қыспаққа салып, «жеңген жауға қатын ер» дегендегей шатырлап жатыр.

Не керек 5 күннің ішінде 2 мыңдай жігіт алып, қалғандарын жинап бере қоймадындар деп 5 болысты атпақшы болған соң олар 20000 сом ақша беріп, бастарын сатып алып қалған. Жігіттерді қалаға өздері апарып салмақ болып қолхат беріп қайтарды. Сонда: «Жақатеңіз болысы Биғараның Смайлы жігіт қалдыруға бір ғана Ағыс деген елден 25 ат, 5 түйе, 30 кілем пара алды», - деп жұрт жағасын ұстады.

Жазалаушы отрядтың 5 күнгі тамақ шығыны былай тұрсын, тігуге алған 80 үйдің киіз, бау-шуларын тамтығын қалдырмай, бөліп-бөліп алып кетті.

Ел жастарын бергісі келмеді. • Бұлқынды-тулады. Өз Отанының басына өзі бұлік салды. Өз жерінде-ақ қазадан шейіт болуды тіледі. Сарбаз жинады, ұрысты, соғысты. Мезгілсіз уақытта шаруасын күйзелтті. Қорасын өрттетті. Дүние-мұлқін, малын талатты. Қолынан түк келмеді. Үріккен ел орындарына қайта келді. Жып-жылмағай, дым жоқ. Өлмешінің құнін көріп жатыр. Жылауда-сықтауда.

Патшаға бағынып, әмірі екі болмасын деген ел жоқ. «Орыстың құрығы ұзын, Құдайдың тағдырына көнбей пенденің лажы жоқ», - деп жұбатты. Балаларын қолдарынан апарып берді.

Қалада прием болып жатыр. Лай судан балық аулаушылар да көбейді. Тізімге іліккен құр болған жоқ. Біреудің жасарып, біреудің ер жетіп, 19-бен 31-дің арасына ілігулері болыс пен тілмаштың қолында болды. Кедейдің 51-і 31, 49-і 19 болуы екінің бірінен табылды. Не қылғанда да дүние судай төгілді. Шамасы келген бай балалары орындарына кісі жалдады. Подвод тасуға кірісті. Шамасы келмегендер приемға ілінді. Қан жылап майданға кетті. Өңкей жән білмейтін, ауылдан бір шақырым жер шықпаған бейшаралар кеткелі екі-үш ай болды, аман-жаманынан әлі хабар жоқ.

Бір күні наурыз туған кез: «Патша тағынан түсті, жұрттың бәріне тендендік, бостандық туды. Билік ел қолында болатын болды», - деген хабар дүңк ете түсті. 300 жылдан бері патшалық құрып, келе жатқан Мекелай тағынан түсті. Қазақ секілді езілген елге тендендік берілді дегенге жұрт сенбеді. Сонда да лақап расқа айналды.

Қан жылап, майданға аттанған жігіттер қайтып орала бастады. Болыстар, ауылнайлар орындарынан түсіп, билік ел қолына беріліп қалды. Ел қуанышты. Мәз-мейрам болды.

Әткен күнде белгі жоқ-ау. Сол көтеріліске биыл он жыл болып қалыпты ғой. Өлгенше естен кетер емес. Қазақ даласы қызыл қанға боялып еді.

Патша үкіметі құламаса, октябрь тәңкерісі болмаса, ел не етер еді? Қыспақтан қыспақ, қырғыз-қазақ елі құрыр еді.

Мұқаш (*тегі көрсетілмеген*)  
Атбасар, 25. 10. 1926 ж.

(КР Президент архиві  
3 қор, 1 тізбе, 47 қорап, 557 іс, 5-20 6.)

## ...Аттаныс

Болыстар 1915-1916 жылдары кедейлерді өте қатаң ұстады. Біздің Қарабалық болысы Қадыр немересі Нысанбайдың Сайымы еді. Болыс қол астындағы 8 ауылға салық салғанда кедейлерге көп салды, әсіресе, 1916 жылы «Салық ауқатқа қарай салынады» деген хабар бола тұрса да, кедейлер салыкты байдан кеп төледі. Оған кедейлер жағы риза болмады. Ауыл адамдарынан Жантуаров Есет (мен, 6-ауыл), Тасболатов Жүсіп (4-ауыл), Түгелбаев Жұмағазы (7-ауыл), Нұрпейісов Хасен (7-ауыл), Нұрымов Құсайын (5-ауыл) бәріміз қарсы шығып, кедейлерге ақыл беруші болдық.

Сөйтіп, болыспен келіспей жүргенде патшаның қазақтан соғыс қара жұмысына кісі алынсын деген 25 июнь жарлығы шыға келді. Сайым болыс жарлыкты орындауга кірісті. Қазакта белгілі метрика жоқ. Сондықтан болыс, ауылнайларды алып отырып, 19-38 жас арасындағыларының тізімін жасады. Байлардан ат-тон, не 100-200 сом пара алып, балаларының тура жасын не кемітіп, не өсіріп, не жеңілдік алатын жұмыста деп көрсетіп, жалған сылтаулармен қалдырып, олардың орнына жасы тура келмесе де кедей балаларын жібермек болды. Бұған кедейлер қарсылық білдірді. Бірақ кедейлердің қарсылықтарына құлақ қоймады.

Сондықтан ауыл жігіттері топ-топ болып жиылып, болыстың өзін өлтіру шарасын көздеді. Сайым елдің сұрынан шошынды. Басын қорғау үшін өз ауылындағы қарсы жігіттерді Қалмен Баянов, Досымханов сияқты жеті адамды патшаға қарсылық істеді деп ұстап, Қостанайға (уез орталығына) айдатып жіберді. Соларды айдатып жіберген күні (10.VII кешке) біздің, 6-ауылға баратын болып жолға шығып, өз үйінен 20 шақырым жердегі Үлкен Сарбақшы көліндегі құдасы Берден Тансықовтың үйіне қонады.

4-ауылдың жігіттері болыстың Тансықовтың ауылына келгенін естіп, болысты өлтірмек болып біздің ауылға екі хабаршы (Кенжебай Нұрсейітов, Илияс Сақиевты) жібереді.

Менің айналамдағы 20 жігіт біздікінде қонып жатыр еді. 4-ауылдың хабаршылары жолда адасып, бізге таң ата келді. Олар келісімен біз де аттандық.

Біз жеткенше Тасболатов бастаған 20 жігіт Сайымды өлтіріп, қораға салып қойған екен. Қорлықпен өлтіріпті. Бұлар барып Берденнің үйін басады. Алдымен болыстың песірі Көшімнен (олар кеңсе қағаздарын көшіріп келген екен) тізімді сұрап алып жыртады. Соңан соң Сайымға: «Далаға шық», - дейді. Шықпаған соң Абдолла, Жоламан, Бекмұхамбет үшеуі оншақты жігітті бастап,

үйді бұзып кіріп, төсек астында тығылып жатқан Сайымды байлатап алып шығады. Сүйреп жүріп, бауыздап өлтірілті.

Ертеңіне болыстың туысы және кандидаты жиен Омар Шурин Қостанайга кісі шаптырып, шақырысына уез бастығының көмекшісі 5-6 стражнігімен келеді. Бұлар келісімен қосылып өлтірушілерден он үш кісіні: Таймас Жұсіпов, Айжан Оразбайұлы, Қаратан Қасқырбайұлы, Жайлайбайұлы, Сейітқали Қонқашұлы, Төлеген Нысанбаев, Қайболла Нұржанов, Досжан Нұрпейісов, Алпысбай Қонбайұлы, Рысқұл Сейітұлы, Бекмұхамбет Нұрмұхамбетов дегендерді ұстап, Малоресейский деген поселкеге тұтқынға жапты.

Сонан соң 3 күннен кейін Орынбордан губернатор Эверсман Донской атты казактан 30-40 солдат алып келді. Эверсман Қарабалықтың 8 ауылнайын Кассей поселкесіне жинап, ақсақалдарды көтеріліс жасап, болысты өлтірушілерді сұраққа алып, қысты.

— Патшаның жарлығына қарсы шығып отырындар, сендерді құртамыз. Тоз-тоз қылып, жойып жібереміз. Жермен жексен қыламыз, - деп зікінеді.

Ақырында Тасболатов Жұсіп, інісі Жоламан Тасболатов, Сейтен Қөпееv үшеуін бұрынға ұсталған кіслерге қосып, Қостанайға айдатты. Екі күннен кейін, ел ақсақалдарынан 15 кісіні (бастылары: Әлібаев Алмұханбет, Қөпбаев Байқожа, Түгелбаев Жұмағазы сияқтыларды) ұстап, Қостанайдың тұтқын үйіне жапқызды. Ал алғашқы ұстаган 16 кісіні Қостанай түрмесінен Тройцкіге жіберді.

Губернатор мен пристав болыстыққа Қадыровтың кандидаты жиен Шурин Омарды сайлады. Омарды алып отырып, тізім жасап, соғыс қара жұмысына 200-дей кісі алды.

3 айда Тройцкіге айдалып кеткен 15 кісіге военный сот болып, 4 адамды: Бекмұхамбет Нұрмұхамбетов, Рысқұл Сейітов, Абдолла Сәденовты өлім жазасына кесті (асып өлтірді), 12 кісі құтылды. Қостанайдың түрмесінде жатқан 15 ақсақалды мобилизацияға кісі алған болған соң 2 айдан кейін босатты. Алғашқы Сайым ұстатқан 7 жігіт те босанды.

Бұдан кейін қайта бас қосып, көтеріліс жасай алмадық. Қарулы жігіттер тыл жұмысына кетті. Күш болмады.

1917 жыл февральда ауыл сасып қалып, қысылып, күйзелісте тұрганда Сайымның құны үшін туысқаны: Қыдырұлдары Нысанбай, Мұсабай, болыс жиені Шурині болып, уез бастығының күшімен Сайымды өлтіруге қатысқан 4-ауылдан (Тасболатовтардан) 40000 сом өндіріп алмақ болып, әурелеп, қысып жатқанда «патша құлады» деген хабар естілді. Ел есін жиды. Майда тыл жұмысынан қайтып жігіттер де келді. Ел той жасап, қуаныш қылды.

Копія

ПОСТАНОВЛЕНИЕ.

1916 года Сентября II дня Кустанайскій Уѣздный Начальникъ принимая во вниманіе, что киргизы № 4 аула Карабалыкской волости Альмухаметъ Алибаевъ, Айменъ Утегуловъ, Жумабай Баймбетовъ и Саденъ Кушербаевъ по имѣвшимся у меня свѣдѣніямъ были въ числѣ руководителей и подстрекателей шайки киргизъ, убившей волостного Управителя Кадырова - и къ сопротивленію властямъ при выполненіи послѣдними ВЫСОЧАЙШаго Указа отъ 25-го Іюня с/г. ПОСТАНОВИЛЪ: въ цѣляхъ поддержанія порядка и общественного спокойствія въ уѣзда, и на основаніи ст. 21 прилож. I къ ст. I-ой Уст. о предупр. и пресѣч. преступ.упоминаемыхъ выше киргизъ, задержать при Кустанайскомъ арестномъ помѣщеніи. Копіи съ сего послать для свѣдѣнія Участковому Товарищу Прокурора и Приставу I части гор. Кустаная вмѣстѣ съ задержанными. О чемъ и донести Г.Тургайскому Губернатору. Подлинное за надлежашими подписями.

Съ подлиннымъ вѣрно:

Письменный переводчикъ

*Алиевъ*

1918 жылдың ағас айында Жангелдин келді. Жанында Қаратасев, Әлиев, Дәуітов, Ғазизов дегендер бар. Келісімен мені Қарабалыққа ревком етіп сайлады. Бай Қәрім тұсті. Сонан соң Жангелдинге әтірет құруға Қарабалықтан 18 кісі жиып бердік. Сол жолы Жангелдин Қостанай уезінен 200 кісі әскер жиып алған, Батпақара, Торғайға жүріп кетті.

Есет Жантуаров  
(КРОМА 427 қор, 1 тізбе, 17 байлам, 167 іс, 41-44 б.)

«Ақиқат» журналы  
№8, 1996 ж.

## **Корланғандар мен қор болғандар**

1917 жылғы сәуірдің 2-8 аралығында Орынборда Орал, Семей, Ақмола, Сырдария, Бекей ордаларынан келген 300 делегатың қатысуымен өткен Торғай облыстық қазақ съезі туралы көпшілік хабардар. Съездің төрағалығына Ахмет Байтұрсынов, орынбасарлығына Мемлекеттік I-Думаның мүшесі Алпысбай Кәлменов пен Үәлитхан Танашев, хатшылығына Сейдазым Қадырбаев, Шафқат Бекмұхамбетов, Омар Алмасовтардың сайланғаны да белгілі. Съезде қаралған мәселелер, алынған шешімдер баспасөздерде жеткілікті жазылды.

Солай болса да осы съездің бірсыныра шешімдерінен жүртшылық әлі де хабардар емес. Себебі біз айтқалы отырган мәселелер жазылған жоқ, жазылса да үстірт. Мәселен, баспасөздерде осы съезге: «Торғай облыстық губернаторы Эверсман қатысып, съезге Ахмет Байтұрсынов төрағалық жасады», - дейтін қысқа хабар жазылуда. Мұрағаттық құжаттар Эверсманның съезден өз еркімен кетпегендігін, съезден қыып жіберілгенін айқындаиды. Эверсман облыстың губернаторы есебіндегі лауазымын пайдаланып, ескі дағды бойынша съезді құттықтамақшы болып Ахмет Байтұрсыновтан сөз сұраған кезде залда отырган делегаттар оған қарсы өре түрегеліп: «Құлаған үкіметтің өкіліне сөз берілмесін. Біз саған сенбейміз», - деп залдан қуған (КРОММ 86 қор, 1 тізімдеме, 13 іс, 18-21 б.).

Генеральному Прокурору Троицкого  
Окружного суда Киргизской

ПРОКУРОР

28. Апр. 1917

Бланков по ходатайству жандармов  
всесоюзной революции и членов большевиков  
что Бланков совершил преступление  
преступление - превращение власти  
и большевиков. Поэтому администрация  
столицы потребовала назначения  
расстрела по его заслугам в  
то время самому члену партии, о чём  
было нечестно напечатано, что же дальше  
то есть в прилагаемом при  
сем документе расстрелян в сане

Во исполнение его поста  
жандармов предъявлено Вам  
запись. Гаджи-Чиркуну приговорено  
расстреливать Турсаканского областного  
наркомата предварительно, ссылаясь  
на действие обвинения и отмены  
документов членов большевиков  
Продолжение этого обвинения  
22 апреля 1917 г.

Подпись: 1. Оренбург, Казанский уезд, Казань

А. Байтұрсыновтың Троицк округтік сотының прокурорына жазған хаты.

Мұнан соң Міржақып Дулатовтың ұсынысы бойынша Орынбор орта оқу орындарының діни оқытушысы Әбдірахман Мәдиевті, Торғай облыстық басқармасының аудармашысы Мұхамедияр Тұнға-чинді халықта бұрынғы істеген зәбірлеріне сәйкес съездің мәжіліс залынан шығарып жібереді. Сонымен қатар съезд делегаттары Омар Алмасов, Кәрім Тоқтабаев, Әлмұхамед Қасымов, Тоймұхамед Кеті-баровтардың хабарлары бойынша Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі, полковник П.А.Агапов, Торғай облысының әскери бастиғы Загаинов, Ыргыз, Ақтөбе, Қостанай, Торғай уездерінің бастиқтары Шубин, Витман, Куфтин, Прытков, Кочергин, Батманов, Торғай уезі бастиғының көмекшісі Ткаченко, Қостанай уезінің приставтары Прокопов, Данговцевтің қызмет бабын пайдаланып халыққа қиянат жасап, зәбірлеген қылмысты әрекеттерін талқылады.

Осылардың ішінен оқырмандарға П.А.Агаповтың, Прокопов пен Загаиновтың әпербақандық қылмысты әрекеттерін халыққа таныстыруды жөн көрдік.

Торғай облысы басқармасының аға кеңесшісі полковник П.Агапов 1916 жылы майданының қара жұмысына қазақтарды алу жөніндегі заң талаптарын дөрекі пайдаланды. Асыра сілтеді, заңды бұрмалады. Қостанай уезіндегі екі болыс, Ырғыз уезіндегі бір болыс елдің басына әнгір таяқ ойнatty.

Қасына 136 казак жазалаушы алып Сарыторғай болысына келіп тізімді қайта жасатты. 19-31 арасындағы жастарға қосып, енді 17-35 жас арасындағы қазақтарды да майдан жұмысына алуға жарлық берді. Соның салдарынан майдан жұмысына алынуға жатпайтын 70 адам артық алынды.

Елді дүрліктіру, қорқыту, ұрып-согудың салдарынан Дамбар болысында казактарды тамақтандыруға, көліктерін азықтандыруға үй-үйден тінтіп ақша жинады. 25 ат арба үшін 625 сом, казактардың аттарының жемі 500 пүт арпа үшін 1000 сом, 136 казактың тамағына 90 қой, басқа қант-шайына, ет, нан, көлік үшін 3975 сом, барлығы 5600 сом ақшаны тартып алды.

Өзін Торғай даласының әміршісі сезінген П.А.Агапов екі уездің елге қадірлі ақсақалдары мен ағамандарын «маған шұғыл жетіндер» деп шақырып алды. Олар түгел жиналыш болған кезде «сендер бүллік шығаруға келдіндер» деп жала жауып, 1500 сомнан айып салды. 37 жастағы Әбілқай Жұмабаевты «сені табан астында майданға аттандырамын» деп қорқытып 1000 сом ақшасын қалтасына басты.

Тежеу көрмеген П.А.Агапов ел тонауды өрістетті. Бестөбе болысында үй-үйді аралап, қымбат бағалы ер-тоқымға дейін сипырды.

М. Ю.

по важнейшимъ дѣламъ  
Г. Судебному Слѣдователю участка  
Оренбургскаго Окружнаго Суда  
уѣзда,

ПРОКУРОРЪ  
ОРЕНБУРГСКАГО  
**ОКРУЖНAGO**  
СУДА.

Мая девятнадцати 19<sup>07</sup> г.

№ одиннадцать

г. Оренбургъ.

Препровождал при седьмь пассажику за №  
3515 о Старшемъ Советнике Тургайскаго  
Областнаго Правленія Полковникъ Агаловъ

*23 мая 1907 г.*  
ва основавія 297 ст. Уст. Уг. Суд., вмѣю честь  
предложить Вашъ, Милостивый Государь, произ-  
вести предварительное слѣдствіе по признакамъ  
преступлениа, предусмотрѣнаго ст. ст. 341\*  
и 377 улож. наказ.

*Прокуроръ Романовъ*

*Секретарь Семёновъ*

Осыдан кейін қандықол қарақшы П.А.Агапов 98 қазақты жиып алғып казактарына айдатып жолға шықты. Жолдағы елді мекенниң бірінде казактар мен қазақтар арасында төбелес болып, айдал келе жатқан 98 қазақтан 7, жергілікті халықтан 4 адамды казактар өлтірді. П.А.Агапов айдал келе жатқан 98 қазақтың тірі қалған 91-ін Қостанай түрмесіне айдал апарып, өздерін өлімші етіп сабап, 4 ай бойы азаптады, ақырет-азап көрсетті.

Қостанай уезінің 3-ші стан приставы Прокопов та Агаповтан қалыспады.

Ол Аққарға болысына барып қарауындағы жазалаушы отрядына барлық жабдығы, қазан-ошағы, төсек-орнымен, азық-тұлігімен дайындалған 15 үй тіктірді. Ішіп-жемі үшін есепсіз мал сойдырды. Жазалаушы казактардың нашар аттарын қазақтың жанына балаган сәйгүліктерімен ауыстырып мінді. Аттарын қимагандарды ұрып соқты. Жетіқара болысының №8 ауыл тұрғыны Байтақ Сүйінтаевтың 2 биесін тартып алып кетті. Осы болыс үйлерінің қолда тұрган барлық малдарын алдарына салып айдал, елден 40 шақырым қашықтыққа апарып таstadtы. Малдарын иесіздікке ұшыратты.

Торғай уезінің әскери бастығы Заганиновтың озбырлығы бәрінен де сорақы.

1916 жылы 22 қазанда Торғай қаласында тұрақты тұрмайтындар 2 сағаттың ішінде қаладан шығып кетсін деген жарлық берді. Оның бұйрығы бойынша Торғай қаласына сырттан ешкім кірмейтін болды. Егер ойда жоқта мұнда келгендер көріне қалса, ешбір сұрау, тексерусіз әскери гауптвахтаға жабылды. Заганинов 24 қазаннан бастап: «Торғай қаласы соғыс жағдайында», - деп жариялады. Қаладағы барлық қазақ үйлеріне тінту жүргізілді. Ешбір себепсіз қазактарды Торғай түрмесіне тоғытты.

6-7 қарашада Торғай қаласындағы барлық қазақ зиялышарын, олардың әйелдері мен балаларын тұтқындауға бұйрық шығарды. Тұтқындалған казактардың үйлері, мұліктері казактарға, әскерге, Торғай қаласында тұратын орыстарға үлестірілді.

Тұтқынға алынған қазактарды аяусыз жазалады. Азар-ақырет берді. Тұтқынға алынған екіқабат әйелдер абақты ішінде босанды. Тұтқын қазактарға бір шелек суды 7 сомнан сатты. Абақтыдағы қазактарды әжетханаға жібермеді. Оларға өз етектерін әжетхана есебінде пайдалануға мәжбүр етті. Осындаи азар-ақыретке, ұрып-соғуға шыдамай Әбділда Сыпсынбаев (мәтінде осылай жазылған, Сансызбаев болуы ғажап емес – З.И.), Жансары Таңбаев, Қаспаевтар абақтыда жан тапсырды. Абақтыдағы қазактар науқастығына, аштығына қарамастан кез келген ауыр жұмыстарға айдал апарылды.

М. Ю.

ПРОКУРОРЪ Прокурору Оренбургскаго окружнаго  
САРАТОВСКОЙ суда.  
УДЕБНОЙ ПАЛАТЫ

6 мая 1917

1919

Саратов

Время предъявления при всем копию выписки  
из протокола Тургайского Областного  
крайисского суда въ городъ Оренбургъ  
въ 2-8 минутахъ апредѣля, о преступныхъ  
дѣлѣахъ старшаго Собствника Тургайскаго  
Областию Правленіи Полковника А га-  
ппа въ поручаю Вамъ, Г. Прокуроръ, сдѣ-  
латъ распоряженіе о производствѣ предва-  
рительнаго слѣдствія по признакамъ пре-  
ступленія, предусмотрѣннаго 341 и 377  
ст. улож. наказ.

Прокуроръ судебной палаты

Секретарь

*В. Ильин*

Ұрып-соғып жұмыс істетті. Торгайдагы казактар мен орыстарға өздерінің бас пайдасы үшін қуніне 50 тыынға әр адамды еріксіз жұмыс істетуге берді.

Адамгершіліктен жүрдай, қаражүрек Загаинов жазықсыз абақтыға қамаған қарттарды, балаларды, әйелдерді, лауазымды қазақтарды абақты үйінен прaporщик Павпертов деген оларды бөліп сыртқа шығарып жатқанда фельдфебель Кузнецов келіп Загаиновтың: «Тұрмеден босатылған қазақтардың Торгай қаласының көшелерінде 5 минуттың ішінде өздері түгіл, рухы да болмасын және мұнан былай менің көзіме қазақтар көрінбейтін болсын», - деген бұйрығын тапсырған.

Сондықтан да Загаиновтың жандайшаптары абақтыдан босатылғандардың бәрін аш-жалаңаштығына қарамастан қыстың қақаған аязында казак конвойымен Торгайдың иесіз даласына қаңғыртып апарып таstadtы. Загаинов та, оның сілімтіктері де қазақтар Торгайда өлмесін, сұықта үсіп өлсін, ит-құсқа жем болсын, сүйегі көмусіз қалсын деп осындаш шешім қабылдады. Олар қазақтың өзі түгіл, сүйегін де, өлімтігін де көргісі келмеді. Сол айдал бара жатқанда, өлімге басын тіккен қазақтардың жан қалталары тінтіліп, қалған-күтқан ақшаларын да конвойдағылар сыйырып алды.

Абақтыда қалған екінші топқа Загаинов ойына келгенін істеді. Мәселен, ол Қаби Дәуренбековтен бір айғыр, Ахмет Өтетілеуовтен 2 бие, 30 қой, 1000 арба отын алғып бостандыққа шығарды. Өзінің бұйрығымен әскери горизонға отын, шөп тасытқан қазақтарды «бұларды сұрақсыз ату керек», - деп қорқытты. Мұндай жәнсіздікке төзбеген, қарсылық көрсеткен қазақтарды ол аяусыз жазалады. Мәселен, Қасымов, Ахметсапа Юсупов, Сабыр Сарбасов секілді мұғалімдерді, Майқара болысының №3, 4, 5 ауыл тұрғындары Әбдірахман Иманқұловты, Елкей Бекмұрзин мен Бегәлі Шақшақбаевты, Бәлдік Байтогаевты көпшіліктің көз алдында Загаиновтың өзі соққыға жықты.

1917 жылдың 2-8 сәуірінде өткен Қазак съезі Торгай облысы мен уездердің басшыларының бұл қылмысты әрекеттерін тексеріп жауапқа тарту жөнінде Қазан әскери округінің бас қолбасшысына, Орынбор округтік сотына материалдарды тапсырды.

Бірақ бұл қылмыстарды жауапқа тартуға келгенде Қазан әскери округінің бас қолбасшысы да, Орынбор округтік соты да, Қостанай, Торгай, Ырғыз уездік соттары, Саратов сот палатасы, Троицк, Орынбор округтік прокуратуралары екі жыл бойы жоғарыдағы мәселелерді әрі итеріп, бері жықты. «Қарға қарғаның көзін шұқы-майдыға» әкеп тіреді. Олар заман ағымына сәйкес Азамат соғы-

сының қырғын, қын-қыстау күндерінде өз бастарын құйттеуден аспады. Торғай облысы қазақтары съезінің шешімдерін орындауға жауапсыз қарады, басын қатырғысы келмеді. Ұлтшылдық бағыт ұстады.

«Егемен Қазақстан» газеті  
30 мамыр 2001 ж.

## Тартыс

Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов ес біліп, ат жалын тартқан күннен бастап өмірінің соңғы сағаты соққанша тағдырдың тәлкісіне талай ұшырады. Азап тартты, жалған жаламен құғындалды. Патшалық, кеңестік абақтылардың азабын да аз тартқан жоқ.



Ал, енді оның «Қазақ» газетін шығару тарихының көмескі тұстары әлі де бар. Өзі айтқандай, «Қазақ» газеті халықтың көзі, құлағы, тілі, халықтың уланбауна медет, білім таратушы, халықтың даусы» болды.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов және Міржақып Дулатов тәуекелге бел буып ұйымдастырған бұл газетті көздеген мақсатына жеткізбеу үшін патша үкіметі талай мәрте тосқауыл қойды. Патша үкіметінің бақылауши органдарының тіміскілеушілеріне қосылып Әли Алдабергенұлы, Садық Бекенұлы деген жасырын атпен тасада жатып арыз жазушыларды айтпағанда, елімізге танымал Бақытжан Қаратаев, Қолбай Төгісов, Әліби Жангелдин секілді азаматтардың да көзқарасы мен іс-әрекеттері соншалықты бұргалаң және басқаша болғанын да айтуға тұра келеді.

Сондай бір заман болған ғой. Бұлай болу себебі, бұл азаматтардың «Қазақ» газеті мен Алашорда басшыларының ұстаған саяси бағытына өшіккені даусыз. Бұлардың ішінде Ә.Жангелдиннің саяси бағытына қосымша «Қазақ» газетінде Жангелдин христиан дініне кіріп, азан шақырып қойған әкесі мен өз есімін Степнов етіп өзгерткендігіне намыстанип жазылған мақала үшін оларды қандай сипатта бағалағанын, әрине, анғаруға болады.

Тіпті, 1914-1915 жылдары жағдай күн санап ауырлады. Соған байланысты «Қазақ» газетінің оқырманы да, қаржысы да азайды. Сырттан қысым көбейді, оның үстіне тәуекелге бел буып 750 рубльмен ұйымдастырылған «Қазақ» газетінің баспахранаға төлейтін қарзы қебейіп, жабылып қалу қаупі туды. Сондықтан «Қазақ» газеті арқылы өз алдына баспахрана ашуға қаржы тапшылығы мүрша бермегендіктен де «Ауқатты Алаш азаматтарына» деген айдармен өтініш жариялауға мәжбүр болды. Бұл «Қазақ» газеті окушылары тарапынан қолдау тапты. Эркім хал-қадірінше 25-50 тыыннан бастап 429 рубльге дейін қаржы төлеп көмек көрсетті. Оның нәтижелері «Қазақтың» №151, №152, №153 сандарында жарияланды.

Оның үстіне Ахмет Байтұрсынов жекелеген ауқатты азаматтарға арнайы хат жазғандығын да мұрагаттағы құжаттар айғақтайды. Мәселен, Ахмет Байтұрсыновтың Кент болысының басшысы Кәрібай Матаевқа «газет шығару үшін Ә.Бекейханов атына ақша аударуды» сұрап жазған хаты ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында әлі де сактаулы (ҚРОММ 64 кор, 1 тізімдеме, 5832 іс, 210 б.).

Ақыры «Қазақ» жалпы халықтың қолдауымен көп қындықпен жеке баспахранаға қолы жетті. Қажетті харіптерді де, жабдықтарды да сатып алды. Енді газет халқының мұн-зарын, әлеуметтік теңзіздігін баса жазуға кірісті. 1916 жылғы алапатқа, Қазан төңкерісі мен Азамат соғысының топалаңына ұшыраған елдің көзі мен құлағына, тіліне айналды.

Бірақ, Орынборды ақтардан тазартқан күні аумалы-төкпелі аласапыран кезенде «халықтың көзін һәм құлағын шығарып тұрған» Азамат серікtestігінің баспахранасына Ә.Жангелдин өз отрядымен келіп баспахрананы талқандады. «А.Байтұрсыновты, Ә.Бекейхановты, М.Дулатовты тауып беріңдер», - деп баспахрананың қызметкерлеріне қысым жасады. Мұны алдын ала сезіп, қатыгездіктен бой тасалап кеткендіктерін білгеннен кейін «Алаш басшыларын тұтқынға алындар» деп жер-жерге жеделхат жіберді.

«Қазақ» газетіне кеткен бұрынғы кегін қайтарудың сәті бұл жолы түспеді, қайтара алмады. Есесін кейін еселе алды.

Оның бірден-бір дәлелі – Ә.Жангелдиннің: «...1919 жылы Алашты талқандап, Кеңес үкіметін орнатқаным үшін «Қызыл ту» орденін алдым», - деп 13 қазанда жазған хаты. Ол өз қолымен жазған хат ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында сактаулы тұр (ҚРОММ 5 кор, 21 тізімдеме, 15 іс, 141 б.).



Ә. Жангелдин

Ә.Жангелдин талқандаған бұл баспахана мүліктепі хан-талапайға түсті. Баспахананың 109 мың 950 рубльдік мүлкі (мұның ішінде құны 50 мың рубль баспа машинасы бар) Әскери төңкеріс комитетіне берілді.

Қалған станоктар, машиналар, баспалық құралдар мен әріптер, басқа да жабдықтар Шығыс төңкеріс майданының 1-ші армиясының штабында қалды. Мұны Торғай облысы төтенше халық комиссариатының, Әскери төңкеріс кеңесінің, 1-ші армияның, жеке адамдардың және қоғамдық ұйымдардың мүлкін мемлекетке алу жөніндегі комиссияның 29 мамыр 1918 жылғы №553 мандаты және Әскери төңкеріс комитетінің 1919 жылғы 15 ақпандағы №289 мандатына сәйкес «Қазақ» баспаханасына 19 қыркүйек 1919 жылы берген 1-ші армия штабы далалық басқармасының жалпы бөлімінің қатынасы нақты дәлелдейді (ҚРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 20 іс, 3 б.).

Оны Әскери төңкеріс комитетінің полиграфия менгерушісі К.Р.Акуловтың 1919 жылғы 2 қазанда жасаған баяндамасында «...Мениң қарауымда тұрган бұрынғы «Қазақ» азамат серіктестігінің баспаханасы толық жабдықталған, егер жұмыс қолы табылса, қазірақ іске қосуға болады», - деген сөздер толық дәлелдейді (ҚРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 20 іс, 13-14 б.).

Сондықтан мұнданың жарамды мүліктен үлес алуға Даалық өлкенің әскери комиссары Ә.Жангелдин де құр алақан қалғысы келmedі. 1919 жылғы 7 қазанда ол Қостанайдан №90 жеделхатты қазақ тіліндегі әріптерді Қостанайға жіберу жөнінде Әскери төңкеріс комитетінің төрағасы Пестковскийге жолдады.

1919 жылғы сәуірде Алаш орда зиялыштарын кеңестік жұмысқа тартып, қазақ даласында кеңестік саясаттың үстемдік алудың тездету жөніндегі жұмысқы саясат бел алды. Осы саясаттың ықпалымен Ахмет Байтұрсынов Қазақ өлкесін билеу жөніндегі Әскери төңкеріс комитетінің ішкі істер бөлімінің менгерушілігі қызметіне Мәскеудің тапсырмасымен орналасты. Енді ол өзінің табан ет, мандай терін төгіп ұйымдастырған Азамат серіктестігі баспаханасының шашыраған мүліктепін өз қарауына жинап алууды ойластырды.

Алайда Әскери төңкеріс комитеті де, Халық шаруашылығы комитеті де, Торғай облыстық атқару комитеті де, Шығыс майданының 1-ші армиясы штабы да Азамат серіктестігінің баспаханасын бос сактағысы келmedі. Өздерінің құзырындағы барлық уездерге, қалаларға, облыстарға баспахананың жұмысын билетін қанша адам, қанша қағаз, т.б. бар екендігі жөніндегі мәліметті беруге тапсырма берді. Бузулук, Қазан қалаларына мұсылман баспалық харіпперін сатып әкелу үшін арнайы адамдар жіберді.

Сөйтіп, есіл ердің жинаған мүлкі талан-таражға тұсті. Кезінде жылу жасап қөмектескен халық баспаңың игілігін көре алмады. Осы сөздермен бұл материалға нұктे қоя салуға болар еді. Бірақ «Қазақ» газетін және оның баспаханасын ұйымдастырушы арыстардың бұл мәселе жөніндегі еңбегі бір жақты өтелетін сияқты. Олай дейтініміз, қазір ол баспахана мүліктерінің бірқатарының нақты аты белгілі болып тұр. Ізі шықты.

Сондықтан баспахана харіптерімен ұсақ-түйек заттары құрып кеткенімен, баспалық машиналар мен станоктардың (егер олар тозығы жетіп металл сынықтары ретінде өткізіліп кетпесе) көзі жойылуы мүмкін емес. Себебі күні кешеге дейін ондай машиналар мен станоктарды баспаханалар пайдаланып келді. Оның үстіне Әскери төңкеріс комитеті Қаз АКСР-інің құрылуына байланысты өз билігін тиісті мекемелерге тапсырды. Республиканың құрылуына байланысты құрылған комиссариаттарға, Торғай облысы аткомына, Орынбор әскери комиссариатына, Республикалық әскери комиссариатқа берілуі мүмкін. Немесе астана Орынбордан Қызылордаға көшкенде (Ақтөбені де естен шығаруға болмайды, себебі К.Акулов бірсыптыра станоктар Ақтөбеге жіберуге буып, түйілді деп көрсетеді өз баяндамасында) коса жіберілуі де ғажап емес.

Сондықтан А.Байтұрсынов, Ә.Бекейханов, М.Дулатовтар еңбек етіп, қолдары тиғен, оның үстіне халық қаржысына сатып алынған машиналарды іздестіріп тауып, мұражайлардың біріне қойса, аталаған арыстардың аруагы риза болар еді дейміз. Ол машиналардың баспахана тарихы үшін де қасиетті мұра екені сөзсіз.

«Егemen Қазақстан» газеті  
27 ақпан 2002 ж.

## «Алашты» «Үш жұз» қалай қаралады?

«Алаш» партиясы және оны ұйымдастырушылар жөнінде жазылған материалдар аз емес. Бірақ олардың көпшілігі соңғы кезге дейін бұрмаланып, сынаржақ түсіндіріліп келгені белгілі. Ақпан төңкерісінен кейін заманның аумалы-төкпелі, аласапыран кезінде өмірге келген «Алаш» партиясы мен «Үш жұз» партиясының саяси бағытына, ұстаған мақсаты мен көздеген межесіне бір-біrine қайшы,

керсөрп пікірлер жазылды. Әсіресе, «Алаш» партиясы және оның басшылары – Ә.Бекейханов, М.Дулатов, А.Байтұрынов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, тағы басқалардың енбегі, үйымдастыру жұмыстары «құрастырып айтса құлдікі, біріктіріп айтса бидікі дұрыс» деген дәрежеде бағаланды. Бұларға қарағанда «Уш жұз» партиясы, оның басшылары – Мұқаш Эйтенов (ол кейін бұл партиядан шығып, «Алаш» партиясына кірген – З.И.), Көлбай Төгісов (ол – Төлеңгітов – З.И.), Ш.Әлжанов, Нұрғали Құлжанов, Ермұхамед Тоқбаев, Үсқақ Кәбековтер Компартияның, Кеңес үкіметінің саяси бағытын ұстаушылар болып көрінді. Шындығын айтқанда, «Алаш» партиясының да, «Уш жұз» партиясының да, олардың басшыларының да көздеген бір-ақ мақсаты болды. Ол – халқын бостандыққа жеткізу, бақытты ету.

Бұлардың қай-қайсысы да жүрттың бәрі секілді 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің женсін, ұлы держава болып келген Ресейдің мәртебелі тағынан Николай-II құлауын халыққа бостандық келді деп, шын жүректерімен, ынта-ықыласымен қарсы алды. Мемлекетке халқымыз енді ие болады деп сенді. Соған ұмтылды. Міне, осындағы кезеңде екі партия да тарих аренасына қатар келді. Бірақ бұлардың ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт-бағдарламасы екі басқа, бірін-бірі керсөрп, қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қарсылықтың болуы аласапыран, аумалыт-төкпелі, қын кезеңде, қиянкеске тартыстың үстінде заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатын заңдылық.

Қай партияның да өзінің ұстаған саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз отпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысын, өзара куресін кінәлауға болмайды. Бұл тақ тартысы емес, халқының мақсат-мұддесі мен мұнды үшін курес. Өз мақсаттарына жету үшін екі партия да бірін-бірі аямады, ымыраға келмеді. Бірін-бірі күйе жағып, өзара мұқатудың, бірінің-бірі осал жерлерін іздел, омақастырудың, жардан құлатудың ұрымтал тұстарын іздеді. Бірін-бірі абақтыға жапқызды, ұстап берді.

Мұндай алтыбақан алауыздықты кейін большевиктер партиясы, оның жазалаушы органдары олардың көзін жою үшін тиімді пайдаланды. Ақырында, еліміздің тарихында олардың деректері өшіп, тек мұрагат деректеріндеған қалатын дәрежеге келді. Әсіресе, «Алаш» партиясы, оның басшылары жөніндегі материалдар мен зерттеулер де бір бағытта, тек күйеленген бағытта, оқырмандарға жеткізілді.

Сондыктан бұл қияннattan аршу бағытында «Қазақ», «Сары арқа», және басқа да газеттерінде сол кезде жарияланған (араб харпімен жазылған) бірсыныра деректерді еш бүкпесіз, еш қоспасызыз, қазалпында оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

Халық – қазы. Ақыл таразысына салып, сындарлы, салихалы пайым-парасатымен ой түйер деген сенімдеміз.

## Кім дос, кім қас?

Алаш ұранды автономиялы халық боламыз деген зор махсұдқа белді байлап отырмыз. Автономия алған һәм алғалы отырған жүрттардың басынан не кешіп отырғанын да көріп отырмыз. Сонда да автономия болармыз деп талпынып отырмыз. Жалпы қазақ-қыргыз съезі ішкі істерімізді басқару үшін һәм кезінде автономия ағлан ету үшін Алаш ордасын сайладап та қойған. Бірақ бұл да, Алаш ордасы, алаңсыз қызмет ете алмай отыр, оның неше түрлі себептері болып тұр.

Қазіргі Россияны билеп отырған Совет үкіметі «программамызда һәр халықтың өз тізгіні өзінде болуына, яғни автономиялы болуына қарсы емеспіз, бірақ халықты капиталистер-буржуайлар билеуіне риза емеспіз» дейді. Осыны себеп қызып большевиктер Украина, Сібір, Түркістан, Башқұрт, Қырым автономияларына қарсы болып, бұлар «буржуазная автономия, яғни байлар автономиясы» деп жоғалтып отыр. Біз біреуді актауды, біреуді жактауды былай қоя тұрып, өз жайымыздан бір-екі сез айтып өтелік.

Біздің қазақ-қыргызды капиталист, буржуй, жұмыскер деп бөлуге болмайды. Бізде Европа халықтарындай завод, фабрика жоқ, бізде миллионер жатыпшішер жоқ.

Біздің халық ақсүйек, қарасүйек, бай, жұмыскер, жерлі, жерсізге бөлінген емес. Қалың қазақ-қырғыздың тіршілігі, шаруасы – мал бағу. Қазақ жері бұрыннан да жеке адамның еншісі болып бөлінген емес. Мемлекет мүлкі болып саналатын. Мұнан кейінде жер ортак болады, жер еншігে бөлінсін деп жүрген һешкім жоқ.

Біздің Алаш автономиясы әлі жарыққа шыққан жоқ. Ресми ағлан етілсе, біздің басымызға да Түркістан, Сібір күні туа ма? Ол белгісіз. Бірақ оларға жабылып тұрған жала бізге жанаспайтындығына көзіміз жетеді. Бірақ бізді басқаларға түсімізді бояп көрсетіп отырған өзімізден шыққан шағымшылар. Олар бүгін большевик болыптымыс. Қазақтан шын большевик шығып, халықтың мұнын, мұқтажын ойлаушы болса, арманың бар ма? Төрт-бес жүрттан шыққан сүмдар

большевик болмақ түгіл тескен тау өтіп кетсе де, жолың болсын дер едік. Бірақ жұрт атынан сөйлеп, соңынан ерген он қазақтың баласы жоқ, жұртты адастырып отыр. Соған күйінеміз.

Кешегі қаһарлы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі сатылып жандарм мекемесіне тыңшы болып, бірі ел алдап, бірі жол тосяып жолаушы тонап жүрген соғылғандар мынадай аласапыран заманда «большевик» бола қалып, ақ ордалы Алаштың ортасына от тастағалы отыр.

«Жалпы қазақ-қырғыз съезіне жиналған өкілдер байлар, қазаққа зияндастар. Оны съезд демендер, Алашқа автономия бермендер» деп отыр. «Алаш ордасына сайланған 15 кісі қазақ-қырғыздың дүшпаны. Оларды жоқ қылу керек» деп шағым қылып отыр. «Қазіргі шығып тұрған қазақ газеттері бостандық дүшпаны, бұлардың жазушылары николайшыл» деп отыр.

«Құдеден көп қайын аға-ау, түйе ауғанда қайда едің?». Ұлтшыл алаш ұлдары-ау, кеше жұрттың көзінен қанды жасы ағып, барап жер, басар тау таба алмай, зар еніреп жүргенде қайда едің? Сабаз ерлер-ау, кеше қазақ баласы зар жылап, халқың қанға боялып, мал орнына айдалғанда қайда едің? Бұл сұрауларға сендер жауап бере алмайтындарыңды білеміз. Бұған жауапты халықтан күтеміз, өздерің «жарылқаймыз» деп жүрген жарлылардан күтеміз.

Сендер кімсіндер? Қаншасындар? Аттарынды атап, сандарынды санауға он саусағым еркін жетеді. Бас аяғың онға толмайтын онбағандар жалған ұран шығарып, жай білмейтін жатқа жарамсақтанып, жақынға жала жауып, жақсы атқа ие болғансып отырсындар. Шын ұлтшыл екендерінді білейік, жұрт сондарында екенін көрейік, майданға шық, топқа тұс. Елден қалсак, арманымыз жоқ. Арттарыңнан ерейік, болмаса сендер кімсіндер? Сендер «күні бойы сабан тартып, шаршап келе жатырмын» деген өгіздің мүйізіндегі шыбынсындар. Естерінде болсын, санасыздар, халық қылып Құдай жаратқаны рас болса жоғалмаспзыз, мұнанда кедей құнімізде тойға барғанбыз. Басымызды көтеріп, есімізді жиып жұрт болармыз. Сендермен сонда сөйлесерміз.

Алаш! Саған айтайын: адаспа, жасыма, қажыма! Арамза туған ұлдарың мұхмундермен қүшейіп отырған жоқ. Осыны есіңнен шығарма! Ықтиярсыз іс болмас! Алланың басқа салғаны әлі де болса көрерміз. Алаштың азаматы зорлықшыл хұқіметтен құтылып, теңелдік деп тәбесі көкке жеткендей қуанып еді. Жыл он екі ай болмай, бұрынғы қорлық басымыздың қайта туса, басымыз айдауға, малымыз байлауга душар болатын болса, бұ да тағдырдың ісі шығар, шыдадық. Бірақ, жұрттым, мұны өзгеден көрме, өзіңнен көр.

Жасыма Алаш! Жасқанба! Аз күнгі қуанышқа сүйінбе, уақытша қайғыға күйінбе, ақыл-оғынды алысқа жұмсап, жұрт болудың қамын қыл. Кім дос, кім қас? Мұны да бірақ ұмытпа!

Мадьяр

«Сары арқа» газеті  
3 наурыз 1918 жыл, №31

### «Ұш жұз» партиясының доносы

Басқармаға жаңа да «Ұш жұз» басқармасы комитетінің шығарған бір қаулысы келді. Мұнда дағдылы коп өтіріктің бірі бар. Бірақ мұны өтірік деуден донос десек лайық болар.

«Ұш жұз» партиясы жазады: «Алаш ордасының бастығы Ғалихан бостандық дүшпаны, Дутовпен жолдастаннып договор жасасты», «бір тамшы қанымыз қалғанша большевиктермен соғысуға уағда қыламыз» деп. «Ұш жұз» партиясы Ғалиханның бір басын ғана жамандап отырса, Қөлбайдың көп өтірігінің бірі, көп құсығының бір шашырандысы шығар дер едік.

Бірақ бұл жұрттан шыққан имансыздар халықты шағыстырып, «қазақ большевик ғаскерімен бір тамшы қаны қалғанша соғысқалы отыр» деп от тастап, донос қылыш отыр.

Оттан, судан сақта Құдай! Жаудан – жұрттан сақта Құдай! Бәрінен бетер Қөлбайдың кесапатынан сақта Құдай!

Басқарма

«Сары арқа» газеті  
7 наурыз 1918 жыл, №32

### Біз қашан «біз» боламыз?

Біз бұрын еркін жүрген елі бар, иеленген жері бар, ел басқарған көсемі бар, сөз бастаған шешені бар, намыс құған ері бар, жауласқанға күші бар, қазақ-қырғыз деген киелі жұрт екенбіз. Келе-келе арасына араздық кірген. Ата-бабамыз бірін-бірі мұқату, бірінен-бірі кек алу, үстем болу үшін тегі басқа, тілі жат, жұзі жылды, ойы дат елге барып қолтығына кіріпті. Бұл ел еліміздің қай жерінен қаяу шығатын сырын білгенше алдына барған аталарымыздың бетін қайырмайды, мәндайынан шертпейді. Сұрағанын беріпті, сыйлап сипапты.

Қайтіп еліміздің іргесін ыдыратып, бірлік, билігін жойып, таусылmas азық етуге, ішімізге кіріп, дерт болуға неше түрлі әдіс іздел, тесік таба алмай жүргендер алғашқы кезде, енді еркелетіп: «Терезең тең елсің» дейді. Алалықтан адасқан аталарымыздың бірін сүйеп, бауырына тартып, екіншісінің ізіне тұсіп, әлін кетіріп, ұстап, еліміздің шырқын бұзып, басына құрсау, аяғына тұсау салыпты. Күрмеуді үзіп, құтыларлық құшімізді біліп алған соң, шіміркенбей қолқамыздың қол салыпты. Ел едің деп ескеріп, өтіл сұрап, ойымызды білместен сыртымыздан талай тон пішіпти.

«Қазақ-қырғыз отырған жердің бәрі мемлекет жері, бәрі орыс жері болсын» депті. Қазақ-қырғыздың ата-бабасынан кірін жуып, кіндігін кескен қанды, обалы жері болса да айдаң тастап «ала беруге жол» депті. «Қазақ-қырғызды билеп, хакімшілік жүргізуге губернатор, ояз, начальниктер, пристав қойылсын» дейді. «Қазақ-қырғыздың өзара дау-шары болса, атасының заңы, ғұрпы, әдеті бойынша бітірілмей, біздің содиялар, окружнойлар, палаталар билік етсін» дейді. «Қазақ-қырғыздан алым-шығын алынып, біздің пристав, ояздар, содиялар, губернаторларға берілсін» депті. «Школдар болса қалалы жерлерде ашылып, біздің балалар қазақ ақшасына оқитын болсын» депті.

Осылай бізді билейді де илейді. Біз көніппіз де жүріппіз. «Қазақ», «Қырғыз» елміз деп айта алмай, ішімізден тұсініппіз де жүріппіз. Біздің, біз сияқты халықтардың бағына азығы таусылып ашыққан жұмыскерлер, жаумен жағаласуға қажыған солдаттар Николайды, оның министрлерін, губернаторларын, оядарын, приставтарын аударып тастап, партиялық дүкенін жойып, халық билейтін түрге салды. Біз қазақ-қырғыз жеріміздің, малымыздың билігін қолымызды алатын болдық дέп мәз-мейрам қуандық.

Бас қостық, сөйлестік. Әділдік, тендік, карындастық, бірлік жолына түспек болдық. Жамандықты жойып, жауызды тыып, еркіндік алып қалар заман екенін жүртімізға ұғындырмақ болдық. Атамыздың адасын жүрген алалық жолына аяқ басудан сақтанбақшы болдық, баталастық, тарқастық, елге бардық.

Не қылдық? Бостандықты жүгенсіздікке айналдырық. Қарындаска жаудай тидік, өтірік шағым, өсекті ысқырттық, біріміздің біріміз мұқаттық. Бірлікті алалыққа айырбастадық, партияластық, мал шаштық, көрінгенге жем болдық, тендікті зорлыққа айырбастадық, кедейді қорладық, ақысын жедік, алымды асыра салдық, бажылдатып отырып, олай-былай шапқан шығыннымымызды төллеттірдік, әділдікті ұмыттық, кім сөзімді сейлеп, сойылымды соқпақшы болса, кімнің дүниелігі көп болса, соның жолына құрбан қылдық.

Бұл бір сәрі, мұнан да сорақы жұмыстарға кірістік. Қара басымыздың қамы үшін қаны бір, күні бір өзіміздей қазакты жеу, мұқату, кек алу үшін неше түрлі пәлені, ойдағы жоқ жаланы жапсырып, ел ішіне қарулы ғаскер апардық, жалғыз тыныдық жазығы жоқ өзіміздей қазақ баласын аттырыдық, талаттырыдық. Кек алынды, сусын қанды.

Не бітірдік? Бітіргеніміз мынау: Алаш ұранды қазактың тілеу қылған жолына көлденең келіп, кесірімізді тигіздік. Бұгін маған, ертең саган сенбестей болдық. Ұлттың игілігі үшін етілмек істі күйеледік.

Бұрынғылар бірімен-бірі қас болып, бірлігін жойып, елінің ір-гесін құлатса, олар алдын болжап үйренбегендіктен тұщы болмаса, ашының дәмін тартпағандықтан алдауга еріп, арбауға түсіп еді. Бірақ олар біздің жүргегімізге алалықтың зиянын нық орнатып қалдырып еді. Ендігілер алдауға түсіп, адасып отырған жоқ. Алаш балалары бір-екі де болса ел қатарына қосылып, ұпай алатынын біледі. Оған бірақ құлқынның қосқанына қарсы тұра алмай дегеніне кетеді. Өтірік, ұрлық, зорлық, жеу, шағым, жала, тағы да осы секілді жаман мінездердің жаман қылық екенін білмей ме? Біле тұра, қасақана соның бәрінен жерінбайді.

Мысалы, Көлбайды алсақ, жаман қылықтарымды алты алашқа әшкере қылдың деп, Галихан, Ахмет, Мірякуб, Халелдерді өтірік жала жауып, кірлеп отыр. Онымен де коймай, осы күні ұске шығып, хакімшілікке ие болып тұрған большевиктерге Алаш атты бар қазактың баласын жамандап шығартып отыр.

Құлжановты алсақ, Көлбайды алты алашқа атын шығарып, газетке жазған. Құлжанов осы күні Көлбайға қосылып, бірге ән салып, ауылдас қонып отыр. Галихан, Ахмет, Мірякубтарға Нұрғалидың әкпесі – Семейдегі азаматтар арасынан сенімсіз болып шығарылғандығы, үйінде отырып, беті шыдан, өсек қылғандығы. Бұ да араздығын «Алаш жұмысына кір келтіріп, шамам келгенше кесірімді тигіземін» деп отыр.

Жангелдинді алсақ, қазакты жұмысқа алатын жылы Торғай қазағын құтыртып, соғыстырып, қашама әлекке салып, Германиядан қару әкелемін деп ақша жинап алып, жеп кеткендігі үшін де ел ішінде тұрма дегенге Алаш жолындағы қазақ баласын шағыстырып отыр.

Тунганчинді алсақ, былтырғы ереуілдегі Арал-Торғай қазактарының бас қосқан тобында тыңшылық қызметінде болғаны, елді зар қақсатып, талай пара алғаны мойнына қойылып, жүзі қара болып топтан қуылып шыққандықтың кегін алмаққа большевик болып, Алаштың адамдарын шағыстырып, жамандап отыр.

Құрабай Жалановты алсак, Абай, Ахмет, Мірякубтардың өлеңдерінен бірінің басын, бірінің аяғын алғып, құрастырып, кісінің сезін өзінікі қылышп, ұрлап бастырганы «Қазақ» газетіне жазылғандық үшін Көлбайға барып тығызып отыр.

Біздің Алаштан шығып большевик болып отырған қазақтардың бәрі осындай қылышы барлар.

Егерде біздің ішімізден шын большевик шығып, әлгі кедейдің сезін сейлеп, теңестіретін болса, бірақ «мен сенің қорғаушының» деп сол кедейдің өзін жемесе, ондай шері қазақтан туған шын большевикті құттықтау керек қой. Эттең, біздің большевиктер «кедейді жеп, сарғайған тісімді аштың» деп жауласып, Алаштың сағын сындырмақ болып жүр-ау.

Өңшең өзіміздің өтірік большевиктер! Құдай...(оқылмайды – З.И.) Николайдан аман қалған Алашты жасыра алмас.

Алаштың анық балалары бірлігін бұзбаса, ішіндегі бұзақыларды ортасынан шығарса болғаны. Сонда біз «біз» боламыз. Сонда біз ел боламыз.

«Жас алаш»

«Сары арқа» газеті  
4 мамыр 1918 жыл

### Семей облыстық Қазақ комитетінің Құлжанов Нұрғалидың кім екендігі туралы пікірі

«Қазақ» газетінің 237 номерінде Н.Құлжановтың Семейдегі Қазақ комитетіне арнаған ашық хаты басылған. Оған «Сары арқаның» 8 номерінде әдеп сақтап, абыроның ашпай, бірақ шыннан алыстырын жүртқа көрсетіп еді. Мұнан кейін Құлжанов «Ашық хатпен» қоймай ел адамдарына тағы да хат жазып, сез тартқан.

Сондықтан Қазақ комитеті Құлжановтың Қазақ комитетінен шыққандығы туралы жүртқа жария етуді міндет көреді:

1. 18 майда областной Қазақ комитеті орыс комитетімен қосылып, ортасынан президиум сайлағанда Құлжанов 43 тастан 8-ақ тас алып, бір қалып, комитет ағзаларына екпелеген еді.

2. 8 июньде «Сары арқаға» редактор сайларда Құлжанов ауызға ілінбей қалып, тас-талқан болып, комитеттің ағзалығынан да матбуға, басқарма ісінен де шықтым деп комитетке арыз беріп, бір екпелеген еді. Бірақ арызды беруін берсе де комитеттен шықпай қалып еді.

3. 18 июньде областной комитет қайтадан сайланып, басқармакомиссариатқа үш ұйымнан (қазақ комитеті; жұмыскерлер, солдаттар советі; крестьян мен казак-орыс советі) екілдер сайлағанда Құлжанов аталмай қалып, тағы да өкпелеген еді.

4. Областной жер комитеті сайлағанда Құлжанов кіре алмай тағы қалған еді.

Осы төрт өкпе Құлжановты жігерлі, намысқор, ұлтшыл азаматым қылып, «Қазақ» газетіне, Өскемен оязына хат жазғызып «Қазақ» газеті орысқа қоңсы қонды, «колдан билікті кетірді... құл жиылса бас болмайды» дегізіп жүргізген. Әйтпесе, 17 майда екі комитет бас қосып тартысқа түскенде Құлжанов бірігуді оңтайласа, аузына құм құйылғандай неге үндемеді? Мәжілістегі қызылкенірдек қызу сөзден соң бірігуге екі жақ бата қылғанда, Құлжанов не себепті бізге: «Бәрі біріккеніміз жақсы болды, қайырлы болсынды» айтты.

Ол қүні айтуға қорықты ма? Орыспен қосылғанды жаратпаса, erteңіне комитеттен неге шығамын демейді? Айдан аса комитетте ағза болып қалайынша жүрді?

Шынга келсек Құлжановтың ашық хат, жабық хаттарының себебі жоғарыда жазылған өкпелері. Комитет бір орынға бір ағзасын белгілерінде ол адамды әбден салмақтап, пікірінің түзуіне, артқы бөктеріншек қару-жарагының сайына караиды.

Құлжанов шын себепті жауып қойып өтірік, өсекпен Қазақ комитетіне күйе сүйкеп, өзі ғана жүрт намысын қорғайтын азаматым болғысы келеді. Құлжанов қазақ ауылын жеке қондыратын көш басшысы болса, майдағы облыс съезінің қазаққа автономия сұрауы туралы өзара жай кенесімізде: «Қазаққа автономияның керегі жоқ, қолынан келмейді, мен қарсымын», - деп неге айтты?!

Бұл қалай? Құлжанов ұлтшыл болса 1915-ші, 1916-ші жылдарда қайда еді? Сонда осы Семейде-ақ емес пе еді?!

Столыпин заманының жалыны аспанға атып тұрған кезінде, мемлекет жұртына түсken саяси ауыртпалық қысымшылықты біздің қазақ та жұртпен бірдей бөліскенде осының бәрі Ғалихан Бекейхановтың «Выборгское воззваниеге» қол қойғандығынан» деп жүрген Құлжанов емес пе еді?!

Былтыр 25-июнь жарлығы тақырыпты қазақтың көзінің жасы кан болды, ат тәбеліндей оқығандар «Алаш» қаласында жүрт болып кенесу үшін съезд құрап, сасып жүргендеге шақырса да келмей, үйде тыныш үйіктап жатқан Құлжанов емес пе еді?! Құлжанов ұмытса да, біз мұны әлі ұмыта қойғанымыз жоқ.

Үркердей біршоқ оқығандар етек-жекін жинап, қазақтың басын қосып, жүрт қатарына қосып, жүрт қатарына кіргіземін деп жан-

таласып жүрсе, тұн жамылған күншілдер аяқтан алып, адымынды ұзартпайды. Мемлекет жұмысы қырық жамау болып жүрт ортасына береке, қарындастық жөншілікпен орнай алмай, біреу олай, біреу бұлай тартып, Отан ісі, мемлекет ісі арса-арса болып тұрганда жүрт ұйымының берекесін ірітіп-шірітіп, жаңа жамап қойған жерінді қайтадан шоқлыттап тесіп, бір жағынан қаптесерлер мазанды алып шыдатпайды.

Қазақ комитетіне өтірік жала жауып, жамандағанда маҳсұд не? Комитетті жоғалтып қазақ жүрттын жесір қалдыру ма? Қазақ халқының күні туғанға шейін жетім-жесірлік көргендігі аз болды ма? «Орысқа қоңсы қонды» деп сөз тарату орыс пен қазақ ортасына шоқ тастаған емес пе? Бір жерде қазақ көп болса да, көп жерде орыс көп емес пе?!

Сондықтан Құлжановтың бұл істеп отырған жұмысын комитет жүрттың, ұйымының берекесін аздыру деп түсінеді. Бостандық қарындастықтың салған жолын, жаңа тәртіптің жаңа қаланған іргесін балтамен бірдей көреді.

Областной қазақ комитет

«Сары арқа» газеті  
28 тамыз 1917 жыл, №11

### «Қазаққа» жауап

Ақмола, Орал облыстарының қазақтары орыстан бөлек өз алдына исполнительный комитет жасап, қазаққа тиісті істерді өздері атқарып отыр. Торғай, Түркістанда қазақтан областной комиссарлар бар.

Семей облысында қазақтан әрі областной комиссар жок, әрі областной исполнительный комитет жок. Орыс пен қазақ аралас комитетте 60 кісі шілен бар. Оның 40-ы орыс, 20-сы қазақ. «Екі кісі бір кісінің Құдайындар» деп аталарамыз айтқандай 40 орыс 20 қазақты жұтып отыр. Бір қазақ аузын үлкен ашайын десе, солдат пен жұмыскерлер бірі мылтығын, бірі балтасын қагады. Мұны көріп қазақ сорлы «алдаңнан ойбайым тыныш екен гой» деп қақсан отыр. Бостандық, тендік туды. Көзі ашық деп әуелде Семей қазағына бөлек исполнительный комитет жасамау керек еді. Ал жасаған соң тәуекелге бел байлап қоқан-лоққыға шыдау керек еді. Жолаушы сапарға шықса, ыстық пен суықты көремін деп бекініп шығады. Ия аязга, ия тамызға шыдамай жарты жолдан қайтып келсе, ондай жолаушыны елдегі еркек түгіл қатын-қалаштар да мазақ қылмақшы.

Менікі болған іске болаттай болмадық-ау деген ыза мен намыс еді. Болмаса, тамырынан қолқа сұрап ала алмай 237 нөмір «Қазақ» бетіндегі ашық хатты өкпелеп жазған жоқ едім.

Орынбордағы жігіттер алыста жатып Семей жайын қайдан білсін. Егер білсе, Семей қазақтарының басында орыстан бөлініп комитет жасауының «жөні жок» дегенді, Құдай біледі, айтпас еді һәм басқаларға таратып беріп отырған комитеттен Семейдегі жұз екі болыс Арғын-Найман балаларына да қиса керек еді.

Н.Күлжанов

«Бірлік туы» газеті  
29 тамыз 1917 жыл, №7

### Телеграмма

Москва.  
Ленинге  
Көшірмесі Джугашвили Сталинге

21.IV. 1918 ж. №14 және 15.IV.1918 ж. №3044/7

Сібір мен Даға өлкесінде Совет өкіметі платформасында тұрған және онымен қоян-қолтық жұмыс жасап отырған қазақ социалистік партиясы «Үш жұз» бен қабат басқа буржуазия партиясы «Алаш» өмір сүреді. Оның басында кадет Бекейханов, т.б. тұрады.

«Үш жұз» партиясының председателі маған жеткен хабарға қарағанда Бекейханов Сізбен тікелей байланысып, Қазақ автономиясы туралы сөйлескен. Сіздің қареріңізге берем, «Алаш» партиясы қылған, оның мүшелері қылған, Дутов ылаңына көрнекті қатышыларының бірі Бекейханов ізделіп жатыр.

Газет хабарына қарағанда «Алаштың» көрнекті мүшесі Фаббасов Москвага барып, Сізбен жолығысқан.

Фаббасовты тұтқынға алуға және революциялық трибуналдың сотына беруге жатады деп Омбыға айдау туралы бұйрық берсеңіз екен.

«Үш жұз» социалистік партиясы орталық комитетінің председателі К.Тегісов

ҚРОММ/ҚГАОР  
130 қор, 2 тізбе, 66-д іс, 13-14 б.

## ...Көлбай хаты

Омбыдағы Алаш комитетіне 10 июньде Көлбай мынадай хат жазып отыр. Омбы комитеті бұл хатты Алаш ордага жіберген.

«Ардақты қазақтың жаңа тұған комитет ағзаларына, халыққа тиянақ болатын үлкен ағалар, кіші інілерге.

Адастым, абақтыға кірген соң ақыл енді. Қатемді кердім, түстен кейін санымды соқтым. Мен жалғыз емеспін. Маған жолдас болғандар да бар. Солардың баршасының күнәсін тарттырасындар ма? Мені мұнау түрмеден қолдарыңызға шығарып алыңыздар. Өздерің хүкім етініздер. Орысқа менің қылған кінэм жоқ. Қазаққа қылған кінэмді қазақ өзі қарасын. Далада қалған қатын-балалардың көз жасын көру керек. Faфу етінемін».

## Ақмоланың Алаш комитеті мынадай қаулы қылды:

1. Көлбай Төленгіт баласын біз кешіп жібере алмаймыз. Өйткені Көлбай жалғыз Ақмола, Қарқаралы ғана емес, барша қазақ-қырғызыға қырысығын тигізген. Сондықтан бұл істі біз Алаш орда қарамағына тапсырамыз.

2. Көлбай Төленгіт баласы провокация жүргізіп халыққа зиянды іс қылғанынан басқа, большевик комиссары болып тұрған уақытта һәр түрлі қылмысты істері болды. Бұны Алаш партиясы соттың тексеруіне қалдырды.

«Сары арқа» газеті  
4 шілде 1918 жыл, №45

## Асығу керек

«Жамансыз жақсы болмас» деген атамыздың сезі бар. Кей жамандықтың жақсылық та жағы болады. Біздің қазақ ұйықтап жатқан жүрт еді. Алдында талай қазылып жатқан ор, құрылып жатқан тор болса да, онан қаперсіз еді. Романовтардың жалшылары не айтса, соны «хұп!» деп, «ақ патшадан басқа құдай жоқ» деп, иман келтіріп қойған еді. 1905 жылы Россия Жапониядан жеңіліп, Құдайдан да зор Құдай шыққандай болып, ақ патшаның алқымына жармасқан замандарды көріп, адамдарды есітіп, жүрттың иманы кетінкіреді. Бұл жаманшылықтың жақсылық жағы. Романовтардың жалшылары ұғындыруымен халық «Ақ патша» әділ деп біліп жур-

ген еді. Қазақтың біткен жақсы жерін тартып алып, мұжыққа бере бастаған соң «ақ патшаның» әділдігі туралы да халық көніліне шек кіріп, әділдігі жоқ деген адамдардың сөздеріне де құлақ қоя бастады.

Сейтіп, оншақты халықтың ішінде қазак халқы «ақ патшаны» басқаша танитын болды. Ақырында тақтан құлаған соң Құдайдай көріп жүргендері кім екенін анық көзben көрді. Романов һәм оның хүкіметінің қарасы өшіп, жұртқа жақсылық болды. Сол бойынша жақсылық болып дәурен сүрмелі, жақсылық жамандықсыз болмайтын көрінеді. Большевик деген бәле сап ете қалды. Енді бұл бәледен де құтылып «Yh» деп демалғандай болып отырмыз.

Сейтіп, тұн артынан күн болып, күн артынан тұн болған сияқты жамандықты жақсылық, жақсылықты жамандық алмастырған дүние большевик бәлесінен құтылғанмен көңіл жайланаға әлі ерте.

Бұл сияқты өзгеріс, бұл сияқты бүліншілік талай мемлекетте де болған. Онда да бірде жаманшылық болып, бірде жақсылық болып, бірде жақсылық болса, бірде жаманшылық болып мемлекет ісін ойқы-тойқы қылып, тұрлі күйге түсірген. Олай болатының себебі көп. Әуелі жұрттың бірігіп, бәріне бірдей зиянгер жауын мұқатып, мақсұдына жеткеннен кейін бет-бетіне тарауға айналады. Тап-тапқа бөлініп, һәр тап өзі қалаған жолына халықты апарғысы келеді. Сейтіп, бастапқы партияның ортақ жауына жұмсалған күш бөлініп, өзара тартыс таласына жұмсалады һәм үске шығып, мемлекет билігін қолына алады. Тарих жүзінде болған басқа мемлекет өзгерістепінің бәрінін жолы осы. Осы жолмен келе жатыр.

Николай һәм оның хүкіметін түсіруге келгенде жұрттың бәрі бірікті. Оларды жеңгеннен кейін һәр партия халықты өзінің қалаған жолына қарай сүйреді. Жұрт көніліне жақсан партияның соңынан ерді. Эсер партиясы мұжықты жермен өзіне ертпек болды. Кадет партиясы ұлт намысымен ертпек болды. Большевик партиясы соғысты тоқтатумен ертпек болды. Халық қараңғы болса, алысқа көзі жетпейді. Жақындағы жақсы болмаса да, алыстағы артық болса да оны алмай, жақындағыны, бүгінгі пайдадан ертеңгі пайда артық болса да, ертеңгін алмай, бүгінгісін алады. Өз басының пайдасы болмаса, ұлт пайдасы деген заттан, тіпті, пайдасыз болады.

Россия мемлекетіндегі халықтың көбі мұжық. Ол мұжық қараңғы. Соңдықтан ол ұлт намысы деген сөзге де қарамады, ертең береміз деп отырған жерге де қарамады, елдегісі де, соғысқа барғандары да елге тезірек есен түрғанда қайтуын тіледі де, қайтарамыз деп түрған большевиктердің соңынан ерді де кетті. Одан не пайда қылды? Россия ұлық мемлекеттердің бірі еді. Большевиктер үйқытұйқы қылып, ұлық мемлекет түгіл, тіпті мемлекет дәрежеден жудә

қылды. Мемлекет қалпына лайық істердің бәрін аздырды, бүлдірді, жойды. Өнеркәсіп бәрі тоқтады. Мемлекет қазынасын құртты. Халық ақшасын қалтасына сала беруден басқаны большевиктер білмеді. Халықтың билетін адамдарын іске жолатпады. Мемлекет ісі адам білімімен дәуірлейді деп білмей, тек хакімшілік қолға тисе, өзінен-өзі жүріп кетеді деп ойлады. Олай болып шықпады. 7-8 ай Россияны әурелеп, Россияның түбіне жетті. Әбден құртып, ақшаларын қалтага салып алып, бет-бетіне бытырап, қашып жатқаны мынау.

Россияның қазіргі сиқы өртке ұшыраған үймен бірдей, бәрін қайтадан жинап, үй санына қайтадан қосу керек. «Қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер, қызы көрмеген қызы көрсе, қуалап жүріп өлтірер» деген түкті білмейтін білімсіз, түк көрмеген көргенсіздердің қолына түскен Россия қайтадан түзеліп, мемлекет санына түскенше талай замандарды, талай оқиғаларды бастан кешірер. Қазір большевиктердің бәрі бірігіп іс қылып отыр. Большевик көзі жоғалған соң да осы бірлік еткен күйінде отырады деп һешкім айта алмайды. Бірақ қай партия күшейіп, уске шыгары әлі беймәлім. Әйтеуір, большевиктен соң да партия тартысы-таласы болатыны хақ. Олай болса Россияда мұнан былай тыныштық орнай қалады деп жайғасуға әлі ерте. Ол бір.

Онан соң ішкі Россияда ашаршылық. Тұрлі кәсіп токтаган себепті кәсіпсіз, жұмыссыз жүргендер көп. Олар да ашаршылықты күшейтпекші. Және де ішкі Россияда байлардың жерін үлесе алмай, мұжықтар егін салмай отыр деген хабарлар да бар. Бұл ھем ашаршылықты күшейтпекші. Ашаршылық деген жаман нәрсе, аштан өліп бара жатқанда кісі бірінің етін бірі жеуден де қашпайды. Олай болса, тамағы жоқ аштар тамағы барларын тонаудан таймайды. Сөйтіп, ашаршылық себептен анархия болып кетуі ықтимал.

Мұны көріп, біліп отырып, Россияда тыныштық тез орнай қояды деп жайғасуға тағы болмайды. Ал Россияда тыныштық тез орнауына көзіміз жетпесе, тұрлі қоқыстардың шет жағасы осы бастан-ақ көрініп тұрса, қам қымай отыру мүмкін емес.

Қазақ басқадан бұрын бас қамын ойлау керек. Мемлекет дүкенін құртып, тәртібін түзеп, дәурен сүріп тұрганда мемлекет ішіндегі адамның, халықтың мал басының тыныштығын мемлекет сақтайады. Мемлекет дүкені бұзылып, тәртібі жоғалған кезде жол жоғалады. Жол орнына күш жүреді. Кім күшті болса, сол басын қорғай алады. Күші жоқ болса, мал-мұлкі түгіл басына да ие бола алмайды. Осы бүліншілік ыланынан аман өткісі келсе, күшін жоюдан басқа шара жоқ. Осы айтылып отырган қорқыныш, қатерлер құр уайым, бос

қайғы емес екендігі кешегі большевик заманы көрсеткен жоқ па? Большевиктерден келетін зиян, тынышсыздық қазақ жеріне олар келмей тұрып айтылған. Бірақ көзбен көрмей тұрғанда халықтың мыйына қонбаған, тез қимылдан қам қыла қоймаган. Большевиктер келген соң айтқан қатерлер күр уайым емес екенін көрген. Бірақ тырп етуге халі болмаған.

Енді қазақ облыстары большевиктерден бірте-бірте аршылып, большевиктер байлаған қолымыз шешіліп, қандай қам қыламыз демек те ықтияр өзімізге өтіп тұр. Тағы бір бәлесі келіп сап ете қалмай тұрғанда, қолайлы уақытты пайдаланып қалуға асығу керек. Асыққанда істейтін ісіміздің алды милиция жасау. Милиция жасау жолына жанын аял қалмасқа керек. Сөйтіп жасау әуелі малбасымыздың тыныштығына қажет деп білуіміз керек. Бұл милиция қазіргі күнімізге керектігі. Милиция жасаудан басқа соңырақ керек жағы тағы бар. Біз ез тізгінімізді өзіміз алдып, өз ұлтшылығын өзі сақтайтын жұрт болу үмті үстінде түрмыйз. Сол мақсұдымызыға жетуімізге де, жеткеннен кейін бекуімізге де милиция керек.

Келген дәуірдің мәнісін танып, қадірін біліп, пайдаланбай қалып, соңынан өкініп жүрмейік. Өткен дәуір, өткен өмір сияқты бір келген қүйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен шығармай, тез іске кірісү керек. Тез үлгіріп, орнына келтіру керек.

А.Б. *(Ахмет Байтұрсынов – З.И.)*  
«Сары арқа» газеті  
4 шілде 1918 жыл, №45

*Араб харпінен аударған З.Ижсанов*  
*«Ақиқат» журналы*  
*№1, 1998 ж.*

## Қостанай уезі Челябіге қалай өтіп кете жаздады?

Қолда бар деректерге қарағанда, Коммунистік партияның басшылары В.И.Ленин, И.В.Сталин Қазан төңкөрісінде қандай айлаттасылмен, саясатпен мақсаттарын жүзеге асырса, Қазақстан жерін Ресейге қосу жөніндегі патшалардың қолынан келмеген істі аяқтауга да сол жолмен белсене кіріскең.

Бұл сөзімізді түйіндейтін нақты дерек – РСФСР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И.Лениннің қол қойған «Қырғыз (бұдан әрі – қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Төңкеріс комитетін құру турагы» 10 шілде 1919 жылғы қаулысы. Онда комитеттің құзырына «Астрахан губерниясы және Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары кіреді» деп көрсетілген (Жұмысшы-шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтарының жинағы, №36, 26.VII.1919 ж., 409-411 б.).

Үстірт қарағанда қаулыда ерсі тұрган еш нәрсе жоқ секілді. Ал, осы шешімді жүзеге асыру барысындағы атқарылған істерге зер салсақ, зымияндықпен жасалған шешім екендігіне көз жетеді. Әйткені, жасырын сыры осы қаулы қабылданғаннан кейінгі 4-5 айда, яғни желтоқсанның соңғы қүндері В.И.Лениннің тікелей тапсырмасы бойынша Қазақстанға, Башқұртстанға, Түркістанға қатысты ортақ мәселені талқылап шешетін комиссияның жұмысынан анық көрінді.

Бұл комиссияны И.В.Сталиннің үйғаруы бойынша М.И.Калинин мен А.И.Рыков басқарды. Комиссияның мәжілісіне Орынбор, Уфа губерниясының басшылары, оның ішінде Башқұртстаннан Зәки Валиди Тоған, оның адъютанты Фабдрашит Бекбаулов, Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Түркістаннан Г.Коростелев, Мұхаметжан Тынышбаев, Хусаин Кинзин (кітапта осылай жазылған – З.И.), Фабдолхаким Бекейханов, Тұнғаншин, Өзбекстаннан Аралбай Отарбайұлы, Ибраһим Құсайын қатысты.

Комиссия екі рет өз мәжілісін өткізді. Талқыланған мәселелер бойынша алғашқы мәжілісте А.Байтұрсынов пен З.В.Тоған жағы басым болды. Басқосу барысынан хабардар болып отырған И.В.Сталин А.Байтұрсынов пен З.В.Тоғанның ісіне тосқауыл қою мақсатында Мәскеуден комиссия жұмысына араласу үшін Сейітғалиев, Бурундуков, Усманов деген татарларды жіберді. Ол үшеуінің комиссия жұмысына қатысуына Қазақстан мен Өзбекстан делегациялары



М.И. Калинин

А.И. Рыков

З.В. Тоған

А. Байтұрсынов

қарсылық көрсетті. Олар: «...Бұл комиссия Түркістанның, Қазақстанның және Башқұртстанның ғана өкілдерінің шешетін мәселесін қарайды, татар өкілдерінің комиссия жұмысына қатысуы зансыз, келуі жөнсіз», - деді (З.В.Тоган. «Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман турков за национальное бытие и сохранение культуры», 1994, Уфа, стр.328).

Бірак, И.В.Сталиннің тегеуінді нұсқауларымен келген жоғарыдағы үш адамның және комиссия төрағасы М.И.Калининнің шындықты бұрмалаумен екінші мәжілісте бұл топ жеңіске жетті. Ал, А.И.Рыковтың А.Байтұрсынов пен З.В.Тоганға бүйрекі бұрганымен, жеме-жемге келгенде қалыс қалды. Мәскеуден жеткен соңғы үшеу И.В.Сталиннің үйреткен тәсілімен: «Біз башқұрт пен татар Ресейде өз алдымызға жеке ұлт республикасы болып бірігеміз», - деп башқұрттар арасын ірітті.

Оның үстіне Орынбордан келген Акулов бұл комиссия жұмысына қатыспай тұрып-ақ қазақтар мен башқұрттардың ынтымақтасуына, олардың бірігіп Орынбор қаласын екі ұлттың астанасы етіп пайдалану пікіріне қарсы топ ұйымдастыруды. Күні бұрын жік салуды ойластыруды. Мәселен, татар делегаты Султанғалиевты қазақтар мен башқұрттарға қарсы дауыс беруге үгіттеді және Мәскеудегі орталық басшы орындардың тарапынан «...что намечается создание «Оренбургской русской губернии» и «Уральской русской губернии», чтобы тем самым разъединить Башкортостан и Букеевскую орду от основного Казахстана», - деген жоспардың жасалып жатқандығын да жеткізді (жоғарыда атаптың 329-336 б.).

Бұл жоспар кеп ұзамай шындыққа айналды. Тұысқан екі ұлт – қазақ пен башқұрт арасын бөлу үшін Ресейдің ішкі жағынан бірнеше орыс аудандарын Башқұртстан мен Қазақстан арасына тездегіп көшіріп, Орынбор қаласы айналасына сыйналап орналастыруды.

И.В.Сталиннің бұл жасаган жоспары 1941-1945 жылдары Еділ бойынан, Кавказдан, Астрахан даласынан немістерді, чешендерді, түріктер мен қалмақтарды бір түнде көшірудің негізі сол кезде-ақ қаланғанына енді көзіміз жетіп отыр.

Сейтіп, И.В.Сталин айтқан «Орынбор орыс губерниясының» негізі қаланды. Жоспар нақты іске асты. Қазақтарды да, башқұрттарды да Орынборды астана ету құқығынан айырды. Комиссия Қазақстанның астанасы – Ақмешіт, Башқұртстандікі – Стерлитамак болады деген шешім қабылдады.

Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Орынбор губерниясы құрылды. Бұл жоғарыдағы айттылған ойға бірінші дәлел.

Екіншісі, аталған қаулыдағы Астраханға қатысты деректер. 1919 жылға дейін Бөкей даласы Астрахан губерниясының құзырында болды. Бірақ, Бөкей ордасына қарайтын 7000000 десятина жерге орналасқан 600000-дай (С.Мендешевтің дерегі) жанның тағдырына Астрахан губерниясының басшылары өгей бала есебінде қарады. Азық-түлікпен қамтамасыз етпеді. Ел жүдеушілікке ұшырады. Бір пүт ұнды қазактар 1500 сомнан сатып алуға мәжбүр болды. «Бұл жерден көшіндер, сендердің өз республикаларың бар», - деп зіркілдеу көбейді. Бұл жағдай Бөкей ордасы ғана емес, қазагы мол Ақсарай, Краснояр, Архар, Сеитов, Тепленишин, Мардинский, Қазақ аралы, Шаған, II-Приморье өніріндегі елдерді еріксіз көшіруге дейінгі өрескел әрекетке ұласты (КРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 1 іс, 3 б.; 3 іс, 6-7 б.; 16 іс, 1, 3, 6, 42 б.).

Оның үстіне Хан ордасындағы кеңестік кеңселерді мүліктермен, ақша-қаражаттарымен (Л.Троцкийдің тапсырмасымен) шұғыл түрде Орынборға көшіру қолға алынды. Бұл жоғарыда айтылған Бөкей ордасын Қазақстаннан бөліп, Орал-орыс губерниясының негізін қалау екендігі сөзсіз еді. Хан ордасының мүліктерін көшіру әпербақан В.Лукашев дегенге тапсырылды. Ол бұл мүліктерді Орынборға емес, Самараға вагондан тасыды. Ал жүртты еріксіз көшіру мәселесі елдегі жалпы қарсылықтың салдарынан тоқтап қалды.

Жоғарыдағы қаулыға сәйкес айтылған үшінші деректі Семей облысынан келтіреміз. Қазақстанның батыс аймағы туралы басшылардың ұстап отырған саясатынан хабардар Омбы губерниясының басшылары осы сәтті пайдаланып, қазақ жерінен өз үлестерін алып қалуды көздеді. Сөйтіп, омбылықтар Семей облысының Павлодар уезінің солтүстігіндегі құнарлы жерлерді өз құзырына алу мақсатында ол өнірдегі қазақтарды ығыстырып, Ертіс деген жаңа аудан құрды.

Бірақ, өз шешімдерінің негізсіз екендігін тез байқап, енді РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің «Сібірді экономикалық жағынан аудандау туралы» деген қаулысын негізге алып, Павлодар уезі Сібірдің бөлінбес жері деп тапты. Оны Омбыға қосып, аудандауға кірісті. Өйткені Павлодар облысы шаруашылыққа қолайлы еді. Олардың көкейін өнірдің шүйгін шебі, мол суы, өнеркәсіп үшін орманы, тас көмірі тесті. Байлығы көп мұндай жерден айырылғысы келмеді. Мұның арты ұзак дау-дамайға ұласты.

Ақыры Қазақстан пайдасына шешілді. Бұған себеп – оларға Омбы облысынан айырылып қалу қаупі төнді. Қазақстандықтар Омбы облысын Қазақстанға қосу мәселесін көтерді (КРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 52-а іс, 5-6 б.).

Төртінші деректі Қостанай уезі туралы келтіреміз. Қостанай уезі Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де Торғай облысының қарауында болғаны белгілі. Бірақ Бұқілодақтық Орталық атқару комитеті 1919 жылғы 27 тамызда «Сібір төңкеріс комитеті туралы» деген қазақ жерін бөлшектеу мақсатында кесапатты шешім шығарды. Осы қаулы негізінде Челябі ауданы 1919 жылғы 3 қыркүйекте құрылды. Сол ауданға Қазақстанның Қостанай уезін зансыз түрде қосып жіберді (Кеңес үкіметінің декреттері, 6 т., 1973 ж., 73-74 б.).

Зансыз, кесапатты шешім деуіміздің бірінші себебі – Қостанай уезін Челябі ауданына қосу кездессоқтықтан, жаңылыстан немесе ел мен жер жағдайын білмеушіліктен туған емес. Оның қазақ жерінің Қостанай уезі секілді шұрайлы өнірін Челябі ауданына қосу арқылы келешекте бүкіл Торғай облысын Ресейге қарату мақсатынан туғаны сөзсіз. Өйткені патшалық заманың өзінде бұл мәселе бірнеше рет қозғалған. Бірақ, әлеуметтік, экономикалық, тұрмыс-тіршілігі жағынан Торғай мен Сырдария облысының алты уезінің бір-бірімен ажырамас байланысы үзілсе, халқының апатқа ұшырайтындығына олардың көздері жеткендіктен бұл теріс қадамға баспаған.

Екіншіден, заңдылығы жағынан қараганда Халық Комиссарлары кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі комитет туралы» жоғарыда аталған қаулысында Торғай облысы төңкеріс комитетінің күзырына берілген. Саяси жағынан қараганда Қостанай уезінің негізгі халқы – қазақтар. Торғай облысының Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездері мен Сырдария облысының Қазалы, Перовск уездерінің мал, егін шаруашылығы, экономикалық жағдайы өзара ажырамас тығыз байланыста.

Бұл жағдайлар В.И.Ленин мен И.В.Сталинге мәлім болмауы мүмкін емес. Солай болса да жоғарыдағыдай кесірлі де кесапат қаулыға В.И.Ленин қол қойды. Бұл қазақ жерін шетпүшпактап болса да кеңестік кезеңдегі бөлшектеудің алғашқы бастамаларының бірі болғаны анық. Осы қаулының тақсіретін Қостанай уезінің халқы есепсіз тартты. Олар Челябі ауданы мен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитеттерінің екі жақты илеуіне тұсті. Халық күйзелді. Салықты Челябі ауданына да, Торғай облысына да төлеуге мәжбүр етті. Қысымшылыққа екі жақтан ұшырады. Қымбатышылық етек алды. Алғашқы айлардың өзінде-ақ бір пүт астық бұрынғы 19 сомның орнына 46 сомға, ет 40 сомнан 76 сомға бір-ақ секірді. Уақыт өткен сайын бұл бағалар бес есеге есті. Ел ашығуға айналды. Жағдай күн санап ауырлап, елді де, басқару органдарын да дағдарысқа ұшыратты. Жер-жерде қарсылық етек алды. Наразылық шерулері өтті. Жоғары органдарға арыз-шағымдар көбейді.

Бұл солақай шығарылған қаулының жоғарыда айтылғандай, зияннан басқа халыққа пайдасы жоқ екендігін Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитеті, оның ішкі істер бөлімінің менгерушісі Ахмет Байтұрсынов құжат жарияланысымен-ақ сезді. Сондықтан Қостанай уезін Челябі ауданына қосу жөніндегі қаулының теріс, жөнсіз шығарылғанын дәлелдеп, Төңкеріс комитетінің атынан 1919 жылы 13 қыркүйекте В.И.Ленинге, Ұлт істер жөніндегі комиссариатқа, оның бөліміне хабар жеткізуі ұйымдастырыды. Бұған қоса қаулының заңсыздығына деректі баяндаманы өз қолымен жазып, 1919 жылғы 16 қыркүйекте №557 қатынаспен Халық Комиссарлары кеңесіне жолдады (ҚРОММ аталған қор мен тізімдеменің 9 ісі, 3 б.).

Алайда Халық Комиссарлары кеңесінің тәрағасы В.И.Ленин де, Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің тәрағасы М.И.Калинин де, Ұлт істері жөніндегі комиссар И.В.Сталин де, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкеріс комитетінен жіберілген жеделхаттарға, А.Байтұрсыновтың баяндамасына, жер-жерден барған басқа да арызашағымдарға бір жыл бойы, яғни 1920 жылдың 16 қыркүйегіне дейін жауап бермеді.

Ұлт істері жөніндегі комиссариат істің шешілуін ұзаққа созды. Одан кейін Челябі ауданы мен Қостанай уезінің тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттейтін тағы бір комиссия құрылды. Қостанай уезі туралы жолданған А.Байтұрсыновтың баяндамасы Мәскеудегі Ұлт істер жөніндегі комиссияда екі рет талқыланды. А.Байтұрсыновтың өзі комиссияның екі мәжілісіне де қатысып, ел мұддесін, жер тағдырын қорғады.

Алайда Қостанай уезінің Челябі ауданына қосылу мәселесінің шешілмеуіне Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетінің мүшесі В.Лукашев дегеннің әсері болды-ау деген ойдан аулақ емеспіз, өйткені істің барысы соған саяды. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкеріс комитеті мен Түркістан майданы әскери төңкеріс кеңесінің біріккен мәжілісінде Ахмет Байтұрсынов: «...В.Лукашевтің мәліметтері жалған», - деп мәлімдейді. Мәжіліс аяқталған сәтте В.Лукашев А.Байтұрсыновқа жетіп келіп: «Возьми слова обратно, а то я заставлю Вас, у меня есть на это средство», - деп алты атарын кезеңіп тұрған кезде де Ахмет: «Айтқаным – айтқан, қайтып алмаймын», - деп басын өлімге тіккен. Туған жердің тағдыры үшін жаным садаға деп түйген. Абырой болғанда комитет тәрағасы С.Пестковский мен С.Мендешев есалан, содыр В.Лукашевтің қолындағы қаруын тартып алып, Ахметті шабуылдан құтқарған (аталған қор мен тізімдеменің 9 ісі, 25 б.).

Ақыры Ахмет Байтұрсыновтың қажырлы еңбегі халық мұддесіне шешілді.

Әділдігін айту керек, кесірлі қаулыға қол қойған В.И.Ленин халық алдында кінәсін мойындаған жоқ. Оған батылдыры жетпеді. «Көсем қателеспейді» деп ойлаған болар.

«Сібір ревкомы туралы» қаулыға Халық Комиссарлары кеңесі де, Бүкілодақтың Орталық атқару комитеті де өзгеріс жасамады. Тек 1920 жылғы 26 тамыздағы «Қаз АССР-ін құру туралы» Бүкілодақтың Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесінің Декретімен Қостанай уезі бұрынғы шекарасы мен байыргы Отанына қосылды (аталған қор мен тізімдеменің 19 іci, 3-6 б., 8 іc, 78 б.). Декрет шықса да Челябі ауданы Қостанайдан айырылғысы келмеді. Ол тек 1920 жылғы 16 қыркүйекте «Қаз АССР-інің құрамына Қостанай уезін беру туралы» деген қаулыны зорға қабылдады (Қазан төңкөрісі мұрагаты, 5677 қор, 1 тізімдеме, 284 іc, 17 б.).

Сөз түйіні – артында қақпай тұрып сылдырайтын қоңырауына қарамастан, Қостанай уезін Челябі ауданына қосу туралы «құн көсем» В.И.Лениннің қол қойған қаулысының негіzsіздігін дәлелдеп жазған баяндама ерлікке тәң құнды да бірегей құжат. Бұл құжат Ахмет Байтұрсыновтың елін, жерін сүйген, ұлт намысын қорғаған кемеңгерлігін көрсетеді. Сол үшін оқырмандарға баяндаманы қазақ тіліне аударып ұсынып отырмыз.



Перовск уезінің қазактары, 1910 ж.

Нідерландтағы шағындық мен бириккілік мәдениеттің мұнай мен кенесінде 2016-жылдың 2-нче өткендегі деңгээлде.

## Торғай облысының Қостанай уезін Челябі ауданына қосу туралы

Қазақ өмірімен таныс емес тұлғаға сусыз, құнарсыз, өсімдіксіз маң даланы мекендеу үшін қандай мүмкіндік табатынын, кезіне қалай елестетіні тусініксіз. Барлық істің тетігі сол жерді мекендейтін қазаққа, оның өмір-тіршілігіне және мал шаруашылығындағы өзіне тән ерекшелігіне келіп тіреледі. Қазақтардың тіршілік-дағдысы еуропалық ұстынның бір де бір түріне сәйкес келмейді.

Сондықтан далалық көшпелі өмірдің осындағы ерекшеліктерін нақты сезінбеудің салдарынан еуропалықтар үстірт қорытындылар жасайды. Еуропалықтардың ойынша қазақтардың көшпелі өмірі назар аударуға тұрмайтын, мәнсіз болып көрінеді. Олардың көпшілігі қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне мақсатсыз, кезбелікке ұқсас, қалай болса солай жүретін құбылыс деп қарайды. Ондайлардың пікіріне сайсақ, қазақтарды отырықшыландыру онша киын емес. Өйткені не нәрсеге де тез бейімделеді.

Шын мәнінде бұл пікір басынан аяғына дейін негізсіз және бұлай деп ойлаушылардың қазақ өмірі ауа райы мен жер жағдайына тікелей тәуелді екенін білмейтіндігін көрсетеді. Қазақ тіршілігінің ауа райы мен жер жағдайына тәуелдігін халық арасында айтылып жүрген: «Дала малды асырайды, ал мал қазақты асырайды» деген сөз дәл сипаттайтын. Жер неғұрлым шөлейттеу және өнімсіз болған сайын бағылатын мал тұяғымен тапталып, солғұрлым тез шаңытады. Сондықтан малдың өрістеп, жайылып қоректенуі үшін жер көлемінің мол болуы қажетті шарттың бірі болып табылады. Қазақтардың мал жайылымына сәйкес көшуінің қажеттілігі, міне, осы жағдайларға тікелей байланысты.

Қазір шебі, сұы мол жерлерге көшудің алғашқы кездегі сипаттары өз мәнін жойды. Соңғы уақытта Ақтөбе және Қостанай уездері аздаған өзгерістері болмаса, өз қыстауларынан 40-50 шақырымнан әріге ұзамайды. Басқаша айтқанда, өзінің экімшілік уезінен тыс аумаққа сирек көшеді және өз болысынан онша көп алысқа кетпейді. Бұған қарама-карсы оңтүстіктері Ыргыз бен Торғай уездерінде құнарлы мал жайылымы жетімсіз болғандықтан, 200-400 шақырым қашық жерге көшіп баруы жиі кездеседі. Сырдария облысының қазақтары жыл сайын жаз айларында (Қазалы және Перовск уездері) 800-1000, тіпті одан да көп шақырым жол жүріп, Торғай облысына (Ақтөбе және Қостанай уездеріне) жайлауға келіп-кетіп тұрады.

Бір сөзбен айтқанда, қыстаудан жайлауға көшіп баратын жердің арақашықтығы сондағы малдың өрісіне, шөптің молдығына, суатқа

тікелей байланысты, соған тәуелді. Жаз негұрлым ыссы, су тапшы, шөп мардымыз болған сайын көшіп баратын жердің қашықтығына, қындығына қарамастан, малдары қыстың бораны мен сұзығын қиналмай көтеруге қоң жинау үшін шебі, жайылым өрісі мол жерлерге көшеді. Ондай кезде олар ешқандай әкімшілік шекараларды есепке алмайды. Өйткені ата-бабаларынан келе жатқан әр руга қатысты байырғы құқықтары бойынша тек қана болыстар мен уездер емес, тіпті облыстардың шекараларынан да көктей алады.

Көшу қалай болса солай, әркімнің бойынша емес, қатал тәртіп бойынша әрбір ауыл үшін ерте заманнан бері айқындалған белгілі бағытпен, келіскең жермен жүреді. Бұл жерде кездейсоқтық деген атымен болмайды. Барлығы аймақтың ерекшеліктеріне сәйкес үйлестірілген.

Торғай облысы табиғи жағдайына байланысты бір-бірінен ерекше айырмашылығы бар солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінеді. Солтүстік бөлігі Ақтөбе және Қостанай уездерінің, ал оңтүстігі Ырғыз және Торғай уездерінің иелігінде. Солтүстік бөлігінде су мол, далалығында бетеге, боз, селеу жақсы өседі. Шабындық және жайылымдық жері ауқымды. Бір сөзben айтқанда, солтүстік бөлігі егіншілік және мал шаруашылығы үшін қолайлы. Оңтүстік бөлік бұған қарама-қайшы, яғни сусымалы құмды және тұзды саз балшықты, сортан. Оңтүстік уездерінің мал шаруашылығы солтүстіктің жазғы жайылымынсыз өмір сүре алмайды. Есесіне солтүстіктегі Ақтөбе және Қостанай уездерінің қазақтары қысы қолайсыз жылдары өздерінің үйір-үйір жылқыларын тебіндету үшін қар аз түсетін оңтүстіктегі Ырғыз бен Торғай уездерін паналайды.

Қысқасы, Торғай облысының солтүстік және оңтүстік уездері ауа райы мен жер жағдайына сәйкес өзара тығыз байланысты солтүстіктің шөпке бай мол жайылымдықтарына көшу қысқарса, онда оңтүстіктің көшпелі шаруашылықтарында зор иесіздікке ұшырап жатқан шөлейт аймақты пайдаланудан басқа лаж қалмайды. Мұның соңы немен тынарына айтпаса да түсінікті.

Сондықтан мұндай шара, яғни Қостанай уезін Челябі ауданына қосу түсініспеушілікті туыннататын қадам болып табылады.

Жоғарыда айтылғанында, Ақтөбе мен Қостанай уезіне Сырдания облысының Қазалы және Перовск уездерінің қазақтары ерте заманнан бері жаз айларында көшіп келеді. Мәселен, облыстық әкімшіліктің мәліметі бойынша, Торғай облысына көшкен үйдің саны 1878 жылы 60000-70000 екені анықталған. Бұған қарағанда, Ақтөбе мен Қостанай уездерінің сол кездегі отарлаушылары басқа

уездер мен облыстардан көшіп келетіндер санын қысқарта алмаганы байқалады. Себебі, сол мәліметте жазғы мал жайылымына Сырдария облысынан Торғай уезі арқылы 5000 үй қазақ еткендігі көрсетілген. Қазіргі кезде Қазалы мен Перовск уездерінен саны мұнан да көп болуы керек.

Бұл айтылғандардан басқа бір маңызды мәселе – оңтүстік уездердің солтүстікке экономикалық жағынан тәуелді екенін естен шығаруға болмайды. Ол – Торғай облысының егін екпейтін, астықсыз уездерінің халқын және бұған қоса Сырдария облысынан жазғы жайылымға көшіп келуші қазақтардың барлығын астықпен қамтамасыз ету мәселесі. Олар күн көру үшін солтүстік уездерде егін салады, не болмаса дайын өнім сатып алады. Мысалы, 1908 жылы Торғай уезінде және 1911 жылы Ыргыз уезінде Переселен басқармасының жүргізген санактарының деректерінде аталған уездерде халықтың астықты тұтынуы Торғай бойынша – 869826 пұт, Ыргыз бойынша – 1030449 пұт болып көрсетіледі.

Қорытындысында 1912 жылы Орынборда өткен Орынбор губерниясы мен Торғай облысы ветеринарлық дәрігерлерінің съезін еске сала кеткенді жән санаймын. Онда Торғай облысындағы мал шаруашылығын жақсарту мәселесін талқылау барысында жазғы жайылымдарды сақтаудың қажеттілігі айтылды...

Тұтас бір аймақтың қөшпелі елі мен оның мал шаруашылығы үшін қауіпті шешімді бюрократ Мемлекеттік кеңес қабылдамағанда мал басының күрт кемуі етек алмас еді. Сондықтан Кеңес үкіметіне сайланған халық қалаулылары бұл мәселені саналы түрде шешеді деп ойлаймын.

«Егемен Қазақстан» газеті  
24 сәуір 2002 ж.

## Арыстар бірін-бірі осылай қорғады

Біз әңгімелегелі отырған Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған екі жеделхат соның нақты айғағы (ҚРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 104 іс, 2, 5-7 п.).

Бұл екі жеделхаттың бірін 13 ақп擅 1920 жылы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкеріс комитетінің төрағасы С.Пестковский,

комитет мүшелері Ә.Жангелдин мен Ә.Әйтиевтер Семей губтөңке-ріс комитетіне, 5-Әскери төңкеріс кеңесіне, Сібір әскери комитетіне жолдаған.

Бір назар аудараптық мәселе осы жеделхатты Алаш ардагерлерін заңсыз тұтқынға алып отырган 5-Әскери төңкеріс кеңесіне, Сібір әскери төңкеріс комитетіне жеделхаттың тек көшірмесін ғана жіберген. Ал, Бекейхановты тікелей тұтқындалап отырган 59-дивизия мұндай мазмұндағы жеделхат жіберуден тыс қалған. Семей губкомитеті Төленовтің атына бұл жеделхаттың жіберілуі де түсініксіз. Себебі, Қазақ төңкеріс комитетіне Бекейхановтардың тұтқындалуы туралы хабарды жеткізуші Төленовтің өзі. Бұл хабарды өзіне қайта жолдауы жұмбақ. Не үтпақ болғаны белгісіз.

Ал екінші хатты Семей губерниялық төңкеріс комитетінің мүшелері: Төленов, Ә.Ермеков және РК(б)П Семей губбюросы жаңындағы түрік халықтары секциясы – М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтар Сібір әскери төңкеріс комитетіне, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетіне, Ахмет Байтұрсынұлына жолдаған. Бұл жеделхат Қазақ әскери төңкеріс комитетінде 5 сәуір 1920 жылы №507 санмен кіріске алынған.

Екі жеделхатқа да С.Пестковскийден басқа төңкеріс комитеттерінің өзге ұлт өкілдерінің бір де біреуі қол қоймаған.

Шын мәнінде Бекейхановтардың тұтқындалуы жөнінде үш жеделхат болған. Алғашқы жеделхат, яғни Қазақ төңкеріс комитеті 4 ақпанда алған жеделхат және тұтқынға алынған Алаш басшыларының абақтыдан қашан босатылғаны, олардың қандай себептермен тұтқындалғандары туралы деректер мұрағатта кездеспеді.

Қалай десек те, бұл екі жеделхат Алаш басшылары: Райбеков, Оспанов, Бекейханов, Байтенов және басқаларды (олардың есімдері көрсетілмеген) тұтқындау жөніндегі большевиктік жүгендіздіктің бетпердесін ашатын Пестковскийдің, Төленовтің, Аймауытовтың, Әуезовтің, Жангелдиннің, Ермековтердің жанайқайы.

Бұл екі жеделхаттардың жазылуы себебіне зер салсақ мына жағдай бірден назарға ілігеді.

Тарихи жағдай 1917 жылы Том қаласында 8-10 қазан аралығында Жалпысібір сиезіне Ә.Бекейхановтың қатысқанын дәлелдейді. Сиезден қайтарда Ә.Бекейханов Омбы қаласындағы өндіріс орындарында кездесулер өткізіп, Кеңес үкіметі мен коммунистерге қарсы құрес жүргізуге үтітеп сез сөйлемді. Осы сөздерді естіген, не хабардар болған казактар мен Кеңес үкіметінің жергілікті органдары Ә.Бекейханов бастаған Алаш басшыларын тұтқындалап, көздерін жоюды ойластырған деп айтуда болады.

Бұл екі хатқа қол қоюшылар дүние дүрбеленге түсіп, заман сағат сайын құбылып, өздерінің келешек өмірлеріне қатер төнетіндігін сезіп білсе да Алаш азаматтарын қасқыр тісті, адам сирақтылардың жауыздығынан арашалауға жанкешті әрекетке барған. Олай дейтініміз, егер олар босатылмаған жағдайда халқының ары төгілмеуі, аяқ асты болмауы үшін тәуелсіздік жолында есепсіз қан да, тер де, жас та төгілетіндігін оларға ескерткен.

Хаттарда жазылған сөздердің астарынан Ресей империясының темір құрсауынан қазақты бостандыққа, теңдікке жеткізу жолында өз өмірлерін қиыға бел байлағандарын түсіну қын емес. Сөйтіп, арыстар бірін-бірі арашалап, өздерінің тегеуірінді күш екендігін олардың естеріне салған.

## Жеделхат

Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Семей губтөңкеріс комитетіне  
Қазақ халқын әр түрлі жүргенсіздік пен бұзақылықтардан қорғау  
туралы

1-армия штабының тікелей сымы арқылы  
Семей облтөңкеріс комитеті Төленовке  
Көшірмесі 5-Әскери төңкеріс кеңесіне  
Көшірмесі Сібір әскери төңкеріс комитетіне

Қазақ төңкеріс комитеті 4 ақпанда Семейден облыстық төңкөріс комитетінің мүшесі қазақ Төленовтің жеделхатын алды. Онда Райбековты, Оспановты, Бекейхановты, Байтеновты және басқаларды 59-дивизияның ерекше бөлімі тұтқынға алғандығын, олардың тұтқындалуын казактардың тіміскілеу әрекеті деп түсіндіреді және олардың тұтқындалуына Семей өлкесіндегі сегіз жұз мың қазақтың атынан қарсылық көрсетеді және олар жөнінде казактар турасында мемлекет тарағынан қандай кешірім жасалса қазақтардың қоғам қайраткерлеріне де сондай кешірім жасауды талап етеді.

Орталықтан тағайындалған Қазақ төңкеріс комитеті 5-Әскери төңкөріс кеңесінен және Сібір төңкеріс комитетінен орталық көрсеткен сол саяси бағытты қазақтарға да ұстауды, онан ауытқымауды және бұл мәселе жөнінде Қазақ төңкеріс комитетімен тығыз байланыс жасап, түсінісуді сұрайды.

Қазақ төңкеріс комитеті Туркістан майданы командованиеисімен бірлесіп ақғвардияшылардың жағында болған қазақ қоғам қайраткерлерінің қылмыстары тек таза саяси сипатта болса және олар

Кеңес үкіметі жағына желтоқсан айының жиырмасынан кешікпей өтсе олардың барлығына кешірім жасау жөнінде қараша айының аяғында бұйрық берілді.

5-Әскери төңкеріс кеңесі мен Сібір төңкеріс комитеті тарапынан осындай бұйрық шығарылды ма, болса оның не мәнде болғанын біз білмейміз.

Егерде ондай бұйрық болмаған болса онда Қазақ төңкеріс комитеті мен Түрік майданы бұйрығын барлық қазактарға қолдануды сұрайды.

Біз жалпы жағдайды және Райбеков, Бекейханов және басқалардың тұтқындалу себептерін білмейміз. Сондықтан жеке тұлғалар жөнінде пікір айту мүмкіндігінен қазір айрылып отырмыз.

Егер 5-Әскери төңкеріс кеңесі, Сібір төңкеріс комитеті жоғарыда аталған тұлғаларды қазір босатуға мүмкіндік жоқ деп тапса, онда жағдайға түсініктемені, олардың тұтқындалу себептерін телеграф арқылы беруді сұраймыз. Әйткені, бұл мәселе жөнінде Қазақ төңкеріс комитеті өз пікірін пайымдауы үшін қажет.

Мұнан басқа, жеке тұлғаларды құғын-сұргінге ұшыратудың мұнданың жолы қазақ халқына қарсы құғындау деген түсінік болмауга туіс. Осындай мақсатпен 5-Әскери төңкеріс кеңесінен және Сібір төңкеріс комитетінен казактардың және жергілікті үкіметтер қазактарға жасап отырған көптеген зорлық-зомбылығы мен озбырлығын және жүгеніздік пен бұзақылығының барлық түрін түбірімен кесуді сұраймыз. Казактар және переселендер қазактарға құл есебінде қарауға әбден дағдыланғандығын біз өте жақсы білеміз, тіпті Кеңес үкіметінің қамқорлығындағы жергілікті органдар және үкіметтің жекелеген агенттері қазақ халқын солай деп ұғынуға бейім.

Шын мәнінде біздің басқаруымыздың аймакта мұнданың келенсіз әрекеттермен біздер аяусыз күресіп, нәтижеге жетіп келеміз және бұзақылық әрекеттің барлық түрінен казақ халқын қорғауды және бұл жөнінде тығыз түрде барлық шараларды қолдануды 5-Әскери төңкеріс кеңесінен және Сібір төңкеріс комитетінен сұраймыз.

Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкеріс  
комитетінің төрағасы: С.Пестковский  
Мүшелері: Ә.Жангелдин, Ә.Әйтіев

13.II.1920 ж.

(КРОММ 14 қор, 1 тізімдеме, 104 ic, 2 п.)

## Жеделхат

Орынбор

Қабылданды 13.III.1920

Кіріске алынды 5 сәуір, №507

Омбы. Сібір төңкеріс комитетіне

Орынбор. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери

төңкеріс комитетіне

Көшірмесі Байтұрсыновқа

Семейден 610, 345/333 8/3 5.10

Патшалық тәртіптің екі жүз жылдық құлдық езгісі, Колчактың қамши үйірген жүйесі шын мәнінде ұлттық міндетті өркендетуді тек қана Кеңестік үкіметтің қолынан алатындығына қазақ халқы мен оның интеллигенциясының көзін нақты жеткізді.

1919 жылғы ақпанда Бүкілқазақ ұлттық кеңесі өкілдері мен башқұрт өкілдерінің қатысуымен бірлесіп өткен кеңесінде Кеңес үкіметі жағына өту мәселесі шешілген.

Наурызда Ахмет Байтұрсынов Халық комиссарларымен келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге іссапарымен жіберілді. Қазір Байтұрсынов Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетінің мүшесі. Байтұрсыновтың басқа қазақ өкілдерімен бірлесіп жүргізген келісімнің нәтижесінде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетін құру туралы Орталық атқару комитетінің 6 сәуірдегі белгілі қаулысы «Известияның» №79 санында және Халық Комиссарлар кеңесінің 10 шілдедегі №344 Декреті жарық көрді.

Өзінің халқымен табиғи байланысқан қазақ интеллигенттерін, оның ұлттық қозғалыс көсемдерін, төңкерісшілерін, өз буржуазиясымен бірлесіп билік жүргізіп үстемдік жасауға дағыланған орыс интеллигенциясымен салыстыруға болмайды. Қазақ интеллигенциясы ұлттық платформада тұр, сондықтан бұқараның мәдени дәрежесін көтеріп, оларды әлемдік пролетариаттың қатарына қосу үшін саяси бағыт жүргізеді. Қазақ интеллигенциясының ізіне түсіп, оны күгінға ұшырату қазіргі жүргізіліп жатқан ұлы езгерістің жалпы ісіне, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери төңкеріс комитетінің қазақ интеллигенциясын қазақ даласында Кеңес үкіметін нығайту ісіне жұмылдыруда жөндеуге келмейтіндей зардабын тигізу мүмкін.

Біздер қазақ халқының, оның интеллигенциясының, саяси көніл күйін есептей келіп Орталық атқару комитетінің қаулысына және Орталық Кеңес үкіметімен қазақ халқы өкілдерімен және башқұрт өкілдері келісіміне, және №433 келісімнің он алтыншы бабына

сәйкес қазақтың қоғам қайраткерлерін бұрынғы саяси қызметі үшін қуғындауға тыйым салу жөнінде әмір беруді – олардың ізіне түсіп қуғындауды тоқтатуды сұраймыз.

Губтөңкеріс комитетінің қазақ мүшелері: Төленов, Э.Ермеков  
РК(б)П губбюро жанындағы түрік халықтары секциясы:  
М.Әуезов, Ж.Аймауитов

(КРОММ 14 қор, I тізімдеме, 104 іс, 5-7 п.)

*«Ана тілі» газеті  
24 сәуір 2003 ж.*

## Жанайқай

1917-1918 жылдардағы аштық жөнінде «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», т.б. газеттерде жеткілікті деректер болса да, кеп оқырмандар әсіресе кейінгі ұрпақтар хабарсыз, назардан тыс қалып келеді. Бұғынға таңда елімізге қайырым-шапагат ауадай қажет болып тұрғанда республикамызға белгілі ғалым Қалжан Қоңыратбаевтың «жанайқайына» 80 жыл өтсе де өз маңызын мысқалдай кемітпеген.

Қ.Қоңыратбаев 2 тамыз 1917 жылғы Та什кент қаласында өткен Түркістан аймағындағы (Сырдария, Әулиеата, Қазалы, Перовск (Ақмешіт), Таңбасар, Фергана, Өндіжан, Наманган, Піштек, Черняев (Шымкент), Түркістан уездері мен Жетісу облысы) Қазақ-қыргыз жиылысына (сиеziне) Перовск уезінен делегат болып, сол жиылыста қаралған 19 мәселені талқылауға белсене қатысқан. Түркістан республикасының іргетасын С.Асфендияров, М.Шоқаев, М.Тынышбаев, С.Қожанов, М.Токтыбаев, Н.Ақаев тармен бірге қаласып, босағасын бекітіп, шаңырағын көтерген қоғам қайраткери.

Төменде Қалжан Қоңыратбаевтың «Бірлік туы» газетінде бұдан 80 жылдай бұрын жарық көрген «Түркістан қазақтарының жәйі» атты мақаласын араб харпінен кириллицаға түсіріп, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік («Бірлік туы», 14(5).IV.1918, №29, 1-2 б.).



Қ. Қоңыратбаев

## Түркістан қазақтарының жәйі

Төрт жылға созылған кесерлі соғыстың лаңымен қымбатшылықтың зардабын тартқан Түркістан халқына былтырдан бері табиғат та қосымша «жығылғанның үстіне жұдырық» болып тұр. Өткен жыл құрғақшылықтан жерге түк шықпады. Түркістан халқы азықсыз қалды. Жалпы Түркістанның басына келген бұл ауырлықтың айрықша салмағы біздің қазаққа түсіп, бұл оған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейінгі бір әйдік апат болды. Осы күні Түркістан қазагына жалпы көз салсақ қөреміз: жұтамаған ел жоқ. Бар байлығы аяқты мал болған қазақ халқының қолындағы малинан айырылғанның үстіне астыққа ділгер болғанын қоссақ, қазақтың не халге қалғаны өз-өзіне көрініп тұр.

Әулиеата, Шымкент, Ташкент пен Түркістан уездері, әлдеқалай жерлері болмаса, теп-тегіс майдан қол жуғандай көрінеді. Жизак уезіндегі алты болыс қазақтың Ташкент шетіндегі екі ауыл осы күні іргесі бүтін, тозған жоқ. Бірақ олар да жұтқа сыбағасын беріп шықты. Бұл елдерде айрықша болған бір жаман жұмыс – малсыз қалған сорлылар жиналып барып, малы барлардың қолындағы малин бас салып тартып жеп жатыр екен. Бұлардың айрықша мұндай халға ұшырауына себеп оларға шеттен бір түйір азық келмегені һәм қымбат та болса, басқа жерден тасып алуға көліктері жетпеген.

Ал, енді Ақмешіт пен Қазалы уездерінің қазақтары аналардай ақсирақ болып жұтап, іргесі ауып, тозып кетпегенмен бұлар да тәуір жүтады. Һәм осы уақытқа шейін қатты жұттың шенгелінен босана алмай жатыр. Халықтың көбі күзден бері жалғыз ғана етпен күн көріп, тамақ асырап келген еді. Енді бұл күнде ол да жоқ. Өйткені жүттән мал қырылып, жұрттың көбі құр алақан қалды.

Қазақтың мұндай мал апаты болған үлкен жұтты көргені жалғыз бұл емес қой. Мұндайлар һәр заман-ақ болатын. Бірақ өзге жүттардың арты арзаншылық болған соң жарқырап жаз шығуымен ел арасына береке кіріп, шаруа тағы да алынып кете беруші еді. «Ол дауыс бұл дауысқа ұқсамайды» дегендей, бұл жолғы жұттың шалығы қымбатшылықтың салдарымен малдан өтіп, басқа келіп тұр. Осы күні һәр жерде-ақ жарлы халық арасында өлім көбейіп, күннен күн қорқыныш үдең барады.

Күздің қара басынан бастап жарлы-жақыбайлардың Ақтөбе жаққа шұбыруы әлі күнге дейін тоқтаған жоқ. Қайта бұл күн санап күштеймесе, азаятыны көрінбейді. Енді жақын арада сол жаққа барған босқындардың арасына жаман ауру кіріп, жұрт шыбындей қырылып жатыр дейді. Бұл аурудан қырылудың қаттылығы сон-

шама, біржолата иесіз, тұяқсыз қалған үйлер көп екен. Мысалы, 14 жаны бар бір үйден екі-ақ жан, 9 жаны бар бір үйден бір-ақ адам қалыпты. Жан сактауға панарап барған жерлерінде мұндай құбыжық шыққан соң босқын сорлылар «арты жау, алды жар» күйге түсіп не қыларын біле алмай, қысылып тұрған жағдайлары бар. Бұлардың енді қайтып, ел тауып үйірге қосылулары күмән көрінеді. Ол жаққа босып барған халықтың көптігі соншама: Ақкемер, Жұрын станциясынан бастап Тұздебеге шейін теміржолмен жүрген адам «Түркістанда һешбір қазақ қалмаган шыгар» деген пікірді еріксіз ойлайды. Осы күнде мұның ең жаман жері сол болып тұр: онда барған сорлылардың отқа көзі шағылысып түскен көбелекше қырылып жатқанын ести-біле тұрса да, әлі де болса тоқтаусыз сол жаққа шұбырып кетіп жатушылар көп!... Бишаралар қайтсін: мұнда аштан өліп бара жатқан соң, әйтеуір, бір азгана арзаншылық жер ғой деп һәм «жажалсыз жан шықпайды» дегенді медеу қылып кетіп жатқандығы тағы... (аяқсыз қалған – З.И.).

Ақмешіт һәм Қазалы уездеріндегі жалпы ахуал осындай болғанда біздің Шиелі маңындағы күй онан да бетер. Бұл маңайдағы жоқ-жұқалардың көрген күнін Құдай адам баласына бермесін! Құз басынан бері бірлі-жарымды қарасын тауысып, қыс бойы үй ішіндегі бұйымдарын сатып күн көріп келе жатқандар осы күні біржолата шоңқылып қалды. Тігулі үйлерін сатушылар екінің бірінен табылады. Енді осы күні сатуга нәрсесі қалмагандар аштан өле бастады. Һәм мұндайлардың саны күн сайын көбеймесе, азаятын емес. Базарда тіленшіден адам аяқ алыш жүре алмайды. Бұл сорлылардың күні бойы одан-бұдан 5 тыын – 10 тыындан жинаған пұлды кешке бір қадақ наң алуға да жетпейді. Солай болған соң бұлар өлмей кім өлер? Одан соң арықтан арам өліп қалған малдардың өлімтігін жеп бір күнге болса да жан сактап тұрғандары да жоқ емес. Мінеки, ел ішіндегі жарлы-жақытайлардың көрген күні осындай. Ал, енді тамагы тоқ, иығы бүтін ағайынның ол сорлыларға көрсетіп жатқан азгана да қайыры жоқ. Қайта олар осындай сорлылардың қысылып тұрған халінен өзіне көбірек пайда қылып қалуға тырысып жүр. Мұндай шаруасы тәуір ауқатты адамдар өзінің арықтап өлген малының жасығын кедейге сатып пайда қылады. Онда да бұл сауданы ынсанпен қылса жарап еді. Ол қайда? «Көзі қарайып, өлуге таянған сорлы амалсыздан көнеді» деген әлгідей жасықтарды семіз малдың бағасымен кедейлерге несиеге тысырлатып сатып жатыр. Бишара аштар қайтсін... амалсыздан өліп бара жатқан соң байдың сұрағанына көніп ала береді. Бір сорлының біреудің көтерем сиырын келесі жылға қаймалы інгенге алғанын өз көзім көрді.

Сол сорлының келер жылға аман шығуы өзі күмән. Ал енді аман жеткен күнде оның түйе тауып бере алуы оңай сауда емес. Әрине, ол інген тауып бере алмаса, борыш иесі одан бір ботасын алады. Бірақ онымен бітпейді. Келер жылы тағы бір ботасын алады. Сүйтіп, ана борыш иесі адамның түйесі жыл сайын боталамақ та тұрмак. Ана сорлы сол түйені тауып берудің жолында тірсегі қылышп өлмек. Бұл бір жерде емес, һәр жерде осылай. Бұл екінің бірінде болып тұрған оқиға. Бұл не деген мейірімсіздік? Бұл не деген мұсылманшылық? Мінеки, аштан өлейін деп жатқан ағайынның халін біліп, оған жәрдем қылудың орнына ауқатты ағайынның істеп жатқан істері осы.

Бұл қалай? Қырық ру халықты бір кісінің баласындағы қылышп, бір тудың астына жиган, «өз басың сүйегенді басқа мұсылман ағайындарына да іstemесен, мұсылман емессің» деген дін біздің тұтынған ислам дініміз емес пе? Бір мұсылманың басына қаза келсе, оны өз басына келгендей көр деген ислам дінінің рухы қайда? Біздің мұсылманшылығымыз, адамшылығымыз осындаға көрінбесе, қашан көрінеді? Дін һәм ұлт рухында бала оқытатын төте оку мұғалімдерін кәпір, дінсіз деп қиямет-қайым туғызатын біздің дін бастығы ғұламаларымыз, ишандарымыз қайда?

Пайғамбар осындағы таршылық заман түгіл жайшылық заманда аш-арықтың қамын жеп қайғырған емес пе еді? Ол ғұмырында үмметім, халқым дегенде көкірегі қарс айрылып өткен жоқ па еді? Ал енді одан үлгі алған осы күнгі мұсылман қайда? Жабайы қара халық былай тұрсын, өздерін пайғамбардың мирасқоры деп жүрген ғұламалар, ишандар мұны білмей ме?

Жұрт иесі қариялар! Ел агасы мырзалар!

Дін бастығы ғұлама һәм ишандар!

Қарындастық, мұсылманшылық борыштарыңызды шынымен-ақ ұмытып кеттіңіздер ме? Адамгершілік, мұсылманшылық борышы-мыздың үстіне мынау ағайындарыңызға туысқандық борыштары-мыз тағы бар емес пе? Алаш балалары қанымыз бір бауыр емес пе едік? «Ағайын бір өліде, бір тіріде» деген қайда? Ағайын өлсө, өп-өтірік өкіріп келіп, жылаған боламыз. Тіріде керек қылмаған ағайынның өлгеніне жылауымыз рия болмай ма?

Жұрттың жәйі осы. Енді мұның үстіне қошемет кеш болып тұрған қазіргі хүкіметтің қысымшылықтары өз алдына бір бап.

Қалжан Қоңыратбаев

«Ақиқат» жүрналы  
№9, 1997 ж.

## Мешін-тауық жұты

1921 жылдың 15-ші тамызында М.И.Калинин, И.В.Сталин және 10 адам қол қойып, «...Астрахан, Царицын, Саратов, Самар, Сімбір, Уфа губернияларында, Еділ бойындағы немкоммунасы, Татар Республикасында, Щұаш облысында, Вятскі губерниясының онтүстігіндегі 4 уезде аштық басталды» деп үндеу жариялады.

1922 жылдың 26-шы қаңтарында Бұкілодақтық Орталық атқару комитеті: «...Бір ғана Еділ бойынан 23 миллион халық аштыққа ұшырады. Ашыққандар ағаш қабығын, шөп жапырағын жеді. Атапаналар өз балаларының аштан өлгенін өз көзімен көрмес үшін үйінен қуды. Өлген анасының емшегін сорып жатып нәрестелер шетінеуде. Бұл апattan халықты құтқару үшін ашыққандар Қазақстан мен Түркістан Республикасына қоныс аударылсын», - деп қаулы алды. Осы шешімге сәйкес аштыққа ұшырагандарды пойезден, кез келген көлікпен Қазақстанға есепсіз тоғытты. Жұрт жаяу жалпылап та ағыла бастады.

Ал, Қазақстанда да бұл кезде Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бекей губернияларында, Адай уезінде ашаршылық араның ашып еді. Осының алдында ғана, Қазақстан басшылары ашыққан қазақтардың жағдайын жақсарту үшін, Қазақстан территориясындағы басқа ұлт өкілдерін өз республикаларына, мысалы україндарды Украинаға қайтару жөнінде Бұкілодақтық Орталық атқару комитетінің төрағасы М.И.Калининге, Ұлт істер жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинге ұсыныс қойған. Бұған олар үзілді-кесілді тыбым салды. Қайта, Ресейдің ашыққандарына барынша жағдай жасауды, олар үшін елден жылу жинауды және оларды орталыққа толассыз жіберіп тұруды, Ресей босқындарын күтіп алуды, оларға қамқорлық жасауды міндеттеді.

Сейтіп, «жара үстіне шиқан шықты». Қазақстанға Ресей босқындары толассыз ағылды. Тек 1 наурыз күні ғана Қазалы уезіне – 4347, Перовскігө (Қызылорда) – 6392, Түркістанға – 4634, Черняевке (Шымкент) – 7975, Алматыға – 10345 отбасы қабылданды...

Қазақстан басшылығы өз елінде өрши бастаған аштыққа қарсы құреске кеш кірісті. Олар елден келген дабылдарға құлақ аспай, қауесет болар деп мән бермеді. Ақырында жергілікті жерден жеке адамдардан, губкомдардан, аудандардан түсken хат-хабарларды статбасшылары арқылы тексертіп қана көздері жетті. Қазатқом ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі комиссияны 10 шілдеде ғана құрды. Оның төрағасы болып С.Мендешев, орынбасарлығына Сергеев бекітілді (ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 17 іс, 2 б.).

25 шілдеде осы комиссия атынан: «Қазақстанда аштық басталды. РСФСР-дың орталық органдарынан ашыққандарға жәрдем көрсетуді сұраймыз», - деп Бүкілодактың Орталық атқару комитетіне, Орталық партия комитетіне арнаулы хабарлап, өкіл жіберді.

Бұл Қазақстанның барлық жерінде дерлік аштық жаппай етек алып, адам қырылып жатқан шақ. Соған қарамастан, жәрдем көрсету жөніндегі жергілікті комиссияларды құру ісі баяу жүргізілді. Соның салдарынан Ақтөбе губерниясында 20 шілдеде, Бекей губерниясында 4 тамызда, Қостанай губерниясында 30 тамызда, Ақмола губерниясында 15 қыркүйекте, Адай уезінде 23 қазанда құрылды. Кейбір жекелеген аудандарда комиссия құру жұмысы қараша айының аяғына дейін созылды. Жалпы алғанда, 1921 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 7 губерниясында, губерниялық дәрежедегі Адай уезінде 46 уез-аудандық, 1117 болыстық, селолық кенестер жанындағы комиссиялар жұмысқа кірісті.

Республикалық Орталық комиссиясының 22 қазан 1922 жылғы отырысында «...Ақмола губерниясы бойынша, тек тамыз айындағы мәлімет бойынша 360 мың, Ақтөбе губерниясы бойынша 26500, Бекей губерниясы бойынша 115 мың, Орал губерниясы бойынша 90 мың, ал Қостанай губерниясы бойынша 1 шілдеге дейін 346311 адам ашыққан, тек осы губерния бойыншағанда 37146 адам аштықтан өлгендігі» туралы губерния өкілдері хабарлама жасады.

Түркістан Республикасына қарайтын Жетісу, Сырдария губкомдарынан тыс (бұл кезде олар Қазақстанға қосылмаган) өнірде 1921 жылғы қарашада 1 миллион 508 мың 900 адам аштықтың тақсіретін тартып жатқан. Бұл көрсеткіш 1922 жылдың қантар айында 1625386-ға, наурыз айында 1714334-ке, сәуір айында 2305391-ге, мамыр айында 2092407-ге, маусым айында 2019485-ке, жыл аяғында 2875430-ға жетті (ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 11 іс, 15, 18 б.).



С. Мендешев



С. Сергеев



Б. Алманов

Ақырында аштыққа ұшырағандар саны уш миллионның үстіне шықты («Ақ жол» газеті, №74).

Қазақстан төрағасы, әрі аштарға жәрдем ұйымдастыру комиссиясының бастығы С.Мендешев Түркістан Республикасының халқына «Қазақстан Республикасындағы ашыққандарға көмек беріндер!» деген үндеу хатында: «...Аштық, әсіресе, Торғайдың, Ырғыздың, Темірдің, Ойылдың көшпелі аудандарында қысты күні-ақ қатты сезілген. Қазіргі күні ашаршылық Ақтөбе губерниясына, Орал облысының Елек, Жымпіты, Гурьев уездеріне жайылды. Шексіз далада ата-анасыз босқын балалар қаңғып жүр. Далалық жерден күн көру үшін саршұнақ іздел босып кетті, қалаларда, теміржол стансаларында туыс-туғандары тастан кеткен балалар, карттар төғінді лас қоқыстарды актарып, талғажау болатын дәм іздеуде. Қазақ халқы үшін қол үшін беріп көмектесіндер!» деп аянышты хат жазды («Известия Турцика» газеті, 15 тамыз, №180).

Қазатком осы үндеумен Түркістан Республикасына аштарға жәрдем көрсету жөніндегі арнаулы өкіл етіп Алмановты жіберді. Бұл үндеу Алмановтың қатысуымен 22 шілдеде Түркістан Республикасының аштарға жәрдем көрсету жөніндегі Орталық комиссиясы II пленумында талқыланды. Бірақ, «...Қазақстандықтардың бұл іске кеш кіріскендігіне байланысты, тек жалпы жоспарға енгізілсін, Қазақ Республикасы аштарына көрсетілетін жәрдемнің мөлшерін және түрін анықтау мәселесі ашық қалдырылсын» деп қаулы алды («Известия Турцика» 25 шілде, №174).

Көмек, жәрдем – лажсыздық, өлмешінің күні. Қазақ «ұрттап тоймаган, жалап тоймайды» дейді. Қазақстанның өз мүмкіндігін өзінен айырды. Ашыққандарға жеткілікті көмек беру былай тұрсын, қайта қолындағы бар астығы мен малын салық салып сыйырып алды. 1921 жылдан бастап аштыққа ұшыраған елдің 1922 жылы егілген егіннен жиналған 54 миллион 734 мың 449 пүт астықты түгел сыйырды. Оның үстіне, елдің өлген-тірілгеніне қарамай, 1922 жылы 417 миллион пүт астықты салық деп тартып алды. Бұл – бұл ма, 18-60 жас арасындағы ерекк пен әйелдерден азаматтық салық деп 7 миллион сом, 18-40 жас арасындағы әйелге, 18-50 жас арасындағы ереккеке, жұмысқа жарайтын күш көлікке салық салып 10 миллион сом және басқа жергілікті салықтан 10 миллион сом, аты жоқ әр түрлі шығындар есебінен барлығы 277 миллион сом салықты (алтын ақша есебімен) халықтан еріксіз өндіріп алды. Ал, дәл осы кезең Орынбор губерниясында 2287 мың пүт, Орал губерниясында 1 миллион пүт, Адай уезінде 415-420 мың пүт астық жетпейтін («Еңбекшіл қазақ» газеті, №233).

Аштыққа ұшырағандар қолына не түссе соны қорек етті. Оған Орал губкомының баяндамасындағы ашаршылыққа ұшырағандардың әр түрлі шөп-шалам қоспаларынан жасаған мынадай 17 тамақ түрі дәлел (ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 10 іс, 88 б.):

1. Мия тамыры.
2. Дән арапастырған көк сабан.
3. Ұнталған сүйек.
4. Дән арапастырып ұнталған сабан.
5. Борықтан жасалған шелпек нан.
6. Доңызқоға түйнегінен жасалған шелпек нан.
7. Тары қауызымен (кебегі) арапастырылған доңызқоға түбірінен жасалған шелпек нан.
8. Астық қалдықтарынан жасалған шелпек нан.
9. Қоға қалдықтарымен ұн арапастырып жасалған шелпек нан.
10. Атқұлақтан жасалған шелпек нан;
11. Астық қалдықтары мен атқұлақ және топан (сабан) арапастырып пісірген шелпек нан.
12. Атқұлақ арапастырып ұн қалдықтарын қосып пісірген шелпек нан.
13. Батпақты жердегі доңызқоға түйнегінен жасалған шелпек нан.
14. Тары қауызын доңызқоға түйнегімен арапастырып жасалған шелпек нан.
15. Ешқандай қоспасыз, тек доңызқоға түбірі мен дәнін арапастырып дайындаған шелпек нан.
16. – 17. Аты белгісіз, кез келген заттардан шөп-шалам қоспаларын арапастырып пісірген тағам түрлері.

«Байлық не дегізбейді, жоктық не жегізбейді» дейді халқымыз. «Орынбор губерниясының Адамов ауданында ашыққандар балшықты да пайдалануда» деп жазды «Известия Турцика» (24 қаңтар, №16). Ашаршылыққа ұшырағандардың қолына ит, мысық, тышқан бірде түссе, бірде түспеді. Дала кезді, тентіреді. Даладан тышқан, тасбақа, саршұнақ, кірпі, жылан аулады. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, ұстап жеген саршұнақтары жұқпалы ауру әкеліп, өлімді онан сайын көбейтті.

Ашаршылық адамды ар-ұяттан, адамгершіліктен айырды. Бұл жөнінде Орал губкомының жазған баяндамасынан, мына деректі келтіру артықтық етпейді. «1921 жылдың қыркүйек айынан бастап, - деп жазады баяндамасында, - губернияда ашаршылық кеңінен етек алды. Мұны жөндеуге мемлекет көмегі жетпеді. Губерния халқы өлмеу үшін адамды адам жеуге дейін барды. Тек қана 4 уезде 356 адамды сойып

жегені, 437 мұрдені тамаққа пайдаланғаны қазір тіркеуге алынып, анықталып отыр. Губерниядағы халықтың бестен бірі, яғни 48802 адам, аштан өлді. Жалпы алғанда Орал қаласы мен Орал, Елек, Жымпіты, Каменков, Гурьев уездері бойынша 390811 адам аштыққа ұшырап отыр» (ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 10 іс, 105 б.).

Оралдағы аштық 1922 жылды да тоқтамады. Қайта бұрынғыдан да есе түсті. Оған дәлел жоғарыдағы баяндамада «..1922 жылды, адамды адам жеудің 356, өлген мұрдені жеудің 437 фактисынан басқа, шөп-тамырларың, сабан, топан, балшық, қоға, ит, мысық, саршұнақ, егеуқүйрық, атжалман жеудің 213 фактісі тіркелгенін» көрсетті (ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 10 іс, 120 б.).

Мұндай жағдай тек Орал губерниясында ғана емес, Орынбор, Қостанай, т.б. губернияларда да орын алды. Ондай жайсыз мәліметтерді ППОГПУ орындары Қазақстан басшыларына ұзбей хабарлап тұрды. Соның ішінде мына жеделхатты көлтіреік:

«Орынбор мемлекеттік саяси басқармасына. Осы жылдың ақпан айының ішінде ашыққандар саны көбейді. Азық-түлік жоқтықтан адамды адам жеудің де саны өсті. Азаматтардың із-түзсіз жоғалып кетуі де байқалады. Адам жеген бірнеше аштар қамауға алынды».

Аштықтың құрбандығына ацы мен тұщының дәмін татып үлгермеген, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған балалар бірден шалынды. Оған көз жеткізу үшін, панасыз, ата-анасыз қалған балалар жөнідегі мына дерекке назар аударайық:

Губерниялар	1921 жыл 1 қараша	1922 жыл 1 наурыз
Орынбор	32000	208437
Орал	21100	31079
Қостанай	12344	114487
Семей	5316	8316
Ақмола	8176	12000
Бөкей	4105	6505
Ақтөбе	14959	22959
Адай уезі (губерниялық дәрежені пайдаланады)	2000	3079

(ҚРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 10 іс, 57 б.)

Бұл мәліметке қарағанда, ашаршылықтың алғашқы басталған жылды панасыз қалған 100 мың бала болса, бас-аяғы төрт ай өткенде олардың саны 480022 балаға жеткен.

В ПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА № 78

Заседания Президиума Г. б. Испол. Комитета.

28 Августа 1923 года.

СЛУШАДИ: § II Доклад Комиссии о положении детских домов.  
/докладчик тов. СТАРДУЦЕВ/

П информации о положении детских домов и приютов докладчик ярко подчеркивает о необходимости принятия со стороны Р.К. самых неотложных мер к оказанию последним материальной помощи.

Дети находятся в самом плачевном состоянии, нет одежды, обуви и проч. Ставимое количество продовольственных пайков хватает на 3/4 наличия детей.

Не лучше положение с вопросом о самих помещениях. С наступлением учебного сезона и холодов, нужно произвести массовый ремонт зданий, без коего на зиму оставаться ни в коем случае нельзя. Отсутствие средств не дает возможности заготовить должное количество на зиму дров.

За последнее время из уездов замечается усиленный наплив детей, говорящий также о невозможном положении последних там.

В заключении тов. СТАРДУЦЕВ обращает внимание Президиума на принятие самых срочных мер к решению сего вопроса ибо дальнейшее оставление его в прежнем положении есть с нашей стороны - преступление.-

Ал, аштыққа ұшыраған 2875430 адамның (бір құжатта 3 миллион үстінде деген) басым көпшілігі бала екендігіне ешбір дау жоқ. Бұлардың барлығы дерлік мемлекет қамқорлығына алынбады. Қазақстанда ұйымдастырылған 575 балалар үйлері мен 9 балалар қабылдайтын пункттерге 22600 ғана бала қабылданды («Бостандық туы», №67). Сонда 460 мындаған бала мемлекет қамқорлығынан тыс қалды деген сөз.

Алайда, мемлекет қарауына қабылданған балалардың да айдарынан жел еспеді.

Қазақстан астанасы Орынбор қаласындағы балалар үйінің сиқы туралы мына деректі көлтірсек те болады. «...Қаладағы 32 мың баспанасыз баланың, - деп жазылған тексеру актісінде, - қалада ұйымдастырылған 15 балалар үйіне тек 1613 қана бала қабылданды. Балалар үйінің күйі ит байласа тұрғысыз. Есік-терезесіз, пешсіз, балалар жалаңаш, кейде ұш құнгеге дейін нансыз отыратын құндері бар. Аязда аштан жалғыз жұқа одеялмен бір кереуетке 10 баладан ұйысып жатады».

«...Қостанай губерниясында балалар комиссиясының мәліметтері бойынша, - дейді онан әрі, - балалар арасында ауру және өлім 50%-ке жетті. Мысалы, 240 баласы бар бір балалар үйінде 158 бала ауру, оның 62-сі аштықтан ісіп кеткен. Желтоқсан айынан бастап күнінде тек  $\frac{1}{4}$  фунт ғана нан беріледі. Бұныда тек балалар үйіндегі балалар алады. Ал, аштыққа ұшыраған елдегі балалар еш нәрсе алмайды. Олар тікелей өлу қаупінде тұр. Себебі, губком комиссиясында аштыққа ұшыраған балаларды қабылдауға, немесе қандай бір жолмен болса да оларды тамақтандыруға ешқандай қаржы жоқ» деп ашық жазған.

(КРОМА 1215 қор, 1 тізбе, 10 ic, 57 б.)

Көпке мәлімсіздеу мешін-тауық ашаршылығының қасіретті де-ректері осындей. Арада он жыл өткенде қазақ жерінде бұл нәубет әлденеше мәрте еселеніп тағы қайталанды...

*«Ана тілі» газеті  
29 мамыр 1997 ж.*

Справка  
Комиссии по изысканию земель  
для поселения в Киргизской  
и Красноярской губерниях

ДОКЛАД.

КИРГАРКОМСОБЕСА ОБ ОКАЗАНИИ ПОМОЩИ ГОЛОДАЮЩЕМУ НАСЕЛЕНИЮ

КИРРЕСПУБЛИКИ.

Надежда на хороший урожай хлебов 1923 года и все предположения, что материальное состояние хозяйств перенесших 21 г. слишкомное бедствие голод будет улучшено в связи с недородом хлеба не оправдались. Население Кирреспублики уже теперь в некоторых районах начинает ощущать голод, а в дальнейшем если не оказать ему поддержки оно обречено будет на голодную смерть.

В Кираркомсобес поступило ходатайство от граждан Жамбытинского уезда Уральской губернии и от киргиз 1-й и 2-и Бургинских волостей Оренбургского уезда о том, что они уже испытывают голод, а главным образом те киргизы которые недавно вернулись из Туркеспублики как голодбеженцы и в настоящее время не только не имеют хлеба, но и носильного платья, кроме того Кираркомсобесу известно, что в Кустанадской, Тургайской и Букеевской районах сильный недород хлеба и что там возможны также случаи голодовки.

Положение населения постигшего недородом в данный момент чрезвычайно тяжелое и чем дальше тем оно будет хуже так как с наступлением зимы может прекратится тот скучный заработка, который поддерживает их в настоящее время. Тех средств коими располагает Крестьянские Комитеты далеко не достаточно,

Әлеуметтік қамсыздандыру халқомы Ә.Жангелдиннің баяндамасы, 1923 ж.

## Жаны ашитын кімдер бар?

Қазақ «қырық жыл қыргын болса да ажалды өлеңді» десе, «өрт ішінде бір уыс макта да аман қалады» деп көңіл жұбатады.

Міне, осындай ажалсыз баланың бірі С.Төлешев. Ол 1921/1922 ашаршылық жылында Ташкент қаласындағы 3-ші балалар интернатында тәрбиеленген. Ашаршылық азабын көрген, таксіретін тартып, аңы таяғын жеген ол 1922 жылы «Жаны ашитын кімдер бар?» деп «Ақ жол» газетіне ( №174, 22 мамыр 1922 ж.) тебіріне жазды.

Ішуге тамақ жоқ,  
Жатар жердің жайы жоқ.  
Жаны ашитын кімдер бар?  
Киүгө киім тағы жоқ.

Жатуға да орын жоқ,  
Көрмеген күнім әлі көп.  
Қайткенде бұдан құтылам?  
Жаны ашитын бір жан жоқ.

Көрмеген күнді көргенде,  
Адамды адам жегенде.  
Жаны ашитын кімдер бар?  
Осындай болып жүргенде.

Жегенің болса жырып бер,  
Бауырыңмын мен де бір.  
Қырылса бауырың жақсы ма?  
Жігерлі жолдас көмек бер.

*Араб әрпінен аударған З.Ижанов*

*Колжазба  
25 желтоқсан 1998 ж.*

## Арманда кеткен есіл ер

Таяуда Республикалық Орталық мемлекеттік мұрагаттан «Қазақ Республикасының төтенше тапсырманы орындағытын отряд бөлімінің штабы (ЧОН)» деген қордан Кейкі батырга байланысты 15 материал табылды. Оларға зер салғанымызда, қазіргі айтылып, жазылып жүрген кейбір деректерден айырмашылығы бар екендігі байқалды. Бұл аталған қор 80 жыл бойы жабық құжаттар қатарында саналып, зерттеушілер назарынан тыс қалған. Бұл деректер Кейкінің 1919-1922 жылдар арасындағы жарық дүниеде қалған азғана ғұмырының өмір мен өлім иткізгіс түсіп тұрған шағынан хабар береді.

1920 жылға дейін Кейкі Кеңес үкіметіне ашық түрде пәлендей қарсылық әрекет жасамаса да, әр басқан қадамы андуда, бақылауда болғанын көреміз. Оның бірден-бір дәлелін: «Кейки Кузунбаев киргиз 6-аула Сартугайской<sup>10</sup> волости Тургуэзда в 1919 году принимал участие в г. Тургае по свержению кереншины, при наступлении Алаш орды первый увоенком киргиз и друг Кейки был убит, некий Амангельды, Кейки бежал в степь, с тех пор про него до самого 1920 года не было ни слуху ни духу» деген хабар береді (ҚРОММ 66 қор, 53 іс, 203 п.).

Енді бір құжатта Кейкінің қарауында «...В 1921 году в июле месяце у него было до 70 человек хорошо вооруженных» деген мәлімет Республикалық штабқа хабарланған. Якубовский мен Крупинин қол қойған 18 қантар 1922 жылғы №12 «оперативтік» барлау мәліметінде Кейкінің «...Перовск аймагынан қарулы 15 адамымен Қайдауыл, Сарыторғай бағытына бет алды» деп жазылған.

Тарихқа жүгінсек, бұл жылдары Торғай халқын атты казактар тонады. Кеңестік әскери коммунизм саясаты туғызған кесел халықты жаппай ашаршылыққа ұшыратты. Торғайлықтар қара шыбындаи қырылып жатты. Босқындыққа ұшыраған еңкейген кәрі, еңбектеген баланың көзжасы көл-кесір төгілді.

Ел басына түсken бұл тауқымет пен қайғы-зарына Кейкі бейжай қарай алмады. Ол мұндай аласапыран кезде ел-жұрттымен бірге болуды, аштықтан жазықсыз қырылып жатқандардың кегін алу үшін, кеңестік оспадар саясатқа қарсы күресуді мақсат етті. Кейкі өзінің үздіксіз андуда екенін білді. Темір құрсаудың қашық еместігін сезді. Бірақ, тәуекелге бел буды. «Тәуекел ет те, тас жұт, ажалаң жетпей өлмейсің» деген қагидамен жасақ ұйымдастырды. Сөйтіп, Қайдауыл, Сарыторғай өніріне атажауымен айқасуға аттанды.

<sup>10</sup> Құжатта осылай жазылған – З.И.

Бұған Торғай уезі төтенше тапсырманы орындастын взвод командирі Кормилициннің ҚазАССР Төтенше тапсырма бөлімінің штабына жолдаған баяндамасындағы: «Кейка большой националист... день ото дня организовывал себе больше и больше банду, пуская агитацию среди киргиз, что идет освобождать киргиз от ига русских, а также сделался попом, до чего киргизы очень падки...» деген сөздері дәлел.

1922 жылғы қантардың 18-інде Бүкілқазақ өлкелік ЧК бастығы Якубовский мен Қазақстандағы бандылармен қаресу жөніндегі бөлім бастығы Крупининнің Мәскеудегі ВЧК-нің арнайы бөлімінің 18 бөлімшесіне «...Кукембаев намерен организовать банду пользуясь голодовкой местного полудикого населения, с учетом военнообязанных, запрятанного оружия» деген хабары да жоғарыдағы ойымызды онан әрі толықтырады (аталған қордың 48 іci, 113 п.).

Осы табылған деректердегі назар аудараплық тағы бір жәйт Токарев Александр туралы. «Кейкі батыр» эссеінде, «...Шырт үйқыда жатқан Алексейді иығынан бір теуіп оятты да, бес атарды басып-басып жіберді» дейді (42 б.). Уақыға дұрыс. Бірақ есім Алексей емес, Александр. Өйткені, әскери комиссар Кейкіні алдаң қолға түсіру үшін Кейкінің «тамыры» деп есептелетін Александрды әдейі отрядпен бірге аттандырады. Бұл айламен құрылған қанды қақпан еді. Бұған дәлелге де Торғай уезінің сол кездегі төтенше тапсырманы орындастын взвод командирі, әрі әскери комиссар Кормилициннің 22 сәуір 1922 жылғы ҚазАССР Төтенше тапсырманы орындастын отрядтар штабына жолдаған баяндамасы айғақ болады. Онда былай деп жазылған: «Политбюро командировало отряд в 14 человек для поимки профессионалов и попутно разубедить Кейку, чтобы последний сдался добровольно и ему ничего не будет. Во главе отряда был Токарев Александр, сотрудник политбюро, какому удалось по-следнего уговорить сдаться со своими сарбазами» (Аталған қордың 53 іci, 203 п.). Бұл жұрт жадында сақталған аныз емес, накты дерек. Кормилицин өзі жұмсал отырған қызыметкерінің есімі Алексей емес екенін білмеді, не олардың есімін шатастырып, Александр деп жазды деудің қисыны жоқ.

Осы деректін соңғы жағында тағы бір назар аудараплық тұсы бар. Ол Токаревке «Кейкі өз сарбаздарымен берілуге көнді» деген сөз. Екінші бір мәлімдеме мұны теріске шығарады. Токаревке Кейкі бірден берілмеген. Қайта Кейкі Токаревті қолға түсіріп, оның отрядын толық тұтқындауды қөздейді. Енді отряд бастығының мәлімдемесіндегі мына сөздерді келтірейік: «...18 марта начотряда Токарев, следовавший впереди отряда вместе с сопровождавшим его мили-

ционером в районе аула Муршибай (на карте нет, 50 верст ю/в Тургая) наскочил на засаду бандита Кукубаева силой 14 человек, которой был обезоружен и увезен в неизвестном направлении. Отряд Токарева предупрежденный местожителями, другой дорогой миновал засаду и 18 марта прибыл в Тургай», «...Кейка сделал Токареву предложение поехать с ним верхами в г. Тургай оставив 14 человек сарбазов и 13 человек русских конвоиров позади...» (аталған істің 116, 203 п.).

Осы жерде тағы бір жаңсақтықты нақтылауды қажет санаймын. Бұрынғы деректерде оқиғаның болған жері Торғайдан жеті шақырымдай Ақмырза ауылында және әскерімен болды делінеді. Жаңа табылған дерекке қарағанда сәл басқаша дәйектеледі. Мұны дәлелдеуге бандылармен күресу жөніндегі отряд бастығының мәлімдемесіндегі мына сөздер жеткілікті: «...Не доезжая в г. Тургая 30 верст остановились ночевать.... Кейка же поговорил что-то с хозяином и во время сна наганом самого же Токарева убил.., и утащил его..., за 30 верст от места убийства...» деген сөздер аныз емес, нақты бұлтартпас дерек. Бұл дерек Токарев пен Кейкінің қонған ауылы Торғайға жеті шақырым емес, 30 шақырым екенін нақтыладап түр.

Екіншіден, Кейкінің Токаревке «...оставив 14 человек сарбазов и 13 русских конвоиров позади...» деген ұсынысына сәйкес екеуі де ез отрядтарын кейінге қалдырған, не оздырып жіберген. Токаревтің де, Кейкінің де отрядтары бұл ауылға түнемеген. Токарев өзінің қауіпсіздігі үшін қасына милиционерін қалдырған. Олай дейтініміз, Қостанай губштабының бастығы Чернышев, әскери комиссар Ноев, төтенше отряд бастығы Кемарский қол қойған 25 сәуір 1922 жылғы шұғыл мәліметте «...начальник отряда и сопровождающий его милиционер убиты бандитом Кейко...» деген сөзге қарағанда Кейкі Токаревпен бірге милиционерді де о дүниеге аттандырған (аталған құжаттың 147 п.).

Реті келген соң айта кетейік, қазір көптеген басылымдарда Кейкінің өлген мерзімі де жаңсақ көрсетілуде. Мәселен, Лидия Чернега «Судьба написанная кровью» («Казправда», 27.07.1998 ж.), Қайсар Әлім «Кешір, Кейкі баба» («Егемен Қазақстан», 31.10.2001 ж.), т.б. мақалаларда «Кейкі 1923 жылы сәуір айында өлтірілді» деп көрсетіледі. Бізше, бұл мерзім нақтылауды қажет етеді. Себебі, Қаз АССР Орталық штабына 10 сәуір 1922 жылы берілген №866. 152.25.14.15. жеделхатта «Кейка убит» деп хабарланған. Бұл жеделхаттағы сөзді 24 сәуір 1922 жылы Қостанай губкомының шұғыл барлау мәліметі «...главарь банды Кукубаев убит» деп толықтырады (аталған қордың 18 іci, 32 п.).

Бұл деректер Кейкі 1923 жылы емес, 1922 жылы 10 сәуірде жасы елуге толмай Торғай уезі әскери комиссары Дудиннің отрядымен шайқаста қаза талты деуге негіз болады.

Ресейдің отарлау саясатын жалғастырган қызыл саясаткерлер Кенес үкіметіне қол көтерген, оның саясатын мойындағандар Кейкінің кебін киеді деп халықты қорқытып, үрейлендіру мақсатын да ойластырган. Кейкінің бас сүйегін кейін Санкт-Петербург қаласындағы Антропология және этнография мұражайына Д.Букинич деген тапсырыпты. Ол жинаған алпыс мың бас сүйектің бірі – 3383 немірмен орын алды (Думан Рамазан. «Кенесары бабамның басы қайда?», «Қазақ әдебиеті», 18.08.2000 ж.). Міне, осы мақаладағы Д.Букиничтің көрсетуінде Кейкінің 45 жаста екендігі көрсетілген. Бұған қарағанда Кейкі 1877 жылы туған. Ал, Кейкінің туғанына 125 жыл толу мерекесіндегі негізгі алынған есеп бойынша Кейкі 1873 жылы туған болады. Бізше, Санкт-Петербург мұражайы мен Орталық мемлекеттік мұрағаттан жаңадан табылған деректер негізгі аларлық құжаттар.

Сондықтан, біз **Кейкі 1877 жылы туып, 10 сәуір 1922 жылы өлтірілді** деп көрсетуді дұрыс деп санаймыз. Сонда Кейкінің өмірден өткеніне 2002 жылғы сәуірдің 10 күні 80 жыл толады.

Бұл атаулы күн ескерусіз қалмауға тиіс. Әйткені, Кейкі өз халқының тәуелсіздігі үшін мерт болды. Олар Кейкінің екі інісін де атты. Ай-күні жетіп тұрған, Кейкінің жары Ақжанды бұтарлап, қарның жарып, құрсағында жатқан шарананы да пәршеледі. Кейкіні ұрпақсыз қалдырыды. Олардың денесін қарға-құзғынға жем болсын деп айдалаға тастан кетті. Патша үкіметінің тағылық саясатын кенестік басшы Дудин ешкімнен қаймықпастан, шімірікпестен жүзеге асырды. Әйткені, Дудиннің бұл тағылығына Торғай уезінің, Қостанай губерниясының, республиканың басшы, партия, кенес, құқық қорғау орындарының бірде-біреуінің үн қата алмайтынына ол сенімді болды. Әйтпесе, Кейкі басының Торғай қаласының көшесіне ілінуі, Ақжанның, жарық дүниенің есігін ашпаған жазықсыз шарананың денесін тілгілеген Дудиннің жауыздығы актауға болмайтын айуандық.

Кенес үкіметінің солақай саясатына қарсы шыққан тек Кейкі мемеді? Тарихи дерекке жүгінсек, 1921-1922 жылдары Кенес үкіметіне қарсы күрескен жалғыз Кейкі Көкембаев емес еді. Мұндай қарсылық Ресей құрамасына қарайтын 7 республиканы, 5 округті, 31 губернияны, көптеген облыстар мен уездерді қамтыды. Әрқайсысында құрамында 10-нан 3000-ға дейін қарулы адамдары бар «бандылар» тобы бірнеше жүзден саналды. Солардың ішінде тек Орынбор,

Қостанай, Ақтөбе, Торғай өнірлерін Серов, Охранюк, Беспалов, Смирнов, т.б. елді тонап, қашшама жазықсыз жандарды қырып, жойды. Олардың бірсыныраалары қызылдармен шайқас үстінде үй-ішімен қолға тұсті. Өздері өлтірліді. Бірақ, олардың бір де біреуінің дәл Кейкі секілді басы кесілмеді. Әйелдері мен балалары кескіленбеді. Сондықтан Дудиннің бұл тағылығын тек кеңестік шовинист-ұлтшылдық деп бағалау жөн.

Соңғы айтайық дегеніміз, Кейкі батырдың туы туралы. Оқырмандарға бұрыннан белгілі, Торғай облысы тарамай тұрганда Торғай облысының әкімшілігі, Кейкі батырдың туыстары Санкт-Петербургте жатқан Кейкінің бас сүйегін алдыруға, оның күмбезін салуға қызу кірісті. Арнайы қор құрылды. Кезінде бірсыныра қофам қайраткерлері, ақпарат құралдары тарапынан бұл игілікті іс қолдау тапты. Бірақ, нәтиже көніл көншітпейді. Іс «баяғы жартас бір жартас» қалпында қалды. Кейкінің бас сүйегі бұрынғыша Санкт-Петербургте жатыр. Сондықтан бұл мәселені Д.Рамазан «Намысың келе ме, келмей ме? Кейкінің басы қайда?» және Қайсар Әлім «Кешір, Кейкі баба» деген мақалаларында қайта көтерді («Қазақ әдебиеті», 10.03.2000 ж.; «Егемен Қазақстан», 31.10.2001 ж.).

Бұл пікірлерді біз де қуаттаймыз, ері осы игілікті іске қосымша Кейкінің туын қоса іздестіруді ұсынамыз. Оқырмандар бұл қайдан шыққан ту деп сұрауы мүмкін. Өйткені, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске жиналған алты болыс торғайлықтар бес ту астына жиналғаны тарихтан белгілі. Олар: Аққұм болысынан Қебек батырдың, Қертоғай болысынан Жанбосынов Әбдіғаппар ханның, Қайдауыл болысынан Иман батырдың қызыл шұбар туы, Жалдама болысынан Әлдене Қадыр батырдың тулары еді. Қараторғай болысы бұл жыныға тузыз келген. Ал Кейкінің жеке туы болды деген дерек бұған дейін кездеспеген еді.

ҚР Орталық мемлекеттік мұрагат қорынан жаңадан табылған біз айтып отырған деректер Кейкінің туы бар екендігін анықтап отыр. Ол әсіресе, 1922 жылғы 24, 25 сәуір, 4, 6 мамыр қүндеріндегі шұғыл барлау мәліметтерінде айқын көрсетілген. Солардың бірі, Қостанай губерниялық төтенше отряд штабына және осы штабтың Республикалық штабқа жолдаған мәліметтерінде: «... главарь банды Кукубаев убит, взяты трофею: 17 лошадей, знамя, граната, несколько киргизских седел, 1 одеяло, 2 подушки, кои находятся в политбюро как вещественные доказательства 14 бандитов. Последние из Тургая направлены в Кустанай» деп нақты жазылған. Бұл сөздер Кейкінің өз туы болғанын нақтыладап тұр. Мұны елдегі зерделі қарттардың білуі де мүмкін (atalған қор, 18 іс, 32 п., 53 іс, 203 п.).

Бұл халқымыздың тарихы үшін аса қымбат, тарихи ту екендігі сөзсіз. Ол жоғарыда аталған бес тудың бірі ме, әлде Кейкі батырдың өз туы ма, әңгіме онда емес, ол – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан, 1922 жылға дейін еліміздің тәуелсіздігі үшін Кейкі батыр көтерген қастерлі мұра.

«Ана тілі» газеті  
31 қаңтар 2002 ж.

## Наркескен

Таяуда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында 1922 жылдан бері сақталып келе жатқан (ҚРОММ 66 қор, 1 тізімдеме, 42 іс) «Тоналған ел» деген құжат назарымызды бірден аударды. Материалдың соңына көз жіберіп, Мадьяр (М.Дулатовтың бүркеншік есімі – З.И.) деген есімді оқып олжа тапқандай қуандық. Амал не, өкінішке қарай бұл құжат түпнұсқа емес. Оған дәлелдер мынау: бізше бұл құжатты М.Дулатов жоғары басшы орындардың біріне жолдаған. Машинкаға басылған орыс тіліндегі мәтінге қарағанда мұндағы стиль М.Дулатов стиліне ұқсамайды. Бізше ол қазақ тілінен орыс тіліне стилін сақтамай тәржімаланған. Сейтіп мазмұнын штабқа жолдаған. Олай дейтініміз, бұл құжатта жолданған мекеменің атауы, кімге жолданғаны, қайда, қашан тіркеуге алынғаны, бандыларға қарсы күресетін төтенше отрядтар штабына кімнің жолдағаны белгісіз.

Егерде бұл түпнұсқа болса (стиліне қарамай-ақ) онда М.Дулатовтың атальыш құжатты қай мекемеге, кімге, қашан жолдағанын көрсетпеуі мүмкін емес. Оның үстіне «Мадьяр» сөзінің тұсында «подпись» деген сөз тұр. Біз тек төтенше отряд штабына бұл құжатты жолдаған адамның «1.IX.» деген мерзіміне қарап, онда да осы құжат тіркелген 42-істің 1922 жылдың 22 қантарында басталып, 12 желтоқсанда аяқталуын негізге алып, М.Дулатов бұл құжатты 1922 жылдың тамыз айында жазған, қыркүйектің бірінде тіркеуге алынған деп шамалаймыз.

Осыларды негізге алып сөз етіп отырган құжатты негізгі түпнұсқа емес деген ой түйдік. Бірақ ол М.Дулатовтың туындысы екендігіне дау жоқ, күмәндануға болмайды. Хат тиісті адамға оқылу үшін аударылып берілген.



М. Дулатов

Біздің бұл материалға мұншалықты ықылас қоюымыздың себебі – ол алтынның сынығы, ардагердің жүртқа белгісіз мұрасы, Мадьярдың (М.Дулатовтың) үлкен жүрегін айқындайтын қазынаның бірі. Оның үстіне бұл құжат сонау жастық шағында халқының мұны мен зарын патша ағзамға жеткізу жөніндегі Қарқаралы шеруіне қатысқаннан бері қанша жыл өтсе де олардың тағдырын нақты дерек беруімен құнды. Құжаттың жинақтарға енбекендігімен де бағалы.

Оған қосымша дәл осы жылдарда өз басындағы ауыртпалықтар мен қыындықтарға қарамастан елге ақырет, азар берген жауыздарды жоғары орындарға хабарлап, олардың жазасын беруді көздегенімен де, Ағыбай сынды батырдың көбімізге белгісіз наркескен қылышының тағдырынан нақты дерек беруімен құнды. Құжаттың жинақтарға енбекендігімен де бағалы.

«Тоналған ел» хатына «Григорьеву» деп бұрыштама соққан адамның кім екені белгісіз. Қолтаңбасын да, мерзімін де қоймаған. Келесі бетке шамасы сол Григорьев болуы керек «нач.штабу» деп астын сзызып «указать какие районы и могли быть в этих районах части ЧОН. I.IX» деп ойқастатып қолтаңбасын қойған. Онан кейін тағы біреуі «опер» деп астын сзызып жіберіп «дать официальную справку» деген жазбамен астына «наш ЧОН КССР С.М.» деп иректеткен. Соңғы екі әріпке қарағанда ҚазАССР Төтенше отрядтар штабының сол жылдардағы бастығы Малышев болуы керек.

Құжат бетіндегі бұрыштама мен сілтемені жазғандар М.Дулатовтың «соқырға таяқ ұстатқандай» етіп тоналған елдің мекен-жайын, сондағы адамдарды соққыға жыққан жауыздардың аттарын нақты көрсетіп тұрганына мән бермейтін, не Қазақстан жерінен мұлдем хабары жоқ қызметкерлер секілді. Ал «анықтама бер» деген сөз нақты емес, Мадьярға ма, әлде бұл құжатты жіберген мекемеге ме? Кімге? Екіүшты ұғым беретін, алғауы бар бүйрек.

Бір сөзben айтқанда олар «жаны ашымастың қасында басым ауырмасынға» келтірген. Хатқа деген жауапсыздықтың әсері болуы керек, «Тоналған ел» хаты тексерілмеген, қорытындысыз қалған секілді. Құжаттың бетінде не істің ішінде ол туралы дерек кездеспеді. Бұл құнды құжат мұрағат қоймасында 80 жылға жақын сақталғандықтан мәтіндері өшүгे айналған. Сондықтан лупамен оқуға тура келді. Кей тұсы оған да көнбеді.

Енді Мадьярдың (М.Дулатовтың) «Тоналған ел» хатында не жазғанын сіздер де оқыңыздар.

Қарқаралы уезінің шекаралық болыстары өткен жылы және оның алдындағы жылы Ақмола қаласынан шыққан отрядтардың шалқыншылығына бірнеше рет душар болды. Кінәсізден кінәсіз талай жан соққыға жығылды. Бұл жағдай екі облысқа да (Ақмола облысының Ақмола қаласына, Семей облысының Қарқаралы қаласына) белгілі.

Міне, жақында тағы да мынадай бұзақылық жүргізілген: 25 маусымда Ақмоладан Қарқаралы уезінің Сарыбұлақ болысына 25 адам келді. Отряд өздерін Коммунистік отрядпры деп атаған. Отрядтың басшылары белгілі Дорошенко, Зайцев және Колесниковтар болған. Олар елден мылтық жинауды мақсат еткен. Міне, сол отрядтың Сарыбұлақ болысында не істегенін көріңіздер:

№5-ші Дүйсен Бектеміровтің ауылында мылтық атып, атып тастаймын деп қорқытып өздеріне бірінші кездескен қазақтарды қыран жапқандай қирада сабап, өлімші етіп ұрып-соғып кудеге (*маяга*) әкеп тыққан. Өлімші болып таяқ жегендер: Дүйсен Бектеміров, Еркебек Дүйсенов, Сәттібек Бектеміров, Құлжан Аманов, Сақатбек Дүйсенов, Ахмет Бектеміров, Юсупбек Аманбаев, Қазақбай Әлкиев, Жұмахан Сопин, Мәүкі Сопин, Мұстафа Сопин<sup>11</sup>, Әліқұл Сейітқамалов, Іскендір Белгібаев, Жақыпбек Түгелбаев, Айнабай Баймараев, Әбілда Баймараев, Жақсыбай Биганбаев, Үсен Мұрзанбетов, Тұлкібай Құлтанов. Бұлардың үстіне таяқ жеген әйелдер де бар. Елді онан да бетер қорқыту үшін пулеметтен оқ жауадырган. Осыдан кейін отряд елді тонауға кіріскең. 50 шамалы ат пен айғырды ұстап алғып, оның 20-сын қайтарып беріп 30-ын өздері алған. Мұнан басқа тоналған заттар: 181 пар ақбөкен мүйізі, 17 жастық, 5 кім, 7 шекпен, 15 білезік, 5 сақина, күміспен өрнектелген 5 ертоқым, 2 күмістелген... (*оқылмайды, өшікен – 3.И.*), 2 қап ұн, 20 сом күміс, 15 мысқал<sup>12</sup> теңге, 4 кілем, 2 ішік... (*өшіп кеткен – 3.И.*) және басқалары.

Ағыбай батырдан «наркескен» деп аталатын қылыш қалған еді. Осы қылышты Сопының әйелі, Ағыбай батырдың келінінің үйінен тауып алды. Әйел: «Қалаған, көңілдерің ұнаған барлық заттарды алындар, бірақ атамнан қалған ескерткіш, оның көзі – қылышты қалдырындар», - деген зарын тыңдамай, оны өлімші етіп ұрып-ұрып... (*қалған сөздері оқылмайды – 3.И.*). Қылышты тартып алғып кеткен.

<sup>11</sup> Сопы – Ағыбай батырдың баласы – 3.И.

<sup>12</sup> Әр мысқалдың салмағы 4,25 гр. – 3.И.

Отряд ауылды ойрандап болғаннан кейін болыс атқару комитетіне келіп, бірнеше құс мылтықты таңдал алған. Сөйтіп, отряд женел келіп, барлығын тиеп, артынып-тартынып ауыр жүкпен кетті.

Дәл осы отряд жинаған олжаларын апарып тастап 12 шілдеде Қарқаралы уезінің Қызыл таң (*әлде Қызыл ту болуы да мүмкін, өшіп кеткен – З.И.*) болысын тонады.

Асанбек Қарабековтің ауылына келіп, өздеріне екі үй тігуді, үш қой сойып беруді талап еткен. Сол ауылда түнеген. 100-ге тарта қазақты жинап олардан мылтық тауып беруді талап еткен, өлімші етіп сабап, ұрып, соқкан... (*бірнеше сез өшіп кеткен – З.И.*). Қырып-жоямын деп қорқытқан. Осы ауылда аштыққа қарсы күресетін үйымның мүшелері Ахмет Әбдірахмановты, Іскендір Тұлқанбековті (*Толқынбеков болуы да мүмкін – З.И.*) олардың кім екендігін білу үшін мандаттарын сұрағанда тұтқынға алған. Барлық әйелдерді зорлаған. Бұл ауылдан 20 жылқы, 5 түлкі ішік, күміспен өрнектелген бір ертоқым, бір жай ер... (*қалған создері оқылмады – З.И.*), 5 шапан, бір киіз текемет, 20 сақина, 353 күміс теңге, 3 сейsep, бір арбаны тартып алғып кеткен. Отрядтың Мойынты болысына бару ниеті бар.

Жоғарыда аталған болыстар мұндай зорлық-зомбылыққа шыдай алмай, Ақмола облысынан ... (*бірнеше сез өшіп кеткендіктен оқылмады – З.И.*) Түркістан өлкесіне кеткен. Ол жақтан тұған жеріне таяудаған оралды.

Бұл жайында Қарқаралы уаткомы мен укомы Семейге және Ақмолаға жеделхат жіберген. Бірақ онан әлі күнге нәтиже жоқ.

### Мадьяр

(ҚРОММ 66 қор, 1 тізімдеме, 42 іс, 25 п.)

Ойымызды түйіндей келгенде осы хаттағы елді тонаушы отряд басшылары Дорошечко, Зайцев, Колесниковтерді Мадьярдың «известные» деп көрсетуі бізге екі түрлі ой салады. Бұл үшеуі де белгілі болғандар. Қызылдар жағынан ба, әлде актар жағынан ба? Қолдағы құжаттарға қарағанда біз білетін Колесников екеу. Бір Колесников Ақмола, Семей губернияларына Алтай өңірінен келіп қарақшылық жасап жүрген бандылар тобының басшысы, ал екіншісі қызылдар жағында басшы партия қызметтерін істеген Колесников бар. Бұл жылдарда партия, кеңес жұмыстарында жүріп қарақшылықпен айналысқан коммунистер де аз болмаған.

Ал Дорошенко мен Зайцев жөнінде әзірге ешбір нақты дерек қолға түсken жоқ.

Екіншіден, егерде осы үшеуі де шын мәнін-дегі бандылардың басшылары болса, онда сол кездегі бандылардың кеңес армиясының қолына түспей кеткендері кемде-кем.

Олай болса Ағыбай батырдың «наркескені» айғакты қару ретінде ВЧК, ОГПУ, ұштіктің, тергеу, сот орындарында есепке алынуы мүмкін. Бұл Ағыбай батырдың наркескенін іздестірудің бір жолы.

М.Дулатовтың «Тоналған елінің» түпнұсқасын іздестіру келешектің ісі. Бізше, кезінде М.Дулатовты кінәлайтын деректің бірі ретінде «Тоналған елдің» түпнұсқасы бұрынғы ОГПУ, ВЧК, әскери трибунал, сот, прокуратура мұрагаттарында сақталуы мүмкін. Ең соңында М.Дулатов көрсеткен Сарыбұлақ болысында өлімші болып сокқыға жығылған 19 адам мен Асанбек Қарабековтің ауылында 100-ге тарта жәбірленгендерден қалған ұрпақтарының жұрагаттары, құйма-құлақ, жады берік карттар әңгіме болып отырған осы мәселелер жөнінде білетін деректерін Қазақстан Республикасының мұрагаттар ісі мен құжаттану жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығына хабарласар деп сенеміз.



Ағыбай батыр

«Егемен Қазақстан» газеті  
26 қыркүйек 2001 ж.

## «Бандылар»

Еліміздің тәуелсіздік алғанына он жыл толуға айналды. Соңан бері тарихымыздың көптеген актандық тұстары елге жария етілді. Бірақ түрән тимей тұрған жерлері де бар. Солардың бірі – 1921-1922 жылдардағы бандылар.

Күні кешеге дейін Қазақстан тарихында осы екі жылдағы бандылар туралы мәселе жөнді әңгіме болмай келді. Қозғала қалса үстірт, қалқи айтылды. Оның орнына Ташкент, Бұқара, Самарқан, Фергана облыстары мен Туркімен, Қыргыз елдеріндегі басмашылар туралы деректер молырақ қамтылды. Қазақстандағы бандылар туралы сөз қозғалса, көбінесе елді ұжымдастыру, жер аударылған байларды тәркілеу кезендерімен байланыстырыды. Онда да оларды

басқарушылар және оған қатысушыларды ұлтшыл-шовинистер, байшыл ақсүйектер деді. Олар пролетариатқа, Қеңес үкіметіне, Коммунистік партияның саясатына қастандық жасаушылардың әрекеті деп теріс түсіндіріп, ұғындырылды. Накты жағдайды халықтың санасынан шығарды, деректерді бұрмалады.

Сондықтан Қазақстан жерінде 1921-1922 жылдары Ресейдегідей бандылар бүлікшілер болды ма? Болса оны туғызған қандай жағдай? Шындығында бұлардың барлығы да банды болды ма? Сонда олардың арасында халқым, елім дейтін ерлердің болмағаны ма? «Банды» деген сөздің астарында халықтан жасырынған құпия сырлар жоқ па? Міне, осындай сан салалы сауалдарға жауап іздел, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттарды актардық (КРОММ 66 қор, 1 тізімдеме. Мұнан былай тек іске және оның парагына сілтеме жасалады – З.И.).

Нәтижесінде бұл құжаттар көптеген мәселенің бетін ашты. Ең алдымен бұл тарихи деректер 1921-1922 жылғы бандыларды Қеңестік үкімет пен Коммунистік партияның сол жылдардағы солақай саясаты туғызғандығына көз жеткіздік. Себебі азамат соғысы жылдарындағы әскери коммунизм саясаты қыспағының жаңа экономикалық саясатқа ұласуы, бұл саясатты партия үйімдарының, қеңес, шаруашылық органдарының солақай жүргізуінен бүкіл одак көлемінде жаппай ашаршылықтың етек алуды, халық тұрмысының күйзелуі жер-жерде «бандылардың» пайда болуын тездепті.

Бұл бандылар ең алдымен Ресей құрамасында бой көтеріп, оның оты бүкіл одакты шарпыды. Татар, Башқұрт, Коми, Закавказье, Грузия, Дағыстан республикалары мен Алтай өлкесін, 5 округті, 31 губернияны, Петербург, Мәскеу, Тамбов, Воронеж, т.б. көптеген облыстар мен уездерді қамтыды.

Бүкіл одак көлемін шарпыған бандылардың қарулы күшін басу, оларды жою оңайға түспейтін болды. Ол үлкен күшті, көп қаржыны, шұғыл шараларды қажет етті. Сол үшін одак көлемінде Петербург, Мәскеу, Батыс, Орлов, Украина, Қырым, Солтүстік Кавказ, Еділ бойы, Орал бойы және Сібір, Түркістан әскери округтері құрылды. Мұндай әскери округтерді құрмасқа Коммунистік партия мен Қеңес үкіметінің шарасы болмады. Мәселен, бір ғана Алтай өңірінде әр-қайсысында 500-1500 аралығында қарулы әскери бар Кайгородов, Тырышкин, Санников, Семенюк, Шуберков, Колесников сияқты 20-дан астам банды отрядтары Қеңес үкіметіне қарсы қүресті. Оның үстіне бұл өлке шекарасына жақын Қытай жағынан әскерлер келіп, өздеріне сәтті кезеңді күтіп тұрды. Олар ара-тұра бандылармен қосылып Қеңес үкіметіне қарсы шабуылдарға қатысып жүрді.

Царицын губерниясында Рогачев, Золотарев, Линченко, Смирнов секілді ондаған банды отрядтары бүлік шығарды. Полиани, Серго Маташвили, Крапашвили, Канакадзе, Абасиндзе, Магшашвили, т.б. басқарған бандылар Закавказье мен Грузияда Кенес үкіметіне қарсы майдан ашты.

Ал, Қазақстандағы бандылар жөнінде бұрын бұл мәселе жеткілікті айтылмағандықтан ұйымдастыру мәселесінен бастап толығырақ баяндауды жөн көрдік. Қазақстанда бандылармен куресетін Төтенше міндеттер жүктелген отрядтарды (ЧОН) ұйымдастыру және оны жасақтау 1921 жылдың 24 наурызындағы РК(б)П Орталық комитетті ұйымдастыру бюросының қаулысы негізінде сол жылдың 26 наурызынан бастап жаппай жүзеге аса бастады. Республикада бұған дейін-ақ осы текtes ұйым Орал, Елек, Гурьев, Калмыков, Ойыл, Жымпіты қалаларында ұйымдастырылған еді (14 іс, 39, 40 п.).

Қазақстанда облыстық партия комитетінің қаулысымен төтенше отрядтарға басшылық жасайтын штаб және әскери кеңес құрылды. Отрядтың ережесі жасалды, облыстық партия комитетінің 1/VII-1921 жылғы қаулысымен Республикалық төтенше отрядтың бастығы болып Положешников тағайындалды. Штаб пен әскери кеңестің алғашқы жарлықтары 1921 жылдың 3 шілдесінен бастап жер-жерге таратылды. Осы жарлық негізінде Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей, Орынбор, Ақмола губернияларында төтенше отрядтар мен әскери кеңестер құрыла бастады. Республикалық орталық штабқа Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей губерниялары және Адай уезі бағындырылды. Ақмола, Семей губерниялары жер шалғайтығына байланысты Сібір әскери округі және Қазақстанның Орталық штабымен өзара қатынас жасап, отрядтарға қатысты мәселені бірлесіп шешетін Ақмола мен Семей губернияларына арнайы екілдер жіберілді. Бірақ қандай себептің бары бізге белгісіз, Қазақстан басшыларының бұл шешімі орталықтан қолдау таппады. 1921 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасының төтенше отрядтар орталық штабы және оған қарайтын губерниялар штабы Еділ бойы әскери округінен (ПривО), ал Ақмола, Семей губернияларының штабтары Сібір әскери округінен (СибВО) барлық тапсырмалар мен бұйрықтарды, жарлықтарды алатын болып шешілді. Олардың директивалары, тапсырмалары Қазақстан губернияларындағы штабтарға заң болып табылатындығы ескертілді. Осыған байланысты бұрын «Қазақ АССР-інің Төтенше міндеттер жүктеген отрядтар штабы» дейтін атауы өзгертиліп, енді «Қазақ АССР-інің Төтенше міндеттер жүктелген отрядтарының бөлігі» деген атаумен жұмыс істеу тапсырылды (15 іс, 173 п.).

Қазақстанның бес губерниясы мен бір уезі бағындырылған Еділ бойы әскери округінің өз құзырындағы жерлері де аз емес еді. Сондықтан бұл әскери округ өз жағдайына байланысты бұл аймақты 9 участеге (Татар республикасы, Эльтон және Астрахан өлкесі, Царицын, Саратов, Самара және Пенза губерниялары, Марий және Чуваш облыстары) бөлгөн (44 іс, 5 п.). Соған қарамастан оған енді Қазақстанның кең көлемді қамтитын бес губерниясы мен бір уезін қости. Бұл бас қосып отыруды, шұғыл шара қолдануды қынданат түсті. Бізше бұл бөлістің, мұндай басшылықтың астарында елеулі бір құпия жатқаны күмәнсіз. Біз бұл пікірімізге Еділ бойы әскери округінің Қазақстандағы өкілі, Төтенше отрядтар командирінің көмекшісі Положешниковтің 1921 жылғы 18 қазандағы өз бастықтарына жазған №1199 баяндауындағы: «...Соғыс жағдайында Қазақстан Республикасының аймағын көршілес федерацияға бағындыруы әдеттегі жағдайдан тыс әрекет», - деген сөзін тілге тиек етеміз.

Орталық штаб тарапынан тапсырмада сәйкес бүлікшілерді барлау және басшы орындарды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында полк құрамындағы әр отрядтың сенімді азаматтарынан бес, ал батальон мен ротадан үш-үштен адам іріктелініп алынды. Олар 1921 жылы 6 шілдеден бастап іске кірісті және жинақтайтын мәліметтердің үлгісімен қамтамасыз етілді. Республика бойынша (Семей мен Ақмоладан тыс) бандылармен құресетін ВЧК, ОГПУ, Қызыл армия дивизиялары, полктары, батальондары, роталар мен взводтары, оларға берілетін соғыс қарулары, оқ-дәрілері, көліктері белгіленді.

Бұған қосымша әрбір елді мекендерде, қалалардағы өндіріс орындары мен станцияларда «өзін-өзі қорғайтын коммунистік отрядтар» үйімдастырылды. Орынбор, Ақтөбе, Орал өніріндегі бандыларды жоюға №70, 74, 106, 110 бронепойыздары жабдықталды.

Алайда бандыларға қарсы құресетін отрядтарды үйімдастыру асығыс, әпербақандықпен жүргізілді. Оған дәлел ретінде 1921 жылдың 13 ақпанындағы Көкшетау уезі саяси бөлімінің №2 бүйрығын келтіреміз. Сонда: «...Көкшетау қаласында тұрақты тұрған немесе қызмет бабымен қалага іссапармен келген РК(б)П-ның барлық мүшелері мен кандидаттары әскер қатарына шақырылған болып табылады және олар коммунистік отрядка жіберу үшін тіркеуден өтуге әскери штабтың саяси бөліміне шұғыл түрде келуі керек. Бұл бүйрық сонымен қатар Коммунистік жастар одағының барлық мүшелеріне де тікелей қатысты. Уезде және қалада тұратын коммунистер саяси бөлімге уақытында келмесе, әскери төңкеріс сотына тартылады!» деп жазылды (8 іс, 3 п.).

Қазақстан жерінде бандылардың бой көтеруіне қарсы құресу үшін барлық губерниялар мен уездерде «ұштіктің» жаңында саяси бөлімдер құрылды. Бұлар «банды» деп табылғандарға, Қеңес үкіметіне қарсы ниеттегілерге аса қатыгездікпен қарады. Олардың кейбіреулері озбырлық пен әпербақандық бағыт ұстады. Мәселен, Қекшетау уезі төңкеріс ұштігінің бастығы Ганшкевич «...бандылар атқан әрбір коммунист, қызыл әскер немесе атқару комитеттерінің мүшелері, бір сөзben айтқанда әрбір қеңес қызметкери үшін кепілдікке алынған 10 адам атылатындығы» жөнінде бұйрық шығарды және оны кез келген жерге көрнекі жарнама етіп іліп қойды (10 іc, 1-3 п.).

Тарихи деректерге қарағанда, Қазақстанда байырғы халықтың өкілдері ұйымдастырыған банды отрядтары саусақпен санарлықтай аз, басым көвшілігі негізінен Ресейдің Қазақстанға көршилес облыстарынан келген казактар мен Башқұртстан және Татарстаннан ығысып орын тепкендер. Казактардың негізгі күштері де, ұйымдастыруышылары да патша заманында алған еркіндігін қөксеген, айтқаны болып, патша ағзамның мол мадағына ие болған бұрынғы станица атамандары, урядниктері, офицерлері еді.

Солардың бірі – бұрынғы Гурьев станицасының уряднігі, кейін Қызыл армияның 25-дивизиясының командирі боп Батыс Қазақстан шаруалар қозғалысына басшылық жасаған А. Сапопековтың қаравында қызмет атқарған Серовтың бандасын әңгімеге арқау етпекпіз. Себебі Қазақстандағы басқа бандыларға қарағанда ол оңтүстікте Манғыстаудың Александровскі фортынан бастап, солтүстікте Ақтөбе, Орынбор, Самара, батысында Саратов, Орал губерниялары мен Гурьев, Ойыл уездерінің жерлерін бірнеше рет ойқастаған. Соғыс күші де, майдан операциялары жағынан да басқаларға қарағанда күрделі топ.

Серов алғаш рет өз отрядын «Халықтың еркін қорғау үшін ереуілге шыққан әскери топ» деп атады да, кейін әскери құрамы қебейіп, күші нығайған соң «Көтеріліс жасаушы халық пен әскердің дивизиясы» деп шыға келді. Әскер құрамының негізі Орал казактары, қалғандары әр түрлі жағдайда тұтқынға түскен қызыл әскерлер мен татарлар. Әскерін тәртіпке келтіру, соғыс қымылдарын ақылдасып жолға қою мақсатында дивизия штабын, штаб жаңында әскери төңкеріс кеңесін құрды. Қарамағындағыларын үш полкке бөлді. Дивизия командирі өзі болды. Штаб бастығына Семеновты, төңкеріс кеңесінің төрағасы етіп Долматовты, оның мүшелері етіп Горинді, Митрясовты, Туринінді, Землянскийді тағайындаған. Мұндан ұйымдастыру жұмыстарын Қеңес үкіметіне қарсы елді мекендер

мен қалаларға, бекіністерге, станицаларға, хуторларға шабуыл жасай жүріп іске асырды (18 іс, 25-26 п.).

Біз бұл жерде Серов отрядының қай жерде, қай күні, қандай шайқастарға қатысып, қандай елді, ауылды шапқанын, тонағанын, жеңгенін, жеңілгенін тәптіштеп жазуды жөн көрмедік. Өйткені құрамында 3000 қарулы әскері бар Серов дивизиясының Ресейдің Саратов, Самара губерниялары мен Қазақстанның бес (Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей) губерниясындағы ауылдар мен селоларды шаптағаны кемде-кем. Сондықтан Серов дивизиясының елеулі шайқастарына – жеңіске жеткен, қүйреп шығынға ұшыраған сәттеріне ғана тоқталғанды жөн көрдік.

1921 жылдың қараша айында Серов пен Горин 1000 қылыш, 12 пулеметпен қаруланған отрядтарымен Саратов, Самара губернияларынан Қазақстан жеріне өтті. Ондағы ойы – Гурьев қаласын алып, Каспий теңізі арқылы Түркістан даласына өтіп кету болды. Осы мақсатын жүзеге асыру үшін Серов Красный тал, Пиратори, Дергачев, Чижин, Озинки, Мергеновский елді мекендерін алып, Калмыков арқылы Жымптыға жақындалап бірнеше бағытқа бөлінді. Горин Круглый портына (Калмыковтың солтүстік жағында 25 шақырым), Киселев Прорва, Серов Каспий теңізі жағалауымен Гурьев қаласына қарай бет алды. Каспий теңізі арқылы Серовтың ізіне түскен пароходтағы қызыл әскер тобына Киселев кездесіп, атыс кезінде олардың бір пулеметшісін және пароход рулін басқарушысын жарақаттап, көп күшке шыдай алмай Яманка, Кармановқа қарай ығысуға мәжбүр болды.

Серов желтоқсан айының 7-сі күні таңғы сағат 7-де Калмыков қаласын алуға Киселевтың, Митрясовтың, Иванцевтің отрядтарының басын қосып, 700 әскерімен шабуыл жасады. Бірақ Калмыковқа екі рет шабуыл жасағанмен (12 сағат бойы) қаланы толық ала алмады. Келесі күні Сарыбай қопасында тұрған 400 қылышты әскерін әкеп, Калмыковты басып алды. Діттеген мақсатына жетті. Бірақ бұл қала оған едәуір ұшығынға түсті. 113 адамынан өлідей айырылды, 60 жауынгері жарақат алды.

Серов енді Гурьев қаласын алуды мақсат етті. Ол үшін Яманка, Сарайшық, Редут поселкелерін алып, Гурьев қаласын алуға жол ашты. 1921 жылды 16 желтоқсан күні тұнгі сағат 12-де 1000 қарулы жауынгері мен 12 пулеметтен оқ жаудырып өздерін «Халық армиясы» деп ұрандалап Гурьев қаласына шабуыл жасады. Бірақ қала гарнизоны баррикада жасап жан алып, жан беріп қаланы қорғады. Гурьев қаласы үшін шайқас төрт күнге созылды. Әр жауынгерге 50 оқтан есептеген оқтары таусылды. Сондықтан Гурьев казактарының

өздерінің үйлерінде тығып қойған оқтарын алдырып пайдаланды. Бірақ нәтижे шығара алмады. Гурьевте Кеңес үкіметін құлатып, жаңа үкімет орнатамыз, кеңес әскерінің құғынынан құтыламыз, онан әрі Түркістан даласына қарай теніз арқылы шығамыз деген арманы орындалмады. Тауы шағылды. Қала үшін болған қырғында Серов 350 жауынгерінен айырылды. Оның ішінде жақын жолдастары Горин мен Катушов қаза тапты (20 іс, 370 п.).

Гурьев қаласында жеңіліс тапқан Серов 18 қаңтар 1922 жылды Ойыл коммунар взводымен ВЧК отряды қорғап тұрган Ойыл бекінісін алды. Серовтың тегеуінді күшінен Ойыл бекетіндегі коммунар мен ВЧК жауынгерлерінің қауқары кем болды. Оған бүкіл Қазақ өлкесі төтеше комиссиясының бастығы Якубовскийдің 18 қаңтар 1922 жылғы: «Қызыл әскердің көпшілігінде киім-кешек, аяқ-киім жоқ болды. Қазіргі уақытта Орал губерниясында 25-30 градусқа жететін қатты аяз» деген сөзі нақты дәлел (42 іс, 4 п.).

Сол күні Еділ бойы әскери округі қолбасшысының орынбасары Артеменко Орал қаласынан Серовпен телеграф арқылы Кеңес үкіметіне қарсылықтың барлық түрін тыюы және Серовтың өз еркімен берілуі жөнінде сөйлесті. Бірақ сол сәтте арадағы байланыс үзіліп кетіп, бұл әңгіме 26 қаңтарда қайта жалғасты. Нәтижесінде 26 қаңтардан бастап екі жақ екі жетілік уақытша бітім жасауға келісті. Өз еркімен берілуі жөніндегі шарттарды әзірлейтін комиссия жұмысына қатысу үшін Серов арнаулы өкілін Орал қаласына жіберді.

Серовтың Кеңес үкіметіне өз еркімен берілуі және Ойыл бекінісін тастав шығу мәселесі 1922 жылды 8 ақпанда қайта қозғалды. Оған Ойыл бекінісінен Орал бағытына бет алдып, Жымпityдан өткеннен кейін барлық кару-жарақтарын сол жерде тапсырып, отрядымен Орал қаласына келу ұсынылды. Серов бұл ұсыныстарды өз тарапынан құрылған комиссияда талқылатап жауабын беруге келісім жасады.

Серов екі жетілік бітім жөніндегі келісімді өз мүддесіне – әскери шаруашылық қорын молайтуға, халық арасында өзінің саясатын насиҳаттап, тұргындарды өзіне тартуға пайдаланды. Әлде қалай күн болады деген оймен Ойыл бекінісінен тыс жерлерге астық және мал азығын сақтайтын пункттер, қоймалар дайындалап, елден жинаған астық пен жем-шөпті сонда сақтады. Өз құзырындағы әскердің бәрі де казактар болғандықтан салымдардан жергілікті казактарды босатып, негізгі салмақты қазактарға салды. Осының арқасында әскерінің жай-күйін жақсартты. Пулемет түрлерін көбейтті. 12 автоматты винтовкамен толықтырды. Әрбір жауынгеріне винтовка,

найза, қылыш, қосарына бір-бір жарапты ат берді. Офицерлерді револьвермен қамтамасыз етті. Қажетті ок-дәрісін 21 арбамен, киімтамақтарын 229 арбамен алып жүргүре мүмкіндік туғызды (18 іс, 27, 28 п.).

Серовтың мұндай әрекеттері Кеңес үкіметін, әскери округті, ВЧК мен ОГПУ-ды қанағаттандырмады. Мұны Серовтың Кеңес үкіметіне берілуден бас тартуы, мойындауы деп тапты. Сондықтан Ойыл бекінісіне бақылауды бұрынғыдан да күшету жөнінде 242-полктың бөлімдеріне бұйрық берілді. Оның үстіне 2 ақпанда 242-полктың найза мен пулеметпен қаруланған 4 рота құрамын алдын ала Ойыл бекінісіне жақындастып орналастырды. Өйткені Серов келісімге келмеген жағдайда бірден шабуыл жасауды жоспарлады. Сөйтіп, күшті топтастырып алып, Еділ бойы әскери округінің қарулы күшімен Серовты Ойыл бекінісінен еріксіз шығаруды қөздеді.

Ақырында ол 27 ақпан 1922 жылы Ойыл бекінісін тастап шығуға мәжбүр болды. Бірақ ол өзін жою жөніндегі жасалған жоспарды, тосқауылды құні бұрын білген болуы керек. Оралдың солтүстік шығысында 120 шақырым жердегі Биккуккүз-Родзяновский поселкесін 500 әскерімен (оның 200-300-і қылышпен қаруланған) басып алды. Жергілікті халықты Кеңес үкіметін құлатуға шақырып, үндеу таратты.

Осыдан бастап Серов құн сайын дерлік жаңа елді мекенді шауып қиратуға кірісті. Қара Қобда өзені бойында 10 наурыз 1922 жылы Краснояр поселкесінде тұрған 18-Орынбор жаяу әскері және атты әскер курсанттарының құрама отрядтарымен 12 сағат бойы шайқасты. Соғыста 73 адамынан өлдій, 200 адамынан (жарапатталған) тірідей айырылып шегінді (18 іс, 27-28 п.):

11 наурызда 8 ауылға шабуыл жасап, Серовтың талқандауға жіберілген әскердің азық-түлігін тасыған керуенді басып алды. Керуенді басқарып келе жатқан ОГПУ-дың арнайы өкілін, оның көмекшісін, Елек ауданы саяси бүросының екі қызметкерін, 3 курсантты атып, өлтіріп ілгері жылжыды.

13 наурызда Линевский, Озерск стансаларын басып алып, тұрғындардың малдарын тонап, дайындау кеңесесінде сақтаулы тұрған 200 пүт ұнды, 100 пүт етті арбаға тиеп алып, 3 коммунарды атып кетті. Осыдан кейін Серов бағытын шұғыл өзгертіп 20-21 наурызда Еділ бойы әскери округі 27-дивизиясы мен 22-Елек ротасының бірлескен күшімен шайқасқа түсті. Сол соғыста 17 жауынгері қаза тапты, 11 жарапат алды. Бұл әскери құрама Серовтың бандысымен Болдырев, Тасты поселкери бойында қайта кездесіп Серовтың 110 әскерін өлтіріп, 87-ін жарапаттады.

Серов шайқастарда күйреп, қарулы күші мен азық-тұлғінен айырылып, кеңес қарулы күшімен соғысудан нәтижелі іс шығара алмаған соң коммунистермен құресудің бейбіт жолын іздестірді. «Бізді жан-жақтан қолдауға жұрт асығуда, Кеңес үкіметінде барлығы 12000 ғана әскер қалды», - деп елдің арасында үгіт таратумен айналысты.

Екіншіден, дәрігерлерді ұйымдастырып коммунистерді өлтіріп кек алумен шұғылданды. Бұл жөнінде 7 шілде 1922 жылғы Саратов губерниясы Серовск уезі әскери комиссариатынан түскен барлау мәліметінен мынаны оқимыз: «...Николаев селосынан (Жаңа өзеннің солтүстік шығысынан 30 шақырым) Владыкино селосына тырықсақ ауруына қарсы егу жұмысын жүргіземін деп тамырға күшті әсер ететін у жіберу арқылы коммунистерді өлтіруге келген Серов бандысының агенті Елизавета Музыкантская ұсталды. Серов осы мақсатпен губерния аймағына 19 агентін жіберген».

Ойымызды жинақтағанда Серовтың бандысын құртуға Каспий жағалауынан 2 пароход, Орынбор, Ақтөбе, Орал, Самар, Саратов губернияларынан 4 бронепойыз, Қызыл армияның, ОГПУ-дың, ВЧК-ның бірнеше полктері, батальондары, роталары, взводтары, 7 губернияның төтенше отрядтары мен «өзін-еzi қорғаушылар» тобы қатысты. Осында қарулы күшке Серовтың қарсы тұрар қауқары қалмады. Ол өз мақсатына жетпеді. Ізін де жасыра алмады. Оған қайда барса да «Қорқыттың көрі» қазулы тұрды. Оның үстіне майдандас достары Бородин, Семенов, Долматов өз еріктерімен Кеңес үкіметіне берілді. Бірсыныралары майданда оқша ұшты. Енді барада жері, басар тауы қалмаганнан кейін 1922 жылы 4 шілдеде Чижинскінің онтүстігінен 2 шақырым жерде өз еркімен Кеңес үкіметіне тұтқынға берілді (44 іс, 75-76 п.).

Бір сөзben айтқанда Орынбор, Ақтөбе, Самара, Бекей, Саратов губерниялар екі жылдай ойқастаған Серов бандысының тағдыры осымен аяқталды. Серовтың әрекетін таразылау, бағасын беру келешектің ісі. Біздің мақсатымыз – құжаттарды оқырмандарға қаз-қалпында көрсету.

Сөз түйіні – Қазақстандағы бандылардың басым көпшілігі атаман, урядник, офицер казактар екендігін жогарыда айттық. Олардың Кеңес үкіметіне қарсы құрестерінің өзіндік себептері де бар. Казактар Қазан төңкерісіне дейін Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асыруда күшті рөл атқарды. Империяның жер көлемін ұлғайтуға елеулі улес қосты. Казактарға осында қызыметі үшін патша үкіметі көптеген жеңілдіктер берді. Олар еркін болды. Айтқаны болды. Осыны көксеген казактардың бандылары: «Жасасын Николай!»,

«Жойылсын коммунистер!» - деп ұран көтерді. Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шықты. Бірақ солай болса да бұлардың ішінде де сол кездегі Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің саясатына, елдегі қоғамдық-саяси өмірге, халықтың мұқтаждарына, ауыр халіне әбден көздері жетіп, қарулы көтеріліске шыққандары да болуы мүмкін. Ал кезінде «банды» деп танылған қазақтар арасында да «коммунизмге қарсы құресетін партизан отряды» деп атағандары да, «Коммунистер мен Кеңес үкіметі жойылсын!» деп ұран көтергендері де болды.

Жалтақтайтын несі бар, өз уақытындағы ахуадға қарсы пікір айтып, ереуілге шыққандардың бәрі де банды аталды. Мәселен, мұрагаттық деректерде Ресейдің Орехово-Зуево жұмысшыларының, уездік милициялардың осындай әрекеттері және Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа, коммунистік саясатқа қарсылықтың бәрін бандының ісі деп теріс баға берілді.

Бізше, бұлардың ара-жігі, ак-қарасы ашылатын мезгіл жетті. Ақ болса несімен ақ, қара болса несімен қара екені айқындалса деген ой бар. Өйткені кезіндегі тарихи құжаттарда банды болып тіркелген Амангелдінің сенімді досы Кейкі Көкембаев, Адай уезінің бірінші төрағасы Тобанияз Әлниязовтар қазір халықтың өз бағасын алды. Есімдері өмірге қайта оралды. Ал кезінде банды аталған А.Құдайбергенов (Орал), Құрман (әкесінің есімі құжаттарда көрсетілмеген – З.И.), Тоғызыбаев (Орал), Нұрмаханов (Орал), Сапаш Қалиуллин, Чипаев (В.Чипаев емес, қазақ Чипаев) (Орал), Баязит Өсербаев (Қостанай), Таңатаров (Орынбор), Балташ Дүйсенов (Ақмола), Жантай (әкесінің есімі көрсетілмеген – З.И.), Шүбереков (құжаттарда Чубереков деп жазылған – З.И.) (Шығыс Қазақстан), т.б. күні бүгінге дейін кім екені анықталмай келеді.

Үшіншіден, сол кезде Коммунистік партияның ұранын көтерушілер бандылармен құресті қүштейтуді желеу етіп, қазақ және басқа ұлт өкілдеріне сенімсіздік көрсетпеді ме екен деген күдік те жоқ емес. Олай дайтініміз Ыргыз уезі әскери комиссариатының Қазақ өлкелік әскери комиссариатына 20 тамыз 1921 жылы жазған №3358 рапортында Торғай уезі әскери комиссариатының бандылармен құресу жөніндегі төтенше отрядтарды жасақтаудағы іс-әрекетіне наразылығын айта келіп: «...Самовластно объявляет мобилизацию населения граждан от 18 до 40 летнего возраста, не ставит в известность мобчасти уездвоенкома и из этого элемента формирует отряды О.Н., как в смысле боеспособности и благонадежности не соответствует своему назначению, а тем более из киргизского населения, которые не подлежат никакой мобилизации согласно

директивов и приказов» (15 іс, 43-44 п.) дейді. Сонда: «Бұл Қенес үкіметінің қазактардан үркіп берген нұсқаулар мен бұйрықтары болғаны ғой? Қазактарға мұндай сенімсіздік неден туды? Оны туғызған кімдер және қандай жағдайлар? Оған не себеп болды?» - деген сауалдар туындейды. Осындай нұсқаулар мен бұйрықтардың әсері болуы керек жасақталған отрядтар мен оларға басшылық жасайтын әскери орындарда Қаратасев пен Бекейхановтан басқа қазактардың есімдері сирек аталады.

Реті келгендеге айта кетейік, Қазақ Республикасы төтенше отрядтар штабының бағыты Малышев 13 қараша 1922 жылы №256 бұйрықпен штаб басшылары Дувельштейн, Арсенбаев, Бекейхановты өз төрағалығымен 17 қарашада аттестация өткізу жөнінде комиссия құрды. Көріп түрсіз ба, бұлардың ұлттық құрамы да назар аударарлық (36 іс, 2 п.). Оның үстіне ППОГПУ-дың Қазақ АССР-ы жөніндегі өкілінің орынбасары Волженский әкімшілік және қызметкерлерін тазалаудан өткізу жөнінде төтенше отрядтардың командирі Григорьевке 23 қараша 1921 жылы №2060 қатынаспен тапсырма берді (37 іс, 38 п.).

Бұдан басқа, 1921-1922 жылдары халықтың тұрмысы күйреді. Ол әмбеге аян. Қазақстанның көптеген аудандары ашаршылыққа ұшырады. Оның үстіне Украина мен Еділ бойы казактары, Башқұртстан мен Татарстаниан келген бандылар өздерін «Махно атай», «махношылармыз» деп Орынбор, Орал, Орск, Ақтөбе, Шалқар өнірлерінің аштықтан әлсіреп, ажал тырнағынан құтыла алмай отырған көшпелі қазактарды жаудай шапты. Байырғы халықтың өкілдері бұларға қарсы қарулы топ құрды. Өкінішке қарай, олар да кезінде бандыға есептеді.

Оның үстіне жаңадан құрылған төтенше отрядтардың өздері аш, жалаңаш болғандықтан кез келгенде «банды» деп, бейбіт елді тонап қырды-ау дейтін күмән да жоқ емес. Олай дейтініміз, сол кездегі барлау мәліметтерінде, банды деп қырғандарының арасында «басқарушы кім екені белгісіз» деген сөздер жиі кездеседі. Мәселен, 12 мамыр 1922 жылы төтенше отрядтар Хан ставкасынан солтүстікке қарай 80-90 шақырым жерде «аты-жөні белгісіз банды» деп 150-ге жуық қазактың 93-ін өлтіріп, 41-ін ауыр жаракаттап, ОГПУ-дың 19 атты әскери олардың мал-мұлкін тонап алған (18 іс, 32 п.).

Бізше, олар осындай қыын-қыстау кезде қолдағы аздаған мал-мұлкін тонатпау үшін қаруланып, шет жайлап көшіп жүрген қазактар болуы ғажап емес. Осы ойымызды мына дерек те толықтырады: 8 маусым 1922 жылы Қостанай қаласының солтүстік батысындағы Алешин селосында 1 винтовка, 2 тапаншасы бар 15 адамды (негізі

қазақтар) банды деп есептеген 15 адамның 12-сі қарусыз жүріп банды болуы ақылға сыйымсыз. Әділдікке жүгінсек, бұл кезде қарусыз жүру, себеп-салдарсыз өзінді-өзің өлтірумен бірдей болатын. Себебі, ол жылдары қарумен жүріп, қару асынған күйде ұйықтау дағдылы іске айналған («Коммунист», 1923 ж., №2, 120 б.). Оның үстіне сол кездегі басқару орындарына түскен мәліметтерде құрамы 5-7 адамнан аспайтын топтар да бандылар тобы деп көрсетілген. Бізше, бұл мөлшер бандылардан гөрі ұрылар тобына жақын.

Осындай солақай есептен Қазақстанда бандылар тобының жалпы есебі көбейген. Бұларды жүйеге келтіру жөн.

«Егемен Қазақстан» газеті  
31 қазан 2001 ж.

## **«Возрождение»... қасірет құпиясы**

Бізде бір кеңестік дәуірдің өзінде бейнелеп айтсақ ашылмаған аралдар көп. Солардың бірі «Возрождение» аралының құпиялары дер едік. Әсіресе, адам тағдырын тар қапаста азапқа салған ауыр жағдайды біле де бермейміз.

Мәселен, КР Орталық мемлекеттік мұрағатының 716-қорында сақталған «Возрождение» қамау үйінде болған адамдардың жеке істерімен танысқанымызда олардың қылмыс жасауының негізгі себебі кеңестік келеңсіз саясаттан тұғандығына көз жетеді. Өйткені, Түркістан Республикасы мен Қазақ АССР-інде бұл кезеңде азамат соғысының аяғы әскери коммунизмнен жаңа экономикалық саясатқа ұласып, елде тігерге тұяқ қалмады. Мардымсыз шықкан егіннің өнімдерін үкімет еңбекшілерден «берсе қолынан, бермесе жолынан» дегендегі мемлекеттік жоспарды орындау желеумен тартып алды. Халық жаппай ашаршылыққа ұшырады. Қара шыбындай қырылды. Әлі келгендер өзі өлмес үшін ұрлық істеді. Ел тонады. Басмашыларға қосылды.

Осындай аласаптыран, қым-ғұыт кезең қылмыскерлерді көбейтті. Бұрынғы абақты оларға лық толды. Түркістан Республикасы үшін Арап теңізінің ортасындағы «Возрождение» аралы сотталғандарды елден жырақта ұстайтын таптырмайтын осындай орын болды. Олардың ойынша «Возрождение» аралы құрлықтан қашық, арнайы

теңіз қатынас құралы болмаса жермен байланыс жасауы қын. Қылмыскерлердің аралдан қашуга мүмкіндігі жоқ деп шешті.

«Возрождение» қамау үйінің алғашқы бастығы Тұрлушев деген екен. Одан кейінгі бастығы Ф.Г.Юровтың баяндауынша «Возрождение» аралы 1922 жылғы дерек бойынша Арап теңізінің орталығына ені жарты шақырымнан 15 шақырымға дейін, ұзындығы 30 шақырымға дейін созылып жатқан жерге орналасқан. «Возрождениеге» ең жақыны «Шагала» аралы (3 шақырым), «Наследник» (20 шақырым), «Барсакелмес» (65 шақырым жер). «Возрождение» аралында әр-қайсысында 10 тоннаға дейін балық тұздайтын, тоңазытатын төрт балық кәсіпорындары мен қызметкерлерге, қадағалаушыларға (надзирательдерге) салынған үйлер, мұзханалар болды.

Оған Түркістан Республикасының халық комиссариаты, балық кәсіпшілігінің инспекциясы, республиканың НКВД органы басшылық жасады. Олар «Возрождениеде» қыстың қatalдығына сәйкес қылмыскерлердің санын қыс айында 40-50-ден асырмады.

1924 жылы 14 қазанды «Возрождение» аралы Арап бассейнінде балық өнеркәсібін қылмыскерлердің еңбегімен тиімді пайдалану мақсатымен өлкелік қылмыскерлерді қамайтын №3 орын болып белгіленді. Деректерге қарағанда, «Возрождение» қамау үйіндегі қылмыскерлердің көрген күні тірлікте тозақ деп айтатындар. Қазақ АССР Әділет халық комиссариатының прокуроры Рыбалконың және «Возрождение» қамау үйінің бастығы Н.Бұркітбаевтың Қазақ АССР тұтқындар үйінің бас басқармасына жолдаған 1925 жылдың 17 қазан және 7 қараша күндеріндегі баяндауларында адам төзгісіз ауыр халдер былай сипатталады:

«...Қылмыскерлердің жатар бөлмелерінің қабырғаларынан ысқырған жел соғып тұрады. Есік-терезелері сынық, анғал-санғал. Қылмыскерлер жататын сәкі төсек жоқ десе де болады. Матрацтар, төсек орындар берілмеген. Камералар лас. Тазалық нашар.

Медициналық жәрдем көрсетілмейді. Қөптеген қылмыскерлерде аяқ-күйім жоқ. Ішкі-сыртқы күйдері алым-жұлым.

Тәрбие жұмысы жүрмейді, клубта 3 табуретка, 10 скамейка, 1 шахмат, 1 мандолин ғана бар.

Ас мәзірі де мәз емес. Күндік тамақ мөлшері: әр қылмыскерге 2,5 қадақ нан, 16 мысқал сөк, кейде жарма орнына 48 мысқал сөк, ширек мысқал ұн, 7 мысқал май, 28 мысқал капуста (ол да болған кезде), 2 мысқал шай, 6 мысқал тұз беріледі. Жетісіне үш рет 0,25 қадақтан ет, ол болмаған жағдайда орнына 2 қадақ балық беріледі» (ҚРОММ 716 қор, 2 тізімдеме, 79, 81 істер, 3-8 п., 3 тізімдеме, 2 іс, 6 п.).

Қазан, қараша айларында теңізден ұйытқып соққан өкпек жел мен қар аралас жауынды күзгі ызғарлы дымқыл ауда дем алмастан еңбек еткен қылмыскерлерді сұық камера әбден титықтатты. Оның үстіне олардың үйлерінен киіп келген киімдерін теңіздің ашы сұы мен ылғалды ауасы тез тоздырды. Ашқұрсақ, жалаңаштық, сұық барак қылмыскерлерді жудеушілікке ұшыратты. Тұралауға айналды. Олардың көзіне өлімнен басқа еш нәрсе елестемейтін халге жетті. Бірақ қамау үйінің басшылары мен бақылаушылары жоғарыдан берілген жоспарды орындау үшін олардың өлген-тірілгеніне қарамастан аяусыз жұмыс істетті.

Сейтіп, 1925-1926 жылдары «Возрождение» аралының «Қара шоқы», «Қантүбек», «Тастүбек», «Алты бөлек», «Сексеуіл», «Ақ еспе» орындарында сотталғандардың күшімен ауланған балықты сақтау және ауыз су үшін 1808 тонналық мұзханаларды, бірнеше шеберханаларды және қылмыскерлердің өздері жататын бірнеше үйлерді салды. Қылмыскерлер жыл сайын 100 мың пүтқа шейін балық аулады. 500 пүтқа дейін тұз өндірді. Өздерінің қажетінен тыс Қызылорда қаласындағы абақты үшін 10 мың пүт сексеуіл және 100 мың бау пішен дайыннады. Шеберханаларда саудаға шығару үшін есік-терезе әзірледі. Кесек құйды. Сейтіп олар жыл сайын мемлекетке 300 мың сом табыс келтіріп тұрды. Дайындаған сексеуіл мен пішендерін есепке алмағанда тек өндірген тұзы мен аулаган балығының есебінен 7000 сом таза пайда түсірді. Бірақ өнімнің де, пайданың да рахатын бұлар көре алмады.

«Возрождение» аралындағы мұндай тегін жұмыс қолының күшімен келешекте балық пен тұздың мол көзін мемлекетке пайдалы үлken өндіріске айналдырудың мүмкіндігі қарастырылды. Осы мақсатта мұнда үлken балық консерві зауытын салу жобасын жасауға Ленинградтан профессор Ильин 1926 жылдың маусымында келіп, зерттеу жұмысын жүргізді. Ол жобаның барысы және қазіргі жүртшылықтың назарын аударып тұрган «Возрождение» аралындағы мәселелер жөніндегі деректер қолда болмағандықтан тек 1924-1926 жылдар арасын ғана қамтыдық.

«Возрождение» қамау үйіндегі төзгісіз жағдай басқару, басшылық жұмыстарына әсерін тигізбей қалған жоқ. Тәртіп бетімен кетті. Федосеев, Чернышев секілді бақылаушылар мен іс жүргізуі Мартынов ойларына не келсе соны істеді. Карта ойнады. Маскүнемдікке салынды. Ұрлық та жасады. Кейбіреулері уланып та өлді. Қарсылық көрсеткендерді атып тастау дағдыға айналды. Қамау үйіндегі жоғарыда аталған келенсіз жағдайлар қылмыскерлерді «өзекті жанға бір өлімге» итермеледі. Бұл тозақ аралынан қашуды ойластырды.

Мәселен, 1925 жылды тамызың 7-нен 8-не қараған түні «Возрождение» аралының «Қара шоқыдағы» байыргы тұрғын балықшылары Оразбеков, Рахметәлиев, Байжігітовтердің көмегімен Әмірғазы Байсақов (Семейден), Қабан Оразғалиев (бөкейлік), Самалық Омаров (ол Қайранов Темірхан, немесе Ұлжігітов Темірхан болып та аталады) (оралдық), Әбубәкір Арыстанбаев (қостанайлық), Өмеш Бәуkenәлиев (бөкейлік) қайықпен қашып кетті. Бері де 24-37 жас арасындағы азаматтар. Бұлардың кейінгі тағдыры жөнінде дерек езірге кездесспеді (ҚРОММ 716 қор, 2 тізімдеме, 78 іс, 107 п.).

«Шагала» кесіпшілігіндегі қылмыскерлер де бұл істен хабардар болып бақылаушылар: Пальчиковті, Кульдышевті, Тинтті қарусыздандырып, қашудың жоспарын жасады. Бірақ, олар жоспарын жүзеге асыра алмады. 1925 жылдың 23 маусымы күні тұнгі сағат екіде бақылаушыларды қарусыздандыруға кіріскең П.Киреев бастаған топ күтпеген жағдайда күзетшілердің боратқан оғына ұшырады. П.Киреев оққа ұшты. Қарім Яриллин, Н.Дук, А.Козляров, П.Дедов қолға түсті. Олар аса қауіпті элементтер ретінде «Возрождение» аралының «Константин» кесіпшілігіне айдалды (ҚРОММ 716 қор, 3 тізімдеме, 2 іс, 4 п.).

«Константинге» барғаннан кейін де олар алған бетінен қайтпады. Қамыстан сал буып, 1925 жылдың 12 тамызы күні Қарім Яриллин мен А.Котляровтан басқа екеуі С.Ряпосов дегенді ертіп Арап теңізінің айдынына шықты. Қамау үйінің басшылары кумады. Іздестірмеді де. Себебі, олар ашық теңізге шыққаннан кейін екі сағат өткенде теңізде күшті дауыл соқты. Сондықтан «бұл дауылдан олар аман қалмайды. Өздері-ақ суға қарқ болады» деп түйді (ҚРОММ 716 қор, 2 тізімдеме, 82 іс, 49-50 п.).

«Возрождение» қамау үйінен қылмыскерлердің қашуы мұнан кейін де толастамады. 1925 жылдың 30 қыркүйек күні М.Пататуев, Г.Хахин, Жангир Юсупов, Х.Батыршин, Х.Галиев, Х.Фаткильмен, Ченышев-Черемышев, М.Ахметов деген 8 адам балық аулап жүрген жерінен қайықпен қашып, аман-сау құрлыққа жетті. Бірақ олардың бірсызыралары қашып барған жерлерінде қайта ұсталып атылды.

«Возрождение» аралындағы қамау үйінде 1924-1926 жылдар аралығында жыл сайын ең азы 45-тен 200-ге дейін шамасында қылмыскерлер ұсталды. Олар ату жазасына және қатаң тәртіппе 10 жылға дейін тұтқында отыруға сопталған казақ, орыс, башқұрт, еврей, тәжік, татар, өзбек, азербайжан, түркімен, т.б. ұлт өкілдері еді. Ол үкімдерді Шығыс Сібір, Бұхара, Ферғана әскери трибуналдары, Ақмола, Семей, Бөкей, Орынбор губерниялық, Орал, Сырдария, Самарқан облыстарының, Әулиеата, Қарқаралы, Шымкент уездерінің халық соттары шығарған.

Мұндай жазага тартылғандардың қатарында «Возрождение» қамау үйінің бұрынғы басшылары Ф.Юров пен Н.Бүркітбаев, олардың бас бухгалтері И.Ворделемеев, бақылаушылар Т.Башкирдин, П.Чернов та бар. Бұлардың қандай қылмыспен қанша мерзімге жазаланғандары жөнінде нақты деректер жоқ.

Ал, қалған қылмыскерлерге бандит, басмашы, кеңес саясатына қарсылық көрсеткен, әскерден қашқан, ұрлықпен айналысқан деген айыптар тағылған. Осында қылмыстармен «Возрождение» аралындағы қамау үйіне түскен алғашқы қазактардың арасында Сәрсекеев Естай, Байтұрсынов Садық, Әмірханов Әмірғазы, Сыздықов Мизамбай, Мейірманов Итбай, Байтұрсынов Төлебай сияқты адамдар тізімі де бар...

Кеңестік дәүірдің тағы бір беймәлім болып келген қасірет құпиясы осындай. Бұл бізге тарих тұстарын біле тұсу үшін, яғни, қалай десек те атышулы «Возрождение» аралындағы «тірліктің» алғашқы кезеңінен хабар береді.

«Егемен Қазақстан» газеті  
30 қараша 2001 ж.

## Кәмпеске

Халқымыздың тарихына көз салып, зерделеп зерттесек, қайғы мен қасіреттің, мұн мен шердің ешпес ізін қалдырган азар-ақыреттің таңбасын, азалы ауыл, құңғренген елдің есепсіз төгілген көз жасын көрсететін зұлмат оқиғалар аз емес. Солардың бірі – 1928 жылғы 27-тамыздағы байларды кәмпескелеу (тәркілеу) және оларды жер аудару туралы Декреттің салған ауыр зардабы.

Бұл Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің ұлттымыздың тағдырын талқыға салып, бас көтергендерін жойып жіберуге жасаған саяси қастандығы. Қазақ ұлт болып, мемлекет болып құрылғаннан бергі тарихында мұндай орны толmas шығынды, сай-сүйегімізді сырқыратқан жазылмас жараны, өшпейтін таңбаны бұрын-сондық көрген де, басынан кешкен де емес. Коммунистік партия 1928 жылғы «кәмпеске» деген қолдан ұйымдастырган зобалаңды халқымыздың 2 миллионнан астамын жалмаған ашаршылыққа, 1936-1938 жылдардағы саяси құғын-сүргінге ұшыратып, ел қаймағын сызыру

алдындағы дайындық шара ретінде пайдаланды. Осы саясаттың байға жарлыны, ел басқарушыларына есерсоқты, ағаға ініні қарсы қойып араздастыруға, отбасына іріткі салуға қолданды. Кәмпескенің мұндай қасіреттерін қазіргі ұрпақ жеткілікті білмейді. Сондыктан, халқымыздың басынан өткен бұл қасіреттерді айқын сипаттайтын бұрын-сонды баспасөзде жарияланбаған тың деректерді жариялауды жөн көрдік...

Тарихи дерекке жүгінсек, Қазақ Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар қеңесі байларды батпаққа батырып, кедейді оларға қарсы айдан салудың келенсіз саясатына 1919 жылдан бастап кіріспіп, саналы турде 1936 жылға дейін созды. Ол үшін ең алдымен, 1919 жылы Қазақстан үкіметінің басшылары В.И.Ленинге республикада Қеңес үкіметінің үстемдігін нығайтудың бірден-бір жолы – байларды тәркілеу екенін, оған кешікпей кірісетіндігі туралы өз пікірлерін білдіргенін тарихи деректер дәлелдейді. Осыдан бастап байларға деген сұық көзқарас, қатулы қабак, оларды шеттету, кедейлерді байларға қарсы айдан салудың (жерді, шабындықтарды бөлу, ауылды қеңестендіру, сайлау, т.т.) әр түрлі айла-шарғы саясаттары қеңінен етек алды.

1926-1927 жылдары әр округтен Қылмыс заңының 62-бабына сәйкес бірсыptyра байларды абақтыға жауып, республикадан тыс жерге аударып, алдын ала дайындық тәжірибесін жасады.

Ал, 1927 жылы байларды тап ретінде жоюға шұғыл белсене кірісті. Қараша айында Өлкелік партия комитетінің VI-пленумында бұл мәселені талқылады. Байларды тәркілеу және оларды жер аудару жөнінде БК(б)П Орталық комитетінің, Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің келісімін сұрады. Бұл келісімді алуға 9 ай мерзім кетті. БК(б)П Орталық комитеті мен Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің келісіміне дейін әрбір ауыл, аудан, округ бойынша байлардың мал, жан, мұлік есебі ОГПУ тарапынан жасырын түрде қағазға түсіріліп, қатталып дайын тұрды. Тәркілеуге жататын байлардың алғашқы тізімдерінің жобасы алдын ала бекітілді. Ақыры, күткен сәт келді. Келісім алынды. Белсенділер алакандарын ысып іске кірісті.

1928 жылы 16 тамызда кәмпескені өткізу жөніндегі партия комиссиясының отырысында «Кәмпескеге дайындық және оны өткізу дің тәртібі туралы» Ноготовичтің хабарын тындал: «Байларды тәркілеу жөніндегі Декрет 1928 жылғы 1 қыркүйекте жариялансын, оны тез іске қосу үшін округтерге телеграфпен берілсін, дайындық жөніндегі барлық материалдар ауылдарға 10 қыркүйектен кешіктірілмей жеткізілсін, тәркілеуге түсетін қожалықтың жалпы саны

700 болып бекітілсін, онан 600 қожалық Декреттің 1-тармасымен, 100-і қаулының 4-бейнесімен тарту белгіленсін, Қазақстаннан тыс жерге аударылатындардың саны 75 адамнан асырылмасын, шамада ППОГПУ тапсырған округтер бойынша тәркілеуге жататын қожалықтар бекітілсін және ол жобалар округтерге жіберілсін», - деген қаулы қабылданды (ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 1 іс, 119-121 б.). Тәркілеудің жолдарын дайындау жөніндегі Асылбековке, Жандосовқа, Мырзагалиевке, Садуақасовқа, Атырауовқа, Сапарбековке, Ноготовичке, Әлиевке шұғыл тапсырмалар қаулымен жүктелді. Истелетін істін, ұйымдастыру шараларының барлығы алдын ала келісіліп, пішілді. Байларды тәркілеу және оларды жер аудару жөніндегі Зан қабылданып, ол 1928 жылғы 5 қыркүйекте жарияланды. Байлардың қолындағы малдарды алу 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталды (ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 24 іс, 49 б.).

Қазіргі күні «Қазақстанда қанша бай тәркіленді» деген мәселенің нақты дерегі жоқ деп айтуда болады. Эр құжаттарда оның саны әр түрлі болғандықтан, оқырмандарға оларды жинақтап көрсетуді жөн көрдік.

Округтер	Пленумда жасалған бағытамада						ППОГПУ Сергеевтің Ерназаровка 8.XII.28 тапсыран мәліметі						Информатор Беспаловтың 28.XI. мәліметі				ППОГПУ Шының берілгенінде 25.X.28ж. мәліметі	
	Алғашки меже			Нақты тәркіленгені			Алғашки меже			Нақты тәркіленгені			Ітоп	Ітоп	Халқомын әрнаулы қаунысымен	Барлығы		
	Ітоп	Ітоп	барлығы	Ітоп	Ітоп	барлығы	Ітоп	Ітоп	барлығы	Ітоп	Ітоп	барлығы	Ітоп	Ітоп	барлығы	барлығы		
Ақтөбе	51	9	60	51	10	61	51	10	61	60	50	10	-	60	13	61		
Сырдария	80	9	89	89	18	107	89	16	105	97	75	22	-	97	2	109		
Қостанай	55	10	65	55	10	65	55	10	65	65	55	10	-	65	3	66		
Петропавл	19	5	24	25	9	34	25	9	34	34	19	9	6	34	8	46		
Ақмола	37	8	45	37	9	46	37	9	46	43	35	8	-	43	1	35		
Орал	52	14	66	56	15	71	56	15	71	71	56	15	-	71	3	71		
Алматы	70	10	80	71	11	82	71	11	82	65	29	10	26	65	6	81		
Гурьев	35	5	40	17	7	24	17	7	24	24	15	7	2	24	3	25		
Павлодар	39	6	45	26	7	33	26	7	33	33	20	7	6	33	3	33		
Қарқаралы	50	8	58	48	9	57	48	9	57	56	47	9	-	56	9	59		
Семей	77	11	88	44	17	61	42	20	62	61	34	8	19	61	13	69		
Қызылорда	35	5	40	43	12	43	43	12	55	47	39	12	4	55	3	55		
Барлығы	600	100	700	562	134	696	560	135	695	656	474	127	63	664	67	710		

\* негізінде 661, 65 деп көрсетілген. Түзету енгізілді.

\*\* (ҚРОММ 135 қор, 1-тізімдеме, 24-іс 47 беті, 1-іс, 134 беті, 5 қор, 20-тізімдеме, 87а-іс 54 беттерінен алынды)

Бұдан басқа Орталық комитеттің бір есебінде республика бойынша 657 бай тәркіленді десе, энциклопедияда 696 бай тәркіленді деп көрсетілген. Бір сөзben айтқанда, бұл цифrlарда құйтұркы сыр бар. Нақты цифрың айтылмайтының басты бір себебі – ең алдымен жоғарыда айтқан тәркілеуге тиісті мөлшердегі адам санын басты нысанага алғанмен, шын мәнінде елден байлардың көпшілігін тәркілеуді мақсат еткен. Сол үшін 2-3 отбасын бір отбасына тіркеген. Осы мақсатпен жер аударылған байлардың санын, отбасының жалпы санын елден жасырды.

Қазіргі қолда бар есепке қарағанда, кәмпескеге ұшырап жер аударылды деген 696 байдың әрқайсысына орта есеппен 3 шаңырақ қоса аударылды деп есептегендеге 2088 шаңырақ, онын әрқайсысында 4 жан болды десек бірнеше ондаған мың жаннның қасіретке ұшырағанын, қашшама шаңырактың құйрекеніне көз жетеді. Сондықтан, Қазақстан Орталық партия комитеті, Орталық атқару комитеті, ОГПУ органы халықтан бұл деректі бүркемелеп жасырды, алдады, көзін бояды.

Біздің бұл ойымыз негізсіз емес. Қазіргі күні тәркіленген байлардың нақты санын анықтайтын деректердің біrsыптырасының негізі жойылған. Мәселен, 1942 жылдың 6 тамызында №86-1 актымен 7 іс, 1992 жылы 25 іс, барлығы 32 іс пайдаланудан шығарылған. Атап айтқанда, Ақмола, Алматы, Орал, Петропавл округтік комиссияларының қаулылары, Қызылорда округінен жер аударылған байлардың арыз-шағымдары, Халық Комиссарлар кеңесінің айрықша қаулысымен тәркіленгендер туралы мәліметтер және тәркіленген мұліктерінің қорытындысы, т.б. құнды құжаттар есептен шығарылған. Бұл – Республика бойынша нақты қанша байдың тәркіленгенін шатастыру үшін әдейі жасалған құйтұркы тәсіл.

Оның үстіне құжаттардағы цифrlардың ала-құлалығы елімізде қанша бай, қанша шаңырақ, қанша жан қасірет шекті деген деректі анықтауды қыындастып отыр. Бұл еліміздің тарихына, адам тағдырына жасалған қиянат ғана емес, зор қастандықтың бірі. Алдын ала ойластырған зұлымдық іс деуге болады. Бірақ, олар көздеген мақсатына жету жолындағы құжаттардың бәрін жойып үлгермелеген.

Алайда, әр істе там-түмдап болса да сол жойылған істерге қатысты деректер кездеседі. Сол табылған деректер негізінде әрбір округ бойынша байларды көбірек тәркілеу үшін еншісі, ені бөлек болса да, байдың өзінен тұған балалары, жақын-жекежаттары, тіпті көршілерін де кәмпескелетіп байға телігені іске тіркелген арыздар, жазылған қаулылар, шағым-өтініштер, пікірлер арқылы көзге бақырайып көрініп тұр.

Постановление  
Советов народных комиссаров Казахской АССР

от 30 августа 1928 г.

На основании постановления КЦИК и КНСК от 27 августа 1928 года Совнарком КАССР постановляет:

Выселение лиц из отдельных округов Казахстана в другие производить в следующем порядке:

1. Из Джетысуйского и Сыр-Дарынского округов в Уральский округ.

2. Из Уральского округа в Жетысуйский округ.

3. Из Гурьевского округа в Петропавловский.

4. Из Карагандинского округа в Кустанайский.

5. Из Семипалатинского округа в Сыр-Дарынский.

6. Из Павлодарского округа в Актюбинский.

7. Из Петропавловского округа в Актюбинский.

8. Из Кзылординского округа в Адаевский округ.

9. Из Акмолинского округа в Гурьевский округ.

10. Из Актюбинского округа в Карагандинский округ.

11. Из Кустанайского округа в Семипалатинский округ.

Данное постановление подлежит обязательному выполнению местными исполнительными комитетами.

Пред. Совета нар. комиссаров КАССР Нурмаков

Секретарь Совнаркома Петрова.

===== заверенная копия.

=====

Оның үстіне, Қазақстан Республикасының Орталық мұрағатында тәркіленген 916 байдың (көріп отырыздар ма – 916 бай) жазған арыздары, бір байдың есебінде бірнеше шаңырақ қоса тәркіленгендігіне көзіңізді жеткіздіреді. Мәселен, Қызылорда округінің Теренөзек ауданынан Бекбауұлы Құлымбайдың отбасында 19 жан, 5-6 шаңырақ. Үлкен ұлы Нұрсейіт – 47 жаста, онан кейінгісі Рысмұхамбет – 35 жаста, Жармұхамбет – 30 жаста, Мағзұм – 21 жаста, Құлымбайдың өзі және бейбішесі – әрқайсысы жеке-жеке үй болса да, барлығын бір отбасы деп есептеген. Арап ауданынан жер аударылған Дәкібайұлы Мергенбайдың отбасына 5 шаңырақты қосып тәркілеген. Мұндай өрескелдіктерге көз сүрінеді.

Қызылкөз белсенділер мен әпербақан өкілдердің бірнеше отбасын біріктіруіне тағы бір себеп: «...Тәркілеуге іліккен байлардың тізімін жасаған кезде естен шықпайтын жұмыстың бірі – қазақ байларының әуелден колданып келе жатқан әдісі – жас баласына енші беру, неше әйелі болса да әрқайсысын өзінше үй қылып қою, бұл сықылды жұмыс қазақ арасынан екінің бірінен табылады. Сірәсінда, шаруаның иесі бір-ақ адам. Тек үкіметтің көзін алдап отырган айласы... Байлар тәркілеу науқанына құні бұрын дайындық жасап жатыр. Ол дайындықтың түрі мынау: артық малын сатып ақша, бұйымға ауыстырып, кедейлерге көлік майын, сайман майын беріп аузын алу, тіпті мырзалық қылып, тегін беріп жібергендері бар. Осы амалімен кедейлерге байдың малын өз малым дегізіп, тәркілеуден аман қалмақ» деген Өлкелік комитеттің тапсырмасы болды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізімдеме, 97 іс, 60-63 б.).

Екіншіден, тәркілеудің сыйбысын ерте естіген кейбір байлар мал басын кеміту үшін бірсыппыра өтімді малдарын сатып пул жасағаны, ағайын-жекжатқа жасырғаны рас. Сондықтан, Халық Комиссарлар кеңесі тәркілеу кезіндегі нақты малдың мөлшерін есепке алмай, 1928 жылдың 1 қаңтарындағы мал санағын негізге алды.

Табиғат апатына ұшыраған, өлген, ұрланған, қасқыр жеген мальдарды да (тиісті анықтамалары болса да) тірі малға есептеп, олардың орнын толықтыруды талап етті. Осындай жағдайға ұшырап, мал басы мөлшерден кеміп қалған байларды алғашқы алған есептегі мөлшерге мал басын толтыру үшін байдың айналасындағы 3-4 отбасының малдарын еріксіз, зорлап тәркіледі. Мәселен, Гурьев округі Новобогат ауданынан Жармағанбетов Ергалиды мал мөлшері тәркілеуге толмаса да, жыл сайынғы ауыл шаруашылығы салығын, әр отбасы жеке-жеке төлеп келе жатқан үш отбасының занды құжаттарын есепке алмай, бәрі бір отбасы деп санап, екінші топпен жер аударды.

Байларды тәркілеу қазақка жасалған қастандықтың бір түрі болды. Өйткені, емшектегі баладан бастап, сексеннің сенгіріне шыққан еңкейген көрігे дейін жер аударылды. Қарттығы, аурулығы ескерілмеді. Мәселен, Петропавл округінің атқару комитетінің тәрағасы Бураев 73 жастагы науқас Рахима Жұмабаеваны еркісіз түрде (аурұханада жатқандығына дәрігердің анықтамасы болса да) Ақтөбеке жер аударуга шешім қабылдады.

Қызылорда округінен жер аударылғандардың 1-5 жас арасында – 88, 6-10 жас арасындағысы – 36, 11-15 жас арасындағысы – 27, 61-82 жас арасындағы 25 адам екенін ескерсек жоғарыдағы айтқандарға уәж болары анық.

Үшіншіден, байларды тәркілеудің мерзімінің әдай қыстың басталуына, ауа райының жауынды-шашиңды, боранды аласапыран кезіне сәйкестендіруі және ауа райы, жер жағдайы бұрынғы үй-рентген мекен-жайына қарама-қарсы, дағыланбаган және бір-бірінен арасы алшақ жерлердің таңдал алынуы нағыз зұлымдық емей немене? Оның үстіне, байларды тәркілеуге қыстың көзі қырауда небәрі 10-ақ күн белгіленді. Соның салдарынан межелі жеріне жете алмай, жер аударылғандар боранға ұшырады. Бірсыныра бала-шагалары жолда өлді. Мәселен, 1928 жылдың 28 желтоқсанында Ақмоладан жер аударылған 14 отбасындағы 83 жан Гурьевке жете алмай, боранға ұшырап, енді Гурьевке дейінгі 700 шақырым жерге жетууге мүмкіндік таптағандықтан Ақтөбеде қыстал шығуға рұқсат сұрап Қазатком мен Халық Комиссарлар кеңесіне жеделхат жолдауға мәжбүр болған (КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 9 іс, 208 б.).

Осындай қындықтың салдарынан Қызылорда округінен жер аударылған Қуан Естайұлының 1-6 жас арасындағы 2 ұлы, бір қызы, Айымқұл Айкөпешұлының 2 жасар қызы, Қален Ахметұлының 1 жасар қызы, Сейіт Нұрахметұлының 2 жасар ұлы жолда өлген.

Кейбір байлардың жер аударылуға жатпайтындығын бірсыныра ауылдық кеңестер, «Қосшы» одақтары, партия, комсомол ұйымдары, кедейлер мен батырақтар дәлелдеп қаулы алғып, қол қоюға сауаттары жетпегендіктен бармақтарының таңбасын басып қуәландырса да бәтуаға алынбады. Округтік, өлкелік комиссиялар, Қазақстан Орталық атқару комитеті, Халық Комиссарлар кеңесі, заң орындары ондай қорғаушыларды: «...байларды, тап жауын жақтайсындар», - деп қызметтеген босатып, ұйымнан шығарып, құғынға салды. Бір-қатары сотталып, басы кіріптарлықта түсті.

Оның үстіне, бұл кезде басараздық, алауыздық, бір-бірінен кек алу, өсек таратудың етек алудына жол берілді. Мұны Қазатком мен Халық Комиссарлар кеңесі, прокуратура, ППОГПУ тыюдың орнына,

бұқараның белсенділігі деп тауыш, ондай іске белсене кірісті. Мәселен, Ақтөбе округінен Кәрім Сүлейменов: «...Көп Жағалбайлы мені азғантай Тама болғандығым үшін жазықсыз жазалап отыр», - деп шағымданбаған жері жок. Бірақ, Сүлейменовтың көзжасын ешкім ескермеди.

«Хан, тере тұқымдары, үзіліссіз болыс, сот, би болып халықты қанады» деген желеумен жер аударылғандар женінде бұрын талай рет жазылды. Сондықтан, ешкімге жазығы жоқ, халқына игілікті жұмыс жасау үшін сонау Арабия мен Египетті кезіп, білім, ғылым ізделп бүкіл өмірін сарп еткен Ақмола округі Асанқайғы ауданының азаматы Ахмет Әділбаевтың Сталинге, Бүкілодактық Орталық атқару комитетінің Президиумына жазған шағымдарына назар аударуын жөн санадық.

Ахмет кім? Арызына қарағанда, оның отбасында 5 жан бар. Барлық малы – 52. Тәркілеуге толмайды. Патша үкіметіне еш уақытта қызмет етпеген. Хан, тере тұқымы емес. Болыс, ауылнай болып, ел билемеген. Оның бар айыбы – Мединеде, Каирде, Константинопольде, Ишфха, Жәмиле Асхари медресесінде оқып, Шейх ул исламнан диплом алғандығы, араб тарихшылары: Ибн Халдун, Ибн Әль Асир, Талфи-Кула Акбар, Ибн Халекең т.б. шығармаларын туған жеріне жеткізгендігі, үшіншіден, Қазақстанда ислам дінінің таралу тарихын жазуы, төртіншіден, Қазақ даласындағы ескі дәүірдегі құлпытастар бетіндегі жазуларды оқып, зерттеу жүргізуі, бесіншіден, арабтың Ишракиум коммунизмі мен К.Маркс пен Лениннің коммунизмін байланыстыру жөніндегі жазба ой-пікірлері, коммунизм туралы өлең шығаруы, ең соңында арабтан келген Ақишанмен Туркістанда кездесуі ОГПУ органдарына шашу болып қадалған. Сөйтіп, оның 45 пүт кітаптарын, жазба жұмыстарын, Медина, Каир, Константинопольде алған дипломдарын тәркілеп, өзін жер аударған. Жазығы – молда. Халқы үшін өмірін қыяп, ғылыммен айналысып жүрген бейкүнә жанды жазаға тарту қандай аянышты.

Байларды тәркілеу ісі елді қорқыту, үркіту, жеке отбасына зорлық-зомбылық жасау, құш көрсету әрекеттерімен жүзеге асырылды. Елге беделді, ықпалды деген кейбір азаматтарды мал-мұлкін тәркілеуден бұрын-ақ абақтыға жалты.

«Осовиахимның аймақтық кеңестері жанынан және тек бірыңғай қазақ коммунистерінен қарулы отряд үйімдастырылсын. Олар әскери үйірмелердің жалпы жүйесінен іріктеліп алынын. Отрядтың негізгі міндетін жариялауға жол берілмесін. Сабак коммунарлардың күнделікті жаттығуы секілді жүргізілсін. Жаттықтыру сабактарын европалық командирлер өткізетін болсын.

Отрядтарды байлардың наразылығына қарсы пайдалану кезінде олардың қазақ командирлерінің басқаруы қамтамасыз етілсін» (КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 1 іс, 10 б.).

Міне, қандай құйтырқы, сұрқия нұсқау. Нұсқаудың астарында не жатқанын тәптіштеп түсіндіріп жатудың өзі артық.



Отрядтың жаттығуы, 1928 ж.

Байларды тәркілеуді алғаш рет жоспарлағанда (ірі қараға шаққанда) олардан 166798 мал (кей құжатта 285712) жинап аламыз деп зор үміт артқан. Нәтижесінде 142737 бас мал (кей құжаттарда 108457, 125733 және 143037 бас), 108 ағаш үй, 513 қыстау, 195 киіз үй, 324 тарантас, 180 шана, 241 арба, 740 кілем, 912 жаңа киіз, т.б. мұліктер хатталды. Бір ескертетін мәселе әрбір ауылдағы байлардан хатталған құжаттар бойынша, олардан алынған құйма алтын, күмістен жасалған заттар кәмпеске актілерінде болғанмен, алтын мұліктер мемлекеттік тіркеулерде кездеспейді. Шамасы олардың бәрі белсенділер мен өкілдердің қалтасына сол кезде-ақ сұңғып кеткен болар.

Бір ғажабы осындай дүние мұлікке қызықкан белсенділер кейір байлардың сауатсыздығын пайдаланып, кәмпеске жөніндегі құжаттарға енгізбестен жер аударған. Соның бірі – әкемнің немере інісі Ертуарұлы Жылкелді. Соның 1000 қойын тәркілеп, үйін талауға салып, өзін жер аударған. Қай жерге аударылғаны, қайда өлгені де белгісіз. Ол жөнінде мұрагаттарда ешбір дерек кездеспеді.

Мал, мұлік шіркіннің орны толар-ау. Тәркілеудің зардабынан өмірден өткен жандардың орны еш нәрсемен толмайтыны өкінішті. Мәселен, Адай уезіне жер аударылған Арас ауданынан Мергенбай Дәкібайұлының баласы Ермекбай: «...Әкем Мергенбайдың жер аударылғанда отбасындағы 14 жаннан қалған мен, ал Мырзағұл Құлсариеv пен Бәйімбетов Құлсарының отбасындағы 30 жаннан

қалған жалғыз Елубай. Сөйтіп, үш байдың отбасындағы 44 женнан тек 2 жан қалдық» деп жазған хаты менде сақтаулы. Сондай-ақ, «отбасында 8 жаны бар Бектібайұлы Әbdіразақ пен 18 жаны бар Қапанұлы Әлімбайдан тұқым қалмады», - деп хабарлайды сол хатында. «...Ағайынды Көтібаровтардың отбасындағы 14 женнан тараған ұрпақтан қазір тірі қалған 3-ақ адамбыз», - дейді Көтібаров Мұсаның қызы.

Ойды түйіндегенде бұл шағын хабар Қазақстандағы тәркіленген байлардың қаншасының өмірден өз үлесін ала алмай еткендігіне жауап беретін сияқты. Орны толmas өкініш. Егерде олардың бәрі тірі болып, тәркілеуге ұшырамаса халқымыздың саны қашама өсіп, өркендер еді?!

Тәркілеу тек байлардың қазынасын шашумен ғана шектелген жоқ. Ол мемлекеттің қаржысына да елеулі әсер етті. Оған Гурьев округінен жер аударылған 24 байды тәркілеуге 140 мың сомнан аса мемлекет қаржысы шығын болғанын Гурьев округтік кәмпеске комиссиясының төрағасы Ж.Мыңбаев өзінің Өлкелік комиссияға тапсырған есебінде көрсеткені толық дәлел. Сонда 24 бай үшін ғана осынша қаржы жұмсалса, тәркіленген мындаған байлар үшін қанша қаржының кәмпеске дауылына ұшырағанына кез жеткізу қын емес.

Оның үстіне Батыс Қазақстан, Гурьев облыстарынан кәмпеске-ленген байларды Құнықерей «бандысы» қорғайды деген желеумен Астрахан қаласынан винтовкалар мен оқ-дәрі алдыру шығындары өз алдына бір тәбе. Кеңестік солақай саясатқа қарсы ондай «банды» тек батыс өнірде емес, Қазақстанның барлық жерінде болғаны да еске алынуға тиісті. Бірақ, олар күні көшеге дейін жария болмады. Құжаттары құпия сақталды. Мұндай шығындар 1921-1924 жылдар ашаршылығынан әлсіреп шыққан Қазақстан Республикасына оңай тиген жоқ.

Ауыр азап шеккен, қайғы-қасірет көрген байлар одактық, өлкелік партия комитеттері мен үкімет басшыларына, зан орындарына арызданды. Зансыздықтың етек алудын ашына жазды. Тек 1928 жылдың қазан айының 25-неге дейін Өлкелік партия комитетіне ғана 243 арыз-шагым түсті. Оның 163-і кәмпеске жөніндегі Декрет шешімдерінің дұрыс қолданылмауын, 61 арыз үй иелері екінші біреуге өз қожалықтарының қосылып тәркіленіп кеткені туралы жазған. Солай болса да бұл арыздардың 108-і қанағаттандырылмады, 130-ы қайта қарауға жергілікті жерлерге жіберілді. Яғни, 130 арыз шешім таппайды деген сөз. Себебі, о баста округтік комиссия тәркілеуге жатады деп шешім алып, енді «біз дұрыс жасамаппыз» деп қайта өзгергіп, өздерін ақымақ етіп көрсетуі мүмкін емес.

Құжаттарға қараганда, кәмпеске саясатына жалпы жүртшылық қарсы болған. Олай дейтініміз «кәмпеске және жер аудару тегін кетпейді», «кім бізді сатса, олардың жазасын тарттырамыз», «кәмпеске – қазақ ұлтын жоюға әкеледі», «халықтың ашу-ызасын туғызады», «Кеңес үкіметі – ешкімге тыныштық бермейді, ол ұзак уақыт өмір сүрмейді», - деген сөздер сол кезде ел арасына кең тараған, ұрандарда жазылған. Ал, орта шаруалар «бұғін бұларға туған күн, ертең бізге де тууы мүмкін» деген оймен кәмпеске науқанына селкос қарады (қандай көріпкелдік, ірі байлар тәркіленіп кеткеннен кейін орта шаруаларды кәмпескелеу қолға алынды. Олар 1936 жылға дейін бай қатарында тәркіленді).

Коммунистік партия комсомолдар мен оқушыларды байларды кәмпескелеу ісіне еріксіз қатыстыруды. Алайда, олардың бірқатары байларды қорғап, тәркілеу саясатын әшкерелеген. Бір тәркіленген байды тұтқындау кезінде окуши баладан: «...Орыстар байлардың малын тартып алғысы келеді. Олар қазірдің өзінде қазақтардың малын тартып алуға кірісті. Сақ болу керек... үлкен отбасыларын бірнешеге бөлу керек. Конфискация туралы орыстармен мәселе түбебейлі толық шешілген. Олар байлардың қолына еш нәрсе қалдырығысы келмейді», - деп жазылған хат табылған.

Тәркілеу ісіне әйелдер қатыспады деуге де болады. Ол жөнінде Орталық комитеттің есебінде «әйелдер, тіпті партия мүшесі әйелдер, байларды қорғап, оларды жер аудармау жөнінде талаптар қойды. Байларды жер аудару кезінде оларға жаны ашып, жылады», - деп кінәлаған.

Ал, ұлттық интеллигенция басқа бағыт ұстады. Партия интеллигенцияны халықтан ажырату саясатын қолданды. Өйткені алдыңғы қатарлы интеллигенттер «кәмпеске деген елді тонау, мал шаруашылығы топтасқан ірі орталықта болмаса, бөлшектенгеннен ешкандай пайда келтірмейді, байларды тәркілеу елдің ашу-ызасын тудырады, қажет болған жағдайда Қытайға қоныс аударып кетеді» деген бағыт ұстады. Қазақтың мандайына біткен аздаған марқасқа оқыған интеллигенттерінің бүл пікірлері әулиелік болды. Ел дүрлікті. Қытайға қашты. Ауған асты. Босты. Интеллигенцияның бүл ұстаған бағытын Коммунистік партия өңін айналдырып, халыққа карсы қойды. Сөйтіп, 1936-1938 жылдары қазақ интеллигенциясын жою жөніндегі саяси дауылға партия сол кезде-ақ алдын ала дайындық жүргізді.

Мұның бәрі Бүкілқазақстандық III конференцияда Садуақасовтың айтқан пікірінің шындықтан алшақ еместігін көрсетті. Кезінде «садуақасовшылдық» деп қарғаша шуылдағанмен, байларды тәркі-

леудің ақыры Қазақстанда мал басының күрт азаюына, өнімінің төмендеуіне, шаруаның күйзелуіне, 1932 жылғы ашаршылыққа, халықтың босқындыққа, 2 миллионнан астам қазақтың өлім-жітімге ұшырауына экеп соқты. Бірақ, Голощекин бастаған топ дегеніне жетті. Білгенін істеді.

Соның салдарынан бұрын болып толғандардан, хандар мен төре, датқа тұқымдарынан – 245, патша заманында елде ақсақал, сот, би болғандардан – 76, молда мен ишандардан – 8, шенеуніктер мен Алаш ордада қызмет еткендерден – 44, барлығы – 373 және тек мал шаруашылығымен айналысқан – 323 момын шаруа тәркіленді. ОГПУ тарапынан әлеуметтік-саяси жағынан қауіпті деп танылған болыс, хан, төре тұқымдарынан – 46, полицияда, Алаш ордада қызмет істеген, шенеуніктерден – 10, би, молда, ишандардан – 9, контреволюциялық элемент деп айдар тағылғандардан – 8, барлығы – 73 адам республикадан тыс жерге, мал санының аздығына қарамастан 1928 жылғы 27 тамыздағы Декрет шешіміне сәйкес Халық Комиссарлар кеңесінің ерекше шешімімен 65 отбасы жер аударылды.

Бұлардан басқа 1928 жылғы 27 тамыздағы ірі байларды тәркілеу жұмысына қары әрекет жасағандығы үшін 148 адам тұтындалып, 69 адам қылмыстық жауапқа тартылды. Бірнеше жұздеген азаматтар қызметтерінен күйлди, партиядан шығарылды (ҚРОММ 1 тізімдеме, 135 қор, 24 іc, 49-73 б.).

Кәмпеске жөніндегі өздері шығарған шешімді Республикалық кәмпескелеу комиссиясы белден басты. Қаулыда Адай уезінен және Онтүстік Қазақстанның мақта өсіретін аудандарындағы байлар кәмпескеленбесін деген арнаулы пункт болса да, кейін бұл аталған өнірлердің байларын жауҗапырақтай түсіріп, кәмпеске өртіне қақтады.

Осы жерде «кәмпескеге бай деп тартылғандар шын мәніндегі бай ма? Олар саясатпен айналысып кеңеске, партияға қарсылық жасап кедергі келтірді ме?» деген мәні бар сұрап өзінен-өзі тудады. Оған «жоқ» деп келте жауап беруге болады. Себебі, олардың бәрі (ілуде біреуі болмаса) өз малын өзі бақсан шаруа, нақтылап айтқанда оларды «бай» деу бос сез! Олар өз малының сонында жүрген бақташы, өзіне-өзі құл. Олардың қомақты ақшасы да, алтын мен құмісі де, қымбат бағалы заттары да (ондай дүние, мұлік некен-саяк) болмаған. Кәмпескеге «бай» деп тартылғандардың байлығының барлық құны орыстың орта қолды шаруасының жинаған мұлкінің сомасын да құрамайтындығын тәркілеу актілері көрсетеді. Мұндаилар әсіресе, Қызылорда, Гурьев, Орал губернияларында кездеседі.

Осы кезде тәркіленген байларды қайда, қалай орналастырды деген сұрауга да нақты жауап бере кеткен жөн. Ең алдымен азаматтары жер ауып, сottалып, қызметтөн қуылып, әкеден бала, анадан қызы айырылып, туған жері, өсken ортасынан, мал-мұлкінен тірідей айырылып, ойсыраған шығынға ұшырап жатқан қазақ жеріне бірнеше мындаған кулактарды көшіріп әкеліп қоныстандырды. Оларға қолайлы жер, шөбі шүйгін, сұзы мол өнір таңдал берілді.

Ал, жер аударылған байларды керісінше қолайсыз жерге орналастырды. Оның үстіне әрбір әкімшілік ауылда тек 2 отбасынан артық қоныстануға мүмкіндік берілмеді. Кәмпескеленгендердің бірбірімен ОГПУ-дің рұқсатынсыз хабарласуына, бекітілген жерден кетуіне тыйым салынды. Қазақ халқы тәркілеудің салдарынан қаңдірлі азаматтарымен қатар, шұрайлы жерінен, қолайлы қонысынан, шабындығы мен сұынан да қоса айырылды.

Осыдан кейін халқымызға есепсіз қайғы мен қасіретті әкелген байларды кәмпескелеу деген сұрқия саясатты кім ұйымдастырды деген сауал өз-өзінен туындаиды. Эр істің әділдігі керек – бұл қайғы мен қасіретті ұйымдастыруышы Өлкелік партия комитетінің сол кездегі хатшысы Голощекин.

Оған Голощекиннің: «Кәмпеске науқаны – бұдан он бір жыл бұрын болған Октябрь төңкерісі есебінде жүргізілді», - деген бір-ақ ауыз сөзі жауап береді (Ф.И.Голощекин «Қазақ ауылдыңдағы Октябрь төңкерісі», «Еңбекші қазақ» 3.XII.1928 ж.).

Шын мәнінде 1917 жылғы Қазан төңкерісі халықты қызыл қанға бояп өмірге келсе, 1928 жылғы 27 тамыздағы тәркілеу қазақ халқын ешқандай соғыссыз қырғынға ұшырғатты. Елдің жайсаңын сыптырып алғып жер аударды да, оң жағына ұрса сол жағын тосатын, кеңірдегіне кетпен ұрса да мұның не деп бетіне қарап сез айта алмайтын, «мыңқ» етіп дыбысын шығара алмайтындарды қалдырды.

Голощекин бұл қырғынды жалғыз өзі жүзеге асырды ма? Әрине жоқ. Ол ОГПУ органын – Воллонбергті, ОГПУ-дың шығыс бөлімінің бастығы Петровты оң қолындағы семсері, Қазақ Өлкелік атқару комитетін сол қолы етіп пайдаланды. Сол үшін де күні бұрын Өлкелік Орталық атқару комитетінің төрағалығы қызметінде екі адамның кандидатурасы ұсынылғанда патшалық түрменің ащытұшы дәмін татып, полицияның тезінен өткен қу жақ әккі Голощекин жұмысынан гөрі, ашса алақанында, жұмса жұдырығында жүретін, Елтайды таңдауы тегін емес.



Ф.И. Голощекин

Сонда Елтай кім? Бұқілқазақстандық кеңестердің VII сиезінің мүшесі ретінде 16.04.1929 жылы толтырған жеке картішесінен оның кім екендігінен біршама деректер алуға болады.

1887 жылы туған Елтай Ерназаров 1919 жылы компартияға мүше болады. 1925 жылдан кәсіподакқа мүше. Қазақ тілінде жақсы жаза біледі. Бірақ орыс тіліне шорқақ. Оны дәлелдейтін нақты құжат жоғарыдағы айтылған картішке, оны екі адам толтырған. Бірі – өзі, екіншісі бізге белгісіз басқа бір адам.



Е. Ерназаров

Екіншіден, оның (Елтайдың) картішесіндегі орыс тіліндегі сұраптарға жазған жауаптары төмөндегіше мәтіндегі сөздерді келтіруді орынды санаймыз:

1. Экесінің және өзінің аты – **Ерназаров Елтай**
2. Сиезге қай кеңестен ұсынылған – жауапты, картішкіні толтырған мерзімін басқа адам жазған.

### **Елтайдың өз қолымен толтырғаны:**

#### **Білімі – низши**

**Партияға кірген уақыты – 1919 жыл**

Әлеуметтік қызметі – **жер егуші дикан (араб харпімен)**

Қызыл армияда болды ма, қашан? – **ны были**

Кәсіподагына қай жылдан мүше? – **1925 ж.**

«Қосшы» одағына мүше ме? – **1921 ж.**

**Жұмыс орны – кревой кцик**

Атқару комитетіне мүше ме? – **велла 1925 ж.**

**Мекен-жайы – кзела арда**

(КРОММ 5 қор, 10 тізімдеме, 4 іс, 135 б.)

Бұл Елтай орыс тіліне шорқақ дегенімізге жауап деп есептейміз. Сонда, дәл осындай сауатпен мемлекет басқару жұмысының жауапкершілігін Елтай түсінбеді деуге бола ма? Жоқ. Ол жағынан мығым болатын. Ол, қазақтың «сыынғаныңнан сүйенгенің мықты болсын» деген мақалына иек артты. Елтай Ерназаров Голощекинге арқа сүйеді. Олай дейтініміз, Елтай орыс тілін, ал Голощекин қазақ тілін білмейді. Екеуі бірін-бірі қалай түсінді? Халықтың, жеке адамдардың, республиканың тағдырына байланысты мәселені өзара қалай шешті? Оның үстіне, Қазақ Республикасының әлеуметтік, экономикалық, мәдени, денсаулық сактау, оқу-агарту мәселесін,

Ресейдегі көптеген министрліктерді айтпағанда, БК(б)П Орталық комитетіне, Бүкілдақтық Орталық атқару комитетіне, Халық Комиссарлар кеңесіндегі басшыларға қалай жеткіземін деп ойлады екен? Эй, ойламаган-ау!

Осы жерде бұларды жақындастырыған нендей күш деген мәселенің басын аша кеткен жөн. Бізше, Голощекинге істі білмейтін, өзіне қарсы шықпайтын адам керек болды. Ал Ерназаровқа билік, лауазым, мансап қажет болды.

Белгілі жазушы Ғалым Ахметов «Алаш, Алаш болғанда» («Жалын» баспасы, 1996 ж.) кітабының 176-бетіндегі Елтайды сипаттай келіп Елтайдың Тышқанбай деген әкесінің атын Ерназар етіп Голощекин өзгертукенін айтады. Голощекин өзі сияқты (оның бұрынғы аты-жөні Филипп Исаевич емес, Шая Ицкович қой!). Елтайдың да әкесінің есімін неге өзгертуі? Азан шақырып қойған Тышқанбайдан Елтай неге безді? Сауал көп. Оны оқырмандар толықтыра жатар.

Солай десек те, Елтай Ерназаровтың өзі қол қойған хаттамалар мен басқа да құжаттарды тілге тиек етпей-ақ Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагатта сақталған әзірге аты-жөні бізге белгісіз бір кісінің Елтайға жазған хатының орыс тіліндегі нұсқасын (қазақ тілінен орыс тіліне аударған Ахметов<sup>13</sup>) оқырмандарға сол қалпында жариялауды жөн санадық. Себебі, Ахметов хатты сөзбе-сөз аударды ма, әлде мазмұнын берді ме, бізге белгісіз. Екіншіден, бұл хатты тәржімаласақ автордың өзі жазған мәтіннен ауытқушылық болуы да ғажап емес қой.

### Елтай!

Теперешний казахский ауыл переживает серьезно тяжелые бедствия, у них отобрали джайляу (летовки), хлеб, который принадлежал детям аула. У них нет одежды, питания, они кормятся самообманным, безрезультатным и бесконечным разговором, этим самим начинают пропадать.

Этот позор, этот голод, этот холод, этот самообман завтра же должен занимать место в истории на белой бумаге красной кровью. Кто же тогда даст на это ответ?

Завтра молодое поколение и образованная интеллигенция казахского народа, будут выводить казахский народ из темноты, невежества, болезней и очищать от неприятного запаха, будут стремиться к тому, чтобы он стоял на высоте.

<sup>13</sup> Ғалым Ахметовтың айтуы бойынша хатты орыс тіліне аударған Ахметов – Елтайдың көмекші-хатшысы.

У кого же тогда будет краснеть лицо?

Если наступит день, что плачущий народ, голодавшие дети, нуждающиеся женщины, сжатая степь – будут радоваться и придут в себя, то чье лицо должно быть намазано черной сажей?

Конечно, я не буду давать ответа и не буду краснеть, и не будет на моем лице черной сажи, ибо я буду изгонять имеющиеся болезни и окажу помощь в строительстве кирпичей будущего хорошего.

Кто же будет отвечать? Отвечать будешь ты как дураки бывших предков – ты продал интересы народа за желтый билет и за красный стол, и не думая о будущем народа, ты продал их интересы русским прищельцам – колонизаторам.

Тебя не избрал голос народа и дух предков, а ты посажен колонизаторами России. Ты за это готов даже пожертвовать своего собственного сына, ибо ты палка в руках колонизаторов.

70% пролетариата запада боролись и борются с 30%-ми индивидуальниками капиталистами уже 200 лет, но они строительства социализма еще не добились.

Социализм Елтая – 99% имущему индивидуальному казахского народа навязал ярмо и тянет его на веревке, на автомобиле вперед.

Елтай! Подумай, не заставляй народ плакать, богатыря найти можно, но найти народ трудно. Если найдется народ, то не найдется земли. Если будет народ и будет богатырь, если будет земля и будет народ.

Перевел п/п Ахметов

Заверено: зав.статью КЦИК (Глухов)  
(ҚРОММ 5 қор, 21 тізімдеме, 19 іс, 42 б.)

Әрине, бұл хаттағы сөзге баға беру көпшіліктің ісі. Біз тек мұрағатта сақталған хатты қалай жазылса, сол қалпында өзгерпестен таныстыруды мақсат еттік. Хаттың қазақша тексті бұл іске тіркелмегендігі өкінішті. Елтай хатты оқып ашуланып жыртып тастады ма? Әлде басқа бір істерде тігіліп кетті ме, кім білсін.

Бір нәрсе анық, Елтайдың Голощекиннің айтқанын істеп, қазақ халқының тағдыры мен жеріне жаны ашымағандығын тайға таңба басқандай етіп, бетіне шылжырып басқандығы. Сондықтан, хаттағы үғым, пікірге жүгінбеске шара жоқ.

Жасыратын несі бар, қатардағы қызметкерден басшылығы дәрежесіндегі биік тұғырға көктен түскендей болып Голощекиннің қолдауымен келгеннен кейін ол (Голощекиннің түшкіргеніне жәрекімалла демеске шарасы болмаған) пендешіліктен шығып, ел, жер тағдыры үшін Садуақасов, Рысқұлов секілді азулы, айлакер, күшке

Голощекинге батып сөз айта алмаған. «Арымнан жаңым садаға» деуге қабілеті жетпеген. Сондықтан, ақ қағаз бетіне көз жасын төгіп жазған адамдардың Елтай Ерназаровқа деген үмітінің үзілгенін, өмірлерінің тозаққа айналғанын қазір ешкім тарихтан өшіре алмайды.

Әрине, 1928 жылғы ірі байларды, хан, төре тұқымдарымен ел басқарған ардагер азаматтарды туған жерінен аластауға белсene кірісken жалғыз Елтай Ерназаров емес. Байларды тәркілеу жөніндегі құжаттарға зер салып, ой елегінен өткізгенде өлкеден округтерге өкіл болып барғандардың қай-қайсысы да, әсіресе Құрамысов, Сыргабаев, Атаниязов, Сапарбековтердің ел құрметтеген азаматтарды жер аударуға белсene кіrісkenін мұрагаттағы құжаттар бұлтартпай дәлелдейді. Тіпті, олардың «егер де ол кәмпеске тізіміне ілікпесе, жер аударылмаса бастаған ісіміз насырға шабады. Сондықтан, мұны кәмпескелеуге рұқсат етуді талап етеміз» деп бір емес, біrnеше рет жогарыға жеделхаттар жолдаған. Мәселен, бұрын Ақтөбе округіне барған Құрамысовтың Ресей Мемлекеттік Думасының делегаты болған Алпысбай Кәлменовті, Семей округіне барған Сыргабековтің Тұрагұл Ибрағимовті (Құнанбаевты) жер аудармаса болмайды деп біrnеше рет ұсыныс жасағаны жоғарыда айтқанымызға нақты дәлел.

Жоғарыдағы ойларды қорыта келгенде, байларды тәркілеу жөніндегі саясат қазақ халқын жою үшін әдейі ойластырған қанды саясат деуге негіз бар. Қазақстан Орталық партия комитеті, Орталық атқару комитеті, Халық Комиссарлар кеңесі бұл саясатты БК(б)П Орталық комитетінің тікелей нұсқауымен, тапсырмасымен, басшылығымен жүргізгені шындық. Орталықтың негізгі мақсаты бұрыннан белгілі. Сол үшін алдымен Қазақстанның бірсыптыра байларын Қылмыс занының 62-бабымен тәркілеп, халықтың бұл мәселеге қалай қарайтындығын зерттеп, байқау жасады. Аңқау халық бұл саясатты занылық іс деп қабылдады. Қозғалмады, жеткілікті мән берmedі.

Екінші рет, 1928 жылы байларды тап ретінде жоямыз деген желеумен ел басқарған аяулы азаматтарды қоса жер аударды. Халық бұған да бас көтерmedі.

Үшінші рет, 1928 жылдағы орта шаруалар қонданып бай қатарына қосылып, тәркілеудің жаңа құрығына ілікті. Бұл тәркілеу 1936 жылға дейін созылды. Халық бұған да төзімділік көрсетті.

Сондықтан, халықты бірте-бірте құғын-сүргінге бойын үйреттіріп алып, 1937-1938 жылдары елдің бар марқасқа жайсанын, білімділерін, ғасырда біртуар ардагерлерін құғын-сүргінге салып, абақтыға жалты, атты.

Міне, осылардың бәрін саралап, ой елегінен өткізгенде қазақтар өз жерінде отырып қалмақ, неміс, шешен, корей, т.б. жер ауган халықтар секілді қуғын-сүргінге ұшыраған халық қатарына жатады. Себебі, олар үнемі республика ішінде, одан тыс жерге қоныс аударды, босқыншылыққа ұшырады. Оның аяғы жаппай ашаршылыққа ұласты. Халқымыз есепсіз қырылды. Сейтіп, Кеңес үкіметі қазақ халқын саналы түрде қырғынға ұшыратты.

Ф.Голощекин жасаған осы зобалаңға ұшырағандардың аудандық, облыстық, округтік басшы орындардан бастап, республикалық, одактық партия, кеңес, заң орындары мен комиссия басшыларының атына жазған, бұрын еш жерде жарық көрмеген арыздарын жарияладай бастаймыз. Кеңес үкіметінің құйтұрқы саясаты, ұйымдастыруышы комиссиялардың белден басуы, әктемшілдігі, заң орындарының қылмысты істі көлөгейлеулері, жергілікті әкім қараның айла-шарғылары, халықтан шындықты жасырып, оларды шырғалаңға салуы көз жасымен жазылған осы арыз-хаттардан айқын көрінеді.

Бұл сарғайған қағаздардан ананың жоқтауы, атамекенен ерікіз айырылғандардың зары, қызыл империяның лаңына ұшырағандардың ыза мен кегі, бастан кешкен азап ақыретін оқисың. Арыздардың біреу атасының, енді біреуі туысының, үшіншісі жақын-жеқжатының тағдырын біледі. Бір сөзбен айтқанда, сол шырғалаң замандағы бүкіл қазақ ұлтының басына түскен қасіреттен хабардар болады. Сондықтан бұл арыздар ешкімді бейжай қалдырмайды...



Ократком ағасы Әбдірахманұлына һәм  
окрпрокурор ағасы Есбайұлына  
Еңбекшіказақ ауданы,  
1-ауыл (ескіше Талғар болысы) азаматы  
кәмпескелеуге ілінген  
Нұрке Абайұлынан

**Арыз**

Мені кәмпескеге жатқызуға аудандық комиссияның бүрын патша заманында халық судьясы және саудамен айналысқан деген мәліметі себеп болған сияқты. Бұл мәлімет негізінен қате, дұрыс емес. Өйткені мен ешқашан патша заманында би болғаным жоқ, мен мал шаруашылығымен айналыстым. Би болмағанымды мені білетін жұрт толық дәлелдей алады.

Мені жер аудару туралы мәселеге келсек, ол біздің ауылда да, тіпті көрші ауылдарда да көпшілік талқысына салынбаған. Ал мені саудамен айналысты, Әндіжанға мал айдады деген мәселеге келсек, ол да шындыққа жанаспайды. Мен ешқашан саудамен айналысқан адам емеспін. Алматыдан өмір бойы ұзап шыққан емеспін. Жалпы алғанда кәмпеске туралы қаулыда саудагер туралы мәселе қаралмаған.

Әзім туралы айтатын болсам, Кеңес үкіметіне қарсы әрекеттерге араласқаным жоқ, атқамінерлік, ақсақалгершілік істерімен айналысқаным жоқ. Жұртты өзіне тәуелді ету, баю, басқаның еңбегін қанау ісімен айналысқаным жоқ. Кеңес кезінде сотты болғаным жоқ.

Мениң қолындағы мал ірі қараға есептегендеге 135 бас. Жергілікті жерде кәмпескеленуге тиістілердің мал басы 300 болуы керек. Олай болса мен кәмпескеленуге жатпаймын. Жергілікті үкімет менің шаруашылығыма менің інімді, 1923 жылдан менен бөлек тұратын Қожағұл Абайұлын қосып тіркеген. Әкеміз Абайды Қожағұл 2 жасқа келгенде орыстар өлтірген. Шаңырақтың қенжесі, әрі жетім қалған-дықтан ер жеткенше оның тәрбиесіне, шаруасына қарадым. Оның ірі қараға есептегендеге қолындағы малы 112 бас. Сонда да 300 бас мал нормасына толмайды.

Мениң Кеңес үкіметі алдында ешқандай кінәм жоқ. Сондықтан сіздер менің ақтығымды дәлелдеу үшін жинаған документтерімді, жеке басым туралы деректерді, Кеңес үкіметіне қарсы әрекетімнің бар-жоғын жергілікті халықтан, тіпті аудандық комиссия мүшелерінен жекелеп сұрауларыңызды өтінемін және бұл қателікті жөндеп кәмпескелеуден босатуды сұраймын.

30 сентябрь 1928 ж.  
(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 29 іс, 8-9 п.)

Әлкелік Орталық атқару комитетіне  
Алматы округі Еңбекшіқазақ ауданы  
1-ші ауыл азаматы  
Қожағұл Абайұлынан

**Арыз**

Қазақстан Атқару комитеті мен Қазақстан Халық комиссариатының 1928 жылғы 27 ағустағы «байларды, шұбартес шонжарларды жер аудару туралы» қаулысы бойынша менің ағам Абайұлы осы жылы 25 сентябрьде округтік атқару комитетінің тоқтамымен малмүлкі кәмпескеленіп, өзін бала-шагасымен Орал округіне жер аударды.

Жоғарыдағы аты аталған Нұркे Абайұлының мал-мүлкі кәмпескеге толмаған соң мені Нұркеге, бала-шагамды бала-шагасына, малымды малына қосып екеуімізді бір түтін қылып кәмпескелеп, өзімді жер аударуға үйгариp отыр. Мұны мен дұрыс деп есептегеймін, төмендегі себептер бойынша.

Мен қазір 24 жастамын. Әкем Абайдың өлгеніне 23 жыл болды. Бір жасымда жетім қалдым. Жесір шешем 40 жылқымен бірге, өзім жас, шешем жесір болды. Ер жеткен қолында баласы болмаған себепті ағам Нұркенің қолында тұрдым. 7 жасқа келгенде шешем, 40 жылқы да өлді. Әке-шешеден айырылып, жетім қалдым.

18 жасқа келгенде қатын алдым. Ес жиып, ат жалын тартып өзіме-өзім келгеннен кейін ағам Нұркеден 1924 жылы май айында еншімді алдым. Енші алып шыққандағы малым: 150 қой, 7 жылқы, 5 сиыр, 1 түье, жалпы саны ірі қараға шаққанда 43 қара.

Содан бері қарай өз алдымашаруа болып 1924 жылдан бері Кеңес үкіметінің шаруа салығын өз алдымашаруа ағам Нұркесіз төлеп келем. Жаздық үйім, қыстық жайым бөлек. Төрт жылдан бері қыстауымыздың арасы 30 шақырым. Жаздық жайлайымыздың арасы 5 шақырым. Ағам Нұркесіз жағасын қытайды. Өзім Құр өзек деген жерді қыстап журмін. 4 жылдан бері ағам Нұркенің бала-шагасы, мал басымен байланыс, қатысым болмаған.

Мен жастайымнан жетім қалғандықтан оқу оқымағанмын. Қой баққаннан басқа түк білмеймін. Саясат жағында, ел арасындағы екі кісі бас қосқан жерде болған емеспін. Мал осиру, қой бағудан басқа кәсіп білмеймін. Больис, би тұрмақ екі кісі басы қосылған жерде болған емеспін. Еңбекші күшін пайдаланған емеспін. Өз күшімнен артылатын малым жок.

Мені ағам Нұркемен қосып отырған себебі мынау: Қожағұл Нұркенің баласы деп бір комсомол бала күәлік етеді. Бұл езі 24 жаста. Менімен жасты. Менің Нұркеден туғанымды, Абайдан туғанымды

білмек тұрмақ өзі мен тұған жылы тұған. Ол бала қате күә болып отыр. Мені тұғандыңда кіндігімді кесіп, кірімді жуып алған кіндік шешем тірі. Содан сұраңыз. Менің тұғанымды көрген ағайындардың бірсынырасы тірі шығар. Солардан сұрасаңыз еken деп комиссиядан өтініп едім, келген өкіл тексергісі келмеди. Нәм қабыл алғысы келмеди. Өкілдің тексергісі келмегені мені Нұркеге қосып, кәмпес-келеп отыр. Қазақстан декретінде «28 жылғы ағұсқа дейін еншісі болек бала бөлек деп саналады» десе, бұл қаулыға өкіл мен комиссия ат үстінен қарап отыр. Сондықтан менің мұқтажымды әділдік көзben тексеріп кәмпескеден құтқаруды өтінемін.

(Арыздың жазылған мерзімі көрсетілмеген, бірақ 12.01.1929 ж. іске тіркелген).

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 29 іс, 21-22 п.)

### **Анықтама:**

ОГПУ Жетісу бөлімі 2-ші бөлімшесінің бастығы Ковалышкиннің алдын ала дайындаған мәліметінде және 1928 ж. 10 тамызда Нұркебай Абайұлы туралы Шығыс бөлімшесінің бастығы Катков пен өкіл Волков №5 жеке парапада:

«...Абайұлы Нұркебай – қазак, 50 жаста, Жетісу губ. Алматы уезі Талғар болысы 1-ауылының Қарға өзек мекенінде (қазіргі Еңбекши-қазак ауданы) тұратын қазақ. Руы – «Жанаш».  $3\frac{1}{2}$  дес.<sup>14</sup> жері, бір соқа, бір арба, бір тырмасы, 2 бөлмелі үйі, 1500 ұсақ малы, 150 ірі қара (ірі қараға шакқанда), өзімен бірге тұратын 4 ұлына таратқан, қазір 120 ірі, 1209 бас ұсақ малдары қалған, басқаларын жасырып үлгерген. Малдарын Ферғанаға айдалап сатумен айналысады. Бұрын үш жыл би болған. Ел арасында абырайлы. Қазақша сауатты. Отбасында 6 жан (кейін қарындашпен 7 деп жазған – З.И.) болған...».

### **Қорытынды:**

Алматы ократкомы президиумының жабық мәжілісінде (№1) «Байлар мен жартылай феодалдарды бір топтан екінші топқа ауыстыру туралы» мәселе қарап, Абайұлы Нұркені малы нормага толмаса да Ресей самодержавиесі тұсында 3 жыл би болып қызмет еткені үшін және ел арасында зор беделге ие болып, ықпалын жүргізіп ауылды кеңестендіруге қарсылық көрсеткені, жергілікті үкіметке салық төлеуден бас тартып, малын жасырғандығы үшін ҚазАОК нұсқаулының 1-бабының 2-ші ескертпесі бойынша кәмпес-кеге тартуды сұраған.

<sup>14</sup> Десятина – 1,09 гектарга тең.

Ірі қараға шаққанда Нұркенің және оның балалары деп есептеген Қожағұлдың, Молдагұлдың, Жұмабұлдың малдарын қосып есептегенде 216 бас, кей құжатта 199 бас малы қәмпескеленген. Нұрке және Қожағұл бірнеше рет Өлкелік атқару комитетіне, РСФСР прокурорына, өлкелік прокуратурага, округтік атком мен прокуратура және комиссияларға шағымдар жазған. Қазақстан Орталық атқару комитеті жаңындағы қәмпескелеу жөніндегі комиссия З қараша 1928 жылы ол арыздарды қарап (№30 хаттама), арыздарын негіzsіз деп шешім шығарған.

Қазақстан Орталық атқару комитетіне  
Алматы округі Қарқара ауданы  
Қызыл Арасан ауылы  
Мария Иса әйелінен

### Өтініш арыз

Сізге арыз беру себебім, 1928 жылы ірі байлардың малын алып, өзін жер аударған науқанға менің ерім Иса Бірімтайұлы ірі байлар қатарында малы алышып, өзі жер аударылып еді. Иса Бірімтайұлының өзі Алматыдағы қамауда қалды. Мені Бірімтайұлының орнына Оралға барасың деп жіберді. Оралға баруға менің ақшам жоқ, бағатын ер жеткен балам жоқ. Мен қайтіп жан бағамын?

Осы уақытта Оралға баруға пұлым жоқ болып өзімнің бар азын-аулақ пұлымды жол расхотына беріп қойдым.

Сіздерге осы жағдайымды айтЫП арыз беремін. Поезға белет алуға да пұлым жоқ болып арыз тастап кеттім.

Енді сізден сұранамын, менің мәлімдеген жайымды тексеріп мені еліме қайтарып немесе ерім Иса Бірімтайұлын шығарып берсеңіз еken. Қайтармасаңыз мен бекер өletіn болдым.

Осы арызымды тексеріп жауабын Текеге берсеңіз еken деп арыз беруші Мария Иса әйелі. Хат білмеген себепті бармағымды бастым.

6.VII.1928 ж.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 170 іc, 38 п.)

### Құғын қағаз

Қазақстан Заң комиссариатының басындағы аймактық прокурорға осы құғын қағазды беру себебім, биылғы жылғы қәмпескеге ерім Иса Бірімтайұлының малын алып, өзін Алматыда қамауга алыш, мені бұл жаққа айдал жіберген. Бұдан бүрын сіздің қарамағыңызға арыз берген едім.

Соның жауабын Орал округі Жымпіты ауданы 19 ауыл Былқылдақ қыстағына берсеңіз екен деп Мария Иса әйелі, хат білменің үшін бармақ бастыым.

24/I-1929 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 170 іс, 36 п.)

**Анықтама:**

Шығыс бөлімінің бастығы Ковалышкиннің алдын ала жасаған анықтамасында:

«...Иса Бірімтаев Жетісу губ. Жаркент уезі Интифак болысы Қызыл Арасан ауылында (кейін Қарқара ауданы) тұрады. Жасы 53-те (кей құжатта 50).

200 жылқысы (кей құжатта 300), 200 ірі қарасы, 300 қойы, 3 түйесі, ірі қараға шаққанда 483 бас малы бар. Құм Текей мекенінде 16 дес. шамасында егістігі бар. Ақшоқы мекенінде 200-300 дес. шабындық және жайылымдық жері болған.

Отбасында 6 жан бар. Тұракты 3 қызметкер ұстайды. Өз ауылдастарынан 5 отбасын шаруашылығында пайдаланады.

Бидің баласы, өзі 1921 ж. болыс болған.

Малының бірқатары бұрын тәркіленген. Жергілікті кедейлердің талап етуі бойынша малдары қайтарылған. Кедейлер мен «Қосшы» одағына ықпалы құшті. 1919 жылы ақтарға азық-түлікпен көмек көрсеткен. Кеңес үкіметіне қарсы үгітпен айналысады. 139 бас (кей құжатта 143) малы, 1 үйі тәркіленген».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 170 іс, 1 п.)

Қазақстан Орталық атқару комитетіне  
Алматы округі Еңбекшіқазақ ауданы

Қызыл сүтті ауылынан  
Орал округіне жер аударылған

Дүйсебек Жанақұлынан  
(басқа құжаттарда Жайнақұлы).

**Арыз**

Менің малымды кәмпескелеп алғанда маған 16 қара берген еді, өңкей жаманынан. Ол 16 қара үш жақсы аттың пұлсындей емес. Елімнен шыққалы алты ай болды. Қолымдағы пұл таусылды.

Өзім 48 жастамын (кей құжатта 52 деп көрсетілген). Бір балам көшіп келе жатқанда сұық тиіп өлді. Оның аты Бекмұхамед. Бір балам 6 жаста. Өзім кәрі, қызметке жарамаймын, науқасым бар. Оған доктырдан алған справкі қағазым да бар.

Сізден көптен-көп өтінемін, менің науқасыма Қарқара ауданының ауасы жағады дейді дәрігерлер, мені соған ауыстырысаныз. Яки болмаса, Алматы округінде тұруға болмайды десеніз Қыргызстанға қараган Қаракөл оязына жазсаныз екен. Оның ауасы науқасыма қолайлы, әрі арасаны бар. Жауабын Орал округі Жымпіты ауданы Былқылдақ қыстағындағы 19 ауылдағы Дүйсебек Жанақұлына десеніз тиеді.

28.ІІ.1929 ж.  
(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 288 іс)

### **Анықтама:**

«...Енбекшіқазақ ауданы Қызыл сүгіті ауылы, Көктерек мекенінің тұрғыны Жанаков (Жайнақов) Дүйсебек 52 жаста, 2 дес. егістігі, 1250 ірі қара және 1000 ұсақ малы болған. Отбасында 9 жан. Ирі қарага айналдырғанда 199 бас малы, 2 қыстауы, 1 киіз үйі кәмпес-келенген».

Олкелік орталық комиссияға  
Көшірмесі ҚазАССР прокурорына,  
ҚазАОК Президиумына,  
Жұмысшы-шаруа инспекция халкомына  
Алматы округі Бәрібаев ауданының тұрғыны  
Заманбек Бексұлтанұлынан (Бекмухамедов)  
(құжаттарда осылай екі түрлі жазылған – З.И.)

### **Шағым**

1) «Жетисуйская искра» газетінде жарияланған хабарландыруға байланысты өзімді жер аударып, мүлкімді кәмпескелеуге жатқызған. Бұл тубірінен дұрыс емес. Өйткені менің бар малым ірі қарага есептемегендеге 8 жылқы, 2 сиыр, 10 қой. Семьямда 4 жан бар. Мен мал шаруашылығымен айналысамын. Декретке қараганда ірі қарага шаққанда малым 300 бастан асуы керек.

2) Кеңес үкіметіне, оның шараларына қарсылығым болған жоқ, контреволюциялық саясатпен айналысраймын. Ешқашан патша заманында лауазымды қызмет атқарғаным жоқ.

3) Алғаш рет туысым Ахметбек Бексұлтанұлымен екеуіміздің шаруашылығымызды бір деп есептеп Қылмыс заңының 2-бөлімі 169-бабымен жауапқа тартқан. Солай болғанның өзінде екеуіміздің малымыз 300 ірі қарага жетпейді. Оның үстіне Ахметбек Бексұлтанұлымен екеуіміз бөлек тұрамыз. Ауыл шаруашылығы салығын бөлек-бөлек төлейміз.

Мен Қозықарада, Ахметбек Бексұлтанұлы Бәрібаев ауданы Алмалы ауылында тұрады.

4) Біздің шаруашылығымыздың бөлек екендігін 10 декабрь 1928 жылы Алматы округі 15-ші участок халық соты заңды деп үкім шығарған.

Мен би де, болыс бастығы да, хан тұқымы да емеспін. Ешқашан ақсақал, атқамінер болғаным жоқ.

Кәмпеске және жер аудару таптық тартыспен жүріп жатыр. Мені жер аударудың, малымды кәмпескелеудің заңсыздығын жүзден астам қатысқан «Қосшы» одағының қаулысы анықтайды.

Қазір қыс түсті. Емшектегі екі баламен және материалдық жағдайымның төмендігінен ешқайда шыға алатын емеспін. Сондықтан менің құқымды қорғауды сұраймын.

Заманбек Бекмұхамедов

15 декабрь 1928 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 211 іс, 21-22 п.)

#### **Анықтама:**

1) Қазақстан бойынша ППОГПУ Шығыс бөлімінің бастығы Катковтың және өкіл Волоховтың Заманбек Бексұлтановтың (Бекмұхамедов) жеке парашасына толтырған анықтамасы:

«...1-топ. Заманбек Бексұлтанов Алматы округі Бәрібаев ауданы Алмалы ауылында тұрады.

Пайдаланып тұрган жерінің мөлшері анықталмады. 1200 қойы, 190 жылқысы, 60 мүйізді ірі қарасы, 8 түйесі (ірі қараға шаққанда 458 бас).

Семьясында 5 жан бар. 7 батырақты тұрақты үстайды.

Патша заманында және ақтардың уақытында тұқым қуған болыс бастығы болған. Ауыл ішінде беделді және құрметті ақсақал болып саналады.

1927 жылы шабындықты қайта бөлу кезінде кедейлерге ықпалын жүргізіп, өзінің бұрынғы шабындық жерлерін қайтарып алған».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 211 іс, 32 п.)

2) Ократком жауапты хатшысы Әлімбаевтың окрпрокурордың №365 және округтік жұмысшы-шаруа инспекциясының №80 қатынастарына берген жауабы:

«...Самодержавие мен Алаш орда тұсында тұқым қуалаған болыс басқарушысы және даулы мәселені шешетін құрметті ақсақал болған».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 211 іс, 3 п.)

Алматы окружной төңкеріс комиссиясының бастығына  
Бәрібаев ауданы Алмалы ауылының гражданы  
Бексұлтанұлы Ахметбектен  
**Өтініш арыз**

...Сіздің әділ мархабатыңыздан өтінемін. Биылғы жылды 7 оқтабрьде Заманбек Бексұлтанұлын төңкеріс қылышп еді. Соған мені қосып бірге алды. Малым, жаңым, үйім, алым-салық бүркіннан басқа еді. Алынған малым: 304 қой-ешкі, 24 түяқ жылқы (ірілі-уақты), 2 түйе, 4 сиыр. Осындай малымды алышп, өзімді айдаң жіберді. Заманбектің малы аз еді. Соның толымына мені қосып алды. Еншім бөлек. 1924 жылды Серкеш болысында едік. Сол жылғы төлеген салық қағазымды 277-ші квитанция (нөмірі 86) жіберіп отырмын. Осыны таза тексеріп, әділетшілікпен женілдік берсеңіз екен. Өзімді һем малымды босатсаңыз екен.

16.X.1928 ж.  
(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 211 іс, 15 п.)

Округтік атқару комитетінің президиумына  
Көшірмесі прокурорға және  
Республикалық бақылау инспекциясына  
Бәрібаев ауданы  
Алмалы ауылының тұрғыны  
Көбек Мұхаметкәрімұлынан

**Шағым**

Аудандық комиссияның қаулысымен менің малымды кәмпеске-  
леп, өзімді зансыз жер аударып отыр деп санаймын. Себебі:

1) Жасым 18-де. Заманбек Бексұлтанұлына жақын туыс емес-  
пін, жетіммін. Бар малым 5 сиыр, 5 жылқы, 263 қой. Бұл малмен  
Декрет бойынша кәмпескеге жатуға тиісті емеспін.

2) Кәмпескелеу және жер аудару таптық күрес жағдайында  
өттеде. Осы тұрғыда 23 сентябрь 1928 жылды 132 кедей қатысқан  
жиналысының қаулысында маған берген мінездеме назар аударуға  
тұрарлық деп білемін. Онда менің Кеңес үкіметіне жау элемент емес  
екендігімді көрсеткен. Мен бұл қаулыны басқа документтермен қо-  
сып ноябрьде окркомиссияға жібергенмін. Соңан күні бүтінге жауап  
келген жоқ.

3) 30 сентябрьде ауылком, «Қосшы» одағы Қазаткомге телеграммамен қаулысын жіберген. Онда менің және малымның, мул-  
кімнің кәмпескелеуге жатпайтынын көрсеткен. Оған 4 октябрь 1928  
жылды ҚазОАК тәрағасы Ерназаровтан қол қойған жауап келді. Онда

бұл қателікті жөндеу, яғни мені жер аудару жөніндегі қаулыны өзгерту мәселесін окркомиссия қарауы тиіс деген.

4) Мен жас болсам да денсаулығым жоқ, жарымжанмын. Параличпүн. Ол жөнінде 18 октябрь 1928 жылы Сарқант учаскелік ауруханасының №655 санды анықтамасы қолымда. Ұзақ емделуді қажет етеді. Сондықтан мен қашықтау туыс Әшіrbектің қолында тұрмын.

(Хат білмегені үшін Бексұлтанов қол қойған)

10 декабрь 1928 ж.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 211 іс, 10 п.)

### Қорытынды:

Заманбек Бексұлтанов кәмпескелеу кезінде мал есебі нормаға толмаса да ППОГПУ Шығыс бөлімінің 10 тамыз 1928 жылы алдын ала жүргізген есебі бойынша және ократком хатшысы Өлімбаевтың окрпрокурор мен округтік жұмысшы-шаруа инспекциясына «Тұқым қуалаған әулеттің құрметті ақсақалы, болыс бастығы» деп берген мәліметі негізінде 1-топқа жатқызылып, мал-мұлкі кәмпескеленіп жер аударылған. Оның ірі қарага шаққанда 171 бас малы, 2 үйі, 3 кіз үйі, 3 кілемі, 2 киізі, 1 соқасы кәмпескеленген.

Заманбек Бексұлтановтың өзі, туысы Ахметбек Бексұлтанұлы, жетім Көбек Мұхаметкәрімұлы округтік атқару комитетіне, Өлкелік орталық атқару комитетіне, Республикалық прокуратураға, Жұмысшы-шаруа инспекциясына бірнеше шағымдар берген.

31 қараша 1928 жылы ҚазОАК жаңындағы кәмпескелеу жөніндегі комиссия олардың арыздарын қарап Заманбек Бексұлтановты 1-топтан 2-топқа ауыстыруды окркомиссия билігіне жіберген. Қалған өтініштері қанағаттандырылмаған.

Ауылдың «Қосшы» комитетінің төрағасы Төлебаевтың 30 қыркүйек 1928 жылы ҚазОАК-ке берген: «...Заманбектің қамқорлығындағы екі жетім – Көбек Мұхаметкәрімов пен Әшіrbек Бексұлтановтың мұліктерін Заманбек Бексұлтановтың есебінен шығаруды» сұраған жеделхаты назарға алынбаған.

Аудандық өкіл Османқұлұлына  
Малайсары ауданы №12 ауыл адамы  
Жанбатыр Байсуанұлынан

### Өтініш

...Айтатын арызым мынау: елдің ескі әдеті бойынша кезекпен 1913 жылы ел сайлас 1916 жылға дейін болыс болған едім. Елге

зияным тиғен жоқ. Қолымнан келгенінше һеш бір жұмыстарына кеселдік көлтіргенім жоқ. 1917 жылдан бері қарай «Шошқа сабаған» тоғанды кедейлерге су шығарып, соларға дән жегіздім.

Бұл уақытта үкіметке қарсылығым жоқ. Өзім хат танымаймын. Қараңғылығымнан істеген ісім болса білмеймін және байлығымнан жақсылық көрmedім.

Бұл уақытта менің азды-көпті бар малымды үкіметке алып, енбек нормасын қалдырып алуына өз ықтиярымнан комиссия арқылы берсем және жасым болса 62-де. Балам жас, шиеттей жас балаларды асырап жан сақтау үшін өз жерімде қалдырсаңыз екен.

29.IX.1928 ж.  
(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 154 іс, 12 п.)

#### Анықтама:

1) Малайсары ауаткомының 1928 жылы 10 октябрьде берген сенім қағазы:

«Осы сенім қағаз Жанбатыр Байсуанұлына беріледі. Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің Декреті бойынша Алматы округінен Орал округіне көшірілді.

Мұның қасында бала-шагасы:

1. Жанбатыр Байсуанұлы.
2. Қатыны – Мақып.
3. Баласы – Жақып.
4. Баласы – Әлім.
5. Келіні – Қадиша.

Ескерту: осы сенім қағаз Алматы округінің аткомынан жаңалаңып алуға тапсырылды.

Аудандық атком тәрағасы Жексемғалиев  
Хатшысы үшін Маусымбаев»

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 154 іс, 27 п.)

2) ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің бастығы Ковалышкиннің алдын ала жасаған дерегі:

«...Байтулаков Бекбатыр бұғ. Жетісу губ. Талдықорған уезі Тау Жалайыр болысы №3 ауыл (қазіргі Алтын емел, Малайсары ауданы) қазағы. Жасы 55-те. 810 қойы, 2 түйесі, 82 жылқысы, 14 мүйізді ірі қарасы (ірі қараға шаққанда 257) бар.

Губқаржы бөлімінің мәліметі бойынша 300 ірі қарасы, 2 дес. егістік жері бар.

Отбасында 3 жан бар. Тұрақты 2 жұмысшы ұстайды.

Бұрын 9 жыл би болған».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 154 іс, 1 п.)

## **Қорытынды:**

Байтулақовты кәмпескелегенде туысы Жанбатыр Байсуановтың баласы Әлімнің (24 жаста, 1925 жылы өз алдына енші алып шыққан) және оның экесі Жанбатыр Байсуановтың мал-мұлкін қосып бір отбасына есептеген. Бекбатырдың өзінен 9 мүйізді ірі қара, 77 жылқы, 179 ұсақ мал, қалған екі отбасын қосып есептегенде 22 мүйізді ірі қара, 130 жылқы, 1333 қой, 18 ешкі кәмпескеленген.

Бекбатыр мен Жанбатыр аудандық комиссияға 2 реттен, Әлім ҚазОАК мен Республика прокурорына шағымданған.

Кәмпескеге ілікпеу үшін отбасын, мал-мұлкін бірнеше бөлікке бөлген деп Алматы 9-учаске халық соты 16.X.1928 ж. 2 жыл бас бостандығынан айыруға үкім шығарған.

Қазақстан Республикасының  
Орталық атқару комитетінің ағасына  
Бұрынғы Алматы округі  
Берібаев ауданының азаматшасы  
Тұрсынбек Тасыбек әйелінен  
(қазірде Алматының түзеу үйінде тұтқындамын)

## **Арыз**

Откен 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеу науқанында сол ірі байлардың қатарында кәмпескеленіп жер аударылдық. Баратын жеріміз Орал округі болғандықтан өзімізге берілген азын-аулақ көлікпен көшіп жол тарттық.

Жолда менің күйеуім Тасыбек Базарбайұлы ауырып, 1928 жылы қыс болып кетіп Орал округіне жете алмадық. Жолда қыстадық. 1929 жылы ерім Тасыбек аурулы болып, Шоқбар ауданында қысталап, сол ауданда Тасыбек екі баласымен дүниеден қайтты. Ауру бағамыз деп қолдағы барлы-жоқтан айырылып кедейлендік.

Күйеуім өлген соң қолымда қалған жетім балаларыммен (4 еркек бала, 2 әйел бала, келінім, барлығы 8 жан) 1930 жылы жазғытұрымда өзіміздің бұрынғы ескі орнымыз Берібаев ауданына келдік. Келгендегі мақсатымыз ақыры байлар қатарынан саналып, атаққа ие болған, басында барлығымыз соның бала-шағасы болғандықтан жер аударылған күйеуім Тасыбек өлді.

Еңбекке жарапымыз 2 ғана адам. Оның бірі өзім, аурумын. Бұл туралы справкам қолымда бар. Сондықтан ендігі қалған жетім бала, жесір әйел кеңес дұшпаны болмаспыз деп, бала-шаға болса туған жерде күн көрер деумен елге келдік. Өйткені Орал округіне баруға ешқандай қаражат қалмаған еді.

Бірақ бізді Бәрібаев ауданында үш күн түнетті де, сол Бәрібаев ауданынан бізді айдал Алматыға әкеліп қамап қойды. Қамалғанымызға айға жақын болды. Қазірде басымызда үй, бауырымызда қазан, ішуге тамақ, киерге киім қалған жоқ. Небәрі бір жарым түйе, бір қыршаңқы арық ат, күн көруге мүмкіншілік жоқ. Алдымызда қыс қеледі. Көйлектен басқа лыпамыз жоқ. Орал округіне бармай осы Алматы округінің басқа бір ауданында жұрсек те, еңбек істеп күн көріп тіршілік істер едік.

Сондықтан, Сізден сұранамыз мүмкіншілік болса. Жетім бала, жесір әйел болып қалдық. Бұрынғы орнымызға жіберсөніз еken. Егер болмаса осы Алматы округінің басқа бір ауданында тұрып күнелтуге рұқсат етсөніз еken. Мынау қамау үйден босатсаныз еken.

14.VIII.1930 ж.  
(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 128 іс, 11 п.)

#### **Анықтама:**

1) Ақсу аудандық әкім бөліміне:

Бәрібаев аудандық милицияның 24 июнь 1930 жылды Орал округіне жер аударылған Тасыбек Базарбайұлының қатын-балалары ешкімнің рұқсатынсыз қайтып келгендіктен милиция арқылы қайта жіберілу үшін сіздерге жіберілді. Талдықорған милициясына да осындай қатынас қағаз жазып айдатып жіберуініз сұралады.

Жіберілген мыналар:

1. Тұрсынбөп Тасыбек әйелі.
2. Әділбай Тасыбекұлы.
3. Әбдікәрім Тасыбекұлы.
4. Ғабдолла Тасыбекұлы.
5. Самұрат Тасыбекұлы.
6. Күніппа Тасыбек келіні.
7. Гүлжиян Тасыбекқызы.
8. Бір кішкене емшекте бала бар.

Осы жоғарыдағылар Базарбайұлының қатын-балалары сіздің қарамағындызға жіберілді. Талдықорған әкім бөлімі арқылы тиісті жерге жіберу сұралады.

Уақытша Бәрібаев аудандық әкім бөлімінің бастығы

Садықұлы

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 128 іс, 31 п.)

2) Дәрігердің анықтamasы (22.VI.1930): «...Тасыбекова Тұрсынбөп түберкүлезбен ауырады. Қаны аз және созылмалы ауруға шалдықкан» деп мөр басылған.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 128 іс, 29 п.)

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Президиума КазСИК'а и СНК о прикреплении высланных баев в порядке декрета КазСИК'а и СНК от " " ..... 1928 г.  
к определенным районам.

Во изменение постановления КазСИК'а от 25 марта 1929 года, президиум КазСИК'а и СНК постановляет:

1. Высланных баев в порядке декрета КазСИК'а и СНК от 27 августа 1928 года бессрочно прикрепить к округам, определенным КазСИК'ем.
2. Поручить административным органам проследить за выполнением настоящего постановления.
3. Баев, выехавших из района прежнего жительства и вопреки постановлению КазСИК от 30 августа 1928 года, поселившихся в смежные округа с местом прежнего жительства, немедленно выселить и водворить в районах, согласно постановления КазСИК от 30 августа 1928 года.
4. Просить исполкомы и органы ОГПУ смежных с Казахстаном областей в районы которых поселились высланные баи, выселить последних в места, указанные Казправительством.
5. Предложить ЦАУ и ПП ОГПУ доложить к 1 октября 1929 года о результатах выполнения настоящего постановления правительству.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ -

Члены президиума:

ОТВЕТ. ЗАМЕСТАРЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ -

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СНК - УЧЕГ -

## **Қорытынды:**

ОГПУ қызметкерлерінің алдын ала дайындаған материалдарында Тасыбек Базарбайұлының мал есебінде 300 жылқы, 800 қой, 10 түйе, 30 мүйізді ірі қара (ірі қараға шаққанда 500 бас) көрсетілген. Өзі агент болып қызмет атқарған, жер аударылып бара жатқанда екі баласымен өлген. Ирі қараға шаққанда 257 бас малы, қыстық екі үйі, бір киіз үйі, 5 текеметі, 3 кілемі кәмпескеленген.

Отбасында емізулі баламен 8 жан Орал губерниясына екінші рет жер аударылған.

Бүкілодақтық Орталық атқару комитетіне  
Қаз АССР Халық  
Комиссарлары кеңесіне  
Алматы округі Қастек ауданы  
№5 ауыл азаматы  
Жұніс Асылбековтөн

## **Шағым**

Менің әкем Есдәulet Асылбекұлын кәмпескелеу кезінде шаруашылығы бір деп мүлкімді оған қосып жіберді. Төлдерімен қоса есептегендеге әкемнің 21 жылқысы, 5 сиры, 3 түйесін, 325 қойешкісін, менің 41 жылқымды, 4 сирымды, 2 түйемді, 225 бас қойешкімді кәмпескеледі.

Атамның екі әйелі болған. Екінші әйелі баласыз болғандықтан мені жастайымнан бауырына салып, асыраған.

Атам Асылбек 1908 жылды Меккеге жүрер алдында екі әйеліне бар мал-мүлікті бөліп берген.

Мені бала етіп, бауырына салғаннан кейін сол кісінің есімімен Асылбекұлы болып жазылды.

Бұл жағдайды менің жеке шаруашылығымның бөлек екендігін, атамның бала етіп асырағанын жергілікті халық та, үкімет те біледі. Солай болса да әкем Есдәuletтің малының санын көбейтуді көздең, менің шаруашылығымды, атамнан қалған мүлкімді әкеме теліп отыр.

Сондықтан мені Орал округіне жер аудару жөніндегі тоқтамды өзгертуді, мүлкімді қайтаруды сұраймын.

5.XI.1928 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 ic, 23 п.)

Қазақстан Өлкөлік атқару комитетіне  
Округтік кәмпескелеу комиссиясына  
Алматы округі Қастек ауданы  
№5 ауыл адамы  
Әбдірақым Асылбекұлынан

### Өтініш

Менің әкем Есдәulet Асылбекұлы 1916 жылы болыс болған еді.  
Соның турасында 1928 жылғы 27 ағустағы кәмпескелеу тоқтамы  
бойынша 570 қойы, 35 жылқысы, 9 сиыры, 5 түйесі, екі киіз үйі  
және 3 бөлмелі там үйі кәмпескеленіп еді. Солардың ішіне менің  
20 қойым, бір атым, бір бұзаулы сиырым, 6 қанат киіз үйім кіріп  
кетіп отыр.

1917 жылы әкем екінші қатын алғып, мені өз шешеммен 60 қой,  
10 қара беріп бөлек шығарды. Бұл малдарды оқу жолына сарп  
қылып, соナン бар қалғаны 20 қой, екі ірі қара.

1922 жылы Алматы қаласындағы 6 айлық мұғалімдер курсында  
оқып, 1922 жылға дейін Алматы уезі (Ұзын Қарғалы) №5 ауылда  
мұғалім болдым.

1922 жылы Алматыдағы қазақ институтына кіріп, биыл 1928  
жылы 28 майда бітіріп шығып, Жаркент қаласындағы Қазақ ком-  
муна мектебіне мұғалім болдым.

Бір үйде 4 жаңбыз. Шешем 55-те, қарындасым 12 жаста, балам  
6 жаста. Районный комиссияларға арыз берсем бөліну акты сұрайды.  
Алғашқы бөлінгенде акты жасауды білмедік, сол бөлінген күйде  
кете бердік. Сол үшін сізден әкемнің есебіне кіргізбеуіңізді өтінемін.

10. XI.1928 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 11, 25 п.)

Округтік кәмпескелеу комиссиясына  
Қастек ауданы №5 ауылдың адамы  
Қалипа Есдәulet қатынынан

### Өтініш

Мен бұрыннан үй-жай, бала-шағаммен Есдәulet Асылбекұлынан  
бөлекпін және екі қатынның бірімін. Оның менен басқа қатыны,  
бала-шағасы бар.

Мен екі қатынның бірі болсам, өзім бөлек тұрсам қалайша жер  
аударады? Бала-шағаммен қалдырыуыңызды өтінемін.

Әркім өз басын күйттеп, маған ешкім қарайтын емес.

23.X.1928 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 9 п.)

### **Анықтама:**

1) ППОГПУ Шығыс бөлімінің бастығы Ковалышкиннің Есдәulet Асылбеков туралы алдын ала жасаған анықтамасы:

«...Асылбеков Есдәulet Жетісу губерниясы Алматы уезі Ұзын Қарғалы болысы №5 ауылда, Жаманболат деген мекенде (қазіргі Қастек ауд.) тұрады. 46 жаста. Бердәлі селосында 2 дес. жерге бидай егеді. 4 бөлмелі жақсы үйі, қора жайы, жарты дес. жеміс бауы бар. 100 мүйізді ірі қара, 1000 бас ұсақ малдар (ірі қараға шаққанда 300 бас) ұстайды. Шаруашылығын өзіне және бірге тұратын екі бала-сына бөлшектеген. Есеп бойынша Асылбековтың өзінде 37 ғана ірі қара, 250 ұсақ мал көрсетілген. Балаларымен қосып есептегендеге 11 жан, оның екеуі әйел, бәрі бір үйде тұрады. Тұракты екі жұмысшы ұстайды. Фергана мен Алматы арасында мал сатумен айналысады. «Уш тоқал» деген рудан шыққан. Бұрынғы би, болыс басқарушысының баласы. Асылбековтың өзі 6 жыл би, 6 жыл болыс болған. Қазір ең беделді, ықпалды, атқамінер болып саналады. Патша самодержавиясы тарапынан медаль алғып, шекпен киген. Кеңес үкіметіне қарсылардың бірі. Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, бұлдірушілік әрекеттер таратумен айналысады. Ауылдық кеңестің шешімін орындағатпау жөніндегі топтарға қатысатындығы белгілі болған. Салық төлеу объектілерін жыл сайын жасырады».

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 1 п.)

2) Алматы округі ОГПУ бөлімі өкілінің «тез, өте құпия» деп 21.X.1928 жіберген анықтамасы: «...№5 ауылда тұратын Күшіков Сағымбай және Шілдебаев Исаның қолдарындағы малдарының есебін салық төлеу қағазымен салыстырып анықтауга тездетіп шешім ал. Өйткені, менің қолымда бай Есдәulet Асылбековтың малдары сол екеуінде жасырулы тұр деген накты дерек бар. Комиссия қорытындысын тездетіп маған жеткіз».

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 3 п.)

3) Комиссия қорытындысы: «...Мәлімет бойынша Есдәulet Асылбековте 100 ірі қара, 1000 бас ұсақ мал бар. Комиссия онан 51 бас ірі қара, 570 бас ұсақ малды және туысқандарына тыққан 12 бас ұсақ мал тапты. Онан басқа жасырған малдыры да бар деген дерек бар. Оның үстіне малының бірсытырасын сату үшін Ферганага айдатып жібергені анықталды».

(ОГПУ II-бөлім бастығы қол қойған)

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 2 п.)

4) Алматы округі Қастек аудандық комиссияның Асылбеков Әбдірақым туралы анықтамасы: «...Отбасында 4 жан бар. 570 қойы, 35 жылқысы, 9 сиыры, 5 түйесі, 2 киіз үйі, қыстық бір үйі кәмпес-

келенді. Асылбекұлы Есдәuletтің отбасымен бірге. Арызы негізсіз деп табылсын».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 24 п.)

5) Қалипа Есдәulet әйелі Асылбекова туралы 3-учаске халық сотының 3.X.1928 анықтамасы: «...Есдәulet Асылбековтен Қалипа ажырасқанда үш қызбен (Фазиза 13 жаста, Файнижамал 11 жаста, Бибіжамал 6 жаста) және Сәдуақас деген ер баламен қалған».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 8 п.)

6) Округтік комиссияның 18 ноябрь 1928 жылғы мәжілісінің 23 хаттамасы: «...Жұніс Асылбековтың шаруашылығы әкесі Асылбеков Есдәuletпен бір екендігі кедейлер жиналысының қаулысымен бекітілгендеңдіктен жеделхатпен жіберген өтініші және арыздары қабылданбасын».

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 14 п.)

Қазақстан Өлкелік атқару комитеті Ерназарұлына  
Алматы округі Қастек ауданының  
Орал округіне жер аударылып келген  
Әбілда Жаубасарұлы, Жылқыбай Қадыrbайұлы,  
Есдәulet Асылбекұлы, Әбділда Тоқбергенұлынан  
Тілек

Біз өткен жылдың бірінші деқабрінде Орал округіне келіп, жергілікті үкіметтеріне білініп, Орал қаласының қасында қазақ ауылдарының ішінде қыстап отырмыз. Біз жоғарыдағы айтылған адамдар барлығымыз 34 жан. Оның көпшілігі ауру, өсіресе балалар мен шалкемпірлер. Жол үстінде бала-шағадан екі-үш адам шығындалап та кетті. Себебі, күн өте суық, бұрын мұндай ауа, тұрмыс, басқа жерге үйренбеген ел күні-түні үйден шықпай ауру үстіне ауру жамап жатыр.

Соның үшін сізден төмөндікпен өтініп сұранамыз, жазықты болған өз бастарымызды қайда айдасаныздар да біз разымыз. Жазықсыз қатын-балаға рақым қылутынызды тілейміз. Егер де бала-шағаның халі осы қалпында тұрса, баладан түк қалатын емес.

Екінші тілек бала-шағаны елімізге қайтармасаныздар да, өзіміздің үйренген жеріміздің ауасына сәйкес Сырдария округі сияқты жерлерге жіберуінзді құраймыз.

26.01.1929 ж.

Орал округі Зауральный ауатком №16 ауыл  
(КазОАК-де бұл хат 25.02.1929 ж. алышып, №1142130 тіркелген)  
(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 3 іс, 35 п.)

Мы высланные Алма-Атинского Уральский округ прибыли в Уральск. Просили прозимовать Уральском р-не которую нам Уральская администрация отказалла несмотря проезженные 4000 верст заставляет еще проехать 500 верст. Средства кончились. Зима холодная. Нас 7 семейств 52 душ. Просим помиловать оставить до весны иначе грозит нам гибель.

Адрес: Уральск довостребования. Асылбеков

(ЦГАРК ф.135, оп.1, д.3, л.37)

### **Қорытынды:**

Есдәulet Асылбеков ҚазОАК мен ХКК-нің «Ірі байлардың мал-мұлқін кәмпескелеп, өздерін жер аудару туралы» Декретін түсіндіру жөніндегі Қазақстаның барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуін талқылаған Қастек ауданындағы кедейлер мен жалшылардың 14 қыркүйек 1928 жылы болған конференциясының қаулысы бойынша жер аударылған. Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізуші, ру арасындағы өшпендерлікті қоздыруши, әрі би, болыс болған, ірі бай деген айып тағылған. Есдәuletпен бірге уш шаңырақ қоса кәмпескеленген. Аудандық, уездік, өлкелік, бүкілодақтық басшы орындарға берген шағымдары шешімін таппаған.

Кәмпескеленген малдары мен жер аударылған жан санын комиссия дұрыс көрсетпеген. Комиссия көрсетуі бойынша Есдәuletтің 21 жылқысы, 5 сиыры, 3 түйесі, 325 қойы кәмпескеленген. Накты дерек құжаттар бойынша 63 жылқы, 10 сиыр, 5 түйе, 560 қой, 3 киіз үй, 4 бөлмелі қыстық үйі кәмпескеленген. Комиссия 42 бас жылқыны, 5 сиырды, 2 түйені, 245 қой-ешкіні, 3 киіз үй мен 4 бөлмелі қыстық үйді есептерінде көрсетпеген.

ҚазАССР Орталық атқару комитетіне  
Халық Комиссарлары кеңесіне  
Көшірмесі Республика прокурорына  
Алматы округі Шоқпар ауданы №5 ауыл азаматтары  
Марқаулы Әлімбай және Әлімбайұлы Сейітханнан  
**Шағым**

Алматы округі жергілікті үкіметінің жасаған мәліметі бойынша мен Марқаулы балам Сейітхан екеуіміз жер аударылатындардың тізіміне зансыз ілініп отырмыз.

Менің бар малым 201 қой, 5 сиыр, 27 жылқы, 2 түйе және 2 ешкі еді. Оған Сейітханның 265 қойын, 53 жылқысын, тағы бір ұлым Андақұлдың 52 жылқысын және басқа ағайындардың, атап айтқанда – Көшеген Жанқараашевтың 20 қойын, 6 сиырын, Сақал Есеновтың 40 қойын, Жантөрин Оразбактың 40 қойын, Тастан Жанқараашевтың 10 қойын, Бексеріковтың 9 қойын, Естенов Майтанның 5 қойын, Нұрмамбет Діңгілбаевтың 25 қойын, 1 атын, Есім Нарымбетовтың 1 атын менің есебіме қосып жазып жер аудару мөлшеріне келтіріп отыр. Оның үстіне менің жасырған жылқыларым деп көрші Қордай ауданының 280 жылқысын қуып келіп, оларды да менің малыма қосып есептеген. Алайда, жоғарыдағы малдардың иелері жан-жаққа арызданып, жөнсіздігін анықтағаннан кейін аудандық комиссия олардың малын қайтарып беруге мәжбүр болды. Солай болса да менің балаларым Сейітхан мен Андақұлдың малдарын қайтармады.

Жер аударуға есептегі малым толмаганнан кейін енді комиссия мені жер аударудың басқа айласын жасады. Комиссия болыс болдың деп заңсыздық істеп отыр. Шын мәнінде мен осыдан 30 жыл бұрын 3 жыл болыс басқардым. Сол үш жылда болыстықты дұрыс атқара алмағандықтан орнымнан босатты. Заң бойынша жер аударылу үшін үздіксіз ұзақ жыл болыс болу керек. Мен бұған жаттаймын. Мені жер аударуға бұл себеп болуға тиісті емес. Мен патша заманында шен, шекпенге ие болғаным жоқ. Оның үстіне мені атқамінерге санайды. Бұл жөнсіз.

Жасым 70-те. Ешқашан Кеңес үкіметіне қарсы іспен айналысқа-ным жоқ. Тек жеке мал шаруашылығымен айналыстым. Ешкімге қысым жасамадым.

Жер аударуға қарсы болған елдегі адамдардың көзінше округтен келген өкілдің басшылығымен мені және менің балаларымды тұтқындалап, мойнымды арқанмен буындырып бұрап, басымды қайырып байладап таставады. Ұрып-соқты, азаптап, азар-ақырет көрсетті.

Декреттің күшімен 8-учаскелік халық соты ұлгілі ашық сот құрды. Сол сотта балам Сейітханның менен енші алғанына 8 жыл болғанын анықтап үкім шығарды. Солай болса да, сот үкімін аудандық комиссия назарға алмастан балам Сейітханның малын менің малыма, отбасындағы 10 жанды менің отбасыма қосып есептеп жіберді. Соның салдарынан қазір бір отбасында 19 жан есептеліп тұрмыз.

Оның үстіне менің малыма екінші ұлым Андақұлдың да 52 жылқысын қосып отыр. Оның жасы 41-де. Менен көп уақыттан бері еншісі бөлек тұрады. Бұл жерде аудандық комиссия 8-учаске халық сотының «Андақұлдың 2/3 мүлкі кәмпескеленсін» деген жолсыз

үкіміне сүйенген болуы керек. Заңсыз болғандықтан соттың бұл үкімі елі күнге дейін орындалған жоқ...

Сондықтан кәмпеске және жер аудару туралы қаулының дұрыс орындалуын, біздің мәселеміздің тездетіп шешілуін сұраймыз.

3.XI.1928 ж.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 47-50 п.)

ҚазОАК комитетіне  
Халық Комиссарлар кеңесіне  
Көшірмесі Республика прокурорына  
Алматы округі Шоқпар ауданы №5 ауыл азаматтары  
Сапарбай Марқаұлынан және Сапарбайұлы Әбіханнан

### Шағым

1) Мен Сапарбай Марқаұлы жер аударылатындардың тізіміне сырттан алынған деректер бойынша ілінгенмін. Бұрынғы берген арыздарыма қосымша мыналарды хабарлаймын: менің шаруашылығым байларды жер аудару туралы қаулыға сәйкес келмейді. Мені жартылай феодал қатарында жер аударуға қосып отырған жергілікті үкімет. Атап айтқанда, қазіргі күні байларды кәмпескелеу кезінде пара алғандығы үшін қамауға алынған ауылдық кеңестің ісі. Өйткені, ол менімен қас. Аудандық комиссия мені жер аударудың барлық тәсілін, амал-айласын жасады.

Округтік комиссияға 300-ден астам малы бар деп хабар жеткізген. Осы мөлшерге жеткізу үшін 4 жыл бұрын енші алып кеткен балам Әбіханның 143 қойын, 26 жылқысын, 10 сиырын, 3 түйесін менің есебіме қосып есептеді. Мөлшерге бұл малдар да жетпегеннен кейін көршілерім – Құлманов пен Бегімовтің 4 сиырын, Иманахун Есімбаевтің 7 сиырын, 2 бұзауын, Әблікұл Есімовтың 1 биесін, Ақатай Үмбетияровтың 1 биесін, Менлібай Ақманбетовтың 1 биесін, Жанкісі Данышпановтың 2 сиырын, Әлназар Әлібаевтың 2 сиырын қосты...

Тіпті болмаған соң менің және Әлімбай Марқаұлының тығып қойған малдары деп Қордай ауданына қарасты Қыбырай ауылының өрісте жүрген 280 жылқысын қуып келіп, менің малымның есебіне қосып жазды. Кейін ол малдарды арызданып көршілерім де, Қыбырай елі де қайтарып алды. Солай болса да аудандық комиссия округтік комиссияға мені ірі бай қатарында деп сендіріп, жер аударушылар қатарына жатқызды. Аудандық комиссияның мұндай ерескелдік әрекетіне мені білетін жергілікті ел қарсылық көрсетті. Мені жер аударудың заңсыз екендігін айтты. Олар өз қарсылық-

тарын орталық органдарға телеграммамен де жіберді. Сол телеграммада менің баламның еншісі бөлек екендігін де көрсеткен. Жоғарыдағы мал иелеріне малдарын қайтып бергеннен кейін менің есебімдегі мал саны тіптен азайып қалды.

Сондықтан аудандық комиссия жер аударушылар тізімінен шығармау мақсатын көздең мені тұтқынға алғып, «жасырыған малдарыңды айт!» деп мойныма арқан байлап буындырып, мойнымынды бұрап, басымды қайтырып байлап та тастанды. Өлімші етіп ұрыпсоқты, жанымды қинады, азаптады. Ақырында еш нәрсе шығары алмағаннан кейін «Әлімбай баласының малын жасыруға көмектесті, ауыл ақсақалдарымен ымы-жымы бір» деп ісімді сотқа берді. Сот аудандық комиссияның ықпалымен 3 жыл еркіннен айыруға үкім шығарды. Сот үкімі әлі күшінен енген жоқ. Ойдан шығарылған жалған деректермен мені жер аударып отыр. Кеңес үкіметіне қастандық әрекетім болған емес. Ешқашан сottы болғаным жоқ. Атқамінер емеспін. Өмір бойы мал шаруашылығымен айналысып келемін.

2) Мен Әбіхан Сапарбайды әкемнен 4 жылдан артық уақыттан бері еншім бөлек. Отбасымда 5 жан бар. Салықты бөлек төлеймін. Оны салық төлеген қағаздарым анықтайды. Мұны 8-учаскелік сотта анықтап еншісі бөлек деп көрсеткен. Бірақ комиссия оны қабыл алмады. Соттың үкімімен санаспады.

Жалпы алғанда аудандық комиссия бізге қатыгездікпен қарауда. Заң бойынша біздің үлесімізге 16 бас мал қалдырудың орнына 2-ак бас мал қалдырып отыр. Сондықтан біздің мәселемізді тездедіп қарап, біреудің есе қайтару үшін жасаған жалған ақпараты мен ойдан шығарылған цифрларының құрбандығына шалынудан құтқаруды, жер аударудан босатуды және малымызды қайтаруды сұраймыз.

3.XI.1928 ж.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 44-46 п.)

#### **Анықтама:**

1) ППОГПУ Шығыс бөлімінің бастығы Ковалышкиннің анықтамасы (мерзімі көрсетілмеген): «...Марқаұлы Сапарбай Жетісу губерніясы Шу ауданы Қызылұлан болысы Жыланкөз ауылының (қазіргі Шоқпар ауд.) қазагы. 700 қойы, 120 жылқысы, 150 ірі мүйізді қара малы бар (ірі малға есептегенде 430 бас).

Отбасында 5 жан. Жыл сайын 8-ге дейін жұмысшы ұстайды. Қазақша сауатты. Малдарын уақытша пайдалануға жұртқа таратып берді. Кеңес үкіметіне қарсы, айналасындағы кедейлерге ықпалы зор».

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 1 п.)

2) 20.IX.1928 жыл Жыланкөз ортақшыл партия ұйымының: «...Әлімбайдың зияны Сапарбайдан кем емес. Мал-мүлкі алынсын» деген №9 хаттамасы.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 3 п.)

3) Жыланкөз елінің жалпы жиылдысы (Аталған істің 4 п.).

4) Жыланкөз сельсоветінің қаулысы (Аталған істің 7 п.).

5) Алматы ократкомы құпия бөлімінің: «...Әлімбай Марқаұлының ірі қарага шаққанда 354 бас малы, 2006 сандық мүлкі кәмпескеленді. Колхоздар мен жеке кедейлерге бөлуге 270 бас малы қалды. Ал Сапарбай Марқаұлының ірі қарага шаққанда 201 бас малы, 280 сандық мүлкі кәмпескеленді. 122 бас малы қалды» деген жеделхаты.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 14 п.)

6) Алматы окрпрокуратураға прокурордың көмекшісі Серікбайевтың: «...Олар айналасындағы халыққа зиянды. «Марқа» руының ерекше артықшылығын және экономикалық ерекшелігін пайдаланады. Оның үстінен Қызылорда қаласында орталық мекемелердің бірінде жауапты орында істейтін Әлімбайдың баласы Керімнің қазіргі кезде беделін пайдаланады. Ол өз руластарымен, туыстарымен тығыз байланыс жасайды. Әкесімен шаруашылығы бір. Кәмпеске компаниясы басталаардан бұрын Қызылордадан әйелін жіберіп, әкесін алдын ала ескерткен. Арызқой Марқаұлдары менің келуімнен бұрын жер аударылатын жеріне жіберіп қойғандықтан олардың арызына байланысты жауап алуға мүмкіндігім болмады» деген қатынасы.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 21-23 п.)

7) Үкім (*көширме*)

«...Ресей құрамасының социализм негізінде құрылған Ерікті Қенестер Республикасы атынан 1928 жылы сентябрьдің 29-ы күні Алматы округтік сот аймағының 8-бөлім халық сотының ашық сот мәжілісі болды. Кезектегі халық билері:

1. Ірысбайұлы Шалданбай.

2. Қасымұлы Қанапия.

Әлеумет атынан қаралаушы – Нәсірұлы, айыпкерлердің өкілі – Қарабайұлы, хатшылыққа – Қырғызбай Темерейұлы болып, Қылмыс заңының 169-статьясындағы 2-тармағымен айыпталушылар:

1. Әлімбай Марқаұлы.

2. Сапарбай Марқаұлы.

3. Андақұл Әлімбайұлы.

4. Байболат Шалымбетұлы.

5. Әбіхан Сапарбайұлы.

6. Шалымбет Досымбайұлы.

7. Сейітхан Элімбайұлы.

Бұлардың істегені ауылда Октябрь төңкерісін орнату жолында өте қауыпшылығы мол болғандықтан Қылмыс заңының 317, 319, 320, 323, 325, 333, 343-статьяларын қолданып, Қылмыс заңының 17-статьясы арқылы 169-статьясының 2-тармағымен қолданып үкім етеді:

1. Элімбай Марқаұлы – Шоқпар ауданы Жыланкөз елі. Ауқаты – 27 жылқы, 5 сиыр, 201 қой, 2 ешкі, 2 түйе, қора байлығы. Кәсібі – мал өсіруші. Сайлау, сайлану құқығы жоқ. Ескі заманда үш жыл болыс болған, бір жыл кандидат болған. Үй жаны – 9, 2 әйелі, 2 жалшысы бар. Ұйымда жоқ. Қазақ. Хат біледі. Жасы 72-де. Қылмыс заңының 116-статьясымен айыпты. Әзіргі кеңес Ресей үкіметінің әкімшілігінің қолында тұрғанда Октябрь төңкерісінің істеріне өте қайши. Сол дәүірмен еңбекшілерді, әсіресе, батырақ, жалшыларды менсінбейді. Күшін пайдаланып рахымсыз қараған. Октябрь төңкерісінен бергі дәүірде шаруасының мықтылығы жуандыққа, маңайындағы атқамінер байлардың ортасындағы ескіден келе жатқан беделіне сүйенген. Барлық жалшы, еңбекшілер мақсатын жүзеге қоюға, үкімет тарапынан істеген шараларға үздіксіз қарсылық етіп келген. Ауылдағы бай жігінің көсемі, ақсақалы болып келген. Элімбай Марқаұлына Қылмыс заңының 17-статьясы арқылы 169-статьясының 2-тармағымен қолданып 4 жыл қатаң түзету үйіне жіберілсін.

2. Сапарбай Марқаұлы – Шоқпар ауданы Жыланкөз елі. Ауқаты – 43 жылқы, 16 сиыр, 232 қой, 7 түйе. Бай. Кәсібі – мал өсіруші. 2 әйелді. Жан есебі – 7. Ұйымда жоқ. Қазақ. Хат біледі. 50 жаста. Сотта, тергеуде болмаған. 2 жалшысы бар. Құқынан айрылған. Сапарбай Элімбайдың туысқаны арқылы ру жігін қоздырып, бай табының сезін сөйлеп, сойылын соққан. Кеңес үкіметінің ауылдағы кедейдің дүшпаны ақсақалмен табақтас болып келген. Атқамінер – жуан жұдырық. Истеген қылмысы – бар мүлкін жасырып, көп кедергі келтіріп отыр. Сондықтан, Қылмыс заңының 169-статьясының 2-тармағының жобасынша 3 жыл қатаң ұстауға.

3. Андақұл Элімбайұлы – Шоқпар ауданы, Жыланкөз елі. Ауқаты – 51 жылқы, 410 қой, 15 сиыр, 2 түйе. Үйлі-жайлы. Қазақ. Хат біледі. Ұйымда жоқ. Кәсібі – шаруашылық. 40 жаста. Сотты болмаған. Истеген қылмысы – экесінің малын жасыруға себепші болған. Яғни, ақ боз атты және басқа да малын жасырған. Сондықтан, Қылмыс заңының 169-статьясының 2-тармағымен 3 жыл құқығынан айыруға, мал-мүлкінің 3-тен екісін қазынаға алуға.

4. Байболат Шалымбетұлы – әйелі бар. Алты жан. Хат білмейді. 3 сиыр, бір аты бар. Басқа малы жоқ. Ұйымда жоқ. Кедей табынан. Диқанши. Істеген қылмысы – байлардың мал-мұлкін тығып, көп кедергі қылған. Бұл адам келешекте де ауыл кедейлеріне дос емес екендігін білдіріп отыр. Сондықтан, Қылмыс заңының 17-статьясы арқылы 3 ай еріксіз жұмыска.

5. Әбіхан Сапарбайұлы – Жыланкөз елі. Ауқаты – 143 қой, 26 жылқы, 10 сиыр, 3 түйесі бар. Үйлі-жайлы. Кәсібі – шаруашылық. 3 баласы бар. Ұйымда жоқ. Қазақ. Хат біледі. 25 жаста. Сотты болмаған. Бұл әкесінен 4 жыл бұрын бөлек шыққан. Шынында қылмысқа қатысқаны туралы еш дерек жоқ.

6. Шалымбет Досымбайұлы – Жыланкөз елі. Ауқаты – 7 қара, 6 қой, бір аты бар. Кәсібі – диқаншылық. 6 жан, әйелімен. Ұйымда жоқ. Хат білмейді. 52 жаста. Кедей табынан. Қылмысқа қатыспаған.

7. Сейітхан Әлімбайұлы – Ауқаты: 465 қой, 53 жылқы, 9 түйесі бар. Үй-жаны 10 бас. Қатыны бар. Хат біледі. Сотты болмаған. Бұлардың қылмысқа қатынасы жоқ. Қылмыс іstemеген. Қылмысқы жөнінде дерек жоқ. Қылмыстың құрылышы түгел емес. Сондықтан, Қылмыс заңының 8-статьясы қолданып ақталсын. Осы арадан босатылып жіберілсін.

8. Наразы жағы 14 күннің ішінде Жетісу Алматы округтік сот аймағының қылмыс алқасына шағым арыз беруге ерікті».

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 180 іс, 140 п.)

8) 1928 ж. 4 октябрьде Шоқпар аудандық ірі байлардың малын кәмпескелейтін комиссиялардың мәжілісі ашылды.

Мүшелер: Айтқожаұлы, Дүрмұханбетұлы, Катркейұлы, Тоқтағұлұлы, Бегімбетұлы.

Мәжіліс бастығы: Айтқожаұлы.

Хатшысы: Тоқтағұлұлы.

Тындалды: Сапарбай Марқаұлының малы алынып өзіне қарасты адамдарымен жер аударылу туралы және оның жер ауатын күнін белгілеу туралы.

Тоқтам: Жыланкөз елінің Шоқпар ауданы Алматы округінің азаматы Сапарбай Марқаұлы Қазақстан Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің осы жылғы 27 ағыстагы қаулысының 1-ші буыны бойынша мал-мұлкі алынып Орал округіне жер аударылсын.

Сапарбай Марқаұлының кәмпескеленетін малы мыналар: жылқы – 72, қой – 541, ешкі лағымен – 47, сиыр бұзауымен – 31, түйе – 5, киіз үй – 1, киіз – 3 кесек, кілем-сырмақ – 1, текемет – 1, там – 1, жоңышқа – 2 дес., пішен – 2 дес. Көшетін ақырғы мерзімі 15 октябрь болсын. Жер ауғанда бала-шағасымен жер ауады. Оған кіретіндер:

1. Үлкен қатыны Ақбөп – 43 жаста.
2. Тоқалы Айша – 24 жаста.
3. Ұлы Әбіхан – 24 жаста.
4. Ұлы Шерхан – 12 жаста.
5. Қызы Шәуен – 18 жаста.
6. Қызы Ұлқан – 10 жаста.
7. Ұлы Тапар – 10 жаста.
8. Кармания – 11 жаста.
9. Болатхан – 5 жаста.
10. Келіні Қайша – 23 жаста.
11. Немере қызы – 1 жаста.

Жер аударылатын барлығы – 12 адам.

27 ағыстағы қаулының 2-буыны бойынша жан басына 3 қарадан есептегендеге Сапарбайға 36 қара тиісті. Бірақ жер аударылатындардың тұтынуына 16 қарадан артық берілмесін деген бабына сәйкес және малын жасырғандықтан, Декреттің маңызын күні бұрын хабарланып түсінгендейдіктен, малының бірқатарын астыққа айырбастап отырғандықтан, ірі қараға есептегендеге 5 қара болсын.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 580 іс, 24 п.)

9) 1928 жыл 21 сентябрьде Жыланкөз еліндегі қызметкерлердің жиылдысы болып губкомның өкілі Айтқожаұлы, аудандық өкіл Дүрмұханбетұлы, Бекманұлы, Жыланкөз елі аткомының ағасы Жүсіпұлы, партия ұсынан Қожабай Таймөңкеұлы, «Қосшы» ұйымынан Дағбай Әлімбайұлы. Жиылдыс бастығы – Дүрмұханбетұлы, хатшысы – Бекметұлы.

Қаралған мәселелер: Әлімбай Марқаұлы һәм Сапарбай Марқаұлы туралы.

Тоқтам: Бүгінгі күннен бастап Әлімбай, Сапарбай Марқаұлдарын қамауға алу, барлық малын есепке алып қатты ұсталсын. Себебі, мал-жандарын жан-жаққа таратып жіберетін жөні бар. Соның үшін осы мезгілден ықтият қылуға тиісті адамдар қойылсын. Бұл жолмен қоя берсе бұл екі жолдастың ықпалынан кедейлер құтылатуғын емес. Өздері жер аударылып, малы кедей қарауына алынсын.

(КРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 580 іс, 2 п.)

10) Письмо-телеграмма

Қызылорда Крайком партии

Копии: Совнарком, ЦИК Казахстана и Прокурору Республики

Мы, от имени батраков бедняков 5 аула Джилангузовского Чокпарского района Алма-Атинского округа заявляем, что правительственный декрет конфискации имущества крупных баев полуфеодалов Чокпарском районе применяется неправильно, чтобы

доказать это положение считаем долгом указать, что применение декрета к гражданам нашего аула Сапарбаю и Алимбаю Маркиным совершенно противоречит основному лозунгу ибо Маркины как имущественными положениями, так и по социальной вредности никак не подходят ни под первую, и ни под пятую статьи декрета...

Мнение батраков бедняков нашего и соседних аулов о Маркиных не запрашивалось. Включение Маркиных список конфискуемых выселяемых продиктовано уполномоченным округа на основании ложных сведений личных счетов, так Маркины состоят из 5-ти самостоятельных хоз-в, что можно установить примером на скоте каждого хоз-ва, живут отдельно, налоги платят отдельно, приобщение самостоятельных 5 хоз. числом более 50 человек в два хоз-ва совершенно недопустимо.

Указывая на неправильность применения декрета на местах, мы представители батраков бедняков нравственно сочли нужным сообщить Вам об изложенном, для принятия соответствующих мер и просить приостановления распространения декрета на Маркиных ввиду несоответствия.

Биназар Нусупов,  
Нуртай Исендиров,  
Джанкиси Данышпанов  
14.X.1928 г.

(ЦГАРК ф.135, оп.1, д.180, л.51)

11) Проверьте правильность объединения хоз-в Сапарбая Алимбая Маркиных пятого аула Чокпарского района и правильность конфискации. Беднота почему протестует их конфискации.

Жалнин  
(НКЮ и Прокурор респ. Жалнин)

12) 115.Алма-Ата 13.14.25.5

Кызылорда. Наркомюст. Прокурору

Для проверки телеграммы Алимбаевых Маркиных выехал на место помощник прокурора Серикбаев.

Окрпрокурор Филиппов  
(ЦГАРК ф.135, оп.1, д.180, л.56)

13) 140 Алма-Ата 173.19.12.13.

Кызылорда. Прокурору Республики

Конфискация Маркиных объединение хозяйств правильно. А протест бедноты конфискации не подтвердилось. Подробности почтой.

Окрпрокурор Филиппов  
(ЦГАРК ф.135, оп.1, д.180, л.55)

14) Нарком юстиции РСФСР  
Прокурору КазАССР  
Кызылорда 907 в 58 а 29. 4.XII.28  
О жалобе Маркиных

Препровождая жалобу гр. аула №5 Чокпарского р-на Алма-Атинского округа Алимбая Маркина, Алимбаева Сейткана, Сапарбая Маркина и Сапарбаева Абукана на выселение и конфискацию имущества, отдел общего надзора прокуратуры РСФСР, обращая Ваше внимание на заявления об истязаниях, искусственное создание обвинения о выселении к ряду волуптивителей Оразалина, Саудабаева и др., просит проверить указанные в жалобе факты и принять соответствующие меры. О результатах сообщите нам.

Зам. зав. отдела общего надзора прокуратуры РСФСР Арсеньев  
Прокурор при НКЮ Богомолов  
(ЦГАРК ф.135, оп.1, д.180, л.57, 60)

### **Корытынды:**

Марқаұлы Әлімбай, оның баласы Сейітхан, Марқаұлы Сапарбай, оның баласы Әбіхан Шоқпар аудандық қемпескелеу комиссиясына, Алматы округтік қемпескелеу комиссиясына, ҚазАССР Орталық атқару комитетіне, Округтік партия комитетіне, Округтік, Республикалық, Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті мен РСФСР прокуратурасына зансыз қемпескеге ілінгені, өздеріне азар-акырет көрсетіп мал есебінде байлад қойып ұрып соққаны, буындырығаны туралы арыз-шағымдар берген. Бірақ арыздары нәтижесіз қалған.

РСФСР прокуратурасының 4.XII.1928 жылғы ҚазАССР прокуратурасына «Марқаұлдарының шағымы туралы» мәселені тексеріп қорытындысын хабарла деген қатынасына окрпрокурор Филиппов істі тексеруге өзінің көмекшісі Серікбаевты жіберген.

Бірақ Серікбаев Шоқпар ауданына келгеше Марқаұлдары мен балаларын жергілікті органдар Оралға жер аударып жіберіп ұлгерген. Серікбаев оларға кездесе алмаған. Солай болса да Серікбаев өз бастығына Марқа тұқымдарын қоғамға зиянды адам деп көрсеткен. Осы деректі малданған Филиппов Республика прокуратурасына «Марқаұлдарының қемпескеленуі занды, кедейлердің қемпескелеуге қарсылығы дәлелденбеді» деп жеделхат жіберді.

Қалай болғанда да бір нәрсе анық. Ол – Марқа тұқымдарын елден аластау көзделген.

Оның бірден-бір дәлелі – біріншіден, қыркүйектің 29 күні өткен республикалық көшпелі соттың Марқаұлдары Әлімбай мен Сапарбайга қойған айыптары әлсіз.

Екіншіден, Әлімбайдың ұлы Андақұлға қойған кінәсі – «Әкесінің малын жасыруға көмектесті» деген бос сөз.

Үшіншіден, Әбіхан Сапарбайұлы мен Сейітхан Әлімбайұлына қоятын айыптары болмаған. Әкелерінен еншісі бөлек екендігін үкім көрсеткен. Қылмысқа қатыспаған деп актаған.

Төртіншіден, Марқаұлдарының малдары нормаға жетпегеннен кейін көршілері мен ауылдас отырган 15 отбасының малдарын және Қордай ауданы Қыбырай ауылының 280 жылқысын қуып әкеліп оларды Марқаұлдарының малы есебіне қосқан.

Бесіншіден, Өлкелік партия комитетіне, Халық Комиссарлар кеңесіне, Қазақстан Орталық атқару комитетіне, Республика прокуратурасына Марқаұлдарының қампескеге жолсыз тартылуы туралы жеделхатпен жіберген кедейлер шешімі ілтипатқа алынбаған.

Алтыншыдан, Марқаұлдары Әлімбай мен Сапарбайды, Әлімбайұлы Андақұлды тездетіп тұтқынға алып, әрқайсысын 3-4 жылға түрмеге отыруға үкім шығартқан. Үй қожаларынсыз бес отбасындағы 50-ден астам жан еріксіз жер аударылған. Марқаұлдарының бес отбасынан ірі қараға есептегенде 545 бас мал, 2 киіз үй, 2 там, 4 киіз, 1 кілем, бір күміс ер қампескеленген.

ҚазАССР Прокурорына  
Жетісу округі Еңбекшіқазақ ауданынан  
жер аударылған азамат  
Жунісбай Сырғабайұлынан

### Арыз

Мен Қазақстан Орталық атқару комитетінің 27 ағуст 1928 жылғы Декреті бойынша отбасымыздагы 6 жанмен Жетісу округінен Орал округіне жер аударылды. Отбасыммен бұл жер аударуға риза емеспін.

Оның себебі: патша үкіметі кезінде Алматы уезі Түрген болысында 6 жыл старшын болып істегенімде езілген халықтың мұддесін қорғап, солардың жоғын жоқтадым. Сол үшін біраз уақыт тұтқынға алындым. Бұл жағдай 1916 жылғы 5 ағустқа дейін ұласып, Верный абақтысына қамалдым. Бірақ туыстарымның көмегі арқасында сот үкімінен бұрын босанып шықтым.

Сонан кейін Уақытша үкімет пен 1918 жылы Кеңес үкіметін қолдағаным үшін орыс-казак әскерінің құфынына түстім. Бір інімді казак-орыстар атып өлтірді, екіншісі солардың ұрып-соғуынан мүгедек болды. Мен ауыр жаракат алдым. Өз ауыльмнан жасырынып қашып кеттім. Бірақ бар мүлкім солардың талауына түсті.

Мен еш уақытта бай болған емеспін, әкем де байлардың қойшысы болған. Мал есебім де кәмпескелеуге толмайды. Малымның есебін кәмпескеге толтыру үшін осыдан 12 жыл бұрын менен енші алған балам Әлидің және үш туысқанымның малдарын қосып мениң атыма жазды. Сонда бар болғаны 42 бас ірі қара мен 150 қой.

Кеңес үкіметіне ешқандай, ешқашан қарсылығым болған емес. Сол үшін мені отбасыммен бұрынғы мекенімде қалдыруды өтінемін, ал еңбекшілер пайдасына кеткен малдарымнан бас тартамын.

12.XII.1928 ж.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 738 іс, 19 п.)

ҚазАССР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасына  
Қызылорда қаласы, Шумилов көшесі, 20 үйде  
уақытша тұрушы  
Халима Сырғабай келінінен

### Арыз

Мен Жетісу округі Еңбекшіқазақ ауданы №1 ауыл тұрғыны едім. Менің ерім Жұнісбай Сырғабайұлын Декрет бойынша кәмпескеледі. Менің күйеуім Жұнісбай осы күні Алматы қаласында тұтқындалып, қамау үйінде отыр. Ал мені 5 жастағы Сұлтанқұл және 8 айлық Қадырбек деген екі баламмен Орал қаласына жер аударды. Соңан қазір Қызылорда қаласына азар жетіп отырмын. Мұнан әрі журуге ешқандай мүмкіндігім жоқ. Жанқалтамда бар қалғаны 80 тиын ғана ақша. Өзім еңбекке жарамаймын.

Мен дүние мұлкімнің кәмпескеленуіне қайғырғалы отырған жоқын. Ол аз да болса Қазақстан Республикасының нығаю қорына түседі. Бірақ менің және екі баламның осыншалықты қатыгездікке ұшырап, Кеңес үкіметіне қандай зиянкестік жасап, алыс жерге жер аударылып отырғаным түсінбеймін.

Туган жерімде өмір сүру құқымды маған неге бермейді? 5 жастағы ұлым мен 8 айлық емшектегі балам кәмпескеге ұшыраган әкесі үшін неге кінәлі болады? Кеңес үкіметі әлемге бала мен ананы қорғаушымыз деп жар салады. Соңда бұл мәселе балаларым мен маған қатысты болмағаны ма?

Сондықтан сізден ерімді абақтыдан тездетіп босатуды және балаларыммен осы Қызылордада тұруға рұқсат етуді сұраймын. Мұнан басқаның керегі жоқ. Егер де ерімді қамаудан босатпайтында жағдай болса, онда осы Қызылорда қаласында балаларым мен өзімді қалдыруды өтінемін.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 738 іс, 25 п.)

### **Анықтама:**

1) ОГПУ Жетісү бөлімінің бастығы Ковалышкиннің мәлімдемесі: «...Жұнісбай Сыргабаев Алматы уезі Талғар болысының тұрғыны (бұрынғы Түрген болысы, қазіргі Еңбекшіқазақ ауданы). 56 жаста. 3 дес. егіндік, 1 дес. жоңышқалық жері бар. 20 жылды, 10 сиыр, 100 қой (ірі қарата шаққанда 50 бас) ұстайды. Қалған малдарын жасырган.

З әйелі бар. Оның екеуіне мал-мұлкін беріп бөлек шығарған. «Сатай» руының басшысы.

Бұрын 6 жыл болыс және ауыл старшыны болған. Ел арасында беделді, сауатты.

22 август 1925 жылы Түрген болысы атқару комитетінің төрағасы Самтықов беделді байлар – Жұнісбай Сыргабаевты, Шегебай Тасановты, Өтеген Сыргабаевты, т.б. шақырып «жакын арада кеңестер сайлауы өтеді, соған алдын ала дайындалуымыз керек. Ол үшін қаражат жинап, кандидаттыққа Самтықовты сайлауымыз керек» деген кеңес өткізген.

8 қыркүйек 1925 жылы Тасанов ру басқарушы байлар – Өтеген және Жұнісбай Сыргабаевтарды, Рас Тоқтабаевты, Жазылбек Мәдиевті, Райымбек Керімбековты шақырып, сайлауда өзін болыстыққа өткізу жөнінде жиылды жасаған. Бұл жиылдықса Самтықовты Тасанов шақырмады. Себебі Тасановты болыстыққа сайлауға Сыргабаевтар мен Керімбеков келіспеген. Осыдан кейін Тасанов Алматыдағы Оразбаевқа бір түйе, бір жылды сыйлық апарып берген. Самтықов басқа адамға барып, ол да қомақты пары берген.

1927 жылы Жұнісбай Сыргабаев қайта сайлау жүргізу кезінде сиезге делегат болған інісі Өтеген арқылы топ басқарған. Оның үстінен Жұнісбай Сыргабаев салық төлеу мөлшерін азайту мақсатымен шаруашылығын екі әйелі мен өзіне беліп жіберген. Ел арасында кеңеске қарсы бүлдіру әрекетін таратады. Сыргабаев қазіргі күні тергеуде жүр, не мәселемен екені белгісіз».

2) Маусым 1928 жылы (№42) БК(б)П ячейка хатшысы губерниялық атқару комитетіне: «...Бұрынғы Түрген болысының №1 ауылдың байлары, бастығы Жұнісбай Сыргабаев, Медербай Алданбаев, Әкімбай Жаланашбаев, Ағыбай Жартыбаев, Қозыбай Аманов, Кошан Тоқсабаев, Таубалды Бекжановтар Кеңеске қарсы элементтер, олар барлық уақытта жікшілдік құрып, Кеңес үкіметінің шараларын жүзеге асыруға қарсылық жасайды, шабындық және егіндік жерлерді бөлуге қарсы әрекеттер ұйымдастырыды», - деген шағым түсірді.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 738 іс, 2 п.)

## **Қорытынды:**

Жұнісбай Сырғабаевтың өзі, әйелі, балалары заңсыз жер аударылғандары жөнінде Қазақ Республикасының прокурорына (12.XII.1928, 17.XII.1928, 25.XII.1928), округтік атқару комитетіне (4.X.1928, 27.X.1928), Қазақстан Орталық атқару комитетіне (13.I.1929), Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесіне, Бүкілодактық Орталық атқару комитетіне (23.I.1929) шағымдар жазған.

Бірақ шағымдар тиісті орындардан қанағаттанарлық дәрежеде шешілмеген. Жұнісбайдың өзі РСФСР Қылмыс заңының 17, 166-балтарымен жауапқа тартылған. Мал саны кәмпескелеуге толмаса да Декретте көрсетілген 1-топқа жер аударылуға жатқызылған. Ал отбасы Орал губерниясына жер аударылған.

Қаражатсыз қалған Халима Сырғабай келіні мен оның жас бала-ларының берген арызы Алматы ократкомде 29 қазан 1928 жылы қаралған. Ократком «Сырғабай келінін, балаларын жер аударылған кез келген бір байдың есебіне тіркең жіберіп, оларды жер аудару Еңбекшіқазақ аудандық өкіліне тапсырылсын» деген шешім қабылдады (протокол №17).

Жұнісбайдың және отбасының кейінгі тағдырлары жөнінде мұрағатта деректер сақталмаған.

(ҚРОММ 135 қор, I тізімдеме, 738 іс, 17 п.)

Қазақстан Орталық атқару комитетіне  
Әкімшілік жолмен жер аударылған  
Жетісу округі Қастек ауданы  
№14 ауыл азаматы  
Абайылда Келгенбайұлынан  
(құжатта Абайділда деп көрсетілген – З.И.)  
**Арыз**

Менің жасым 80-де (*ОГПУ мәліметтерінде* – 60). Малымды кәмпескелеп, өзімді жер аударуын зансыз деп есептеймін. Себебі, малым кәмпескелеу жөніндегі занда көрсетілген мөлшерге толмайды. Мені кәмпескелеуге келген комиссия занды белден басты.

1919 жылдан еншісі бөлек балам Жәбілдің, сондай-ақ, сол жақта қалған төрт баламның да қолдарындағы малдарын маған теліп, қосып жазып, кәмпеске нормасына толтырды. Сөйтіп, мені зансыз Орал округіне жер аударды.

Біздің ата-бабаларымыз ешқашан бай болмаған. Біздер еңбек адамымыз. Өз еңбектерімізben мал бағып күн көреміз. Бізді жер аудару жөніндегі жергілікті үкіметтің зансыз әрекеттерін айтқан-

дарды, бізді қорғаңдарды қорқытты. Үндерін шығармауға зорлықпен көндірді. Біздің еңбекпен тапқан, жинаған малымыз үшін әйелдеріміз бен балаларымыз, туыстарымыз не үшін күйеді? Олардың не күнәсі бар? Балаларымыздың Қеңес ұқіметіне тигізген зияны жоқ. Олар қеңес мектебінде оқып, тәрбиеленді, бірқатары комсомолға кірді. Біз үшін олар неге азап-ақырет көруге тиісті?

Сондықтан арызыма назар салып, бізді жер аударудан босатуды, заңсыз кәмпескеленген малдарымызды қайтаруға мүмкіндік жасауыңызды сұраймыз. Қорытындысын Орал ократком арқылы хабарлауыңызды өтінемін.

15.XII.1928 ж.  
(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 456 іс, 6-7 п.)

Бүкілодақтық Орталық атқару комитетіне  
Жетісу округі Қастек ауданы  
№14 ауыл азаматы  
Жәбіл Абайылдаулынан

### Арыз

...Жетісу ократком қаулысымен 1928 жылды Орал округіне жер аударылды. Жасым 33-те. Отбасымда өзімнен басқа 6 жан бар. Әкемнен 1919 жылдан бастап енші алғанмын. Қолымдағы малмен кәмпескелеуге жатпаймын. Бұл тек Абайылдамен оның балаларын түгелімен жер аудару мақсатымен істелген жұмыс.

Әкемнің бай болғанына мен күюге тиістімін бе? Өз бетімше өмір сүріп, өз еңбегіммен мал жидым. Ешкімнің еңбегін қанағаным жоқ. Сондықтан мені кәмпескелеуден босатып, заңсыз алған малымды қайтаруды өтінемін.

(ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 456 іс, 16-17 п.)

### **Анықтама:**

1) ОГПУ 2-бөлім бастығы Ковалышкиннің Абайылда Келгенбаев туралы алдын ала жасаған құпия деректемесі:

«...Абайылда Келгенбаев (құжатта Келишімбаев – З.И.) 60 жаста. Жетісу губерниясы Алматы уезі Ұзын Қарғалы бولысы №14 ауылы Алмалы мекені (Қастек ауданы). 2000 шамасында қойы, 200 жылқысы, 100 ірі қарасы (сиыр және түйе), ірі қараға шаққанда 700 бас. Есептері – 103, ірі және ұсақ мал – 989 бас, ірі қараға шаққанда – 301. Қалғандарын жасырған. Отбасында 8 жан бар. Олардың екеуі әйел. Тұрақты төрт жалшы ұстайды. Айналасындағы кедейлерді қанайды. Жыл сайын Ферғанаға малдарын сату үшін топтап айдайды.

Руы – «Шағатай». Бұрынғы би, болыс бастығының баласы. Өзі түкім қуалаған болыс болған. Қазіргі кезде қазақтар арасында ете беделді, әрі ықпалды. Қазақша сауатты. Кеңес үкіметіне, оның саясатына қарсы. Жыл сайын салық төлеуден малын жасырады. Ауылдық кеңеске өз жақтастарын қоюға ұмтылып, ауылдық үкіметтің жарлықтарына бағынбай қарсы жұмыстар жүргізеді. Кеңес үкіметіне қарсы үгіттер, бұлдіру әрекеттері туралы әр түрлі хабарлар таратады».

(АОММ 591 қор, 1 тізімдеме, 82 іс, 1 п.)

2) Халық Комиссарлары кеңесі жанындағы ОГПУ-дың Жетісу губбөлімі бастығының көмекшісі Никольскийдің 24.X.1928 жылғы №03004/2 құпия қатынасы:

«...Байларды қемпескелеу жөніндегі Алматы округтік комиссия Задорожникове. Қолда бар мәліметке қарағанда Қастек ауданының жер аударылуға тиісті Келгенбаев Абайылданың (*құжатта Келшімбаев*) 100 бас қойын бұрынғы Қастек болысы №14 ауылдың имамы Сайден Самылтыровқа жасырған. Тиісті шара көруге хабарланады».

(АОММ 591 қор, 1 тізімдеме, 82 іс, 2 п.)

3) Байларды қемпескелеу жөніндегі округтік комиссияның 25.X.1928 жылғы №16 хаттамасы:

«...Тыңдалды: ОГПУ-дың №03004/2 қатынасы.

Қаулы: Келгенбаев Абайылданың бай Тоқбергеновке жасырған малдарын анықтап, тиісті шара көру Қастек аудандық комиссияға тапсырылсын».

(АОММ 591 қор, 1 тізімдеме, 82 іс, 4 п.)

4) Округтік ОГПУ бөлімінің актісі, Поленконың баяндамасы:

«...Мәлімет бойынша №14 ауылдың байы Абайылда Келшімбаевтың (*дүрысы Келгенбаев – З.И.*) 300 ірі қарасы, 2000 ұсақ малы болған. Комиссия онан 166 бас ірі қара, 989 бас ұсақ мал тапты. Комиссия мұнан басқа оның туыстарына жасырған 29 бас ірі қарасымен 717 бас ұсақ малдарының бар екендігі анықталды».

(АОММ 591 қор, 1 тізімдеме, 82 іс, 5 п.)

5) Қастек ауданына №14 ауылдағы ірі байлардың мал-мүлкін қемпескелеуге келген комиссияның 28.IX.1928 жылғы №3 хаттамасы: «...Күн тәртібі:

1. Абайділда (*Абайылда*) Келгенбайұлының енші алған балаларын ажырату;
2. Үй жабдығынан жасырған мүліктерін табу.

Тыңдалды: Абайылда Келгенбайұлының енші алған, алмаған балаларын ажырату туралы ауылдың «Қосшы» одағы басшысы Пайзрах Ахметбайұлы: «Абайылданың үш баласы үш үй. Үлкені

Әбу 20 жылдан бері еншісі бөлек, ен таңбасы, жүріп-тұруы басқа. Ортанышы баласы да көп жылдан басқа болып келген. Ен таңбасы да бөлек. Ең кіші Жәбіл деген баласы Абайылдамен еншісі бір. Шаруа салығын аз төлеу үшін 22 жылдан бері Жәбілді бөлек үй қылып салықты екі жерден төлеп келеді. Абайылда мен Жәбіл қандай қаражат жұмсаса да бір жерден шығарады. Жәбілдің малы деген 557 бас малды кәмпескелеп алу керек».

Қаулы:

1. Абайылданың амалмен бөлшектеп отырған Жәбілдің атындағы мал Абайылданың малы екені анық. Сондықтан Жәбілдің атындағы мал кәмпескеленіп алынсын деп тоқтам қыламыз.
2. Абайылда залым бай, амал қылып бір жаққа тығып қойып отыр. Оны іздең табу керек».

### Қорытынды:

Абайылда Келгенбаев та, баласы Жәбіл де заңсыз кәмпескеленгені жөнінде бірнеше рет шағымданғанымен «арыздары қанағаттандырылмасын» деген шешіммен аяқталған. Абайылданың өз тұрмысын жақсартуға жиган малы өзін шаян болып шаққан. Оның нақты дәлелін аудан орталығынан 125 шақырым жердегі Шолақ жартасты деген мекенде отырған Абайылда Келгенбаевты 16 қыркүйекте кәмпескелеуге барған өкіл Борашұлы Сұrbайдың өзінің тікелей басшысы губерниялық өкіл Әбдірахманұлына 18 қыркүйекте жазған хатынан анық көруге болады...

«Ана тілі» газеті  
4 наурыз – 14 қазан 2004 ж.



## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

ЦЕНТРАЛЬНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО КОМИТЕТА И СОВЕТА НАРОДНЫХ КОММЕСАРОВ КАЗАКСКОЙ АССР.

Гор. Кзыл-Орда.

1928 года Ноября 24 дня.

Центральный Исполнительный Комитет и Совет Народных Комиссаров КАССР  
ПОСТАНОВЛЯЮТ:

1. Конфискацию имущества крупных баронов и лиц, ранее принадлежавших к приватизированным группам проводимую на основании постановления ЦИК и СНК КССР от 27/УП-28г., с момента опубликования сего считать законченной.

2. Центральную комиссию по конфискации, а также и все местные комиссии, организованные для проведения декрета о конфискации, с I/XI-28г. распустить. Все делопроизводство районных и окружных комиссий передать соответствующим исполнкам, а делопроизводство центральной комиссии - Управлению делами ЦИК и СНК.

Дальнейшую работу по закреплению результатов конфискации проводить непосредственно президентом окружных и районных исполнкомов.

3. Выселение лиц, неподконтрольных установленному законом от 27/УП-28г. сроку, тех районов и округов, где они ранее проживали и вели свое хозяйство, производить в соответствии с требованиями 5 14 пост. ЦИК и СНК КССР от 27/УП-28г. - органами милиции.

4. Жалобы на выселение по конфискации, после I/XI-28г., могут подаваться в общем порядке в органы Прокуратуры и РКИ.

5. Предложить судебным органам КССР, все судебные дела, связанные с конфискацией и выселением, закончить рассмотрением к I/I-1929 г.

6. Вся работа по выявлению скрытого скота в дальнейшем должна проводиться через органы милиции в порядке постановления ЦИК и СНК от 17/X-28г., а обнаруженный скот должен быть распределен соответствующими исполнками в порядке установленном декретом от 27/УП-1928г.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КАЗИК'А

(БИЛАЗАРОВ)

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СОННАРКОМА

(НУРМАКОВ)

ПРИД. СЕКРЕТАРЯ КАЗИК'А

(СУХАМЕТОВ)

## Жазықсыз құғынға ұшыраған жастар

Коммунистік партия шексіз билікті өз қолына толық алған күннен бастап елдің есін жиғызбайтын аласапыран дүрліктіру, құғын-сүргінге ұшырату, түрмеге жабу, айдау, ату саясатын басты мақсат етті. Зиялыш қауым, оқыған азаматтарды жау санады. Өзіндік ойы, сезімі, талғамы, өмірге көзқарасы бар студент-жастарды құғындады.

1928 жылғы байларды тәркілеудің аяғы орта, жоғары оку орындарында (тіпті 7, 9 жылдық мектептің оқушыларына дейін) оқитын студенттерді құғындауға ұласты. Бұл аласапыран дүмтү ел аштықтан қырылып жатқан 1931-1932 жылдардың зұлматында да толастамады. Осы кезде Қазақ педагогикалық институтынан – 30, тек Сырдария оку үйіндегі ауыл шаруашылығы және педагогикалық техникумда оқитын – 294 студенттің 38-i «тегі жат», «көзқарасы теріс» деген желеумен тазалауға ұшырады. Ең алдымен Ленинград, Мәскеу, Омбы, Том, Таңкент қалаларында республикалық ұлттық халық шаруашылығына зәру мамандықтарда оқып жүрген саналы студенттер құрыққа ілінді. Олардың ішінде елімізде кейін белгілі ғалым, жазушы, дәрігер, қоғам, мемлекет қайраткері болған азаматтар қогамға жат студенттер, «қой терісін жамылған белтіріктер» деген желеумен құғындалды.

Себебі, олардың Коммунистік партияға, оның ұстаған идеясына, жүргізген саясатына көзқарасы өзгеше болды. Халқының басына төнген қауіптің, қатердің тұманын алдын ала сезді. Кеңес үкіметінің күштеу, зорлау, әділетсіз саясатына немкетті қарай алмады.

Ал, Коммунистік партия халықты айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу үшін ең әуелі халықтың есіп келе жатқан саналы ұрпағын көктей солдырып, жоюды мақсат етті. Оған оң жағынан ұрса, сол жағын «ләптій» деп тосатын елпен қаққан, қасаң қалыптағы жас кадр керек болды.

Оған дәлел ретінде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің осы мәселеге байланысты қаулысын және оку орындарынан аластау қажет деген 50 студент туралы «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылы 3 қантар қуні жарияланған материалды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Эр студентті оку орнынан шығаруға келтірген дәлелге түсініктеме беруді артық санадық. Оның үстіне газет дабылдары аяқсыз қалмағанын архив деректері айғақтайды.

Солақай саясат, таптық тірмізілік көзқарастағы материалдардың авторлары бізге белгісіз. Себебі, ол кезде ауыл, село жұмысшы

тілшілерінің аты-жөнін жариялауга Қылмыс заңының 104, 117-баптары бойынша тыйым салған (ҚРОМА 81 қор, 4 тізбе, 14 іс, 135 б.).

Оку орындарындағы студенттердің тегіне, көзқарасына байланысты оқудан шығару жөніндегі ұсыныстарының басым көпшілігі ППОГПУ-дің Қазақстандағы өкілі тарарапынан түскендігін архив деректері анықтайды. Ал, мұның бәрі тарихи тағылым мен ұмытылмас сабак болу үшін зердеде тұрғаны абзal. Кешегі коммунистік идеологияның үстемдік «ултісі» осындағы еді.

### **Еңбекшілер жұртшылығының тезіне**

Кеңес мектебінде еptеп-септеп кіріп кетіп оқып жүрген байдың балалары бар. Тонын айналдырып комсомол үйімінде кіріп кетіп жүргендер бар. Еңбекшілердің орнын иемденіп жүрген жат адамдар, арамзалар, ку мен сұмдар кеңес мектептерінен қуылуы керек. Бізге жат алаяқтар ақ құйылып айдалуы керек. Еңбекшілер жұртшылығының бүгінгі орындастының міндеті осы.

Кеңес мектептерін бізге жат адамдардан тазалау туралы Өлкелік партия комитетінің қаулысы:

1. Қазақстандағы, Қазақстаннан басқа жерлердегі Қазақстан оқушылары арасында тазалау жүргізілсін. Байдың балалары, зияндылар мектептерден қуылсын. Оның үшін әуелі оқушылар арасында бұл науқаның маңызы әбден түсіндірілсін. Оқушылар жиынында мектептерден қуылуға тиісті кісілер талқыла салынсын. Сөйтіп, олардың пікірі қорытылсын. Бұл жұмыс оқушылардың көпшілігіне партиялық тап саясатын түсіндірерлік болсын. Олар арасындағы партия жолына қайшы салт-сананы жоютын болсын. Мектептерде еңбекшілер тілегімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтындар қуылған соң оқушылар арасында жік, топ, талас жойылатын болсын.
2. Соңғы курстарда оқып жүрген кейбір оқушылар мектептен шығаруға тиісті болса да женілдік ретімен биылша қалдырылсын.
3. Оку орындарын бай балаларынан тазарту жұмысын округтік партия комитеті басқарсын. Олар бұл жұмысқа өзінің бюро-сының бір мүшесін белгілесін. Қазақстаннан басқа жерлердегі оку орындарындағы Қазақстан оқушыларының тегін тексеріп, бай балаларын оқудан шығарту – сондағы оқушылардың жерлестік комитетіне тапсырылсын. Олар оқудан шығарған оқушылардың тізімін Оку комиссариатына жіберіп бекіттірсін.

## Арамзалар

Қалтарыста амалын тауып, біреуге арқа сүйеп, біреудің демеуімен, біреудің сүйеуімен жоғары оқу орындарына кіріп кеткен байбалалары, хан-төре балалары аз дейсіндер ме? Аз емес. Алдыңызға бірсынырасын салып өтейін:

1. **Ақбайұлы Хамит** – байдың баласы, әкесі конфескеленіп жер ауды. Әкесі конфескеленіп отыrsa да катынасын үзбейді. «Кедейлер мал алып, орташаланып жатыр» деген сөз естісе, ернін шығарып, күледі: «Бәрібір ел болмайды», - дейді.

2. **Ақбайұлы Құлмұрат** – әкесі Николай заманында төре болған. Қазір бай Құлмұрат әлі күнге дейін әкесінің аузына қарайды. Пікірін қолдайды. Жұртшылық ісіне жүре қарайды.

3. **Исатайұлы Қ.** – Алашордашылармен ымы-жымы бір, катынасы тәуір. Жер аударылған Исатайұлы Топайдың жақыны, байлардың малы алынып, жер аударылғанына жаны ашиды, күйеді, піседі.

4. **Дөсетұлы Смағұл** – қажының баласы. Әкесі шонжар бай болған кісі. Смағұлдың әкесімен адам айтқысыз жақсы.

5. **Бұралқыұлы Мұстафа** – жуан жұдышың байдың баласы. Осы кенес тұсында кедей атағымен әртел ұстап байлардың шаруашылығына жәрдемдес болған. Батырақ кедейлерді қанаған. Мұстафа Смағұлдың (Садуақасұлы) қолқанаты. Түбінде Смағұлдың орнын басар деген үміт бар. «Орта Азиядағы партия саясаты патшаның отар саясаты» деп Мұстафа осы бастан смағұлшылдайды.

6. **Асанбекұлы Әшім** – байдың баласы. «Қазақстанда жүргізілген конфеске жұмысына мен риза емеспін, дұрыс емес», - деп соғады. «Саяси жағым ешкімнен олқы емес, бірақ оқу бітіргенше үлкен саясатқа қосылмаймын», - дейді.

7. **Қаратаев Қ.** – бұрынғы крестьянский начальниктің баласы. Әкесі жер аударылып отыр.

8. **Сейдәліұлы Ғалиакбар** – әкесі Алаш орданың оң көзі болған.

9. **Бекейханұлы Р.** – аксүйек, хан тұқымының нәсілі. Кәдімгі атышулы шұбартес Ғалиханның жақыны. Бұрын кадет партиясында болған.

## Мыналар құылсын

Кеңестің адал сүтін арамға шығаратын сұмдар, бөлтіріктер кеңес мектептерінен қуылуы керек. Жұртшылық есейіп, кімнің дос, кімнің қас екенін біліп отыр. Сұмдарға жол кесіліп отыр. Жұртшылық ісіне атсалысады борышым көріп, мен де 4-5 бөлтіріктің атын атап кетпекпін:

1. **Нұрбекұлы** – әкесінің аты Нұрбек екенін жасырып, Нұрбековский деп жүргізеді. Бұл белгілі Нұрбек байдың баласы.

**2. Майорұлы** – бұл Қостанай округінің жігіті, ептең-септеп комсомолға кіріп, комсомол атағымен окуға енген. Әкесі, туысқандары конфескеленіп жер ауды.

**3. Арыстанбекұлы** – байдың баласы, қазір де медтехникумнан шығарылып отыр.

**4. Есетұлы** – бұл да байдың баласы, комсомол қатарында жүргендеге де байшылдығын, пандығын өзгертуден жоқ. Қазір қуылып, комсомолдан шығарылып отыр.

**5. Омарбекұлы** – әкесі Алаш орданың ақсақалы еді, жан аяmas досы еді. Әлі де солай. Алашордашылармен әлі де қатынасын үзе қойған жоқ.

Міне, осыларды комсомолдан да, мектептен де аластап қуып шығу керек. Алды-артына бір уыс топырақ шашу керек. Бұлармен жүртшылық көгермейді, есеймейді.

### Сегіз бөлтірік

Қазақстанның Орынбордағы мектептерінде кімдер жоқ дейсіздер?! Қалтарыста ебін тауып, кедейдің тонын жамылып кімдер кірмеді дейсіндер! Кімдердің кім екенін білдіру ниетіне мініп, бір сегіздің<sup>15</sup> бет-пердесін ашқалы отырмын.

Жүртшылық құлағынды сал:

**1. Бидашұлы Бексұлтан** – Бексұлтанның әкесі кім екендігі барлық Сырдария округіне белгілі, мәлім. Сұрандар – айтар, әкесі бай, 500 ірі қарасы бар, 60 жылқысы, 60 түйесі бар деп. Кедейдің тонын жамылып, кеңестің мектебіне кіріп, кедей баласына арналған 5-10 тынға ортақтасып жүрген сұмның бірі – Бексұлтан.

**2. Рұstemұлы Мұсалі** – Сырдарияға бұл таныс есім. Әкесі неше жыл бойы старшын болып арамнан мал жинаған бай, жіктің кесемі.

**3. Қалқөзұлы Әміrbай** – бұл да Түркістан ауданында неше жыл управитель болған белгілі бекбikenің баласы. Қалтарыста жол тауып, мелитса бастығын дайындастын мектепке кірген. Әміrbайдың не жөнді мелитса шығар.

**4. Сейткенұлы Әмзия** – әкесі белгілі саудагер, 300 қойы, 40 жылқысы бар. Қашан да болса екі малай үстайды. Бұл да біреудің көтермелуеімен барып Орынбордағы институтке енген.

**5. Құдиярұлы Сұлтанбек** – (Сырдариянікі) әкесі бұрын бай, би болған. Ағасы управитель болған.

**6. Маýбасұлы Пірманқұл** – (Сырдариянікі) әкесінің 200 қойы, 15 жылқысы бар. Оның үстінен Тәшкенмен екі арада сауда жүргізеді. Пірманқұл Орынбор рабфагінде оқып жүр.

<sup>15</sup> Бірақ текстіде жеті-ақ адам – З.И.

7. Ерімбетұлы Әбілқасым – (бұл да Сырдария) әкесінің бел баласы. Әкесі табанын жазбастан 13 жыл болыс болған кісі. 200-ден артық қойы, 15 жылқысы, 20 түйесі бар. Ақсақалдықтан осы күнге дейін қол үзген жоқ.

Міне, Орынбордағы Қазақстан мектебінде кімдер оқып жүрген-дігін білгілерің келсе осылар. Бұлардан не үміт, не қайыр?

### Мына сұмдар айдалсын

Қазақ еңбекшілерінің надандығын, мәдениеттен артта қалғандығын пайдаланып кеңес мектептерінде осы күнге дейін байдың, аты шулы бектің, шынжыр балақ, шұбар төс шонжарлардың балалары оқып келді. Әлі де солар кедей балаларының орнын алып оқып жүр. Бұлардың бірқатарлары бір факультеттен екінші факультетке көшіп ұзақ өміріне студент атанып жүр. Біреулері негізгі фамилиясын, аты-жөнін өзгертіп, қаратабан батырақ болып, өтірік күәлікпен оқып жүр. Бірқатары пролетариатшыл болып, омыраулап, партбилет салып алып аңқытып жүр. Мұны ешкім өтірік дей алмайды.

Қазақ еңбекшілері енді бел асты. Өздерінің тап дүшпандары – жоғарыда айтқан шонжар-байлармен белдесті. Жауын жеңіп келеді. Ірі байлардың мал-мұлқін конфескелеп өздерін жер аударды.

Сөйтіп, қазақ еңбекшілері де өздерінің есіп қалғандығын жалпы әлеумет алдында көрсетіп отыр. Бұрын надан болса, саяси сезім жоқ, кем, қор болса, аузындағыдан айырылып қалатын нашар болса, енді алдындағыға ие болып, тап дүшпанның тобын тоздыруға жарап отыр.

Міне, осы жағдайларды еске алып Қазақстан Өлкелік партия комитеті кеңес мектептерін бай балаларынан тазарту керек деген қаулы шығарды. Ол қаулының іске асуы Оқу комиссариатына жүктеліп отыр. Бұл жұмыс оңай жұмыс емес. Өйткені оқып жүрген бай балалары көп. Кімнің қайда оқып жүргенін Оқу комиссариаты бал ашып білмейді. Оны кеңес, партия жүртшылығы білу керек. Солай болғансын әрбір партия, кеңес органдары мен партия, комсомолдың жеке мүшелері, саналы азаматтар осы қаулыны орындауы, оқу орындарына көмектес болулары керек.

Мен бірқатар өзім білетін оқып жүрген бай балаларының атын атап жүртшылықтың сынына салмақшымын. Басқа білетін адамдар толықтыра жатар.

Менің білетінім мыналар:

1. **Ибраимұлы Баязит** – (Гурьев округі) бұл Өтегали Танашұлының баласы. Тимирязев академиясында оқиды. 27-жылды кірген. Бұрын комсомолда мүше еді. Қазір бар-жоғын білмеймін. Өтегали

бұрынғы Почетный потомственный гражданин, Астраханды жайлаған, миллион сомды жұмсаған бай саудагер. Николай кезінде Каспий теңізі бойында бірнеше ватага<sup>16</sup> ұстаған поместьщик.

2. **Ідірісұлы Ақрам** – (Гурьев округі) бұл да жоғарғы Танашевтардан. Ідіріс, Ибраим екеуі де Танаш баласы. Ақрам қазір де Сарытау қаласындағы мемлекет университетінде оқиды. Комсомол үйімінің жауапты хатшысы. Өзінше белсенді. Екі жерден стипендия алады. Ағасы Хусайын конфескеленіп жер ауып отыр.

3. **Жандеркеұлы Қажықен** – (Қарқаралы округінен) қазірде Тимирязев академиясының студенті. Мұнда 26-жылы кірген. Ауыл шаруашылығы банкісінен 50 сом стипендия алады. Шын әкесінің фамилиясы Ақбаевтар. Атақты болған соң жасырын фамилиямен жүр. Белгілі байдың баласы.

4. **Ермекұлы Мұсілім** – 1926 жылы Ташкен университетін тастан, Тимирязев академиясына кірген. Өзі комсомол, қазір де екі жерден стипендия алады. Аты шулы байдың баласы. Қоғам ісінде ешбір қатысы жоқ. Өзінен-өзі үрінген ақсаусақ.

5. **Боштайұлы Жакия** – (Сырдария округінен) комсомол. 1925 жылы Ташкен рабфагін бітіріп (жұмыскер факультетін) Тимирязев академиясына түсken. Қазір сонда оқиды. Әкесі конфескеленіп, жер аударылып отыр. Сейткен Жакиядан не қайыр.

6. **Атабайұлы А.** – (Зайсан уезінен) Бірінші Мәскеу университетінде оқиды. Мұның да әкесі жер аударылып отыр.

7. **Рұstemұлы Махид** – бұл Паркы датқаның тұқымы. Ағасы Мәуленқұл 14 жыл болыс болған. Комсомол болып алыпты. КИМ-нің значогі омырауында жарқ-жүрк етеді. Қоғам тіршілігінде иненің жасуындай еңбегі жоқ. Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де окуда, әлі оқиды. Өмірі оқумен өтетіннің бірі. Қазір де Тимирязев академиясында оқиды.

8. **Сейдәліұлы Мұқан** – (Қызылорда округінен) Ленинградта оқиды. Былтыр рабфак бітіріп университетке түсіп отыр (айтарсың шіркін, жұмыр білек жұмысшының баласы). Әкесі Сейдәлі Кенес үкіметіне қарсы болғандықтан 1919 жылы атылған болатын. Баласы кенес ақшасын пайдаланып, кедей баласының орнында оқып жүр.

9. **Нұралы ұлдары** – Қазандағы іскер басшылар дайындастырын мектепте оқиды. Бұлар Ақмола округінікі. Ағайын-тумалары тегісінен конфескеленіп, Ақмоладан Гурьев округіне жер аударылды. Бұрын әкесі және ағалары Алаш орданың белді адамдары болған.

<sup>16</sup> Ватага – балық аулау, тұз өндіру әртелі.

Колчак тұсында талай коммунистердің жонынан қапысын алғып, тірідей жүндеген. Николай тұсында талай кедейді арбага байлап сабаған жуандар. Әкесі тап дұшпаны болғанда баласы еңбекші тап іскері, қызыл іскер түзейді дегенге нануға болар ма?

10. **Досжанұлы** – Тимирязев академиясын бітіріп шыққан. Бірақ алған білімін еңбекші елге беруді қолайсыз көріп, өмірлік студент болып жүре беруді лайық тапқан. Сондықтан басқа факультеттің біріне түсіп оқып жүр. Бұл бай балаларының қай-қайсысының да әдеті. Бұл жалғыз емес.

11. **Сейітқамалұлы** – (Ақмола округінен) биыл жаздың құні Сәлкен Балаубайұлы деген азамат демалысқа елге барғанда Сейітқамалдың баласын (жиені ғой!) Ташкенге окуға экеліпті. Қазірде Ташкенде оқып жүр. Әкесі Сейітқамал конфескеленіп үй-ішімен Қазақстан шегінен шығарылып жіберілді.

12. **Доғалакұлы** – (Ақмола округінен) қазірде Омбыда оқиды. Әкесі Ысқақ үй-ішімен конфескеленіп Гурьевке жер аударылып отыр. Өз қарабасының қоғам тіршілігіне бір тындық пайдалы тимеген адам.

13. **Торғайұлы Эмірбек** – (Жаңақорған ауданы, Сырдария округінен) Ленинградта оқиды. Торғай деген байдың баласы. Өзі партия мүшесі, жаз демалысқа келгенде өзінің көнілі жақын байларына «конфеске болады, малдарынды сатып азайтындар» деп үгіт тара туда. Өз үйінің 35 жылқысын саттырыған. Қазір түк көрмегенсіп «аузын ку шөппен сүртіп» оқып жүр. Осы күнге дейін ешкімнің көзіне түспегенсін бел алғып отыр.

14. **Әлиасқарұлы** – (Қызылорда округінен) қазір Ташкенде агарту институтында оқиды. Әкесі Әлиасқар белгілі Лапин тұқымы. Төңкеріске қарсы болғандықтан 1919 жылы атылып кеткен. Кеңес үкіметіне түсін қайта жасасаң да дос болмайтыны күмәнсіз ғой.

15. **Нәлібайұлы Шердебай** – (Жаңақорған ауданы, Сырдария округінен) Орынбор рабфагінде оқиды (жұмысшы баласы шығар шіркін-ай). Биыл Наркомпрос жіберіпті. Бұл атақты Нәлібай байдың баласы еді. Өндеге байдың балаларынан қалыспайын деп жұмысшылар факультеттіне кіріп алыпты. Бұлардың кірмейтін жері бар ма?

16. **Қойайдарқызы Бәдігүл** – былтыр «Еңбекші қазақ» газетіне бадырайтын тұрып бір жазып еді. Түк болмады. Оғы дарымады-ау деймін.

Биыл мен соны тағы да ескертем. Қойайдардың осы күнге дейін поселкемізде жүргені жетер. Енді оларға рұқсат беріп үйіне қайтару керек. Қазақтың еңбекші әйелдерінің атын жамылып қоюдың жөні жоқ. Әйел тенденсі сауда емес.

**17. Қаратайұлы** – (Орал округі) бұл Арон Қаратайұлының баласы. Та什кен университетінде оқиды. Әкесі Арон Николайдың қантырнақты полицмейстрі. Атақты бай. Кешегі күні конфескеленіп, Алматы округінің Ашыбұлақ деген жерінен орын алғып отыр.

**18. Қүсепғалиұлы Ғаппар** – (Орал округі) бұлар кеңеске дейін де, кеңестен кейін де белгілі адамдар. Үй-ішінде маман емес адамы жоқ. Сондықтан өктем, азулы әкесі Дәүлетше Қүсепғали конфескеленіп Алматыдан орын тапты. Мына Ғаппар Орталық партия комитетінің жанындағы банк курсінде оқып 225 сом айлық алады. Осының өзі қызық қой.

Айта берсек бұлар көп. Алдында да, артында да лық толы. Бұларды мезгілімен ескеруіміз керек. Сондықтан менің ұсынысым:

- 1) Осы көрсетілгендер, тағы осылар сияқты біз білмейтін байдың балалары газетке жарияланып, мектептен қылсын. Ендігі жерде олардың өтірік кедей болып, болмаса езілген үлт – қазақ болып «сауда» қылып жүруіне ерік берілмесін.
- 2) Бір мектепті бітіріп алғып, Қазақстанға жұмыс істегісі келмейтіндерге шара қолданылсын.
- 3) Бір факультеттен екіншіге көшіп өмірінше оқушы боламын дегендеге тыйым салынсын. Мектепті бітірісімен Қазақстан топырағында жұмыс істейтін болсын.
- 4) Бұдан былай жергілікті партия, комсомол ұйымдары, кеңес орындары болып қай жерде кім деген байдың баласы оқиды, олардың бүркеншігін ашып, жұртшылық алдына салуға атсалынсын. Сөйтіп, Оқу комиссариатына көмек көрсетілсін.

Мәнсүр

«Еңбекші қазақ» газеті  
№2, 3 қантар 1929 ж.

*Араб әрпінен аударған З.Ижанов  
«Егемен Қазақстан» газеті  
25 ақпан 1998 ж.*

## Құғындалған студенттер

1929 жылдың басында Қазақстан Өлкелік партия комитеті «Кеңес мектептерін тегі жат адамдардан тазалау туралы» қаулы алғып, бұрынғы хан, төре, бек, би, болыстар мен дін иелерінің, байлардың,

саудагердің балаларына бүйідей тиді. «Қоғамға жат сұмдар», «бөлтіріктер», «шынжыр балак, шұбартастің» балалары деп әр түрлі айдар тағып, олардың ар-намысының қорлап, қуғынға салды.

Студенттерді тазалау жұмысын саяси науқан етіп ұйымдастыру жөніндегі бұл қаулы бойынша «округтік партия комитеттерінің бюро мүшесінің бірі басқарсын» дегенмен билікті Саяси Бас басқармасының Қазақстандағы өкілі (ППОГПУ) тікелей өз қолына алып, еркін жүргізді.

Шын мәнінде Коммунистік партия ППОГПУ органдың қолымен от көседі. ППОГПУ қызметкерлері де Компартияға тұнғыш ұлындағы шын берілгендейтін танытып, «ақсақты тыңдай, өтірікті шындағы» етіп, жала жабудың, алдап-арбаудың, зорлық пен зомбылықтың алуан түрін жасады. ОГПУ қызметкерлері студенттерді тазалаудан бұрын заң орындары – милиция, сот, прокуратура, партия, кеңес орындары қызметкерлерін, Алаш орда мүшелерін, дін иелерін, елді колективтендіру, советтендіру лаңымен ел ардақтаған талай кадрларды «тазалау» елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтады. Талай отбасына жай түсірді, ойран салды. Шаңырактарын ортасына түсірді. Ендігі кезек патша заманында мал есіргенмен қызығын, рақатын кермеген байларды тап ретінде жоюға ауысып, оларды тәркілеуді «мінсіз» өткізді. Баланы ата-анасынан айырды, елді аздырып, тоздырды. Саясат жөніндегі ашқөздік бұнымен де тынбады. Патшаның қазақ жастарын оку-білімнен маҳрұм қалдыруы аздай-ақ Кеңес үкіметі орнағаннан кейін жаппай білімге үмтүлған балауса жастарды оқу орындарынан құуды қолға алды.

Ондағы мақсат – Кеңес үкіметінің солақай саясатын ерте сезетін және оны әшкерелейтін, халықтың көзін оған жеткізетін тек осы жастар деп санады. Сол үшін «тегі жат», «қоғамға зиян» деген желеумен олардың тамыры жайылмай тұрғанда бірден отап, көктей солдыруға тікелей атсалысты.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорындағы қолда бар деректерге қарағанда, 200-ден астам студенттер (ол кезде мәлшермен салыстырғанда бұл аз емес – З.И.) «тазалаудын» құрығына түсіп, оқу орындарынан аласталынған. Ол мәліметтерді құпия белім басшылары Халлев, Бакалло, айрықша белім басшысы Борисов, Саяси Бас басқарманың Қазақстандағы өкілдері (ППОГПУ) Хворосьян, Петров, т.б. дайындал, окудан шығару жөнінде тікелей тапсырма берген.

Халық ағарту комиссариаты ОГПУ-дың «қак дегенін алғыс, қара дегенін қарғыс» деп ұғынып, аталған студенттердің оқу орындарынан қуып, «істі тындырып» отырды.

Солардың бірі – 1929 жылы 7-ші наурыз құні (№11814410) Қазақстан Халық ағарту комиссарының орынбасары Оликовтың атына 22 студентті оқудан шығару жөніндегі Саяси Бас басқарманың Қазақстандағы өкілі Петровтың қатынасын оқырмандарға ұсынып отырмыз (ҚРОМА 81 қор, 4 тізімдеме, 14 ic, 147-150 б.).

ППОГПУ берген бұл мәліметтерге қарағанда студенттердің мемлекетке, қоғамға тікелей жа-саған зиянды, қастандық әрекеттері жоқ. Бірақ оларды ата-тегі, туыстары, жақын-жұық, жекекеттер патша заманында пәлен болған, түген болған деп заңсыз күйдіріп, жазықсыз айып таққан, келешек өміріне кеселдік келтірген, мамандық алу құқын жойған, азаматтық құқығына қол сұққан. Бұл 22 жастың мемлекет үшін, қоғам үшін қаншалықты «қауіпті», «зиянды» екендігіне баға беруді оқырмандардың ақыл таразысына қалдырыдық. Сол үшін Петровтың қатынасымен оның студенттерге қойған «кінәсіне» назар аударып көрініздер:



Ф.Т. Оликов

#### Оте құпия

#### Халық ағарту комиссарының орынбасары Оликов жолдасқа

Осымен әр түрлі оқу орындарында оқып жүрген әлеуметтік тегі жат студенттердің тізімін оқу орындарын тазалау жөніндегі комиссияда қарап оқудан шығару үшін жолдайды. Қосымшада 21 адам.<sup>17</sup>

ППОГПУ-дың Қазақстан бойынша  
шығыс бөлімінің бастығы Петров

#### Жоғары оқу орындарын қоғамға жат пікірлерден тазалау мақсатында оқудан шығарылатын студенттердің тізімі:

1. Иманбаев Рахым – Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенті. Қостанай округі Қарабалық ауданы №17 ауылдагы белгілі бай Иманбаев Мұсаның баласы. Әкесі патша заманында 12 жыл ауылдық старшын болған. Патша үкіметіне мінсіз қызметі үшін бірнеше награда алған. Иманбаев Мұсаны контрреволюциялық әрекеті үшін өткен жылы Қостанай округі ОГПУ тұтқыннады. Қазіргі қуні Қылмыс заңының 58-4, 58-8 және 58-10-баптары бойынша айыппталып, ісі сотта жатыр. Рахымның тұған

<sup>17</sup> Шындығында 21 емес, 22 адам – З.И.

ағасы Әбубәкір оңшыл эсер. Қазір қашып жүр. Оның баласы әмбапияда. Иманбаев Рахым бұрын Орынбордағы жоғары окуорындарының бірінде оқыған. Бірақ онан қоғамға жат адам ретінде шығарылған. Бұған қосымша Иманбаев Рахым әкесімен бірге Қылмыс заңының 58-бабының 8-тармағы бойынша жауапқа тартылуға тиісті.

2. **Иманбаева Айзада** – Алматы педтехникумның студенті. Жоғарыда аталған Иманбаев Рахымның туган қарындасы. Мұсаның қызы.

3. **Мұқашев Әбдікәрім** – Алматы зооветтехникумның студенті. Қостанай округі Аманқарағай ауданы №9 ауылдағы шіріген байдың баласы. Хан тұқымы. 1927 жылы ВЛКСМ мүшелері арасында белсенді топ құрып, ұлтшылдық әрекет жасап, өсек-аяңмен, маскунемдікпен айналысқандығы үшін Қостанай педтехникумнан, ВЛКСМ қатарынан шығарылған. Қазіргі кезде зооветтехникумға қандай жолмен кіргендігін жасыруға әрекет жасап жүр.

4. **Тұрысбеков Нұркожа** – Тәшкен жұмысшы факультетінің III-курс студенті. Сырдария өнірі Түркістан ауданы №1 ауылдағы ірі байдың баласы. Жасы 32-де. Төңкеріске дейін кедейлерді аяусыз қанаған. Оның әкесі өз қолындағы малдарын ауыр шарттармен айналасындағы кедейлерге таратып беріп, оларды экономикалық жағынан тәуелді жағдайда ұстаған. Түркістан уезінде Нұркожа Тұрысбековтың өзі 1924 жылы бұрынғы Шілік болысының бастығы, салық инспекторы болып қызмет атқарып, бірсыныра әрекеттер жасағандығы үшін қызметтен алтынып, БК(Б)П қатарынан шығарылған. Осыдан кейін Тұрысбеков Тәшкенге барып, біреулердің қолдауымен жұмысшылар факультетіне окуга орналасқан.

5. **Ахметжанов Нияз** – Орта Азия өндіріс-экономика техникумының студенті. Сырдария өнірі Сайрам ауданынан. Нияздың әкесі патша үкіметі кезінде бұрынғы Колонатан болысында 8 жыл үздіксіз болыс болған. Құны 10 мың сом тұратын жекеменшік үйі, 50 мүйізді ірі қарасы, 30 жылқысы, 200 қойы бар. 50 десятин жерге егін егеді. Үнемі өз жұмысина 4 малайды пайдаланып, еңбегін қанайды.

6. **Зубаров Ахметжан** – бұл да Орта Азия өндіріс-экономика техникумының студенті. Негізі шымкенттік. Ахметжанның әкесі патша заманында саудамен айналысқан. Бірнеше бақал дүкен ұстаған. Қазіргі кезде 2 үйі, 6 өгізі, 4 сиыры, 2 аты бар. Егін шаруашылығы мен май айыру, сабын қайнату ісімен айналысады. Тұракты түрде 2 малай ұстайды.

7. **Көбенов Қажытай** – Орта Азия мемлекеттік университетінің студенті. Ақмола округі Атбасар ауданындағы ірі байдың баласы.

Ол 1926-1927 оку жылында бай баласы болғандықтан Петропавл педтехникумынан шығарылған. 1927 және 1928 жылдары Ақмола губерниялық халық ағарту бөлімінің менгерушісі Қожахметовтың қолдауымен Петропавлдағы 2-ші қазақ мектебіне оқытушы болып тағайындалған. Өз жұмысына жауапсыз қарағандықтан қалалық мұғалімдер жиналысы оны мұғалімдікten шығару жөнінде шешім алған.

8. **Асқаров Қайым** және **Сансызбаев Хайдар** – бұл екеуі де Орынбор қаласындағы көрнекті-тәжірибе мектебінің оқушылары. Қостанай өнірі Наурызым ауданы №10 ауылдағы ірі бай Дулатов Асқардың балалары. Белгілі алашордашыл, буржуазияшыл интеллигент Дулатов Міржақыптың туған інісі. Қайым мен Хайдардың әкесі Дулатов Асқарды Қылмыс заңының 58-7, 58-8, 58-10-баптары бойынша жауапқа тарту үшін таяуда Қостанай ОГПУ-ы Қостанай еңбекпен түзеу үйіне абақтыға жапты.

9. **Сейілов Үйдырыс** – бұрынғы ірі бай, патша шенеунігі, ұзак жылдар бойы патша жандармына қызмет еткен Сейіл Қабақовтың баласы. Оны 1916 жылы патша үкіметіне қарсы күрескен қазақтар өлтірген. Қостанай округі Наурызым ауданынан.

10. **Қатегенов Сәлім** – Тәшкен қаласындағы Қазақ халық ағарту институтының студенті. Қостанай округі Қарабалық ауданы №6 ауылдағы бұрынғы молда Қатегенов Фалидың баласы. Фали қазіргі күні мешіт ұстайды, халық арасында беделі зор, ықпалы жүрген адам. Сәлімнің туған ағасы Зәкір байлармен Кеңес үкіметіне қарсы пікірлес элементтермен үнемі байланыста болғандығы үшін округтік сottың үкімімен бас бостандығынан айырылған. БК(б)П мүшелігінен шығарылған. Жадрин, Майоров секілді байлардың мүлкін тәркілеу кезінде оларды қорғаушылардың рөлін атқарды. Қатегенов Сәлім ағасының қолдауымен жоғары оку орнына түсуге жолдама алған.

11. **Шонтықов Хайрулла** – Саратов университетінің студенті. Ақтөбе округі Мұғаджар ауданындағы ірі бай, қазіргі күні ұлтшылдығы үшін сottалып жүрген Тұрақбай Шонтықовтың баласы. Хайрулла Шонтықов ауылдағы байлармен өз әкесінің шаруашылығын қаз-қалпында ұстап қалу үшін соңғы күнге дейін партия мен үкіметтің жүргізіп отырған шараларына қарсы пікірдегі округте тұратын алашордашылармен бірігіп, ауылда колхоздарды ру-ру бойынша ұйымдастыруға белсенді дайындық жүргізуде. Ауқатты отбасынан шыққандықтан Хайруллаға мемлекеттік стипендия берілмейтін болды. Студенттер арасындағы «тазалау» ісіне ерте кіріспі, қазір ауылдық кеңеске өзі тағайындалап кеткен адамдары

арқылы әкесінен еншісін бөлу актысын алу әрекетін жасауда. Шын мәнінде әкесімен еншісі бір, шаруашылықты бірге жүргізеді. Үйінен ақшаны көп мөлшерде жиі алғып тұрады.

12. **Фаризов Мұхамеджан** – Қазақ медициналық институтының студенті. Шабындық жерді қайта бөлу ісіне және басқа да Кеңес үкіметіне қарсы әрекеттер үшін ОГПУ тарапынан жауапқа тартылған және ірі бай ретінде Қостанайдан тәркіленіп Семей округіне жер аударылған Фаризов Кәкімжанның баласы. Фаризов Мұхамеджан 1923 жылы Орынбор жұмысшы факультетінде оқыған. Кейін тегі жат адам есебінде оқудан шығарылған.

13. **Майоров Мұхамеди** – Алматы зооветтехникумының студенті. Қостанай округі Қарабалық ауданына белгілі Майоровтардың баласы. 1927 жылы Қостанай окрсотының үкімімен 8 жылға сottалған контрреволюционер Байзаков Бекейді Мұхамеди белсene қорғады. Майоровтар, оның ішінде Мұхамедидің әкесі де ірі байлар қатарында тәркіленіп, Семей округіне жер аударылған.

14. **Орынқаев И.** – Томск тау-кен институтының студенті. Қарқаралы округі Берқара ауданы №17 ауылдағы сайлау еркінен айырылған ірі байдың баласы. Орынқаевтың ағасы Мұқыш Орынқаев 15 жыл болыс болған. Орынқаевтар (оның ішінде студент Орынқаев та) Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап экономикалық жағынан тәуелді кедей-жалшы, малайларды, өз пікірлестері мен жақтастарын жергілікті Кеңес үкіметінің құрамына енгізу жолымен кеңес аппаратының ең төменгі қызметіне болса да өздерінің қолын жеткізу әрекетіне үмтىлуда. Кедей, малай, жарлы, жалшылардың өз дегеніне көндіру мақсатында Орынқаевтар өз ауылында тұтыну қоғамын құрып, оның басқарма құрамына туыстарының балаларын сийлады. Орынқаев биылғы оқу жылында бай баласы болғандықтан мемлекеттік стипендия алушылар тізімінен шығарылды. Бірақ ол «кедей» тобынан шыққанмын деп күелік алу әрекетін жасап жүр. Орынқаевты институттан шығару жөнінде Қарқаралы округтік комсомол комитеті де талап етуде.

15. **Үнгебаев Жұмаахмет** – Тәшкендергі орман техникумының студенті. Әкесі Сырдария округі Қазалы түрмесінің бастығы және Тәшкен абақтысы бастығының көмекшісі болған белгілі адам. Бұрынғы ірі шенеунік ретінде 1919 жылы ВЧК шешімімен Тәшкеннен Темірхан-Шураға жер аударылған. Тұтқындық мерзімін өтегеннен кейін Қазалыға қайта оралып, қазіргі күні Қазақ мемлекеттік сауда мекемесінде іс жүргізуші қызметін атқарып жүр.

16. **Мансуров Полат** – Тәшкендергі орман техникумының студенті. Алматы қаласынан. Ұлты өзбек. Ескі қала БК(б)П ячейка-

сының жауапты хатшысы туған ағасы Әріпқожа Мансуровтың қарауында тұрады. Әріпқожа ірі байлармен, саудагерлермен және ұйымдастың қылмысты топтармен байланысты болғандығы үшін БК(б)П хатшылығы қызметінен босатылған. Полаттың әкесі бұрын Әулиеатада ірі саудагер болған. Қазіргі күні Мансуровтың туысқандарының бері де саудамен айналысады. Полат орман шаруашылығы техникумына Әулиеатаның Ескі қала партия ұйымының хатшысы болып тұрган Әріпқожаның талап етуімен ВЛКСМ жолдамасымен оқуға түсken.

17. **Іңірбаев Мұхамедияр** – Тәшкендегі орман техникумының студенті. Ақтөбе округі Қарабұтақ ауылынан. Мұхамедияр қазіргі күні Қылмыс заңының 73 және 118-баптарымен тергеуде жүрген Палуанов Қадірбектің туған інісі. Мұхамедиярдың өз туыстары Ысмайыл және басқа Палуановтармен шаруашылығы бір. Олардың ірі қараға айналдырғанда 80 бас малы бар. Іңірбаевтың шын фамилиясы Палуанов. Ол өз тегін жасыру мақсатында Іңірбаев болып жазылып жүр. Мұхамедияр каникулға келген кезде ауылдағы байларды тәркілеу ісіне қарсы зиянды үгіт жүргізді.

18. **Насыров Рақым** – Тәшкендегі В.И.Ленин атындағы авиация мектебінің тындаушысы. Алматы округі Қастек ауданынан. Ұлты – тараншы. Әкесі Самсы стансасындағы ірі саудагер.

19. **Нұғманов Хакім** – бұл да Тәшкендегі авиация мектебінің тындаушысы. Түркістан қаласынан, жасы 20-да, ұлты – татар. Мектепке оқуға түсkenге дейін саудамен айналысқан. Екі ағасы да қазіргі күнге дейін сауда жасайды. Нұғманов Хакім оқуға түсkenге дейін ағаларымен бірге тұрган, ара-тұра шаруашылықпен де айналысқан.

20. **Дәрібаев Медет** – Тәшкендегі Қазақ орман техникумының студенті. Қызылорда уезі Қызылорда болысы №18 ауылдан. Оған берілген мінездемені «Лениншіл жас» газетінің қосымшасынан қараңыз.

21. **Якупов Фазия** – Тәшкендегі педтехникумының студенті. Сырдария округінен. Якуповтің әкесі тәңкеріске дейін матта сатумен айналысқан ірі саудагер. Якуповтың үлкен ағасы – Мұсіржанның қазіргі күні темекі фабрикасы бар.

Шығыс бөлімінің бастығы Петров  
Өкіл Шумилов

«Заң» газеті  
24 желтоқсан 1997 ж.

## **Солақай саясат құрбандары**

Еліміз егемендік алғаннан бері «ақтаңдақтар» жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Солай десек те халықтың, ұлттың ұрпағын тәрбие-леген педагог кадрлардың өміріндегі ақтаңдақ, қуғын-сүргіндердің көрінісі қадау-қадау. Әділдігін айтқанда олар өз бастарының жеке мұддесінен гөрі ұлт болашағы үшін ойланды, келешек ұрпақтың саналы, салиқалы, білімді азамат болуын естен шығармай, қазақтың жас кадрын өсіру, тәрбиелеуде белсене қызмет етті. Бойындағы бар білімін, ақыл-парасатын солардың санасына сіңіруге ұмтылды.

Бірақ, Коммунистік партия ұлттық кадрларды оқытуға, тәрбиелеуге ұрандалап шапқанмен, іс жүзінде онша ықыласты бола қоймады. Сол үшін де ұлттық кадр тәрбиелеуге белсене қатыскандардың әрбір басқан қадамын Саяси Бас басқарманың Қазақстандағы өкілі (ППОГПУ) аңдытып, қанды ауыз қақпандарын құрды. Бұл саясатты жүзеге асыру «екі жеп биге шығу екенін» олар қапысыз ұтты. Біріншісі, көзі ашық, көкірегі ояу, елі үшін қабырғасы қайысатын азаматтарды қуғын-сүргінге салып, жуасытып, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу, екіншісі, жаңа буын жастардың санасына олардың көзқарасын сіңірмеу.

Бұған нақты дәлелдер Қазақстан Республикасы Президент архиві мен Орталық мемлекеттік архив қорларында аз емес.

Солардың бірі – Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының 1930 жылғы 25 қыркүйектегі (№1 хаттама) ППОГПУ өкілінің қаулысы бойынша Қылмыс заңының 142-бабына сәйкес жауапқа тартылатын Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры Халел Досмұхамедов «...15 қыркүйектен бастап атқарып жүрген қызметтінен шығарылсын» деген кесімі. Оған «ППОГПУ өкілінің №2370 қаулысы негізге алынды» деп Халық ағарту комиссарының орынбасары Оликов қол қойған қаулы (ҚРОМА 1142 қор, 1 тізбе, 3-б іс, 5 б.).

Тағы бір дерек. Ол ҚазПИ жанындағы БК(б)П ячейка бюросының хатшысы Вагитов, комсомол ячейкасының хатшысы Тіленшиевтің ППОГПУ бастығы Саенқога, қалалық ОГПУ басшысы Гайсинге, өлкелік, қалалық комитеттердің мәдениет жөніндегі насиҳатшылары Муравьев пен Лесковецке жазған хаттары.

Хатта олардың: «...Алашордашылар келешектегі күресі үшін кадр дайындауды басты мақсат еткен және біздің қоғамымыздың дамуын тоқтатқысы келіп, жанын салып ұмтылған пролетариаттың қас жаулары – Ахмет Байтұрсыновты, Халел Досмұхамедовты, Әлімхан

Ермековты баратын жеріне аттандырылған» деп кекесінді мақтанышпен жазғаны көп нәрсені аңғартса керек (жоғарыда аталған қор мен істің 11-12 б.).

Тек, 1925 жылдың сәуір айының 11-нен мамырдың 8-і аралығында халық ағарту саласында институттарды 4 рет, техникумдарды 6 рет, мектептерді 8 рет, жетім балалар үйлерін 2 рет, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мұражай, клубтардың педагогикалық кадрларын тазалау сүзгісіне салды.

Осындағандағы түскендіктен Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық торқалы тойын кеңестік мекемелерде, оқу орындарында занды түрде салтанатпен атап өтуге тыым салынды. Бұған Кирөлкелік партия комитетінің 1923 жылғы 23 қаңтардағы (№51) қаулысы толық дәлел. Онда былай деп атап көрсеткен:

- a) Бұл юбилейлік мерекені кеңес мекемелерінде ұйымдастырып өткізу ешбір кешірілмес әрекет деп саналсын;
- ә) Жеке өз басының мерекелеуіне қарсылық болмасын;
- б) Оның мерекесіне кеңес мекемелері атынан қатысып сөйлеушілердің сөзінің мазмұнына жауапкершілік Сейфуллин жолдастың жеке өзіне міндеттелсін, - деп обком хатшысы Коростелев қол қойды (8 б.).

Архив деректері 1929 жылдың 21 ақпан күні Мұхтар Әуезов үшін де қаралы күндердің бірі болғандығын көрсетеді. Сол күні «...пролетариат жазушылары М.Горький, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, И.Жансүгіров, т.б. шығармаларынан төрі, тек қана Абай, М.Жұмабаев шығармаларын студенттерге ұғындыруға әрекет жасағандығы, идеологиялық тұрақсыздығы үшін» деген желеумен қазақ және орыс әдебиеті пәндерінің оқытушысы Мұхтар Әуезов қызметінен күшті.

Нақты айтқанда, Қазақ АССР-ы бойынша ППОГПУ өкілінің 30.VI.1929 жылғы №18964/5 құпия хаты бойынша Елдес Омаров Алаш орда үкіметтің құрушылардың бірі болғандықтан студенттерге дәріс окуы зансыз деп табылды (ҚРОМА 81 қор, 23 ic, 237 б.).

Қазақ жастарына білім беру саласындағы архив қазынасын ақтарғанда көкірек көзі ашық, ойы ұшқыр, зерделі азаматтардың әлі де атаусыз келе жатқандығына көз жетеді.

Солардың бірі – Мұстафа Бұралқиев. Әулие-ата қазағы, 1901 жылы туған.

Мұстафа Бұралқиев Орта Азия университетінің «Құқық және жергілікті шаруашылық» факультеттің төртінші курсында оқыған және 1926-1929 жылдар арасында Тәшкендегі Қазақ



М. Бұралқиев

халық агарту институтында оку ісінің менгерушісі қызметін атқарған. Институтта «СССР экономикалық географиясы» пәнінен дәріс оқыған.

Оны институттан аластауға басты себеп болған ППОГПУ орындарынан түскен мәлімет бойынша «Еңбекші қазақ» газетінде (№2, 3 қаңтар 1929 жыл) жарияланған «Арамзалаң» деген мақала. Онда: «Бұралқыұлы Мұстафа жуан жұдырық байдың баласы. Осы кеңес тұсында кедей атағымен әртел ұстап, байлардың шаруашылығына жәрдемдес болған. Батырақ-кедейлерді қанаган. Мұстафа Смағұлдың (Садуақасұлы) қолғанаты. Түбінде Смағұлдың орнын басар деген үміт зор. «Орта Азиядағы партия саясаты патшаның отарлау саясаты» деп Мұстафа осы бастан смағұлшылдайды» деген сөздері кінә етіп таққан.

Патша үкіметінің отарлау саясатынан Кеңес үкіметінің отарлау саясатының тек түрі, түсі, саяси типі, ұраны, әдістерінің өзгешелігі ғана болмаса, мазмұны сол қалпында қалғанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Осындай ой жүйесі, саяси көзқарасы, көз-деген мақсаты өзге Мұстафанды ППОГПУ нысанана бірден алды. Сондықтан, 1929 жылы 21 ақпанда институт жанындағы коммунистік фракция «Қазақ халық агарту комиссариатының 16.11.1929 жылғы №42/c қатынасындағы ұсынысымен келісіп, Бұралқыұлы Мұстафа институттың оку ісі менгерушісі қызметінен 1 наурыз 1929 жылдан бастап шығарылсын» деп қаулы алды (№1 хаттама. ҚРОМА 81 қор, 29 іс, 122-123 б.).

Қазақ оку орындарын «ұлтшылдардан тазарту» комиссиясы оку орындарының баршасын зобалаңға түсіргенін жоғарыда айттық. Сол зобаланға ересектер мектебі мен милиция мектебінің оқытушылары Иманов, Оразәлин де ілікті. 1929 жылғы 11 қаңтардағы қаулымен «Алаш орда идеологиясы мен діни көзқараста болғандығы үшін Жұмабай Оразәлин, байлық иесі болғандығы үшін Иманов оқытушылықтан шығарылды». Бұларға «мұнан былай ешбір мектепке мұғалім болмасын» деген тұжырымды шешім шығарылды. Иманов жер аударылды (ҚРОМА 81 қор, 23 іс, 125-282 б.).

Осындай жолмен Қызылорда қаласындағы Өлкелік әкімшілік-бухгалтерлік курсын директоры Ш.Бектұрғанов та қызметтен күй-лып, қудалауға түсті. Оны қызметтен шығармау жөнінде курста оқып жүрген 86 шәкірт жиылды ашып (төрағасы Жалбырқызы, хатшысы Әлиасқар келіні), жоғарғы орындарға өтініш жолдады. Онда Бектұрғановтың адалдығы, қамқоршылығы қадап-қадап көрсетілді. Бірақ, оны естір құлақ болмады (ҚРОМА 81 қор, 4 тізбе, 14 іс, 8 б.).

ППОГПУ түсірген архив деректеріне қарағанда Кеңес үкіметіне қас, жау араласпаған бірде-бір мекеме, оқу орны, өндіріс, құрылыш орындары қалмаған. Тіпті, мектеп окушыларынан бастап орта, жоғары оқу орындарындағы студенттерге дейін кеңес мемлекетіне дүшпан, қастық ойлаушы болып көрсетілген.

Педагог кадрларды жау санап, құғынға ұшыратудағы басты мақсат – Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің солақай саясатын басқалардан бұрын сезетін, ел сеніміне ие болатын, халқы қадір тұтатын азаматтар санын мейлінше азайту, аластау, олардың үнін шығармау.

«ЗАң» газеті  
11 наурыз 1998 ж.

## Сәкен Сейфуллин Мұхтар Әуезовті жұмыстан қалай шығарған

1929 жылы Сәкен Сейфуллин Қазақ халық ағарту институтының директоры болып істейді де, ал Мұхтар Әуезов Сәкеннің қол астында, яғни осы институтта орыс және қазақ әдебиетінен дәріс беретін оқытушы болып қызмет атқарады.

1929 жылдың 21 ақпанында Қазақ ағарту институты жанындағы коммунистік фракция Мұхтар Әуезовке байланысты мынадай қаулы қабылдайды (Осы жерде басын ашып алатын бір жайт бар. Қазақ халық ағарту институтының директоры да, әрі осы институттың жанынан құрылған коммунистік фракцияның жетекшісі де – Сәкен Сейфуллин. Сондықтан төмендегі қаулы Сәкеннің ықтиярынсыз қабылдануы мүмкін емес – З.И.):

«Студенттерге марксік көзқарас тұрғысынан лекция оқымайтындығы туралы Әуезов жолдастың төңірегінде туған қоғамдық пікірді мына фактілер раставды:

1. Әуезовтің 2-курсте оқыған лекциясындағы «біздіңше, Пушкинде идеологиялық жағынан ұстамды жазушы деп түсінуге болады, ал коммунистердің ойы – керісінше, басқаша» деген сөзі.
2. Студенттердің назарын тек бірыңғай Абай (М.Жұмабаев) шығармаларын ғана оқуға аударады.

- Лекциясында пролетариат жазушыларының (М.Горький, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, И.Жансүгіров, т.б.) шығармаларына мәнсіз, солғын, төрешілдікпен<sup>18</sup> қарайды.
- Халық ағарту институты студенттерінің бойына марксизмге жат идеологияны сінірге тырысады...».

(ҚРОММ 81 қор, 2 тізімдеме, 23 іс)

Коммунистік фракцияның осы қаулысы келесі күні, яғни 1929 жылдың 22 ақпанында Халық ағарту институтының президиумында талқыланып, мынадай қаулы қабылданды: «Өзара пікір алысқаннан кейін Халық ағарту институтының орыс және қазақ әдебиеті пәндерінің оқытушысы М.Әуезов жолдас идеологиялық жағынан ұстамсыздығы үшін атқарып жүрген қызметінен босатылсын».

Жоғарыдағы екі қаулыға да осы институттың директоры Сәкен Сейфуллин қол қойған.

Еріксіз ойланасың. Апыр-ай, Сәкен Сейфуллин көзі қыып Мұхтар Әуезовті жұмыстан қалай шығарып жіберді екен...

*«Қазақ әдебиеті» газеті  
5 қараша 1999 ж.*

## **Қазақстандағы 1932 - 1933 жылдардағы қасірет пен қайғы**

Қазақ халқының ертеден ата кәсібі, күн көрісі мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ең алдымен сөз болуы занды. Себебі халқымыздың аштыққа ұшырауының елінен, тұған жерінен ауа босуының басты бір себебі – Кеңес үкіметінің шаруаның қолындағы малын тартып алуы екендігі сөзсіз. 1928 жылғы байларды тап ретінде жоюдан басталып, елді еріксіз күшпен ұжымдастыру, отырықшыландырудагы асыра сілтеу саясаты елдің күн көрісінің көзі – малды жоюға әкеп соқты.

---

<sup>18</sup> «Төрешілдікпен қарайды» дегені, бүтінгі тілмен айтқанда, «менсінбейді, мойындамайды» деген – З.И.

Оны дәлелдейтін нақты дерек «Қазақстаниң ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» 17.IX.1932 жылғы БК(б)П Орталық комитетінің қаулысын орындалу барысын тексеруге келген СССР Орталық жұмысшы-шаруа инспекциясының аға инспекторы Лежневтің Қазақстан Өлкелік комитетіне және Қазақ АССР Жұмысшы-шаруа инспекциясының коллегиясына 20 қантар 1934 жылы тапсырған 83 беттік жазба есебі.

«Қазақстанда, - дейді Лежнев өз есебінде, - 1929 жылы 39,5 миллион мал басы болса, онан 1929/30 жылы 25 миллион, 1930/31 жылы 10,5 миллион, 1931/32 жылы 5,5 миллионға дейін қысқарды», «...Өлкеде мал басының күрт кемуі бұрынғы Өлкелік комитет басшысы Голощекиннің, барлық қазақ партия үйымдарының асыра сілтеуі, саяси қатесі. Үйымдастыру жұмысындағы асыра сілтеу мен олақтық, «алып» колхоз үйымдастыруға үмтүлүшшілдіктың салдары» деп ашық көрсетті (ҚРОМА 44 қор, 14 тізімдеме, 549 іс, 49 б.).

Шындығында «алып» колхоздар үйымдастыру ұраны еріксіз жүргізілді. Оны үйымдастыруға ауыл мен ауыл, белсендімен белсенді арасында «шапшандық», «еселенген екпін» жарыстары үйымдастырылды. Соның салдарынан 1 желтоқсан 1930 жылы Қазақстандағы еңбек үжымдарының 33% колхозға біріктірілді. Ол жыл санап қарқын алды. Колхозға үжымдастыру 1931 жылы қаңтарда 37%-ке, наурызда 41%-ке, мамырда 47%-ке, шілдеде 60%-ке, қыркүйекте 64,1%-ке жетті.

Колхоздастыру кезінде «асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын» ұранынан мал да, ауыл шаруашылық құралдары да, тіпті жеке киіз үйлерге дейін ортаға салынды. Осыдан барып үйін де, малың да, жаның да ортақ болғаннан кейін «айелің де ортақ болады, барлығың бір көрпе астында боласың» деген сез елге тарап «үлттүк рухын, намысын, отбасы деген ұғымды қорлау басталды» деп ұғыну етек алды.

Өлкелік партия комитетінің 1931 жылғы ақпанда өткен пленумы «...Отырықшыландыру кезінде әр түрлі рулардан, кедейлері мен орташаларынан құралған колхоздың поселкесін үйымдастыруды» ұсынды. Бір қызығы осы қаулыға сәйкес «интернационалды аудан», «интернационалды колхоз» құру деген теріс ұғым туып, еріксіз түрде қазақ, орыс, т.б. ұлт өкілдерін әр жерден жинап колхоз құру басталды. Бұл да колективтендіру кезіндегі солақай саясатының бір түрі болды. Өйткені, осы қаулы бойынша «интернационалды колхоз» поселкесін үжымдастыру үшін арасы алшақ әр рудан отырған жерінен кедейлер мен орташаларды еріксіз көшіруге, топтастыруға тұра келді.

Осыдан барып колхоздық поселкенің орналасатын орын әр ру өз жеріне, өз елі мен өз руына қарай тарту басталып, олардың өз арасында алауыздық тартыс етек алды. Оның аяғы ел ауызбірліктен айрылып, талас-тартыс туып, шапқыншылыққа ұласты. Ондай «интернационалдық колхоз» поселкесі ауыз судан, егіндік пен шабындық жерден қашық, шаруаға қолайсыз жерге орналасу фактыларына әкеліп соқты. Мұның өзі елді біріктіруден гөрі оларды өзара қырқыстыру, алакөз ету, ру былай тұрсын үймен үйдің арасында қайырымсыздық, қатыгездік-туғызды.

Елдің ашаршылықтан титықтап, ағайын-туғаннан ажырап, қолдағы малдан мақрұм қалып, босудан басқа амалы қалмайтын жолға әкеліп тіреді. Елдің іргесі сөгіліп жаппай босуына мұндай саясаттың елеулі әсері болды. Осыдан барып өлкедегі 123 ауданың 70 (оның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі – 50, отырықшы – 20) аудан жаппай бости.

Бұл қазақ даласындағы босқындықтың 1916 жылдан берігі үшіншісі. Оның біріншісі, 1916-1917 жылдары болса, екіншісі 1928-1929 жылдары, үшіншісі 1931 жылдың күзінен басталып 1933 жылға ұласты.

Мысалы, өлкеде 1931 жылы 1119 мың қожалық болса, сонаң 1932 жылы 723 мың, ал 1933 жылы 612,9 мың ғана қожалық қалды. 39 ауданнан сол кезде алынған архив деректерін сөйлестек өлкeden 76869 қожалық, немесе, 308432 адам босып кеткен. Олар: Сібірге (27,5%), Қарақалпаққа (15,9%), Төменгі Еділ өлкесіне және Неміс республикасына (8%), Өзбек ССР-на (8,2%), Орта Еділ өлкесіне (7,6%), Украинаға (6,3%), Орал облысына (5,8%) қоныс аударған. Әсіресе, Алматы (45185 қожалық), Ақтөбе (39076 қожалық), Батыс Қазақстан (70596 қожалық), Қарағанды (22374 қожалық), Оңтүстік Қазақстан (12878 қожалық) облыстарымен Алматы, Талдықорған, Мерке, Тайпақ, Шу, Созақ, Қордай, Іле, Қаратал, Жетіғара, Семиозер, т.б. аудандарының халқы жаппай бости.



О. Исаев

Қазақстандагы ашаршылық пен босқындық және басқа да ел басына төнген ауыртпалықтар жөнінде Т.Рысқұлов және басқалардың И.В.Сталинге жазған хаты жайлы бұған дейін жеткілікті жазылды. Жалпы жұрт хабардар. Сондықтан оны қайтадан жаңғыртпай ҚазАССР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы О.Исаевтың И.В.Сталинге 1932 жылы тамыз айында жазған хатын көпшілікке жеткілікті мағлұм болмағандықтан назарға салуды жән санадық.

Әрине, ол хатта О.Исаевтың партиялық саясатты одан әрі жүргізуде біrsыпты қайшылтықтары болса да ол өз қатесін мойындаған тұстары аз емес. Оның үстіне республикада қалыптасқан ауыр жағдай және оның себеп-салдары жөнінде назар аударапрық мәселе аз емес. Сол үшін хаттың кейбір үзінділерін тыңдал қорейік:

«...1929 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда 40 миллион бас (төлімен және ұсақ малды ірі қарага шақпағанда) болатын. Онан қазір 6-ақ миллион мал қалды...»

Қазірдің өзінде Орталық Қазақстанның 10-12 әуданның халқы аштыққа ұшырауда. Шамамен алғанда тек осы көктемде 10-15 мың адам аштықтан өлді.

1931 жылдан бастап басқа өлкелер мен республикаларға жаппай босқыншылық қазірде де тоқталар емес.

...Мал шаруашылығының мұндай халге ұшырауының басты себебі Қазақстанда партия саясатының бүрмалануында..., күшпен ұжымдастыруды, малды еріксіз қоғамдастыруды және мал дайындау практикасында және тікелей бассыздықта болды.

...Жаппай босқыншылықтың салдары азық-түлік жөніндегі қындық пен бүрмалаушылықта жатыр.

...Негізгі қателік шындықты бояп көрсету, кемшиліктерді бүркемелеу, сыйның болмауы, науқаншылық және солға ауытқушылық», - деп ашық көрсетті.

Алайда бұл кезеңдегі ауыр жағдай туралы И.В.Сталиннің, М.И.Калининнің, В.М.Молотовтың атына тек Қазақстанның басшыларыға аманаттар да ашына жазды. Бірақ оны тыңдар жан, естір құлақ болмады.

Солардың бірі – 1932 жылы 10 ақпанды Бүкілодактың атқару комитетінің төрағасы М.И.Калининге Нұргали Дүйсенбиевтің жазған хаты. «Соңғы кезде, - деп жазады Н.Дүйсенбиев, - барлық мал мемлекетке тапсырылды. Халық тамақтанатын еш нәрсе қалған жоқ. Халықтың өлімі етек алды. Соған қарамастан үкімет бір үзім нанға зар болған эке-шешесі, аштықтан өз баласын тастап кетіп жатқан аш халықтан әр түрлі салық жинауда».

Бұл жерде Н.Дүйсенбиев «әр түрлі салық» деп бір-ақ сөзben тұжырымдаған. Ал, архив деректеріне зер салсақ халықтан ет, сүт, жұн, тері-терсек, сүйек, арқан-жіп, киіз, қап, тұқым, шөп салықтарынан басқа да аң терілерін, каучук тапсыруға, күш көлік ретінде ат пен өгізге, табыс кезі ретінде қайық пен велосипедке дейін салық салған екен. Мұның үстінде ауыл шаруашылық салығы, жер салығы, мемлекеттік заемдар да елді титықтатты. Сирағы шыққан, сүйегіне еті жабысқан кедейге терісін алуға аң ұстата ма? Мемлекетке

өткізерлік астығы, еті мен сүті, салық төлерлік ақшасы болса аштан өлер ме еді? Бауыр еті баласын көзі қылп тастанап, тутган жерінен босар ма еді?

Сондай сүреңсіз өмірді, тағдыр тәлкегін бастан кешкен семейлік 11 жасар Сәлім Мәденұлы нақты балалық, балғын сезіммен жазғанын тыңдал көрініздер:

«1931 жылдың қазан айынан бастап елдің жазда жинаған құртмайын және қалған малын ұқімет тартып алды. Сойып алған малдың жұрнағымен 1932 жылдың көкек айына әрәп жеткенмен халық аштан қырыла бастады. Адамды көмуге кісі табылмайтын уақыттар болды. ...Біздің отбасында алты адам болдық. Әкем мен кіші інім аштан өз ауылымызда өлді. Ағам жаламен сottталып кетті. Шешем екеуіміз қалдық. Шешем: «Ал қарағым, бар-жоқты киейік, басқа қоқыс үй ішінде қалсын. Шама келген жерге дейін сапар шегейік», - деді. Үлкен Нарын аталатын ауданда тұратын нағашыма жете алмадық. Шешемнің жаяу жүрісі кібіртікке айналып, бет ауызы ісіп, ана түрінен айырылды. Сонымен айдалада, «Маралиха» деген өндіріске үш шақырым қалғанда құн батар алдында анам жан тапсырды. Бір отбасынан жалғыз мен қалдым». Қандай аянышты, ауыр хал.

Бірақ, ел тағдыры осындағы болып тұрганына қарамастан БК(б)П Орталық комитетінің хатшысы И.В.Сталин, СССР Халық Комиссарлар кеңесінің тәрагасы В.М.Молотов Қазақстан Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекинге, Халком тәрагасы О.Исаевқа «Республикада қысқа мерзімде мемлекетке астық тапсыруда нақты өзгеріс үйімдастырылмаған жағдайда Солтүстік Кавказдағы құғын-сүргін тәрізді жазалау шараларын қолдануга мәжбүр болады» деп қаһарлы жеделхат жолдады.

Голощекиннің көктен ізденгені жерден табылды. Бұл жеделхатты қолына найза етіп ұстап, ол 1932 жылы 11 қарашада БК(б)П Өлкелік комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің мәжілісін өткізіп, онда «БК(б)П Орталық комитеті мен СССР Халық Комиссарлар кеңесінің астық дайындау жөніндегі директивасы туралы» деген мәселені қарап, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстық атқару комитеттеріне директиваны жеке-жеке бекітіп, оны жеделхаттармен облыстарға шұғыл жөнелтті.

Ол директиваларда мына шараларды жүзеге асыруды міндеттеді: «Мемлекеттік астық тапсыру жоспарын орындаған аудандар мен колхоз, совхоздарда:

1. Мемлекеттік және кооперативтік сауда жасау және кооператив дүкендеріндегі барлық тауарларды сыртқа шығару тоқтатылсын.

- Колхозшыларға және жекешелерге колхоз саудасына тыйым салынын.
- Мемлекеттік аппараттар мен колхоздық кооперативтер жұмысшы-шаруа инспекциясы тарапынан тексерілсін және олар жат және жауыз элементтерден тазартылсын.
- Тұтыну одағы қоймаларымен өндірістік және кооперация тауар базарларынан барлық тауарлар кері қайтарылып алынын. Бұл тауарлар астық дайындау жоспарын орындаған аудандарға жіберілсін.
- Астық дайындау ісіне қарсылық көрсеткен не жоспарды қасақана орынданмаған колхоздар мен үйымдастырушыларды өлкеден тыс жерге жер аудару туралы және олардың поселкелерінің орнына жері шағын, не қолайсыз жерге орналасқан астық тапсыру жоспарын орындаған колхозшыларды қоныстандыру туралы үкімет алдына мәселе қойылсын.
- Астық тапсыру жоспарын орынданмаған не бас тартқан жекешелерді 61-бап бойынша еркінен айырып, 81-баппен жауапқа тартылсын. Жерді, шөпті пайдалану құқынан айырылсын. Оларды өлкеден тыс, солтүстік облыстарға жер аудару үкіметтен сұралсын.
- Прокуратура мен соттар мемлекет және колхоз мүлкін үрлаушылар жөнінде 5 күн мерзім ішінде облыс бойынша 5 іс қарайтын болсын. Үкім баспасөзде жариялансын. Прокуратура және жұмысшы-шаруа инспекциясына 10 күн мерзім ішінде шығарылған үкімнің орындалуын тексеру міндеттесін», - деген қаһарлы, бас бұлтартпас тұжырымдар белгіленді.

Осы қаулымен бірнеше басшылар қызметтерінен босатылып, жауапқа тартылды. Міне, осы қаулы қазақ даласына жауынсыз күнгі найзағайдай ойнады. Талай басшылар, жазықсыз азаматтар осы қаулының құрбандығына шалынды. Көшпелі соттармен ППОГПУ шешімімен әр ауданнан 5-10 адамнан атылды. Кейбір аудандарда 40-қа дейін адам әр түрлі жазамен тұрмеге айдалды. Әрине олардың аты-жөнін жазып шығуға материал көлемі көтермейді.

Бұл қаулыны орындау үшін ай сайын жұртқа берілетін астық мөлшері қысқарды, әрбір үй тінтілді. Атап айтқанда Алматыда «еңбек етіп жүрген адамға күн сайын 250 грамм ғана астық берілсін, олардың қарауындағылар ай сайын астық алушылар тізімнен шығарылсын» деген қаулы өмірге келді (Алматы мемлекеттік архиві, 174 қор, 11 тізімдеме, 3 іс, 38-39 б.). Күніне 250 грамм астық алған еңбеккерде жұмыс қабілеті бола ма? Ал оның отбасындағылар

еш нәрсе алмаса олар қалай өмір сүреді деген мәселе ешкімді ойландырымады. Бұл қаулы «саған өлуден басқа жол жок» дегенді өзінен-өзі ұғындырып тұрганы әркімге-ак аян болса керек.

Мұнан да ғөрі тағы да бір архивтік дерекке назар аударуды жөн көрдік. Ол Бұқілодактық Орталық атқару комитетінің төрағасы М.И.Калининге М.Дворникованың (Сарқант ауданы) жазған хаты.

«Құрметі Михаил Иванович! - деп жазады ол хатында, - астық дайындау өте қыын, төзгісіз жағдайда өтуде. Мысалы, «Тарас» мұсылман-казак<sup>19</sup> колхозында ең соңғы түйір дәнге дейін жинап алды.... Мен күн көру үшін 1 десятина жерге егін егіп, онан 53 пүт астық алдым. Онан 48 пүт астықты мемлекетке өткіздім. Ал астық дайындаушылар «1 десятинадан 110 пүт астық өндіруге тиістісін, мемлекетке 92 пүт астық тапсырмасаң астық тапсыруға қарсысын» деп менің кеудеме «халық жауы, қасақана астық тапсырмаушы» деп жазған қара тақтайды мойныма іліп, көше бойымен айдады.

...Менен басқа әйелдерге құйрық байлап, басына қалбыр құты кигізіп, екі бақытсыз баланы оған қосақтап тіркеп, үш күн бойы сүйк қоймаға қамады. Осыдан олардың көпшілігі ауру тапты».

Ол аз десеніз мемлекетке астық тапсырудың тағы бір қатыгездігіне қатысты Павлодар облысы Цюрупа ауданы Марьиновский селолық кеңесі «Мемлекеттік астық тапсыру жөніндегі революциялық жоспарын орындаған П.Егоровке 107-бап бойынша 1993 сом 75 тыын айып салынын. Ол екі күн ішінде өндірілсін», - деп алған қаулысы бірттай нәрсені аңғартса керек (Павлодар облыстық архиві 389 қор, 1 тізімдеме, 5 іс, 6 б.).

Мемлекеттік астық тапсыру жоспарын орындату кезінде жергілікті басшылардан қайырым-шапағат, адамгершілік деген жойылған-ау деп айтсақ (әрине оларға да қысым аз болып жатқан жок) артық айтқандық болып табылмайды.

Ол оймызыды, біріншіден, «бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» тұрган Павлодар облысының 73 жастағы А.Ф.Григорьев дегенді астық тапсыру жоспарын орындағандығы үшін мал-мұлқін кәм-пескелеуі (Павлодар облыстық архиві 174 қор, 10 тізімдеме, 43 іс, 6 б.). Екіншіден, «астық тапсыру шарттарын орындағандар қуғындалсын», - деп қаулы алуы жоғарыдағы оймызызды дәлелдей түседі деп ойлаймыз (Павлодар облыстық архиві Р-2, 1 тізімдеме, 11 іс, 23 б.).

Қазақстанда мемлекетке астық дайындаудан келген қасіреттердің түрлері осындаі. Қазақстан коммунистік партиясы мен үкіметі

<sup>19</sup> Интернационал колхозы.

тарапынан жүргізілген мұндай шаралар елді тікелей ашаршылыққа, босқыншылыққа көрер-көзге айдаш салу екендігі сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда Голощекин патша үкіметінен айдауда көрген азап-акыретін Қазақстан даласын көмусіз мүрделерге толтырып, миллиондаған кінәсіздерді елінен, тұган жерінен бостирып кегін қайтарды.

Ол ойымызың Қазақстан Өлкелік халком төрағасының орынбасары Әбдірахмановтың Өлкелік партия комитеттіне Қарағанды облысының Жаңа арқа ауданындағы жағдай жөнінде жазған мәлімдемесі дәлелдейді. «...Қолда бар құжаттарға қарағанда, - дейді Әбдірахманов, - ауданда 3212 адам өлген... №6 ауылға баратын жолдың кез келген жерінде мүрде, «Қара тәбе» колхозының №6 ауылындағы Бокәев Мұхаметжанның отбасындағы 9 жанның 8, Әбіш Қадыровтың отбасындағы 8 жанның 7, Жылқыбаевтың отбасындағы 8 жанның 7 өлген. Мұндай жағдай әр отбасынан кездеседі. Аудандағы 2 балалар үйіндегі балалардың 130-ы өлген. Аудан орталығындағы 450 өлік жиналып көмілген. Біз өзіміз 30 өлкіті жинап көміп жатқанын көзбен көрдік» (ҚРОМА 1179 қор, 1 тізімдеме, 47 іс, 149-150 б.).

Жүрек ауыртар мұндай хал бүкіл қазақ даласында орын алған жағдай. «Жаны ашымастың қасында басым ауырмасын» дегендег күн көрерлік нан таппай, жаназасыз қырылып жатқанда Халық Комиссарлар кеңесінің 1932 жылы 9 және 11 қарашада қабылдаған (№85, 86) хаттамаларына таң қалдық. Оның біріншісі, Қазақ өлкелік милиция басқармасының бастығы Бокшаның өтінішіне сәйкес республика милициясының 15 жылдық мерекесін өткізуге 10 мың сомның берілуі болса, екіншісі, Қазақстанда санаторий мен курорттарды, демалыс үйлерін халықтың талабы бойынша салу мәселесін бірінші кезекке қойып, оның құрылыстарын «жүргізуге еселі екпін туғызылсын» деген шешімі (ҚРОМА 82 қор, 1 тізімдеме, 1118 іс, 38, 45 б.).

Сонда мұның түп негізінде «қырылған халық қырыла берсін, біз серуендеуден жалықтайық» деген ұғым жатқан жоқ па? Ондай демалыс үйлері мен курорттар, санаторийлар, мерекелер Голощекин мен Бокшаларға болмаса аштан қырылып жатқан халық курорт пен санаторийды, демалыс үйлерін не қылсын. «Ас аттынықі, той тондынықі» емес пе? Сондай құрылысты салуға, милиция мерекесін өткізуге бөлінген қаржыны аштан қырылып жатқан халыққа жұмсаса олардың өңешінен өтпей қалмас еді гой. Бұл тек безбүйректік пен қатыгездіктің, жауыздықтың бір көрінісі.



Б. Әбдірахманов

Осындай жауыздықтың салдарынан Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесі төралқа кеңес комиссиясы көрсеткеніндей 2 миллион 200 мың адам опат болды («Егемен Қазақстан», 1992 ж.).

Осы қасіреттің ішінде халқымыздың келешегі – жас балалардың тартқан тақсіреті, қыршынынан қылнуы өкінішті-ақ. Ол үшін СССР Халық Комиссариаты жұмысшы-шаруа инспекциясының аға инспекторы Лежневтың 20 қантар 1934 жылғы есебіне жүргінейік:

«...1933 жылдың 1 қарашасына 72069 панасыз бала (әрине өлген балалар есепте жок) есептеледі. Ол әлі күнге токтар емес. 1933 жылы балалар үйлеріне қабылданған балалар: қантарда – 35191, ақпанда – 42000, наурызда – 53216, сәуірде – 60839, мамырда – 66912, маусымда – 67781, шілдеде – 69260, тамызда – 68416, қыркүйекте – 62634, желтоқсанда – 72069. Әсіресе панасыз балалар Алматы, оңтүстік облыстарда өте жоғары. Жекелеген қабылдау пункттерге панасыз балалардың есепсіз көп келуіне байланысты балалар үйлері мен интернат ашу үшін бірсыныра мекемелерді жабуға (Әулиеата) тұра келді. Панасыздардың 69%-ы қазақ, 31%-ы әр түрлі ұлттар. Олардың 4 жасқа дейінгілері – 1,3%, 4-тен 8 жасқа дейінгілері – 28%, 8-ден 12 жасқа дейінгілері – 35%, 12-15 жас арасындағылары – 34,6%, ересек балалар – 1,1%. Бұлардың 53%-ы ер бала, 47%-ы қыз бала. Балалардың басым көшілігі жүқпалы аурумен ауырады. Басқаларды айтпағанда, тіпті балалар үйлері мен интернатқа қабылданғандар арасында өлім көп. Тек Аяғөз ауданында бірнеше ай ішінде 404 бала өлді».

(КРОМА 44 қор, 14 тізімдеме, 549 іс, 64 б.)

Бізше, бұған түсініктеме жасау артық. Себебі өмірдің алуан түрлі қындығын көріп, буыны бекіп, бұғанасы қатқан ересек адамдардың өзі қара шыбындағы қырылып жатқанда сары ауыз балапандардың өмірден сыбагасын ала алмай қыршынынан қылатындығы түсінікті.

Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің байларды тап ретінде жою, елді кеңестендіру, ұжымдастыру, «алып» колхоздар, «бірынғай шаруашылық» комбинаттарын, «интернационалдық колхоз, поселкелерін» құру, т.б. шаруашылық-ұйымдастыру саяси асыра сілтеушілікпен жүргізілген жұмыстардың зардабын халықтың тартқанын жоғарыда айттық.

Енді Қазақстан Өлкелік партия комитеті өзінің құйтұрқы саясатының бетін бүркеп, халыққа «жаны аштын», «қамқоршы» екендігін көрсету үшін елді алдаудың жаңа жолын іздестірді. Сол жолдың бірі – Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің «Қазақстан колхозшыларының мал жинауына қөмек

көрсету туралы» 1933 жылғы 2 тамыздағы №578-а қаулысы болды. Осы қаулы бойынша «колхозшылардың тапқан еңбеккүні есебінен (ірі қараға 150, қой-ешкіге 25 еңбеккүн) 45 мың ірі қара (оның ішінде 16000 аналық сиыр), 65 мың қой-ешкі (оның ішінде 39000 бас аналық) колхозшылардың жеке пайдалануына» беретін болды.

Осыдан 24 күн өткеннен кейін, яғни 26 шілдеде «Колхозшыларға малмен жәрдем көрсету туралы» деген тағы бір қаулы қабылдады.

Ол қаулы бойынша: 1933 жылы туған төлдердің 10% есебінен 41500 қозы, 23500 бұзау және 15000 қозы орнына айырбас есебінде 1000 ірі қара бөлу, жәрменке мен импорт (Қарқара, Зайсан) арқылы 3000 ірі қара, 70000 қой-ешкі сатып алу, қазіргі бар тауарлы фермерлерден 25000 қой-ешкі (ешкіні көбірек) сату; босқындықты тез тоқтату және қайта көшіп келушілерді қоныстандыру мәселесін тез шешу үшін бірінші кезекте кері көшіп келген және өздігінен жер өндеу серіктестіктерін ұйымдастырған малсылыздарға, сондай-ақ таяу уақытта көшіп келіп колхозға кірген малсылыздарға мал беру көзделді. Осының бәрін жинақтағанда әр қожалыққа берілетін малдың мөлшері ірі қараның бір жас төлі және 2-3 қой, ешкі немесе 3-4 қой-ешкі, бір сиыр, немесе, бір жылқы беру мөлшері белгіленді (КРОМА 1179 қор, 1 тізімдеме, 27 іс, 8, 9, 12 б.).

Халықты зобаланға, құгын-сүргінге салудың хас шебері, әрі оны ұйымдастырып, дем беруші БК(б)П Орталық комитеті де мұндан құйтырқы саясатты жүзеге асырудан қалыс қалмады. БК(б)П Орталық комитеті 1932 жылды 17 қыркүйекте «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулы қабылдып, анқау елдің көзін бояп тағы да алдады. Аталған қаулы бойынша отырықшылыққа айналған қазақ колхозшыларынан, жерді бірлесіп өндеу серіктестіктеріне ұйымдастықан жекешелерден салықтың барлық түрін алмау, басқа қожалықтарды салықтарының 50% төлеуден босататын болды. Оның үстінен бұрынғы колхоздардың негізінде жерді бірлесіп өндеу серіктестіктерін молайтуды дұрыс деп шешті.

Бұл қаулыны жүзеге асыру жөнінде БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі 1932 жылды 19 қазанды 81-а қаулысын алды. Бұл қаулыда «алып» колхоз ұйымдастыру асыра сілтеудің әсерінен туғандыры, оның орнына жер өндеу серіктестіктерін (ТОЗ) құрудың тиімділігі атап көрсетілді. Сонымен бірге серіктестікке біріккен қожалықтарды 8-10 мүйізді қара, 3-5 түйе, 8-10 жылқы ұстауга рұқсат берді және ондай женілдіктерге ие болатын аудандардың тізімі бекітілді (КРОМА 82 қор, 1 тізімдеме, 1118 іс, 19-22 б.).

Бірақ бұл қаулылардың уақытта жүрттты алдау, бетін бұру, түлкі тәсіл саясат екендігін Алаш басшылары ерте сезді. Олар «бұл алдау, мал басын көрсетілген мөлшерге жеткізгеннен кейін үкімет қайтадан сылып алады» деп үкімет пен партияның уақытта ұстаған саяси бағытын жария етті (КРОМА 44 қор, 14 тізімдеме, 549 іс, 45 б.). Шындығында олардың айтқаны айдай анық келді. Сырты жылмаң бұл саясатқа Құдайдай сеніп, мал басын бағып, өсіргендер кейін байдың «құйыршығы» атанип, өсірген малы шаян болып шаққан-дығын архив деректері толық дәлелдейді.

Сонымен қатар ол қаулының көзбояу екендігін «мал еңбеккүн есебінен берілсін, не сатып алсын» деген сөздің өзі-ақ көрсетеді. Себебі тойып ішер тамагы жоқ аштықтан әбден сінірі шыққан жудеу адамның 150 еңбеккүн табуы мүмкін емес. Ал шындығына келгенде 150 еңбеккүн табу үшін күн сайын жарты еңбеккүн табу керек деген сөз. Ондай еңбеккүн табу үшін тепкенде темір үзетін қайрат керек. Аш адамда ондай қуат қайдан болсын?

Екіншіден, Жаркент және Қарқара жәрмеңкесінен сатып алған малдың 50% бағасын төлейтіндей (жартысын үкімет өзі төлейді) қаржысы бар адам бала-шағасын аштан қатыра ма? Ол «сен қазір жылама, нан әкеп беремін» деп ес білмейтін сәбіді алдарқатқанмен бірдей саясат.

Дегенмен Голощекин кетіп орнына Мирзоян келгеннен кейін халықтың өмірге деген сөнген үмітінің жылтыраған сәулесі қайта тұтанды. Өмірден баз кешу көрер көзге болмайтындығын сезе бастады. Оның басты себебі, бірлесіп 2209 жер өндеу серіктестіктері ұйымдастырылып, 120 мың қожалыққа мал таратылды, жәрдем астық беру де біршама ішерілеушілік болды. Бірақ бұдан қазақтың «ұфтар тоймаган, жалап тоймайды» дегеніндей жүртттың бүйірі шықпады. Оның үстіне осы жылымық уақыттың әсерінен туған еліне оралушылар да көбейді. Қайта көшіп келген 119509 қожалықтың 12529 орналастыруға мүмкіндік табылмады. Ел жеткілікті азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етілмеді.

Бұған еліміздің ардагері С.Асфендияровтың Ақтөбе облысының Ойыл, Қобда аудандары халқының жағдайы туралы 1933 жылы 2 қыркүйекте БК(б)П Өлкелік комитетінің хатшысы Мирзоянга жазған



Л. Мирзоян



С. Асфендияров

хаты дәлел. Асфендияровтың бұл хаты Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын жүргізу, халыққа «қамкоршылық» саясатының бет пердесін айқын көрсеткен. Хат ұзақ болғандықтан сөзімізді дәлелдеу үшін екі үзіндісін алдық.

Соның біріншісі мынау: «...Малсыздарға төл беру 15-20 қыркүйектен басталады. Себебі қозылар мен бұзаулардың барлығы маусым айында туған. Яғни, 3-ақ айлық. Оларды анасынан айырып от пен суға үйретуге көп уақыт кететіндігі белгілі... Анасынан айырып отықпаған жас төлдерді ең берісі 120-150, әрісі 300-350 шақырым жердегі малсыздарға айдан апарып беру керек. Бұл жас төлдерге өте ауыр. Тәулігіне 10-ақ шақырымнан артық жол жүргүре мүмкін емес...».

Міне, Коммунистік партияның малсызды малдандыру саясатының ұсқыны осындай. Отықпаған, анасының бауырынан ажырамаған жас төл 350 шақырым қашықтықты айдауды көтере ме? Әлде оған жете алмай жолда өле ме? Онда ешкімнің шаруасы жоқ. Ал жете қалған күнде 3,5 айлық бұзау мен отықпаған қозы, лақ жарлының аузын қашан аққа тигізетіндігін дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Оған қосымша Ақтөбе өнірінде қыркүйектің ортасынан бастап ауа райының өзгеріп, күздің ызгарлы болатындығы да ешкімнің қаперіне кіріп шықпаған. Малсызды малды етуге қаулы қабылданды. Іс осымен тәмәм.

Осы хаттың тағы бір үзік сырын тыңдап көрейік: «...Егістің тұқымы нашар, оның үстіне бір егіс алқабында тарының ерте, кеш пісегін әр түрлі сорттары аралас себілген. Сонда оларды піскеніне қарай қолмен біргіндеп жұлып алу, немесе, орақпен ору керек. Сейтіп, бір егіс алқабы 2-3 рет орылады екен. Бұл тәзгісіз хал».

Міне, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сиқы осы. Егін алқабын жаппай орса, дәнденбегендегі қоса орылады, кеш пісегінін күтсе, онда ерте пісегіндерінің дәні төгіліп, ысырап болады. Бір алқапта шыққан дақылдың бір-біріне кеселдігі тиіп тұр. Оны ескерген адам болмаған.

С.Асфендияровтың жоспарлау, ауыл шаруашылығын өркендету, ел жағдайы жайындағы ашық пікірмен жазылған бұл хаты Мирзоян тарарапынан аяқсыз қалмаған. Ол хаттың бетіне: «Ж. Төрегожин! 2 күн мерзім ішінде хатта көрсетілген мәселелер бойынша қаулы дайындалсын», - деп бұрыштама соққан. С.Асфендировтың бұл хаты Халық Комиссарлар кеңесінің 1933 жылғы 4 қарашада өткен мәжілісінде қаралып «Ойыл, Қобда аудандары мемлекеттен жәрдем берілетін аудандар қатарына қосылып, Ойыл ауданына 1500, Қобда ауданына 1800 центнер астық, екі ауданның әрқайсысына 1000 пар

аяқ-киім, 50 мың сомның өндіріс тауарларын шұғыл жеткізу» мәселесі шешілді (КРОМА 1179 қор, 1 тізімдеме, 34 іс, 34-35 б.).

Біз бұл жерде біріншіден, Қазақстан Компартиясы мен үкіметінің ауыл шаруашылығын басқарудағы олақтығын көрсетсек, екіншіден, биылғы тарих жылы С.Асфендияровтың және Л.Мирзоянның халыққа қамқорлығының бір қырын жүртшылықтың есіне сала көруді жөн көрдік.

Сөздің түйіні, біріншіден, қазақта «Қайтейін-ау, қайтейін, қайсы бірін айтайын» дейтін сөз бар. Сондай-ақ Қазақстандағы тоталитарлық биліктің халқымыздың әкелген қасіреті мен қайғысы аз емес. Олардың бәрін тізіп халыққа жеткізуді ғалымдар мен зерттеушілердің үлесіне қалдырыдық. Екіншіден, ащының дәмін білмей тұщыны сезіну қыын.

Сондықтан, 1932-1933 жылдардағы халқымыздың шеккен тақсіреті мен қайғысын білмей, бүгінгі өмірдің жақсылығын сезіне бермейміз. Тарихтан тағылым деген осы. Бізді тәубаға келтіретін де осындай ащы өмірдің сабагы.

Қолжазба  
1998 ж.

## Тамұқ

1937 жылы Сәкен Сейфуллинге қазақ жазушысы ретінде троцкийшіл көзқараста болды, 1928 жылдан бастап ұтшыл-контрреволюцияшыл топпен бірлесіп Қазақстанда Кенес үкіметіне қарсы ұтшыл-буржуазияшыл, терроршыл-төңкерісшіл және зиянкес тап жауларының үйимына кірді, үйимға жаңадан мүшелер тартты, БК(б)П басшылары мен Кенес үкіметіне қарсы террорлық актілерді дайындауға қатысты деген айыптар тағылды.

Онымен қоса Сейфуллин «қылмысын» қоюлату үшін Тоғжанов, Құлымбетов, Садуақасов, Жансүгіров, Кенжиннің тергеу протоколдарының көшірмелерінде Сәкен ісі негізге алынды.

«Сәкен халық жауы болды» дейтін газет-журналдарда жарияланған үкімнен басқаны білмейтін жүртшылық ақынның тұтқынға алынуы, айыпталтуы оның «Менің қателерім туралы» деген мақаласына



С. Сейфуллин

(«Каз.правда» №76, 2.IX.1929 г.) байланысты болды десе, екінші біреулері Сәкен Кеңестердің XI съезіне қатысқаннан кейін И.В.Сталинге, В.М.Молотовқа, В.В.Куйбышевке Қазақстандағы келенсіз жағдайларды айтуы болды дейді. Үшіншілері, Қазақстан кадрларын жою жоспары ерте-ақ жасалғанын айтады. Ол (Сәкен) И.В.Сталинге өзін Қазақстаннан алдырып, Мәскеудегі Коммунистік академияға қабылдауға өтініш жасаганда, И.В.Сталин: «...Устроить в Комакадемию легко, но Вам именно теперь и нужно работать в Казахстане. Если положение там таково, то Вам советую оттуда не бежать, а наоборот работать», - деп оны әдейі зұлымдықпен шығарып салып, жалған кеңес берді дейді. Бізше, бұл үш пікірдің де өздерінше дәлелдері жеткілікті.

Әйткені жоғарыда аталған мақалада Қазақстанда 1922 жылы құрылған екі топтың барын, оларды кімдердің басқаратынын, олардың өзара дүрдараз пікірін айтуы себеп болуы ғажап емес дейтін пікір айтушылардың мұндай долбар жасауы Қазақстан Республикасында кадрларды жаппай қырып-жою, құғын-сүргінге ұшырату жоспарларының Орталық партия комитетінің нұсқауымен жасалып жатқандығын білмегендігінің салдары еді.

Сондай нұсқау бойынша жазықсыз тұтқындалып, атылғандардың бірі – Сәкен Сейфуллин.

Таяуда ақынның тағдырына қатысты жоғарыдағы дүдемал әңгімелерді жоққа шыгаратын, әрі оның жалған, заңсыз жасалған құжаттармен өмірінің қылғандығына көз жеткізетін дерек қолымызды түсті. Ол – Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатында жарты ғасырға жуық сақталған С.Сейфуллинді айыптау жөніндегі тергеу ісі бойынша Алматы облыстық прокурорының көмекшісі Лобахтың анықтамасы және осы анықтама негізінде Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің хатшысы М.Б.Бейсебаевқа 1958 жылғы 16 сәуірде жолдаған облыстық прокурор, мемлекеттік әділет кеңесшісі Р.Мұхамедьяровтың қатынасы (АОММ 408 қор, 2 тізімдеме, 1564-а іс).

Бұл анықтама мен қатынас С.Сейфуллинге жүргізілген тергеу сол кездегі қолданыста болған РСФСР Қылмыстық істерді жүргізу нормаларының өрескел бұрмаланғанына және ең бағытысы дауылпаз ақынның көзін жою үшін шұғыл турде заңсыз, жалған құжаттар дайындалғанына, тергеу дөрекі жүргізілгендігіне көз жеткізеді. Мұндай ойымызды қолдағы құжат былай дәлелдейді.

Біріншіден, әу баста 1937 жылдың 24 қыркүйегінде қолдарында тұтқындау жөнінде қаулы болмаса да, С.Сейфуллинді Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариаты 3-бөлім бағытының көмекшісі

Сергей Александрович Коновалов пен осы бөлімнің өкілді оператив қызметкері Владимир Семенович Курусь тұтқындалап, үй мұлкіне хаттау жүргізген. Ал тұтқындау жөніндегі қаулыны мұнан бір күн кейін, яғни 1937 жылдың 25 қыркүйегі күні Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариаты 4-бөлімнің қызметкерлері Садықов пен Катков шыгарған. Сол күні бұл қаулыны Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариның орынбасары П.Володсько бекіткен (Аталған істің 3 п.).

Екінші бір жалған құжат «Сейфуллин өз кінәсін мойындауды» деп ақын тұтқындалған күннің erteziне, яғни 1937 жылы 25 қыркүйекте жасалған хаттама. Оның жалғандығына дәлел ретінде сол кезде Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссариаты 4-бөлімнің тергеушісі Баймурзиннің 1937 жылғы 6 қазанда Сәкен Сейфуллин турали жасаған актісіндегі сөзді қан-сөлі өзгермеген қалпында ұсынамыз: «...Составлен настоящий акт в том, что сего числа в 6 час. 30 минут утра на допросе арестованый Сейфуллин Сакен в течении 10 суток ведет себя перед следствием нетактично. Набросил оскорбление на органы НКВД, распространял антисоветскую клевету, что якобы все жены арестованных арестованы и высланы, и в том числе Сейфуллина. Пытался избить меня, выхватил стул и пытался ударить меня, но мною стул был отнят» (Істің 14 п.).

Аталмыш мекеменің екінші қызметкері Серембаевтың 1937 жылы 7 қазанда жасаған осы мазмұнды актің жоғарыдағы ойымызды одан әрі былай толықтырады: «...Обвиняемый Сейфуллин на допросе упорно отрицал дачу правдивых показаний, когда я стал настаивать о даче правдивых показаний, Сейфуллин приостановил писание и начал рвать свои показания, где я захватил показания и отобрал, а он стал ругать меня и по адресу НКВД, и пытался ударить головой о стену, я не допускал» (Аталған істің 13 п.).

Серембаев С.Сейфуллинге тек акті жасаумен тынбады. 1937 жылғы 8 қазанда Қазақ ССР НКВД-нің 4-бөлімнің бөлімше бастығы Ивановқа С.Сейфуллин 15 тәулік бойы өзін қылмыстымын деп санамады, «халық жауысын» деп айтқаным үшін маған ұрысты және «...Вы ничего не знаете, если Вам дают деньги на хлеб и отдых в сутки три часа, больше Вам ничего не надо. Вы не знаете сущности за что мы казахские работники сидим и за что боремся, и т.д.» деген сөздерді айтты деп рапорт тапсырды.

Бұл екі тергеушінің сезі Сәкен 25 қыркүйекте «қылмысын мойындауды» деген құжаттың жалған екендігін нақты дәлелдеп тұр. Қайта 15 тәулік бойы Сәкеннің демалуына, есін жиғоына мұрша берместен күні-түні кезектесіп жүргізген тергеулер кезінде, өзін қылмыстымын деп санау былай тұрсын, қайта өзінің негізсіз

тұтқындалғанын, контрреволюциялық үйімда болмағандығын, контрреволюциялық тақырыпта шығарма жазбағандығын немесе әңгіме жүргізбегендігін дәлелдеген. НКВД органының занды бұр-малап, қазақ зиялышарының отбасын ойрандап, абақтыға жауап жатқандығын әшкерелеген. Амал не, С.Сейфуллиннің бұл дәлелде-мелері іске тіркелмегендігі анықтамада айқын көрсетілген.

Осы екі тергеуші актілеріндегі «орындықты ала жүгірді», «жазып отырған қағазын жыртты», «басын қабырға соққысы келді» деген сөздерімен өздерінің Сәкеннің жанын жаралап, ар-намысын таптап отырғанын сезбеген. Кімнен, қандай адамнан жауап алғып отырғанын жете түсінбеген. Әйтпесе, «арымнан жаным садага» дейтін Сәкен мемлекетке, елге қастандық жасадым деп қалай жалған жаза алады? Халқымның көсегесін көгертеуді, оны бақытты етеді деп имандай сеніп Кеңес үкіметін құру үшін ажал вагонына да түскен. Сәкенге біздің осы сөздеріміз ауыр тиді-ау деп ойланар еді ғой, деген ой келеді бізге.

Халқымызда «ханның басын хан алады» деген аталы сөз бар. Бұл өлімнің өзі өз теңімен болғаны жөн дегенді көздесе керек. Осы сөз ойға оралғанда кезінде Қазақстанның Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы болған Сәкен, халқының сүйікті ұлы, аяулысы атанған Сәкен өзінен жауапты ең болмаса лауазымды тергеуші де алмады-ау деп күйінген, қорланған-ау деген ой да қылаң береді. Өйткені оның жанын жаралап, ар-намысын таптап, қорлап отырған тергеушілер өз ойындағыдай емес. Мұны ол қорлық деп санады.

Баймурзин мен Серембаев Сәкенді сындыра алмағаннан кейін, бұл екеуі де өз қандасына қолдары батпады деп ойлаган болуы керек, енді Сәкеннен жауап алушы Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары П.Володсько және осы комиссариаттың 4-бөліміне қарасты 2-бөлімшесінің бастығы В.И.Иванов (қарагандылық) пен оның көмекшісі В.В.Ивановтың өздері жүргізді. Олар 1937 жылдың 20 қараша және 11 желтоқсан күндері Сәкеннен жауап алғып, дегеніне жетті. Асау тұлпарды жуасытты. Қызыл сұнқардың топшысын сындырды. «Не жазсандар да қол қойып беремін» дегенге келтірді.

Сөйтіп, Сәкен тұтқынға алынғаннан кейін 70 тәулік өткенде «кінәлімін» деп «мойындасты» дейтін хаттама жазылған. Сәкеннің мұндай шараға бармасқа амалы қалмады. Азап-ақырет, жан түршіктірелік қинау күн санап артты. Жүдеді, қиналды. Мұндай қорытынды жасауымызға С.Сейфуллин жөнінде Баймурзиннің арада 19 жыл өткен соң, 12 маусым 1956 жылы берген анықтамасындағы мына сөздер негіз қалады:

«...С первого дня мне молодому работнику бросилось в глаза исключительно напряженное положение в наркомате, так как тогда проводилась массовая операция по изъятию «врагов народа».

В практике следственной работы я и другие молодые работники встретились с фактами беззакония, и лица допускающие нарушения поощрялись. Как правило первое время с каждым арестованным работали несколько человек по конвеерной системе до тех пор, пока арестованный не станет давать признательные показания о своей «преступной деятельности», причем арестованного ставили в угол, не отпуская на отдых и на обед, и т.д.

По делу Сейфуллина я прямого отношения не имел. Меня использовали тогда на отдельных поручениях, и в качестве подменщика следователей. За время ведения следствия по делу Сейфуллина я имел возможность встретиться с ним на несколько часов один-два раза, когда он не признавался. В этих встречах с ним я убеждался, что он имел исключительно усталый вид, видимо его ставили в угол и не отпускали на отдых. Тогда Сейфуллин высказывал жалобы на неправильное ведение следствия по его делу.

Во время ночного допроса отовсюду можно было слышать шум, крик, оскорбление следователей по адресу обвиняемых».

(Атапан істің 62 п.)

С.Сейфуллинге жалған, зансыз құжат жасау жоғарыдағылармен тынған жоқ. Ақынды тергеу және істің қорытындысын шыгару В.В.Ивановтың құзырына көшкеннен кейін де жалғасты. Оның дәлелі мынау: В.Иванов 1937 жылғы 19 желтоқсанда РСФСР Қылмысты істер процестерін жүргізудің 206-бабына сүйеніп С.Сейфуллинді тергеудің аяқталғандығы туралы хаттама жасады. Ертеңіне, яғни 1937 жылғы 20 желтоқсанда айыптау қорытындысын шығарды.

1937 жылғы 22 желтоқсанда Ішкі және шекаралық әскерлердің әскери прокуроры Соколов В.Ивановтың С.Сейфуллиннің тергеу жұмысын аяқтағандығы жөніндегі қорытындысын бекітті. Ақынды сотқа тарту жөнінде ол қаулы шығарды.

Ал СССР Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы С.Сейфуллиннің тағдырын 1938 жылғы 25 ақпанда бас аяғы 25 минут талқылап, Сәкенинің дәлелдеріне, дәйектемелеріне құлақ аспастан, РСФСР Қылмыс заңының 58-бабының 2, 7, 8, 11-тармақтары бойынша ату жазасына үкім шығарды. С.Сейфуллиннің жанын алуға асыққандар үкімді сол күні орындады.

Алайда Сәкенге ұзыннан өші, қысқадан кегі кеткендей өшіккен В.Иванов тергеуді аяқтап, хаттама жасап, оны прокурор Соколовқа бекіттіріп, сотқа тарту жөнінде қаулы шығартып алғаннан кейін де

әскери коллегияның шешімі шылқанша 1938 жылдың 11, 17, 19, 31 қаңтары мен 10 ақпан күндері С.Сейфуллиннің жанын қина, тағы да тергеуді жалғастырды. Заңды көрер көзге бұрмалады. Ол Сәкеннің жарық дүниедегі аз ғұмырын біле тұра ақынның қалған санаулы сағаттарын азаппен, жанын қинаумен өткізуіді мақсат еткен болса керек. В.Иванов Сәкен тағдырын ойыншыққа айналдырды. Жалған жалаларды тағы да еріксіз мойындатты. Жалған жала дегенден шығады, қолдағы анықтама С.Сейфуллиннің жанын алуға өтірік құжаттар жасауға, қылмысты істерді жүргізуідің тәртібін бұрмалауға тікелей қатысқан, әрі басты кінәлі адам В.Иванов екенін баса көрсетеді. Бірақ ол 1956 жылғы 26 шілдедегі түсініктемесінде: «...Сейфуллин ісін аяқтауда тек техникалық жұмыстарды атқардым» дегендегі ыңғай танытқан. Қолымен істеген қылмысты мойынмен көтеруге жалтарған (Аталған істің 63 п.).

Біз жоғарыда қазақ зиялышарын құғынға ұшырату, олардың көзін жою Мәскеуден жоспарланған деген ойдың ұштығын көрсеткен едік. Олай дейтініміз, Орталық Сәкеннің жанын алуға тікелей қатысқан және Қазақстандағы басқа да басшыларды қансоқта жасаған жоғарыда аталған В.И.Ивановты Қыыр Шығыс өлкесіне, В.С.Курусыті Минскіге қызметке ауыстырған. Шамасы бұл екеуі мұндағы істі «абыройлы» атқарған болуы керек. С.А.Коновалов пен В.В.Ивановты Қазақстанда қалдырыпты. Олардың әлі де қажеті болған сияқты. Ал, Володзько «біреуге ор қазба, ор қазсан терең қаз, өзің түсуге жақсы» дегенге ұшырап, 1939 жылы социалистік занылышты бұзғаны үшін сотталып кетті.<sup>20</sup>

Анықтамада С.А.Коноваловтың Алматы облыстық кеңес атқару комитетінің ішкі істер басқармасының бастығы, ал В.В.Ивановтың Фрунзе аудандық милиция бөлімінің бастығы қызметін атқарып жүргендіктері көрсетілген.

Реті келгенде айта кетейік, облыстық партия комитетінің хатшысы М.Б.Бейсебаевқа 1958 жылғы 16 сәуірде С.Сейфуллинге қатысты біз сүйеніп отырған анықтаманы жолдаған қатынасында облыстық прокурор Р.Мұхамедьяровтың: «...Иванов Владимир Васильевич является одним из активных участников фальсификаций доказательств по делу Сейфуллина С. и он провел по делу основные следственные действия, и поэтому считаю, что о невозможности использования Иванова в органах милиции, как лица допустившего грубое нарушение социалистической законности», - деген сөзі ерлікпен тең.

<sup>20</sup> 1951 ж. КСРО ПМ лагерінде қайтыс болған (Воркута қ.). Ақталмаған.

Әйткені Р.Мұхамедъяров С.Сейфуллин тағдырын жан журегімен сезінген. Ақының жаңын алуға заңсыз әрекет жасағандарға күйінген. Жасыратын несі бар, ол кезді хрушевтік жылымық кезең деп жуып-шайғанымызбен, органның күш-қуаты бұрынғы қалпынан әлі де бәсендемеген уақыт болатын. Сол кезеңде бұндай батыл тұжырым айтуға екінің бірі бара алмайтыны белгілі.

Бірлі-жарым зерттеушілер болмаса, жалпы жұртшылыққа белгісіз болып келген дерек бойынша С.Сейфуллинге қатысты мәселені біршама жіктелдік деп ойлаймыз.

Бірақ екінішке қарай, мұндай мәселені тәптіштеудің қажеті жоқ, іс бітті, өтті, кетті. Бұндай іске қатысуышылардың аты-жөнін қазбалап көрсету пайда бермейді, араздық туғызады деушілер аз емес. Елімізге бірлік, тыныштық ауадай қажет. Оны біз де қуаттаймыз. «Жара үстіне шиқан шығару», тиісті органның қызметіне топырақ шашу оймызыда жоқ.

Бірақ ойланайықшы, ағайын, осындай шырылдаған шындықты бүркемелеуден нендей пайда тауып жүрміз? Бүркемелеуден кезінде етек алған заңсыздықтарды ұйымдастыруышылардың әрекеті, қылмыстары жарияланбай келеді. 1937-1938 жылдардағы құғын-сүргінге ұшыраған халқымыздың маңдайына біткен қаймақтарының тағдыры дәл осы біз айтқан Сәкеннің тағдырындай емес деп кім куәлік ете алады? Ондай опасыздар олардың отбасын талқандады. Өмірінің өркенін қиды. Сол үшін марапатталды. Ешбір қылмыс жасамағандай, алшандап өмір сүрді. Сонда қорытындысында кім пайда көрді, кім зиян шекті?

Біздің түсінігімізше, қылмыс жасағандарды, опасыздарды бүркемелеу келешек тарихқа зиян. Шырылдаған шындықты айқара ашу, ақты ақ, қараны қара деп көрсету жөн. Неге десеніз, адам санасына ерте не кеш болсын, мен о дүниелік болсам да артым дау-дамайсыз болмайды еken-ay деген ұғым түсетіні сөзсіз. Осы ұғымды есіне түсірген әрбір жан мұндай пасықтықтан бойын аулақ салады. Өз ұрпағына адалдықты, тазалықты үйретіп өтеді.

Олай болса, шырылдаған шындықты ашудан, жариялаудан ұтылмаймыз. Бұл шындықты бүгінгі күні біз ашпағанмен, келешек ұрпақ ашатыны сөзсіз.

«Егемен Қазақстан» газеті  
30 қаңтар 2002 ж.

## Тағдыр талқысында

ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы саясаттың ызғары қазактың талай боздақтарының өмірін көктей солдырыды, құғын-сүргінге ұшыратты. Солардың бірі – Таутан Арыстанбеков. Таутан Арыстанбеков бұрынғы Торғай облысы №3 ауылда, кейінгі Қостанай облысы Боровской ауданы, Мендіғара болысы Қайраңқөл, Алакөл (Ақсұат) бойын жайлаган Байәділ ауылында 1897 жылы ақпан айында туған. 11 жасқа дейін ауқатты туыстарының қолында тәрбиеленді. 17 жасында Боровскойдағы 2 класты училищені, 1914 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына оқуға түсті.



Т. Арыстанбеков

Ә. Доссов

Ж. Садуақасов

Х. Жүсіпбеков

Оның саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуы, саясатқа араласуы осы семинарияда Сәкен Сейфуллинмен танысуынан басталады. Оған ұйытқы болған Омбы оку орындарындағы жастардың «Бірлік» қоғамы. Ол кезде бұл ұйымның бастығы Шәймерден Әлжанов, мүшелері: Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Баржақсан, Магжан Жұмабаев, Мұхтар Саматов сияқты белсенді жастар еді. Ұйымның негізгі көздеген мақсаты – қазақ жастарының бойына ұлттық сезімді сініретін кітап, газет, журнал тарату, қазақ мектептеріне қажетті оқулықтар жазу, оқуға түсушілер үшін дайындық курстар ашу, мұқтаж шәкірттер үшін жәрдем ұйымдастыру, ойын-сауық кештеріне қаржы жинау мақсатына пайдалану болды. 1917 жылғы Ресейдігі ақпан төңкерісінің салдарынан «Бірлік» ұйымы екіге бөлінді.

Оның екіге бөлінуіне Сәкен Сейфуллин тікелей ықпал жасады. Олай дейтініміз Сәкен Ақмоладан Омбыда оқып жүрген Таутан Арыстанбековке, Жанайдар Садуақасовқа, Әбілқайыр Досовқа «демократиялық принциптегі жастарды «Бірліктен» белудің қамын

ойлаған жөн» деп хат жазды. Сәкеннің бұл хаты ұйымдастыру жүмысын күрт өзгергіті. Сөйтіп, бір топ қазақ жастары «Бірліктен» бөлініп, «Қазақ жастарының демократиялық кеңесі» деген жаңа ұйым құрды. Бұл ұйымның тәрағасы болып Таутан Арыстанбеков сайланды, мүшелері: Жанайдар Садуақасов, Әбліқайыр Досов, Сейітбатталов, Хамза Жусіпбеков және басқалары болды (ҚРОММ 2 қор, 3 тізімдеме, 36 іс, 17 п.).

Олар «Бірліктен» бөлініп шыққандығы жөнінде Ақмоладағы Сәкенге жеделхатпен хабарлады. Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде»: «...Біз бұған қуанып қалдық. Бұл жастармен бұрын да байланысымыз жақсы еді. Енді, тіпті, хат арқылы байланысты үзбейтін болдық», - деп көрсетті (99 б.).

Кімнің кім екенін айырып бітпейтін аласапыран кез – 1918 жылғы 23 сәуірде Батыс Сібір облыстық кеңесі президиумының қаулысымен Көлбай Төгісов, Шәймерден Әлжановтармен бірге жаңа ұйым басшылары – Таутан Арыстанбеков, Жанайдар Сәдуақасов және Сейітбатталов тұтқындалды. Бірақ «Қазақ жастарының демократиялық кеңесінің» тұтқындалған мүшелерін босату жөніндегі ұйымның қаулысын Әбліқайыр Досов Батыс Сібір атқару комитетіне апарып тапсырып, көп ұзатпай оларды тұтқыннан босатып алды.

Таутан Арыстанбеков бұл тұтқыннан босағаннан кейін 1918-1921 жылдар арасында оқытушылық қызмет атқарды. Білімін толықтыру мақсатында Ташкендегі Орта Азия университетінің құқықтану бөліміне оқуға түсіп, бірінші курсын аяқтағаннан кейін деңсаулығы көтермегендіктен окудан шығып, 1924-1929 жылдары Қостанай округтік прокурорының орынбасары, Қазақстан Халық комиссариатының прокуроры, Шымкент облыстық сотының тәрағасы, Алматы облысы атқару комитетінің еңбек бөлімінің менгерушісі қызметтепін атқарды.

Таутан Арыстанбековтың 1921-1929 жылдар арасында бір қызметтен екінші қызметке сырғуының басты себебі саяси сенімсіздікке ұшырауы болды. Сонда оған қандай кінәлар тағылды? Оған мұрағаттардағы деректерге жүгінсек, «...Қостанайдағы жікке қатысты<sup>21</sup>, қоғамдық партиялық жұмысқа енжар қатысады, 1928 жылы Алматы округіндегі байларды кәмпескелеу жөніндегі партия нұсқауын орындаудан бас тартты» деген айыптар тағылған. Бұған қараганда Таутан Арыстанбеков партияның саясатын қуаттамаған, байларды тәркілеу, оларды тап ретінде жою саясатын қолдамаған, қарсылық көрсеткен деген ұғым туындейды.

<sup>21</sup> Қандай жік екені көрсетілмеген – З.И.

1930 жылы Қазақ баспасына қазақ тілінде шығатын окулықтардың редакторы болып орналасып, 1937 жылы 10 қазан күні қызмет орнында тұтқынға алынғанға дейін еңбек етті. Оның бұл кездегі атқарған жұмысына қатысты Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагатта сақталған деректе «оның қараған окулықтарында ешқандай қате шыққан жок» деген мінездеме жазылған.

Таутан Арыстанбеков Алматыда тұтқындар абақтысында алты ай жатқаннан кейін оған Сәкен Сейфуллиннің досы, идеялық серігі, байларды тәркілеу жөніндегі Коммунистік партия саясатына қарсы, ұлтшылдық-буржуазиялық элемент ретінде Қылмыс туралы заңының 58-бабының 7, 8, 11-тармақтарымен айыпталып, 10 жылға жер аударылды. Осы он жылдың ішінде Таутан Алматы абақтысынан бастап Қостанай, Марьинск, Іші істер министрлігінің Терістік-шығыс, Свободинскі лагерлерінің дәм-тұзын татты. Айдаудың, азап-акыреттің алуан түрін бастап кешірді.

Бұл қуғын-сүргіннен 1947 жылы қазан айының 9-ында босанып, азып-тозып елге оралды. Бірақ «халық жауы» деген айдары бар Таутанға онды қызмет берілмеді. Тұған жеріндегі Ақсат жетіжылдық мектебінде лаборанттық қызметке орналасып, өлмес күн көрді.

Бұл шарасыз күнкөріс те ұзакқа бармады. Қиянатқа не шара. 1949 жылы қараша айының 12-сі күні Қылмыс туралы заңының 58-бабымен екінші рет тұтқындалып, Красноярскі өлкесіне жер аударылды.

Ақыры әділдік жеңді. СССР Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы 1956 жылы 20 қазанда: «Арыстанбеков Таутан жөніндегі СССР Жоғарғы Соты әскери коллегиясының 10.III.1938 жылғы үкімі және СССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетті жаңындағы ерекше кенестің 31.XI.1949 жылғы қаулысы қылмыстық істер құрамы болмағандықтан бұзылсын. Ол туралы іс тоқтатылсын. 20.X.1956 жылдан бастап Таутан Арыстанбеков орынсыз тағылған кінәдан актальсын» деп қаулы алды.

Таутан Арыстанбеков қуғыннан екінші рет әбден жүдеп, бір көзден айырылып, екінші көзінің тек 33 проценті ғана көретін дәрежеде мүгедек болып оралды.

Таутанның осындай мүшкіл халде елге оралғанын естіп, Габит Мұсірепов іздең барып сәлемдесіп, үстіндегі пальтосын шешіп Таутанның иығына жауыпты. Кетерінде Таутанға: «Алматыға кел, үй алып беруге әрекет жасаймын», - депті. Габең уәдені орындалп, Таутанды Алматыға алдырып, үлкен адамгершілік, қамқорлық жасапты.

Шындығында Таутан Сәкеннің досы болды ма деген сұраққа жауап іздесек, оған болғанда да Сәкенге «нан дос емес, жан дос» болды деп толық айта аламыз. Оған дәлел мынау:

Біріншіден, Сәкен Таутанды құлын күніндегі мүшесінен танитын сейістердегі Омбыдағы семинарияға түскен күннен бастап кім екенин, келешекте қандай азамат болатынын тани білген де оны бірден бауырға тартқан. Оны Таутанның өзі: «...1914 жылы август айында мен Омбы қаласындағы оқытушылар семинариясына окуга түстім. Сәкенмен тұнғыш рет сонда таныстым... Семинарияға түскен жылы мен Арцишевтің «Санин», Вержбицкаяның «Бақыт кілті» дейтін романдарын қызыға оқып жүргенімді көріп маған: «Мұндай кітаптармен әуес болма, бұдан өнеге алмайсың. Сен алдымен Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Некрасовтарды оқы» деп ақылын айтып, бауырына тартты», - деп дәлелдейді.

Екіншіден, соған қосымша «Бірлік» қоғамынан жастарды бөлу жөніндегі Сәкен өз пікірін Таутанға жазған хатында айтқаны және Сәкеннің тапсырмасы бойынша құрылған жаңа ұйымға Таутанның тераға болып сайлануы десек, артық сөз емес.

Үшіншіден, Таутанның 1926 жылдың бас кезінде Сәкен «Қостанайдығы маған хат жазды. Хатында бұрынғы (Қазсовнаркомге председатель кезіндегі) көп жолдастарының бәрі дерлік соңғы кезде одан үкімет басынан түскен Сәкеннен алыстай бастағанын айтып налиды. Қасымда тек Шатбай екеуің ғана қалдындар» деген есте-лігіндегі сөздер.

Төртіншіден, Таутан Сәкенге деген достық парызын әдебиет майданында да өтеді. Сәкеннің шығармашылығына шабуыл жасаушылардан оны жанын сала қорғады. Сәкеннің сол кезде партия, кеңес саясаткерлері мен жазушылар тарапынан үлкен дау туғызған «Азия» деген өлеңі мен «Қызыл сұнқарлар» пьесасы жөніндегі 1923 жылды «Қызыл Қазақстан» журналында жазған пікірлері.

Бесіншіден, Сәкен мен Таутанның жұбы жазылмаған жағдайларын Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу», Сәбиттің «Өсу жылдарымыз», Т.Кәкішевтің «Қызыл сұнқар», Тоқтар Бейісқұловтың «Би аға» кітаптарынан кездестіруге болады. Ол кітаптардағы есімдері аталған тұлғалармен Таутанның бірге жүруі көп нәрсені аңғартса керек.

Алтыншыдан, қаншама жыл құғын-сүргіннен кейін, кезінің көрмегеніне қарамастан, «Сәкен семинарист»» («Қазақ әдебиеті», 1964 жыл 3 сәуір), «В Омске» («Казахстанская правда», 1964 жыл 20 сәуір), т.б. мақалаларын газеттер мен журналдарда жариялат, досы Сәкенніңabyroyын бұрынғыдан да асқақтата түсті.

Сөйтіп, қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі, Сәкен Сейфуллиннің досы Таутан Арыстанбеков өмірін азаппен, өкінішпен, қайғымен өткізіп, 1975 жылдың наурыз айында 78 жасында жарық дүниемен қоштасты.

«Егемен Қазақстан» газеті  
29 мамыр 1999 ж.

## Абдолланы атуға неге асықты?

1937-1938 жылдардағы саяси қырғынның үрейлі дауылы қазақтың мандайына біткен серкелерін толық «сыпырды». Солардың бірі – Абдолла Асылбеков. Бұл жазықсыз құғынға ұшырап, құрбан болған азаматты және олармен бірге атылғандарды көптеген оқырмандар біле бермеуі мүмкін. Сол үшін қысқаша мәлімет беруді жөн көрдік:

1. **Абдолла Мұсәллірұлы Асылбеков** – 1896 жылы Жыланды болысы Ақмола уезінде туған. Мамандығы – мұғалім. 1923-1927 жылдары Мәскеуде Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқыған. Ақмола, Петропавл, Омбы қалаларында 1915-1917 жылдары «Жас қазақ» үйімін үйімдастырған. 1918 жылғы маусымнан 1920 жылғы ақпанға дейін ақғвардияшылар абақтысында тұтқында болған. 1920 жылдан Қытайда әскери қызметте, 1921 жылды Қызыр Шығыста партизан отрядының командири, «Қызыл Қазақстан» журналиның тұңғыш редакторы. Кейін Қазатком хатшысы (төраға жоқ кезде төраға қызметін қоса атқарған), Ақмола, Қарағанды губкомы төрағасы болып Қазақстанда Кеңес үкіметін үйімдастыру, саяси, әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарына белсене қатысты. Араб, түрік, татар, қытай, орыс тілдерін менгерген.



А. Асылбеков

(КРОМА 5-с қор, 18 тізбе, 86 іс, 5 б.)

2. **Нұрғали Нұрсейітов** – 1903 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Атбасар ауданында туған. Орта білімді қызметкер.

3. **Жұмабек Баймөлдин** – 1901 жылы Шығыс Қазақстан облысында туған, білімі тәмен, қызметкер.

**4. Файзрахман Шәмсүддинов** – 1897 жылы Зайсан қаласында туған. Әкесі молда, білімі төмен, қызметкер.

**5. Мәжит Ордабаев** – 1895 жылы Қарағанды облысы Қу ауда-нында туған. Білімі төмен, қызметкер.

**6. Ғазиз Ізбасаров** – 1896 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында келістіруші сот тілмашының отбасында дүниеге келген. Білімі орташа.

**7. Мәнсүр Ғатаулин** – Батыс Қазақстан облысы Касталов ауда-нында ауқатты отбасында өмірге келген. Орта білімді қызметкер.

(ҚРОМА 1680 кор, 2-с тізбе, 5-с іс, 39 б.)

Күні кешеге дейін «ұлкен үйіміз» Мәскеу құлс, отандағы Қазақстан құлкісі келмесе де ыржиятын дағды қалыптасқан. Сондықтан «халық жаулары» Бухарин, Рыков, Каменев, Пятаковтарға ашық сот жасап бүкіл Кеңес Одағын дүрліктіріп жатқанда қазақстандықтар да одан қалыспады.

1937 жылдың қараша айының 16-22 күндері Қарағанды қаласындағы С.М.Киров атындағы шахтерлер клубында ҚазССР Жоғарғы Соты арнары коллегиясының көшпелі мәжілісін өткізді. Соған Жоғарғы Сот Құскелдиев төрагалық етті. Коллегия мүшелері: Гранов, Ишмұратов, ҚазССР прокурорының көмекшісі, мемлекеттік айыптаушы Мусин, ақтаушылар (адвокаттар) коллегиясының мүшелері: Соловьев, Деменов, мәжіліс хатшылары: Федотов, Серікбаев, тілмаш Серіковтер қатысты.

Бұл арнары коллегия РСФСР Қылмыстың істер заңының 58-статьясының 2, 7, 10 және II-бөлімінің II-тармақтары бойынша айыпталған А.Асылбеков, Н.Нұрсейітов, Ж.Баймөлдин, Ф.Шамсұддинов, М.Ордабаев, Ф.Ізбасаров, М.Ғатаулиндердің «қылмысты» істерін қарады. Сот үкімі бойынша Ж.Баймөлдиннен<sup>22</sup> басқасы ең ауыр жазага тартылып атылды (ҚРОМА 1680 кор, 2-с тізбе, 5-с іс, 1-4 б.).

НКВД бұл «айыпкерлердің» ішінде А.Асылбековке ерекше көз тікті және оған мән берді. Себебі А.Асылбеков шын мәніндегі ұлтжанды, ерен пікірлі азамат, тума талант, «от ауызды, орақ тілді» қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ баспасөзінің шын жанаширы, қаламгері, ұйымдастыруши болғандықтан алдымен оны құрыққа ілді.

Екіншіден, Нұрмақовтың, Сейфуллиннің, Құлымбетовтің, Садуақасовтың «Қазақстанда Кеңес үкіметін қарулы көтеріліспен құла-

<sup>22</sup> Ол, ұсталғанға дейін заң орындарына өз қылмысын алдын ала хабарлағаны үшін 15 жылға сottалды.

туға» шетел тыңшылары мен Троцкий, Бухарин топтарымен «тығыз байланыста» болғандығын, «зиянкестік», «сатқындық» әрекеттерін оларға мойындану үшін алдымен А.Асылбековтің мойнын бұрап, мойындағы алып, оның көзін тез жою қажет болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, ең бастысы, «айыпкерлердің» «қылмысына», «Отанын сатқанына» халықтың көзін жеткізіп, миын улау үшін оларды бір-біріне айдал салды. Жала жапқызды, жалған айтқызды. Айыптарын «мойындастыруды».

19 жасынан Кенес үкіметін құруға белсене қатысқандығы үшін 20 ай (2.VI.1918 – 27.II.1920 ж. дейін) Колчактың азапты абақтысындағы тозаққа мойымаган Абдолла НКВД-ның аз мерзімдегі азаптауына шыдамады. Сағы сынды, күйреді. Сонда ол өзін қорғау жөнінде жәрдем болмайтынына көзі жетті. Қанша тежеу салса да сот процесі үстінен Абдолла: «А, халайық! Мен сендерді бақытты етемін деп сендер үшін еңбек еттім. Бірақ, мен көздеген мақсатымды, арманымды орындай алмай барамын», - деді.

НКВД, сот, тергеу орындары дегеніне жетті. А.Асылбековті, оның тобындағыларды атуға асықты. Өздерінің мұндай жексүрүн, сұрқия әрекеттерін халықтан жасыру мақсатында жер-жерде жиналыс еткіздіріп, қанды қырғынның авторлары – «Күн көсем Сталин» мен қандыбалақ Ежовты мадақтаған. «Халық жауларының көзін жою керек, ұлтшыл террористерді, сатқындарды ату керек» деген асығыс қаулылар алдыруды. Мұны көпшіліктің ұсынысы, пікірі, ойы деп ұғындырыды. Халықтың көзін бояды. Оған көз жеткізу қыын емес. Мысалы, Қарағанды облыстық жер шаруашылығы бөлімінің қаулысы асығыс, кей сөздері өшіруімен, қаламмен, «қолдары қойылды» деп сүйкей салған. Шамасы ол жиналысты сот коллегиясының өз қызметкерлері еткізіп, немесе өздері сырттан жаза салған секілді.

НКВД, сот, тергеу орындарының жазықсыз жандарды атуға асық-қандықтарына нақты дәлел ретінде КР Орталық мемлекеттік архив деректерінен алынған қаулылардың, жеделхаттардың бірсыптырасын қаз-қалпында оқырмандарға ұсынуды жөн көрдік.

Қарағанды қаласындағы 16-22 қараша Қаз ССР Жогарғы Соты арнайы коллегиясы көшпелі мәжілісіне түскен қаулылар, хаттар (ҚРОМА 1680 қор, 2-с тізбесі, 5-с іс, әр қаулы мен жеделхаттар тұсында көрсетіледі беттері):

1937 жылдың 21 қарашасында митингіге жиналған біздер, Қарағанды облысы жер басқармасының жер, су шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері Асылбековтың, Нұрсейітовтың, Fatau-

линның, Ізбасаровтың және басқалардың Қазақстанда кеңестік құрылышты құлатуға бағытталған контрреволюциялық әрекеттері туралы Жаңбыршинның хабарын тыңдал, Жоғарғы Соттың арнайы коллегиясынан айыпкер орындығында отырған Отанын сатқандардың барлығын да ату жазасына кесуді талап етеміз. Халық жауларын тапқан НКВД органына алғыс сезімізді білдіреміз. Халық жаулары қандай перде жамылып, қандай інге кірсе де оларды әшкереleуге НКВД органдарына көмек беруге, өзіміздің революциялық қырағылығымызды арттыруға міндеттенеміз.

Көпшіліктің тапсыруы бойынша

Жаңбыршин, Хорев, Волкова

(Аталған қордың, істің 6 б.)

Алматы ҚКП Орталық комитеті Мирзоянға

Қарағанды ҚКП облкомитеті Пинхасикке

Алматы Жоғарғы Соттың

арнайы коллегиясына

Қорғалжын ауданының енбекшілері ұзақ жылдар бойы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында зиянкестікпен айналысқан халық жаулары Асылбеков, Нұрсейітов, Фатаулин, Ордабаев, Шамсұддинов, Ізбасаров, Баймолдиндер басқарған контрреволюциялық үлтшыл-фашистер тобын «Казправдада» жарияланған айыптау қорытындысын алды. НКВД органдары ашқан қазақ халқының ұйымдастық жекесүрін жауларының қылмыстарына, фашистік жауыздығына аудан енбекшілерінің зығырданы қайнауда.

Аудан орталығындағы митингіге қатысқан жұмысшы, қызметкерлер және колхозшылар революциялық сот алдында тұрган халық жауларына ең жоғары жаза – ату жазасын беруді бірауыздан талап етеді. Олар бұл жылдарда социалистік құрылышты қиратып, гүлденген социалистік Қазақстанда герман-жапон интервенттерінің отарына айналдырғысы келді. Біздің социалистік Отанымыздың сенімді сақшысы, болат нарком Ежов басқарған НКВД бұл азғын үлтшыл-фашистер тобын әшкереlep қамсыздандыру қолынан келді. Кеңес үкіметі барлық жауларды мейлі олар қалай жасырынса да, бетін бүркемелесе де құртатындығын барлық үлтшыл-фашистер, Троцкий-Бухариннің иттері біліп қойын.

Біздер митингіге жиналған жұмысшы-қызметкерлер, колхозшылар ауданының, облыстың барлық енбекшілерін халық жауларының сатқындық әрекеттеріне енбек өнімділігін арттыруға, Кеңес үкіметі мен Ленин-Сталин партиясының, халықтардың сүйікті көсемі

Сталиннің айналасына бұрынғыдан да молырақ топтасуға, СССР Жоғарғы Кеңесі сайлауы кезінде бір де бір халық жауының кеңестік органға өтпелі үшін топтық қырағылықты, белсенділікті күшетуге шақырамыз.

Коммунистік большевиктер партиясы және оның сүйікті көсемі  
Сталин жасасын!

Коргалжын ауданының жұмысшы-қызметкерлері  
мен колхозшылардың митингісі

14.XI.1937 ж.  
(Аталған қор мен істің 12 б.)

Қарағанды облсот төрағасына

Одақтың Жоғарғы Сот төрағасы Винокуровтың жеделхатын тез орындауға беремін. Сотталған Абдолла Асылбековке, Нұргали Нұрсейітовке, Мәнсүр Тиятұлы Фатаулинге, Газиз Тағайұлы Ізбасаровқа, Мәжит Рахымжанұлы Ордабаевқа және Файзрахман Марғұұлы Шамсұддиновке кешірім жасалмайды, үкім бекітілді.

Шұғыл орында және хабарла. 57-д үкімнің орындалғанын бізге хабарла.

Бурдаков  
01.01.1938 ж.  
(Аталған қор мен істің 19 б.)

Қарағанды облсот төрағасына

Біздің №3 жеделхат бойынша үкім орындалды ма, шұғыл хабарла.

Бурдаков  
04.01.1938 ж.  
Жоғарғы Сот. Арнайы коллегия  
(Аталған қор мен істің 24 б.)

Қарағанды облсот Моисеевке

Асылбеков жөніндегі үкімді орындауды кешіктіру занға қайшы, шұғыл орындалап жеделхатпен хабарланыз.

Кұскелдиев  
14.01.1938 ж.  
ҚазССР Жоғарғы Соты  
(Аталған қор мен істің 28 б.)

Қарағанды облсot Moiseevke

14 қаңтардағы Асылбеков жөніндегі менің жеделхатымның орындалуын талап етемін.

Құскелдиев

17.01.1938 ж.

ҚазССР Жоғарғы Соты  
(Аталған қордың, істің 29 б.)

Қарағанды облсot Moiseevke

Абдолла Асылбеков жөніндегі үкім орындалды ма? Тез хабарла.

Громов

19.01.1938 ж.

ҚазССР Жоғарғы Соты  
(Аталған қор мен істің 31 б.)

Алматыдан Қарағандыға

Облсot Moiseevke

14 қаңтар 1938 жылғы менің жеделхатым бойынша Асылбеков жөніндегі үкімнің орындалуын талап етемін.

Құскелдиев

ҚазССР Жоғарғы Соты

(Аталған қор мен істің 32 б.)

Алматы

Жоғарғы Сот. Громовқа

**№3 үкім 29 қаңтарда орындалды.** Акт фельдбайланыспен жіберілді.

Moiseev

(Аталған қор мен істің 33 б.)

Бір ескеретін мәселе Асылбековпен бірге ату жазасына кесілген Н.Нұрсейітов, М.Ғатаулин, F.Ізбасаров, М.Ордабаев, Ф.Шамсұддиновтерге 1938 жылдың 6 қаңтары күні үкім орындалды.

Қалай дегенде де бұлардың барлығы жазықсыз жапа шекті. Ақылы толысқан, еңбек етуге деңсаулығы мол шағында, қырықтың қырқасынан аттамай жарық дүниемен қоштасты...

«Егемен Қазақстан» газеті

31 мамыр 1997 ж.

# **Қызыл құйын немесе 1166 күнге созылған тергеу**

Біз бұл мақаламызда «халық жаулары» ретінде қызыл құйынға ұшыраған жеті азаматтың тағдыры туралы әңгімелемекшіміз.

Олардың есімі көпшілікке жете таныс емес. Сондықтан бұл кісілердің өмірінен қысқа деректер бере кетуді жөн көрдік. Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатынан алынған (АОММ 408 қор, 2 тізімдеме, 136 іс).

## **1. Шеген Жармұхамедұлы (кей құжаттарда Ермұхамедұлы)**

**Құдаманов** – Қазіргі Қызылорда облысы (кей құжаттарда Оңтүстік, Батыс Қазақстан облыстары деп көрсетілген) Жанақорған ауданында 1902 жылы (кей құжаттарда 1901 ж.) туған. Ленинград коммунистік жоғары оқу орнын (КомВУЗ) бітірген. Гурьев округтік партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі, Өлкелік партия комитетінде мал шаруашылығы секторының менгерушісі, Ақтөбе облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі, Қазақ КСР мал совхоздары орталық тұтыну одағының төрағасы, Алматы облысы Қаратал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейін «Қазақ қант тресі» директорының орынбасары қызметтерін атқарған. 1925 жылдан БК(б)П мүшесі. 1938 жылы 24 наурыз күні қамалған.

**2. Ғайнұлла Сұлтанғалиев** – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Мұратсай ауылында 1899 жылы туған. Білімі орта. 1938 жылы 23 мамырда Алматы облысы Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрген кезінде қамалған. 1919 жылдан БК(б)П мүшесі.

**3. Рахымжан Хайруллин** – Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданында 1904 жылы туған. Білімі орта. Алматы облысы Аяғөз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрген кезде 1938 жылы 26 мамырда қамалған. 1928 жылдан БК(б)П мүшесі.

**4. Бекей Байғанаев** (кей құжаттарда Бекен) – Жамбыл облысы Меркі ауданында 1905 жылы туған. Білімі жоғары. Алматы облысы Шелек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқару кезінде 1938 жылы 23 мамырда қамалған. 1927 жылдан БК(б)П мүшесі.

**5. Хасен Бақытұлы Өзденбаев** – Қостанай облысы Қарабалық ауданы №11 ауылда 1904 жылы туған. Сауатты. Бай баласы.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің партия баспасының бас редакторы қызметін атқарып жүрген кезінде 1938 жылы 17 тамызда қамалған. 1929 жылдан БК(б)П мүшесі.

**6. Райымберді Сырғабаев** – Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы Әулиеата ауданы №27 ауылда 1902 жылы туған. Білімі орта. Мұқыр МТС-ның директоры, кейін Алматы облысы жер бөлімінің бастығы қызметін атқару кезінде 1938 жылы 27 маусымда қамалған. 1925 жылдан БК(б)П мүшесі.

**7. Мұташ Дәүлетқалиев** – Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Таубұйрат ауылында 1904 жылы туған. Алматы облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, кейін «Қазақ бас сауда» мекемесінде экономист қызметінде жүргенде 1938 жылы 10 шілдеде қамалған. Білімі жоғары. 1921 жылдан БК(б)П мүшесі.

Бұлардың қылмыстық әрекеттері жөнінде 1938 жылы 23 наурыздан бастап №11384 іс түзіліп, мемлекеттік қауіпсіздік тергеушілері Сәрсенбаев, Кислухин, Ситдыков, Жвигуль, Нестеренко, Оңғарбаев сол кез талабына сай тергеу жүргізді. Алғашқыда төрт том, кейін алты том материал жинастыруды. Алғашқы төрт том негізінен тергеуші сержант Оңғарбаев 1939 жылдың 10 наурызы күні 37 парап, ал кейінгі алты томнан Кислухин 1941 жылдың 11 ақпаны күні 8 парап айыптау қорытындысын Алматы облыстық НКВД басқармасына тапсыруды.

Осы жеті азamatқа ортақ мына айыптар тағылды: Кеңес үкіметі мен Коммунистік партияға жауыздық көзқарас танытты; қарулы көтерілістен КСРО құрамынан Қазақ КСР-ін бөлектеу мақсатында контреволюциялық ұлтшыл-фашистік үйымының мүшелері болды; Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс үйымдастыру жөніндегі орталық үйымының облыстық, аудандық филиалдарын басқарды; осы үйымдарға өздері мүше тартты; өз мақсаттарын жүзеге асыруға империалистік мемлекеттердің бірінің КСРО-ға шабуыл жасауын күтті, сөйтіп, Жапония қарауындағы буржуазиялық Қазақ мемлекетін құруды көздеді; әр түрлі басшылық қызметте жүріп, КСРО экономикалық қуатын құлдыратуға саналы түрде кірісті; шетелдік барлау қызметінің пайдасына тыңшылық қызмет етті; Кеңес мемлекетінің басшыларына террорлық әрекет актілерін үйымдастыруды; жасырын ұлтшыл орталық үйымның тікелей басшылығымен республиканың халық комиссариатында, облыстар мен аудандарында оңшыл-троцкийшіл үйимдар арқылы бүлдіру әрекеттерін жүргізді; контреволюциялық орталық үйымның кеңестеріне қатысып, зиянкестік-бүлдіру, көтерілісшіл әрекеттердің барысы жөнінде хабарлап, олармен жиі-жіңі пікірлесіп тұрды.

Осы тақыледегес сөйлемдер 1937-1938 жылдардағы құғын-сүргінге ұшырағандарды айыптау қорытындыларында бір-біріне трафарет ретінде көшірілген. Және ол «бұлтартпас қылмыстық әрекеттердің» бәрі атапттардың көзін жою үшін де пайдаланылды.

Сөйтіп, 1939 жылдың 10 наурызында Алматы НКВД басқармасының тергеушісі, сержант Оңғарбаев осындай қорытындыны, барлық материалдарды Алматы облпрокуратурасы аркылы Алматы облсотына еткізуге шешім шығарды (36 п.).

Алматы облыстық сотының көшпелі сессиясы №11384 істі жабық түрде 1939 жылдың 18-23 сәуір күндері Қаратал ауданының Үштөбе стансасында М.Т.Бородулиннің төрагалығымен қарады. Сотқа халық заседательдері Скребнев, Жұмағұлов, аудандық прокурор Қасенов, қорғаушы Щербаков, аудармашы ретінде Айнабеков қатысты. Сот процесінде жеті азаматтың бірде-біреуі өздеріне тағылған айыптарды мойындаады. Өздерін қылмыстыымыз деп санамады. Бірақ сот олардың дәйекті сөздерін құлақтарына ілмеді. Келтірген дәлелдерін «өздерінің жауыздық әрекеттерін жасырудың айласы» деп есептеді. Айыптау қорытындысын негізге алды. РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2, 7, 11-тармақтары бойынша Ш.Құдамановты, Б.Байғанаевты, Р.Хайруллинді, Р.Сұлтанғалиевті қылмыскер деп, әрқайсысын 20 жылдан түрмеге қамауға және 31-баптың «а», «б» тармақтарымен абақтыдан босағаннан кейін 5 жылдан сайлау құқығынан айыруға үкім шығарды. Ал, Р.Сырғабаев, Х.Өзденбаев, М.Даuletқалиевтің әрқайсысын 58-баптың 2, 11-тармақтарымен 15 жылдан абақтыда отыруға, одан кейін 5 жылдан сайлау құқығынан айыруға үкім етті. Кеңес үкіметіне қарсы «топ басшылары» болып сотталған бүл жетеудің мүліктегі мен қаржылары хатталып, мемлекетке еткізілді.

Осылайша олар нақақтан қызыл құйынға ұшырады. Жетеуі жалпы есебі 125 жыл абақтыға кесілді, 35 жылға сайлау құқығынан айырылды. Ақылдары нағыз кемел шағына жетіп, тәжірибелері, іскерлік қабілеті ел басқаруға төсөлген кезінде топшыларынан қағылды. Олардың алды 39, арты 33 жасқа толғанда жігерлері құм етілді. Әмірлері гүлдей солды (38-41 п.).

Бірақ жазықсыз жандар көшпелі соттың 1939 жылғы 23 сәуірдегі үкімі дәйектіз деп Қазақ КСР прокурорына, КСРО прокуроры А.Я.Вышинскийге, БК(б)П Бас хатшысы И.В.Сталинге бірнеше рет қуғын-шағым арyz жазды. Тергеушілер қолымызбен іstemеген, ойымызға кірмеген қылмыстарды мойындау үшін бізді ұрып-соқты. Адам төзгісіз зәбір көрсетті. Сол азаптан құтылу үшін тергеушілердің айтқандарының бәріне қол қойдық. Тергеу материалдары

негізсіз. Біздің көзімізді жою үшін жалған күелар, материалдар жинастырды. Куә адамдар мен біздерді беттестірмеді деген дәйектерін көлденен тартты.

1940 жылы №11384 істі қайта тексергенде тергеушілер көрсеткен күелардың біrsыпрыасы жеті азаматқа тағылған айыптарды жоққа шығарды. Сондай күелардың бірі Атанбаев №11384 істі қайта тексергенде: «...Хайруллиннің контрреволюциялық жасырын ұйым туралы пікірін мен ешқашан естігенім жоқ және маған ол туралы айтқан да жоқ», - деп жауап берді (80 п.). Жақыпов та осы мазмұнда мәлімдеді. Куә Молдабергенов: «...Құдаманов контрреволюциялық ұltышыл ұйымға адам тарту жөнінде еш нәрсе айтқан жоқ және мен ол туралы Құдаманов тарапынан әңгімені естіген емеспін», - деді. Ал куә Бабашев: «...Құдамановтың ондай көзқарасын сезгенім жоқ және айтқанын да, пікірін де білмеймін», - десе (78 п.), Байғанаев жөнінде куә Байбураев: «...Байғанаевтың көңіл күйін білмеймін, сейлескен де емеспін», - деп кесіп айтты (80 п.).

Жеті азаматтың жоғары орындарға жазған шағымдары дәлелденді. Мәселен, F.Сұлтанғалиев КСРО прокуроры А.Я. Вышинскийге 1939 жылы 29 сәуірде жазған шағымында: «...тергеуде мені «халық жауы» деп көрсетуші Нұғман Манаев қызметте не тұрмыста кездес-пеген адамым. Н.Манаевпен байланысым жоқ...Мені ұltышыл ниетте, «...F.Сұлтанғалиевпен тығыз байланыс жасады, ұйымға мүше тартты» дейтін Қаспақпаевпен, Артықпаевпен, Исаевпен, Нұрпейісовпен кездестірмеді. Әрі олардың маған таққан айыптары іске тіркелмеген. Басқасын айтпағанда Н.Нұрмақовпен ешқашан сейлескен, не кездескенім жоқ», - деп айқын көрсеткен (45-49 п.).

Көшпелі сот терағасы Бородулин де «Дело делом, а суд по форме» деген сөзді босқа айтпаса керек (49 п.). Зан тәртібі бойынша қамауға алынған адамды тергеу ісі бір ай мерзім ішінде аяқталуы тиіс. Бірақ бұл жеті азаматты қылмыскер ету, Отанға опасыз адам етіп көрсету үшін 102 жалған күеларды іздеу, табу, оларды жала жабуга үрету, сөйлеуге машықтандыру, өтірік арыз-шагым жазуға дағыландыру, терт том материалдарды жинақтау тергеушілерге оңайға соққан жоқ. Олар облыстық прокуратура арқылы тергеу мерзімін 11есе ұзартты.

Сейтіп, тергеуді 1938 жылдың наурызында бастап, 1939 жылдың 10 наурызында, яғни бір жыл өткенде аяқтады.

Тергеу материалдарының негізсіз, жеткіліксіз екендігін, көшпелі сот үкімінің дүмбілездігін Қазақ КСР Жоғарғы Сот алқасының, облыстық прокуратуралың, Айрықша кеңестің құжаттары да нақтылайды. Олай деуге негіз 18-23 сәуір аралығындағы көшпелі сот

мәжілісіне қатысқан прокурор барлық айыпкерлерден құжаттар бойынша қылмыстары дәлелденбекендіктен, 58-баптың 7-тармағын алғып тастауды сот төрағасына ұсынды. Бірақ көшпелі сот бұл ұсынысқа құлақ аспады. Сондықтан облыстық прокуратура Қазақ КСР прокуратурасына жағдайды білдірді, Қазақ КСР прокуратурасы облпрокуратураның көшпелі сот жөніндегі шешіміне қарсылығын мақұлдап, 1939 жылы 19 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының алқасына хабарлады.

Бұл екі ортада КСРО Жоғарғы Соты облсоттың шешімін бекітіп үлгерді. Ақыры №11384 іс Қазақ КСР Жоғарғы Сот алқасына қайта оралды. Жоғарғы Сот алқасы 1940 жылы 14 қаңтарда істі қайта тексеруге жіберді.

1940 жылы 13 маусымда Алматы НКВД басқармасы өзіне қайта тексеруге келген №11384 істі тексеріп, қорытындысын КСРО НКВД жаңындағы Айрықша кенестің қарап, түбебейлі шешуіне жолдады. Бұл кеңес 1940 жылы істің кемшіліктерін көрсетіп, қыркүйек айында істі кері қайтарды. Ол қайта тексерілді (57-58 п.).

Бірақ «қылмыскер» жеті азамат ол тексеруге қанағаттанбады. Тергеушілер қойған «қылмыс» түрлерін мойындарында. Бас тартты. Сондықтан тергеушілер өздері ойластырган қылмыс түрлерін мойындағы алмағаннан кейін оларға қарсы басқа мәселелер бойынша қылмыстарды іздестірді. Бұл жолы №11384 істі Алматы НКВД басқармасының тергеушісі Тютюников ез қолына алды. Ол тергеуді 1941 жылы қаңтарда аяқтады. Қорытындысын 14 наурыз 1941 жылы облпрокуратураға жолдады (85 п.).

Осы екі ортада №11384 істе бірсыныра өзгерістер болғанын айта кеткен жөн. Оның себептері әзір белгісіз. Бірақ біз олар енді №11384 істі екіге бөлуді дұрыс деп шешті деп білеміз. Өйткені жазықсыз жеті азаматты мұнан әрі қамауда ұстау оларға абырай бермейтіндіктен, бәлкім өздері қылмысты болатындығын алдын ала сезген болар. Сондықтан 1941 жылы 15 ақпанда №11384 іс бойынша F.Сұлтанғалиев пен Р.Сырғабаевтың қылмысты әрекетін бөліп алғып қарап, РСФСР Қылмыстық кодексінің 204-бабының «б» тармағын басшылықта алғып, «Р.Сырғабаев пен F.Сұлтанғалиевтың істері өндірістен тоқтатылсын, қамаудан босатылсын» деп қысқа қаулы алды. Қаулыға «қылмыстық әрекеттері жоқ, не қылмыстары дәлелденбекендіктен» деген сөздерді жазуға батылдары жетпеді. Алайда әділдік жартыкештеніп болса да женді (60-63 п.).

Бірақ тергеушілер өздерінің түпкі мақсатынан ауытқымады. Қалай болса да қалған бесеуін соттауды көзdedі. Сөйтіп, 1941 жылғы 11 ақпан күні №11384 іс бойынша Ш.Құдаманов, М.Дәүлетқалиев,

Б.Баганаев, Х.Өзденбаев, Р.Хайруллинге айыптау қорытындысын шығарды. Онда «...бұлар алғашқыда қылмыстарын мойындағанымен, кейінгі тексеруде бұрынғы жауаптарынан бас тартты. Бірақ бұрынғыдан басқа (*көрдіңіз бе, бұрынғыдан басқа деп отыр – З.И.*) қылмысты істеріне байланысты Қылмыстық кодекстің 58-бабының 2 және 11-тармақтарымен жауапқа тартылуға, КСРО НКВД жанындағы Айрықша кеңестің қарап шешуіне жатады», - деп қорытынды шығарды. Бұл қорытындыны облпрокуратураға жолдады. Облпрокуратураның бұл шешіміне Қазақ КСР НКВД 2-бөлімі келісті (67-75 п.).

Сөйтіп, №11384 іс КСРО НКВД жанындағы Айрықша кеңеске 1941 жылы 27 наурызда жіберілді. Ш.Құдаманов, Х.Өзденбаев ол шешімге де қанағаттанбады. Тағы да шағымданды. Олардың шағымдарын 4 сәуір 1941 жылы КСРО НКВД жанындағы Айрықша кеңес секретариатына Алматы облыстық прокурорының орынбасары Сертебаев жолдады. Айрықша кеңестің шешімін Сертебаев шыдамсыздана күтті. 1941 жылы 20 шілдеде Қазақ КСР НКВД 2-бөлім бастығы Гришиннен Айрықша кеңестің №11384 істі қалай шешкенін хабарлауды сұрады (88, 92 п.).

Ал, Гришин оған «Айрықша кеңес №11384 істі 28 мамырда 1941 жылы қарап, Ш.Құдаманов, М.Дәулетқалиев, Р.Хайруллин, Б.Байғанаевтың әрқайсысын 5 жылға соттады. Ал Х.Өзденбаевтың түрмеде отырган мерзімін есепке алып, қамаудан босатты» деп 1941 жылы 23 тамызда хабар берді.

Сөйтіп, жазықсыз жапа шеккен жеті азаматтың тергеу жұмысы 1166 азапты күн мен 1166 түнге созылып, сиырқұйымшақтанып аяқталды. Олардың әрқайсысы 1166 түрлі азаптауды, қорлауды көрді. 1166 күн мен түн жүйкелерін тоздырды. Сонда да олар өздерінің адал, ақ екендігін дәлелдеп, тегеуінді күшпен алысты. «Шаш ал десе бас алатын» тергеушілер де мақсатына жетті. Асыра сілтеді, қонышынан басты. Өз қылмыстарының ізін де жасырып үлгірді. Ел жүтін көтерем дейтін жеті азаматтың адамгершілігіне, азаматтық болмысына дақ түсірді. Оларды нақақтан күйдірді. Жала жапты. Азаптады. Отбасыларын ойрандады, азып-тоздырды. Тарихи шындық осылай дейді.

«Егемен Қазақстан» газеті  
31 шілде 2002 ж.

**Алдымен атып жіберді,  
артынан барып  
айыптау құжаты жиналды**

*Ал ол атаман Дутовтың көзін жою жөніндегі атақты  
операцияга қатысқан Әбубәкір Жұнісов еді*

Елімізде жаппай саяси құғын-сүргінге ұшырағандардың тағдырын зерттеу 1989 жылдан басталғанымен олардың көпшілігінен халқымыз әлі хабарсыз. Бұл біздің мұрағаттарымызда олар туралы мәліметтердің жоқтығынан емес, Қенес дәуіріндегі құғын-сүргіннің бет-пердесін ашуға әлі де еркін кіріспеудің салдары болса керек. Осындаи «үнсіз» жатқан папкалардың бірі Әбубәкір Жұнісовке қатысты деректер. Бұл азамат жөнінде Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатында (408 қор, 2 тізімдеме, 146 іс) және Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында (5 қор, 8 тізімдеме, 52 іс; 733 қор, 1 тізімдеме, 1 іс; 1392 қор, 2 тізімдеме, 19 іс; 1541 қор, 1 тізімдеме, 2676 іс) сакталған материалдар нактылы деректерді береді.



Ә. Жұнісов

Құжаттарға үнілсек Әбубәкір Жұнісов Алматы облысы Кеген, қазіргі Райымбек ауданы (бұрынғы Жетісу облысы Жаркент уезі Шелек болысы Суықтоғай елді мекені) Жалаңаш селосында 1886<sup>23</sup> жылы 9 қыркүйекте Ниязбеков Жұністің отбасында өмірге келген. 14 жасқа келгенде Жаркенттегі екі кластық орыс ауыл шаруашылық мектебіне түсіп, оны 1904 жылы аяқтап, орманшы мамандығын алғып шыққан.

Екі жыл ата-анасына көмектескен Әбубәкірдің патша заманындағы еңбек жолы 1906-1916 жылдар арасында Петровтардың, Нагибиннің, Исаевтың, Галицкийдің, Денякиннің, Мальчевскийдің, Смирновтың, бітімгершілік соттарында аударма-шылық (тілмаш) қызметтерінен басталады.

1916 жылғы қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы патша жарлығына қарсы көтеріліске қатысқаны үшін 6 жылға сотталады. Бірақ Қалжат, Ақсу, Шарын болыстарының халқы оны кепілдікке алғып, аласапыран кезеңді пайдаланып, қара жұмысқа алушылармен бірге аттандырып жібереді.

<sup>23</sup> Өзі толтырған жеке іс парастарында 1884, 1885, 1886 жылы, ал сот хаттамасында 1887 жыл деп әр түрлі көрсетілген – З.И.

Сөйтіп, ол Екатеринослав губерниясы Бахмут уезі Юзов селосындағы «Ветка» руднігіндегі №4, 7, 8 және «Накопный» көмір шахталарында аға жұмысшы болып еңбек етіп, онан 1917 жылы шілде айында Жаркентке оралып, 1920 жылдың шілде айына дейін ашыққан қазактарға көмек көрсету жөніндегі Алаш комитетіне прікәзші, орыстар мен қазактар арасындағы қатынастарды реттеуші, Иванов және Байынқол болыстарында хатшы, уездік-қалалық атқару комитетінің мұсылман бөлімінің мүшесі, күзет бастығы, төтенше комиссияның тергеуші қызметтерін атқарды.

Ә.Жұнісов 1920 жылдан бастап 1938 жылдың 18 наурызына дейін (тұтқынға алынғанша) Кеңес үкіметіне белсene қызмет етті. Нарынқол мен Қалжатта участекіл милиция бастығы, Жаркент уездік-қалалық милиция бастығының көмекшісі, 21-интернационалдық (бір құжатта №3) полкте бандыларды жою жөніндегі полк комиссиясының төрағасы, «Қосшы» одағының хатшысы, Жаркент уезі 3, 14 участекерінің халық соты, Жетісу губсотында аға тергеуші қызметтерін атқарды.

Ә.Жұнісовті 20-шы жылдардағы ең үлкен жұмысы Орынбордан ығысып, Жетісу губерниясының Лепсі уезін ойрандап, кейін шетелге ығысқан атаман Дутовтың Қытайдың Құлжа мен Сүйдүн қалаларында әскер жинап, Кеңес үкіметіне қарсы соғыс әрекетін үйимдастырып жүрген ісіне тосқауыл қоюы болып табылады. Бұл жолда ол басын өлімге байладап біліктілігімен, іскерлігімен, үйимдастыруышылық қабілетімен ержүрек батыр екендігін таныта білді. Айлакер, әрі сақ орыс әскерінің айбынды генералы Дутовтың басын жою жоспарын іске асырды (КРОММ 1514 қор, 1 тізімдеме, 2672 іс, 19 п.).

Әбубәкірдің бұл ісін көзге елеестету үшін «Атаманның ақыры» фильмін еске түсірсе жетіп-ақ жатыр. Операцияны нәтижелі аяқтауға Әбубәкірдің қытай, өзбек, орыс, дүнген, татар, үйғыр тілдерін билетіндігі елеулі нәтиже берді. Оның үстіне ол Кеңес үкіметінен бас сауғалап Қытайда жүрген Абылайхановты тауып, оны өзінің бастығы Қасымхан Шанышевпен таныстырып, Шанышевтың 1921 жылы 6 ақпан күні кешкі сағат 6-7 арасында Дутовтың көзін жоюына мүмкіндік тұтызады.

Әбубәкірдің бұл операцияны сәтті үйимдастыруын Жетісу облыстық төтенше комиссиясының бастығы Эхманс ерлікке балады. Ерлікті елеусіз қалдырмау жөнінде Бүкілресейлік төтенше комиссияның Түркістан аймағындағы өкілі, әрі Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті комиссиясының мүшесі Петерске ұсыныс жасады. Петерс Ә.Жұнісовке мақтау қағазымен бірге: «стов. Жунусову от

ВЧК-а. 1921 г. 1/У. За принятие участия в террористическом проведении акта над атаманом Дутовым» деген жазуы бар күміс сағатты және 35 патронымен үш линиялы винтовканы, бір тапаншаны өмір бойы пайдалануға және сақтауға рұқсат беріп өз қолымен тапсырған.

Алайда Ә.Жұнісов лауазым мен мұндай мадаққа масаттанып алданбады. Қайта кеңестік саясаттың күн санап теріс бағыт алып бара жатқандығынан қауіптенді. Оған Жетісу губерниялық сотының мүшесі, Алматы қалалық қорғаушылар (адвокат) ұжымының төрағасы қызметтерін атқарып жүрген кезінде көзі анық жетті. 1930 жылдан бастап Қеңес үкіметінің Қазақ елі басшыларына қырғыдай тиғен саясатын, патшалық үстемдіктің орнына қазақ даласына келген коммунистік басыну деп білді.

Сондықтан Ә.Жұнісов лауазымы мен барлық ақыл парасатын, қажыр-қайратын 1917 жылдың сұрапыл саясаты мойынға шыңғыртып салған қыл тұзғынан ажыратуға, одан қорғауға тұрды. Соттың, прокуратураның, НКВД, ОГПУ органдарының әділесіз шешімдеріне қарсылық жасады. Ал жәбірленушілер Ә.Жұнісов айналасына топтаса бастады да мемлекеттік жазалаушы органдарға сенімсіз, ұлтшыл-контрреволюцияшыл адам болып көрінді. Сондықтан оның әр басқан қадамын андып, көзін жою қолға алынды.

1921 жылы партия тазалауына ұшырап, Ә.Жұнісов партия қатарынан шығарылды.

1926 жылы жоғарыда аталған Петерс сыйлаған винтовкасын Жетісу губерниясының ОГПУ бөлімі тартып алды. Бұл зансыздық әрекеттер жөнінде Қазақ АССР-і ОГПУ бастығы Каширинге, Қазақ АССР-і Орталық атқару комитетінің төрағасы Е.Ерназаровқа шағымданды. Нәтиже шықпады.

ОГПУ қызметкері Маркович: «...Үйінде жата бер, винтовканы іздел жатырмыз, табылса қайтарамыз», - деп шығарып салды. Лаж таптағандықтан СССР Орталық атқару комитетіне шағымдануға мәжбүр болды. Бірақ одан да қайыр болмады.

1932 жылы Кеген ауданының №16 Шелек ауылындағы Ә.Жұнісовтің үй-мүлкі тәркіленді, өзін бала-шағасымен жер аударуға үкім шығарды. Бірақ оның Қеңес үкіметіне бұрын сінірген еңбегі арқасында бұл тәркілеуден әзер дегенде құтылды. Іс мұнымен тыңбады. Оның өміріне қастандық әрекеті жасалды. Үржар станасы мен Мақаншы елді мекені арасында тергеуші Катков деген Ә.Жұнісовті атып тастауға ұмтылғанда ол оның қаруын тартып алды, қарусыздандырып, өлімнен аман қалды. Бірақ «қарға қарғаның көзін шұқымайды» – Жұнісов жауапкер болып табылды.

Көп ұзамай Ә.Жұнісовтің мойнына ақырғы темір құрық салынды. Бұл құрулы қақпанға Ә.Жұнісовтің өзі келіп түседі. Бұл жөнінде оның кенже ұлы Байқоныр, Новосібірдегі жабық мекемелерде еңбек еткен, қазір зейнеткер, Әсет Әбубәкірұлы анамның айтуы бойынша былай болыпты дейді: «...Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Ыңдырыс Көшкінов халық жауы деп ұсталғанда соны қорғау үшін сот төрағасына оны адал, таза адам деп дәлелдейді. Бірақ сот төрағасы Әбубәкірдің сөзін пәтуага алмайды. Соған ашууланып соттың үстелінің үстіндегі сия сауытты алып ұрмақшы болған. Осы жерде бұрыннан өшігіп жүргендердің көктен іздегені жерден табылып, отқа май құюға себеп болған».

Бұл шындыққа жанасады. Өйткені, Ә.Жұнісов қамауға алынғаннан кейін екі күн өткенде, яғни 20 наурыз 1938 жылы Алматы облыстық қорғаушылар (адвокаттар) алқасының президиумы мәжілісінің №12 хаттамасындағы «...кеңес адвокатурасының беделін түсіргені, сотқа мас болып барғаны және тұтқынға алынуына байланысты Ә.Жұнісов қорғаушылар мүшелігінен шығарылсын», - деп бір парапқа қағаздың үштен бір белігіне сиямен асығыс жазылған сөз оны нақты дәлелдейді.

1938 жылы 16 наурыз күні: «...Ә.Жұнісов қазақтың ұлтшыл ұйым мүшесі екендігі жеткілікті ашылған. Сондықтан оны тұтқындауды және РСФСР Қылмыс заңының 58-бабының 10, 11-тармақтарымен жауапқа тарту керек. Ә.Жұнісовті қамауға алуға рұқсат беруінізді сұраймын», - деп ГУ-бөлім бастығы капитан Жигит Абай Алматы облысын бақылайтын НКВД басқармасының бастығы Шабановқа хаттама түсіреді. Ә.Жұнісовтің «қылмысты» ісіне байланысты тергеуді тиісті орындар 1938 жылы 18 наурыздан бастап тексеріп, сол жылы 22 шілдеде аяқтады. 31 шілдеде облыстық прокуратураға 16 наурызда тұтқынға алу жөніндегі қаулыда көрсетілген кінәлардың үстіне: «...Төңкерісшіл кадрларды дайындауға жаңадан мүшелер таррты, контрреволюцияшыл-ұлтшыл-фашист ұйымының мүшесі болып, колхоздарды қирату жұмыстарын жүргізді. Қылмыс заңының 58-бабының 2, 7-тармақтарын қосып айыптау қажет» деген тағы бір істі қосты.

Облыстық прокурордың орынбасары Курапов 1938 жылы 2 тамызда мұны бекітіп, 5 тамызда №558 қатынаспен облыстың арнайы алқасының қарауына жолдады. Облыстық соттың арнайы алқасы Моисеевтің төрағалық етуімен (мүшелері Тищенко және Сыпко, хатшысы Рудакова) Ә.Жұнісовтің ісін қарап, оны ату жазасына үкім шығарады. Және үкімді «окончательный и обжалованию в кассационном порядке не подлежит» деп тұжырымдады.

Сержант Кислухиннің 1938 жылы 22 шілдеде Ә.Жұнісовке шығарған айыптау қорытындысында ол: «...О.Жандосовтың тапсырмасымен Алматы қаласында, Алматы облысының Кеген, Іле, Шелек аудандарында антикенестік көтерісшіл, зиянкестік қызметтерді атқарды. Антикенестік саясатты жүйелі насиҳаттады. Антикенестік үйімға Сүлейменов, Әділбеков, Батаев (*кей жерде Батабаев*, Дағабаев, Көшкінов (*бір құжатта есімін Ақтан деп көрсеткен – З.И.*) және басқаларды тартты. Осылар арқылы Алматы қаласы тұрғындары арасында, колхоздарда көтерілісшіл-бұлікшілікті белсенді жүргізді. Батабаев арқылы Шелек ауданының Сарыбұлақ ауылдық қенесіне қараған колхоздарда колхоз мaldарын, астығын талан-таражға салды. Жандосовтың тапсырмасымен Ишановтармен байланыс жасап «Жаңа талап» колхозында мемлекеттік астықты бастыруды және тасуды әдейі қасақана кешіктірді. Колхозшылардың наразылығын туғызу үшін еңбеккүн есебінен шатастырды. Сүлейменов арқылы Алматы облысы Іле ауданының Талғар ауыл шаруашылығы техникумының директоры Самсалы Қожабековты үйімға тартты. Қорғаушы ретінде өзіне өтініш жасаған сотталғандардың отбасын Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс жасауга бағыттады. Кеңеске қарсы үйімдастырулардың барлығымен хабардар болып отырды», - деген жалалар жапты. Сөйтіп, РСФСР Қылмыс занының 58-бабының 2, 7, 11-тармақтары бойынша қылмысты деп тапты. Сотта Ә.Жұнісов мұның бәрін мойындамайды. Бірақ сот оны есепке алмайды, ату жазасы орындалады.

Тергеу барысында Ә.Жұнісовтің Кеңес үкіметін нығайтудағы, ақ бандыларға қарсы күрестегі еңбектері, тіпті Бүкілресейлік төтенше комиссиясының Түркістан республикасы бойынша өкілі Петерстің: «...Предъявитель сего т. Жунусов Абубакир 6-го февраля 1921 года совершил акт, имеющий обл. и республиканское значение, чем спас несколько тысяч жизней трудовых масс от нападения его банд, поэтому требуется по отношению к вышеозначенному товарищу со стороны советских властей внимательного отношения и означенный товарищ не подлежит аресту без ведома полномочного представителя», - деп берген 1921 жылғы 14 сәуірдегі №1887 күелігі де ескерілмеді. Ескерілу былай тұрсын Ә.Жұнісовті 1938 жылғы 14 тамыздағы үкім бойынша атылғаннан кейін өздерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Алматы облысының сот, прокуратура, НКВД органдары төрт жыл бойы тірі адам есебінде бірнеше «айыптау қорытындыларын» жасап «қайта тексеруге» жіберген болып, оның «қылмысына сай» енді 10 жылға түрмеде отыруға, 5 жыл сайлау еркінен айыруға жалған үкім шығарды.

Сөйтіп, Гогольдің «өлі жандарында» етірік «өлі құжаттар» Алматы мен Мәскеу арасында ерсілі-қарсылы тілсіз жөнкіді. Егер ол қағаздарда тіл болса: «Жіберіп отырған адамдарың әлдеқашан атылып кеткен жоқ па еді», - деп айттар еді-ау.

Бізше, Ә.Жұнісов 1938 жылы 14 тамыздағы үкім бойынша атылып кетті. Онан кейінгі Ә.Жұнісов жөніндегі жасалған құжаттардың бәрі де жалған.

Олай дейтініміз, біріншіден, Ә.Жұнісовті ату жөніндегі 14 тамыз 1938 жылғы Моисеевтің шығарған үкімінің күшін жоятын шешім алынбаған. Сондықтан оның 10 жылға сотталуы жөніндегі шығарылған үкімі орынсыз.

Екіншіден, Ә.Жұнісовтің атылғандығы Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша құғын-сұргінге ұшырап атылғандардың тізімін жариялаған «Азалы кітаптың» (II том) 471-бетінде «атылды» деп көрсетілгендігі жоғарыдағы ойымызды толықтырады.

Үшіншіден, Ә.Жұнісов Моисеев басқарған сотта езін айып-кермін деп санамады. Ал Моисеев болса: «Отказ подсудимого от показаний предварительного следствия суд расценивает как маневр классового врага, направленный к дискредитации органов власти», - деп бағалап, оның кезін бірден жоюға үкім шығарды.

Төртіншіден, Ә.Жұнісовтің атылғандығы жөнінде оның отбасына хабарланбады, жасырылды. Сондықтан оның тағдыры отбасына белгісіз болды. Ә.Жұнісовтің балалары, достары, әйелі Бопыхан жер-жерге шағымданды. Өкінішке қарай олардан тек жұбайы Бопыханның 1939 жылы 2 ақпанда Қазақ ССР прокурорына: «Менің ерім қайда? Әлі күнге тергеуде ме? Маған хабарлауыңызды өтінегімін», - деген арызы ғана сақталған. Қазақ ССР прокуратурасында бұл арыз 1939 жылы 17 ақпанда 2760 нөмірмен тіркеуден өткен, осы арыздың бетіне: «Дело в облсуде, сообщить об этом жалобщице», - деп 15 ақпанда кол қойған. Көрдіңіз бе, тіркеуден екі күн бұрын-ақ бастық қол қойған, әрі жарының тағдырын білмей келген Бопыханды «арызқой» етіп көрсеткен. Тірлікте жоқ Ә.Жұнісовтің ісі облыстық сотта деп жалған сілтеме жасаған. Жалған құжаттар одан әрі де жалғаса береді.

Бесіншіден, Бопыханға: «Дело вашего мужа находится на дополнительном расследовании в облуправ. НКВД», - деп облыстық прокурордың 15.II. №2760 арызға жауабы деп 24.IV.1939 жылы облыстық прокурордың орынбасары қол қойған бір жапырақ қағаз да осы іске тіркелген. Сонда екі арыз қалай бір нөмірмен тіркелгені түсініксіз. Бізше, осыдан 9 ай бұрын атылып кеткен адамның ісін қайта тергеуге жіберілуі ақылға сыймайды.

Алтыншыдан, Ә.Жұнісовке үш рет айыптау қорытындысы шығарылған. Оның біріне 1938 жылы 22 шілдеде Кислухин, екіншісіне – 1938 жылы желтоқсан айында (күнін көрсетпеген) Оңгарбаев, үшіншісіне – 1939 жылы 13 маусымда Шестаковский қол қойған. Бірақ соңғы екеуінікі жалған жасалған. Себебі, Ә.Жұнісов атылып кеткеннен кейін айыптау қорытындысын шығарудың қажеттілігі жоқ емес пе? Соңғы екі айыптау қорытындысында аздаған өзгеріс бар. Қалғандары алғашқысын еш өзгеріссіз, сөзбе-сөз кешірген.

Жетіншіден, әлдеқашан атылып кеткен Ә.Жұнісовті түрмеде отырған деп жазып (?), істі тағы қайта қарауға Алматы облыстық прокурорының орынбасары Курапов 1939 жылдың 4 (№3) және 17 қантарында (№558) Алматы облыстық сотқа жолдады. Арада 13 күн өткенде қандай өзгеріс болды? Жалпы бір істі қайта-қайта қарауға облыстық сотқа екі рет қатынас жазылуы мұның жалған құжаттар екенін мегзейді.

Бізше, Ә.Жұнісовтің балалары мен жұбайы Бопыханның СССР прокуратурасына жазған құғын шағымдарынан күні бұрын бұл органның хабардар болып отырғандығына байланысты өздеріне өтірік құжаттармен қорған соққан сияқты. Оның бірден-бір дәлелі 1939 жылы 11 ақпанда (№3/2044-с) СССР прокуратурасы I-терге бөлімінің бастығы Воронов, 1939 жылы 28 сәуірде (3-18 к) осы бөлімінің прокуроры Дитковский «Ә.Жұнісовті айыптау жөніндегі іс қайта тексеруге Қазақ ССР Жоғарғы Сотына жіберілген. Оның қандай жағдайда екенін тездетіп хабарла» деген қатынасы айғақтайды. Шындығын айтқанда, бұл екі қатынаска жауап беру қазақстандық «құқық қорғаушыларға» оңайға түспеді. Сондықтан өтірік жауап беруге тура келді. Облыстық прокурордың орынбасары Тілеулиннің 1939 жылы 14 наурызда (№3) және 7 маусымда (№3) (көріп тұрсыз ба, арада үш ай өтсе де қатынас нөмірі өзгермеген – З.И.) Қазақ ССР НКВД бөліміне «СССР прокуратурасының сұрауы бойынша істі тездетіп бітіріп жібер» деп жазып жіберуі де олар әзірге алданып отыра тұрсын деген ойдан туған болуы керек.

Сегізінші, жағдай жоғарыдағыдай бұлтартпайтындағы болса да Алматы облысы жөніндегі НКВД бастығы капитан Карасев пен кіші лейтенант Котышков шектен шығып, 1939 жылғы 22 маусымда (326111384) Алматы қаласының «турмесінде» отырған Ә.Жұнісовті Қылмыс занының 58-бабының 2, 7, 11-тармақтары бойынша айыптау үшін Алматы облыстық прокуроры Кацалинага «істі» жолдайды.

Тоғызыншы, облыстық прокурордың орынбасары Тілеулиннің 1939 жылғы 9 шілдедегі (№558) қатынасына сәйкес Алматы облыстық сот алқасы 1939 жылы 21 шілдеде (машинкамен басылғанда

22 дегенді сиямен 21 шілде деп өзгерткен. Шамасы үкім күні бұрын дайындалған – З.И.) Беспальконың тәрағалық етуімен Ә.Жұнісовтің «ісін» қарап, 58-баптың 7-тармағындағы тағылған айып дәлелден-бекендіктен ақтап, бірақ 2, 11-тармақтары бойынша қылмысты деп тауып, 10 жыл абақтыға отыруға және 5 жыл сайлау құқығынан айыруға үкім шығарды. Бұл алғашқы жалған құжатты өздерін «ақтау» үшін дәйектеген түрлері. Сөйтіп, өмірден озғанына жыл толуға жақындағанда Ә.Жұнісовке екінші рет үкім шықты. Бір қызығы оның өмірде жоқ екенін сот біле тұра: «Осы үкімді қолына бергеннен бастап айыпкер 72 сағат ішінде Жоғарғы Сотқа шағымда-нуына болады» деп «қайырымдылық» көрсеткен.

Оныншы, алты баламен жесір қалған Бопыхан өзінің ері Ә.Жұнісовтің тағдырын сұраудан жалықпайды. Қазақ ССР прокура-турасына оның ісін сұратып алып, қайта қарауға өтініш жасайды. Осылан байланысты Алматы облыстық прокуратурасына 1940 жылы (№5/1-р) 6 наурызда Жұнісова Бопыханның шағымын қарau жөнінде тапсырылады. Облыстық прокуратураның адам құқығын қорғайтын арнайы істер жөніндегі орынбасары Сертебаевтың адам тағдырына немкетті қараганы соңшалық, тек 11 ай өткенде, яғни 1941 жылы 11 ақпанда (№0063) Қаз ССР НКВД-дың №1 түрмесінің бастығына: «1939 жылы 10 жылға сottalған Ә.Жұнісов жазасын өтеуге қайда жіберілгендігін хабарла», - деп қатынас жолдары және Алматы облыстық сот тәрағасының 1941 жылы 8 наурыз (№00178) және 28 мамырда (тағы да сол №00178 өзгермеген) «тексеру және қадағалау үшін 1939 жылы 29 (?) шілдеде сottalған (облыстық прокурор Ә.Жұнісовтің қашан сottalып кеткенінен шынында бейхабар ма? – З.И.) Ә.Жұнісовтің ісін жібер», - дейді. Мұның бәрі Ә.Жұнісовтің өмірде жоқ екендігін біле тұра тек оның тағдырын сұраушыларға жалған жауап беру үшін жасалғандығы айдан анық.

Сөйтіп, Алматы облысының сол тұстағы асығы алышысынан түсіп тұрган сот, прокуратура, НКВД органдарының жоғарыда аталған қызметкерлері аласапыран заманда занды асыра сілтеп көзделген мақсаттарына жеткен. Адам құқығын аяққа басқандарына арланбаған. Қайта мақтанған да шығар. Бірақ, олар Ә.Жұнісовтің есімін тарихтан өшіре алмады. Оның артында қалған Смагұл, Батырхан, Әнуар, Әсет, Софья мен Рузида жетімдіктің, әкесіз өмірдің тақсіре-тін тартса да жасымай, жапырақтарын жайды. Өмірден өз үлестерін алып өсті. Әсіреле, сауатсыз болса да Бопыхан ананың ерлігі бір төбе. Ол 32 жасында жесір қалып балаларын өсірді, 20 жыл бойы Әбубәкірді келеді деп күтті. Ең сонында жарының адалдығына көзі жетіп 1978 жылы өмірден өтті.

Ә.Жұнісовтің ісін 1957 жылы 16 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Сотының президиумы қарап, істе қылмыс құрамы болмағандықтан 1939 жылғы 21 шілдедегі (көріп тұрсыз ба, ату жөніндегі үкім емес, соңғы үкім) облыстық сот үкімінің күшін жойды. Иә, қиянат қияметке кетпеді. Ол ақталды. Дегенмен, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдері ол тұрган үйлерге ескерткіш тақта қойса, алып азаматтың атын жаңғыртса, туған жерінде атаулы істер атқарылса үлгі үшін бір түйір қорғасыннан ажад тапқан есіл ердің азапта өткен рухы тіріліп, Отанын, ел-жүртін сүйіп, арды аттамайтын адалдығы кейінгі ұрпаққа ұлгі болар еді.

Қолжазба, 2002 ж.  
«Егемен Қазақстан» газеті  
22 наурыз 2002 ж.

## Жаралы жылдар жаңғырығы

Сол бір атың өшкір зұлмат кезеңдердің зобалаңы баспасөз бетінде дүркін-дүркін жазылуымен келеді. Халықтың қан құсып, қалжыраған қаралы жылдары туралы жазбалар мұрагаттарда әлі де жетерлік. Бұл жәдігерліктерді түгелдей жойып жіберуге кешегі Кеңес империясының да күші жетпеді.

Сөйтіп, бұтін бір халықты зар еніреткен, қан какsatқан кімдер екені, осы жаншошырлық оқиғалардың себеп-салдары туралы мұқият жазылған құнды деректер әүпірімдеп сақталып қалды. Бұл келешек ұрпаққа өткен тарихын оқып-білуде талай қол ұшын беретін бағалы мұра екені ақиқат.

Мұрагаттың сартап қағаздарын ақтарып отырып, жақында қолымызға «Тұла бойлары қан сасиды!» деген кеңестік жендеттерге лағынет айтқан мақала ілікті.

Авторы өткен ғасырдың 20-жылдардағы қаламы жүйрік, ұлтжанды қазақ журналшыларының бірі, алаш ардагерлері Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатовтармен бір сапта болған Хайретдин Болғанбаев еді.



X. Болғанбаев

Ол «Бірлік туы» газетін ұйымдастырыды, соның алғашқы редакторы болды. Газет бетінде «Қоқан қырғыны», «Совет хүкіметі һәм Құншығыс», «Тұла бойлары қан сасиды» деген макалаларын жарияладп большевиктерге, оның сұрқия саясатына қарсы аяусыз күрес жүргізді, зұлымдарға сиясын у етіп шашты.

Осы қаны сорғалаған макалалары үшін, ел ішінде жүргізген тынымсыз үгіті үшін Кеңестік үкімет, оның жазалаушы органдары Хайретдиннің көзін жоюды ерте ойластырыды. Бұркеншік есімі де оны қорғауға сеп болмады. Ақыры ізін андуышылар ұлтжанды журналисті бірнеше рет тұтқындалап, Сібірге жер аударып, одан қайтып келісімен 1937 жылы қайта тұтқындалап, Алматы облысы «үштігінің» шешімімен атылды.

Халық кегінің жоқшысы, қазақ журналишыларының алғашқы легінің бірегейі – Хайретдин еңбегін ескеріп, есімін мәңгілікке қалдыру шарасын қарастырудың мезгілі жеткен секілді, оның кім екендігін білдіретін дүниелерінің бірі – «Тұла бойлары қан сасиды» макаласын оқырмандарға ұсынып отырмыз:

### Тұла бойлары қан сасиды

31 ғинуардан 10 февральға шейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндерде адам-хаюан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер.

Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде қокандық көшеслерінде істеген сұмдықтарын естігенде, денең түршігіп, қаның мұздайды. Жүтегін сыптырылып, мейірімі кеткен, аузы көпіріп, көзі қызырған адам-хаюан қокандық көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні, жасты, еркекті, әйелді талғамай қырған күндер – ол күндер.

Топ пулемет отымен жалғыз «хүкімет ғаскерін» ғана емес, бәлки, неше мындаған обалсыз, бейбіт халықты қамыстай жаптырып, бүкіл қокандық шаһарының құлін көкке ұшырған күндер – ол күндер.

Тозандай күнәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңа ғана қайтып есіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер – ол күндер.

Япырмай, осы сықылды үлкен масқара, зор сұмдық күндерін де Түркістан халқы бір уақыт ұмыттар ма екен?

Жоқ! Мың қабат жоқ! Неше бүгін сүйегіне құлдық сініп, тамырына ірің толса да бүл күндерді ұмытта қоймас!...

Тым болмаса, неше мындаған сәбілердің кінәсіз ыстық қандары мен кірсіз таза аруақтары ұмыттырмас!

Тым болмаса, өмірінде бет-ауыздарын құннен басқа жан көрмеген мұсылман әйелдердің сүттен әппақ намыстары бұл құндері ұмытылmas!

Осындай сұмдықтарды көргенде де халықтың қаны нағып бір тұтанбай кетеді? Бұл сықылды масқаралықта шыдап та мұсылман рухы қалайша қысып жата береді?

Адамзаттың ең қасиетті құқықтарын таптап, кінәсіз қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуга сез таба алмаймын. Мен түгіл бұл масқаралықты жазбақшы болған тарихшы да оған ұнамды ат қоя алmas.

Бұршақтай жауған пулемет оқтары астында тұла бойлары қалшқалш етіп, екі көздері білеудей болып, құлындағы дауысы құраққа шығып шыңғырған жас сәбілердің көргендерін, тіл құрмельмей кім сейлей алар?!

Құшағына баласын қысып, екі көзі ұсынан шығып, қайда тығыларын біле алмай, дуалдан дуалға секіріп жүрген мұсылман әйелдерінің сүгіреттерін қолы қалтырамай кім сала алар?!

Көкірегіне шынжыр қүйдірлгендей аяқ-қолдары тәлтіректеген, әппақ бастары селкілдеген сорлы кемпір-шалдардың тірідей орға тасталғанын, жүрегі сескенбей, кім жаза алар?!

Жоқ бұларды һәш кім жаза алmas. Бұларды жазуға сол адам пішінді жыртқыштар сықылды жыртқыш болу керек.

Сорлы Түркістан! Сен кеше бостандық болды, теңдік құні туды деп қашанғы жоғалтқан еркіндігің талпындың ғой. Сен Русияның үлкен өзгерісінің буына желігіп, баяғы айбыны құшті Теміріңмен ақылы дана Бабырларынды есіне алдың ғой.

Жоқ, босқа алданғансың! Шеттеп келген буменен өлген теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсан, өзгеріс буы өзінен шықсын! Сырттан – Русиядан, Европадан келген өзгеріс буы саған әл болмайды. Сен әлі тоңсың, құнің ыстық болса да, саған бостандық қызуы кірген жоқ. Енді мына көз алдыңда судай аққан кінәсіз қандар сенің бойыңа жылу жүгіртсе, сонда сен жылышынасың. Сондағана сен Темірлер мен Бабырларынды көресің.

Aх! Айнала қан сасиды! Енді мен бұл қанды көріп бұрынғыдай тоң болып қала алмаймын. Бұл қан мені ұйықтатпайды. Бұл қан көз алдыма тұрғанда, қалың мақталы дүрия көрпені жылты жамылып жата алмаймын. Тұншықтырады ... түсіме енеді.

Адам пішінді жыртқыштардың тұла бойлары қан сасиды. Олардың қолдарына жұққан мұсылман қаны әлі кеткен жоқ. Ал біздің ұлтын сатып, дінінен безген бүралқылар солардың қолдарын қысып, ауыздарын сүйіп жүр-ау!

Ұятсыздар! Имансыздар! Кіммен жолдас болып жүрсіндер!  
Достарыңың қолдарындағы жосадай қызыл бояу не екенін  
білесіндер ме? Ол сендердің бауырларыңың қаны... Элде сендер  
Қабылдың сарқытын ішіп, өз бауырын өзі бауыздаған, өз ұлтынан  
өзі безген шоқындысындар ма? Дені дұрыс бауырларым, оларға  
жолама! Олардың тұла бойы қан сасиды!

Бортан

(Болғанбаев Хайретдиннің бүркенишік аты)

«Бірлік туы» газеті  
15 наурыз 1918 ж.

*Араб әрпінен кириллицага көшірген З.Ижанов*  
*«Ана тілі» газеті*  
*27 маусым 2002 ж.*

### **Өзегіміз талып жүріп, өзгені жарылқадық**

1941-1945 жылдардағы қанды майдан... Ол Қазақстан жерінен  
қашық болса да бізге соншалықты жақын болды. Украина, Бела-  
русь республикаларында, Фин-Балтық жағалауында қанды майдан  
жүріп жатқанда Қазақстанның әрбір облысында, қаласында, өндіріс  
орындары мен ауыл шаруашылығында, ауылды мен қыстағында,  
бригада, звено, цехтарында тылдағы майдан жүріп жатты. Себебі,  
коммунистік жүйе мен фашистік тәртіптің өзара текетірес соғысы  
басталған күннен бастап Қеңес үкіметі мен Коммунистік партияның  
орталық комитеті, Қорғаныс комитеті алдын ала жасалған жоспар  
құрып, Қазақстанды бірден майдан арсеналына айналдырып жіберді.  
Әйткені, олар Қазақстанның жерінің кеңдігін, табиғи ресурстары  
мол екенін ескерді.

КСРО Халық Комиссарлары кеңесі мен БК(б)П Орталық комите-  
тінің 1941 жылғы 16 тамыздағы қаулысы бойынша республиканың  
барлық шаруашылығы, өндіріс, құрылымдары мен экономи-  
касы соғыс мүддесіне бағындырылды. Соғыс жылдары Қазақстанға  
майдан төрінен көшірілген миллионға жуық халықты есептемегендеге,  
142 кәсіпорын көшіріліп, орналастырылды.

Қазақстан майдан мен тылды азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен, майданды әскери техника, оқ-дәрімен қамтамасыз ететін негізгі базаның бірі болды. Барлық жұмыс «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де женіс үшін!» деген ұранмен жүрді. Халқымыз XX ғасырдың 30-жылдарындағы аштық нәубетінің, байларды тап ретінде жоюдың, қуғын-сүргін қасіретінен болған жарасынан толық жазылмаса да, коммунистік идеологияның күшімен майданға қажетті қару-жарап, оқ-дәрі даярлады, азық-түлік өндірді. Соғыс мұддесі үшін ақшалай, заттай көмек көрсетті. Ең соңғы қимас заттарын – алтын, күмістен, қымбат металдар мен асыл тастардан істелген әшекей бұйымдарына дейін Қорғаныс қорына тапсырды.

1942 жылдың 23 наурызына дейін, яғни, соғыс басталған 9 ай ішінде республика халқы Қорғаныс қорына 41 миллион сом ақша салды. Оған қосымша Қорғаныс қорын молайту үшін шығарылған 119 миллион 500 мың сомның заемын сатып алды. Отбасындағы әйелдер 360 келі күміс, 3,5 келі алтын мен платина, 40 миллион сомның қымбат әшекей заттарын тапсырды. Мәселен, Атырау облысының «Алғабас» ұжымшарындағы әйелдер салмағы 3,5 келі болатын алтын, күміс сырғаларын, патша заманында шығарылған 4 сомдық күміс тәңгелерін, алтын мен күмістен әшекей бұйымдарын (25 дана) Қорғаныс қорына өткізіпті. Бұл бір гана Атырау облысындағы жағдай емес, бүкіл республикаға тән. Оның бәрін тізбелей беру мүмкін емес.

Ал, 1941-1945 соғыс жылдары арасында республика енбекшілірінен майдан қажетіне қомақты сома – 4 миллиард 700 мың сом ақша жиналған, соғыс жылдарында шығарылған 3 миллиард 184 миллион 395 мың сомның заемдарын еріксіз сатып алғып, Қорғаныс қорын молайтқан. Бұл – халықтың табан ет, маңдай терімен өнген 8 миллиард сом деген қомақты қаржы. Ол заманда аз қаржы емес.

Бұл жерде «еріксіз» сөзін босқа қолданып отырган жоқпыз. Сол кездегі осындай келеңсіздіктерді қөзімен көргендер бүгінде де бар. Мысалы, мен танк колонналары мен авиация эскадрильяларын жасау қорына ұжымдағы бастауыш комсомол ұйымының хатшысы ретінде ақша жинаушының бірі болдым. Заемды сатып аларлық қаржы таптағандарға енбеккүн есебінен ұстауға ведомстволарға қолдарын қойғызған есеп қызметкерінің күәгері ретінде қатыстым. Бұл бір гана ауылдағы жағдай емес, республика көлемінде қолданылған ақша өндірудің бірден-бір тәсілі болған әрекет.



Міне, осындай тәсілмен жиналған ақша, жылы киім, азық-түліктерді майдандагы жауынгерлердің жана жылы мен Қызыл әскердің туған күніне, 1 мамыр, Қазан төңкерісі секілді мерекелеріне вагон-вагон сыйлықтар жіберуді дағдылы іске айналдыры. Бұл жөнінде деректер мұрағат құжаттарында жеткілікті. Соның бір дерегі ретінде соғыс жылдары майдандағы жауынгерлерге 3 миллион дана жылы киім, 1600 вагон сыйлық жіберілгенін айтсам да жеткілікті болар. Сондай-ақ, Қызыл әскерге және майданға қару-жарақ дайындал жатқан өнеркәсіп орындарының жұмысшылары да мұндай сыйлықтан тыс қалмаған. Мәселен, оларға 782000 пүт астық, 82000 пүт күріш, 34000 пүттай ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері (ет, май, картоп, капуста, т.б.) тапсырылған.

Бұл бұл ма, өздері түлкі құрсақ болып, ішер ас пен киер кімге жарымай жүрсе де, Қазақстан аумағында орналасқан әскери госпитальдарда емделіп жатқан жаралы жауынгерлер мен офицерлерді күн сайын азық-түлікпен қамтамасыз ету де республика еңбекшілігінің басты міндеттерінің біріне айналды.

Мәселен, 1941 жылы 18 желтоқсанда Ақтөбе облысының Киров атындығы ұжымшары «Н» госпиталына 500 жұмыртқа, 70 келі ет, 10 келі май, 20 тауық, 135 келі ұн, Тамды селолық кеңесі 20 келі май, 18,5 келі кілегей, пісірілген 54 тауық, бордақылаған қой, 100 пүт картоп пен капустаны апарып берген. Мұндай қамқорлықтан Алматы, Атырау, Қызылорда, Орал, Қарағанды, т.б. қалаларда орналасқан госпитальдар да қалыс қалмаған.

Соғыс жылдарында Қорғаныс қорына, майдангерлерге жіберілетін жоғарыда айтылғандай сыйлықтар, жылы киімдер, азық-түліктер, майдангердің отбасына, Қазақстанға көшірілген халықтарға көрсетілетін жәрдемдер есебі адам жаңылдыратын есепсіз көп салықтардан тыс жиналды. Ол да оңайлықпен жиналған жок. Ұранышылдықлен, күшпен жүзеге асырылды.



Көзі тірі қуәлардың айтуынша, мысалы, 1941-1945 соғыс жылда-рында әр отбасы үйінде тышқақ лағы жоқ болса да 50 келі ет, 3 келі сарымай, тауығы жоқ болса да 30 жұмыртқа тауып беруге міндettі болды. Олар табылмаған күнде орнын ақшамен өтеуге тиіссің. Ол кезде ақша табу қасқалдақтың қанын табумен бірдей еді. Тапқан азық-тұлігінді, мұлкінді салық үшін сата қоятын жақын жерде базар да жоқ. Салықтан құтылмаса ол жерде тұруға қақысы жоқтығына көзі жеткендер өтетін нәрселерін арқалап, 100-200 шақырым жердегі базарға жаяу шұбыратын. Не, қалт-құлт етіп отырған еңбекші отбасы бала-шағасының аузынан жырып астығын, асқатығын беріп құтылады.

Ауыл шаруашылығында еңбек еткен әйелдер құл орнында жүрді. Таңның атысынан ымырт үйірілгенге дейін еңбек етті. Олар жұмыстан отынын арқалап қайтады. Тұнімен бала-шағасының та-мағын пісіріп, ертең оларға қалдыратын, өзі алып кететін нанын, ашытпасын пісіреді. Бірлі-жарым ешкісі, не сиыры болса, сауып, пісіріп алас ұрады. Алас ұрманда қайтсін, торғай шырылдағаннан ол кездегі «тірі Құдай» бригадир. Оның ондай болатын себебі еңбеккүн жазу, жақсы ат, жаман атқа қалдыру, не «трудовойға» айдал жіберу бригадирдің билігінде. Ол әр үйдің есігінің алдында тұрып «жұмысқа шық, шық та шық» деп айғайлап, зікір салып тұратын. Сөл кешіксе аузына не түссе соны айтып, сөгеді, зәбірлейді, тілдейді. Бригадирдің осындай әрекетінен шыққан болуы керек, соғыс жылдарында бір әйел күйеуіне: «Сен неге әкірендей бересін? Сен мениң бригадирім бе едің?» деген сөз елге жайылып кеткен. Шаруаның тозағы мұнымен де бітпейді. Олардың әрқайсысы екі пұт тұқымды арам шөп дәндерінен, күрішті күрмегінен тазартып беруге міндettі. Ол да бір өзінше ауыр жұмыс. Қойма менгерушісі таза тұқымнан айырған арам шөп дәндері мен күрмегін өлшеп, кемін мойныңа жазады. Кейін еңбекақынан ұстап қалады.

Міне, осындай сан-сапалақ жұмыстың арасында жүріп әйелдер майдандағы жауынгөрлерге көйлек, орамал, кеудеше, тон тігіп, шұлық тоқып беру тапсырмасын сөзсіз орындауы керек. Ол үшін дайын жүн таптағандар ескі көрпелерін сөгіп, оны тутіп, иіріп, белгіленген күні комиссияға тапсырады. Ол орындалмаса майданға қарсылық жасаған жан болып шыға келеді.

Осындай қым-қуыт жұмыс арасында жүріп, қазақстандықтар РСФСР, Украина, Беларусь республикаларынан келген панасыз балалар мен майдандағы жауынгөрлердің отбасыларын қамқорлыққа алды. Өзегі талып жүріп, өзгегені жарылқады. Мәселен, 1943 жылдың көктем егісі қарсанында жау қоршауынан босатылған аудандарға

360 вагон ауыл шаруашылық өнімдерін, 73000 пүт бау-бақша тұқымдарын, 44000 тонна жанаң-жағар май, 16000 дана киім-кешек, 189766 жұп аяқ киім, 123000 дана ыдыс-аяқ, 47550 метр тауар, 21000 бас сауын малдарын жіберді.

Әділдігін айтқанда, бұл кезде Қазақстан еңбекшілері, әсіресе, қазақтар өздері ішер асқа, киер киімге жарымады. Тіпті ауылдарда қауақтан қасық, ожау, тоостаган, жыңғыл тамырынан қасық жасап күн көрді. Маңғыстаулықтар балшықтан сабын жасап пайдаланды. Қазақстанның көптеген жерлерінде жыңғыл, қоян сүйек, жиде, тал, т.б. ағаштардың тамыры мен қабығын қайнатып бояу алып көндерін бояп, аяқ киім жасап киді. Бірақ жат жұртқа, майданға бар тәуірі-мізді бердік.

Соғыс жылдарында жекелеген ұжымшарлар мен қалалардың жаудан тазарған қалалар мен селоларға жасаған қамкорлықтары да бір тебе. Мәселең, Жамбыл облысының «Красная звезда» ұжымшары Ставрополь өлкесінің Курск ауданының Н.Крупская атындағы ұжымшарын шепке алып, оған 2 жылқы, 2 сиыр, 10 қой, 10 торай, Батыс Қазақстан облысының Зеленый ауданының Фрунзе атындағы ұжымшары Ленинград облысының Тихвин ауданына 5 бұқа, 2 сиыр, 4 жылқы, 60 қой, 30000 сом ақша берді. Атыраулықтар 1944 жылы Почеп қаласын шепке алып, оларға 437000 сом ақша, 3018 үй мүліктері, 31000 келі азық-түлік (оның ішінде 22000 келі балық) және балалар мекемелеріне көптеген жабдықтар жіберді.

1942 жылы – Қарағанды облысы Ленинград қаласына 200 тонна азық-түлік, актөбеліктер – 1800 пүт бидай, шығысқазакстандықтар – 380 центнер май, семейліктер – 500 центнер ет, жамбылдықтар – 500 центнер қант, Батыс Қазақстан облысы Ленинград облысының 15 ауданын, қызылордалықтар Балтық флотының 260-теніз жаяу әскері басқармасын, Орел облысының төрт ауданын шепке алғаны, Орел облысына көмекке 1 миллион 139642 сом ақша, 46 жылқы,

44 ірі қара, 245 қой-ешкі, 44 келі май, 385 келі ақ күріш, 2866 келі жүн, 2825 келі қауынқақ, 2333 келі ет, 152 тонна балық, көптеген киім, дәрігерлік жабдықтар жібергені мұрагат құжаттарында бар.



Мемлекетке астық тапсыру  
1942 ж.

Жамбыл облысы Луговой ауданы

Жасыратын несі бар, мұндай қайырымдылық Қызыл империяның қысымымен істелді. Өйткені, осында қамқорлық жасалып жатқан кезде Қазақстанның бірқатар облыстарында 1932 жылғыдай адам жеу фактілері болмағанымен, өзегі талып өлмес үшін қоғаның түбіртегі мен қамыстың борығына дейін жеп күнелткен жандар болды. Өзімізді өзекке теуіп, өзгені жарылқаудың салдарынан еңбекке жарамсыз қарттар мен әйелдер, балалар қайыршылық етті. Бір уыс бидай алғаны үшін ұры атанып, халық жауы болғандар қаншама?! Амал не, бұл келеңсіздіктер күні бүғінге дейін темір қақпақпен жабылып, қілттеулі жатыр.

Қазақстан еңбекшілерінің, әсіресе, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстары еңбекшілерінің соғыс жүріп жатқан аудандардан кезінде айдалып келген малдарды екі жылдан астам уақыт бағып, күтіп, өсімімен 1943 жылы 5 қыркүйекте өздеріне кері қайтарып бергенін айтпасқа болмайды. Себебі, бұл да қамқорлықтың, қайырымдылықтың, кеңпейіл адап жүректің бір белгісі екендігіне ешкім дау айта қоймас. Өйткені, бұл бір-екі бас мал емес, 82000 бас мал. Оның ішінде 18000 бас мүйізді ірі қара, 49300 бас қой, қөптеген түйе мен жылқы бар. Бұл малдардан Ростов облысына 20000, Сталинград облысына 21000, Қалмақ АКСР-на 32800 бас мал айдалды.

Қазақстандықтардың өзегі талып жүріп жасаған жомарт жүргінің жылуы мұнымен де шектелмейді. 1943 жылы наурыз айында Украина, Краснодар, Ставрополь өлкелеріне, Сталинград облысына Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе облыстары 926 трактор, 40 комбайн, 920 соқа, 330 тұқым сепкіш, 58 автомашина және 906 тракторшы, 225 бригадир, 91 комбайнер, 27 агроном жіберілген. Жинақтап айтқанда, Қазақстан Республикасы бойынша Украина, Беларусь, РСФСР-дың жаудан босаған аудандарына 2700 трактор, 123 комбайн, 880 тұқым сепкіш, 2500 соқа, 144 автомашина, 3950 тракторшы, 636 бригадир, 295 комбайнер, 65 МТС директоры, 115 механик, 115 агроном жіберіп қамқорлық жасаған.

Бұл Қазақстанда ауыл шаруашылығының құрал-жабдықтары артықтығынан, не кадрлардың қөптігінен емес, өздерінде тапшылық болса да жоғарыдан берілген әмірдің күшімен істелгендейгіне құмән жоқ. Оған өзіміз білетін мына жағдайды дәлел ретінде келтірейік. Соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы техникаларын тиімді пайдаланамыз деген мақсатпен трактор және соқалары, тырмалары, тұқым сепкіштері, қосалқы бөлшектері Қызылорда облысы қөлеміндегі МТС-тарға тоptастырылған. Ұжымшарларда мұндай техникалар берілмейтін. МТС басшылары әр шаруашылықта егілетін жерді айдап, тұқым себу, егінін жинау, т.б. жұмыстарын

график бойынша атқаратын. Бірақ, егін жоспарының орындалуына тікелей ұжым төрағасы мен ауыл кеңес төрағалары бірінші жауап беретін. Сондықтан қалай болса да жоспардың графикте орындалуын ойластырып әр түрлі әрекетке баратын. Оған итермелейтін нәрсе – қысымшылық.

Ол кезде әр бес күндік сайын жоспардың орындалуы тексеріліп, оны орындаған басшылар аупарткомның бюросына шақырылып, жауапкершілігі сұралатын. Бюрова мәселесі қаралатын басшылар елден киім-кешегін ала баратын. Себебі, мәселесі ұшқынып, «партиядан шығарылсын, жауапқа тартылсын» деген шешім алынса, бірден қамалатын. Ол кезде КГБ-ның аудандық өкілі бюро мүшесі болатын. Бюрова тапаншасын алдына үстел үстіне қойып, кірер есік аузында екі милиционер күтіп отыратын. Жоғарыдағыдай шешімнің құрбаны болған адамды есік аузында күтіп отырған милиционерлер дедектетіп алып кетіп, бірден абықтыға жабатын. Бұл – сол кездегі жұрттың зәре-құтын ұшырып, үрейін алып, «киіз қазықты жерге қағатын» жұмыс стилі еді. Осы жан алғыш әдіс 1957 жылға дейін сақталды.

Осындай әрекеттерден құтылу үшін ұжым басшылары көктем егісін мерзімде аяқтадық деп ақпар беру үшін ат, өгіз жегетін соқалармен жер жыртып үлгірмейтін болса шенғелден мала жасап, тегіс жерге бидай, арпаларын сеуіп жіберіп, артынан маламен жер бетін тырнап дәнді жерге сіңіріп, ақпар беретін. Қызылорда облысының Аламесек ауыл кеңесіне қарайтын Ақарық, Жаңа арық, Кекпая, Тармакөл, Жанадария дейтін бес ұжым шаруашылық Қызылкүмға жақын Арапқұм, не Атжайған өңіріне осы тәсілмен егін еgetін. Өйткені, трактор және оның басқа да құралдары ұжымшарда жоқ, оның үстіне құш-көліктері де жетіспейтін. Мұндай жағдайды аудан, облыс басшылары білсе де, білмегенситін. Себебі, оған да абырай керек қой.

Бірақ, облыста жағдай осындай тұралап тұрганына қарамастан Қызылорда облысынан 1943 жылы 4 наурызда Краснодар өлкесінің немістерден тазартылған аудандары үшін деп үш эшелон тракторды соқасымен, тұқым сепкіштерді, комбайндарды МТС-тардан жинап алып сол жерлерге жіберді. Еңкейген қарттар мен жүдеу әйелдер, жасы қамелетке толмаған жалаңаш бала көктемнің ызырырық өкпек желіне қеудесін тосып жүріп, өгіз, ат жетектеп жер жыртып, қандай азатқа түсті десенізші.

Бұл егін егудеңі келенсіздік болса, егінді жинау, бастырудың қыындығы онан да сорақы жағдайға апаратын. Ол кезде қазіргідей егін оратын комбайн жоқ. Егін түгелдей қол орақпен орылатын.

Орылған дестелерді баулап, оны арқалап тасып қырманға жинастынбыз. Қырманға үйілген дестелерді молотилка болса молотилкаға дайындал береміз немесе атқа, не өгізге жегілген таспен айдан дән алатынбыз. Таңнан күн батқанша көлік үстінде бір орында тапжылмай отырып, шырайналып астық бастыру да жас балаға онай емес. Әрі өнімсіз, әрі тынымсыз жұмыс. Сонда еңбеккүніне алатын еңбекақың бір күнгі тамағынан артылмайды. Мұндай өнімсіз, азапты, еңбекақысы аз жұмыстарға көбіне 10-13 жастағы балалар пайдаланылды.

Кеңес Одағында соғыс зардабын тартпаған отбасы, ұлт жоқ деуге болады. Солардың ішінде соғыс кезінде Қазақстанға көшірілген 532,5 мың жанның 1941-1944 жылдары «сенімсіз» саналып, Еділ бойы мен Кавказдан, Қалмақ даласынан жер аударылған – 420000 немістің, 24670 гректің, 45529 қарашибайдың, 406373 шешен-ингуштің, 21150 балкардың, 2668 қалмақтың, 13260 түріктің, 5530 құрдтің тартқан азабы мен шеккен қасірет-қайғысының басқалардан кем болмаганы баршаға аян. Қазақтар бұл қасіретті жандарға да жүрек жылуын берді. Өздеріндегі азық-түлік пен тұрғын үй тапшылығына қарамастан оларға жанашырлық танытты. Баспанамен, киім-кешекпен, азық-түлікпен көмектесті. Коммунистік саясатпен «сенімсіз» саналған бейкүнә жандарға пана болды. Еріксіз туған жерінен жер аударылғандармен жарты құртын жарып бөлісті, қазақтың жомарттығын, ақпейілдігін танытты. Оларды қырылудан сақтап қалды.

1941-1945 соғыс жылдарында мұндай азапты жұмыстарды тылдағы майдан ерлері – карттар мен әйелдер, кәмелетке толмаған жастар істеді. Олар өлмешінің күнін көрсе де, ерлікпен еңбек етті. Майдандағы жауынгерлерді соғыс техникалары мен азық-түлікпен, жылы киіммен қамтамасыз етті.

Алайда, майдангерлер де, қазіргі үкімет басындағы шенеуніктер де тылда қайғы-қасіретті арқалап, аш-жалаңаш жүріп олардың атқарған еңбектерін бағалауда, лайықты зейнетакы тағайындауда, женілдіктер беруді ескерген жоқ. Женісті тек майданға қатысқандарғана әкелгендей болды. Солай үғынады, солай үғындырып та жүр. Өкінішті-ақ...

«Ана тілі» газеті  
24 ақпан 2005 ж.


## Танк колонналарын жасадық, титықтадық...

### «Бәрі майдан үшін!»

1941 жылға дейін «Босағамыз берік» деп мақтанатын Кеңес Одағының босағасын неміс армиясы алғашқы жылы, тіпті, алғашқы сағатта десек те болады, ойран ботқасын шығарды, қабырғасын тасталқан етіп қиратты. Бұл жағдай Коммунистік партияның орталық комитетін де, Кеңес үкіметін де, Қорғаныс комитетін де едәуір есептіретіп таставды. «Ал ертең соғыс болса» деп басталатын қуатты ән адыра қалды. «Күшті болса көкте кім, күшті болмақ жерде сол!» ұраны бәсек тартты. Бірақ халық «Бәрі де майдан үшін!» ұранына жұмылды.

Алайда, алғашқы айларда Қызыл армия немістердің тегеурінді екпініне төтеп бере алмады. Оның басты себебі – немістердің шабуылына тойтарыс беретіндей Кеңес Одағының соғыс техникасы – танктері мен самолеттері жетіспеді. Тіпті, танк, самолет, автомат дейміз-ау, жауынгерлерді винтовкамен қамтамасыз ете алмағанын майдангерлердің өздері жырғып айтады. Осында жетімсіздік жөнінде бір ғана мына деректі айта кетейін. 1941 жылдың желтоқсан айында (соғыс басталып кеткеннен кейін 5-6 айдағы жағдай) Баренцов теңізінен Қаратеңізге дейін созылып жатқан майданда 1730 ғана танк болған (КСЭ, 10 т., 546 б.).

Осы дерекке қарап соғыс жүріп жатқан әлденеше мындаған шақырымдық жердің әр шақырымына жау бетін қайтараарлық бір танктен де келмеген-ау деген ой түйесін. Алайда, халық жұмылды. Барлығы соғыс жағдайына бейімделді. Соғыс мұддесіне қолда бар қаржыларын мүмкіндігінше аямай төкті.



Қазақстан Республикасы Қорғаныс корына «Советтік Қазақстан» танк колоннасы мен авиакұрамаларын жасауға 1942 жылдың 18 ақпанына дейін, яғни соғыстың басталғанынан бері сегіз ай ішінде 442 миллион 922 мың сом ақша жылғы откізді.

Ол құжат деректерінде жеке облыстар бойынша:

Алматы – 58365000 сом;  
Батыс Қазақстан – 49108000 сом;  
Оңтүстік Қазақстан – 49091000 сом;  
Семей – 32241000 сом;  
Қостанай – 28851000 сом;  
Солтүстік Қазақстан – 27876000 сом;  
Қарағанды – 27140000 сом;  
Шығыс Қазақстан – 26994000 сом;  
Павлодар – 26374000 сом;  
Ақмола – 25987000 сом;  
Жамбыл – 25201000 сом;  
Ақтөбе – 24546000 сом;  
Қызылорда – 20937000 сом;  
Гурьев (қазіргі Атырау) – 20211000 сом жиналған екен.

Халықтан жиналған осындағы мол қаржылардың нәтижесінде 1942 жылдың қараша айында Кеңестер Одағы 6014 танкті майданға шыгаруға мүмкіндік тапты. Былайша айтқанда, бұл 1941 жылдың соңғы айларымен салыстырғанда Кеңес Одағында танктер саны төрт есеге жуық есті деген сөз.

Қазақстандықтардың жиналған қаржысына жасалған танк колонналары 1942-1943 жылдары Сталинград, Курск, 1944 жылы Беларусь, кейін Висла-Одер, Берлин операцияларында ерлік көрсеткені 1941-1945 соғыс жылдарының шежіресінде жазылды. Оның бір ғана дәлелі ретінде тек Сталинград шайқасына ғана «Қазақстан комсомолы» атты танк колоннасынан 42 танк қатысқанын айтсақ та болады.

### Қаржы осылай жиналды...

Әділдігін айтқанда, халықтың мұндай қолдауы, Мәскеу мен Сталинград қалалары үшін болған қырғын шайқаста кеңес әскерлерінің көп қырылғанына қарамастан жеңіске жетуі Кеңес үкіметінің, Бас қолбасшының, халықтың жеңіске деген сенімін нығайтты, әрі бұл соғыс «моторлар соғысы» екендігіне олардың көздерін жеткізді, бұл соғыс танктердің, самолеттердің, зенбіректер мен миномет, автоматтардың соғысы болды. Олардың санын көбейту, сапасын жақсарту тағы да қосымша қаржыларды қажет етті. Оның жолы іздестірілді. Ол жол да табылды. Ең тиімді, қолайлы жол – ұжымшарға, ауданға, не облысқа, жеке тұлғага бастама көтерту арқылы шешілді.

Сөздің реті келген соң айта кетейік, осы бастама (ұндеу) көтеру деген сөзді қазіргі күнге дейін қаз-қалпында түсінушілік бар. Жастар бұл сөздердің көлеңкелі жақтарынан хабарсыз. Ал, бұл жұмысты жоғарыдан бұйрық беріп жасап, ұйымдастырған Коммунистік партия «ол патриоттық бастаманы халық өз жүрек қалауымен жасады» деп ұғындырады. Партия, кеңес орындарында қызмет еткен 40 жылдық өмірімде қозім жеткен шындық осылай. Ондай мәселені (тіпті республикалық, одақ қөлеміндегі лаузымды адамдарға жіберілетін құттықтау хаттарға дейін) республикалық, одақтық орталық партия комитеттері шешетін, солар белгілейтін де ұйымдастыру жұмыстарын тиісті облыстық, аудандық партия комитеттеріне жүктейтін. Мұндай күрделі мәселе түгіл, сиездерде, конференция, пленумдарда, кеңестер мен мәжіліс, слеттерде сөйлеушілердің тізімдері алдын ала белгіленіп, олардың сөздері күні бұрын дайындалатын. Бірнеше тексерушілердің сүзгісінен өтетін, өндөлетін, кейде қайта жазылатын. Сондағысы – сенбестік, сақтық.

Бұл бұл ма республика бойынша жыл сайын қабылданатын социалистік міндеттемелердің өзі республикалық баспаханадан 1000 дана болып басылып, облыс, аудандарға стандарт етіп жіберілген. Сол міндеттеменің аяғына міндеттемені қабылдаушының қолы қойылатын ашық орын қалдыратын. Сол ашық қалған орынға «қабылдадым» деп қол қойдырып, «12 қантардан қалдырмай жеткіз, газетке жарияланады», - деген қатынас-бұйрық тіркелген құжаттар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұр.

Дәл осы тәсілмен 6 ақпан 1943 жылы «Правда» газетінде жарияланған «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне хаты» да әр аудан, облысқа осы тәсілмен таратылды. Мұны халықтың өз еркімен істелген ісі деуге бола ма? Мұндай келеңсіздік кеңестік кезенде қалыптасқан қағида еді. Мұны ұйымдастырушы партия органдары өздері еш уақытта көзге көрінбейтін, бұқараның қолымен от көсейтін, тек баспасөз құралдарында мынадай ұжым, ұйым, мекеме не жеке адам бастама (ұндеу) көтерді деп жариялайтын. Бұл қалыптасқан жазылмаған ережені кеңестік кезенде партия, кеңес органдарында қызмет еткен азаматтар біледі.

Міне, Қызыл әскерге қуатты танк колонналарын жасау қорына қаржы жинауда осы тәсіл қолданылды. Таңдау Тамбов облысына түсті. 1942 жылдың алғашқы онкүндігінде Тамбов облысының өңбекшілері «Тамбов колхозшысы» деген танк колоннасын жасау қорына екі апта ішінде 40 миллион сом қаржы жинап, бастама көтерді.

## Қазақстандықтардың қаржысына жасалған...

Ол кезде ұлт республикаларында Мәскеуден ескен жылы лепті тез арада сінірге, жүзеге асыруға асығатын әдет қалыптасқан. Тамбовтықтардың бастамасын қазақстандықтар бірден іліп әкетті. Республика көлемінде бұл бастаманы бірінші қолдаған Ақтөбе облысындағы Буденний атындағы ұжымшар болды. Олар «**Қазақстан колхозшысы**» атты танк колоннасын жасау жөнінде бастама көтерді және «Қазақстанның барлық ұжымшарлары, ұжымшар мүшелері өз қаржыларынды «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасауға салындар, әр облыста танк колоннасын құрындар. Бұл сендердің жауынгерлерге тартқан зор тартуларын болады. Эрбір ұжымшар мүшесі қаржы жинау жұмысына белсene қатыссын», - деген қаулы алды. Сөйтіп, ақтөбелік ұжымшарлар мүшелері аз күннің ішінде-ақ аталған қорға бір миллион сом қаржы жинап, мемлекеттік банкке өткізді.

Бастаманы ақтөбеліктерге көтертіп алғаннан кейін, идеология белсенділірі оны орындаудың көрігін қыздыра тусты. Жер-жерде ақтөбеліктердің бастамасын қолдайтын митингілер, жиналыштар өткізді, плакаттар ілді, радионы сайратты. «Көп түкірсе көл болады» деген расқа шықты.

Бас-аяғы бір ай шамасында, яғни, 25 қантар 1943 жылы БК(б)П Орталық комитетінің Бас хатшысы, Қорғаныс комитетінің төрағасы, Бас қолбасшы И.В.Сталинге Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Н.Скворцов, Қазақ КСР Жоғарғы кенесі президиумы төрағасы Ә.Қазақбаев, Халық Комиссарлары кенесінің төрағасы Н.Оңдасынов, «Қазақстан ұжымшарларының мүшелері «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасау қорына 270 миллион 685000 сом ақша, 732287 пүт астық, 82000 пүт күріш, 33889 пүт ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсырды. Қаржы жинау онан әрі жүргізіліп жатыр» деп жеделхат жіберді. Бұған Сталиннен Қазақстан еңбекшілеріне, республика басшыларына алғыс сезімін білдірген жеделхатпен жауап жетті. Бұл хат Қазақстанда әр түрлі атаулармен танк колонналары мен самолет эскадрильяларын, сұнгуір қайықтарды жасау жөнінде бастама жасауға негіз қалады. Олардың қандай атаулармен өмірге келгенінен қазіргі жастар хабарсыз әрі келешек үрпаққа қажет деп есептеп, олардың толық атауларын беруді жөн көрдік.

Ең алдымен, ақтөбеліктердің бастамасына сәйкес жасалған «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасынан басқа әр облыстың өз алдына:

- «Ақмолалық колхозшы», «Алматылық колхозшы», «Ақтөбе колхозшысы», «Қызылорда колхозшысы», «Гурьев колхозшысы», «Павлодар колхозшысы», «Семей колхозшысы», «Қарағанды колхозшысы», «Солтүстік Қазақстан колхозшысы», «Жамбыл колхозшысы», «Батыс Қазақстан колхозшысы», «Оңтүстік Қазақстан колхозшысы», «Қостанай колхозшысы» атты танк колонналары.

Кәсіпшілікке, ұйымдарға байланысты:

- «Совхоз жұмысшысы», «Қарағанды шахтері», «Қарағанды теміржолшысы», «Қазақстан мұнайшысы», «Ембі мұнайшысы», «Қазақстан балықшысы», «Байланысшы», «Қазақстан металургтері», «Диірменшілер» (ұн шығаратын зауыттар есебінен), «Қазақстан тігіншілері», «Алматылық тігіншілер», «Советтік кино қызметкерлері», «Қазақстан өндіріс кооператорлары», «Қазақстан искусствосы», «Қарағанды ет-сүт өнеркәсіп қызметкерлері», «Түрксібшілер», «Түркесіб жұктасушылары», «Совет интеллигенттері», «Қазақстан қолонершілер кооперациясы», «Қазақстан мұғалімдері», «Қазақстан орманшылары», «Женіл өнеркәсіп қызметкерлері», «Советтік физкультурашылар», «Совет студенттері», «Оңтүстік Қазақстан осоавиахимшылары», «Ақмолалық осоавиахимшылар», «Қазақстан комсомолы», «Қазақстан пионері» атты тағы басқа танк колонналары жасалды.

Ақша табуға құныққандық соншалық, жалпы атаумен:

- «Советтік Қазақстан», «Еңбек рекорды», «Вихровец» (Шымкент қорғасын зауыты), «Алматылық» (Алматы аяқ-күй фабрикасы), «Теректілік» (Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы), «Гигант ұжымшары» (Солтүстік Қазақстан облысы Булан ауданы Киров атындағы ұжымшар), «Алматы майданға» (Алматы, №3 баспахана) және «28 батыр – панфиловшылар», «Мәншүк Мәметова», «Әлия Молдагұлова», «М.Ғабдуллин», «Жамбыл Жабаев», «Ағайынды Тепляковтар», «И.Сталин», «К.Ворошилов» аттарында танк колонналары құрылды.

Танк колонналарына қаржы оңайлықпен жиналмады. Жоғарыда аталған 60-тан аса танк колонналарының әрқайсысына ақша жинау жұмыстарының арасында тыныс болмады. Барлығы аралас, қосарлана жүргізілді. Ақшасы барлары ақшаларын, ақшасы жоқтары бірнеше күндік енбекақыларын беруге ведомостқа қолдарын қойды. Жеті сайын жексенбілікке шығып, тапқан табысын ортаға салды.

Соғыс жылдарында майдан мен тылдың айырмашылығы – бірінде қанды майданда самолеттер тастаған бомбалардан, жау танкілері мен зенбіректердің бораған оқтарынан жазықсыз жандардың қандары төгіліп жатты, екіншісінде, мылтықсыз майдан журді.

Өйткені, олар өздері ас-суға, киер киімге жарымай жүріп, майдан талабын орындау үшін мал-жанын да, мұлқін де аяған жоқ. Егін екти. Мал бақты. Зауыт, фабрикаларда, шахталарда, теміржолда зорыққанша тынымсыз еңбек етті. Тіпті, мұрағат құжаттарында 36 сағат бойы шахтадан шықпай еңбек еткен шахтерлердің есімдеріне дейін көрсетілген. Жан төзгісіз жағдайда мұнай, көмір, металл өндірді.

Сөйтіп жүріп көптеген салықтарды төледі, 60-тан аса танк колонналарын жасау қорынан басқа «Отан қорғау» қоры дегенге де қомақты қаржыларын берді.

Майдандағы жауынгерлердің, соғыс қарулырын жасайтын жұмысшы-қызметкерлердің мерекелеріне арнағы вагондан азық-түлік, жылы киім, сыйлық жіберіп тұрды. Мұндан сыйлық жіберуден Ленинград, Мәскеу қала-лары да қалыс қалмады. Жау табанынан та-зарған Украина, Беларусь республикаларына, Ставрополь өлкесіне, Сталинград, Ростов, т.б. қалаларды қалпына келтіруге ақшалай, малдай, заттай көмектер бергенін бұдан бұрын айтқанбыз.

Бұларға қосымша соғыс жылдарындағы Қорғаныс қорын молайту үшін шығарылған 3 миллиард 184 миллион 695 мың сом заемды сатып алу халыққа қосымша тауқымет әкелгені сөзсіз.

### Құйтұрқы тәсілдерден балалар да қағыс қалған жоқ...

1941-1945 соғыс жылдары халқымыз майданға осы ғаламат қаржы мен азық-түлік, жылы киімдер беруге мәжбүр болды.



Халық қажыды. Соғыстың тезірек бітуін тағатсыздана күтті. Ақша жинайтын осындай құйтұркы тәсілдер түгі жоқ студенттерге де, оқушыларға да қолданылды. Мысалға, Қарағанды облысының №8 орта мектебі «Қазақстан мұғалімдері», Ақтөбе обкомының лекторы Исаак Львович Трегубов «Совет интеллигенттері», ҚазМУ студенттері «Совет студенті», Семей облысының Жана Семей стансасындағы №2 мектеп пионерлері «Қазақстан пионерлері» танк колонналарын жасау жөнінде бастама көтергені рас. Бірақ, бастама көтергенде олардың әрқайсысы аталған қорларға 8000-30000 сом арасындаға ғана қаржы салып бастама көтерді ғой. Олардың онан артық табарлық қауқары жоқ еді. Лектор қосымша табыс таппайды, пионер де солай. Студенттер қай заманда да ақшаға жарымай өткендер. Лажсыздан пионерлер мақулатура жинаады, студенттер стипендиясының 25%-ын беруге шешім шығарды.

Тіпті мынадай сорақылықтардың да орын алғанын мұрағат құжаттарынан көріп, жаңымыз түршікті. Ерлері, балалары майданда қан кешіп жүргендердің әйелдері мен аналарына да «Майдангерлердің семьясы» деген танк колоннасын және «Майдангердің анасы» атты авиаэскадрильясын жасау жөнінде бастама көтерткен екен.

Ойлап қарайықши, майдангердің анысы – кәрі-құртандардың аз қаржысымен танк колоннасы жасалады дегенге кім сенеді? Мектеп пионерлерінің танк соғатындағы қаржы табатын қауқары болса, соғыс жылдарында қалтасы тесік үкімет әр мектепте балалардың өзегі талмас үшін бір мезгіл тамақ беруді неге ұйымдастырыды? Шындығы сол – Қызыл империя олардан қомақты қаржының өнбейтіндігін жақсы біле тұра әдейі ұйымдастырыды. Майданға баласы, әкесі, туысы кетпеген үй сирек. Баласы мектепте оқымайтын үй жоқтың қасында. Сондықтан бұл оларға бастама көтертіп алып, халықтан ақша өндіруге жасалған айланың бір түрі болғанына дау жок. Қаржы жинаудың осындай «тәсілдері» халықты әбден қалжыратты, титігіна жеткізді. Оларды ең қимас заттарын қорға салуға мәжбүр етті. Күн көрерлік заттарын сыйырып алды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сакталған құжат деректеріне назар салыңыз.

«...Мен танк колоннасын жасау қорына Қызыл крест қоғамы сыйлаған алтын білезігімді бердім. Бүкіл Қазақстан әйелдері, сендерді өздеріңнің сақиналарынды, білезіктерінді, сырғаларынды, түйреуіштерінді (*брюшка*), қымбат, әшекей заттарынды «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасау қорына тапсыруға шақырамын. Сөйтіп, Қызыл әскерді қүштейтеді деп сендерге сенемін», - деп жазыпты Алматы қалалық партия комитетінің лекторы Мария

Шахматова. Тағы бір деректі құжатта Алматы қаласы Фрунзе ауданы №24-25 үй басқармасына қарасты отбасындағы әйелдер 880 сом, соның ішінде Ковшова – 200 сом, Милякова – 50 сом, Жамбыл облысы Көктерек ауданынан Барская – 300 гр. алтынын танк колонналарын жасау қорына салғаны көрсетілген.

Ол ол ма, өздері туған жерінен Қазақстанға көшіріліп, ас-суга, баспаанаға жарымай жүрген Молдова, Киев, Полтава, Моссовет атындағы театр әртістерінің концерт қойып тапқан аз ақшалары да өздеріне бұйырмады, танк колонналарының қорына сузып кетті. «Советтік молдаван», «За радянску Україну» деген танк колонналарын жасауға бастама көтерді.

«Ашыққаннан құныққан жаман» дейтін рас екен. Тарихи деректер жау қоршауында тұрған Мәскеуде «Мәскеу колхозшылары», Сталинград майданында қан кешіп, өмір мен өлім арасында жүрген солдаттар мен офицерлерден де ақша жинап, «Гвардеец» атты танк колонналары жасалғандығын көрсетеді.

Тарихи құжаттардан алынған бұл деректер қатыгездік пен тасбауыр, безбүректікті көрсетсе керек. Мұндай үкімет пен партиядан қайырым, шапағат, мейірім күтудің өзі артық секілді. Міне, осындағы әрекеттермен КСРО-ның танк колонналарын жасау қорына 1945 жылдың Женіс күніне дейін 4 миллиард 184 миллион 395 мың сом қаржы түсті. Халықтың табан ет, маңдай терінен сығып, өңешін буып, езуінен жырып алынған осындағы қаржылар кеңес әскерінің танктері мен самолеттерінің, басқа да соғыс құралдарының саны мен сапасын арттырды. Женіс күніне дейін Кеңес Одағында сағатына 35-55 шақырым жылдамдықпен жүретін бір зеңбірек (75, 76, 85, 88, 122 мм), екі пулеметпен жарақтанған әр түрлі маркалы 95099 қуатты танкілері болды.

Бірақ, ол танкілер қалай жасалды? Оның себептерін жогарыда біршама айттық. Халық бар байлығын сиптирып бергенде өзін ойлаған жоқ. Әскердегі балаларымыз, әкелеріміз, жарларымыз соғыстан жеңіспен оралса деген ниетпен жасады. Женіс өте қымбатқа түскенін бүкіл әлем біледі. Ол, қазақ халқы үшін де орасан зор ауыртпалық әкелді. Бар салмақ елде қалған, қайғының қалың тұманында жүрген қарттардың, әйелдер мен балалардың мойнына түскенін несіне жасырамыз?

«Ана тілі» газеті  
14 сәуір 2005 ж.

## **Қазақстандықтар қаржысына жасалған ұшақтар**

### **Кәделі ІІсқақова – самолет жасаудың көш бастаушысы**

Кеңес үкіметі самолет жасау ісіне азamat соғысы аяқталысымен кіріскеңімен, ол өндірісте баяу дамыды. Алғашқы АНТ-тың (А.Туполевтің спорттық монопланы) өзін кеңес ұшқыштары 1925, 1927, 1937-жылдары Мәскеу – Пекин, Мәскеу – Токио – Мәскеу, Мәскеу – Нью-Йорк маршруттары бойынша қонбастан ұшып, тұнғыш сынақтан өткізді. Бұл сынақтар самолеттерді әскери және азаматтық етіп құруға, әрі олардың жылдамдығын, бірден тік көтерілу мен төмендеп қону тетіктерін жетілдіруге негіз қалады.

1941 жылғы соғыс басталған кезде Кеңес соғыс самолеттері Германия самолеттеріне техникалық жағынан төтеп берерліктеі дәрежеде жетілмеген, әрі ебедейсіз, қарулары мardымсыз, оның үстіне, саны жағынан да жетімсіз болып шықты. Сондықтан, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің тікелей басшылығымен соғыстың қайнаған қауырт күндерінде соғыс самолеттерін жасауға, қайта жасақтауға кеңес авиаконструкторлары, инженер-техниктері жан алып, жан беріп енбек етті. Соғыс самолеттерінің сапасын жақсартып, санын көбейтуге кірісті. Халықтың қолдауымен самолет жасайтын зауыттар құрылды. Қазіргі қолда бар деректерге сүйенсек, тек Қазақстан халқының жинаған қаржысынан әр түрлі атаулармен 17 самолет құрамасы, эскадрильясы, звеносы құрылған. Олардың бірқатарын білгенімізben, кейбірін білмейміз. Кімнің бастама көтергендінен хабарсызыбыз.



**Кеңес Одағының Батыры подполковник Лысенконың ұшақтары  
тапсырма орындауға ұшар алдында**

Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі майданды қуатты самолеттермен қамтамасыз ету үшін танк колонналарын жасау жөнінде қандай ұйымдастыру жұмыстарын іске асырса, бұған да сол тәсілді қолданды. Ол тәсіл бұдан бұрынғы мақалада жеткілікті айтылғандықтан, оған қайта оралудың қажеті болмас.

Тарихи құжаттар Қазақстанда соғыс жылдарында самолет жасау жөніндегі үндеу көтерудің көшбасшысы Кәделі Ысқақова екенін көрсетеді. Ол Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы Құрманғазы (бұрынғы Теніз) ауданы «Карл Маркс» атындағы ұжымшар төрағасы қызыметін атқарып жүргенде, өз қаржысынан КСРО Қорғаныс қорына 175000 сом беріп, осы қаржыға жасалған самолетті өз жерлесі, ұшқыш Василий Иванович Ишинге тапсыруды сұрап, Қорғаныс комитетінің төрағасы И.В.Сталинге жеделхат жолдаған. И.В.Сталин: «Қызыл армияның әуе күштеріне жасаған қамқорлығының үшін жолдас Ысқақова менің сәлемімді және Қызыл армияның алғысын қабыл алыныз. Сіздің тілегіңіз орындалады» деп жауап қайтарды. Кәделі Ысқақованың бұл бастамасы бүкіл Қазақстан еңбекшілерінен қолдау тапты. Қазақстан еңбекшілерінің соғыс самолетін жасау жөнінде бастама көтеруіне негіз қалады.

### **«Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасы осылай туды**

Кәделі Ысқақованың бастамасын бірден қолдаған Алматы облысы Алматы селолық ауданының «Луч Востока» ұжымшары еңбекшілері. Олар «Кеңестік Қазақстан» атты самолеттер құрамасын жасауға үндеу көтерді. Ұжымшар ферма менгерушісі А.В.Матвеева, бес майдангердің әкесі Ниязов, майдангердің анасы, ұжымшар бригадирі Соскова, комбайнер Алехин, т.б. көптеген азаматтар авиақұрама қорына бірнеше мындаған сом қаржыларын салды.

«Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасын жасау қорын молайтуға енкейген кәрі мен есін білген балаға дейін қатысты, көтеріңкі міндеттемелер алды. Мәселен, Балқаш молибден фабрикасы, мыс зауыты, Ақжал, Қоңырат кеншілері өздерінің жоспардан тыс өндірген өнімдерін «Кеңестік Қазақстан» авиақұрама қорына аударды және «Бір де бір кенші социалистік жарыстан тыс қалмасын!», «Күндік жоспарын орындаіттын бір де бір кенші болмасын!» деген ұран көтерді. Бұл ұранға қосылмаған жан болмады. Қаралы қағаз алып, қайғылы күндерді өткізіп отырған отбасылары да тапқанын бұл қорға салды.

«Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасын құру қорына қаржы жинау жөнінде Алматы селолық ауданы Ленин селолық тұтынушылар

одағының мүшелері республиканың барлық тұтынушылар коопeraçãoцияларының мүшелеріне үндеу көтерді. Өздері бірінші болып бұл қорға 20000 сом қаржы салды. Ақмола облысы «Октябрь» тұтынушылар одағының тәрағасы Бисенбаев 500, ұжым мүшелері 18000 сом, «Бірлік» селолық тұтынушылар коопeraçãoциясының мүшелері 20000 сом, Қазақ КСР ҒА-ның экономика ғылыминың докторы Черномырдин 9757 сом ақшасын осы қорға салды.

«Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасын жасау қорын тек кооператорлар емес, бүкіл ел толықтырды. Соның бір дәлелі ретінде – Ақтөбе облысы, Новоресей ауданы «Коминтерн» ұжымшарының комсомол жастары 20000 сом, «Бөгөтсай» МТС-ның жұмысшы-қызметкерлері 11000 сом салғанын айтсақ та болады.

Жалпы қорытындысында 1943 жылдың 5 ақпанына дейін «Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасының қорына 407 миллион 355000 сом ақша, 1 миллион 574820 пүт астық құйылды.

### **Авиаэскадрильялар жасауға пионерлер де көмектесті**

Балқаш және Жезқазған кеншілері «Балқаштық» және «Қазақстан металлургтері» деген екі авиаэскадрилья жасап, «Кеңестік Қазақстан» авиақұрамасының құрамына қосу жөнінде шешім алды. Бұл шешімдер де аяқсыз қалмады. Республиканың металлургтері мен кеншілерін айтпағанда, осы бастамаға республиканың бүкіл еңбекшілері, жұмысшылары қосылды. Алғашқы күннің өзінде-ақ, бұл қорға 1 миллион 170000 сом қаржы түсті. Солардың ішінде «Прибалхашстрой» құрылыс бастығы Курганов, бас инженер Симонов, «Қоңырат» руднигінің бас механигі Маринин 4700 сомнан 7000 сомға дейін қаржыларын берді.

«Қазақстан комсомолы» самолеттер эскадрильясы – 1943 жылдың басында Арас қаласындағы жастардың бастама көтеруімен өмірге келді. Бұл бастаманы Қазақстан Комсомолы Орталық комитеті қуаттады. Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің қаулысы барлық ұйымдарда талқыланды, митингілер өткізілді. «Қазақстан комсомолы» авиаэскадрильясы қорына қаржы салмаған республикада бірде-бір комсомол, пионер қалмады. Қызылорда облысының жастары бұл қорға бір миллион сом, соның ішінде бастамашы Арас ауданының комсомолдары 150000 сом, Жаңақорған ауданының жастары 80000 сом жинап тапсырды. Қарқаралы ауданының мектеп оқушылары 21000 сом, соның ішінде пионерлер Әбілова, Жансәтімовалардың әрқайсысы 1000 сомнан, Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының әртістері 70000 сом, Солтүстік Қазақстан

облысының Смирнов пос. тұрғыны Ахметов 10000 сом, «Сары томар» артелінің мүшесі Мұқшина, соғыс мүгедектері Тілесбаев, Мәмлебаевтардың әрқайсысы 1000 сомнан үлестерін қосты.

«Көп түкірсе, көл болады» деген сөз рас болды. Нәтижесінде, бұл қорға 9 миллион 500 мың сомнан астам қаржы жиналды.

### **Ұйымдар мен жеке азаматтар қаржысына жасалған...**

Ұйымдар мен жеке азаматтар қаржысына жасалған самолеттер Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті идеологтарының үндеу көтеруімен өмірге келді. Өйткені, олар қомақты қаржының кімдерде бар екенін нақты білді.

Біріншіден, Қазақстанда соғыс жылдарына дейін «Динамо», «Спартак» секілді спорт ұйымдары жастар арасында беделді болды.

Екіншіден, соғыс жылдарында ауқаттылар тاماқ өнеркәсібі саласына шоғырланған. Олардың қолында астықтың, азық-тұліктің барлық түрлері де, қаржылары да мол болды.

Үшіншіден, бұл кезде майданға баласы кетпеген отбасы сирек.

Осы ниетпен Алматы қаласының физкультура активтеріне республикалық «Динамо», «Спартак» спорт ұйымдарына, физкультура техникумына «Кеңестік физкультурашылар» авиақұрамасын жасауға үндеу көтертті. Олар әр түрлі жарыстар өткізіп, онжарым мың сом ақша жинады. Қалған қаржының орнын толықтыру максатында республика еңбекшілерін, оқу орындарын өздерінен улғі алуға шақырды. Алматы теміржол торабындағы майдангерлердің аналары – Филатова, Ильина т.б. белсенді әйелдерге «Майдангер аянасы», тاماқ өнеркәсіпшілеріне «Тамақ өнеркәсіпшілері» атты авиаэскадрильяларын жасау жөнінде бастама көтертті. Осы тәртіппен Семей ұн зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері «Семейлік», Ақтөбе еңбекшілері «Ақтөбелік», Қарағандының №33, 34 және К.О.Горбачев атындағы шахталардың әйелдер кеңесінің басшылары – Тютяева, Позднякова, т.б. «Қарағанды әйелдері» авиаавионоларын жасауға кірісті. Семейліктер өздерінің жинаған қаржысына жасалған самолетті 1-Беларусь майданының тандаулы майдангер ұшқышына тапсыруды сұрап, Бас қолбасшыға хат жазды. Оған Авиақолбасшысы: «Сіздердің жасатқан самолеттерінің қысқа мерзімде жаудың бес самолетін атып түсірген тандаулы ұшқыш Рашит Бекетовке тапсырылды» деп хабарлады.

Қарағанды шахталары әйелдер кеңесінің үндеуін тіреу қоюшы, көмір қопарушы әйелдер мен қыздар бригадалары, отбасындағы әйелдер қызу қолдады. Олар өздерінің міндепті жұмыстарынан тыс



уақытында забойға түсті. Қемір қопарды, қемір тиеді, жүк түсірді. Соナン 185000 сом ақша тапты. Осы ақшага «Қарағанды әйелдері» атаумен С-2 типті үш санитарлық самолет звеносын жасауды сұрап, Жоғарғы Бас қолбасшыға хат жазды.

Бастама көтертушілер назарынан Мақтаарал ауданы «Сакко және Ванцеттий» атындағы ауыл кеңес хатшысы Жұманов та (Жұмаков) тыс қалмады. Ол 401 мың сом қаржысын самолет жасау қорына салды. Қорғаныс комитетінің басшысы И.В.Сталиннен Жұманов өз қаржысына жасалған самолетті «Мақтаарал колхозшысы» деп атауды сұрады.

Бұған дейін қалыптасқан дағды бойынша, бұл самолеттердің қалған қаржылары жалпы халықтың мойнына түсті. Бірнеше жуз миллиондаған қаржы жиналды.

### **Жеке тұлғалар есімдерімен жасалған...**

«Қажымұқан Мұцайтпасов» атындағы самолет – француз күресінің әлемдік жеңімпазы, атакты палуан Қажымұқанның өз еңбегімен тапқан қаржысына жасалды. Осы жерде шегініс жасап бірқатар деректі айта кеткен жөн. Себебі, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағат деректерінде Қажымұқан өз қаржысына жасалатын самолет «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді Иманов есімі берілсе» деп И.В.Сталинге жедел-хат жазғандығы көрсетілген.

Ал, майдандық «Қызыл армия» газетінде (01.05.1945 ж., №31) ол самолет Қажымұқан есімімен аталғандығы жазылған. Оның үстіне, «Өз қаржынызға жасалатын самолетті қазақ ұшқышына тапсыруды сұраған өтініш хатынызға байланысты Жоғарғы командованиенің бұйрығы бойынша қазақ ұшқышы Қаджай (Қажытай не Қажы болуы мүмкін – З.И.) Шалабаевқа тапсырылды» деп айқын көрсеткен.

Онан әрі Қажымұқан қаржысына жасалған ПО-2 самолеті ұшқыш Қ.М.Шалабаевқа 1944 жылы 31 желтоқсанда салтанатты жағдайда тапсырылды, митингте Шалабаев: «Мен 83 рет ұрыстарға қатыстым. Сіздің самолетіңізбен Берлин төбесіне жеңіс түүн тіккенше жауды талқандауға серт беремін» деп Қажымұқанға жазған хатын оқыды деп баяндаған.

Сөйтіп, бұл самолетке Амангелді есімі берілмеген, қаржы иесінің ез есімімен аталған. Тарихи деректерге қарағанда, Қ.Шалабаев «Қажымұқан Мұңайтпасов» атындағы самолетпен 120 рет жауынгерлік тапсырма орындаған. 24 маусым 1945 жылы осы самолетпен Бүкілодақтық Женіс парадына қатысу абыройына ие болған. Сол жылы Бас командованиеиң тапсырмасы бойынша Шалабаев Шымкент облысында тұратын самолет иесі – Қажымұқанға келіп есеп берген. Бір сөзбен айтқанда, Шалабаев Қажымұқанға берген сертін орындаған.

Қазақстандықтардың қаржысымен Кеңес Одағының Батыры Мәншук Мәметова атындағы және Амангелді Иманов атындағы самолеттер эскадрильялары да құрылды. «Мәншук Мәметова» атындағы самолет эскадрильясын жасау жөнінде Павлодар облысының Алматы облысы Кеген ауданы мен Қостанай облысы Амангелді ауданы еңбекшілері «Амангелді Иманов» атындағы самолет эскадрильясын жасау жөнінде үндеу көтерді.

«Нұркен Әбдірев» атындағы авиаэскадрильясы 1944 жылдың тамыз айында Қарағанды облысы еңбекшілерінің қаржысына құрылған қуатты самолеттер тобы. Бұл эскадрильяны құруға қаржы жинау жөнінде бастама көтерген Қарағандыдағы №1 шахтасының Осоавиахим<sup>24</sup> ұйымы Себебі, Нұркен Әбдірев майданға аттанғанға дейін осы шахтада еңбек еткен. Патриоттық бастама шахтерлерден кең қолдау тапты. Бірінші болып Әбдіревтің отбасы қаржы салды. Шахтерлер бұл қорға 444492 сом ақша, 85000 сомның мемлекеттік заемының облигациясын тапсырды. Осы қаржыға жасалған авиаэскадрильяны Нұркен Әбдірев есімімен атауды сұрап, И.В.Сталинге жеделхат жолдады. Тілектері қабылданды. «Нұркен Әбдірев» атындағы авиаэскадрилья соғыстың қызырғы күндеріне дейін майдан шайқастарына қатысты.

Бұлармен қатар, Қостанай облысы Жетіғара ауданының еңбекшілері жерлесі, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры атағын алған И.Павлов атындағы, Оңтүстік Қазақстан облысы Шымқорған кеңшарының бұрынғы шопаны, Кеңес Одағының Батыры Тоғанбай Қауынбаев атындағы, Алматы қаласының комсомолдары Кеңес Одағының Батыры, ез жерлестері С.Д.Луганский атындағы самолеттер звеноюын жасауға үндеу көтерді.

«Ана тілі» газеті  
14 сәуір 2005 ж.

<sup>24</sup> Әуе химия шабуылынан қорғану ұйымы – З.И.

## **Сұнгуйр қайықтар да ел қаржысымен жасалды**

Соғыс жылдарында Қазақстан еңбекшілерінің қаржысымен танк, самолеттер жасауға қаржы жинаумен шектелмеді. Сұнгуйр қайықтарды, торпедо катерін, бронды пойыз бен атаулы зеңбіректерді жасауға да қаржы жинағанын тарихи деректерден кездестіреміз.

### **Сұнгуйр қайықтар**

Тарихи деректерге зер салсақ, сұнгуйр қайықтың негізі ерте қаланған. Бұл салада өнер тапқыш Ефим Никонов есімі бірінші аталады. Сұнгуйр қайықтар бірінші дүниежүзілік соғыста да, екінші дүниежүзілік соғыста да соғыстың шешуші майдандарына қатысты. Бірінші дүниежүзілік соғыста 50 метр терендікте 5700-7200 шақырым қашықтыққа жүзе алатын сұнгуйр қайықтар соғыс операцияларында болған. Екінші дүниежүзілік соғыста АҚШ-тың әскери теңіз флоты күштерінде – 111, Англияда – 58, Францияда – 77, Италияда – 115, Жапонияда – 63, Германияда – 57, КСРО-да – 218 сұнгуйр қайықтар майданға араласқан.


Кеңес әскери-теңіз флотының сұнгуйр қайықтары жаудың 87 соғыс кемесін, 322 транспорттын суға батырған. Бұл деректер КСРО-ның басқа мемлекеттерге қарағанда сұнгуйр қайық жөнінде едәуір басым болғандығын көрсетеді. Соған байланысты танктер мен самолеттер жасауға жиналған қаржыларға қарағанда сұнгуйр мен торпедо қайықтар жасауға қаржы аз жиналған және олар санаулығана жасалған.



Мәселен, 1943 жылы Семей облысының комсомолдары БЛЖО ХХҮ жылдығы мерекесінің құрметтіне «Қазақстан комсомолы» атындағы сұңгуір қайығын жасау жөнінде бастама көтерді, 200 мың сом қаржы жинады. Үндеу Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінен қолдау тапты. Оған республиканың шахтерлері, мұнайшылары, ауыл шаруашылығындағы, өндіріс, құрылым, оку орнындағы жастар мен комсомолдар қосылды. Бірнеше күннің ішінде бұл қорға 230000 сомнан астам қаржы түсті. Қарағанды облысының Ленин, Тельман аудандарының жастарының қаржылары қомақты болды. Қызылорда облысының еңбекшілері мен мектеп оқушылары Кеңес Одағының Батыры Жаппасбай Нұрсейітов атындағы, Петропавл теміржол торабындағы мектеп оқушылары мен пионерлері «Солтүстік Қазақстан пионерлері» атты сұңгуір қайықтарын жасауға бастама жасады. Бұл қорларға да көп мөлшерде қаржы түсті. Тек «Солтүстік Қазақстан пионерлері» сұңгуір қайығы қорына 65 мың сомнан аса қаржы жинап, банкке тапсырды. 1943 жылы қараша айында Онтүстік Қазақстан облысының комсомолдары мен жастары Кеңес Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атындағы сұңгуір қайық жасауға 900000 сом қаржы жинады. Бұлардың ішінде Киров ауданы 23 мың, Қаратас ауданы 197 мың, Түркістан ауданы 75 мың, батырдың туған жері – Сыпатаев ауданы 116 мың сом қаржы жинап өткізді.

### Торпедо катерлері

Торпедо катері (катер – ағыл. cutter) – ұзындығы 1,5 метрден 40 метрге дейін, ені 7 метрге, сыйымдылығы бірнеше ондаған келіден 150 тоннаға дейін, жылдамдылығы 3-тен 70 узелге (5,5 – 130 км/сағ) дейін жететін кішігірім кеме, корабль. Соғыс жылдарында әскери теңіз флотында катер жауынгерлік корабль, көмекші кеме ретінде пайдаланды.



1944 жылы Қазақстан комсомолдары мен жастарының жинаған қаржысына «Қазақстан комсомолы» торпедо катері жасалды. Оған бір миллион сомнан аса қаржы жиналды. Қазақстан жастарының тілегі бойынша катер екипажы қазақстандықтардан жасақталды.

«Қазақстан пионері» торпедо катері – 1944 жылы Қазақстан пионерлері мен оқушылары жинаған қаржысына жасалды. Олар жекеңенбіліктер мен сенбіліктерге шықты. Қөктемгі, жазғы демалыстарда өндірістерде, ауыл шаруашылығында еңбек етті. Сейтіп, 1 миллион сомнан аса тапқан еңбекақыларын торпедо жасау қорына тапсырды. Қазақстан пионерлерінің өтінішімен катер «Қазақстан пионері» деп аталды, әрі оның екипажы қазақстандықтардан болды.

### Әлімбетов пен Тасқұлов атындағы бронды пойыз

Оңтүстік Қазақстан облысы Бостандық ауданының еңбекшілері бронды пойыз жасау жөнінде бастама көтерді. Аудан бойынша 1 миллион 200 мың сом қаржы жинады. Бұл қаржыға Тасқұловтың әкесі 5000 сом ақшасын салды. Осы қаржыға соғылатын бронды поезға Кеңес Одағының Батырлары: «А.Әлімбетов пен К.Тасқұловтың есімдерін беруді сұраймыз» деп аупартком хатшысы Назаров, ауатком төрағасы Ташибулатовтың Қорғаныс комитетінің бастығы И.В.Сталинге жазған өтініштері «Сталин туы» және «Отанды қорғауда» майдандық газеттерінде басылды.

Қазақстанда бастама (үндеу) көтеру бәсекеге айналды. Жұқпалы дергітей тарады. Бастама көтермелеген сала қалмады. Басқаны айтпағанда, Қазақстан саясаткерлері киім, тамағы мемлекеттен болса да ашқұрсақ жүрген фабриқ, зауыт оқушыларына да соғыс қаруларын жасау жөнінде үндеу көтерртті. Мәселен №52 ФЗО мектебінің оқушылары осы мектептің бұрынғы түлегі, Кеңес Одағының Батыры болған Владимир Бреусовке сыйлых өтіп бір взводқа жетерлік зенбірек және Бреусовтың есімі жазылған өз алдына зенбірек жасауға 15000 сом қаржы жинап, үндеу көтерді.

Тоқ етерін айтқанда, Кеңес үкіметі Қазақстаннан майданға қажеттінің бәрін сыпырып алды. Халық та еш нәрсені аяп қалған жоқ. Тіпті соғысқа қажет деп итке дейін жинады.

Ие, ие, оған таңданбай-ақ қойыңыз. Бұл құлкі, не өзіл-оспақ үшін келтірген дерек емес. Имандай өзім көрген шындық. Оның бірден-бір дәлелі, 1942 жылы шілде айында Қызылорда облысы Теренөзек ауданы Аламесек ауыл кеңесіне қарасты бес ұжымшардан 35 ит жинап алды. Ол иттерді біздің елде «тау иттері» деп атایтын, қасқырға шабатын ірі иттер еді. Сейтсек, оны жау танкін қиратуға

алыпты. Оны кейін білдік. Арқасына бірнеше гранат байлап, бейшара иттерді танкке қарсы жіберуге әдейі жаттықтырады екен.

## Соғыс үшін халықтан бәрі сызырып алынды

Қазақстан белсенділері ұйымдастырыған үндеулер есепсіз. Оның санын анықтап білу мүмкін емес. Мәскеу, Сталинград жанында жау талқандалса үндеу, Ленинградтан қоршау босанса үндеу, Қызыл армияның әр қаланы жаудан босатып алғанына байланысты И.Сталиннің әр бүйрығын қуаттаған үндеу, көктем егісін егу, оған тұқым жинауға, мемлекеттік астықты тасуға үндеу, танк колонналары мен самолет құрамаларын, сұнгур қайықтар жасауға үндеу, жыл сайын мемлекеттік соғыс заемдарын таратуға, жаудан тазарған қалалар мен селоларға жәрдем, әскерге жылы киім жинау, мерекелеріне сыйлық жіберуге үндеу...үндеу...үндеу.

Осы есепсіз үндеулер елдің бар нәрін сыйып алды. Ұжымшарлар «Мемлекетке берген әрбір дән жауға оқ!» ұранына сәйкес келер жылдың көктем егісінің тұқымына дейін өткізді. Сондықтан тұқымды титықтап отырған ұжымшар мүшелерінен жыл сайын жинауға мәжбүр болды. Мәселен, Қостанай облысындағы бір әйел ұжымға 4 пүт тары, қыстай жеген картошкасының 18 пүт картошка көздерінің кесіндісін тұқым үшін ұжымшарға берген.

Мұндай келеңсіз жағдай жеке-дара емес. Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында орын алған. «Үрттап тоймаған жалап тоймайды» деп халық осындаиды айтса керек. Жүргіттін жинаған тұқым не онды өнім берсін. Оның үстінен күнделік корек етіп отырғанын жырып алып, елді күйзелтті.

## Мемлекеттік заемдар

Халықты ақсирақ еткен үндеудің бірі – жыл сайын шығарылатын мемлекеттік заемдар. Бұл заемдар майдангерді де, тылдағыларды да түгел шарпуды.

Заемды уағыздаушы ақындар:

...Заем – бомба,

Заем – оқ.

Толғауышы женістің

Қалтыратып қас жауды,

Жаңғырсын тағы қаһарлы үн, - деп халық миын улады.

Соның салдарынан, алғашқы 1942 жылғы бірінші соғыс заемы КСРО-да 10 миллиард болып шығарылғанымен, жоғарыдан жа-

салған қысымның, улы үгіттің күшімен екі-ақ күнде 12 миллиард 860 миллион 831000 сом болып орындалды. КСРО-ның құзырындағы басқа республикаларға қарағанда Қазақстанда соғыс заемдары көп мөлшерде таратылған, асыра орындалған екен. Мәселен, Грузия, Армения, Туркменистан, Қыргызстан, Тәжікстан республикаларының барлығында таратылған мөлшердегі сомадағы соғыс заемдарын Қазақстан Республикасының басшылары өз халқына таратыпты. Нақты айтқанда, жоғарыда аталған бес республиканың әрқайсысы жыл сайын 99 миллион сомнан 280 миллион сом аралығында ғана соғыс заемын таратса, Қазақстанда бір миллиард сома шамасында соғыс заемдарын таратқан. Осы деректерді салыстыра келгенде, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен үкімет басшылары И.В.Сталинге жалпақшешейлік көрсеткісі келді ме, әлде «қазақ дарқан», «қазақ кең пейіл», «қазақ жомарт» деген сөздерді дәлелдегісі келді ме, не бақ, мадақ куды ма деген ой елең береді.

Қалай десекте, бір нәрсенің басы ашық. Олар халқы ашығып, 1943 жылды солтүстік облыстарда, 1944 жылдан бастап Ақтөбе және басқа облыстарда ашықкан халыққа көмек көрсету жөніндегі комиссиялар құрылып, жұмыс жасап жатқан кезде «Заемға жазылмаған бірде-бір жан болмасын!» ұраны мен жоғарыдағы аталған қомақты сомадағы заемдар елден өндірілді. Таңданарлығы сол, 1931-1932 жылдардағы аштықпен күресу жөніндегі комиссиялар қайта құрылған. Солай болса да облыстарда бұл заемдар айтарлық мол мөлшерде таратылды. Заемға жазылуда Оңтүстік Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Қарағанды облыстары жүлделі орындарға ие болды. Мәселен, Қаратас ауданы «Үш бұлақ» ұжымшар төрагасы Айдаров – 400000 сомның, Бостандық ауданының «Алғабас» ұжымшар мүшесі Байсүгіров – 125000 сомның, Қызылқұм ауданы «Ленин жолы» ұжымшар мүшесі Қонаев – 110000 сомның, Қарағанды облысының «Передовик» ұжымшарының мүшесі А.Черномыркин – 100000 сомның, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы «Қызыл ту» ұжымшар партия ұйым хатшысы Айтімбетов – 100000 сомның, Гурьев облысының «Еркін» ұжымшар бастығы Жақсымәлиев – 60000 сомның облигацияларын сатып алған.

Жоғарыда айтқанымыздай, соғыс заемын майдангерлер мен мектеп оқушыларына да таратыпты. Мәселен, Бауыржан Момышұлының өзі майдангерлерге 85000 сомның заемын таратуға мұрындық болған. Гурьев облысының Сталин атындағы мектеп оқушысы Жұмагалиева, Жамбыл облысы Жамбыл ауданы «Билікел» мектебінің 12 жасар оқушысы Өтеп Өтебаев, Талдықорған облысы Қапал ауданы «Қоңыр» орталу мектебінің 2-сынып оқушысы Әжібаев,

«Бірлік» мектебінің оқушысы Тұрмекеновтердің әрқайсысы мың жарым – 10 мың сом аралығында заемдарын сатып алғандығы жөнінде құжаттар сакталған. Мектептің төменгі сыйып оқушыларының мұншалықты қаржы таппайтыны дәлелдеуді қажет етпесе керек. Ол ақша ата-аналардың мойнына ілінетіні анық. Әділдігін айтқанда, мұнша көп мөлшердегі ақшалар олардың қолында жоқ. Олар осынша ақшаға «облигация алдым» деген ведомстке қол қойғаны анық.

Оның дәлелі – соғыс жылдарындағы заемдардың үштен бір белгілідейі ғана қолма-қол ақшалай төленген де, қалғандары жұмыстан тыс уақытта қосымша жұмыс жасаудан, жексенбілік өткізуден немесе мемлекеттік жоспардан тыс өнім өндіруден тапқан еңбекақыдан берілді немесе айлық еңбекақының елеулі мөлшерін ай сайын ұстауга берген келісімдер бойынша кейін өндірілді. Себебі, жалпы халықтың қолында оны өтерлік қаржысы да, малы да, мүлкі де болмады. Мұны нақтылайтын тағы бір айғақ – демалыс күні Қарағандының 330 қыздары міндетті жұмыстарынан кейін, шахта забойына түсіп 2000 тонна көмір өндірді. Комсомолка, асхана жұмысшысы Төлебекова жұмысынан кейін шахтаға түсіп бір өзі 10 тонна көмір шығарды. Ескененің 16 мұнайшысы 26 адам орнына еңбек етіп, артық орындаған жұмысына алатын табысын заемға өткізген. Ақша төлеу үшін Петропавл қаласының 3-6 сыйып оқушылары шеберханаларда жұмыс істеп, қаржы тапты.

Ал, қолында ақшасы да жоқ немесе еңбек етпейтіндер қолындағы барын ақша үшін өткізді. Мәселен, мүгедек Букаткин алтын сафатын, отбасындағы әйел, жауынгерлердің анасы Суворова алтын білезігін, Манура Разиева алтын сақинасын, профессор Булатов сафатының алтын бауын, ғалым Бурман алтын кресі мен түйреуішін, 60 жастағы әйел Гринберг күміс деп өткізуге әкелген шырағданы жez болғандықтан қолындағы сақинасын сыптырып кассаға тапсырған.

Бұл деректер жақсылықтың нышанын көрсетпейтін халықтың ақсирақ болғанының белгісі болса керек.

### **Басқа салса былқ етпес, өлік болды еліміз...**

Осы сөз тіркесін кезінде қыргыз ақыны Арыстанбек айтқан екен. Бірақ, ол қыргыз халқы туралы айтса да, қазақ халқына айтылғандай сезіледі. Халқымызды мұндай жағдайға әкелген Кеңес үкіметі мен Коммунистік партияның басшылары. Сөзсіз Кеңес үкіметі Германия мемлекетімен жер үшін, саясат үшін бақталасып соғыс ашпағанда, бірнеше миллиондаған адам қырылmas еді, оның

үстіне, Кеңес үкіметі қазынасының тубі тесік болды. Тойымсыздық, ашқөздік етек алды. Тіпті соғыс жылдарындағы АҚШ, Англия, Канада, Монголия, т.б. шетелдердің берген бірнеше миллиондаған, миллиардтаған қаржылары да жұмырына жұғын болмады. Оған бір ғана деректі айтайын. Мәселен, Канаданың КСРО-ға көмек беретін комитеті 1942 жылдың қарашасынан 1944 жылдың наурызына дейін 5 миллион 673884 доллар ақшалай көмек берсе, оны 1944 жылдың мамырына дейін 4 миллиард 462284 долларға жеткізді. Бұл аз сома емес. Ал, қалған мемлекеттердің көмек комитеттерінің берген қаржылары қомақты болғаны белгілі.

Соған қарамастан, Кеңес үкіметі халықты жеріне жеткізе қанады, тонады. Бұранданы бұрай түсті. Үкімет ел тағдырын ойлағанда халық мұндай азап, ақырет көрмес те еді, аштыққа да ұшырамас та еді. Амал не, екі қатыгездің теке тіресінен туған соғыс салдарынан халық тағдыры, әсіресе, қазақтардың өмірі ойыншыққа айналды. Ұжымшарлар мен қеңшарларда, МТС-тарда, өнеркәсіп орындарда Орталық комитеттің оң көзі – халықтың жон төрісін сыйыратын саяси бөлімдер, саяси жетекшілер құрылды. Оларға шексіз билік берілді. Адамдарды жазалауына олардың құқы болды.

Бөлшек сауда жүйесіне азық-түлік және көпшілік қолды тауарлар соғысқа дейінгі мөлшерден 15 есеге дейін аз түсті, керісінше, базардағы баға осы мөлшерге көтерілді. Азық-түлікке карточка жүйесі енгізілді. Салықтың түрі есепсіз артты. Жұмыс әскери тәртіпке көшірілді. Еңбекке акы төлеу құрт кеміді. Елдегі шаруалардың, қызметкерлердің жеке меншігіндегі малдарын зорлап, күштеп контракциялау етек алды. Құн көрерлік азық-түлігін, киім-кешегін әр түрлі тәсілмен сыйырды. Өздеріне бұйыртпады. Мұның бәрі айналып келіп халықты аштыққа, жалаңаштыққа, азап пен бейнетке ұшыратты.

Бірақ, халық бәріне шыдады. Шыдамасқа шарасы да болмады. Арыстанбек ақын айтқандай, басқа салса былқ етпес тірі өліктей өмір кешті. Қөптеген облыстарда қайыршылық етек алды.

### **Соғыс жылдарындағы «патриотизмнің» түп тамыры неде?**

Күні кешеге дейін (тіпті күні бүгінге дейін десе де болады) Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының «әділдігін» халықтың мойындауы, берілгендей деп жалған бағалап келді. Халық соғыс жылдарында бірлік пен ынтымақтықты, ұйымшылдықты көрсетті деп уағыздалды, ұғындырылды. Коммунистік

партия басшылары өздерінің мемлекеттік басқару, басшылық тәсілін мінсіз деп санады. Ал, шындығына келгенде, халықтың коммунистік саясатқа бас шұлғып бағынудан басқа жолы болмады. Олардың бостандығы тұншықтырылды. Данғаза саясат етек алды. Соғыс жылдарындағы бірлік пен ынтымақтық, ұйымшылдық коммунистік саясаттың зобалаңынан, халықты қорқыту, үркіту, үрейлендіру әрекетінен туды. Халық 1937-1938 жылдардағы саяси-құғын тағы да қайталануы мүмкін деді.

Соғыстың алғашқы жылдарында орыс тілін білмейтін, соғыс техникасынан хабарсыз бейкүнә жандарды топырлатып жау оғы астына салды, соғысқа жемтік етті. Бұған кезінде қарсылық болмады ма? Болғанда қандай. Мәселен, Батыс Қазақстан облысы Жалпақтал ауданындағы жастар «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген ұйым құрды. Ұйымның атауы көрсетіп тұрганындей, олар Қазақстан Республикасын Кеңес Одағынан бөлуді, сөйтіп, Қазақстанды Кеңестер Одағының езгісінен құтқаруды мақсат етті. Сол үшін ұйымның мақсат-мұддесін, міндеттерін келешек атқаратын істерін белгіледі. Жасырын баспаҳанадан үнпарақтарды, ұйым мүшелерінің мүшелік билеттерін шығарды. КСРО мен Қазақстан үкіметі басшыларына жіберді.



Сөйтіп, олар 1986 жылғы желтоқсандықтардан 45 жыл бұрын Қазақстанның өз алдына тәуелсіз мемлекет болу идеясын көтерді. Бірақ, күні бүтінге дейін олардың көтерген мәселесіне мән берілмей, тарихтың жабылған қақпағы айқарап ашылмай келеді.

Амал не, бұл ұйымның өмірі қысқа болды. Желтоқсандықтар секілді ұрандал шыға алмады. 1941 жылы қыркүйек айында құрылған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымын бұрыннан мұндайлардың ізін андышп, айла-тәсіл, жымысқы жолдарын менгерген орган олардың өркенін тез қиды. Басшы – Көшековті атты, Ахметов, Элиев, Сапаралиндерді абақтыда өлтірді. Қалғандарын соттап, ойрандады. Одақты жойды.

Отыз тістен шыққан сезіді отыз рулы елі еститін қазақ мұнан хабарсыз қалмады. Халық туган топырағынан соғыстың аласапыран кезінде кавказдықтар, қалмақтар, немістер, Қырым татарлары секілді жер аударыламыз деп қорықты. Сондықтан халық өлгентірілгеніне қарамай жан қиярлықпен еңбек етті. Барын «Майдан үшін!» ұранына құрбандыққа шалды. Бірақ, жүргегінде қыжыл, өшпенделік қалды.

Бізше, «Қазақ халқын қорғауышылар одағын» тарих саҳнасына шығарып, олардың патриоттық ісіне саяси мән беру қажет. Халқы үшін жас өмірлерін қиды, азы алты қарыс Қызыл империяның зұлымдық саясатына қарсы күресті. Бұл – ерлік. Олар қазіргі жастарға, келешек ұрпакқа үлгі етуге лайықты.

Қолжазба  
«Ана тілі» газеті  
21 сәуір 2005 ж.

## Сталиндік саясаттың құрбандығына шалынған ұлттар

**Депортация** (лат. deportatio) сөзінің шығу тарихы теренде жатса да, бұл сөзге кеңестік кезеңде жасалған орыс-қазақ сөздіктерінде «куғындау, жер аудару» дегеннен басқа ұғым берілмеді. Өйткені, патша үкіметінің заңды мұрагері Кеңес үкіметі мен Коммунистік партия бұл сөзді өз мүддесіне өңін айналдырған түрінде шеберлікпен пайдаланды. Сондықтан күні кешеге дейін бұл тақырыпта әңгіме қозғау қауіпті әрі оған деген материалдардың есігі жабық болды.

Біз бұл жолы 1941-1945 жылдардағы соғыстың қын-қыстау жағдайына қарамастан И.В.Сталин мен Л.Берияның тікелей үйимдастыруымен Қазақстанға атамекендерінен күшпен жер аударылған немістер, поляктар, карашайлар, балқарлар, күрдтер, чешендер мен ингуштердің азапты да қайғылы-қасіретті тағдырлары туралы әңгіме етпекпіз. Өйткені, осы алапат соғыс адамзат санасында женістің салтанат құруымен ғана емес, бірнеше миллиондаған боздақтардың опат болуымен, сонымен бірге тұтас ұлттардың сталиндік саясаттың құрбандығына шалынғып, атамекендерінен күшпен жер аударуымен, халықтың бұрын-сонды естіп-көрмеген орны толmas өкініш-қайғысымен мәңгі сақталып қалды.

### ...поляктар

1926 жылғы есеп бойынша Қазақ АКСР-да 1807 ғана поляк тұрды. Бұлардың көшілігі Семей (706), Ақтөбе (578), Қостанай

(302) және Ақмола облыстарында орналасқан. Қос айдаһар Гитлер мен Сталиннің өзара шайқасынан туған Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен Балтық бойындағы, Батыс Украина дағы, Батыс Белоруссия дағы, Бессарабия дағы поляктар арнайы жер аударылды. Сейтіп, 1941 жылы олардың саны бірден 61092-ге жетті.

1941 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитеті Өзбекстандағы поляктардың бірқатарын (жалпы саны 48000) Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарына жер аудару жөнінде шешім алды. Бұлардың елеулі бөлігі еврейлер болды.

1942 жылы қаңтарда «Поляк азаматтарын әкімшілік жер аудару жағдайына келтіру туралы» арнаулы циркуляры бойынша жүргізілген поляк операциясы салдарынан Қазақстандағы поляктар саны 103757 адамға жетті. Алғашқы кезде поляктар «сенімсіз халық» есебінде қатан тәртіппен ұсталды. Бірақ, арты қайыр болды. Кеңес армиясының Польшаны жаудан тазартуына байланысты Польшаның жаңа үкіметі мен Кеңес үкіметі арасында уақытша дипломатиялық келісім жасалды да, Қазақстанға еріксіз көшірілген поляктар онша көп зардап шекпеді.

Польша үкіметінің КСРО-да ашылған өкілдігі Қазақстанға жер аударылған поляктарға елеулі көмек көрсетті. Қазақстандағы поляктардан Германияға қарсы соғысатын армия жасақтады. Олардың отбастарына Отан соғысына қатысуышы ретінде жеңілдіктер берілді. Белгіленген мөлшерден тыс жан басы 2 келі ұн, жармақ, 1 келі май, 500 гр қант, 500 гр тұз алып тұрды. Польша мемлекеті тарапынан азық-тулік, тауар, киім-кешектер жіберілді. Тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Балаларын өкітүға арнайы мектептер, 979 балалық, 10 балалар үйі, бір қарттар үйі ұйымдастырылды. Соғыс жылдарында жер аударылған басқа ұлттарға қарағанда олардың еркіншілігі, бостандығы мол болды. Тұрмыс-тіршілігі күйремеді.

### ...Еділ жағалауында тұратын немістер

1941-1945 жылғы соғыс басталғанша КСРО құрамындағы республикалар мен автономиялық республикалар, өлкелер мен облыстардың халқымен бірге қоян-қолтық Еділ жағалауындағы немістер автономиялық республикасының еңбекшілері де Кеңес Одағының есіп-өркендеуіне елеулі үлес қосты. Коммунистік партияның саясатын қолдады, оның ұранына сенді. Кеңес жауларына қарсы қүресті. Сол үшін И.В.Сталин 1936 жылы 6 желтоқсанда КСРО Конституциясының қабылдауына орай сейлеген сөзінде: «Кеңес немістері социализм құрылышына зор үлес қосты», - деп баға берді.

Тіпті, тарихи деректер соғыс басталған күні Германияға қарсы соғысқа аттануға 2500 неміс арыз бергендігін, 8000 неміс халық жасақшылары құрамына кіргендігін көрсетеді. Көптеген неміс азаматтары Қызыл армия қатарында қызмет етті. Алайда, Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы айларындағы Германия әскерлерінің екпініне тоқсауыл қоюға шамасы келмеген КСРО Қорғаныс комитеті женілістің себептерін жергілікті жерден іздестірді. Олар мұны Кеңес жүйесіндегі гитлершіл тыңшылардың әрекетінен деп түсінді, солардың қолдауынан деп білді. Соның салдарынан соғыс басталған алғашқы құндердің өзінде-ақ, Еділ бойындағы немістерге құдікпен, сенімсіздікпен қарау басталды. Немістердің тыңшысы болды, Кеңес Одағының женілуіне атсалысты және көтеріліс жасау жөнінде үкіметке қарсы террорлық, бұлдіру әрекеттерге қатысты деп 145 немісті тұтқыннады.

Сол жылдың шілде айында Еділ жағалауы АКСР-на КСРО Сыртқы істер министрі В.Молотов пен ПХК Л.Берияның келуі Еділ бойындағы немістердің тағдырын шешті. 26 тамыз 1941 жылы БК(б)П Орталық комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары кеңесі «Еділ жағалауындағы немістер республикасынан, Саратов, Сталинград облыстарынан немістерді көшіру және оларды қабылдау туралы» деген құпия қаулы қабылдады. 1941 жылы 28 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.Калинин «Еділ жағалауындағы немістерді көшіру туралы» №21-160 санды жарлыққа қол қойды. Ол жарлықта:

«...Еділ жағалауындағы немістер орналасқан аудандарда мындаған, он мындаған диверсанттар мен тыңшылар бар екендігі сенімді деректер бойынша анықталды...»

Мұнша көп диверсанттар мен тыңшылар туралы Еділ бойында тұратын немістер Кеңес үкіметіне хабарламаган. Соган қараганда, олар кеңес халқымен және Кеңес үкіметінің жауын өз орталарында жасырып отыр. Егерде Еділ бойындағы немістер республикасымен оған шектес аудандарда Германия диверсанттары мен тыңшыларының сілтеуімен диверсиялық актілер түа қалса қантөгіске апаруы сөзсіз және Кеңес үкіметі соғыс кезінің жағдайына байланысты Еділ бойындағы немістерге қарсы жазалау шараларын қолдануға еріксіз барады.

Бұл сияқты қолайсыз жағдайдан аман болу үшін және ретсіз қан төгілуден алдын ала сақтандыру үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумы Еділ бойы аудандарында тұратын немістердің барлығын басқа аудандарға көшіруді қажет деп тапты. Көшірілетіндерге барған аудандарынан жер үлесі беріледі, орналастыруға мемлекет-

тік көмектер көрсетіледі. Новосібір, Омбы облыстары мен Алтай өлкесінен, Қазақстаннан және оларға шектес аудандардан егістік, шабындық жерлер мол бөлінді. Осыған байланысты Мемлекеттік қорғаныс комитетіне Еділ бойы немістерін тездетіп көшіру және оларға егістік және шабындық жерлер бөлу жөнінде тапсырма берілді», - деп жазылды.

Осы жарлықпен 1918 жылы құрылған Еділ жағалауындағы немістер автономиялық республикасы заңсыз түрде жойылды. Оның заңсыз болатындығы заң бойынша республиканы жою жөнінде оның Жоғарғы Кеңесінің келісімі болуға тиіс. Қазақстан Республикасының мұрағатында ондай күжат та, жарлықта жазылғандай «мындаған, он мындаған диверсантер мен тыңшылар ол өнірде болғандығын» нақтылайтын деректер де кездеспейді. Қайта оған керісінше 26 тамыз 1941 жылы «Комсомольская правда» газеті комсомол мүшесі, қызыл эскер неміс Генрих Гофманның көзін ойып, аяқ-қолын шапқан фашистердің жауыздығын әшкерелеп жазды.

Жоғарғы Кеңестің жарлығы жарық көргенге дейін ПХК Л.Берия «Еділ жағалауындағы немістер республикасынан Саратов, Сталинград облыстарындағы немістерді көшіру жөніндегі операцияларды өткізу шаралары туралы» нұсқауды дайындағы. Нұсқау бойынша Еділ жағалауындағы немістерді жер аударуға НКВД-ның 1200 қызметкери, 2000 милиционер, 7300 қызыл эскер жіберсе, Саратов және Сталинград облыстарындағы немістерді көшіруге НКВД-ның 250 қызметкерін, 1000 милиционерді және 2300 қызыл эскерді аттандырды.

Сөйтіп, 1941 жылдың 3 қыркүйегінен 20 қыркүйегіне дейін 1939 жылғы есеп бойынша немістердің 80%-ы немесе 1 миллион 120 мың немісті атамекендерінен жер аударды. Іс мұнымен де тынбады. Жоғарыда аталған қаулылар мен жарлық, нұсқау КСРО-ның басқа өнірлеріндегі немістерге деген теріс көзқарасты туғызды. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 8 қазан 1941 жылы «Грузия, Әзербайжан және Армения республикаларындағы немістерді көшіру туралы» №714-сс деген қаулысын жүзеге асыру жөнінде БК(б)П Орталық комитеті мен ХКК 13 қазан 1941 жылғы қаулылары бүкіл КСРО-дағы немістердің шанырақтарын ортасына түсірді. Содан да болар, Қазақстанға жер аударылған немістер туралы деректерде алакұлалықтар бар.

1941 жылғы 13 қазандагы қаулыны жүзеге асыру шаралары туралы шешімге сәйкес «Қазақ республикасына 47000 неміс жер аударылды, олар Алматы, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының әрқайсысына 5000-

нан, Шығыс Қазақстан облысына 20000 отбасы орналасты», - деп көрсетілген. Бұл бізше, алғашқы қаулылар бойынша келгендері болуы керек. Алғашқы жобада Гурьев, Батыс Қазақстан облыстарына майданға жақын деген желеумен жер аударылған немістер жіберілмеген.

Екінші бір деректі құжатта «Қазақстанға келген эшелондардан 557 адам жолда қалып қойды. 8-і қашып кетті, 437 адам өлді, науқастығына байланысты 77 адам қатардан шыкты. Қазіргі кезде республикада 420 мың неміс келді», - деп баяндаған.

КСРО НХК Л.Берия Қазақстанға жер аударылған немістердің басым қөпшілігін жіберуге ынталы болды деген дерек бар. Соның әсері болуы керек, Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Ондасыновқа жолдаған анықтамада «Қазақ КСР-ында 293 194 неміс тұрады» деп берілген. Бұған қарағанда, соңғы қаулылар бойынша жер-жердегі немістерді де жинап Қазақстанға тоғытқан секілді. Қазақстанға жер аударылып келген немістердің барлығы ұзақ тұра алмады.

КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1942 жылғы 7 қазандығы №2383-сс қаулысы бойынша Қазақстанға келген немістер «еңбек майданына» (жұмысшылар колониялары) еріксіз алынатын болды. Ол қаулы бойынша, еңбекке жарайтын немістердің 15-16 жастан 45 жасқа дейінгі әйелдер мен қыздары, 15 жастан 55 жасқа дейінгі ерлері еңбек майданына шақырылатын болды. И.В.Сталин қол қойған бұл құпия қаулыны жүзеге асыру жөнінде Қазақстанның барлық облыстарында шара жүзеге асты. Ол шараларда еңбек майданынан тек екіқабат әйелдер, үш жасқа дейінгі емізуілі баласы бар әйелдер ғана босатылатын болды. Ал, үш жастан асқан баласы бар әйелдер балаларын отбасындағыларға, не туыстарына тапсыруға, туыстары жоқ болса балалар үйлеріне беріп, шақыру пунктіне онқундік тамағымен, ыдыс-аяғымен, төсек-орнымен келуге міндетті болды. Шақыру пунктіне көрсетілген мерзімде келмегендер КСРО Жоғарғы Кеңесінің 26 желтоқсан 1941 жылғы жарлығына сәйкес жауапқа тартылатындығы ескеrtlіді.

КСРО Халық Комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары В.Молотовтың «Қазақ КСР-ның мәселелері» деген 18 қараша 1942 жылғы қаулысы жоғарыда аталған қаулыны онан әрі күштейтті. Бұл әйел жынысты немістердің жағдайын ауырлата түсті. Өйткені, ол қаулыда «Еңбек колониясына шақырылған немістер малдарын мал фермелеріне еткізсін. Олардың 8 жасқа дейінгі балалары балалар мекемелеріне, ал 8 жастан асқан балалары жергілікті жердегі үжымшарлар мүшелерінің тәрбиесіне берілсін» деп жазылды.

Осындай қатал да қатыгез шешімнің салдарынан Қазақстанға жер аударылып келген немістерден 1942 жылдың желтоқсан айындағы деректі органның мәліметі бойынша 57695 неміс жұмысшы колониясына алынып, отбасынан ажырап, екінші рет жер аударылды. Олар Кузбасс, Қарағанды, Богословский көмір кендеріне, Бугуруслан, Гурьев, Орск, Краснокамск, Куйбышев, Ишимбай, Уфа мұнай кесіпшіліктегіне және мәшине жасайтын зауыттарына жіберілді. Олар көрсетілген жерлерде мал тиетін жабық вагондарга орналастырылды. Аштыққа, боранға, ауруға ұшырады. Бірқатары жол азабына, аштыққа шыдамай қашты, өзін-өзі өлтіруге дейін барды. Мәселен, Гурьев облысы «Қазмұнай» комбинаты тарапынан 1944 жылы 13 қантарда Пермь облысындағы Краснокамскіге 297 адам ас-сусыз, тамақсыз жіберілген. Олар 21 күн бойы жолда ашырып, жол азабына шыдамай 51-і қашып кеткен, біреуі өзін-өзі пойыз астына тастаған, үшеуі жолда ауырып өлген. Мұндай жағдай басқа облыстардан жіберілген эшелондардан да орын алған.

### ...қалмақтар

1942 жылдың тамыз айында Германия армиясы Еділ бойына және Үлкен Кавказ жоталарының сілемдеріне жеткені тарихтан белгілі. Соғыстың осы қыын кезінде Қалмақ АКСР тек аздаған қымбат мұліктерін, малдарын ғана Қазақстанға көшіріп үлгірді (олар кейін 1943 жылы өздеріне қайтарып берілді). Жау қолында чешен-ингуш, қарашай, сондай-ак, балқар және қалмақтардың бірқатар жерлері қалды. Стalingrad және Курск шайқастарындағы жеңістерінен кейін кеңес армиясы жау табанынан Кавказ өңірін босатты. Соңан кейін сол босатылған жерлерде қалған жау элементтерден тазарту ісіне ПХК белсене кірісті. Әскери отрядтар мен ПХК-нің қызметкерлері жергілікті қалмақтардан қоپтеген соғыс қаруларын алды. Бұл қалмақтарды Кеңес үкіметіне жау халық деп табуға себеп болды.

KCPO Жоғарғы Кеңесінің 28 қазан 1943 жылғы қаулысымен 1935 жылы құрылған Қалмақ АКСР жойылды. Қалмақтарды атамекенінен түтедей жер аударуга негіз қаланды. КРОММ дерегіне қарағанда, қалмақтардың жер аударылатындығы партия-кеңес қызметкерлеріне тек ауызша хабарланған. Сейтіп, 30 желтоқсанға дейін қалмақтарды күштеп көшірген. Еліміздің шығыс және солтүстік аудандарына 99252 қалмақ жер аударылған. Солардың ішінен Қазақстанға 752 отбасы (1937 жан), онан Қызылорда облысына 648 отбасындағы 2268 жан (оның 979-ы бала) келген.

Бұл кезде көптеген қалмақтар майданның әр түрлі жерлерінде жауға қарсы соғысып жатты. 1942 жылдан бастап құрылған 110-Қалмақ атты әскер дивизиясы Солтүстік Кавказ бен Дон майдандарына қатысып, жаумен шайқасты.

### ...қарашибайлар

Кеңес үкіметіне «жау халық» деп танылғандардың бірі – қарашибайлар. Өйткені, кеңес армиясының кері шегінуіне байланысты 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың қаңтарына дейін Қарашибай автономиялық облысы жау қолында болды. 1943 жылы қаңтар айының аяғында қарашибай мен шеркештерді 37-армия босатты. Бұл кезде әскер жасындағы қарашибайлардың ер азаматтарының барлығы дерлік Қызыл армия қатарында майданда соғысып журді. Кеңес үкіметіне қарашибайлар «мынадай қастандық жасады» дейтін дәлелді құжаттар болмаса да 12 қазан 1943 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының жарлығымен Қарашибай АО жойылды.

14 қазан 1943 жылы КСРО ХК кеңесінің қаулысымен қарашибайларды атамекенінен жер аударуға шешім алынды. Қарашибай айында күтпеген жағдайда бірден Қарашибай облысынан 14774 отбасы (69267 жан) жер аударылды. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11711 отбасы (45529 жан) орналастырылды.

Қандай себептерінің бары белгісіз, мұрағат құжаттарындағы 1947 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша олардан 4924 отбасы (17269 жан) ғана қалғандығы көрсетілген.

### ...балқарлар

1942 жылы қазан айында немістердің Кавказға жасаған күшті шабуылдарының салдарынан, кабардин-балқардың бірқатар жері жау қолына түсті. 1943 жылы қаңтарда бұл аймақты кеңес армиясы толық азат етті. Жергілікті халық кеңес армиясының келуін қуанышпен қарсы алды. Балқарлар майданда да, бейбіт еңбекте де ерлік көрсетті. Соған қарамастан 5 наурыз 1944 жылы Мемлекеттік корғаныс комитеті балқарларды жер аудару туралы қаулы алды. Балқарлардың атамекендерінен еріксіз жер аударылуына Л.Берияның 22 ақпан 1944 жылы және 7 наурыз 1944 жылы И.В.Сталинге жолдаған жеделхаттары негіз қалаған деуге болады. Ол ойға жетелейтін бірінші дерек:

«...Неміс фашистерінің Кавказға жасаған шабуылы кезіндегі және немістерді Кавказдан кейін қууға байланысты балқарлардың мате-

риалдарымен таныстым. 1942 жылы Ростов түбінде немістердің майдан шебін бұзып өтуі кезінде балқарлардың Кеңес үкіметіне қарсы элементтері Қызыл армия тылында жауыздық әрекеттерін күштікен. Көтеріліс жасайтын топтарды құрган. Балқария арқылы Кавказ жотасынан кері шегініп келе жатқан 37-армияның жағдайы өте нашар болды. Соған байланысты Черск ауданында балқарлар әскери бөлімшені қарузыздандырган. Командирлерді өлтірген. Бір зенбіректі колға түсірген. Бір банды топты бұрынғы ауатком төрағасы басқарған. Немістердің және олардың өздерімен бірге алып келген эмигранттар – Шокманов және Кеметовтердің ұсыныстарымен балқарлар қарашибайлармен бірігу жөнінде келісім жасаған. Тек 1942-1943 жылдары Кеңеске қарсы әрекеттерге және бандитизме қатысқан 1227 адам тұтқындалды. Олардың 186-сы коммунистер мен комсомолдар, 362 балқар немістермен бірге қашып кетті.

Келешекте чешендер мен ингуштерді жер аудару операциясын толық аяқтауға байланысты босатылған әскердің бір бөлімін және чекистерді Солтүстік Кавказдағы балқарларды жер аударуға пайдаланғым келеді. Бұл операцияны ағаштарды жапырақтар толық көмкермей тұрғанда, осы жылдың 15-20 наурыз аралығында бітірсем деймін. Балқарлар 40900 адам. Олардың басым көшілігі Үлкен Кавказ жотасының шатқалдарына орналасқан төрт ауданда тұрады. Оның жалпы жер көлемі 503 мың га, оның 300 мыңы шабындық, жайылым және орман. Егерде Сіз келісім берсеңіз, мен Мәскеуге оралғанша балқарларды жер аударуға байланысты қажетті шараларды ұйымдастырап едім».

Бізше, бұл жеделхат түсіндірмені қажет етпесе керек. Ал, екінші мына жеделхат жоғарыдағы ойды да, хатты да толықтыра түседі.

«...Операцияны еткізуге әр облыстардан келтірілген 19000 әскери жауынгерлер мен офицерлер қатысты. Олардың елеулі бөлігі бұған дейін қарашибайлар мен қалмақтарды жер аудару жөніндегі операцияларда болды. Олар келешекте басқаларды жер аудару операцияларына да пайдаланылады. Жүргізілген үш операцияның қорытындысында КСРО-ның шығыс аудандарына 650 мың чешен, ингуш, қалмақ және қарашибайлар аударылды».

Л.Берия И.В.Сталинге 11 наурыз 1944 жылғы жолдаған жеделхатында балқарларды жер аудару операциясы 9 наурызда аяқталып, Қазақстан мен Қыргыз КСР-на 37103 балқардың жер аударылғанын, олардан басқа 478 Кеңеске қарсы элементтердің тұтқынға алынғанын көрсеткен.

Ал, 20 мамыр 1944 жылғы жеделхатында «Қабарды АКСР-да немістердің белсенді қолшоқпары болғандардың және Отанын

сатып неміс басқыншыларымен бірге өз еркімен кеткендердің 710 отбасындағы 2467 жанды Қазақстан облыстарына жер аударуды қажет» деп есептейтінін баяндаган.

Балқарларды жер аударудың қорытындысын КСРО ПХК-ның орынбасары В.В.Чернышевке 23 наурыз 1944 жылы КСРО ПХК-ның жүк тасымалдау бөлімінің бастығы Аркадьев: «Балқарлар «Солтүстік Кавказ – 455» эшелондарымен Омбы теміржолына келді. Балқарлар 37618 жан, олар 14 эшелонмен жеткізілді. Олардан Алматы облысына – 5541, Оңтүстік Қазақстанға – 5278, Семейге – 2742, Павлодарға – 2614, Ақмола облысына – 5124 жан және Ыстықкөлге – 2702, Фрунзеге – 5416, Омбы облысына – 5521 жанды жіберіп орналастыруды ойластырудамыз» деп жеделхатпен хабарлаған. Нәтижесінде Қазақстанға 21150 балқар орналастырылды. Мұнан 1 қаңтар 1947 жылғы есеп бойынша Қазақстанда 4924 отбасы (17269 жан) қалған.

### ...Қырым татарлары

РКФСР құрамында Қырым АКСР-ы 1921 жылы құрылды. 1940 жылғы дерекке қарағанда Қырым республикасында 1126800 адам, оның ішінде 218 мың Қырым татарлары болған. 20 мың Қырым татарлары Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысады. Қырым республикасы 1941 жылдың қазан айының аяғынан 1944 жылдың сәуір-мамырына дейін немістердің қарауында болды.

Қырым татарларын атамекенінен еріксіз көшіру ПХК Л.Берия мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік халқомы В.Меркуловтың Қырым АКСР ПХК Сергиенко мен Мемлекеттік қауіпсіздік халқомы Фокинге 13 сәуір 1944 жылғы №00419-00137 санды бүйректарынан бастау алды. Ол бүйрек «Қырым АКСР-ын Кенескесе қарсы элементтерден тазарту жөніндегі шаралар туралы» деп аталды.

Осы шараны жүзеге асыру, орындау және «Қырым татарларының бүкіл кеңес халқына сатқындық жасағанын есепке алып, Қырымдағы барлық татарларды жер аудару» жөнінде Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И.В.Сталиннің келісімін алу туралы 10 мамыр 1944 жылы Берия мәлімдеме жазды. Мәлімдемеде «...татарларды жер аудару операциясы 20-21 мамырда басталып, 1 шілдеде аяқтапады, шамамен 140-160 мың татар жер аударылады» деп көрсетілді. Бірақ, бұл операцияны орындаушылар Берияның орынбасарлары – Б.Кобулов пен И.Серов: «18 мамырда Сіздің тапсырманың бойынша операцияны бастап, екі тәулік ішінде 191044 татарды Қырымнан көшірдік», - деп Берияға жеделхат жіберді.

Ұстаздан шәкірттері озды. Мерзімінен бір күн бұрын белгіленген мөлшерден тыс 31 мың татарды жер аударды. Жер аударылған татарлардың 1268 отбасы (4501 жан) Қазақстанға, 37230 отбасы (147170 жан) Өзбекстанға орналастырылды. Татарларды жер аудару кезінде 7000 болгар мен гректер де қоса қабат жер аударылды. Олар да Қазақстанға жіберілді.

Сөйтіп, Берияның қолшоқпарлары үш қоянды бір оқпен сұлатып, «мергендіктерін» танытты.

### ...Месхетиндік түріктер

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И.В.Сталин, КСРО ПХК Л.Берия месхетиндік түріктерді жер аудару мәселесімен ерте айналысты. Олардың ондағы түпкі мақсаты 1829 жылдан бері мекендеп келе жатқан түріктердің жерін грузиндерге тартып алып беру болды. Өйткені, Месхетия жері Грузияның ең құнарлы аймағы болатын.

И.В.Сталин мен Л.Берия Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз республикаларының партия және үкімет басшыларына Грузиядан арнайы көшірілетіндерді орналастыруға дайындық жасау жөнінде құпия нұсқаулар жіберді. Онда Грузиядан қандай ұлт көшірілетіндігін айтпады, жасырды. Ақырында, 1944 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 31 шілдеде Грузиядан жер аударылатын 40000 «ұнамсыз элементтерді» қабылдау және оларды орналастыру жөнінде «өте құпия» қаулысы шықты. Өздерінің әрекетін бүркемелеу мақсатында И.В.Сталин мен Л.Берия түріктер мен күрдтерді жер аудару жөнінде 14 қарашада арнайы қаулы алды. Осы қаулы бойынша Грузияның Ахалцих, Адыген, Аспиндз, Ахалкалак және Богданов аудандарының 115,5 мың түрғындары атамекендерінен жер аударылды.

Қазақстанға 6300 түрік отбасы (27833 жан), Өзбекстанға 10756 отбасы (53127 жан) орналастырылды. Қазақстанға келген месхетиндік түріктер Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарына қоныстандырылды.

Месхетиндік түріктер операциясына күрдтер, ассирийлер, қарайымдар да «ұнамсыз элементтер» қатарында қоса қабат кетіп жер аударылды.

Грузиядан жер аударылған халықтардың Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып жүрген офицерлері мен солдаттары кері шақырылып алынды. Олар жергілікті жердегі ПХК-ге арнайы есепке тұрды, погондарын тағуға, қару-жарақ ұстауына тыйым салынды.

## ...күрдтер

Тағдыры талапайға түсken халықтың біrі – күрдтер. Талапайға түsken дейтініміз – Біrіnші дүниежүзілік соғыстан кейіn күрдтердің тұрған жері Түркияға, Иран мен Иракқа, Сирияға, аздаған жері Ресей империясына қарады. 1936 жылы «сенімсіз халық» саналды.

1937 жылы Әзербайжан мен Армениядағы күрдтер Орта Азия мен Қазақстанға жер аударылды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылда-рында Әзербайжандагы күрдтер төлкүжаттарына «әзербайжан» деп жаздырытып, атамекендерінен еріксіз жер аударылмай қалды.

Ал, Грузиядағы күрдтер 1944 жылы Орта Азия мен Қазақстанға еріксіз көшірілді. Азаматтық құқықтарынан айырылды. Аштықтың, азып-тозудың, азаптың, қорлаудың, кемсітушіліктің алуан түрлерін бастиарынан кешті. Ұлттық мәдениетін, тілін сақтауға құқы болмады.

Қазақстанда қазіргі күні 40 мыңнан астам күрд тұрады. Егемендік алған Қазақстан мемлекеті күрдтердің ұлттық салт-санасын, әдет-ғұрпын, тілі мен мәдениетін сақтауға кең жол ашты.

## ...чешендер мен ингуштер

1942-1943 жылдары немістер чешендер мен ингуштерді Кеңес үкіметіне қарсы көтеру жөнінде әр түрлі әрекеттер жасады. Террорлық әрекеттер жасау мақсатында десанттар түсірді. Жергілікті халықты үгіттеп көтеріліс жасау ниетінде болды. Бірақ, чешендер мен ингуштердің негізгі бөлігі бұл арандатуға елікпеді. Солай болса да, И.В.Сталин мен Л.Берия чешендер мен ингуштерді Кавказдан біржола жер аудару бағытын ұсталды. 1943 жылдың қантар-ақпан айларында Солтүстік Кавказдан неміс армиясын қызып шыққаннан кейін, Берия чешендер мен ингуштерді жер аударудың жоспарын жасады. Оларды жер аудару операциясына 40 эшелон, 6000 автомашина дайындауды. Бірақ, жауынгер чешендер мен ингуштерді басқа халықтар секілді жер аударылатындығын күні бұрын жарияладап барып көшірудің мүмкін еместігін И.В.Сталин де, Л.Берия да білді. Сондықтан құйтұрқы әдіс-айлаға көшті.

31 қантар 1944 жылы Мемлекеттік қорғаныс комитеті чешендер мен ингуштерді Қазақ КСР мен Қырғыз КСР-на жер аудару туралы құпия қаулы қабылдады.

21 ақпан 1944 жылы чешен-ингуш операциясын бастау жөнінде КСРО ПХК бүйрек шығарды. Осы операцияны бастаудан бұрын «Солтүстік Кавказ әскери округі әскери бөлімдерін тау жағдайында тактикалық жаттығуға үйретуге дайындықты қамтамасыз ету

туралы» деген Халық Комиссарлары кеңесімен БК(б)П Чешен-ингуш обкомының қаулысын алдырды. Сөйтіп, чешен-ингуштерді жер аударуға қажетті әскери бөлімдерді негізгі пункттерге орналастырып алды.

Сонан кейін Л.Берия чешен-ингуштерді жер аудару жөніндегі Чешен-ингуш Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Молаевқа операцияны бастаудан үш күн бұрын айтты. Бұл жөнінде Л.Берия 22 ақпан 1944 жылы И.В.Сталинге «...Чешен-ингуш АКСР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Молаевқа чешендер мен ингуштердің жер аударылатындығын айтқанда, ол көзіне жас алды, бірақ тез есін жиып, жер аударуға байланысты барлық тапсырманы орындастырындығына уәдесін берді» деп хабарлады.

Чешендер мен ингуштерді жер аудару мәселесі соңғы сағатқа дейін халықтан жасырылды, құпия сақталды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумы Чешен-ингуш АКСР жою туралы қаулыны 7 наурыз 1944 жылы, яғни, чешен-ингуштерді жер аудару операциясын аяқтаудан бір-ак күн бұрын қабылдады. Оның үстіне, халықты алдап жиып алып, қарулы әскери топтың қоршауына алу ойластырылды. Сол үшін 23 ақпан 1944 жылы Қызыл армияның туған күні мерекесіне арналған митингісі болады деп барлық елді мекендердегі ер адамдар шақырылды. Бұған ешбір қауіптенбестен халық түгел жиналды. Олар атамекендерінен сол сәтте соңғы рет қоштасатындығын білмеді. Жұрт жиналған кезде күн бұрын Берия дайындаған жоспар бойынша жан-жақтан «студебеккерге» тиелген қарулы солдаттар жетті. Барлық ауыл-аймақта, селода, ауданда «жаямен байланыс жасап, Отанына сатқындық жасағандығы үшін чешендер мен ингуштер жер аударылады» деп жарияланды. Отбасына 20 келіден артық зат алуға рұқсат берілмеді. Қарсылық көрсеткендер, қарсы сөз айтқандар табанда атылды.

Чешендер мен ингуштерді жер аудару операциясын тікелей Л.Берияның өзі орынбасарларымен басқарды. Ол бұл операцияны басқару үшін 1944 жылы 20 ақпанда Чешен-ингуш республикасына келді. Берия операцияның барысын күн сайын, әрі кетсе күн ара И.В.Сталинге хабарлап тұрды. Бұл операцияға ПХК мен ХКҚК-нің 100 мың шамасында әскери жауынгері мен офицерлері қатысты. Олардың күшімен 406375 чешендер мен ингуштер жер аударылды. Олар Жамбыл облысына – 16565 жан, Алматы облысына – 29089, Шығыс Қазақстан облысына – 34167, Оңтүстік Қазақстан облысына – 20808, Солтүстік Қазақстан облысына – 39542, Ақтөбе облысына – 20309, Семей облысына – 31236, Павлодар облысына – 41230, Қарағанды облысына – 37938 жан орналастырылды.

1947 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша, Қазақстанда 82650 отбасы (317375 жан) чешендер мен ингуштар өмір кешті.

### Көресінді көрмей, көрге түспейсің...

1941-1945 соғыс жылдарында Мемлекеттік қорғаныс комитетінің тәрағасы И.В.Сталин мен оның қолшоқпary Л.Берия Қазақстанның түгелдей дерлік концентрациялық лагерьлер республикасына айналдырылды. Бейқұнә халықтарды атамекендерінен Қазақстанға еріксіз жер аударды. Қатығездіктің асқынғандығы соншалық, майданда техника, адам күші, азық-түлік, киім-кешек жетіспей жатқан жағдайға қарамастан, олардың ата-коныстарын да ойранады. Әскери қарудың күшімен мал есебінде ас-сусыз, аш-жалаңаш күйінде жайдақ, жабық вагондарға тиеді.

Олардың Қазақстанға келгенше жолда және Қазақстанның аудандарында, елді мекендерінде көрген азап-ақыреттерін құжатты деректерден оқып танысқанда, қазақтың «көресінді көрмей, көрге түспейсің» деген сөзі еріксіз есіне түседі.

Сонда олар қандай азап-ақыреттерді бастарынан кешірді? Анау ұлт мынадай зәбір көріпті, азап-ақыретті бастан кешіріпті деп жеке-жеке айтудың мәнісі болмас. Өйткені, құжатты деректерде олардың тағдыры ортақ болғандықтан көрген азап-ақыреттері де бір-біріне ұқсас жазылған. Оларды жинақтап айтқанда мынадай: атамекеннен заңсыз айырылу оңай болсын ба, жер аударылатындарды вагондарға тиесу аландары қан-төгізсіз болмаған. Ұру, соғу, ату орын алған. Баласынан, туган-туысқандарынан, бауырынан ақырасқан, кімнің қайда, қай бағытпен кеткенін білмей, дегбірінен адасқан. Вагондарға мал секілді сыйғанынша тиеп, есіктерін сырттан бекітіп тастаған. Вагондарға от жағылмаған. Жолда тамақ берілмеген. Вагон ішінде жас балалар, жасы жеткендер сұықтан, аштықтан өлген, ластықтан сүзек ауруы етек алған. Қарулы солдаттар жер аударылғандарды тиеген эшелондарды елсіз айдалада тоқтатып, вагондарды ашып өлген адамдардың бар, жоғын бірнеше рет тексерген. Өлген адам табыла қалса оларды ашық аспан астында көмусіз айдалаға лақтырып тастай берген. Өлген адамдарды көмүгө рұқсат етпеген. Кейде солдаттардың өздері вагондарды аралап жүріп өлген адамды тапса, оларды жүріп келе жатқан пойыздан жол-жөнекей лақтырып тастату әрекеттері де орын алған.

Жер аударылатындар барлық мал-мұлкін жергілікті жерінде белгіленген мекемеге өткізіп, түбіртек алуға тиісті болды. Өйткені, сол түбіртек бойынша келген жерінде үйіңе үй, малыңа мал, мұлкіңе

мұлік, құрал-саймандарынды аласындар деп оларды ұғындырған. Бірақ, Қазақстанда олардың қолындағы түбіртек бойынша азықтұлікпен, отынмен, малмен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмады. Оның өзіндік бірнеше себебі болды.

КР Орталық мемлекеттік мұрағатындағы деректерге қарағанда, 1941-1943 жылдары майданға жақын жерлерден Қазақстанға 1 миллион 735875 адам көшірілді. Қазіргі күнге дейін айтылып келген мәлшерден бұл есеп 3 еседен артық келді деген сез.

Екіншіден, КСРО Ішкі істер халқомы С.Н.Кругловқа КСРО Ішкі істер халқомы белімі бастығының берген мәліметінде «...1945 жылдың қазан айының басына дейін КСРО-да 2 миллион 230 мың 500 адам (оның ішінде: неміс – 687300, чешендер мен ингуш – 405900, Қырым татарлары, гректер, болгар, армяндар – 195200, түрік, хемшин, құрдтер – 88800, қалмақтар – 80300, қарашибайлар – 60100, балқарлар – 33100 адам) арнайы жер аударылды. Соның 866300 Қазақстанда тұрады» деп көрсетілген.

Осы жерде жоғарыда «И.В.Сталин мен оның қолшоқпары Л.Берия Қазақстанның концентрациялық лагерьлер республикасына айналдырыды» деген сөзге нақты бір қызық деректі айта кеткен жөн. Сол С.Н.Кругловқа жолдаған мәліметте Өзбекстан, Қыргызстан республикаларына, Краснояр, Алтай өлкелеріне, Кемеров, Том, Свердлов, Молотов облыстарында 868700 арнайы жер аударылғандардың тұратындығы жазылған. Осы нақты деректі салыстырып көріңізші. Кезінде КСРО-ға қараған жоғарыда аталған екі республика, екі өлке, төрт облысқа арнайы жер аударылғандардың жалпы саны 868700, ал бір ғана Қазақстандағысы 866300 (айырмасы 2400 ғана адам). Қандай әділетсіздік. Майданға жақын жерден көшірілген екі миллионға жуық адамның үстіне, Еділ бойынан, Қырымнан, Солтүстік Кавказ бен Әзірбайжан, Армения, Грузия республикаларынан арнайы жер аударылған халықтарды қабылдау, орналастыру, оларды үй мен тамақпен, киіммен, отынмен, төсекорынмен қамтамасыз ету елеулі қыындық келтірді. Мемлекет тарапынан азық-тұлік, тауар, киім-кешек, құрылыш материалдары жеткілікті бөлінбеді. Соның салдарынан, олардың жағдайы майданға жақын жерлерден көшірілгендерге қарағанда айтартылғанда ауыр болды.

Берия орнатқан қатаң тәртіп бойынша, жер аударылғандардың барған жерінен олардың аттап шығуына құқы болмады. Олар «жат» адам саналды. Тіпті көрші елді мекендерге орналасқан туыстугандарына да коменданттың рұқсатынсыз бара алмады. Барлық пойыздар, автобустар, арбалар, көліктер тексерулерден өтіп, «жат

адам» бар-жоғы анықталды. Кездесік кездескен жағдайда олар көліктен түсіріліп, жауапталып, құтынға түсті, қашқын ретінде жер аударылды. Осындай әрекеттің салдарынан алғашқы жылдары арнайы жер аударылып келген немістер, қалмақтар, қарашибайлар, чешен-ингуштер аштыққа, ауруға, өлім-жітімге көп ұшырады.

Накты дерек бойынша республикада 7271 адам өлген, олар әсіресе Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында көбірек орын алды. Қебінесе, жас балалар мен қарттар, жеке басты аналар мен панасыз балалар көп шығынға ұшырады. Мәселен, Қызылорда облысының Қазалы ауданында 78 (оның 43-і бала, 14-і қарт), Тереңөзек ауданында 183, Қармақши ауданында бір айда 70 адам қайтыс болған. Кейбіреулері баласынан, туған-туысқанынан, бауырынан аласып қалып, хабар-ошарын білмей армандаумен өмірден етті. Аш-жалаңаштықтан балалары оқи алмады. Жер аударылғандардың көрген азабын, жер аударудың заңсыздығы туралы И.В.Сталинге дейін басшыларға шағымданғандар заң орындары арқылы қуғындалды, түрмеге жабылды, айдалды, кейбірі атылды.

Тағы бір өкінішті жай – сол жер аударылған халықтардың әскер жасындағы ер азаматтары, елдері атамекендерінен еріксіз жер аударылып жатқанда, олар майданда Кеңес Одағының жауларымен шайқасып жүрді. Қандарын төкті, кейбіреулері опат болды. Соған қарамастан, майданда тірі жүргендерін кері шақырып алышып, әскери лауазымдарынан айырды. Оларды да жер аударды.

Жоғарыдағы деректерді ой безbenіне тартқанда шығатын қорытынды: Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі 1941 жылға дейін КСРО-да «халық жаулары» деген сұркия тіркесті жеке тұлғаларғағана қолданып келсе, соғыс жылдарынан бастап оны тұтас ұлтты, халықты қаралауға пайдаланатын болды, «мемлекет жауы» атандырып жер аударды. Оларды Сталиндік саясаттың құрбандығына шалды. Сталин мен Берия бүкіл халыққа қастандық жасады деп түйіндеуге болады.

Шындыққа жүгінсек, 1941-1945 соғыс жылдарында поляктардың да, Еділ бойындағы немістердің де, Қырым мен Кавказ өніріндегі халықтардың арасынан немістерге бүйрекі бүрган жеке адамдардың, топтардың болғаны рас. Олардың әрекетін ПХК мен Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының күшімен жоюға Кеңес Одағының күші де, қуаты да жеткілікті болды. Сталиндік саясаттан туған жеке адамдар мен топтардың мұндай әрекеті үшін тұтас халықты, ұлтты бейкүнә күйдіріп жер аударып қатыгездік жасаудың қажеті шамалы еді.

Қазақ халқы соғыс жылдарында жер аударылғандардың қасірет-қайғысын жан жүрегімен сезді, олардың Сталиндік саясаттың құрбандығына шалынғандығын түсінді. Оларды алғашқы күннен бастап құшақ жайып қарсы алды. Кеңпейілдігін көрсетті. Аялы алақанын жайды. Бар мәзірін бөлісті. Қамқорлық жасады. Екі бөлмелі үйі болса, өздері ығысып бір бөлмесін босатып оларға берді. Мәселен, Алматы облысынан 228, Ақмола облысынан 1988, Шығыс Қазақстан облысынан 376, Жамбыл облысынан 3787, Қарағанды облысынан 1315, Солтүстік Қазақстан облысынан 376 отбасына өз үйлерін босатып беріп, қамқорлық жасады.

Мемлекет тарапынан 9697 үй салынды, 5987 үйді сатып алуға қаржы берді. Мекеме, кәсіпорындар тарапынан 5914 үй босатылып, орналастырылды. 1945 жылы арнайы жер аударылғандардың 98%-ы ұжымшарларға мүшеге қабылданды. Олардың бау-бақша егуіне жер, күш-көлік, мал берілді. Өндіріс, құрылым орындарына орналасқандарына жергілікті жұмысшылармен бірдей еңбекақы алатын мүмкіндік туғызды. Олардың жеке үй салуына қаржы, құрылым материалдары босатылды.

Осындай қамқорлықтың нәтижесінде республикамызға жер аударылып келгендер жыл санап аштықтан құтылды, естерін, етек-жендерін жинады. Соңан бері олар қазақ халқымен бірге бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлесіп, ынтымақтасып, Қазақстанның көркеюіне, дамуына өз үлестерін қосып келеді. Жер аударылып келіп, қазақтардың қамқорлығын көрген ұлтар күні бүгінге дейін «Біздің екінші Отанымыз – Қазақстан» деп сүйсінеді. Бұл да олардың «ашыққанда ас, жаяуында ат берген» қазақтың қасиетін мойындағаны болар. Қазіргі күні Қазақстанға жер аударылып келген ұлт азаматтарының барлығы дерлік республиканың байырғы халқына қарағанда, анағұрлым бай, ауқатты, дәүлетті тұратындығы дәлелдеуді қажет етпейді.

«Ана тілі» газеті  
28 сәуір 2005 ж.



## Майдандағы қазақ қыздары

Тарихи деректерге қарағанда 1941-1945 соғыс жылдарында 1 миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған екен. Мұның елеулі бөлігі қыздар болғаны белгілі. Мәселен, оның бірден-бір дәлелі Ақтөбе облысынан 1941-1945 жылдары әскерге алынған 80226 адамның 950-і әйелдер мен қыздар болған. Атырау қаласынан 23, Доссор кентінен 4, Атырау облысы Текіз ауданынан, Қызылорда облысы Арап ауданынан бірнеше ондаған қыздар мен әйелдер майданға аттанғанын дәйекті деректер анықтайды.

Әскерге алынған қыздар соғыс техникалары мен құралдарын жетік менгерді. Шайқастарда ерлік көрсетті. Халқының абырайын асырды, елінің даңқын шығарды. От пен оқтың арасында жүріп, жарапаларды өлімнен құтқарды. Төменде олардың есімдері мен ерліктері жөнінде біршама деректер берілді. Көптеген қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, Бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталды.

Алайда, осы сұрапыл қанды қыргында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен қазақ қыздары жөніндегі деректер мұрагаттарда да, майдандық газеттерде де өте аз, барларының өзі үстірт жазылған. Тіпті, республика бойынша қанша қыз, оның ішінде қанша қазақ қызы майданға қатысқаны жөніндегі дерек те әлі күнге жинақталмаған екен. Мұны майдангер қазақ қыздары кешіре қоймас. Өйткені, олар ер азаматтармен бірдей соғысқа қатысты. Қанын текті, бірқатары өмірін қиды. Өмірде барлары қазір апа, әже атанды. Солай болса да, олардың қанды қыргындағы ерліктері ескерусіз, елеусіз қалып жатқаны даусыз.

Сондықтан Женістің 60 жылдығы қарсаңындағы төл мерекелері – 8-наурыз мерекесі күні қосымша өмір жолдары толық болмаса да, бізге белгілі болған қазақ қыздарының есімін атап өтуді парыз санаңдық.

Әрине, деректің кемшін болуының басты себебі майданда шығарылған газеттерде олардың еңбектері туралы үстірт жазылды. Мәселен, «Майдан правдасы» газетінің 19 сәуір 1943 жылғы санында: «Медбике М.Гұлтаева ержүрек медсестра «Қызыл жүлдүз» орденімен марапатталған. Ол ұрыс даласында жарапанғандарға жанын аямай көмектеседі», - деген сөзден басқа дерек берілмеген.



М. Гұлтаева

Осы газеттің 31 тамыз 1943 жылғы санында газеттің арнаулы тілшісі, лейтенант Э.Бектемисов «Офицер клубы» деген мақаласында «Офицер Сапарбекова клубқа келіп лекция тындағы, кітап, газет оқыды, ән тындағы» деген жалаң хабар жариялаған. 20 желтоқсан 1943 жылғы санында «Әскери фельшер Зульфира Темірбаева» деген сөз тіркесі мен суретін ғана шығарған.

Сондай-ақ, «Жауды жоюға» газетінің 10 маусым 1943 жылғы №36 санында қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хаты Брянск майданындағы әскери бөлімшелерде талқыла-



Р. Шәріпова

нып, оған жауынгерлердің жауабы басылды. Сол жауап хатқа 216 қазақ қол қойған. Соның ішінде Дәмеш Әлигожина, Нәпия Дәүлетқалиева, Фалия Үміталиева<sup>25</sup> және қызыл әскер Сәбира Оспанова да бар. Осы газеттің №38 санында «Медицина қызметінің лейтенанты» деген сөз тіркесімен Рашида Шәріпованың суреті берілген. Ұрыста үздік шыққаны үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен наградталған (Ерлігі туралы жазылмаған).

Осындай жалаң деректер «Отан соғысы» орденінің иегері Ажар Хасанова, соғыс жылдарында штурман болған Дәмелі Жәкеева мен барлаушы Рахила Ералина да кездеседі. «Отан үшін ұрысқа» газеті «Майданымыздың батыр қызы» деп Зоря Махсұтованың фотосуретін жариялаған (№7, 27.04.1944 ж.).

Бұл деректер, әрине, соғыс жағдайының талабы бойынша жазылған болар. Әйтеуір, ол қыздар қай облыстар келді, қай бөлімде қандай операцияларға қатысты, марараптарды қандай ерліктері үшін алды деген сауалдар жауапсыз қалған. Жақсы майдан газеттері қолымыздың түспеді, әрі олар соғыс жағдайындағы талапқа байланысты деректері сүйкілтімдау болды дейік.

Соңғы жылдары шыққан күрделі деректер беретін кітаптар мен энциклопедияларда да майдангер қазақ қыздары туралы деректер некен-саяқ, көніл көншітпейді, кейде нақты деректер ауыткулармен берілген. Оған Атабай Қылышбаев пен Бақытжан Құдамановтар шығарған «Арал» кітабында (2003 ж.) 1941-1945 жылдары соғысқа қатысқан аралдықтар туралы мына деректерді көрсеткені дәлел. «Әнуза Жоламанова өз еркімен соғысқа аттанып, 1945 жылға дейін 1-Украин майданына қарасты 731-артиллерия полкінде болды. Украина жерін және Киев қаласын фашистерден азат етуге белсене

<sup>25</sup> Бұл үшеуінің лауазымы, шені көрсетілмеген – З.И.

қатысты» деген тым-тәуір деректі келтіре тұрса да «Медбике Палау Құттымұратова өз еркімен майданға аттанып, жауынгерлік жолын Берлинде аяқтады. Соғыс аяқталғаннан кейін сонда алты айдай ауруларды емдеуге қатынасты» деп қысқа қайыра салған. Сонымен қатар, өзге үлт өкілдерін айтпағанда майдангер Маргупа Баекеева жөнінде есімін атаумен ғана шектелген. Осындай жағдай Атырау облысы Құрманғазы ауданының қысқаша энциклопедиясында да (2001 ж.) орын алады. Энциклопедияның 19 бетінде «Теніз ауданынан (қазіргі Құрманғазы ауданы) Х.Ингамова (Манаева), В.Шамханова, Ә.Димұқашева, М.Шынтемірова, М.Зорманова, К.Мирасова, т.б. ондаған қызы-келіншектер ерлермен бірге соғысқа аттанды», - деп көрсетеді де, олар жөнінде (Х.Ингамовадан (Манаева) басқа) деректер берілмеген. Ал, Ақтөбе энциклопедиясы (2001 ж., 545 б.) Халида Есенқұлқызы Маманова жөнінде «Әскер қатарында болды (1942-1946)» деген үш сөзben оның майдандағы төрт жылдық енбегін атап өткен.

Реті келген соң айта кетейік, жеткілікті зерттелді деп жүрген Әлия Молдағұлованың өмірі жөнінде «Қазақстан» үлттық энциклопедиясы Әлияны бір жыл бұрын өмірге келтіріп, өмірін бес айға ұзартып, техникумды бітірткеннен не ұтты?

Бізше, тарихи дерек өзгермеуі керек. Бұл ағаттықтарды майдандақ газет редакторларын, энциклопедиялық басылым басшыларын кінәлау үшін айтып отырған жоқпыз. Осы уақытқа дейін майдангер қыздар жөніндегі материалдар жиналышп, сұрыпталышп, зерттеліп, бір жүйеге түспегендігіне көз жеткізу үшін тілге тиек етіп отырмыз. Бізше, майдангер қазақ қыздарының ерлігі жастарға патриоттық тәрбие берудің таптырмас құралы. Сол үшін оларды жинау, іздестіру, жастар арасында насиҳаттау кезек күттірмейтін мәселе болып қойылуы қажет. Ешten кеш жақсы.

Сонымен, қазақтың батыр қыздары жайлы біз білетін деректерді сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

### **Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова**

Мәншүк Мәметова Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданында 1922 жылы туған. 1941-1945 соғыс жылдарында Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақ қыздарының бірі. 1942 жылы өз етініші бойынша кеңес әскері қатарына алынған. Аға сержант Мәншүк Псков облысының Невель қаласы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапты.



Оның есімімен танк колоннасы және самолеттер эскадрильясы жасалды. Осыдан 26 танк майданға жіберілді. Шығыс Қазақстан облысы комсомолдары қаржысына жасалған «Мәншүк Мәметова» атты бронды танк гвардия кіші лейтенанты Бегәлі Асановтың еkipажына майданда тапсырылды.

Орал, Алматы қалаларында Мәншүкке ескерткіш орнатылды. Мәншүктің ерлігі жөнінде көптеген өлең, поэмалар жазылды. Қөркем-фильм түсірілді. Бірнеше мектеп, училище, көшелер Мәншүк есімімен аталды. Естелік, әңгімелер жарияланды.

### Кеңес Одағының Батыры Элия Молдағұлова



Элия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданында туған. 1944 жылы 15 қаңтарда Псков облысы Новосокольники ауданы Казачиха деревниясында ерлікпен қаза тапты.

Міне, қазақтың батыр қызы Элияның тіршіліктегі өмірі осындай қысқа. Ал, ерлігі мәңгілік. Оның ерлігі туралы дастандар, повестер жазылды. Кинофильм түсірілді. Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, т.б. қалаларда ескерткіштер орнатылды. Соғыс жылдарында Элия Молдағұлова атында танк колоннасы жасалды. 1978 жылы Рыбинск кеме жасау зауыты шығарған кемеге Кеңес Одағының Батыры Элия Молдағұлованың есімі берілді.

Элия 20 жасқа толмай қыршын кетті. Оның осы қысқа ғұмырының деректерінде үстірттіктер кетуде. Мәселен, Элияның ата-анасы жөнінде әр түрлі ойлар айтылып жур. Элия «авиатехникумды бітірді», «15 мамыр 1944 жылы ерлікпен қаза тапты» деп Ақтөбе (559-560 б.), Атырау (296 б.) энциклопедиялары, «Қазақстан» үлттық энциклопедия (543 б.) жаңсақ көрсеткен.

Жаңсақ дейтінімізге негіз – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында (КРОММ 1660 қор, 1 тізімдеме, 138-138-а істер) сақталған Элияның өзі, оның ата-анасы, нағашылары жөнінде деректі құжаттар. Олар: Қызыл әскер Жоғарғы саяси басқарманың шығарған листогі (орыс, қазақ тілдерінде), майор Баймұрзиннің

КСРО Қорғаныс комиссариатына Әлияның ерлігі туралы жазған қатынасы, Әлияның өмірі, кім тәрбиелегені, оның ата-анасы, нағашылары туралы 21 қыркүйек 1944 жылы бес адамның күелігімен жасалған анықтама, Әлияның майдандас досы Надежда Матвееваның Әлияның өлімі туралы Сапураға жазған хаты, т.б. Бұл құжаттар жоғарыда аталған энциклопедиялық басылымдардың жазғанын теріске шығарады.

Ең алдымен, анықтама берушілерге келсек, Әлияның өмірі туралы деректерді туған әкесі Нұрмұхамбет, Әлияны тәрбиелеп өсірген нағашысы Әубекір Молдағұлов (ол белгілі теміржолшы, Ленинград теміржол академиясын бітірген) және Әлия мен оның әкесі Нұрмұхамбеттің өмірін жақсы білетіндер: Құлжан Нұрманов (Ойыл ауданы «Игібай» ұжымшарының төрағасы), Тілеуберген Әлиев (Алғадағы «Ақтөбекхимкомбинат» жұмысшысы), Сүгір Тәйменов (Әубекірдің немере ағасы, Ақтөбе облыстық жер бөлімі бастығының орынбасары), Хасен Наурызбаев (облыстық «Социалистік жол» газеті редакторының орынбасары) өздері айтқан. Олардың куәлік етулері бойынша анықтаманы Г.Төлеушев пен Н.Абатовтар дайындаған. Ал, Сапура болса Әлиямен бірге тәрбиеленген, тіпті бір төсекте жатып, бірге өскен туған нағашысы. Бұл анықтама қандай жағдай итермелесе де кезінде Әлияның өмірі жергілікті жерде зерттеліп, нақтыланды, қорытынды жасалды дегенді білдіреді.

Сол анықтамада Әлияның туған әкесі Нұрмұхамбет Сарқұлов, 1886 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бесқопа кеңесінде бүрінші «Көксай» ұжымшарында туған. 1925 жылы Әлия да осы «Көксайда» өмірге келген. Әлияның анасы – Маржан Молдағұлқызы. Маржан Молдағұлқызы «Көксай» ұжымшарында 1933 жылы қайтыс болған. Әйелі Маржан қайтыс болғаннан кейін, Нұрмұхамбет Әлияны және кіші баласы Бағланды ертіп Ойыл ауданы Қызыл адыр кеңесіндегі «Тегісшіл» ұжымшарындағы қарындасты Қанжанның қолына келіп, онда бір жыл тұрған. Екі жетім баланы асырау қыын болғандықтан Нұрмұхамбет 1933 жылы Әлияны нағашысы Әубекір Молдағұловтың тәрбиесіне берген.

Әубекір Әлияны Сапурамен бірге тәрбиелеген, қамқорлық жасаған. Әубекір Молдағұлов 1933 жылы Ленинградқа окуға барғанда Әлияны да алып кетіп, Ленинград қаласындағы балалар үйіне окуға береді. Әубекір Молдағұлов 1939 жылы Ленинград теміржол академиясын бітіріп, Ташкентке кеткенде Әлия балалар үйінде окуын аяқтауға қалған. Әлия балалар үйімен бірге Ярославль облысына көшеді. Осында жетіжкілдік мектепті бітіріп Рыбинскіде Ленинград авиатехникумның бірінші курсында оқып жүргенде, 1942 жылдың

аяғында өз тілегімен әскерге алынған. II-Прибалтика майданы, 22-армияның 54-атқыштар бригадасы 4-батальоны 3-ротасында мерген болған. Әлия алғашқы құннен бастап табанды, белсенді комсомол қызы, жақсы мерген екендігін танытқан.

### Әлияның қоштасу хаты

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлованың туған нағашысы Сапураға жазған бірнеше хаттары сақталған. Ол хаттардың қайсысын оқысанаңыз да, Әлияның Қазақстанның, ел жұртын, туысқандарын шексіз сүйгендігіне көз жетеді. Қазақ даласын, ағайын-тумаларын көруді армандайды. Солардың ішінен екі хатты оқырмандарға таныстырмақпyz. Себебі – екі хаттың бірі мерт болардан 13 күн, соңғы хаты 1-2-ақ күн бұрын жазылған. Хаттағы сөздерге қарағанда, Әлия өзінің тағдырын құні бұрын сезген.

Бірінші хатта «аңшылықта болдым» деген сөз тіркесінен кейінгі сөздері өшірілген. Оны өзі өшірді ме, әлде цензура сызып таставды ма, белгісіз. Солай болса да көп кешікпей қанды қырғын, ауыр жағдай болатынын алдын ала Сапураға ұғындырыған. Әлдеқандай күн болады дегенді сездірген. Оны жағдайға байланысты өзі де білген секілді. Ал, 13 қаңтарда жазған хатында оның туған елімен де, туған-туысқандарымен де ашық түрде қоштасқаны айқын. Оны – сол хатты «Сәлем саған туған ел» деп бастауы (осы тіркесті Әлия Сапураға жазған көп хаттарының ішінде тек екі-ақ хатта жазған) дәлелдейді. Оның үстіне, «Мұнан артық жаза алмаймын, ойларымды жеткізе алмаймын» деген түспал сөздер көп нәрсені аңғартса керек. Енді сол хаттарды тыңдал көрейік:

Амансың ба, бауырым Сапура!

Сенің хатыңа көп кешігіп жауап жазып отырмын. Кешігудің өзіндік себептері болды. Біріншіден, мен «аңшылықта» болдым...<sup>26</sup> Міне, бұғін 1944 жылдың екінші қаңтары, шамасы елдегілер қуанып, көнілденіп жүрген болар. Ал, біздер жалғыз жертеledен басқа еш нәрсе жок, ұйытқып соққан қарлы боран, ашық аспан астында айдалаға орналастық. Жертөле аузы-мұрнынан шығып тұр. Онда ине шаншар жер жок. Хатты тізeme қойып жазып отырмын, ыңғайсыз, оның үстіне қарағы. Жаңа жылдық құттықтау хаттың орнына осындай көнілсіздеу хат жазғаныма кешір бауырым. Бұған

<sup>26</sup> Осы жерде екінші себебі өшіріліп тасталған, не айтқысы келгені белгісіз – З.И.

итермелеп түрган өмірдің жағдайы. Жертөлеге қазір ғана бір-екі минет тұрайыншы деп кіріп едім, сен есіме түсे кеттін. Жарайды, сенің берекенді қашырмайын. Жаңа жылыңмен құттықтаймын. Сенің аман-сау болып, бақытты өмір сүруінді тілеймін.

Әзірше. Сүйемін. Лия. 2.01.44

(КРОММ 1660 қор, 1 тізімдеме, 138 іс, 43 п.)

Сәлем саған тұған ел! Амансың ба, бауырым Сапура!

Хатты саған жиі жазғым-ақ келеді, бірақ жағдай мүмкіндік бермейді. Сенің 29.11.43 жылғы жазған хатыңа байланысты бірнеше рет хат жазғанмын. Олардың саған жеткенін, не жетпегенін білмеймін. Жақын құндері....<sup>27</sup> егер менен хат бармай қалса, оған таңданбай-ақ қой. Оның себебін осы адрес бойынша хат жазсан ғалесін.

Менен ағайға, апайға және барлық туыскандарға сәлем айтып, хат жаз. Егер балаларды көре қалсаң мен үшін беттерінен сүй. Өзіннің денсаулығың, өмірің туралы жиі-жій жазып түр. Мұнан артық жаза алмаймын. Өйткені, ойларымды жеткізе алмаймын. Тек жиі-жій хат жаз.

Бетіннен сүйемін. Лия. Біздің «көшпендейлерден» сәлем.

13.01.44<sup>28</sup>

(КРОММ 1660 қор, 1 тізімдеме, 138 іс, 44 п.)

### Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова

Хиуаз Доспанова қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы, ержүрек батыры. Ол 1922 жылы қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ганюшкин селосында дүниеге келген. Орал қаласында мектепті бітірген. Мектепте оқып жүріп аэроклубқа қатысқан. Ұшқыш болу құштарлығы сол кезде қанат қаққан.

Кейін Мәскеу медициналық институтында оқып жүргенде соғыс басталып кетіп, майданға баруға тілек білдірген. Тілегі қабылданған соң, Саратов әскери училищесіне окуға жіберілген. Училищені бітіргеннен кейін, М.М. Раскова басқарған 46-гвардиялық тұнгі барлаушы



<sup>27</sup> Хатта көп нүктө койылған – З.И.

<sup>28</sup> Бұл мерзім хаттың соңына емес, жоғарғы бұрышына жазылған – З.И.

ұшқыштар полкінің құрамында кеңес аэромдарынан өзіне бекітілген ПО-2 самолетімен 300-ден астам рет ұшып шығып Кубань, Қырым, Украина, Беларусь, Германия жерлеріндегі жау бекіністерін бомбалап жайратқан, дұшпандарына қара түнек орнатқан. Батыр қызы Хиуаз Доспанованаң ерлігі туралы өз замандастары-майдандастары бірнеше кітаптар жазды. Өз естелігінде де дәлелді дәйектемелермен баяндаған. Бізше, Хиуаздың ерлігін өзімен бірге қан кешіп, отқа оранып, азапты күн мен түндерді бастирынан өткізгендерден артық ешкім де суреттеп бере алмайды. Жүрек толқуын, қобалжуын, көзсіз ерлігін, сезімін дәл солардай басқалардың көрсетуі екіталай. Сондықтан оларды қайталау, жаңғыру жөн болмас.

Хиуаз соғыстан кейін бейбіт өмірге оралғаннан кейін де, халқының қалаулысы болды. Жоғарғы мәртебелі жұмыстар атқарды. Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің жаупты хатшысы, Алматы қалалық комитетінің екінші хатшысы, Қазақстан Орталық комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Абырой биігінен көрінді.

Майдандағы ерліктері, бейбіт еңбектегі жетістіктері үшін «Қызыл жұлдыз», I-II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Еңбек қызыл ту» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Еліміз егемендік алғаннан кейін Хиуаз Доспанованаң майдангерлік-жауынгерлік еңбегі әділ бағаланды. Халық Қаһарманы атагы берілді.

### Баян Байғожина – Шыңғыстаудың батыр қызы

Баян майданға өз тілегімен аттанған. Белоруссия майданына эшелонмен кетіп бара жатқанда, немістер атқан пулемет оғынан жарақат алған. Емделіп шыққаннан кейін, оны теміржол батальонына жіберген. Ол Батыс Двина өзеніндегі бір көпірді қарауылдауга тапсырма алды.

Бір күні екі шаруа сайды өрлеп, сабан тиеген шананы сүйреп келе жатты. Баян сезіктенді. Өйткені, бұл саймен бұрын ешкім жүрмейтін. Жүргінші шаруалар көпір астына кіріп, кідіріп, әрі қарай жолға шықты. Бірақ, сабан шанадан көрінбейді.

Сондықтан Баян сезіктеніп оларды тоқтату үшін айқайлады, оған қайырылмағаннан кейін оқ атты. Оған да тоқтамай, ілгері қарай шапшаң жүре бастағаннан кейін, Баян біреуін атып тастанап, екіншісін тұтқынға түсірді.



Сейтсе, жаңағы «шаруалар» немістің диверсанттары екен. Кеңес әскерінің ілгері қарай жылжымау үшін көпірді қиратуға қопарғыш заттарды тыққан болып шықты. Сол үшін Баян «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған.

Бірақ, Баян Байғожина және қасындағы серіктепі Вера Короткова мен Ксения Божко: «Біз елден майданға барамыз, жаумен соғысамыз деп аттандық. Біз қарауылшымыз. Ертең елге не деп барамыз, не айтамыз, қарауылшы болдық дейміз бе» деп өзара ақылдасып арыз береді. Ақыры олардың тілегі қабылданып, Баян снайпер болып майданға аттанады. Бір ұрыста ол 9 немісті атып өлтіреді. Сол үшін «Даңқ» орденін алады.

Онан кейін Баян Германияның Гинденбург қаласы үшін шайқасқа қатысады. Қаланың кіре берісіндегі биік кірпіш үй қабырғасында Баян және оның қасындағы серігі Иван Карасин екеуі отырып, үйге тығылған немістердің қылт еткенін мұрттай ұшырып тұрады. Немістердің атқан оғынан шыққан жарқыншақ қыздың бетін жарапады. Қыз өз жарасын өзі таңып, сол жерде 15 немісті атып түсірді. Сол ерлігі үшін оған «Отан соғысы» ордені берілді.

«Жауға қарсы аттан» газеті №22, 16 наурыз 1945 ж.

## София Шиянова

Ел аманатын адап орындаадам

...1944 жылғы 3 қазан. Таң құланиектеніп атып келеді. Командованиенің бұйрығы бойынша 1663-бійктікке шабуыл жасап, оны алу біздің бөлімшеге тапсырылды. Бұл биіктікten етіп Ужгород қаласын алуға тиістіміз.

Шабуыл жасаудың белгісі берілді. Соғыс басталды. Жердің бетін көктүтін басты. Қажырлы ерлер шабуыл жасаумен келіп, биіктікке тірелді. Немістердің жаудырган оғы бізді алға бастырап емес. Ендігі міндет пулеметші маған тірелді. Командирдің бұйрығы бойынша биіктікке пулемет оғын жаудырдым. Жарты сағат бойы оқ атып, жүзден астам немісті өлтірдім. Немістер қатары сирегеннен кейін биіктікті тастап кейін шегінді. Командованиенің көрсеткен мерзімінде Ужгород қаласына барып кірдік. Осы ерліктерім үшін мені III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттады.

...Будапешт үшін сұрапыл ұрыстар жүргізілуде. Біздер бұл кезде Мадарен селосына жақын жерде едік. Алдымен, осы селоны алу керек болды. Селоға келіп шеткі үйдің үстіне шығып, мен пулеметті

ок жаудыруға дайындал қойдым. Біз бекінген үйге қарай бір ротадай неміс солдаттары келе жатты. Мен пулеметтен оқ жаудырып, 15 немісті өлтірдім. Бұл жағдайды күтпеген немістер сасқалақтап қалды. Осы кезде жауынгерлер селоны немістерден тазартты. Бұл ерлігім үшін мені «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттады.

Ефрейтор София Шияпова  
«Социалистік құрылыш» газеті  
№51, 8 наурыз 1946 ж.

### Фазила Темірәлиева

Фазила Темірәлиева пединституттың<sup>29</sup> химия-биология факультетінің бірінші курсында оқып жүргендеге әскерге алынды. «Н» қаласындағы радио мамандарын даярлайтын мектепке келіп түсті. Мұнда ол төрт ай оқыды. Окуды жақсы оқығандығы үшін мектеп бастығы оған алғыс жариялады. Радио мамандарын даярлайтын мектепті бітіргеннен кейін, Фазила біздің майданға келді. Ол қазірде де жауынгерлік өнеге көрсетуде.

Сағынғали Сейітов  
«Отан үшін» газеті  
№46, 19 желтоқсан 1942 ж.

### Райхан Ибраева

Райхан Қыдырбайқызы Ибраева 1924 жылы Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тайсойған ауылында өмірге келген. 1948 жылы өмірден өткен. 1942 жылы 22 қазанда өз еркімен соғысқа аттанып, №108-зенитті артиллерия құрамында Курск, Бердищев, Киев қалаларын, 1944 жылы №416-зенитті артиллерия полкі құрамында Украинаның Житомир қаласын азат етуге қатысқан. Женісті Берлин қаласында қарсы алған. Елге 1945 жылы оралып Сағыз мұнай кесіпшілігінде кадр бөлімінің бастығы болған.

Ордендермен<sup>30</sup>, Бас қолбасшының мақтау грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Жылдың ауданының энциклопедиясы  
2002 ж., 231-232 б.

<sup>29</sup> Қай қаладағы пединститут екені көрсетілмеген – З.И.

<sup>30</sup> Ордендері көрсетілмеген – З.И.

## Зоя Досбергенова

...Зоя армияға келгенде қатардағы жауынгер еді. Ол қазір сержант. Отан соғысына келген екі жыл ішінде Зоя байланысшы, санитарка, автоматшы сияқты талай қызметтерді атқарды. Бұл қызметтердің барлығында да ол іскерліктің, батырлықтың үлгілерін көрсөтті. Зоя Досбергенова II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл жүлдyz» ордендері мен «Батырлығы үшін» медалімен марапатталды.

Капитан А. Қартаңбаев  
«Жауга қарсы аттан» газеті  
1 мамыр 1944 ж.

## Роза Момышова

Әскери аға фельдшер Роза Момышова еліміздің жауынгерлерімен бірге неміс оккупанттарына қарсы қареске қатынасып жүр. Ол жаралы жауынгерлерді қамқорлықпен күтеді. Оларды қатарға қосу үшін барлық күш-куатын, білімін аямайды. Олардың үйлеріне хат жазып береді. Күн-түн жаралы жауынгерлердің қасында болады. Көнілді әңгімелер айтады, газет оқып береді.

Жауынгерлер мен командирлер оны өзінің туған қарындасындаị жақсы көреді. «Қарағым Роза», - деп оның атын құрметпен атайды. Мерейін үстем болсын, Роза!

«Отан үшін» газеті  
№27, 27 наурыз 1943 ж.

## Мағиғидаш Шынтемірова

Мағиғидаш Абдулқадырқызы Шынтемірова 5 желтоқсан 1924 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданы (Гурьев облысы Теніз ауданы) Ганюшкино селосында өмірге келген.

1942 жылы желтоқсан айында әскерге шақырылып, 1945 жылдың тамыз айына дейін 1-Украин майданы 416-жеке артиллерия дивизиясы құрамында Курск қырғынына, кейін Польшаның Люблін қаласын алу шайқастарына қатысқан. Жаудың 14 самолетін атып



түсірген батареяда приборист болып, жау самолетін атып түсіруге мүмкіндік жасаған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

Майданнан оралғаннан кейін аудандық ДОСААФ мектебінде командир, онан соң Алматы фельдшер-акушерлік мектебін бітіріп Құрманғазы ауданында, кейін Іле қалалық емханасында, Түрген қосалқы мектебінде, Ішкі істер министрлігінің емханасында еңбек еткен.

(КРОММ 1660 қор, 1 тізімдеме, 211 іс)

### **Хамета Ингамова (Манаева)**



Хамета Қожақызы Ингамова (Манаева) 1942 жылы өз еркімен әскерге алынған, шоферлік курсы бітірген. Соғыс жылдары машинамен мина, снарядтар тасыған. Кейін Манчжурия маңындағы шайқастарға қатысқан.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, 1947-1950 жылдары Башқорстанда, 1950 жылдан бері Атырау облысы Құрманғазы ауданы Абай, Ломоносов атындағы мектептерде мұғалім, Ганюшкино селолық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. Бірнеше жауынгерлік және бейбіт еңбек медальдарымен марапатталған.

Құрманғазы ауданының қысқаша энциклопедиясы  
2001 ж., 79 б.

### **Жәния Берниязова**



Жәния Дүйсенқұлқызы Берниязова Атырау облысы Ембі ауданындағы Доссор поселкесінде 1924 жылы 24 сәуірде өмірге келген.

Доссор қаласындағы мектептің 8-сыныбында оқып жүрген төрт қыз (Жәния Берниязова, Жеміс Ақбекиева (Ақбәқиева), Ажар Хасанова және Юлия Захарова) 1941 жылы қараша айында майданға баруга тілек білдірген. Олар 1942 жылдың қаңтарына дейін 416-зенитшілер дивизиясында әскери дайындықтан өткен.

Осы дивизия құрамында Орел, Курск, Тула, Речица, Сумы және Польшаның Люблин қалаларын жаудан босату шайқастарына қатысқан. 1945 жылы сәүір айында Киыр Шығыс майданына жіберілген. Сол жылы қазан айында тұған жері Доссорға келіп, бейбіт еңбекке араласқан. Әкпе аурулары диспансерінде 42 жыл үздіксіз еңбек еткен. Майдандағы ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков медалімен және басқа да медальдармен марапатталған.

Жәния Берниязованың  
естелігінен алынды

### Гүлнұр Сейдалина

Ажалдан арашалағандар

...Офицер Гавриленко басқаратын госпитальда қазақ қызы Гүлнұр Сейдалина дәрігер болып істейді. Гүлнұр келгеннен бері госпитальға ауырып не жараланып түскен жұздеген жауынгерлерді емдел шығарды. Тек соңғы күндері Гүлнұрдың қолынан жазылып шыққан жауынгерлер – Межейкин, Әлиев, Иванов, Кузнецов және басқалар Гүлнұрга жазған хатында былай дейді:



Сейдалина жолdas!

Сіздің қамқорлығыңыз және барлық көnlіліңізді салып емдегеніңіздің арқасында біз тек емделіп қана шыққанымыз жоқ, сонымен қатар, Сіз бізге бұрынғыдан да артық әл-қуат бердіңіз.

Сіздің кішіпейілдігіңізді, бізге көрсеткен адамгершілігіңізді біз ұмытпаймыз. Сау болыңыз, Гүлнұр қарындас.

«Отан үшін ұрысқа» газеті  
№57, 20 қазан 1944 ж.

### Қайралапова

Қайралапова турағы «Н» болімі саяси басшының орынбасары, журналист Сұлтан Қожаниязов «Майдандағы қазақ қызы» деген мақаласында былай деп жазған: «...Анталаған ажад. Жаңбырша жауған оқ. Соғыс үшінгө созылды. Жұздеген жауынгер жаракат алды,

мерт болды. «Бораган оқтың астында жүгіріп жүріп жарасын таңды. Жарақат алғандарды арқалап тылға тапсырды. Кіп-кішкентай қазақ қызы қоркуды білмейтін не деген жан», - деп жауынгерлердің бәрі таңданды.

Анталаган ажал екінші рет төнді. Жаудың күші бізден анағұрлым басым болды. Біз өте аз едік, небәрі 60-ақ жауынгер, 2 зенитшіміз. Пулеметшінің бірі оққа ұшты. Пулемет иесіз қалды. Қазақ қызы пулеметті алды да, төніл келген жауға оқ жаудыра бастады. Құзғындар көп шығынға ұшырады. Қайтадан қаша жөнелді. Бір кезде қалпақтай ұшқанымды білемін. Ақылдан ауыстым. Бірер минуттан кейін кезімді ашсам:

- Бауырым, басынды көтер. Қарыңнан тиіп, қанатың сынса, халқың бар. Қамықпа, қайраттан! - деді басымды сүйеп отырып, қазақ қызы.

Қыздың сөзі журекке жөн. Бойға қуат бергендей болды. Қыз алға, мен тылға кеттім...

Сонан «Н» қаласындағы ауруханада екі ай жатып, басқа қалага келдім. Онда бізді бір қазақ қызы қарсы алды. Жүзі жылы ұшырайды. Аз шырамытам. Майданда көрген, жарамды таңған қыз тәрізді. Бірақ, ол қыз жұптынылау сияқты еді, мына қыз сұлу. Қыздан көз жазбасам керек.

- Таныдыңыз ба, құрбым, неге қарай бересіз? - деп күлімсіреді қыз...  
Жөн сұрастық.
- Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы «Қызыл диқан» ұжым-шарындағы Қайралап қарттың әрі ұлы, әрі қызымын. 1936 жылы Қызылордадағы медтехникумды бітірдім. Сол жылы Алматыдағы мединститутқа түсіп, 1940 жылы бітірдім. Әскер қатарына алындым. Сонан бері алғы шептерде болып «Н» қаласы үшін болған шайқасқа бастан-аяқ қатыстым. Онан басқа бірнеше қанды қырғындарда болдым. Соғыс жағдайы өзінізге мәлім ғой. Бұл жерге жақында келдім, - деп сөзін туйіндейді қыз.

Сонынан сұрастырғанымда сол аурухананың бас дәрігері екен...», - дейді журналист.<sup>31</sup>

«Социалистік құрылыш» газеті  
20 маусым 1943 ж.

<sup>31</sup> Амал не, өзін емдеген дәрігердің есімін көрсету журналистиң есіне келмепті – З.И.

## Санитарка – Әзиза

Шығып ап бұзылған бір ескі окоптан,  
Көріп қап қызды еңбектеп келе жатқан.  
Барқырап «фрау, фрау!» деп айқайлад,  
Немістер бастады ата автоматтан.

Қыз бірақ, үрейленіп сескенбеді,  
Қауіптің төнгенін де ескермеді.  
Тезірек жаралыны алып шығу  
Болды тек оның жалғыз ескергені.

Сержанттың еместігін онша жырақ  
Біліп ол, жылжи түсті жылдамырақ.  
Кезінде жетіп келген жаралыға  
Оқ тиді оң қолына қыздың, бірақ.

Ақса да жарасынан қан сорғалап,  
Жатса да ерсіл-қарсыл оқтар борап.  
Бәрінде есеп етпей, санитарка  
Жарасын командирдің таңды орап.

Ойланып, берілмestен ойға өнге,  
Жалма-жан өз жарасын байлап демде,  
Арқалап командирді кейін қарай,  
Еңбектеп жер бауырлап жөнелгенде...

Оқ тиіп сержантқа да, оған дағы  
Жаралап екеуін де кетті тағы.  
Алайда, ер жүректі қазақ қызы  
Кобалжып қаймықпады, сынyp сағы.

Ілеңде жараларын тағы таңып,  
Ілгері жылжыды қызы арқаланып.  
Тастамай командирді алып шықты  
Қансырап шаршаса да арып-талып.

Жарадар талай жанның барын біліп,  
Әзиза тұра алмады көп кідіріп.  
Жаралы бауырларын құтқармаққа  
Қайтадан қанды ұрысқа кетті кіріп.

Сағынғали Сейітов  
«Отан үшін» газеті, №22, 10 наурыз 1943 ж.

«Ана тілі» газеті  
3 наурыз 2005 ж.

## Майдандық қазақ басылымдары

1942 жылдың шілде айынан бастап 1946 жылға дейін КСРО Қызыл армия Саяси бас басқармасы майдандардың, армиялардың саяси органдары қазақ жауынгерлерін кеңестік патриотизм, интернационализм рухында тәрбиелеу үшін бірнеше газеттерді қазақ тілінде шығарды. Солардың бірқатары («Дабыл», «Қызыл әскерлер ақиқаты», «Майдан ақиқаты», «Совет жауынгері», «Отан намысы үшін», «Отан үшін майданға» және «Қызыл әскерлер туы») республикалық мұрағаттық мекемелер мен Ұлттық кітапхана және FA кітапханасының сирек кітаптар қорларында кездеспеді. Сақталған газеттердің бар тігінділері толық емес, кейбір газеттерден («Суворовши») бір, не бес-алты нөмірлері («Суворовша қыспак») ғана бар.

Соғыс жылдарында қазақ тілінде шыққан бұл әскери газеттер қазақ тарихын байытатын құнды байлықтың, ұлттық шежіремізді толықтыратын қазынаның бірі. Сондықтан республикамызда жоқ газеттерді, сонымен қоса, қолда бар газеттердің сақталмаған даналарын тиісті орындар арқылы байланысып алдыrsa, бұл Қорғаныс министрі тарапынан жасалған керемет ғанибел іс болар еді.

Өйткені, ол газеттердің беттерінде сан мындаған боздақтардың тағдыры, өмірі, ерлігі баяндалған. Олардан қазіргі жастар түгіл, аға ұрпақтың көпшілігі хабарсыз.

Сондықтан соғыс жылдарындағы қазақ тілінде жарық көрген газеттерді жинақтау, толықтыру, олардың беттерінде жарияланған жауынгерлердердің есімдерін, ерліктерін, өмірлерін зерттеп, жинақтап жариялау кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Олай дейтініміз, егемендік алған еліміздің жастарын жауынгерлік рухта тәрбиелеуге бұл таптырmas қурал болар еді.

Сондықтан елімізде бұл мәселе оң шешімін табар деп ойлаймыз. Бірақ, бүгінгі таңда оны жүзеге асырудың мүмкіндігі шамалы.



Дейтүрғанмен, сұрапыл соғыс жылдарында қазақ тілінде жиырмадан астам газет шығарылуының өзі иғлікті іс екендігін ескере отырып, ол газеттердің атауларымен, мүмкіндігі болғанша шығаруши-редакторы мен олардың орынбасары көтерген мәселелер жөнінде қысқаша хабар беруді жөн көрдік.

Майдандық қазақ газеттерінің алғашқысы «Отан үшін» – қызыл әскерлер газеті (1943 жылдың қаңтарынан Солтүстік-батыс майдан қызыл әскерлерінің газеті деп жазылған) – 1942 жылдың шілде айынан бастап 1945 жылдар арасында шығып тұрды.

1942 жылғы алғашқы жауапты редакторы Н.Кружков (орынбасарсыз) болған. Сол жылдың 18 қарашасынан бастап жауапты редактор Д.Чекулаев, 19 желтоқсаннан бастап К.Усманов редактордың орынбасары, 1944 жылдан бастап жауапты редактор Л.Макеев, орынбасары Қ.Сағындықовтар газетке қол қойған.

Газеттің мекен-жайы алғашқыда «557 Далалық пошта», кейін «95926-С» болып өзгерілген.

Осы газет орыс тілінде «За Родину» атауымен 1941 жылы қараша айында жарыққа шыққан. Алғашқы мерзімде П.Кузнецов, 1942 жылдан бастап М.Значков, ақпан айынан бастап Л.Макеев жауапты редактор болған. Орыс тіліндегі «За Родину» газетінің мекен-жайы «993 Дала поштасы, пошта жәшігі 01» деп көрсетілген.

«Жауды жоюға» («На разгром врага») – майдандағы қызыл әскерлер газеті (газет бетінде осылай жазылған, қай майданнан шығатыны көрсетілмеген) 1942 жылдың тамыз айында жарыққа шыққан. Жауапты редакторы А.М.Воловец, редактордың орынбасары М.Нұрғалиев, 1943 жылдан бастап М.Нұрғалиевтің орнына ага лейтенант Тәліп Мұсақұлов болған. Мекен-жайлары 1943 жылдың басындағы сандарында «Дала поштасының № көрсетілмейді, «На разгром врага» газетінің редакциясына жіберініздер» деп ескертпе жазылған. Сол жылдың 17 мамырындағы санында «64005-Б Далалық поштасы» деп көрсетілген.

«Майдан правдасы» («Фронтовая правда») – Волхов майданы жауынгерлерінің газеті. Алғашқы саны 1942 жылы 30 қыркүйекте шыққан. Жауапты редакторы К.Н.Павлов, 5 желтоқсаннан бастап орынбасары Н.Қорабаев болды. Мекен-жайы «337 Далалық пошта, 612 бөлім».



**«Отанды қорғауда»** («На страже Родины») – Ленинград майданының газеті. 1943 жылдың басынан шыға бастаған. Жауапты редакторы көрсетілмеген. Орынбасары А.Мадалиев, кейін Т.Әшімбаев болған. Жетісіне 2 рет шығып тұрған. Мекен-жайы «22245-А».

**«Алға жауға қарсы»** («Вперед на врага») – майдандағы қызыл әскерлердің газеті. Жауапты редакторы Н.С.Кассин, жауапты редактордың орынбасары С.Машақов. Кейде редактордың орынбасары үшін Д.Әбілев қол қойған. Редакцияның мекен-жайы «1485 Далалық пошта, 182 бөлім». Бұл газет кейін Прибалтика майданы қызыл әскерлерінің газеті аталды. Жауапты редакторы М.М.Рамзин, жауапты орынбасары Ж.Айтмұратов. Редакцияның мекен-жайы «Далалық пошта №21475-С».

**«Отан үшін ұрысқа»** («В бой за Родину») – Карелия майданы қызыл әскерлерінің газеті. Жетісіне 1 рет 1944 жылдың 1 қаңтарында шыққан. Жауапты редакторы Б.П.Павлов, жауапты орынбасары Н.Қорабаев. Мекен-жайы «31406 Дала поштасы».

**«Сталин туы»** («Сталинское знамя») – қызыл әскерлер газеті (қай майдан газеті екені көрсетілмеген). Жауапты редакторы 1943 жылы Л.И.Троскулов, жауапты орынбасары Э.Н.Ипмагамбетов. 1944 жылдан бастап Ю.М.Кокорев, жауапты орынбасары Э.Н.Ипмагамбетов. Орынбасары үшін М.Б.Дінішев 9 қаңтар 1944 жылы қол қойған.

Мекен-жайы 1943 жылы «2193 Дала поштасы 24 бөлім», 1944 жылы «19640 Дала поштасы».

**«Қызыл армия»** («Красная армия») – майдандық әскерлер газеті. 1944 жылы 4 қарашада жарыққа шыққан. Жауапты редакторы Н.С.Потапов, жауапты орынбасары У.М.Балқашев. Редакцияның мекен-жайы «48254-А Дала поштасы».

**«Сталиндік жауынгер»** («Сталинский воин») – Приморье группысы әскерлерінің қызыл әскер газеті (газетте осылай көрсетілген). Жауапты редакторы Б.Перов, редактор орынбасары Н.Қасымов. Редакцияның мекен-жайы «73803 Дала поштасы».

**«Суворовши»** («Суворовец») – қызыл әскер газеті (қай майданның, армияның газеті екені көрсетілмеген). Жауапты редакторы Н.А.Бубнов. Редактордың орынбасары үшін Ж.Жұмақанов қол қойған. Редакцияның мекен-жайы «64005-Б Дала поштасы».

**«Суворовша қыспак»** («Суворовский натиск») – Байкал-Амур соғыс округі қызыл әскерлерінің газеті. 1946 жылдың қаңтар айынан бастап шыға бастаған. Жауапты редакторы М.Ф.Мельянцев, редактор орынбасары Ж.Айтмұратов. Редакцияның мекен-жайы «Хабаровск қаласы, К.Маркс көшесі, 16 үй».

**«Совет жауынгері»** («Советский воин») – Оңтүстік Батыс, кейін 3-Украин майданының газеті. 1943 жылы 28 мамырда шыққан. Бұл газетте ақын Ә.Сәрсенбаев, журналистер Н.Айдаргалиев, С.Ильясовтар жұмыс істеген.

**«Отан намысы үшін»** («За честь Родины») – 1-Украин майданының газеті. Бұл басылымға С.Құлбабаев басшылық еткен.

**«Майдан ақиқаты»** («Фронтовая правда») – 2-Беларусь майданының газеті. Қазақ тілінде 1944 жылдың көктемінде шыға бастаған. Оны А.Елшібеков редакциялаған. Осы газетке Солтүстік Батыс майданының «Отан үшін» газеті редакциясының қызметкерлері Ж.Молдағалиев пен С.Сейітов жіберілген.

Жоғарыда аталған газеттердің редакция алқасы БК(б)П Орталық комитетінің, БК(б)П Орталық комитеті насиҳат және үгіт бөлімінің, Қызыл армияның Саяси бас басқармасының бекіткен ережелерін басшылыққа алды. Сол бойынша жұмыстарын үйімдастырыды.

«Сапты аяқта ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын» ресейлік отарлық саясат соғыс жылдарында шығарылған қазақ тіліндегі газет редакторларының тағайындаудан орын алды. Газеттің жауапты редакторларының бәрі өзге ұлт өкілдері болды. Солай болса да ерлікті, шеберлікті насиҳаттауда, жауынгерлердің рухын көтеруде, әскери қаруды пайдаланудың тәртібін, тәсілін үретуде, майдан мен тылдың байланысын көрсетуде әрқайсысының өзіндік стилі, әдісі, шеберлігі газет беттерінде айқын көрінеді.

Қазақ тіліндегі майдандық газеттердің ана газет анандай, мына газет мынандай тақырыптарды көтерді деп жіктеп жазуға мақаланың көлемі көтермейтіндіктен олардың барлығына ортақ қатыстыларын ғана жинақтады.

### **Газеттердің көтерген мәселелері**

Газеттердің бірінші, екінші беттеріне негізінен Мемлекеттік қорғаныс комитетінің тәрагасы И.В.Сталиннің майдан басшыларына



берген тапсырмалары, жау қолынан қалаларды босатқан майдан басшыларының әскери шендерін, лауазымдарын көтерген, ордендермен марапаттаған бүйрық, жарлықтары, Совинформбюроның хабарлары орналасқан. Бас мақалалары көбіне «Правда» газетінің бас макалалары есебінен ықшамдалып берілген.

Ара-тұра «Қазақ халқының ертедегі батыр үлдары», «Абылай» деген тақырыптармен Едіге, Қобланды, Ер Тарғын, Абылай хан, Кенесары, Наурызбай, Исатай мен Махамбет, Амангелді туралы «бұлар өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған, сол жолда өмірін сарп еткен батырлар» деп жазған.

«Кеңес», «Үйрен» айдарларымен «Жау ұшақтарын атудың тәсілі», «Жау танкын гранатпен, жаңғыш бөтелкелермен жою», «Противогазды пайдалана біл», «Солдаттың батырлығы деген не?», «Жандырығыш бөтелкені қалай пайдалану керек?», «Жау атакасын қалай токтату керек?», «Танкыны қиратудың тәжірибесін үйрен», «Жау дзотын қоршауға алушын тәсілі», «Немістің Т-VI танкы, онымен қалай күресу керек?», «Неміс минасы жөнінде жауынгер не білуі керек?», «Окоп – сенің немістерге сокқы беретін қамалың», т.б. тақырыптармен кеңестер, әскери техникаларды пайдаланудың әдіс-тәсілін үйрену жөніндегі мақалаларды жарияладап, жауынгерлердің ой-өрісін кеңейткен, тәжірибесін молайтқан.

Бірқатар газеттерден соғыстың алғашқы жылдары орыс тілін білмегендіктен орыс тілінде берілген өмірді (команданы) түсінбеудің салдарынан қазақтардың жау оғынан топырлап оққа ұшқандарын көздерімен көріп, жүректері қан жылаған тілшілер мен редактор орынбасарларының сөздерін айқын сезуге болады. Соның әсері болуы керек газет беттерінде «Орыс тілін үйрен», «Есінде сақта» айдарларымен «заряжай – окта», «огонь – ат», «встать – тұр», «ложись – жат», «направо – онға», «налево – солға» деген сияқты қарапайым сөздерден бастап әскери сөздерді, терминдерді жариялауды дәстүрге айналдырған.

«Гвардеец, есінде сақта!» айдарымен жауынгерлер қандай ерлік көрсеткенде қандай орденге ұсынылатындығы туралы ережелер де берілген. Мәселен, I дәрежелі «Отан соғысы» орденіне жеке өзі жаудың екі ауыр, не орта, болмаса женіл үш танкысын немесе қасындағы жолдастарымен жаудың ауыр, не орта үш танкысын, әлде женіл бес танкысын жойса, ал II дәрежелі «Отан соғысы» орденіне жаудың бір ауыр, женіл екі танкысын (көпшілікпен бірге болса ауыр екі, женіл үш танкысын) жойса немесе майдан алаңында өз қаруымен жаудың екі ұшағын атып түсірсе немесе екі танкысын гранатпен, жаңғыш бөтелкелермен жойғандар» ұсынылатындығын жарияланған. Бұдан басқа ордендер туралы да ережелер газеттерде берілген.

«Ұмытпа, кек ал!» айдарымен жау табанынан босатылған қалалар мен елді мекендердегі жаудың кеңес азаматтарына жасаған зұлымдық әрекеттерін фото-репортаждармен жариялаған. Мәселен,

«немістер Сланцев ауданында алты елді мекенде 444 адамды атты», «Новгород ауданында 1453 үйді өртеді» («Майдан правдасы», №4, 10.12.1942 ж.). «Воронеж облысы Сурков селосында фашист-жандеттер тұтқынға түсken гурьевтік (атыраулық) Өтеп Әминовты, Айнаш Дүкешевті, Арыстан Ахметовты, Жұбан Бекболатовты, Сағадат Жұбановты азаппен өлтірген» («Отан үшін», 3.10.1942 ж.) деген секілді жантүршігерлік хабарларды басып, жауынгерлердің жауга өшпендейлігін арттырған. Мұндай жүрек сыйздатар қайғылы, қасіретті хабарлармен қатар Литва республикасы, Ставрополь өлкесі, Орал, Смоленск облыстарында немістердің жасаған зұлымдық әрекеттерін, КСРО-ға келтірген зияндарын тексеріп, анықтау жөніндегі Мемлекеттік төтенше комиссиясының қорытындыларын барлық газет беттерінен кездестіруге болады.

«Агитатордың блокнотына» айдарымен «Егер жау берілмесе, оны құрттар болар» (М.Горький), «Жауды аяған жаралы болады», «Ежелгі дүшпан ел болмас», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өле-ді», «Елдің кегін ер қуар», «Ер өлсе де аты өлмейді» секілді қазақ мақал-мәтелдері, Б.Момышұлының «Стан үшін отқа тұс – күймей-сің», «Өмір үшін өлгенше күрес» деген қанатты сөздерін жауын-герлерді батылдыққа шакыру үшін ұсынған.

Майдан мен тыл арасындағы байланыс майдандық қазақ газеттерінің басты тақырыбына айналған. Ол негізінен «Қазақстанда», «Елмен байланыс», «Жақындарың үшін алаң болмаңдар», «Елден келген хат», т.б. айдарлармен берілген екі миллион алты жұз отыз бір мың 506 адам қол қойған «қазақ халқының майдандығы қазақ жауынгерлеріне» жазған хатын майдандық барлық қазақ газеттері «Правда» газетінен (06.02.1943 ж.) көшіріп басқан. Осы хатты талқылауга байланысты әр майданда өткен қазақ жауынгерлерінің бас қосқан жиындарының қорытындыларын, қатысқандардың есімдерін жариялаған.

Жоғарыда көрсетілген айдарларда Қазақстан Республикасының басшылары Н.Скворцовтың, Н.Оңдасыновтың, С.Қазақбаевтың, облыс, аудан, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы басшыларының «Өнеркәсібіміз, шаруашылығымыз, экономикамыз, мәдениетіміз, халқымыздың әлеуметтік тұрмысы жыл сайын өркендеп келеді. Майданға пәлен вагон сыйлық, азық-түлік, жылы киім жібердік. Соғыс қару-жарагын шығаруға, Отан қорғау қорына мол қаржы жинап тапсыры» деген секілді мақтан сөздері мен рапорттары берілген.

Олар елдегі нақты жағдайды жауынгерлерден жасырды. Желбұаз, мақтандырылған сөздермен бүркемеледі. Майдандағы жауынгерлер елінің, отбасының не халде екенін білмесін, тұрмыс-жағдайына

аландамасын деген оймен елден жинаған есепсіз салықтары, халықтың ақсирақ болып, күйзелген жағдайы туралы ләм-мим демеді. Шет жердегі жұмақтан туған жердің топырағы артық деп жүрген жауынгерлерге жалған деректер берді.

Ол ол ма, коммунистік идеологтар майдандағы жауынгерлерге олардың елдегі ата-анасына, жарына, туыстарына «жағдайымыз жақсы, өркендең өсіп, табыстан табысқа жетіп келеміз» деген хаттар жаздыруды да дағдыға айналдырыды. Тіпті қазақ дәстүріне жат қазақ қыздарына майдандағы жігіттерге хат жазу дәстүрін енгізді.

Мәселен, Қызылорда пединститутының студенттері Мейірхан Байқасынова, Ұлышбек Дүйсенбаева, Тұрсынкул Ізкендірова, Асыл Иманқұловалардың өздері көріп, түсін түстеп білмейтін Карел майданындағы қазақ жігіттеріне жазған хаттары «Отан үшін ұрысқа» (№7, 1944 ж.) газетінде басылды. Қазақстанда құрылған дивизия құрамалары қатарында соғыста жүрген қазақ жауынгерлеріне Алматы, Шымкент, Қарағанда, Жамбыл, Семей, т.б. жерлердегі қыздардың хат жазулары үрдіске айналды.

Соғыстың сұрапыл қырғын жылдарында елін, жерін, туған туыстарын сағынған қазақ жауынгерлерінің жүдеген көңіл-күйін көтеру мақсатында Жамбылдың, Нұрпейістің, М.Хакімжановың, Х.Өтегалиевың, Нұрлыбектің, Доскейдің, т.б. халық ақындарының арнау жырларын газетке жариялады.

«Кәні, жігіттер, ән шырқайық», «Қазақтың ән-өлеңдері» айдарларымен Абайдың, Мұхиттың, Балуан Шолақтың, Біржан мен Ақан серінің, Үкілі Үбірайдың, Жаяу Мұсаның, Әсессінің, Майра мен Мария Жагорқызының, Манарабектің әндерінің және қазақ әндерінің мәтіндеріне көтеген газеттер орын берді.

«Қызыл әскерлер творчествосы» айдарымен майдандағы қазақ газеттері қан кешіп, жаумен айқасып жүрген майдангерлердің өлеңдерін, поэмаларын, әнгімелерін, фельетондарын жарияладап, игілікті істі атқарған. Олардың ішінде Ш.Әтебеков, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Сыздықов, Ж.Молдагалиев, Б.Момышұлы, Ж.Жұмақанов, Е.Қайназаров, Е.Есенбаев, Е.Бекенбаев, А.Серікбаев, А.Қартанбаев, А.Закарин, Б.Жансейітов, Е.Аязбаев, Ф.Мұсанов, Ж.Мендіғожин, Ә.Тұрысбеков, Ж.Тұматаев, т.б. өлеңдері, Д.Әбілевтің, Қ.Әбдіқадыровтың, А.Тоқмағамбетовтің «Жазғытұрғы наизағай», «Сауық кештің түйіні», «Ла-манштан өтті», «Мұңқір-нәңқір», «Бәрі де «план бойынша», «Сиқын қара немістің», «Ақ түйе көрдім..жоқ», «Балтық теңізінде», т.б. фельетондары басылған.

Сонымен бірге, майдандық қазақ газеттерінен соғыстың толастаған кезеңдерінде жауынгерлердің көңіл көтеру сәттерін де көруге

болады. Өйткені, ол газеттерде Қазақстан көркемөнер саңлақтарының койған концерттері туралы деректері де берілген.



Оның үстіне, Холм тас жолы бойында боралған жау оғы астынан 50 адамды ажалдан құтқарып алып шыққан жауынгер композитор Рамазан Елебаевты жауынгер ортасында билеп өнер көрсетіп жүрген суретін де газеттер басқан екен.

Газет редакторлары кезінде саясаттың қысымына ұшырады ма, әлде заман ағымынан сескенді ме, қалай десек те майдандағы жауынгерлердің тұрмыс-тіршілігі, шеккен азабы, тартқан қайғы-қасіреті деген мәселелерге көніл бөлмеген секілді. Бұл мәселе жөнінде қазақ тілінде жарияланған газеттердің барын парактағанымыздың қызыл әскер Б. Жармақановтың «Редакцияға хат» деген жалғыз мақаласын кездестірдік. Онда: «Военторг қызметкерлерінің бізге келмегеніне жылдан асты. Мұнда не ине, жіп, ұстара, қағаз, қалам алатын жер жоқ. Ұзілген түймені қадау үшін ине, жіп, үйге хат жазу үшін қағаз, қалам іздеп бүкіл бөлімшени түгел кезесің. Бұл азабымыз военторг қызметкерлеріне сезілмейді. Олар қызыл әскердің мұқтажына көніл бөлмейді» деп қысқаша қинала тұжырым жасапты («Жауды жоюға», №48, 06.08.1943 ж.).

Бізше, қан кешіп жүрген бұл жауынгердің жанайқайы көп нәрсені аңғартса керек. Бұл бірдің емес, мыңның жан ашуы деп ұғынуға да болады. Біз елдегі халық аштыққа, жалаңаштыққа ұшырап, азып-тозып жүргенін бұған дейін де айтқанбыз. Ал, майданның сұрапыл дауылы кезінде өмір мен өлімнің арасында жүрген жауынгерлердің тұрмыс жағдайына мұншалықты жауапсыз қарағандығы жан түнілтеді.

Бірақ, қалай десек те майдандық газеттер Кеңес үкіметі мен Компартияға қалтқысыз қызмет етті. Майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерлік бейнесін көрсететін нақты деректер мен келешек ұрпаққа тарихи мұра қалдырылғаны сөзсіз.

«Ана тілі» газеті  
23 маусым 2005 ж.

## Ассалаумағалейкум, әз Наурыз, төл жаңа жылым

Уағалайкүмассалам дейтінінді құлімдеген күннің көзінен, жер бетіне шашқан шапағатынан, нұр сәулеңнен білгендейміз. Бірақ, сені большевиктер мойындағысы келмеді. Сондықтан, сені 1927 жылы саясаттың зынданына салды. Қызыл империя сені зынданға салғанымен, өзінді еске түсіретін салт-дәстүрлеріміз елде әлі де тірі, жұқанасты өшпеген еді.

Ел ішінде 1941 жылғы соғыс басталғанша наурыз күні қызыл келіншектер көктемгі жауқазындағы қызылды-жасылды киінетін. Бар тапқан тәуірін – алқа, сырға, қапсырмаларын, шашбауын тағатын. Үйіндегі бар тәуір тамағын дастарқандарына салатын. Жұздері күндей жарқын жайдарыланып, құлкілері шолпыдай сыңғырлайтын. Күндіз көл бетінде жұзген әр түрлі құстай үздік-создық топ-топ болып ауылдан-ауылға, үйден-үйге қызыратын. Бара жатып, келе жатып қазакы әндерді майын тамызып шырқайтын.

Боз бала жігіттердің аты барлары ауыл-ауыл, жақ-жақ болып көкпар тартып, салым салатын. Салым түскен үйде түнімен ойын-кулкі, «дүре соқпай», «жұп-жұп» секілді қазақы ойындарды ойнап, ән шырқап, жұмбақ айтсызып, той тойлайтын. Атсыз, жаяу жігіттер доп қуып, балалар «әйкөл», «қыз доп», асық ойнап мәз болатын. Ол кезде қазіргідей резенке доп жоқ. Балалар допты сиыр жүнінен өздері жұмырлап, уқалап, лезде мінсіз етіп жасап алатын.

Әйтеуір, тірі жанның бәрі мәре-сәре болып қуанатын, шаттанатын. Біз ол кезде жүрттың наурыз күні неге мәз болып, ерекше киініп, тойлайтынын, салтанат құратынына мән берген жоқпыш.

Тек «үлкен үйдегі құлсे, отаудағы ыржиядь» дегендег көп толқынға еріп жүргенімізге мәз едік. Сөйтсек, бұл біздің балалық бал дәуреніміз екен.

Аштықтан қынадай қырылған, қаймағы сыптырылған қазак халқына соғыстың теперіші қатты тиді. Екінші дүниежүзілік соғыс әсерінен тағдыр айбалтасының жузі тағы халқымыздың желкесіне тәнді. Соның салдарынан сенің жыл басы екенінді, Наурыз мерекесі деп атауды ұмытуға айналдық. Ұмытайтық деген жоқпыш-ау, оған



соғыс кезеңі есендіретіп, тағдырыбың тәлкегі, саясат тепкісі, қызыл белсендерлер осыған мәжбүрледі. Тіпті сенің нұр шуагынан шашылған несібе – сағызды, жуаны, көсікті, бұлдіргенді де теріп жей алмадық. Жабайы жиектер мен жемістерді де бізге Кеңес үкіметі бұйыртпады. Оларды жинауға мемлекеттік жоспар берілді. Бізге жинатып алды. Бейнетін біз, рахатын басқа көрді.

Соғыс жылдары елде наурыздың жұқанасы мен жұрнағы қалды. Жұқанасы Қазақстанның Ақтөбе, Атырау, Манғыстау, Батыс Қазақстан облыстарында бұрынғы дәстүр – 14 наурыздан бастап көрісу салты сақталып қалды. Ол да «Жасын құтты болсын!» деген тілекten аса алмады. Бұдан басқаға дәрмені болмады. Себебі, саясат үрейі тамыр-тамырымызды жайлап алған еді. Үлкендердің баласының қолына ұстарат құлшесі, өніріңе тақ деп берер тесік теңгесі жоқ еді. Өзге түгіл, өзі талғажау етерлік үнемге зар болып, басы қайғыда отырғанда не бере алсын, қалай қуантсын. Дастарқаны жұтаң тартты. Бауырсақ бұл-бұл ұшты. Дастарқанына тапқаны жүгері күйрып, бидай шашты. Жарапазан – Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында аш құрсақ балалардың үйден-үйге, ауылдан-ауылға жүтіріп нан сұрау тәсіліне айналды.

### Өз малын өзі союға, сатуға құқы жоқ...

Ие, дәл осындай занды құқы бар қаулыны КСРО Халық Комиссарлары қеңесі мен БК(б)П Орталық комитетті 1942 жылы наурыз айында шығарды. Қаулы «Социалистік Қазақстан» газетінде басылды (№65, 15.03.1942).

Қаулының атавы «Колхоздар мен совхоздарда төлді сақтау және мал басын арттыру шаралары туралы» деген әдемі сөз тіркестерімен жарияланды. Қаулыда Кеңес Одағының әр республикасы бойынша мал, құс, тауық, қоян түрлерін өсіру мөлшерлері белгіленіп бекітілген. Орындау міндетtelген. Бұл қаулының пәрмені қатты. Оның өмірі ұзақ әрі үнемі халықтың зәресін ұшырып отырды. Соның салдарынан соғыс уақытындағы мәліметтерде республика бойынша мал басының өсуі, өнімі соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда үнемі өсіп отырды. Ондай дәрежеге көтерген қаулының мына тармақтары:

...3. Колхоздардың 1942 жылы мал фермаларын толықтыру үшін колхозшылармен, жұмысшылармен, қызметшілермен алдын ала шарт жасалатын болсын.

Бұл пункт нақты өмірде «жеке меншігімдегі малымның (түрін, түсін көрсетіп) төлін ұжымға (кеңшарға) өткіземін. Енесінен айыр-

ғанша (яғни сауын мерзімі аяқталғанша) бағамын, өлсө төлеймін» деген шартқа қол қойып беретін болып ұйымдастырылды. Сонда қоғамның малы өлмейді, жоғалмайды, ұрланбайды. Зәуқайым ондай жағдай болса мал иесі, не бақташы төлейтін болды.

4. Сиыр малының бір жасқа дейінгі төлін тек аудандық жер бөлімінің мал дәрігері-зоотехник қызметкерлерінің бракқа шығарған, жарамсыз төлінен басқасын соймау, сатпау тапсырылсын;

...6. Сатылатын малдар тек аудандық жер бөлімінің рұқсатымен ғана сатылатын болсын;

...14. Толықтыру үшін колхозшылардан, қызметшілерден қой мен ешкі сатып алу жоспары бекітілсін.

Міне, халыққа қамқорлық жасайтын, әл-ауқатын көтеретін үкімет пен партияның бұл қаулысы жекешенің мал басының өсімін тоқтатты.

Қаулының 6 пунктінің зардабы жекешелерге тиді. Жекешенің меншігіндегі өз малын өзі сойып жеуіне, сатуына құқы болмады. Жекешенің малының саны жыл сайын кеміді. Соның салдарынан табиғатында ет жеп, сүт ішіп үйренген қазақ ол ризығынан айырылды. Асқатықсыз қалды. Қолындағы қазақы сиыры сұтсіз. Оның екі мезгіл сауған сүтін жинап айран етіп (дұрысы су қосып шалап жасап) қорек етті. Оナン түскен аз майды көзі көргенмен, дәмін татқан жоқ. Өйткені, ай сайын төлейтін май салығы бар. «Кезің көріп, қолың ұстамасын» қарғысына ұшыраған кейіпте болды. Мұның аяғы үкіметтен жасырып, халық өз малын өзі ұрлап соятын болды. Бірақ, ол жазасыз қалмады, аяғы сотпен тынды.

### Сүт тапсырмалар сотталсын...

Жоғарыдағы қаулыға үркे қарап жүргенде 1942 жылы 24 қарашада сиыры бар басшы қызметкерлердің міндетті сүт тапсыруы жөнінде арнайы зан шықты. Ол занда: «...Мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындаған қызметкерлер сотқа тартылсын» деп көрсетілді.

Қазақта «Оз бетін аямаган кісі бетін шиедей етеді» деген аныйлау сөз бар. Бұл зан халықтың зәре-құтын қашырды. Себебі, басқарушылардан қайырым-шапағат азайды. Сондықтан қорыққаннан өздері аш-жалаңаш қалса да мемлекеттік жоспарды орындауды бірінші кезекке қойды. Сотталып, айдалудан қорықты. Мұнан халық зәрезап болды. Ер азаматтар майданда жүргенде табанымыз тайса қарттар мен балалар иесіз қалады-ау деп олардың жүректері сыздады. Елде ашығу басталды.

## **Елім дейтін азаматтар әлі де бар екен...**

Шынтуайтына келгенде, ел іші қын-қыстау күн тұганда басын бәйгеге тігетін басшы азаматтардан құр алақан емес екен. Тар кезенде ашыққандарға ас, жаяуына ат берген ұжымшарлардың төрагалары болды. Олар қысылған сәтте жоғары орындарға ай сайын тапсыратын есеп-қисантагы «Ішкі мұқтажға жұмсалды» деген графаны білдірмей ашыққан, үнемсіз қалған отбасына, еңбек етіп жүрген жүдеу балаларға, күн көрісі төмен жұмыссыз қарттарға жәрдем беруге пайдаланды. Тауарлы сүт фермелерінен өндірілген сүтті, майды мемлекетке тапсырмай, соларға таратып беріпті.

Деректі құжаттарға қарағанда, Батыс Қазақстан облысындағы 450, Талдықорған облысындағы 300, Қарағанды облысындағы 158, Алматы облысының бес ауданындағы 133 ұжымшарлардың басшылары мемлекетке бір литр де сүт тапсырмай, ішкі мұқтажға жұмсалты. Тіпті Алматы облысының Балқаш ауданы бұзаулаған 300 сиырды ұжымшар мүшелеріне сауынға беріп, ерлік жасапты. Шындығын айтқанда, ол нағыз ерлік еді. Өйткені, бұл соғыстың отты лебі бет қаратпай лапылдап тұрған 1942 жыл болатын. Жоспарды орындау қылмыс қана емес, Отанды қорғауға қарсылық, сатқындық деп бағаланды. Соны сезе, біле тұрып, бастарын бәйгеге тіккен ерлерден айналдық. Олай дейтініміз, олардың осы әрекетінен мемлекетке 340 вагон май, 160 вагон сұзбе кем берілді. Мұның соны қым-қиғаш тексеруге, жауапқа тартуға ұласты.

## **Соқаға сауын сиыр, есек жектік...**

Астық өндірудің ол кезде азабы да, тозағы да көп. Жыл он екі ай егіншіде мігір болмайды. Қыстай тұқым тазартады. Қектемнің ызығырығына қарамай жер жыртады. Жер жыртатын, тұқымын себетін тракторы, техникасы жетімсіз. Жетімсіз емес-ау, жоқ. Сондықтан егіншінің күш көлігі өгіз бен ат болды. Кезінде жоспардың мерзімі тығыз болғандықтан қосымша күшке зәрулік артты. Сондықтан сауын сиырлар да, тайынша, қашарлар да, тіпті есекті де соқаға қосуға тұра келді.

Қазір мұны жастарға айтсақ, ертек сияқты көреді. Бірақ, шындық, нақты өмір осылай. Мәселен, «Қызылорда облысында қөктем егісіне соқа тартуға сауын сиырлар мен тайыншалар үйретілді» депті бір ақпарда. Бұл – Қазақстан Республикалық Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұр. Тіпті сол құжатта Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы ұжымшарларда жер жыртуға есектерді пайдаланып

отырғаны айтылған. Бұл тек Қызылорда облысындағы жағдай емес, Ақтөбе, Жамбыл, Шымкент, т.б. облыстарда да осы тәжірибе қолданылған. Мәселен, Жамбыл облысындағы «Восток», «Красный пахарь», «Қызыл ту», «Коминтерн», Энгельс, Жамбыл атындағы ұжымшарлары «Соқаға жегетін күш-көлік жетіспегендіктен сауын сиырлар мен есектерді қосқа қосу керек» деп қаулылар алды.

Сауын сиырлар мен есектерді соқаға үйрету мектеп оқушыларының мойнына ілінген. Мәселен, Ақтөбе облысы Мартек ауданы «Крестьянин» ұжымшарындағы оқушылар – Миша Решеткин және Вания Тимченколар 25 сиырды арбаға, соқаға жегуге үйреткені жөнінде газетке мадақталып жазылған.

Ал, Шымкент облысында жер жыртуға 2000-нан астам сауын сиыр қосқанын айта келіп, «Ленин атындағы ұжымшардың соқашылары сауын сиырларды соқаға жегумен қатар, олардан сүтті бұрынғыдан да көп өндіріп жүр» деп әсіре мақтанышың еткен. Қосқа жегіліп азап көрген сиыр сүтті көп береді деу ақылға қона бермейді-ая.

### Өтізге қайырымшылық, егіншіге азап...

1942 жылы «Республика облыстарында көктемгі егістегі елеулі кемшіліктер туралы» деген Қазақстан Орталық партия комитетінің қаулысы жарияланды.

Сол қаулыда «Жер 25 см-ден төмен жыртылмасын, сапалы етіп айдалсын, аттар мен өгіздерді әрбір 3-4 сағатта ауыстырып тұру аудан басшыларына, ұжымшар төрағаларына міндеттелсін», - деп көрсетілген.

Дұрыс-ақ. Сонша тереңдікте жер жыртуға көліктер шыдас бермесі анық. Осы тәсілмен жер жырту республикада жаппай қолға алынды. Мәселен, Осакаров ауданында соқашылар 6 га күндік жер жырту жоспарын 15 га, Қарағанды облысы Нұра ауданының соқашысы Әбілсейітов бір соқамен 2-3 рет көлік ауыстырып 65 га жер жыртыпты. Мұндай деректер некен-саяқ емес.

Алайда, Орталық партия комитеті жер жыртатын, тұқым себетін егіншінің тірлігіне келгенде «бригадада жұмыс таңғы сағат 5-тен кешікпей басталып, кешкі сағат 10-11-ге дейін созылатын болсын» деген қатығез қаулы алыныпты.

Міне, осы қаулы бойынша өгіз берін ат 3-4 сағаттан кейін демалады, жайылады, сүйн ішіп тынығады. Ал, егінші байғұс 17-18 сағат бойы сіңірі созылып, атпен, өгізбел арпалысып тынымсыз еңбек етуге міндетті болған.

## Торғайдан бұрын шырылдауың керек...

Жоғарыдағыдай азаппен егілген егінді күту, баптау, ору, бастыру оңай емес. Алғашқы азап – бидайды торғайдан қору деген бәледен басталады. Торғай сенің шаршағаныңды, аштығыңды, күннің алтабын сезбейді. Таң бозарғаннан оған да тамақ керек, бидай қайдасың деп ұшады. Торғайдан бұрын сені таң саз бергеннен бригадирдің ашы айқайы оятады. 3-4 шақырым жердегі егіске өкпенді қолыңа ұстағандай болып өліп-талып жетесің. Соңан көз байланғанша жағына да, аяғына да тыным жоқ, бірнеше гектар егісті айнала жүгіріп, қонған торғайды ұшырып айқайлап жүргенің. Торғай жеп кеткен бидайдың басы «менің дәнімді торғай жеп кетті» деп бригадир мен агрономға арыз айтқандай селтиіп тұрады. Ондай жер көп болса, бригадир, не агроном дереу акт жасайды, не «тапқан еңбек-ақысынан өндірілсін» деп қатал шешім шығарады.

Екінші азап – бидайды қорудан кейін, күрішті арам шөптен тазарту кезекте тұрады. Бұл өте ауыр жұмыс балалар мен әйелдер мойнына ілінген. Олар жаздың ми қайнатар ыстығында күріштің тізеден келетін ыссы сүйн, балшығын кешіп жүріп қамыс борығын, күрмегін, доңыз қоғасын, әлденеше метрге созылған камыстың өркенін тамырымен жұлып, атыз басына тасып жинайды. Қандай азап десенізші. Сөйтіп жүргенде, айналаң қапырық, тынысың тарылады, талтұсте бас сұғарлық көлеңке таппайсың. Соңда «бәленің мыны сырда, бірі қырда» деген сөз ойына еріксіз түседі.

Тағы бір азап – мемлекетке астық тасудан басталады. Бидай, күріш ору, оны қырманға тасу әйелдер мен мектептің окушы қыздарына жүктеледі де, ер балалар есекпен мемлекетке астық тасуға жегіледі. Эр балаға 3-4 есектен бекітіліп, әрқайсысына 50-60 келі астық артып береді. Соған ие болып 45 шақырым жердегі аудан орталығы Теренөзектегі, не көрші аудандағы Жалағаш астық қабылдау пункттеріне өткізуге есек көшін тізіп аттанамыз. Есек те бір қырсық. Қайда борпылдақ құм, шалшық су болса жата қалып аунаайды. Не жолдың қалындау бұта, шенгелі мол жер болса жалт беріп қашады. Соңдай кезде үстіндегі жүгі түсіп қалса бәле соңда. Оны жалғыз езің мықышыңдап арта алмайсың, қосымша азап әкеледі. Өзі аш адамға бұл оңай емес. Екеуара бір таба нан береді. Ішетін сүнәң жолдағы арықтарда, көндерде қалған шалшық су.

Сонымен, астық қабылдау пунктіне келгенде таразышы деген «Күдай» тұрады. Ол әкелген астығыңды 15-20 метр биіктікте үйілген астықтың тәбесіне шығарып барып төгуге бұйырады. Өзің шаршап, ашырып келгенде сонша биіктікке астық көтеріп тасу оңай

жүк емес. Азар дегенде өлдім-талдың деп, астықтан құтылғаннан кейін, қарын ашқан ұмытылады. Бірақ, ертең де, арғы күні де... сол сұрықсыз өмір тегеріші өзгеріссіз айналады да тұрады.

## 2 келі масақ үшін 10 жыл түрме...

Осындай бейнетпен өндірілген астық егіншінің ернінен жырылып алынады. Астық бірден мемлекеттік міндетті жоспарға, Мемлекеттік қорғаныс қорына, Қызыл әскер қорына, соғыс қару-жарагын жасаушыларға, әскер отбасыларына, балалар үйіне, т.б. таратылып кетеді. Егіншінің бақшадан өндірген өнімдері – жүгері, қауыншектері әр түрлі шығындарға, танк, самолет қорларына, заемдар сатып алуға кетеді.

Сейтіп, диқанның дорбасы қағылып, бос қалады. Аштан өлмес үшін қырманның топанын қағады, егін даласынан масақ теруге мәжбүр болады. Бірақ, бұл тірліктерге егін жиналып, қырман көтерілгенше рұқсат берілмейді. Егіні жиналған жерлерден окушылар масақ теріп мемлекетке тапсыруы тиіс. Олардың көзінен таса дәнді сабактар қалса, милиция, агрономдар әр атызды аралап жүріп акт жасайды. Қайта тергізеді. Әлек-шәлегінді шығарады. Осындай әрекеттердің арасында көппен араласып, бірлі-жарым қауқарсыз қарттар аштан өлмеуі үшін масақ тереді. Келешек өнімге дейін қорек жинауға әрекет етеді. Милиционерлер мұндайларды көрсе бірден акты жасап, соғысқа қарсы адам ретінде жауапқа тартады.

Ұмытпасам, сол кезде 1941 жылы 4 тамызда қаһарлы заң шықты. Оны жүрт «4 тамыз» заңы деп атап кетті. Сол заң бойынша елден талай адам сottалып кетті. Олардың бәрін тізбелемей-ақ қояйын. Солардың ішінде менің есімде ерекше қалғаны 70 жасты қусырған Байзак деген кісі. Ол кісінің есімде қалатыны әкеммен жасы шамалас еді. Көршілес «Тармакөл» деген ұжымшарда тұратын. Анда-санда әкеме келіп етік-мәсі тіктіретін, аяқ-киімдерін жөндептіп, түбі тесілген шелектерін тұптетіп, ағаштан қасық, тостаған, күбі жасататын, тесілген қазаның шегелетіп алғып кететін еді. Сол кісі масақ теріп тапқан екі келі бидайы үшін 10 жылға сottалып кетті. Тағдыр ол байғұсты елге оралуға жазбапты. Артында Асыл деген әйелі, Шайзат, Шаймерден деген балалары жетім қалды. Олар азар-акырет көріп, зорға дегенде ел қатарына қосылды.

Әрине, бұл сияқты сұрықсыз өмірді тек мен ғана көрмеген шығармын. Сол кездегі жандардың бәрі де бастарынан кешті деп ойлаймын. Олар бақытты, жастық балалық балғын шақты көрмедин. Азапты өмір оларды ерте есейтті. Бірақ, күресерге дәрменсіз.

Батыс қазақстандық Әмірдің арабы деген ақын айтқандай:

Аластап бітті арысты,  
Ашылмай жақ қарысты.  
Айтқанның қагып азуын  
Жазғанға шала жабысты.

### Шайымыз шөп болды...

«Бірі кемнің бәрі кем» деген бекер сөз емес. Соғыс жылдарында астық та, ет пен май да, тұтыну заттары да жетіспеді. Өндірілген өнімнің бәрі «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» ұранының түбі тесік қоймасына жұтылып жатты.

Жетімсіздік мұқтаждықты туғызыды. Оны сол кездегі Қазақстан сауда халкомы В.Белый 1942 жылы 5 наурызда «...әсіреле, Оңтүстік Қазақстан, Гурьев (қазіргі Атырау), Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды облыстарында халықты тұтыну заттарымен қамтамасыз етуді жергілікті өнеркәсіп орындары орындалмай отыр. Жергілікті жерде картоп ұның, құрғақ квас, кисель, жеміс шайын, сірке, тұз, оттық, түйме, тарақ сияқты көптеген заттарды әр ауданда шығаруға болады» деп көрсетіпти «Социалистік Қазақстан» газетінде.

Осы сөздің жаны бар. Дәлелді алыстан іздемей-ақ қояйын. Оны кезінде көзіміз көрді, бірқатарын қолымызбен істедік.

Ол кезде басқа ұлт екілдері араласқан жер болмаса, қалың қазақ отырған өнірде картоп ұнын жасау, кисель қайнату, құрғақ квас алу қазақ үрдісіне ене қоймаған. Басқа жерде қайдам, мен білетін өнірде бейнетке белшесімен батып енбек етіп жүрген адамның шөлін қандырап сусын тек шай болды. Сусынның онан басқа түрі оның өні түгіл, түсіне кірмейтін. Мемлекет тарапынан шығарылатын тақта шайы екінің бірінің қолына түсе бермейтін, түсе қалса оны хан сарқыттындаи сақтайтын. Оны сыйлы қонақ сыбағасы деп санайтын. Ондай шайы жоқ үйге сыйлы қонақ келсе, әйелдер үйден-үйге «бір қайнатым шайды қарызға бере тұршы» деп жалынатыны мениң көз алдыманнан күні бүгінге дейін кетпейді.

Соғыс жылдарында біздің елде көбіне жалбыз, кептірілген жеміс, қауынқақты (қауыншекті), т.б. шайға пайдаланды. Біздің ауыл Қызылорда облысы Теренөзек ауданы (қазіргі Жалағаш) Аламесек ауыл кеңесіне қарайтын «Көкпля» деген шағын ұжымшар Сырдария өзенінің Жанақтария арнасынан 3-4 шақырым жерге орналасқан. Сол Жанақтария арнасының жар қабағына баяғы Қорқыт атасың Сыр өзеніне енкейтіп салған кесенесі секілді Ақан мұнарасы бар.

Айналасы қалың жынғыл. Соның солтүстік бетіндегі жазық жерде әлсіз, тырбіған кек шөп өсетін (қазір оның тұқымы құрыған-ау, бірнеше рет барғанымда көзіме түспеді). Оны жергілікті халық «кекшай» деп атайдын. Сол кекшайды ерте көктемде қар суымен көктегеннен бастап ел жапа-тармағай жапырағын жинап, кептіріп шай жасайтын. Бұл табиғи шайдың дәмі өзгеше еді.

Оған қолы жетпегендер жалбыз жинайтын. Оны кептіріп жыл бойы пайдаланатын. Оナン қалса, қауыншекті турап, аздал қуырып шай жасайтын. Бұл тәтті, дәмді болғанымен шөл қандырмайды, шайдың ләззатын бермейтін. Тек қайнаған қара су ішкеннен гөрі түсін өзгертіп, көнілін жұбататын. Жоқтық не ішкізбейді. Оны да талай ішкенбіз.

### Оттық орнына шақпақ...

Соғыс жылдары оттық (сірінке) қасқалдақтың қанындай қат болды. Пысық әйелдер қидан қоламта жасап, көміп қояды да ертеңгісін сонымен от тұтады. Оттығы жоқ әйелдер көрші үйдің түтінін аңдитын. Қай үйден түтін бұрын шықса, соған от тамызатын шоқ алуға жүгіретін. Кейін оны шақпақ алмастырды. Шақпақ дегеніміз – тасқа асыл темірді сүйкей соғып, сонаң шыққан ұшқынға мақтаны тұтатып алуға арналған құрал. Біздің елде осы тәсіл көпкө дейін қолданылып келді. Оттық елдегі дүкендерге кейін түсे бастады. Ол да бедел мен билікке қарай үлестірілді.

### Күл мен балшықтан сабын да, бояу да жасалды...

Бұл да мұқтаждықтан туған әрекет. Ерте заманнан Сыр өнірінің халқы сексеуіл шырпысын, қара барап, т.б. өртеп күлінен сақар алып, сабын қайнатқан. Кір-қоңын тазартқан. Шенгел, жынғыл, қоян сүйек, т.б. қабығын, тамырын қайнатып бояу жасаған, көн бояп, мәсі, етік киген, терілерін бояп тон жасаған. Бұларды соғыс тауқыметі өмірге қайта келтірді.

Бірақ, күлден сақар, өсімдіктен бояу алуды қолыммен істегеніммен, балшықтан сабын қайнататын, бояу алатын тәсілден хабарсыз өсіппін. Оны тарихи құжаттардан кездестірдім. Осы тақырыпта еліміздің белгілі ғалымы Т.Дарқанбаев 1942 жылдың ақпан-наурызы айларында халыққа пайдасы тисін деген болуы керек, екі мәрте «Социалистік Қазақстан» газетінде кеңес беріпті. Соның бірінде, Қазақстан жергілікті өнеркәсіп халқомы құзырына қарасты кәсіп-орындар тарапынан өсімдік күлімен балшықтан 8515 тонна

сабын және 2500 тонна сабын ұнтағын дайындау жоспарын орындағанын айта келіп, ол тығырықтан шығу үшін сексеуіл шырпысы мен құнбағыс сабағының құлінен сақар алудың, сабын қайнатудың тәртібін көрсетіпті. Екіншісінде, каолин, кил және бентанит сияқты балшықтардан кір ашатын сабын жасаудың тәртібін ұсынған.

Сонымен қатар, 1941 жылы Бубличенко деген кір ашатын балшықты тапқанын, осы балшықты қосу арқылы сабынды 80% көбейтуге болатынын, ол балшықтың 30000 тонна шамасында қоры бар екенін дәлелдеп жазыпты. Тарихи деректерде Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда облыстарында балшықтың бұл түрлері 1941-1945 жылдары ғана емес, оған дейін де пайдаланып келгені дәйектелген.

«Социалистік Қазақстан» газеті осы жылдары сабын өндіруде тек балшық қана емес, борсық, саршұнақ майларының пайдаланылмай отырганы жөнінде «Сөз көп, сабын жоқ» дег дабыл да көтерген. Атырау облысының Есбол ауданындағы кәсіпшілік комбинаты жергілікті саздан орындық, үстел бояйтын сыр жасап қындықты жеңіп, мұқтаждықтан шыққан. Сейтіп, өмірдің жел қайығының күшті ескегі балшықтан бояу да, сабын да жасатты.

«Ана тілі» газеті  
19 наурыз 2005 ж.

## Ұлы соғыс жаңғырығы өшпейді

**9 мамыр – Жеңіс мейрамы ма,  
әлде қасіретті күн бе?**

Алғашқы күннен бастап, 1945 жылдың мамыр айы бұрын-сонды болмаған нұрын төкті. Ел-жүрт табиғат шуағына шомылды. Нұрына бөленді. Адамдар бетінен күлкі, жайдарылық, жылылық сезілді. Өйткені, «Қызыл армия Берлинге кірді» деген хабар лезде тарады. Сондықтан 1417 күнге созылған қанды қырғынның жеңіспен аяқталар сәтін ақ шашты ана да, белі бүгілген қарт та, майданда қанды белшесінен кешкен жауынгерлер де, олардың елде қалған балалары мен іні-қарындастары да, екі көзі төрт болып күткен арулары да аңсады, армандаап асыға күтті.

Сол күн туды. 9 мамыр мейрам деп жарияланды. Жеңіс күні деп бұқіл әлемге паш етті. Халық сол хабарды естіген сәттен бастап, бұған дейін тұла бойынды тітіреткен «соғыс» деген улы жыландаи сұық сөзден мәңгілік құтылғандай сезінді. «Бейкүнә жандардың қаны енді төгілмейтін болар» деп шүкіршілік етті. «Откенге салауат, қалғанға береке бергей, тәуба, тәуба», - деп сабасына тұсті. Сабыр сақтады. Сақтамасқа не шара?! Болары болды. Алайда, 1945 жылғы 9 мамыр – Жеңіс мейрамы екі көрініспен отті.

Бірінші көрініс: аудан, қала, облыс орталықтарында, Алматы қаласында Жеңіс мейрамы болып салтанат құрды. Көшелер безендірілді. Аландарға жұрт жиналды. Алдын ала жасалған сценарий бойынша жиналыстар, митинглер етті. Онда басшылар, еңбек озаттары ағыл-тегіл сөздер сөйледі. Ақындар Жеңіс күніне арналған өлеңдерін шабыттана оқыды.

Ал, тағы да бір көрініс: бұл Жеңіс күні елді мекендерде, ауылдарда қаралы күн болып өтті. «Неге көптен аңсаған осы күн қаралы, қайғылы болып өтті? Оған итермелеген нендей жағдай еді?» деген сауал туындаиды. Барлық мәселе сол мейрамды өткізуге жіберілген партия өкілдерінің ұйымдастырған митинглерінен басталды. Ол кезде майдангерлердің бәрі босанып елге келмесе де, жаралы, мүгедек болып елге оралғандар митингіге толық жиналды. Оларды көріп митингіге жиналған әйелдер әп-сәтте нілдей бұзылды. Олардың көпшілігі «сіздің жарыңыз», «балаңыз майданда ерлікпен қаза тапты» деген қарақағаз алыш ұлғіргендер. Солардың әрқайсысы жаралы жауынгерлерді «менің жарымды», «баламды», «інінді», «құрдасынды», «бауырынды» көрдің бе жаным-ау, ол қайда, қай жерде қалды, әлде ол айдалада ит-құсқа жем болып қалды ма, оны жат жерде болса да Жер-Ана қойнына тапсырып, топырақпен бетін жасыра алдың ба? - деп зарлап жиылған көпті егілтті. Жиылған елдің көкірегін қарсайтырып, «аһ»-лаған, «ұһ»-леген қайғылы, зарлы үн қабырганы қайыстыруды. Көз жас көл болып төгілді.

Жергілікті халықтың бұл қайғы-зарына атамекендерінен жер аударылып келген чешен-ингуш, татарлар, тағы басқалардың мұнды үні қосылды. Себебі, олардың да осы соғыстың салдарынан көрген азар-акыреті аз емес. Олардың кейбіреулерінің ата-анасы, баласы, бауыры майданда қаза тапты, не еріксіз жер аударғанда аштан өлді. Бұл ауыр қасірет олардың да жүрегін тебірентті, еріксіз егілтті.

Сейтіп, 1945 жылғы 9 мамыр ауылдық жерлерде мейрам емес, қаралы күн болып өткенін өз көзімізben көрдік.

Иә-ә, бұткіл жұмыр жерді шарпыған екінші жиһан соғысынан кейін тұған селкеу үрпақ биыл алпысқа келіпті. Жеңіс, Тыныштық

есімді балалар соғыс жаңғырығын көрмесе де, оның ауыртпалығын балтын жүректері сезіп есті. Неміс басқыншылары басынан бақайшасына дейін қарулы болғанымен, Кеңес мемлекетінің жалаңаш қызыл қаруы – патриоттық ұлы рухы оған тайсалмай қарсы шықты. Миллиондаған денелер майдан далаларында туралып жатса да, өрттей өршеленіп екінші бір толқын бой көтеріп жатты. Соғыс комбайны еңкейген қарттан емшектегі балаға дейін қомағайланып жұтып жатты. Соғыс мынау орыс, мынау қазақ деп үлтқа бөлген жоқ. Алып майданда сан қылы ұлт өкілдері қол ұстасып, қоян-қолтық соғысқа қарсы соғысты. Қарттардың, сәбілердің қынадай қырылуы олардың қеуделерінде кек отын тұтандырыды. Соғысты, фашизмді олар жек көрді.

Міне, осы кек, жек көру сезімі алапат күшке айналып жеңіске әкелді. Бұл Кеңес мемлекетіндегі жүздеген ұлттың ортақ жеңісі еді. Бірақ, соғыс біткенмен халықтың шекіз құрметіне бөлсөнгөн Сталин ол ортақ жеңісті тас-талқан етті. Жеңісті жасаған Сталиннің ойынша ұлы орыс халқы болып шықты. Басқа ұлттардың жан аямаған батырлығы, ерлігі әдейі қөленкеде қалдырылды. Қанды қырғында шайқасқан ата ұрпақтың ерліктері әлі күнге дейін жоққа шығарылып келеді. Сұltан Баймағамбетовтердің дзотқа алғаш рет қеудесін төсегені, Нұркен Әбдіревтердің ұшағымен бірге бомба болып жарылуы, қыздарымыз Мәншүк пен Әлиялардың ерлермен катар көрсеткен батырлығы, Рахымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа тұнғыш ту тігуі... бәрі-бәрі жоққа шығарылды. Әділетсіздікпен ерліктің барлық бастауына орыс ұлтының өкілдерін шығарды.

Әділетсіз бе, әрине, әділетсіздік. Орыс жерін қорғаған батырларымыздың судай төгілген қанының өтеуі қайда? Жұз мындал жат жерде қалған қазақ батырларының сүйектері бұған дәлел емес пе? Сондықтан «9 мамыр – Жеңіс мейрамы ма, әлде қасіретті күн бе?» деп сұрақ қоюымыз орынды гой деп ойлаймыз. Бүгінгі әңгіме өзегі де осы.

## 9 мамыр – Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандарын еске алу күні болуы керек

Жоғарыда айтқанымыздай, Жеңіс күніне арналған жиынның бұлай қайғылы болып өтуі заңды да еді. Өйткені, бұл соғыста құрбандық есепсіз көп болды. Талай шанырақ қирады, оты өшті, сан мындалған ана жесір, миллиондаған бала жетім қалды. Қөптеген жайсаң боздақтар өмірі өркен жаймай, гүл ашпай, қыршынынан қылды. Мәселен, сол кездегі Қазақ статистика басқармасының

есебі бойынша республикамызда 1941 жылдың 1 қаңтарында 6,2 миллион жан тұрған. Мәліметтерге сүйенсек, 1,2 миллион адам әскерге шақырылып, оның 410 мыңы опат болған. Шын мәнінде, кейінгі деректерге жүгінсек, қаза болғандар саны бұдан көп болуға тиісті. Олай дейтініміз, Қазақстанда бұл соғыста өлгені және хабаршарсыз кеткені бар, 602 мыңдан астам адам қаза тапқандығы белгілі болып отыр. Бізше, бұл да нақты дәйектелмеген сан.

Әйткені, біріншіден, 1941-1945 соғыс жылдарындағы майданға қанша адам қатысқаны, қаншасы опат болғаны жөніндегі мәліметтер әлі күнге дейін толық жинақталмаған. Оны нақты жариялауға кезінде тыйым салынған. Әлі күнге құпия сақталуда. Жоғарыдағы дерек те жұртты алдандыру, жұбату үшін айтылған цифр секілді. Әйткені, Қазақ Республикасы былай тұрсын, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқандардың санының өзі Кеңес Одағы болып дүрілдеп тұрғанда бірнеше рет өзгерілді. Алғашқыда 7 миллион болды. Онан кейін 16 миллион деді, онан кейін 27 миллионға дейін көтерілді.

Екіншіден, 1936, 1939-жылдары армия қатарына шақырылғандар бұл есепке енбеген. Олар бүтін-ертең елге қайтамыз деп тұрғанда Ресей-фин, Халкингол соғыстарына қатысты. Ол іле-шала 1941 жылғы соғысқа ұласты. Сол соғыстарда опат болғандар жоғарыдағы есептерге кірмеген. Осындаидың салдарынан, көптеген облыстардың шығарған энциклопедиялық есептерінде және ғылыми жинақтарда қанша адам армияға алынды, қаншасы опат болды деген деректер нақты берілмеген. Қорсетілгендерінің өзі үстірт жазылған. Бұл жөнінде шындыққа, нақтылыққа жақыны Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясының деректері деуге болады. Онда «1938-1940 жылдары армияға шақырылған 2252 адамды, 1941-1945 жылдары армияға алынғандарды қоса есептегендеге облыс бойынша 76635 адам майданға қатысқан. Оның 40087-сі майданнан оралмаған».

Салыстырып көрінізші, майданға аттанғандардың жартысынан астамы шығын болған.

Осыны толықтыру үшін өзім жақсы білетін мына бір деректі айта кетейін. Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы Аламесек ауыл кеңесінің (қазір Жалағаш ауданына қарайды) соғыс жылдарында 300 адам майданға аттанды. Соның 200-ден астамы опат болды. Солардың ішінде өз ағайым Тәшпен Ертуаров, туған бөлелерім Қайырбек, Темірбек Олжабаевтар, Әли мен Қали Жайлаубаевтар, Қазбек Тоқабаев, мектебіміздің директоры Д.Ембергенов, оқу ісінің менгерушісі Қ.Еленов, орыс тілінің мұғалімі Әбдірахманов, сыныптарда оқып жүрген Аяш Жаппасбаев, Бекен Бегалиев, Бекшен Жұсіпов, Зинеш Құсайынов, Сейдахмет Смағұлов, Әбдірахман

Жәрімбетов, Төлегенов секілді оқушыларымен бірге майданға аттанды, бұлардың ешқайсысы тұған топырағын қайтып баса алмады, арманда кетті.

Бұл келтірілген екі дерек – майданға алынғандардың үштен екісі опат болды деген қорытынды жасатады.

Реті келіп тұрганда мына деректі де айта кеткен жөн. Соғыс жылдарында жау қолына тұтқын болған кеңес азаматтарын еліне қайтару ісі жөніндегі КСРО өкілі генерал-полковник Ф.Н.Голиков «...1 миллион 600 мыңнан аса КСРО азаматы елге қайтарылды. Қазіргі күні жасырын үш лагерьде (№1, 35, 40) 1712 тұтқын отыр. 800 офицерді АҚШ-қа алып кетті деген хабар алып отырмыз. 300-дей совет азаматын таппадық», - деп ТАСС тілшісіне сұхбат берген. Шындыққа жүгінсек, бұлардың ішінде қазақстандықтар аз емес. Өйткені, «Отанын сатқандар» деп сottталып концлагерге айдалғандар, көпшілігі сонда өлгені туралы деректер аз жазылған жоқ. Бұлар да соғыс құрбандары есебіне кіруі керек.

Бұл деректер республика бойынша Екінші дүниежүзілік соғыс ең берісі жарты миллионнан астам, әрісі 700-800 мың адамның өмірін жойғандығын дәлелдесе керек. Өйткені, жоғарыдағы келтірілген деректер тек бір ғана елді мекендегі, не облыстағы жағдай емес, бұндай деректерді республиканың кез келген облыс, ауданда-рынан кездестіруге болады. Сондықтан келешекте 9 мамыр күнін Женіс мейрамы емес, Екінші дүниежүзілік соғыс құрбандарын еске алу, олардың аруағын ардақтап, тағым ететін күн деу орынды секілді. Өйткені, Екінші дүниежүзілік соғыстың құрбаны болып сүйектері жат жерде қалғандар қаншама десенші! Сол үшін елімізде оларды еске алатын арнайы күн керек.

### Сталиннің әділетсіздігі...

Қазақтардың ерлігі, батылдығы, батырлығы ертеден-ақ әлемге әйгілі болған. Қазақ даласын араптаған атақты саяхатшы Карпини: «...Бұл даланың халқы жау көрсө-ақ, тарпа бас салады да оқ жаудырады, қырып жоймай тынбайды. Мұны жұрт біліп қойсын» деп күнделік дәпттеріне ескертпе жазған. Осы ескертпе орыс генералдарының санасына қатты сіңсе керек, қазақтарды 1812 жылғы Наполеонға қарсы соғысқа, 1877-1878 жылғы Орыс-турік, 1905 жылғы Ресей-жапон соғыстарына қатыстырып, жауларына қарсы салған. Олар ерліктерімен көзге түсken, марапатталған. Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр күндерінде И.Эренбург «Отан үшін» газетінде «...Қазақтар кең далада атпен жүргуге дағдыланған.

Бірақ, керек болса олар жер бауырлап, еңбектей біледі, жүгіре біледі, өрмелеп тауға шыға біледі. Батпақтардан кешіп өтеді. Оларды еш нәрсе тоқтата алмайды», - деп баға берді.

Шындығында, Екінші дүниежүзілік соғыстың ең отты, ең қауіпті, ең шешуші Мәскеу, Сталинград, Ленинград, Курск дугалары секілді қырғын шайқастарға Қазақстаннан жасақталған құрама, дивизиялар салынды, Беларусь, Украина мен Балтық бойын, Қырым мен Кавказды жаудан тазартуда, Берлинді, Рейхстагты алуда да қазақстандықтар асқан ерліктер көрсетті. Тіпті «Ресейдің тағдыры осы жолы шешіледі», - деп Мәскеуге ұмтылған немістердің қарулы күшін тойтарған кім? Оларды омақастырган қазақстандықтар емес пе? Олардың ерлігі бүкіл әлемге әйгілі болған жоқ па? И.Эренбург айтқандай, оларға Ленинградтың батпағы да, солтүстіктің бораны да, Кавказ бен Қырымның, Балқанның таулары да тоқтау болмады. Қеңес Одағының басқа республикалармен салыстырғанда, Қазақстан қызыл армияны соғыс қару-жарагымен, оқ-дәрімен жарактандыруды, киім-тамақпен қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқаны үшін кезінде бірнеше рет Мемлекеттік қорғаныс комитетінің тулаарын жеңіп алды.

Солай болса да, қазақстандықтардың бұл еңбегін, көрсеткен жәрдемін, майдан төрінен көшірілгендер мен еріксіз атамекенінен жер аударылғандарға жасаған ұшан-теніз қамқорлығын И.В.Сталин Женіс күндері сөйлеген сөздерінде, халыққа арнаған үндеуінде елеусіз, ескерусіз қалдырыды. Тек Қазақстан Республикасы ғана емес-ау, сол кезде КСРО құзырына қараған ұлт республикаларының Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, қосқан үлесін жоққа шығарды. Бұл соғысқа славян халқы, оның ішінде тек орыс халқы ғана қатысып, ерлік көрсетіп, бір өзі женіске жеткендей етіп көрсетті. Сөзімізді дәлелдеу үшін бір-екі нақты дерекке жүгінейік.

1945 жылы 9 мамырдағы бүкіл Қеңес Одағының халқына арналған үндеуінде: «...Өздерінің тіршілігін және өздерінің тәуелсіздігін қорғаған славян халықтарының неше ғасырлық күресі неміс басқыншыларды және неміс зорлықшыларды женумен аяқталды» деп тарихи ескі жарапарды қайта қаузаумен қатар, тек славян халқы ғана жауымен айқасқан етіп дәрілтеді.

Екінші, сол жылы 24 мамырда И.В.Сталин Женіс күніне арнап қабылдау өткізді, арнайы конакасы берді. Соңда орыс халқының денсаулығы үшін бір емес, екі рет тост көтерді. Соңғы сөзді арнайы өзі сұрап алғып былай деді: «...Мен ең алдымен орыс халқының денсаулығына тост көтергім келеді. Өйткені, орыс халқы әрдайым ақ ниетті, жауынгер ерліктің иесі болып келеді. Орыс халқы еш уақытта басқыншылар алдында тізе бүккен емес (?). ...Орыс халқы

тәуекелшіл, батыл халық. Ол КСРО-да басшы халық (?) болуының себебі (көрдіңіз бе, не айтқысы келіп тұрганын) тек сан жағынан көп болуында емес, орыс халқының ұлылығы Отан соғысы жылдарында ерлік, табандылық күресімен, жанқиярлығымен, революция табыстарына шын берілгендейтін (?) Кеңес Одағының барлық халықтарын өз төңірегіне берік топтастыра білгендейтін (?) айқын көрінді».

Сөйтіп, И.В.Сталин орыстардан басқа республика халықтарының бұл соғысқа жан аямай ерлік көрсеткендеріне әділ баға бермеді, әділетсіздік танытты. Конституцияны бұзды. Конституцияның КСРО-ны мекендейтін ұлт республикаларының бәрі тең дейтін ережесін тәрк етті. Орыстарды басшы халық, осы ұлы халықты КСРО-дағы барлық ұлттардан артық етіп көрсетті. Оның да себебін сол жерде: «Басқа халық болса, үкіметке үмітімізді актамадындар, енді тайып тұрындар. Біз Германиямен бітім жасап, тыныштығымызды қамтамасыз ететін басқа үкімет құрамыз деген болар еді. Бірақ орыс халқы оған барған жоқ» деп соғыс жылдарындағы қорқынышын ашық айтты. Асылы, шындығы осы болар. Ол кезде Ресей халқы тек коммунистік идеяны насиҳаттайтын бір ғана партияның шырмауында тұрды.

### Қазақ даласы қасірет алаңына айналды...

Жау женілді. Ақындар Жеңіс күнін дәріптеп өлеңдер шығарды. Солардың ішінде Ә.Тәжібаевтың «Айтыңдаршы арманым не?» деген өлеңі партия органдарына құдіретті көрінді. Бұл өлең баспасөздерге жарияланды. 9 мамыр күні радио арқылы республиканың түкпір-түкпіріне жетті. Оның бір-екі шумагын бүтінгі мейрамға тікелей қатысы болғандықтан тыңдалып көрелік:

Ей, жолдастар, замандастар!  
Ата-аналар! Балғын жастар!  
Жаршың болып саламын жар,  
Шаттаныңдар, мақтаныңдар!  
Той жасаңдар, дулатыңдар!  
Жердің бетін шулатыңдар!  
Шын қуаныш сәнмен салтын  
Көрсетіндер туған халқым!  
Керек болса тойға ақсарбас!  
Қазақ па екен құрбан шалмас!  
Бөгелмендер, таң қалмандар!  
Құрбандаққа мені алып шал!

Жарай алсам бұл кәдеңе  
Айтындаршы арманым не?

Ақ жүрек, ақ пейіл ақын жүрекшарды сөзін осылай жырлады. Кеңес үкіметінің, Коммунистік партияның саясатына имандай сенді. Бірақ, осыдан бір жыл өткен соң, өзі айтқандай, саясаткерлер оны құрбандыққа шалып жіберерін білмеді.

Германияны талқандаған И.В.Сталин әлемдік мәртебеге ие болды. Генералиссимус атағын алды. Енді сырттан алар жаудың жоқтығына оның анық көзі жетті. 1937-1938 жылдардың сөнбей қалған шаласын қайта тұтатуға кірісті. Ғылымның әр саласынан бір кілтип тауып, кадрларды, ғалымдарды қудалаудың жолын іздестірді.

Коммунистік партияның сүрқылтай идеологы А.Жданов «Үлкен өмір» кинофильмі мен «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы, «Правда» газеті тарихты марксизм-ленинизм тұрғысынан қараша туралы мәселелер көтерді.

Аяқ астынан И.В.Сталин тіл білімінің білгірі болып шықты. «Марксизм және тіл білімінің мәселелері» деген күрделі еңбек жариялады. Ол еңбекте КСРО-да тұратын халықтар келешекте тек бір тілде – орыс тілінде сөйлейтіндігін «дәлелдеді». Оның зияны қазақтарға бірден тиді. Қазақ тілі ығыстырылды, қазақ мектептері жаппай жабылуға бет алды. Ғалымдарды, әдебиетшілерді, тілшілерді бірі батысшыл, бірі шығысшыл, енді біреулері ескішіл, байшыл, тағы біреулері орыс тіліне, мәдениетіне, кеңестік саясатқа үркे қарайтындар деп жіктең, айыптаң бастады. Мұның бәрі айналып келгенде, тіл мен әдебиет, көркемөнер саласында қалыптасқан дәстүрді киаратуға бағытталды.

И.В.Сталиннің тіл білімі жөніндегі еңбегін оқып үйрену, «Үлкен өмір» кинофильмі мен «Звезда» және «Ленинград» журналындағы қателіктерді жою жөнінде БК(б)П Орталық комитеті қаулылар алды. Бұл қаулылар Қазақстанның тарих, тіл және көркемөнер саласының үстінен жай түсіргендей болды. Тарих ғылымының кандидаты атағын алып келген Хадиша Айдарова мен Шойынбаев және А.Никулиндердің «Правда» газетінде жарияланған мақаласы Қазақстан тарихын тас-талқан етті. Кенесары хан туралы жазған Е.Бекмаханов жер аударылды. «Біз қазақтыз» өлеңі үшін Ә.Тәжібаев, эпостарды дәріптегені үшін Ә.Қоңыратбаевтар күгінға түсті. М.Әуезов Мәскеуден бір-ақ шықты. Соғыс жылдарында елеулі еңбек өткен ғалымдар да бұл өртке шарпылды.

И.В.Сталин соғыстың қызы құндерінде-ақ, әлемдік үстемдікке жетуді, жұмыр жерге билік құруды ойластырды. Халықтың аш-жалаңаштығына қарамай, қырып-жоятын соғыс қаруларының жаңа

түрлерін жасатты. Космостық зымырандар, атом, сутегі, бактериялы бомбаларды шығаруға кірісті. Сейтіп, Қазақстанның Семей, Ақтөбе, Атырау, Манғыстау өнірлеріне атом қаруларын толтырырды, Қызылорда облысы зымырандарды сынау алаңына айналдырылды. Халқымыздың өміріне, жеріне, ауасына бірнеше ғасырға созылатын апат, экологиялық ғаламат қасірет әкелді. Бірақ, Черчиль айтқандай: «И.В.Сталин Ресейді соқамен қабылдап, атом қаруымен жарақтандырды». Сталин өз құзырындағы мемлекет түгіл, езге мемлекеттерге желкесін күжірейтіп, ту сыртын беріп, мұртын балта шаппай өмірден өтті.

«Ана тілі» газеті  
5 мамыр 2005 ж.

## Хан Кененің жиені

Бұл дерек, таяуда Қызылорда облысы Тереңөзек аудандық «Сталин жолы» газетінің 1943 жылғы сарғайған беттерін параптап отырғанымызда, 28 тамызда №44 санында кездесті. Мақала авторы – майданда қан кешіп жүрген аға лейтенант Жекен Жұмаханов.

Онда сөз болған 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына елімізден аттанған миллионнан астам жауынгерлердің бірі Қоңыр Телеухановтың ерлігінен гөрі, оның 1837-1847 жылдардағы ұт-азаттық көтерілісті ұйымдастыруышы, халқымыздың мақтанышы Кенесары ханың туған жиені деген сөз жүргімізге жылы тиді. Сондықтан, Кенесарының 200 жылдық мерейтойы кеңінен аталаған жатқан тұста осы деректі жүрт назарына ұсынуды жөн көрдік.

Жекен Жұмахановтың мақаласынан білгеніміз: майданың қызу күндерінің бірінде әскери бөлімде жауды сыртынан қоршаша жоспары жасалады. Ол үшін жаудың адам құшін, қанша қару-жарагы бар екенін алдын ала білу мақсатында аринаулы барлаушы топ ұйымдастырылады. Топ бастығы капитан Козлов межелі дүшпан шебіне жақын келіп, жауынгерлерін тоқтатып:

- Мұнан әрі бұл қалпымызбен жүре алмаймыз. Бізге немістің анау-мынау солдатының керегі жоқ. Толық мәлімет беретін штаб офицерінің біреуі керек. Немістерден осындағы тіл әкелуге кім барады? - деп сұрайды.

Тілек білдіргендердің ішінен Козлов бес жауынгерді іріктеп алады. «Соның бірі Қоңыр Төлеуханов еді», - деп жазады автор.

«...Тұн ортасы ауа бесеуден үшеуі қайта оралды. Орталарында қолы қайырылып байланған, жалаңбас немістің бір офицері тұрды.

Төлеуханов капитанға:

- Жолдас капитан, жаудың күзетіне кездестік. Бәрін өлтіріп кетуге тұра келді. Бір неміс офицерін алып келдік. Тапсырмаңыз орындалды, - деп рапорт берді.

Қоңырдың өз шекесінен де тарам-тарам қан ағып тұр еді. Мұны көрген капитан:

- Бөлімге қайт, жараң асқынып кетеді, - деді.

Оған Қоңыр:

- Жоқ, қайтпаймын, жолдас капитан, - дейді.
- Неге?

Қоңыр:

- Менің нағашым – Қасымұлы Кенесары жауын жеңбей кері қайтпайды екен. Оның тұқымы – мен, бұл ата дәстүрді бұза алмаймын, - деді.
- Жарайды, батырым! - деді капитан...

Қоңырдың шешесі – Кенесарының туған немересі».

Өкініштің мақала авторы Қоңыр Төлеухановтың анасы жөнінде қанағаттанарлық мәлімет жазбаған. Бұл жағдай бізді жұртшылыққа сұрау салуға итермеледі.

Әйткені, біріншіден, халқымызда «Айқын қасқадан ең болмағанда тәбел туады», «жиен нағашыға тартады» деген аталы сөздер бар. Кенесары – Наурызбай батырларға тартқан Қоңыр ерлігінің алғашқы үштығы көрінді.

Екіншіден, Қоңыр майданнан аман-сау еліне оралды ма? Оралса қандай дәрежеде оралды, үрпақтары бар ма? Олар қазір қайда тұрады?

Үшіншіден, Қоңырдың анасының есімі кім? Оның әке-шешесі кімдер? - деген секілді сан сауал Кенесары тарихын толықтыруға қажетті әрі құнды материалдар деп білеміз.

Сондықтан Қоңыр Төлеухановты білетіндер бұл саулдарға жауап беріп, бізben баспасез арқылы хабарласар деп үміттенеміз.

«Ана тілі» газеті  
17 қазан 2002 ж.

## «Анамның хаты өлімнен арашалап қалды»

1941-1945 жылдар арысындағы қанды қырғын – соғыс жарасы халқымыздың жадынан еш уақытта өшпейді. Өйткені ол Кеңес Одағы бойынша 27 миллионнан астам адам (кей деректерде 30 миллионнан астам), оның ішінде 410 қазақстандық боздақтың өмірін қыршынан қиды. Бұл сұрапыл соғыс жылдары туралы мемуарлар, зерттеу-ғылыми еңбектер, естеліктер аз жазылған жоқ. Солай болса да біз 1942 жылы Қазақстанда құрылған 12 дивизияның бірі – Ақмолада ұйымдастырылған 29-дивизияның 299-полкінің жауынгері Өміrbай Исақовтың Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатына тапсырыған естелігін әңгімеге арқау етпекшіміз (122-Н қоры, 1 тізімдеме, 74-75 істер).

Өміrbай Исақов 1922 жылы 5 қыркүйекте Ақмола облысы Есіл ауданы Монастырка селосында Терісаққан езені бойындағы Көкшетау адырында өмірге келген. Қазір Алматы облысы Қаскелен ауданы Прямой путь (Іргелі) поселке-сінде тұрады. Өмекең 1942 жылы 6 қаңтарда жерлестері Қасқыrbай Омаров, Төлен Арыстанбеков, Дәкен Бесбаев, Амантай Ахметов, Ескен-дір Әлібековтермен бірге Құма ауданынан әскерге шақырылып, 10 қаңтарда жоғарыда атап-ған полктің 1-воздында ПТР<sup>32</sup> нысанашы (наводчик) болды.

Бірақ 29-дивизия жауынгерлері әскери ғылымның қыр-сырын білу былай тұрсын, ертең қолына ұстар соғыс қаруын да менгермесстен көкектін аяғында майдан шебіне жеткізілді. Өйткені, бұл Мәскеу, Сталинград қалаларының мүшкіл халге ұшырап тұрған ауыр кезең еді. Сондықтан немістер Сталинградты әні аламын, міне аламын деп аласұрып тұрған шағында жауынгерлерді соғыс қару-жарагымен жаттықтыруға, уақытты сузуға мүмкіндік болмады.

Бас-аяғы үш ай өткенде 29-дивизия Сталинград майданының 64-армиясының құрамында Вилово станциясында қосылды. Осы жерде 299-полкті полковник Переменов қабылдан алды. ПТР соғыс қаруын қазақстандық жауынгерлер тұнғыш рет осы жерде көріп таң қалды. Олай дейтініміз – Өміrbайдың естелігіндегі: «...Бірінші рет ПТР қаруын алғып таң қалып қарап, бұл мылтықтың танкіті қирататынына сеніңкіремей жүр едік. Бір күні немістің сынған



Ө. Исақов

<sup>32</sup> Противотанковое ружье – танк ататын мылтық.

танкісін аттырып, қолымыздығы мылтыққа сенімімізді арттырды», - деген сөзі осы ойға жетелейді. Әрі жоғарыда айтқанымыздай, жауынгерлерді соғыс техникасын, әскери өнерді үйретпей-ақ қан майданға бірден әкелгенін дәлелдейді.

Өміrbай Исақов тұңғыш рет 16 шілдеде адам өлімін көрді. Жаны тұршікті. Өлім болғанда, қандай ауыр өлім. Жолдасы, өзімен туған елі Қимадан бірге келген Бесбаев Дәкен неміс бомбасынан опат болды. «...Қандай аянышты. Ең болмаса жаумен жекпе-жек кездесіп, жастығын да ала алмай, туған еліне сәлемін де жолдай алмай, біз-бен қош деуге шамасы келмей кетті. Өкінішті өлім».

17 шілде күні Чир, Цимла өзендері бойында 62, 64-армия немістердің қарулы әскерімен шайқасты. Бұл Сталинград қырғынының басы еді. 22 шілде 64-армияның ауыр құндерінің біріне айналды. Немістердің қоршауға алу қаупі төнді. Жау тегеурініне шыдас бере алмай, 64-армия шегінуге мәжбүр болды. Шегінген әскердің ізін жабу аға лейтенант Бахабов басқарған бір рота жауынгерге (ішінде ПТР-мен Төлеген Арыстанбеков, Егоров Иван, Исақов Өміrbайлар бар) тапсырылды. Олар кешкі сағат 4-ке дейін позицияны ұстап тұрып, тұнгі сағат 11 шамасында аман-сau бұрын шегініп кеткен өз полкына келіп қосылды. Сонан полк 5 тамызға дейін қорғаныс шебін жасап соғысқа дайындық жүргізді.

Бірақ 5-6 тамыз құндері Ақсай өзені бойында 1-2 Румын жаяу әскер дивизиялары және немістердің 29-моторландырған дивизиясы бірлесіп, 64-армияға қарсы бірнеше рет құشتі шабуыл жасады. Екі жақтың артиллериясы мен минометтерінен атылған оқтар, ұшақтардан тасталған бомбалар, жарылған снарядтар жер бетін өртке, аспанын қара тұтінге тұншықтырды. Шынғырған адамдар мен аттардың, жер сілкіндірген танктердің, гүрсілдеген ұшақтардың дауыстары жантүршіктірді. Құлақ тұндырылды. Көтерілген шаң мен тозаң, тұтін демалуға мүмкіндік бермеді. Ақыл-ой, екі көз тек жау жақта. Осы аласапыранда Өміrbай петропавлдық Петродан айырылды. Кімнің қайда екенін ешкім білмеді. Беріліп жатқан команда да жоқ. Қаранғы түскенде ротаның тірі қалғандарын жинап, Жутово станциясын жау әскерлерінің алғанын, өздерінің қоршауда қалғанын хабарлады. «Енді тамак, қару-жарап сырттан келмейді. Жәрдем күттей аз күшімізбен қоршаудан шығуымыз керек. Қорқақтыққа салынғандар, бұйрықты орындағандар қатаң жазаланады» деген полковник Переменовтың бұйрығын жеткізді.

<sup>33</sup> Оның есімін Өміrbай ұмытқан – З.И.

Румын әскерлерінің қысымына шыдас бере алмай, 64-армияның басшылары генерал М.С.Шумилев, штаб бастығы генерал-лейтенант И.А.Ласкин қырғыннан қалған әскерін жинап Ақсайға шегінуді ойластырыды. Бұл жерде де 64-армия байыздап тұра алмады. Қоршауда қалу қаупі күшейді. Соған қарамастан 8 тамызда 6 сағатқа созылған қырғын соғыста 29-дивизия Жутово селосын қайта алды. Қорғаныс шебін жасады. Бірақ, немістердің қарулы әскерлері 29-дивизияны Жутоводан сол күні кешке тағы да ығыстырыды.

9 тамызда теміржол бойында жаңадан қорғаныс шебін құрып, немістердің бірнеше шабуылын тойтарды.

12 тамызда В.И.Чуйков 29-дивизияны қалмақ поселкесі Зетыға запастағы позицияға шығаруға бұйрық берді. Олардың майдан шебінен шығаратын ізін жабуға аға лейтенант Пархоменконың батальонымен бірге Өміrbай Исаков ПТР расчётымен қалдырылды. Бірақ 106 және 128-полктар орнынан жылжыған сәтте олардың ізін баққан жау әскерлері бірден қоршауға алып, румын әскерлері Ақсайдан өте бастады. Аға лейтенант Пархоменко бастаған жауынгерлер бірнеше сағат бойы жан алып, жан беріп жаумен шайқасты. Жаудың 300-ге дейін солдатын жойды. Көптеген қаруды қолға түсірді. Дивизия аман-сау шегініп үлгерді.

Ақыры 16 тамызда ауыр шайқастарда қажыған, жауынгерлер қатары сиреген 29-дивизия резервке шығарылды. Бірақ жауынгерлердің қуанышы су сепкендей басылды. Ертеңіне, яғни 17 тамызда «Тебектенеров-Авгенеров бағытындағы әскери әрекетке бірінші зшелонда резервке шыққан 29-дивизия енгізіледі» деген майдан қолбасшысынан бұйрық шифрмен келді. Сөйтіп, 29-дивизия 18 тамызда таңғы 5-те қайтадан қанды майданға кірді. Жау оларды ілгері бастырмады. 19 тамыз күнгі шайқас та нәтиже бермеді.



20 тамыз күні немістер 29-дивизияны жою мақсатында сұрапыл шабуылға шықты. Бұл қыргында шығын көп болды. Майдан дала-сында қаза тапқандардың мүрделері жиналмады. Олар тамыздың ыссы күндерінде иістеніп, адам-баласының басына бермейтін сорақы көрініс болды. Мұны көрген жауынгерлерде патриоттық сезім, Отанын сую қайдан болсын? Бірақ алдың жау, артқа қарасаң Отанын сатқан ретінде өлім күтіп тұргандықтан амалсыз жаумен шайқасуға еріксіз ұмтылады.

Жағдайдың осындай ауырлығына қарамастан 29-дивизия, оның 299-полкі жаудың бірнеше шабуылдарына 30 тамызға дейін қарсы тойтарыс берді. 30 тамыз күні кешінде кері шегінуге тағы да бұйрық келді. Ішіртта дивизия қозғалды. Таң жарығы болар-болмас кезде дивизияның алғашқы колонналары Зеты деревнясынан 5 шақырым жерде жолға шыққанда неміс танкілері бораған оқпен қарсы алды. Артынан бірнеше минутта бас сауғалар орын жоқ ашық алаңға шыққан жауынгерлерді бомбаның астына көмді.

Немістер бұл тактикасын 31 тамыз күні де қайталады. Таңғы сағат 6-да Тингут және Верхно-Царицын бағытында неміс танкілері, моторлы жаяу әскерлері, аспанда мессершмиттері мен юнкерстері шегінген жауынгерлерді жусатып салды. Олардың масайрағаны соншалық, ұшақтар жауынгерлерді жекелеп күшті атты. Олардан қашып, окопта жасырынып үлгерген жауынгерлерді танкілер шынжыр табандарына салып таптады. Жаралы жауынгерлерді неміс автоматшылары шабылған шөптей жайратты.

Осы қырғында 29-дивизия 8000 жауынгерінің 6500-інен айырылды. Біз бұл сөздерді Исақовтың естелігінен алдық. Басым көпшілігін немістер тұтқынға түсірді.



Солардың бірі – біз әңгімеге арқау етіп отырған Өмірбай Исақов қанды майданға қатысқанына бас-аяғы бір жарым ай уақыт өткенде жауына тұтқын болды. Сөйтіп, оның өкінішті де өлімші, тірідей көретін тозақ өмірінің жолы басталды.

Өмірбай Исақов Сталинград майданына қатысқан 126, 138, 204 және ақмолалық 29-дивизиялардың күйреуіне, жауынгерлердің қыргын табуына, 50 мыннан астам боздақтың немістердің тұтқындауына Бас қолбасшы И.В.Сталиннен бастап, Бас штаб, майдан қолбасшысы А.И.Еременко тікелей кінәлі деп санайды. Жасыратын несі бар 1941-1945 жылдардағы соғыста Бас штаб пен кейбір майдан басшыларының тарапынан берілген бұйрықтардың қателігі миллиондаған жанның өмірін қіди. Немістер қораға айдаған қойдай топырлатып тұтқындады. Тарихи дерекке сүйенсек, Бас қолбасшы және майдан қолбасшылары тарапынан қателіктер соғыстың алғашқы күнінен басталған. Генерал-лейтенант И.Г.Лаврененконың дерегі бойынша, 1941 жылдың тамыз айының ортасына дейін, яғни бір жарым ай ішінде төрт миллион жауынгер мен офицерлер немістерге тұтқын болған. Осыған байланысты Бас қолбасшы И.В.Сталин осы төрт миллион тұтқынды «Отанын сатқан опасыздар» деп атышулы №270 бұйрықты шығарған. Бұл бұйрықтың зардабы ұзаққа созылды. Миллиондаған тұтқынның өмірін қіди, мойнына 25 жылға сотталды деген жаза қарғы болып ілінді.

Барлық майданға шолу жасамай тек әңгімеге арқау етіп отырған 64-армиядағы нақты жағдайды дәлелдейтін деректер жеткілікті. Оларды Өмірбай Исақов мұрағатқа тапсырған естелігінде сол шайқастардың бел ортасында, қан кешіп жүріп көзімен көрген генералдар мен журналшылар жариялаған мемуарлары мен естеліктерінен дәйектемелер жинастырған екен. Біз сол деректерді негізге алдық.

Енді нақты сол дерекке жүгінсек, 1942 жылы 26 тамыз күні кешінде 64-армияның әскери кеңесі майдан жағдайын талқылаған. Ол кеңеске Оңтүстік-шығыс майдан қолбасшысының орынбасары Ф.И.Голиков қатысқан. Кеңес «64-армия қазірдің өзінде немістің екі армиясының оперативтік қапшығына түсті» деген шешімге келген. Бұл қыргын болатыннан 5 күн бұрынғы жағдай.

Сол күні «64-армия қоршауда қалу қаупінде тұр» деп майдан қолбасшысына 64-армияның командирі М.С.Шумилев хабарлаған. Ертеңіне генерал Ф.И.Голиковтың көзінше ВЧ арқылы майданда қалыптасқан ауыр жағдайды майдан қолбасшысы А.И.Еременкоға тағы да айтқан. Армияны сақтау үшін кейін шегіндіруге, қолайлы қорғаныс шебін ұсынған. Бұл жағдайды майданның штаб бастығы Захаровқа да ескерткен. Бірақ А.И.Еременко бұл дабылдарға құлақ

аспаған. Шегінуге рұқсат бермеген. Тіпті, 29 тамызда жау самолеттері мен 200 танкі, артиллерия, минометтерімен 126-дивизияны қырып жатқанда да ол үнсіз қалған. Өйткені, А.И.Еременко Бас қолбасшы И.В.Сталинның қаһарынан қорыққан.

Оған нақты дәлел И.В.Сталин Василевскийге: «Сталинградты сактап қалу үшін қолда бар күшті аямауды, қандай да болса құрбандыққа бару керектігін генерал-полковник Еременкоға, сондай-ақ, генерал-лейтенант Горловқа (*Горбатов немесе Голиков болуы мүмкін – З.И.*) міндетте» деп тапсырды (Генерал Скоробөгатов. «Секрет Сталинграда», 143 б.).

Екінші дерек Сталинград эпопеясында армия генералы Горбатов «...Ол (*Сталин*) Г.Маленковқа: «Қолбасшы Чуйков пен Еременкоға, егер қаладан (*Сталинградтан*) айырылатын болса, онда олардың бастары иығынан ұшатындарын хабарла» деп бұйырды.

Генерал А.И.Еременко өз басының аман қалу үшін жауынгерлердің қырылуын шыбын шаққандай көрмеді деген Исақовтың ойы дұрыс деп топшылауға болады. Оның үстіне Өмірбай Исақов өз пікірін генерал-лейтенант И.А.Ласкиннің «На пути к перелому» деген мемуары мен «Советский богатырь» газетінің редакторы А.Дубицкийдің «На сувором ветру» естелік кітабындағы деректермен дәлелдейді. Өйткені, И.А.Ласкин 64-армияның штаб бастығы, ал А.Дубицкий газет тілшісі ретінде қырғынды өз көзімен көрген. Сондықтан Ө.Исақовтың пікірі шындықтан алынған нақты дерек деп айтуға негіз қалаиды.

Енді естелік бойынша екінші бір мәселеге назар аударуды жөн көрдік. Өйткені адам баласы ет пен сүйектен жаратылғандықтан солдаттың майданға кірер алдында, тұтқынға тұсу сәтінде, өмір мен өлімнің арпалысқан шағындағы жауынгер ойының сан-саққа жүгіруі жүйкеге әсер етуін көз алдымызға елестетудің елеулі мәні бар. Олай дейтініміз, майданнан, не тұтқыннан босанып келгендермен сөйлесе қалсаңыз, олардың көпшілігі «мен өйттім, мен бүйттім, қорықпадым» дейтінін жиі естітінбіз. Ал, Өмірбай Исақов тұтқынға тұсер сәттегі арпалысқан ойын құнделігінде былай суреттейді: «...Шұңқырлау жерде 5-6 адам жатқанбыз. Теп-тегіс жазықта неміс женіл танкілерімен әр жерде бытырап жатқан жауынгерлерді қойشا қайрып айдал келіп, бір жерге жинап жатқанын көріп жатырмыз... Жанымдағыларға қарасам, үн-тұн жоқ, комсомол, партиялық билеттерімен қоса қызыл әскерлік билеттерін жерге көміп жатыр екен. Мен де комсомолдық билетім мен қызыл әскерлік книжкамды сол жатқан жерге көмдім. Алып қалғаным – Майраның қолымен жазылған анамның соңғы хаты. Сондай өлі мен

тірінің арасында тұрганымда ардақты алтын анам, жан бауырым Мәкібай, өмірде құшақтап, бірінші бал татыған тілінен сүйіп, махаббат толқынына бөленген қызым Майра көз алдымға елестеп, есендіреп кетсем керек, «Русь! Ауф!» деп автоматтарын кезеңіп тұрган немістердің ацы даусынан есімді тез жиып алдым», - деп шындықты, бар болмысты сезімді айқын көрсеткен.

Мұны көніл толқымай оку мүмкін емес. Бұл сезімдер көп жауынгерлердің естеліктерінде кездеспейді. Олар кезінде коммунистік саясатқа сәйкес айта алмаған шығар десек, ол да негізсіз секілді. Себебі, Өміrbай Исақов естелігін кеңестік саясат дәуірлеп тұрган 1984 жылы наурыз айында-ақ еш нәрседен қымсынбай жазған. Кейінгі ұрпақ сабақ аларлық батылдық жасаган. Бірақ олардың бәрін бір мақалаға сыйғыза алмадық. Өмекенің немістердің лагеріндегі, Ресей Қылмыс занының 58-бабымен 25 жылға сотталып, кеңестік тоталитаризм тұтқындағы ауыр да азапты өмірлерін жатық, шебер тілмен, қажетті дәйектемелермен өрген естелігі оқырманның бір кәдесіне жарап деген ой түйдік.

Жұз жасаңыз, қайратты қарт жауынгер Өмеке!

«Ана тілі» газеті  
8 мамыр 2003 ж.

## Таксірет

1942 жылдан Германияның және 1949 жылы «Отанын сатқан, ағылшын-америка барлау органына шпион болды» деген желеумен 25 жылға сотталған Өміrbай Исақовтың Қазақстан Республикасы Президенті мұрагатындағы естелігін оқып отырмын (122-Н қоры, 1 тізімдеме, 74-75 істер). Ол – 1942 жылы Қазақстанда құрылған 12 дивизияның бірі, ақмолалық 29-дивизияның 299-полкінің бұрынғы жауынгері. 1942 жылы шілде-тамыз айларында Сталинград майданында 64-армияның құрамында соғысқа қатысып, майдан қолбасшысы А.И.Еременконың қателігінен 29-дивизияның немістер қолға түсірген 50 мың боздақтың бірі болғанын бұрын жазғанбыз.

Тұтқындарды иесі жоқ малдай, құнсыз құлдай көрген немістер кешке дейін ас-сусыз айдады. Қарны ашып, шөлден қаталаган, сапқа ере алмаған жауынгерлерді немістер сол құлаған жерінде атты. Кешке ашық далада айналасын тікенек сымдармен, иттер мен қарауылдар қоршаған лагерьге қамады. Ортасына бөшкелер қойып,

оған су құйған кезде күні бойы қаталағандар суға лап қойды. Сол кезде немістер оларды автоматпен сұлатып салды. Бірнеше адам сол жерде жан тапсырды. Олардың кім, қай жерлік екенін ешкім біле алмады.

Ертеңіне Украинаның «Ремонтный» стансасы жанындағы ұзындығы екі, ені біржарым шақырым тікенек сыммен қоршалған ашық аспан астындағы лагерьге экеп қамады. Тұтқындарға бұл күні де ас берілмеді. Тұтқындар әбден әлсіреген үшінші күні «Ремонтный» лагерінде алғашқы дәм татты. Тамақ деген аты ғана. Қара суға қайнатқан, қауызы алынбаған тары. Амал не, «жұтқан – жұтамас» деп қайнаған сүйін ішіп, суға бөккен, қауызы алынбаған тарыны қаузап, өздерінің әзіргे тірі екендіктеріне тәубә десті.

«Ремонтный» лагері тұтқындарға тірідегі тозақ болды. Нөсерлі жаңбыр, түнгі сүйік, қатықсыз, қауызы алынбаған тары тұтқындарды әбден жүдettі. Терілері сүйекке жабысты. Кейбірі асын ішіп отырып, кейі түнде жатқан жерінде жарық дүниемен қоштасу көбейді. Сол сұрықсыз өмірді: «...Түнде тышқан сияқты жататын жерді қолмен тырналап қазып, құргақ жерге үшеу-төртеу болып бір жамбастап, бір-біріне жіпке сыммен байластырған шинелімізді жамылып жатамыз. Түнде жамбасымыз ауырғанда бірімізді-біріміз оятып, бәріміз де екінші жамбасымызға аунап жатамыз. Түнде жаңбыр жауғанда шұңқырымызға жаңбыр, не қар жауып кеткенде жата алмай, шинелімізді бүркеніп, қалғып-шұлғып түнді өткіземіз. Түнде ойбайлаган, боктаған, алласына мінәжат қылған, есенгіреп, сандырақтаған, оқ түскен жарадан жанын қоярға жер таппай жанталақан, зарлаған дауыстарға бой үйренеді» деп суреттейді Өмекен (1 дәптер, 35 б.).

Онан әрі Өмірбайдың «Ремонтный» лагеріндегі: «...Күн сайын ат арбамен полицейлер келіп өлген тұтқындарды қатарлап арбага тиеп, есіктен шығар жерде тұтқындар өтірік өлген болып қашпасын деген немістік пысықайлышкен олардың басынан атады. Өлген тұтқындарды лагерьден сегіз шақырым жерге апарып, үстеріне бензин, не солярка құйып өртейді» деген жантуршігерлік сөздерді оқып, жүргегіңе ине сұққандай сезінесін.

«Ремонтный» ашық аспан лагерінен тірі қалғандарды 1942 жылы қараша айының басында Украинаның Хорол лагеріне әкеліп қамады. Хорол лагері – көлемі үлкен, ұзын-ұзын барактар. Барак ішінде бес қабат нар орналасқан. «Үш күннен кейін тозаққа үйренеді» деген. «Ремонтный» лагеріне қарағанда тұтқындарға Хорол ұжмақ көрінді. Ашық аспан асты емес. Сүйік болса да баспана. Ысқырған боран, нөсер жауыннан жан сақтауға мүмкіндік болды.



Солдан онға қарай: Әбікен Жақсылықов, Өмірбай Исақов

Өмірбай Хорол лагерінде жерлестері Әбікен Жақсылықов, Елжас Құдебаев, Сағынбай Жүсіпов, Сағынбай Елемесов, Мұхаметжан Сұлтанов, Төлеген Бердібеков, атбасарлық Омар Машанов, Марат Мұқанов, қарағандылық Тоқымбет, Төлеубай сияқты жігіттермен кездесті. Ауылы көшіп келгендей сезінді. Енді бірлесіп, ұйымдастып жүрсек, босқа өлмеспіз деп ойлады.

Хорол тұтқындарды жазалаудың жаңа орны болды. Тұтқындар бұрынғыдан жаман азып-тозды. Кіімдері алым-жұлым қүйге түсті. Соған қарамастан лагерь басшылары боран, аяз, қар дегенді ескермәді. Тұтқындардың жұлығы жыртылған, не ұлтаны сыптырылған, аяқ киімдерінен бақайы, өкшесі шығып қып-қызыл бол домбығып іскенине қарамастан ұрып-соғып жұмыс істетті. Тіпті болмаса жалаң аяқ қарға айдады. Тұтқындарды азаптау, әжуәлау, мазақтау, азар беру үшін күн сайын сағат 11-де ұрып-соғып, сапқа тұрғызып бір жарым сағат бойы өлең айтқызу әдетке айналды. Өлең айтпасқа еш шара жоқ. Айтпасаң білеудей рәзенкемен не таяқпен өлімші етіп сабайды. «Тышқанға өлім, мысыққа ойын керектің» керін келтіргендіктен ылажсыздан: «Әй, самолет, самолет, Туркістанға ала кет. Туркістанға барғанда қанатынды қағып кет» деп еріксіз шулайтын болды. Оған түсініп жатқан неміс жоқ. Тұтқындардың жамыраған қозыдай шулағанына мәз.

Хорол тұтқындарының ішінен тыйлыларын іріктең алғып 1943 жылдың көкек айында Украинаның Старо-Константиновка, қыркүйек айында Каменец-Подол лагерлеріне ауыстырып, майдан шебін жасатты. Бұл жерге де тұтқындарды иесіз малдай айдалап келді. Қия басқанды жол үстінде атып тастанды. Кеш бола кез келген мал қорасына қамап, ит пен қарулы күзет қойды. Айдалып бара жатқан тұтқындарға тамақ бермек болған украина эйелдерін де, әлі біткен тұтқындарды да жол-жөнекей атып отырып жеткізді.

Тұтқындарды бұл жерде де ұзақ ұстамай, 1944 жылдың көктемінде Варшава, Германияның Мант, Кан, Эссен, Дюссельдор, Кельн, Ахен, Белгияның Антверпен қалалары арқылы Францияның Шербург жарты аралына қарайтын Сен-ло қаласынан 55 шақырым жердегі Ле-Мауфе лагеріне әкеліп қамады. Тұтқындар Ле-Мауфе лагерінде тұтқындыққа түскеннен бері екі жыл мерзім ішінде алғаш

рет шашын алдырып, моншаға түсіп, салулы төсек, салқын үйге шешініп керуетке жатты. Өз үйлеріне келгендей сезінді. Дәмді тамақ ішті. Тұтқындарды он-оннан бөлді. Оларды Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресейге тұтқын болған, не кейін Еділ бойынан Германияға барған орыс тілін білетін немістер басқарды. Олардың кейбіреулері тұтқындарға қасқырдай тиді, әсіреле, Прибалтика немісі Otto деген қатыгездік көрсетті. Алайда, адамгершілігін жоймаган азаматтар жау арасында да табылды. Бұрын Ресейде екі жыл тұтқын болған Курт Оттоның қатыгездік әрекеттерінен тұтқындарды қорғап, қамқорлық көрсетіп жүрді. Кеңес Одағынан алып келген бұл тұтқындарға ағылшын-америкага қарсы соғысқа әзірлік үшін тауды ұңғып, дәрімен қопарған тастарды екі тау арасына арық сияқты етіп орналастыру жұмысын жасатты. Бірақ Одақтастар екінші майданға кірісті де, немістер мақсатын орындауға шамасы келмеді.

17 маусымда ағылшын-америка әскери Котанс қаласына әуе шабуылына кіріскең сәтте 8 тұтқын қашып шықты да, таяу жердегі орманға паналады. Орманшының берген хабары бойынша американалық офицер келіп, Өміrbайды жолдастарымен бірге Шербург порты жанындағы лагерьге орналастырды. Порттағы лагерь тұтқындардың бостандыққа шығуының басы болды. Тамақтары тоқ, қуанышты өмір басталды. Бұл қуанышты, думанды өмір Англияда жалғасты. Тұтқындар туған елге жетуге асықты. Аңсаған күн де жетті.

Қазан айының басында Кеңес үкіметінің ағылшындағы елшілігінен бірінші рангілі капитан бастаған төрт теңіз офицері келіп, Кеңес Одағына қайтатын тұтқындарға анықтама толтырды. Еліне оралатындар көп болғандықтан тұтқындар арасындағы сауатты азаматтарды қағаз толтыру ісіне пайдаланды. Бұл жұмысқа Өміrbай Исаков та тартылды. Қазан айының аяғында Ливерпуль портынан тұтқындарды еліне аттандыру салтанаты өтті. Ракета атылып, оташшу шашылды. Оркестр ойнап, екі үлкен кемеге мінген тұтқындарды екі авианосец, алды-артында 12 кеме қорғап алып шықты. Өміrbай отырған бір кеменің өзіндеған офицерлер мен күтуші қызметкерлерден басқа тұтқындықтан босаған 3000 адам болды. Теңіз үстінде немістердің жасаған шабуылдарына тойтарыс бере отырып 14 күн бойы теңізде жүзіп, 1944 жылы 6 қарашада Мурман портына жақын келіп тоқтады.

7 қарашада кемедегілерді шағын кемелермен жағаға тасыды. Портта Отанына қуанышпен оралғандарды сапқа тұрғызып, порт алаңынан шығар жерде айдауылдар бірден қоршауға алды. Туған елдің топырагын басатын, мерекені Отанымызда тойлайтын бол-

дық-ау деп тасып-төгіліп, лепіріп келе жатқан жүрек, албырт көніл мен сезім су сепкендей басылды.

Өміrbай Исақов 1944 жылдың 7 қарашасынан 1945 жылдың 2 ақпанына дейін Таллин қаласында болды. Пфл №16 лагерінде «Смерч» қызметкерлерінің тергеу-тексеруінен етті. Олар Өміrbай Исақовты жауапқа тартарлық қылмыстың ізін таппады да Балтвоенморстрой 9 батальонына қызметке қалдырды.

1946 жылы 16 қарашада әскери қызметтен босанып, туған еліне қуанышпен оралды. Алайда, қуаныш, еркіндік, бостандық күн ұзақ болмады. Арада үш жыл өтпей-ақ Өміrbай Исақовтың азапты өмірі қайта басталды. Англияда елге қайтушылардың анықтамасы толтырыған қолқабысы «Отанын сатқан опасыз, ағылшын-америка барлау органының шпионы» деген атпен ақтала алмайтын қармаққа түсті.

1949 жылы 9 қыркүйекте еш нәрседен хабарсыз, Қима ауданы «Кенәрал» кеншарындағы Ворошилов атындағы мектепте сабак беруге кірер сәтінде қамауға алынды. Ертеңіне Ақмола түрмесінің қараңғы 4-камерасынан бір-ақ шықты. Сол күні түнде Ақмола облыстық мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің майор дәрежесіндегі аға тергеушісі алғашқы жауапты алды. РСФСР Қылмыс заңының 58-бабының 1-тармағы «Б» тармақшасы бойынша «Отанын сатқан» және 6-тармағы бойынша «ағылшын-америка барлау органының шпионы» деген айып тақтты. Әр түрлі әрекеттер жасап айыпты мойыннатпақшы болды. Өміrbай айыпты мойындалады. Негіzsіз деп дәлелдеді. Іс насырга шаптты.

1949 жылы 2 қазанда Алматыға жіберілді. Мұнда ұзындығы төрт, ені үш қадам, күнгірт, едені бетон камераға қамалды. Сырт киімдерін сыйырып алды. Азапты өмір басталды. Түнгі сағат 11-ге дейін сабан толтырыған төсөнішке қисаюға мүмкіндік бермеді. Жамыллатын лыпа жоқ. Үйқыға жаңа бара бергенде жауапқа шақырады. Айыпты мойыннатудың екі жарым сағат азаптарынан кейін үйқы қашады. Таңғы сағат 6-да төсекті ширатып жинаттырады да, сонан бастап екі аяққа мініп теңселуден басқа ылаж жоқ. Күніге 400 грамм нан. Ол үш мерзімге бөлінеді. Ерсілі-қарсылы журе беруге күш керек. Денеден күш, ет арыла бастады.

Алматы мемлекеттік қауіпсіздік тергеу бөлімінің бастығы полковник Құрманғалиев тергеуді күннен-күнге қатайтты. Азаптау, зәбірлеу 20 күнге созылды. Нәтижелі жауап ала алмады. Ақырында 22 қазан күні түрме бастығы оған көмекке келді. Түнде түрме тәртібін бұздың, көрші камерадағы тұтқындармен «қабырғаны қағып сөйлестің» деп бәле салды. Тізе бүгер еш нәрсесі жоқ карцерге бір жеті қамады. Уақыттың күн, әлде түн екенін Өміrbай білмеді.

Әл кетті. Қабырғаға сүйеніп тұратын, жүресінен отырып демалатын мүгедектік қалғе жетті. Етігін жастық жасап басына жастанып жатқанымен етсіз сүйек тас еденге тиіп сырқырап шыдатпады. Осындау азап кезінде де жауапқа шақырып: «Сені қашан, кімдер, қай жерде өздеріне қызмет істеуге тартты? Қандай тапсырмалар берді? Сен ез тобыңа кімдерді тарттың? Қандай тапсырмаларын орындаңың?» - деген бұрынғы сұрақтарды өзгеріссіз қойып, тергеуші жаңын жегідей жейді. «Бәрібір айтқызбай қоймаймыз. Бұл үйдің табалдырығынан аттаған жан не өлмей, не 25 жылға сотталмай кетуге тиісті емес», - деп зіркілдеді.

1950 жылы 11 қаңтарда тергеу аяқталды. Өміrbай 19 қаңтарда жалпы камераға ауыстырылды. Ондағы Малдыбаев, Макұлбай Нахаев, Вяткин, А.Н.Гуляев, Еркін Жаркеновтер Өміrbайдың түрін көріп: «Енді ештеңе етпейді, бәріміз де сен сияқты көресіні көріп, тірі аруақ болғанбыз. Бәрі де артта қалды. Енді ештеңе ойламай күш-куат жина», - деп жұбатты. Қолдан келген көмектерін жасады. Құтті. Есін жинаттырыды, әлдендірді.

1950 жылы 14 ақпанда Түркістан әскери округі Алматы гарнизонының әскери трибуналы 25 жыл еңбек түзеу лагерінде қатаң тәртіпте ұстауға, бес жыл азаматтық құқығынан айыруға, малмұлкін тәркілеуге үкім шығарды.

Сонан 28 ақпанда Алматы түрмесінен шығып Шымкент сұрыптау зонасына, одан 26 наурызда Свердлов облысындағы «Асбест» лагеріне түсті. Жұмысшылар ауыр жұмыс, мardымсыз тамак, оның үстінен асбест тозаңынан болатын асбестоз, цинга және тауық көз ауруына тап болды. Өміrbай бригададағы азаматтар арасында беделге ие болды. Олар өздеріне басшы етіп сайлады. Исақов басқарған бригада ай сайын жоспарын 130-150 пайыз орындалды. Орган қызметкерлері Өміrbайдың ісіне құдікпен қарады. Басқан қадамы аңдуға түсті. Бірнеше рет оның үстінен тексеру жүргізді. Ешбір жалғандық, қылмыстық ілік таба алмады.

Әйелі Қайныңен 1951 жылдың қазанында және 1952 жылдың маусым айында Өміrbайды екі рет іздел барып, амандағын біліп қайтты.

1952 жылы 2 қыркүйекте Исақовты Свердлов түрмесіне қамады. Бір жеті отырығызы да, Солтүстік Орал лагеріне айдады. Бұл кеңестік кезеңде тәртібінің нашарлығы, тұрмысының ауырлығы, жағдайының төзгісіздігі, қысының суықтығымен аты жайылған лагерь. Өміrbай бұл лагерьде де ақылы мен қабілетін, іскерлігін танытты. Тіл табысты. Қатардағы тұтқыннан ондықта көтерілді. 1955 жылы мамырда Свердлов лагерінде болған тұтқындардың

ереуілінде олардың бірнешеуі атылып, жиырмашақтысын кісендеп алғып кеткен сойқаннан да аман қалды. Өміrbайға қуанышты күн де жетті. Ө.Исақовты тұтқыннан босату жөніндегі КСРО Жоғарғы Сотының 1955 жылы 27 шілдедегі шешімі 1955 жылы 1 қыркүйекте лагерь басшыларына келді. Техникалық жетекшісі Иван Тихонович Өміrbайды бостандыққа шығуымен құттықтады. Қуанған да, қорыққан да бірдей, өмірінде екінші рет ебіл-себілі шығып, көзінен жасы моншақтап жылады. Бастығы Өміrbайдың бостандыққа шығуын жуып отырып: «Мен сені теміржол шеберлігіне тағайындаіын. Еліңе барып бір-екі ай демал да, әйелінді алғып қайтып кел. Елге барғанмен бәрібір қалаған жұмысынды саған ешкім бермейді. Сотталған деген атақтан еш уақытта құтыла алмайсың. Бұл қорлыққа шыдай алмай бір қолайсыз жағдайға ұшырап қалуың мүмкін», - деп ақылын айтты. Бірақ туған жерге, елге не жетсін. Өміrbай бастығына раҳметін айтты елге бет алды.



Жұбайы Қайнайкен, балалары: Алмагұл, Үкібай, Дулат, Рыскұл, Файни. 1975 ж.

Бірақ қуаныш тез басылды. Боранкөл аупарткомының бірінші хатшысы Ақпан Үкібаев: «Кеше сотталғанды бүгін директорлыққа қоя алмаймыз», - деп кергіді. Партияның кандидаттығына өтерде «Заң орындары тексерсін» деп аупарткомының тағы бір бірінші хатшысы А.Р.Никулин кері қайтарды. Қуаныштың оты өшүге айналды. Алайда, оны қолдап, қолтығынан демеген жақсы адамдар да кездесті. Есіл ауданааралық совхоздарды жабдықтау базасының бас бухгалтері А.В.Шахов сөзге келмesten бірден кассир етіп қабылдады да, кейін өз орнына бас бухгалтер етіп бекіттірді. Кейін Арқалық ауыл шаруашылық басқармасының бас бухгалтерлігіне көтерілді...

Бірақ Өмірбай есінен «тұтқын, Отанын сатып сотталған» деген сөздер шықпады. Қорланды. Отанын сатқан деген етіне ғана емес, сүйегіне басылған қара таңбадан құтылуға, елі мен халқына, жаңындағы жарына, үкілеп өсіріп отырған бауыр еті балаларына өзінің адал, ак екендігін дәлелдеуге 45 жылдан астам уақытын еткізді. Күйнды, ізденді. Бұл жолда кімге арыз жазып, кімге өтініш айтпады дейсіз. Бірақ Өмірбайдың шағымдары Түркістан әскери округіне, Алматы әскери гарнизонына қайтып айналып келе берді. «Исақов Түркістан легионында, неміс армиясында қызмет істеген. Сондықтан сотталуы дұрыс, занды» деп қарға қарғаның көзін шұқымады. Өмірбай Исақов әділдіктің ізін қайта куды. Қазақстан Республикасының Бас прокурорына 1995 жылы 15 шілдеде тағы арыз берді. Көп ұзамай Өмірбай отбасы қуанышқа кенелді. Қазақстан Республикасының «Саяси құфын-сұргінге ұшырағандарды ақтау туралы» 1993 жылғы 14 көкектегі Занына сәйкес Өмірбай Исақов ақталды деген хабарды қолына алып Өмірбай тілегіне жетті.

«Ана тілі» газеті  
29 мамыр 2003 ж.

## Қазақ халқына басымды иіп, тағзым етемін

Ұлы Отан соғысының басталғанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, оның жарасы әлі қүнге дейін адам санаасында жазылар емес. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен» кезеңде шаңырағы шайқалмаған, отбасы күйзелмеген пенде Отанымызда аз болған жоқ. Майданның алдынғы шебінен шегінген, звакуацияга ұшыраған Украина, Беларусь республикалары мен Ленинград, Москва қалаларының қарттары, әйелдері мен балалары біздің Қазақстан жеріне де келді. Қазақ халқы оларды өз бауырындай ыстық ықыласпен құшақ жая қарсы алды. Қолда бар жарты құртын бөліп берді. Олардың ортақ мақсаты бір еді – жауды тез женоу. Соғыстың ауыртпалығын бірге көрісті. «Бір жағадан бас, бір женен қол шығарып» жауды женоу үшін тылда аянбай, жанқиярлықпен қажырлы еңбек етті.

Сондай күндердің күесі болған, біздің ауданының бұрынғы «Ақарық», «Жаңаталап» колхоздарында 1942-1944 жылдар арасында мұғалім болып қызмет атқарған украин қызы Руденко Надежда

Яковлевнадан өткен жылдың ноябрь айында хат алдық. Әрине, оның өтінішін орындау үшін мен екі жеті архив көтеріп, осыдан жартығасырға жуық өткен мерзімдегі сарғайған материалдарды іздеп, тапқан документтерді оған жібердім.

Таяуда Н.Я.Руденкодан екінші хат алдым. Менің қолыма қалам алдырған да осы екі хат. Өйткені екі хатта жазылған сөздерде Ұлы Отан соғысының отты жылдарындағы біздің жерлестеріміздің қажырлы еңбегі, бауырмалдығы, ынтымақтастық аз сөзбен, бірақ шын жүрекпен, ыстық ықыласпен берілген. Мен бүкіл қазақ халқы алдында басын иіп тағзым еткен ізгі жанның жүрек сезімін бүкіл аудан халқы білсін деген оймен Н.Я.Руденконың екі хатын да газетке ұсынуды жөн көрдім. Өйткені Н.Я.Руденкодан сол отты жылдарда аудан көлемінде тәлім-тәрбие алған, өнеге көрген, сөзін тындаған, қайғысына ортақтасқан, көніліне демеу берген шәкірттері, достары, көршілері болуы мүмкін гой.

Алғашқы хат:

Күрметті жолдас!

Менің «Жаңаталап» және «Бәйбіше» мектептеріндегі жұмыс істе-  
ген уақытыма документ берулеріңізді үлкен өтінішпен сұраймын.  
Иә, мен эвакуацияда болдым. «Ақарықта» тұрдым, одан 2 километр  
қашықтықта тұратын «Жаңаталапта» жұмыс жасадым. 1943 жылы  
аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен Жалағаштан 12 километр  
қашықтықта тұратын «Бәйбішеге» жұмысқа ауыстым.

19 апрель 1944 жылы Украина Орталық комитеті мені Украина  
мектептерін қалыпқа келтіру жұмыстарына жіберді. Партия қата-  
рына мен сіздерде өттім. Ол үшін алғыс айтамын. Оның үстіне  
Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде маган жұмыс тауып бер-  
гендеріңіз үшін шексіз ризашылығымды білдіремін. Өтінішімді  
аяқсыз қалдырмассыздар. Сіздерге тағы да жазып, хабарласамын.

27.X.1988 ж.

Екінші хат:

Күрметті де қымбатты әріптестер!

Сіздердің адамға, әсіресе маған ізгі ниет білдіргендеріңіз үшін  
алғыс айтамын. Сонау Ұлы Отан соғысының қыын-қыстау минутта-  
рында сіздер менің мектепке жұмыс істеуіме мүмкіндік тудырды-  
ңыздар. Маған жіберген документтерде кейбір нақтылық жетіспелейді.  
Оның осындаи болуы да зандағылыш. Менің сіздерге баруым керек  
еді, бірақ денсаулық оған мүмкіндік бермеді. Негізінде баруға тиіс-  
тімін.

Көп нәрсе менің әлі есімде. Соғыстың алғашқы жылдарында мен «Ақарық» колхозында тұрдым да, «Жаңаталапта» жұмыс жасадым. Колхозға көмектесуге тура келді. Мысалы көктем егісіне қажетті күріш тұқымын тазарттық, кетпенмен аз да болса арық қаздық, қажетті жерінде кенес те бердік. Осы сәтте колхоз председателінің эвакуацияға келген орыстарды өзіне шақырған сәті еріксіз есіме түсіп отыр. Біздер ол кезде өте қыын-қыстау жағдайда жұмыс істейтінбіз. Алғашқыда председательдің неге шақырғанын білмедік. Шамасы майданда жағдай ауырлаған болуы керек, соған бола шақыртқан шығар деп ойлап келсек, председательдің алдында бір қап жатыр. Ол қаптың аузын ашып бізге «Мынау не?» деп көрсетті. Сейтсек ол қаптың ішіндегі мал азығындық қызылшаның тұқымы еken. Председатель оны өмірінде көрмеген, не нәрсе екендігінен хабары жоқ. Енді не істеу қажеттігін білмекші. Біз оған бұл өте жақсы дақыл, егер мұны егіп, онан көп өнім алынса, ол сиырга азық, онымен қоректенген сиыр сүтті көп береді, сүттен майданга жіберілетін сапалы сары май да молаяды деп түсіндірдік.

Сол жылы колхоз жақсы атқарған жұмыстары үшін ауыспалы Қызыл туға ие болды. Ол тек соғыстың ауыртпалығын тартқан колхоз үшін ғана емес, бізге де үлкен қуаныш әрі мереке болды. Өкініштісі сол, колхоз председателі орыс тілін білмегендіктен, ауыспалы Қызыл туды колхоздың қандай жетістіктері үшін берілгенін бізге түсіндіре алмады. Ол тек жас балаша құліп, қатысушиларға колхоздың жақсы жұмыстары үшін аямай қол соғындар дегенді ұғындырғандай болды. Қыын-қыстау күндерінде бізге қол ұшын берген, қамқорлық жасаған, дос құшағын ашқан колхоздың мұндай табысы, ол туралы айтылған жылы лебіз есту біздер үшін де абырай болды.

Егіс басында тік тұрып Ленинград қоршауының бұзылуына байланысты көп адам қатысқан колхоз жиналысы да есімде қалыпты. Қырмандағы астық үйінділері, қапталған күріш, қап-қап астық артылған түйе, тізерлеп отырған қарттың төгілген түйір дәнді жинап қапқа салғандары – бәрі-бәрі де күні бүгінге дейін көз алдында тұр. Сол жиналыста колхоз жинаған барлық күрішін ленинградтықтарға жібергені де естен шығар емес. Сол кездегі халықтың тілегі, мұддесі ленинградтықтарға көмектесу деген мақсатта ғана болды.

«Бәйбіше» мектебінде істеп жүрген кезімде күріш орып, мал азығын дайындауға қатыстым. Біз сол кезде «Майдан үшін сен не істедің?» деген ұраннан еңбек еттік. Бізben бірге көп ұлт өкілдері жұмыс жасады. Олардың арасында ешқандай ашқөздік, алауыздық,

ұлтарараздық дегендер ешқашанда болған емес. Тек қана «Бәйбіше» мектебінде Ленинград, Ростов, Москва, Николаевск, Смоленск, Тула, тағы да басқа облыстардың, Польшаның Krakovo қаласының өкілдері болды. Оларды қазақ халқы ізгі жүрекпен жылы қабылдады, құшқақ жая қарсы алды.

Сол жылдарда ыстық ықылас көрсетіп, жүрек жылуын берген қазақ халқына басымды иіп, тағым етемін. Сіздерге бақыт тілеймін.

Руденко Н.Я.

22.XII.1988 ж.

«Жаңадария» газеті  
1989 ж.

## 1941-1945 соғыс жылдарындағы менің өміржолдарым

Мен, Зияда Ижанов Қызылорда облысы Жалағаш ауданы (бұрынғы Тереңөзек) №13 ауыл Аламесек ауыл кеңесінің қамтуындағы «Ақарық» кеңшарында (бұрынғы «Көкпая» колхозы) Жантілеуұлы Ижанның отбасында дүниеге келгеннін. Экем – Ижан, анам – Алтай өз еңбектерімен күн көрген шаруа адамдар.



Ижан Жантілеуұлы



Алтай Оразбайқызы



Зияда Ижанұлы

Соғыс басталғанша да, онан кейінгі еліміздің жайлауы – Жаңадария арнасының сабатты, салқын, кек майсалы ерекше жер еді. Күн қанша ыссы, қапырық болса да Жаңадария арнасындағы жайлауға түсkenде кеуден қеңіп, денен салқын тартып, жаның жай табатын.

Арнаның табанындағы ескен шымдар мен басқа да шөптер табаныңа мақпалдай жұмсақ тиетін, ал қырышық ірі сусыған дария табанының құмы үстіңе жүқпайтын, үстіңе жүғу былай тұрсын, үстіне аунасаң егеудей болып киген киімінің кірін әп-сәтте тазартатын қасиеті қандай еді...

Біздің үй осындай керемет арнаның табанында шұбатыла қонған ауылдың қазіргі «Жаңадария» кеңшары мен «Ақарық» кеңшары арасындағы тас жол өтетін Жаңадария арнасының үстіне салынған үлкен көпірдің шығыс бетінде 10 метрдей арнаның биіктеу жерінде жыл сайын жайлайтын. Жайлау балалардың қызықты ойын алаңы. Соғыс басталғанға дейін жайлауға жиналған ауыл балалары екі топқа бөлініп, соғыс ойынын ойнап, газеттердің ішіне құм толтырып орап, граната деп лактырып, қамыс тұтқітерінен («Чапаев» киносында көргеніміз гой) пулеметтің стволын жасап, окоп қазып, асыр салып ойнайтынбыз.

Біз неліктен соғыс басталмай тұрып соғыс ойынын ойнадық? Әлде сездірді ме? Бұның қалай екеніне әлі күнге дейін таң қаламын. Әйтеуір бір сезім болғаны рас. Бізді соғыс ерте ер жеткізді, есейтті. Соғыс салған таңба, бастан өткізген ауыр күндер күні бүгінге дейін жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де көз алдыннан кетпейді, санамнан өшпейді.

Соғыс басталған күннен бастап елдегі ер азаматтардың алғашқы легі армия қатарына шақырылды да, олардан гөрі ересектерін елде әскери дайындыққа, жаттығуға үйретуге бірден кірісіп кетті. Ер азаматтарды армияға шығарып салу – жылау, қоштасу үлкен қайғылы сәт. Аудандық әскери комиссариатқа кеткендердің хабарын білдіретін бүкіл ел ортасындағы жалғыз поштадағы телефон. Елдің аңдығаны өртеден кешке дейін сол телефонның шылдыры. Ақырында, аз күннің ішінде ер азаматтардың 45 жасқа дейінгісі түгел армияға алынды. Ел ішіндегі жарақты ер азаматтар майданға алынғаннан кейін колхоздың егінін оруға, оны бастыруға, оны мемлекетке тапсыруға, малын бағуға жұмыс қолы жетіспеді. Әйелдер мен балаларға күн қарап қалды.

Сонымен мен 15 тамыздан бастап 1941 жылы «Көкпая» колхозы басқармасының №67 қаулысымен колхозшы болып шыға келдім. Бұл есөюдің алғашқы қадамы болды.

Біздің «Көкпая» колхозы Теренөзек ауданының Қызылқұм бетіндегі ең шеткі шаруашылықтарының бірі. Аудан орталығынан 45-50 шақырым қашықтықта орналасқан. Сол жылы егілген бидайды қол орақпен орып, оны арқалап, қырманға жинауға белсене қатыстық. Қырманға үйілген сабақты бидайды сабағынан дәнін

ажыратып алу үшін атқа жегілген 6, 8 қырлы тастарды сұйретіп атқа міндік. Құзде қол орақпен күріш ордық. Елде түйе аз, ал өгіздер арбадан ауыспайды. Астық тасуда белді көлік болып шықты.

Күзден бастап есекпен Жалағаш станциясындағы астық қабылдау пунктіне күріш, бидай тасыдық. Әр баланың қарауында 3 есек, оның үстіне 50-60 келі күріш артылады. Мұханбетжан Доспенбетов, Нәби Тілеубергенов, Сәпи Ақсақалов, Мырзахмет Мырзашев, Зікірия Тобагұлов, Әмзе Молдайтов, тағы да басқа балалар қырманнан астық тиеген есектерімен күн шыға шығып, кейде кештетіп, кейде ара қонып, Жалағашқа барамыз. Сырдың күз айларының шуақты қундерінде үстіндегі жүктөрін ауырлаған есектер кейде жолдың шандак, құмдауттау жерлеріне жата қалып, аунап, үстіндегі артқан күрішті аударып тастайды. Бұны қайта арту біз үшін тозақ. Оны (есекті) тұрғызып, жүгін қайта арту буыны бекіп, бұғанасы қатпағандар үшін қаншалықты азап.

Біздер үшін екінші тозақ – астық қабылдау пунктіне жете алмай, жолда түнеп қалған жерде әккі есектер кейде қашып кетіп азар көрсетеді. Оны іздеу, табу, табылмаған жағдайда оның жүгін басқа есектерге қосымша ауыстыру қаншалықты қыын. Біздің алдымызда мұнан басқа тозақ күтіп тұрады. Ол – күндіз де, түнде де жолдың екі жиегіндегі кісі бойынан асатын қалың қамыстың арасынан қасқыр шығады деп үрейленіп, қорқа-корқа, шаршап-шалдығып астық қабылдау пунктіне әзер деп жеткенінде әр қапты жекелеп таразыға тартып (ол кезде қазіргідей үлкен таразы жоқ), оны тау болып үйілген күріштің үстіне біртінде арқалап апарып, төбесіне төгудің азабы. Жол азабын тартып, есектермен арпалысып, аш-жалаңаш, шаршап, үйқысыз барған балаға бұл нағыз тамүқ.

Есектер үстіндегі жүгінен құтылғаннан кейін елге қайтарда жүрдек, бізде елге жетуге ықыластымыз. Күрішті өткізу кезіндегі көрген қыындық пен азап естен шығып кетеді де ауылға жеткенше есекпен есекті жарыстырып, көкпар тартып, мәз-мейрам боламыз. Ол кезде көрген бейнет те, қарнымыздың аштығы да, жалаңаштығымыз да бір сәтке болса да естен шығып кетеді. Келісімен бізді де, есектерді де тынықтырмaston күріш тиеген есек керуенін қайтадан кері айдайды. Бұл көрініс колхоз қырманындағы астық таусылғанша, колхоз үкімет қарызынан құтылғанша өзгермей, қайталана береді. Бір өзгермейді.

Ол кезде еңкейген кәрі мен еңбектеген балаға дейін еңбек майданына араласпасқа шара жоқ. Әйелдер қанша қашық жерде еңбек етсе де кешке үйіне қайтарда жағатын отынын арқалап қайтады. Тұнімен ертеңгі ішетін ашытпасын, балалары, өзі жейтін нанын

пісіреді, талқанын дайындаиды. Таң ата сиырын сауып, сүтін пісіріп, айранын піседі. Жыл он екі айда бір тыным жок. Осындай тынымсыз кезде Күнтай деген әйелдің: «Заман тыныштық болса, басымды жуып алар едім» деген сөзі елге аңыз болып тарағаны әлі күнге есімде.

Қыс айларында әйелдер мен қыздар майдандағы жауынгерлерге шұлышқ, қолғап, кеудеше тоқиды, теріден тон, қолғап тігеді. Мұның үстіне әр отбасы 2-3 центнер күріш тұқымын қектемін егіске дейін арам шөптен, күрмегінен тазартып беруге міндетті болады. Бұл езінше қыын тірлік. Терезе әйнегінің үстіне уыстап күрішті төгіп, біртіндел тазалап, тазасын бірыңғай, күрмегі бірыңғай ажыратылып, қайтадан астық қоймасына таразыға тартылып өткізіледі. Алынған салмаққа сәйкес болуы керек. Басқаша айтқанда әр түйір күріш саналады деген сез. Күріш тазалау, жылы киім тігу, тоқу, көбіне түнде сыйсина шамның (ол кезде майшамның әйнегі тек бастықтардың үйінде болмаса басқалардың қолына түспейтін дүние) түтінін жұтып, кейде жарыққа еңкейе-еңкейе шаштарымыз үйтіліп, танауымыз ысқа ұстағандай қап-қара болып шығады. Амал жок, тапсырманы орындау керек.

Ал ересек балалар мен қарттар, денсаулығына байланысты армияға алынбағандар, армиядан жаракаттанып елге оралғандар қыстай мал шаруашылығына көмектеседі. Мектепке, моншаға (ол кезде бір жақсысы айына екі реттен міндетті түрде моншаға түспесе айып салынады, қолында моншаға түсті деген қағазы болмаса оқушыны мектепке кіргізбейді, жолаушыға вокзалдарда поезға билет сатпайды) отын шауып тасиды, қамыс орады.

Біз жастығымызға қарамай ерте қектемнен бастап бидай егетін жердің шебін шауып, су жолдарын тазартып, атыз-жабын соғып, арығын қазамыз, ат-өгізге жегілген соқалармен жер жыртамыз. Бұл жұмыстар негізінен комсомол ұйымының хатшысы маган, әйелдер кеңесінің төрағасы Ақтай Ботанбаевага жүктелетін.

Біздің колхоздың бидай егетін жері негізінен Тас шоқы, Қара ой, Арапқұм, Алты құлақ деген елден Қызылқұмға бір табан жақын, ауылдан 10-15 шақырым қашық жер. Ал күріш, тары егістері елге жақын Ажырықты, Сарықөл, Батпакты, Қарамұрын деген жерлер. Ол кезде үлкен каналдар жоқ. Сағасын Дәүлеткөл деген көлден алатын «Ақсақал арық», «Бәйімбет арық», «Жолым арық» деген су жүйелерімен егін сугарылды. Қарқынсыз, тынық сулар арнасы тар арықтардың қамыс құрақтары есіп, шалаулар басып судың ағуына тоқсауыл жиі болады. Сондықтан да елімізде «бір тал қамыс бір арықтың сүйін байлайды» деген қанатты сез туған. Ондай кездерде

суды кеңірдектеп кешіп жүріп, арықтың ішінде суда өскен құрақ қамыстар мен жиналған шалауларды орып, тазартамыз. Шалау арасында шабақ аңдыған қара шұбар жыландары көп болады. Бізге олар өте қорқынышты, түсі сүйк. Амал қанша жыланды ерте көрген, сезген бала айқайладап хабар береді. Бәріміз жиналышп, су жыланды судан қуып шықканша, не оны өлтіріп көніліміз тынышталғанша суға тусе алмаймыз, қорқамыз.

Бидай сүтке айналып, қамыр бола бастағаннан бар бала торғай коруға аттанамыз. Аттанамыз деу артық. Шындығында бізді таң сәуле бергеннен бастап бригадир үй жағалап жүріп, оятып, торғай коруға үйден айдалап шығады. Қолымызда біз шөлдегендे ішетін бір-бір қауақ ашытпамыз, қарындары ашса жесін деп шешеміз берген бір жапырақ нанымызды қойнымызға қысып, таңғы тәтті үйқымыздың бұзылғанына ренжіп кете береміз.

Бидай, тары кору дегенде өзінше азапты іс. 35-40° шыжыған алтап ыстықты торғай неғылсын? Күндіз ыссыда, түсте панарап жыңғыл мен қамыстың басын іп жасаған қосымызды тамағымызды ішіп, аздал демалғаннан кейін бізде тыным жоқ. Қолымызда салақпан<sup>34</sup>, жанқалтамыз не арнаулы дорбаға толтырған құмаршықты<sup>35</sup> торғайдың шықылдаған дауысы шыққан жаққа атып, торғайды ұшырамыз. Эр бала өзіне бекітілген учаскесін шыр айналып, «Алау-хай» деп айқайладап, жағымызға тыныштық болмайды. Үнемі айқайладап жүргеннен кейін таңдаймыз кеүіп, ыссы күндері су таба алмай каталаймыз. Кейде кез келген лас суларды да ішуге тұра келеді. Қалай болғанда да егістікті тастан кете алмайсың. Өйтпесе торғай бидай мен тарының басына қонып отырып, бар дәнін жеп, қауызын қалдырады. Дәнінен айырылған бидай мен тарының басы сабақтарында «мына балалар мені торғайдан қорғамады» дегендей колхоз бастығы, бригадир не ауданнан келген өкілге шағым жасағандай, бар сөлінен айырылып, аппақ болып көзге бірден шалынады. Мұндан жағдайда бригадир бізге еңбеккүн жазбайды, еститініміз ұрыс. Торғай қорудан құтылу да бір ганибетшілік.

Енді ересектермен бірге егін оруға қатысамыз. Егін оруда әйелдер соғысқа кеткен ерлерін әнге қосып, жүрелеп отырып, бастарына

<sup>34</sup> Жыңғылдың тәуірінен, әсіресе қызыл жыңғылдың ашасы барынан таңдал, оның аша жағынан 5-6 см етіп кесіп, ұзындығын 50-60 см етіп қысқартып, аша айырылатын жеріне былғарыдан құмаршық тұратындей етіп алақан жасап, ұшына жіп тағып, оны салақпан сабынан 10-15 см ұзындау етіп жасалған торғайды ұшыру үшін дайындалған құрал.

<sup>35</sup> Саз балшықтан домалақ етіп дайындаған бильярд шарындей кептірілген балшық.

қамзолдарын күн қағар етіп, немесе жеңіл-желпі бірнэрсе жамылып атып, ораққа кіріскенде күніне 15-20 сотық егінді еңсеріп тастайды. Әсіресе, Дәуқара, Ақсалы, Ақтай, Торша, Дүрше, Әлима, Күнтай, Үміт деген әйелдер алдына жан салмайды. Ал біздер, балалар, күніне 5-6 сотықтан асыра алмаймыз. Беліміз шыдамайды.

Жаздың ыссы күндері Аралқұм, Алтықұлақ деген жерлердегі егілген бидайды ору кезінде Қызылқұмға жақын болғандықтан ауыз су тапши. Сондықтан бригадирден су тасуға жіберуді жабыла сұраймыз. Месепен су тасу бізге мейрам. Себебі, су таситын жеріміз 5-6 шақырым қашық. Барысымен су ішіп, жақын жерде егілген қауындықтардан қалағанымызша қауын жеп, қайтарда 1-2 қауыннан іле кетеміз. Әй, балалық-ай! Егістегі орақшылардың ауыз судан қаталап, шай іше алмай, тағаттары таусылып бізді күтіп отырғанына онша кинала қоймайтын сияқтымыз. Әр есекке екі mesten артып әкелген суды үй-үйге үлестіріп болғаннан кейін қайтадан беліміз бүгіліп, орак оруға кірісеміз. Орылған бидай, тары дестелерін қырманға арқалап тасимыз. Ол кезде колхоздарда комбайын жоқ. Молотилка деген де сирек. Оны да МТС басшылары әр колхозға арнаулы бекітілген графикпен кезекпен жібереді. Молотилка келгенше атпен бидай, тарыны шыр айналып таспен бастырамыз.

1942 жылдан бастап астық тасу мерзімін қысқарту мақсатында бұрынғыдай алыс колхоздар аудан орталығына тасымай, елді мекендерден астық қабылдау пункттерін ұйымдастырды. Мұны «глубинка» деп атады. Осындай «глубинка» Тереңөзек ауданының «Красная заря» деген колхозында ашылды. Сырдарияның оңтүстік бетіндегі колхоздар енді бидай, тары, күріш өнімдерін осы «глубинкаға» өткізетін болды. Оған жиналған астықты Тереңөзек ауданы орталығындағы астық қабылдау пунктіне түйемен тасыды, әр колхоздан түйе тасушы адамдар ұйымдастырылды.

Қалай екенін түсінбеймін мені Атанбаев Бимағанбет, Қорғанбеков Нәдірбек, Ботанбаев Әбілда деген қабыргалы, егде тартқан адамдарға қосып, «Красная зарядан» Тереңөзекке түйемен астық тасуға жіберді. Қабыргасы қатпаған балаға бидай қаптарын көтеру қандай қыын. Бидай күріш пен тарыдай емес, салмақты. Бірақ амал қанша, қабыргаң қайысып, маңдай терің сорғалап, мықшындал өзіне бекітілген түйеге 4 не кейде 6 қаптан бидай артамын. Аратұра түйеге артқан жүк үстіне мініп, аяқ сұytамын. Көбіне түйені бүйдасынан жетектеп орталыққа жаяу жетемін. Жоғарыда аталған ағаларымыз: «Әй, Зияда, түйені жайып кел, сугарып кел, айдал кел» деп діңкемді құртады, дем алдырмайды. Ал түйе жарықтық жайылымға шыққаннан кейін, бастары бірікпей кейде 7-8 ша-

қырымға дейін ауылдан ұзап кетеді. Оларды жаяу іздеймін. Бет-бетімен беті ауған жаққа бытырап кеткен түйені тапқанша талай қалың шенгел, жидені, қамысты аралайсың. Ол кезде қасқырда көп (елде мал да тапшы, ашыққан қасқырлар адамға шабуыл жасап, жегендігі туралы күнде келетін хабар жүргегінді онан сайын қобалжытады), қорқамын. Екіншісі, көппен бірге демала алмайсың, үйқыдан қаласың, мерзімінде тамақ іше алмайсың... Кейін оқуға кеткенімше колхоздың жылқысын бақтым.

Соғыс жылдарында мен мектеп қабырғасында тиянақты оқып білім ала алмадым. Себебі ата-анама көмектесу, асырау басты міндет болды. Мениң бар мүмкіндігім – қолға түскен кітапты күндізтүн демей оку болды. Иманды болғыр ата-анам менің окудан қол үзбеуіме қолдан келген бар жақсылықтарын жасады. Сонымен 8-класты Шаған МТС-ы жанындағы «Жәдігер» деген орта мектепке (30-35 шақырым жер) Өрікбаев Жұмабек, Мұнарбаев Сейдуәли, Өтегенов Әлібек, Жетпісбаев Мырзахмет, тағы басқа балалармен ата-анамның талабымен оқуға бардым. Оқуым ұзақ болмады. 35 шақырым жерге жаяу қатынап оку қыын болды. Әр жеті сайын үйге келіп тамақ алғып кетеміз. Ақырында желтоқсан айында науқастанып оқумен қоштастым. Келер оку жылы сол балалармен бірге елден 15-20 шақырым жердегі «Шымбөгет» орта мектебіне тоғызынши класқа барып мен де окуды жалғастыра бастадым. Онда да оқуға мүмкіндік аз болды. Қараша айында окуды тастап кетуіме тұра келді.

Ата-анамның күн көрісі нашарлады, «жұт жеті ағайынды» дегендей күн көріс күн санап қыындей берді. Қолдағы барды «Бәрі майдан үшін!» деген ұранмен құрбандыққа шалды. Кейбір әпер-бакан өкілдер мен бригадирлер үй-үйді аралап, күн көріс үшін жинаған жүгерісі, тарысы мен күрішін, қауыншегі мен қауынқұртын тартып алуға дейін барды. Жалғыз ешкісі болмаса да ет, май шығынын салып өндіртіп алды. Оның үстіне соғыс заемы елдің қалған шырын қақты. Асқатық үшін жұрт өз малын өкілден, белсенді бригадирлерден, агенттерден өзі ұрлап сойды. Оны жасырын, тығып сақтады.

Соғыс жылдарындағы, әсіресе, 1942-1943 жылдардың боранын ұмыту қыын. Жаяу адам омбы қармен қолына балық аулайтын шаңышқымен жүріп, қар астында кеуек қарда жатқан қоянды ізімен келіп, шашып алатын болды. Ал қырғауыл қатып қалған қалың қарда қорек етерлік еш нәрсе таптай, әбден арықтап, үшуға шамасы болмағаннан кейін үй іргесіндегі мал қораларын түте бастады. Адамнан қашпады, жеке үйлер қырғауылды ұстап (жеуге еті жок)

асырады. Менің немере ағайым Нұргалидың әйелі Қанымкүл сондай үйге келген бір қоразы мен бір мекиен қыргауылды біраз уақыт асырағаны бүгінге дейін көз алдында тұр. Елдің ашығуының кемі болған жоқ. Қыстың боранында киімі жоқ, аш адамның боранға ұшырауы да орын алды.

Бірде өзімізбен аталас Бекішев Әшен деген қарт басқа елден күн көрерлік астық іздеп кетіп, із-түссіз жоғалып кетті де, оны іздейтін адам шықпады. Сол кезде елде тек Ақмырзаев Байжан деген шопанды бір ғана нар болатын. Бүкіл ауыл болып, сол нарды Әшенді іздеушілерге беруді үйғарды. Бірақ өз туыстарынан іздеуге барлын адам табылмағандықтан ауыл адамдарына қартайса да қаруы қайтпаган Айтұғанов Кетебай: «Мен іздеймін», - деді. Әкем: «Кетеңімен бірге сен де бар», - деді. Кетебай екеуіміз ұйтқып соққан боранға қарамай жоғалған Әшенді іздеуге шықты.

Айдың күннің аманында, мал емес, адам іздеудің қыындығын сонда көрдім. Әр ауылға келіп, жоғалған адамның тұр-түсін, жасын айтып, әрбір үйге кіріп сұрау саламыз. Күн сұық. Ерсілі-қарсылы бұркыраған борасын. Көбіне түйеге мінуден жаяу жүреміз. Түйе үстіне отыруға ұйтқып соққан боран мүмкіндік бермейді. Оның үстіне киген киіміміз бен тамағымыз боранға тосқауыл боларлық емес. Ақыры бір жеті жүріп «жоғымызды» тірілей таптық. Бір үйдің босағасында жүруге шамасы жоқ, сұлдесі жатқан туысымызды тапқанымызға (біз кезінде кебінін елден әлде қалай болады деп ала шыққанбыз) қуанып, босағасына паналатқан үй иесіне алғысымызды айтып, Әшенді алтып елге қайттық. О, шіркін, соғыс кімге қандай ауыртпалық салмадың?

Елде ересек адам қалмаганнан кейін біздер, балаларға ұзақ жол жүруге тұра келді. Менің немере ағайым Бижанов Нұргали Қызылорда қаласынан армияға кетті де, отбасын елге көшіруге тұра келді. Бұл жұмыстың жауапкершілігі екі балаға – бірі мен, екіншісі жеңгем Қанымкүлдің інісі Сейдуәли Мұнарбаевқа тұсті. Біз елден өгіз арбамен 100 шақырым жердегі Қызылорда қаласына Жаңадария бойын жағалап (төте жолдарды су басып кеткендіктен) Алшынбай тамы, Мың шоқы, Қатын қайыр там деген жерлермен 4 күнде әзер дегенде жеттік. Балалық-ай десенші, елден шығарда ас ішетін қасық алмай шығыппыз. Жолда тамағымызды, қамыстың жуан борығынан қасық сияқты ішін ойып, тамақ іштік. Екінші бір есте қалған осы жолдағы балалық, Қызылқұм ішімен өгіз арбамен митындал жүріп келе жатқанда әр жерде қояндар құлақтары кешкі қүн шапағына шалынып, қып-қызыл болып шоқиып отырғанда, соны ұстап алатындей болып қуамыз...

Тағдырға тәнті болмасқа шара жоқ. Әкем, ағасы Бижан қайын жұртында қайтыс болғаннан кейін, оның балалары қыпшақ болып кетеді деп женгесі Тоғымды, оның балалары – Нұргали мен Ерғалиды Қостанайдан түйемен елге 1923 жылы көшіріп әкелген екен. Енді женғемізді баласы Зікіриямен Қызылордадан өгіз арбамен елге көшіріп әкелу менің үлесімे тап болды.



Нұргали Бижанұлы    Қанымқұл Мұнарбайқызы



Зікірия Нұргалиұлы мен жұбайы Раушан Абушарипқызы

1941 жылдың аяғынан бастап елге соғыс өртіне шарпылып, аяқ-қолынан айырылған, не басқа жаракаттары бар солдаттар мен қаралы қағаздар келе бастады. Құн санап қаралы үйлер саны көбейіп, таң азанымен жарын жоқтаған әйел, баласын жоқтаған ананың зарлары ұйқынды шайдай ашады. Тұла бойынды тітіркендіреді. Алайда олар жан жарасы мен тән жарасы жазылар-жазылмастан елдің ауыртпалығын көтеруге жұмысқа араласты. Әділдігін айтқанда 1941-1945 соғыс жылдарында аш-жалаңаштығына, бейнет пен азаптың ауыр тауқыметіне қарамай еңкейген көрі мен еңбектеген жасқа дейін соғыстың тезірек және жеңіспен аяқталуына жан аямай тер төкті, еңбек етті. Женіс күнін асыға күтті.

Біздің отбасымыздан соғысқа аттанған адам болған жоқ. Себебі, отбасындағы баланың ең үлкені мен болдым. Менен үлкен 10 бала бұған дейін өмірден өткен. 1932 жылғы ашаршылықта ата-анам бір қыста 4 баласын жерлеп, солардың күйігінен науқасқа шалдықкан.

Бірақ, немере ағайым Ертуаров Тәшпен Ленинградтың Тихвин қаласында, нағашы апайым Салиханың Қайырбек деген баласы Гомельде, Темірбек деген баласы Польша жерінде қайтыс болды. Қайырбек соғыс басталмастан 10 күн бұрын жазған хатында «...шешкарадан 9 шақырым жерде тұрмын» деген хатын алғанмын. Соңан хабарсыз кетті. Ал Темірбектің Польша жерінде өлгендігін осыдан он шақты жыл бұрын біреу айтты. Кеңес әскерлері Польша жеріне кіргенде поляктардың Кеңес үкіметіне қарсы топтарының қолынан қаза тауыпты. Қарауылшы ұйықтап қалған. Қамсыз жатқан бір рота кеңес жауынгерлерін олар түгелдей бауыздап өлтіріпти.

Салиха апайдың үлкен ұлы – Мұздақбай соғыс басталардан бір жыл бұрын туберкулезден қайтыс болды. Сонымен жалғыз басты кейуана балаларының ауыр қайғысынан, күні-түні жылаумен қос жанарапан айырылды. Өкініштің сол үш азаматтан ешбір үрпак қалмады. Мұздақбай мен Қайырбек айттырған қалындықтарымен қосыла алмай (бірі ерте өлді, екіншісі армияға шақырылып, келген соң үйленетін болған) өмірден өтті. Ал Темірбек үйленіп, тойы өткен күні шақыру қағаз келіп, майданға аттанды. Сейтіп, бір отбасы емес, үш отбасының аты өшіп, тынды. Дүние-мұлік, үй қақырап бос қалды. Бұл тауқыметтің ақыры біздің отбасымызға әсері аз болмады. Әсіресе, бірге туған апасының аянышты ауыр халі анама батты, күйзелді. Амал не?

1941-1945 соғыс жылдары жұрт қатарлы мен де еңбек еттім. Қазір сол кездегі кітапшама қарап отырсам едәуір еңбеккүн тауыптын. Еңбек кітапшама 1941 ж. – 130, 1942 ж. – 280, 1943 ж. – 285, 1944 ж. – 295, 1945 ж. – 300, 1946 ж. тамыз айына дейін – 200 еңбеккүн жазылыпты. Осындай еңбегімді ескерген колхоз басқармасының ұсынысымен мен 1945 жылғы 6 маусымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен «1941-1945 жылдардағы тылдағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен наградталдым.

Пединститутқа оқуға түсіуіме байланысты 27 тамыз 1946 жылы (протокол №53) колхоздан босадым...

Қолжазба  
5 мамыр 1995 ж.

## МАЗМУНЫ

1916 жылғы көтеріліс қазаққа керек пе еді?	3
1916 жылғы көтеріліс туралы естелік.	15
Молда Қойшыбай Қосалыұлының мұн-зары	24
27 қазақ қалай қырылып еді және олар қайда жерленген?	34
Даладағы дауыл	41
Қорланғандар мен қор болғандар	51
Тартыс	58
«Алашты» «Үш жүз» қалай қаралады?	61
Қостанай уезі Челябіге қалай өтіп кете жаздады?	75
Арыстар бірін-бірі осылай қорғады	84
Жанайқай	89
Мешін-тауық жұты	93
Жаны ашитын кімдер бар?	101
Арманда кеткен есіл ер	102
Наркескен	107
«Бандылар»	111
«Возрождение...» қасірет құпиясы	122
Кәмпеске	126
Жазықсыз күгінға ұшыраған жастар	179
Күгіндалған студенттер	186
Солақай саясат құрбандары	193
Сәкен Сейфуллин Мұхтар Әуезовті жұмыстан қалай шығарған	196
Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы қасірет пен қайғы	197
Тамұқ	209
Тағдыр талқысында	216
Абдолланы атуға неге асыкты?	220
Қызыл құйын немесе 1166 қүнге созылған тергеу	226
Алдымен атып жіберді, артынан барып айыптау құжаты жиналды	232
Жаралы жылдар жаңғырығы	240
Өзегіміз талып жүріп, өзгені жарылқадық	243
Танк колонналарын жасадық, титықтадық	251
Қазақстандықтар каржысына жасалған ұшактар	259
Сұңғуір қайықтар да ел қаржысына жасалды	265
Сталиндік саясаттың құрбандығына шалынған ұлттар	273
Майдандағы қазақ қыздары	289
Майдандық қазақ басылымдары	304
Ассалаумагалейкүм, әз Наурыз, төл жаңа жылым	312
Ұлы соғыс жаңғырығы өшпейді	321
Хан Кененің жиені	329
«Анамның хаты өлімнен арашалап қалды»	331
Тақсірет	337
Қазақ халқына басымды ііп, тағым етемін	344
1941-1945 соғыс жылдарындағы менің өміржолдарым	347

**ИЖАНОВ ЗИЯДА**

# **ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР**

Құрастырушы: *Ижанова Дина*

Редакторы *Өміргалиева К.Ә.*  
Компьютерде беттеген *Ижанова Д.З.*  
Мұқаба дизайнері *Бультрикова А.Т.*

Басуға 26.10.2015 ж. қол қойылды. Формат 60×84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Баспа табағы 22,5. Шартты баспа табағы 20,9.  
Есептік баспа табағы 17,1. Тапсырыс № 3/188-14.  
Офсеттік басылым. Тарапымы 200 дана.

«Экономика» баспасы» ЖШС  
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй.

ISBN 978-601-225-839-4



9 786012 258394

## **ҚЫСҚА ЖАЗБАЛАР ҮШІН**

